

Том 34

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

34 ТОМ

Июль — октябрь 1917

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1979

ЗК 2
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-209}{401\ (07)-79}$ 3—79

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отыз төртінші томына 1917 жылғы 10 (23) июльден 24 октябрьге (6 ноябрьге) дейін, Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу кезеңінде жазылған шығармалар еніп отыр. Томға енгізілген шығармалар большевиктер партиясының бұқараны Лениннің басшылығымен буржуазиялық Уақытша үкіметке қарсы қарулы көтеріліске саяси және ұйымдық жағынан әзірлеу жолында, социалистік революцияның жеңісі жолында жүргізген ерлік күресін баяндайды.

Бұл кезеңде елде жағдай өте-мөте шиеленіскен болатын. Меньшевиктер мен эсерлер қолдаған Уақытша үкімет орыс буржуазиясы мен Антанта империалистерінің еркін орындай отырып, қылмысты, басқыншылық соғысты жалғастыра берді. Орыс әскерлерінің июньде басталған майдандағы шабуылы сәтсіздікке ұшырап, жаңадан ондаған мың құрбандықтарға душар етті. Үш жылдық империалистік соғыс титықтатқан елде адам айтқысыз экономикалық күйзеліс пен ашаршылық барған сайын órши түсті. Халық шаруашылығының барлық салаларында бүлінушілік күннен күнге ұлғайып, тереңдей түсті. Капиталистер революцияға қарсы күресу мақсатында өндірісті ақсатты, саботаж ұйымдастырды, кәсіпорындарды жауып тастап отырды. Транспортта күйзеліс орасан зор ауыр шекке жетті. Ел финанс жағынан күйреу қарсаңында тұрды. Қағаз ақша шығару үздіксіз артты. Ауыл шаруашылығында егіс көле-

мі соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда екі есе дерлік қысқарды. Капиталистер мен помещиктер күйзеліс пен ашаршылық оларға революцияны тезірек тұншықтыруға, республиканы және Советтерді жоюға мүмкіндік береді деп есептеді.

Июль оқиғалары — Уақытша үкіметтің Петроградта жұмысшылар мен солдаттардың бейбіт демонстрациясын Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитетінің келісімімен 4 (17) июльде атқылауы — революцияның дамуындағы бетбұрыс кезең болды. Қос өкімет дәуірі аяқталды, елде өкімет толығымен контрреволюциялық Уақытша үкіметтің қолына көшті.

1917 жылы 7 (20) июльде Уақытша үкімет В. И. Ленинді тұтқынға алу жөнінде бұйрық берді. Контрреволюция большевиктер партиясын басшысыз қалдыруды өзінің міндеті етіп қойды. Партия өзінің көсемін астыртын жағдайға көшірді. Владимир Ильич бір ай бойы дерлік Петроградқа таяу жерде, Разливте тұрды; 9 (22) августа Ленин Финляндияға өтіп кетіп, онда алғашқы кезде Териоки станциясына жақын жердегі Ялкала деревнясында, одан кейін екі күн Лахти қаласында, одан соң Гельсингфорста жасырын тұрды, ал 17 (30) сентябрьден бастап, Петроградқа жақын болу үшін, ол Выборгке келіп тұрды. Революцияның дамуы, қарулы көтеріліске әзірлену ісіне тікелей басшылық ету қажеттігі В. И. Лениннің Петроградқа қайтып оралуын қатты талап етті; Орталық Комитеттің шешімі бойынша ол 7 (20) октябрьде Петроградқа келіп, онда 24 октябрьдің (6 ноябрьдің) кешіне дейін құпия пәтерде тұрды.

Мейлінше астыртын жағдайда бола отырып, Ленин партияның қызметін бағыттап отырды, елдегі жағдайды мұқият қадағалап, революцияны дамытудың барлық аса маңызды мәселелері бойынша нұсқаулар беріп отырды. Астыртын жағдайда болған 110 күн мерзім ішінде В. И. Ленин 65-тен астам мақалалар мен хаттар жазды. Ол марксизм теориясын талдап жасау жөнінде көп еңбек етті. Бұл кезде ол аса үздік шығарма — «Мемлекет және революция» деген кітап жазды, ол Шығармалар толық жинағының 33-томына енді. Осы

томға енгізілген еңбектердің бәрін В. И. Ленин астыртын жағдайда болған кезінде жазды.

Томның бет ашары болып отырған «Саяси жағдай» деген тезистерінде, «Ұрандар жөнінде», «Конституциялық жалған үміттер туралы», «Революцияның сабақтары» деген шығармаларында Ленин елдегі күрт өзгерген саяси жағдайға терең талдау жасайды, большевиктік партияның жаңа тактикасын талдап жасап, негіздейді. Контрреволюция, деп көрсетті Ленин, ұйымдасып, нығайып, мемлекеттік өкіметті іс жүзінде өз қолына алды. Меньшевиктер мен эсерлер контрреволюция лагеріне біржола өтіп кетті. Олар басшылық еткен Советтер буржуазиялық Уақытша үкіметтің шылауына айналды. «Орыс революциясының бейбіт дамуы жөніндегі үміттердің бәрі біржола құрыды,—деп жазды Ленин.— Объективті жағдай мынадай: не әскери диктатура ақырына дейін жеңіп шығады, не жұмысшылардың қарулы көтерілісі жеңіп шығады; бұл көтеріліс экономикалық күйзеліс пен соғыстың ұзаққа созылуы себепті үкіметке қарсы және буржуазияға қарсы көтерілген күшті бұқаралық өрлеумен ұштасқан жағдайда ғана жеңіп шығуы мүмкін» (осы том, 2, 5-беттер). Ленин қарулы көтеріліске әзірлену үшін күш жинау туралы, бұқара арасындағы жұмыстың жаңа формалары туралы, жария жұмысты құпия жұмыспен ұштастыру туралы нұсқаулар береді.

Елдегі жаңа саяси жағдай партиядан тактикалық ұрандарды ауыстыруды талап етті. «Саяси жағдай» деген тезистерде, «Ұрандар жөнінде» деген мақалада Ленин «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды уақытша алып тастау қажеттігін негіздеп берді. Ленин «Ұрандар жөнінде» деген мақалада былай деп атап көрсетті: тарихтың шұғыл бетбұрыстарында, жағдайдың өзгеруіне сәйкес, партияның ұрандарын да тез ауыстырып отыру қажет, өйткені әрбір ұран белгілі бір саяси жағдай ерекшеліктерінің бүкіл жиынтығынан туып отыруға тиіс. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран, деп көрсетті Ленин, июль күндеріне дейін дұрыс ұран болып келді, бұл ұран партияның революцияны бейбіт дамыту жөніндегі нұсқауынан туған еді,

ол кезде революцияның бейбіт дамуы мүмкін, әрі неғұрлым тиімді болатын. Меньшевиктер мен эсерлер өздерінің сатқындығы және контрреволюция лагеріне біржола өтіп кетуі арқылы революция дамуының бұл жолын болдырмай тастады. «Қазіргі Советтер олардың ішінде эсерлер мен меньшевиктер партияларының үстем болғандығынан құлады, толық күйреді,—деп жазды Ленин.—...Жеңген және жеңіп келе жатқан контрреволюцияның алдында Советтер *қазір* әлсіз де дәрменсіз» (19—20-беттер). Өкіметті Советтерге беру ұраны, деп көрсетті. Ленин, өкіметтің нақ қазіргі Советтерге көшуіне шақыру деп түсінілуі мүмкін, ал қазір осындай ұран ұсыну халықты алдау болып шығар еді. Сонымен бірге ол «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды уақытша алып тастау мемлекеттің жаңа типі ретіндегі Совет республикасынан бас тартқандық болып табылмайды деп атап көрсетті. Революцияның жаңа кезеңінде Советтер қайта тууы мүмкін және қайта тууға тиіс, бірақ эсерлер мен меньшевиктер басшылық ететін Советтер емес, буржуазиямен келісімпаздық органдары емес, қайта буржуазияға қарсы революциялық күрес жүргізетін органдар ретінде қайта тууға тиіс.

Июль күндерінен кейін, контрреволюция өршіп тұрған жағдайда, Ленин партияның аса маңызды міндеттерінің бірі — сол кезде халықтың қалың бұқарасын жайлап алған конституциялық жалған үміттерді жүйелі түрде және аяусыз әшкерелеу деп есептеді. Ленин «Конституциялық жалған үміттер туралы» деген мақалада үкіметтің Құрылтай жиналысын шақыруды шексіз соза беруін, большевиктер партиясы мен жұмысшы табы жөнінде жүргізіліп отырған қудалау мен жазалауларды мысалға келтіре отырып, елде мемлекеттік өкіметтің іс жүзінде контрреволюцияның қолына, әскери сұрқия топтың қолына көшкендігін көрсетіп берді. ««Пролетарское Дело» редакциясына хатта» большевиктік лидерлерді Уақытша үкіметтің сотына жіберуге болмайтындығын түсіндіре келіп, Ленин былай деп жазды: июль оқиғаларынан кейін Россияда ешқандай конституциялық кепілдіктер туралы сөз бо-

луы да мүмкін емес. Өкімет орындарының бұйрығына бағынып, Уақытша үкіметтің сотына бару — өзіңді құтырынған контрреволюционерлердің қолына ұстап беру болар еді.

В. И. Ленин «Князь Г. Е. Львовқа алғыс», «Жауап», «Саяси шантаж», «Жалақорлар туралы» деген мақалаларында буржуазияның өзінің тап жауына қарсы, большевиктерге қарсы күресінде қолданып отырған тәсілдері мен әдістерін әшкереледі. Революцияшыл пролетариат партиясына қарсы күресте қандай қылмысқа болса да баруға әзір тұрған жалақорлар мен шантажшыларды әшкерелей отырып, Ленин былай деп көрсетті: бүкіл дүние жүзінде буржуазия социал-сатқындармен одақтасып, ең пасық тәсілдерді қолданып, интернационалистерді, халық мүдделерін шын мәнінде қорғаушыларды қудалап отыр. Ол революционерлерді табанды болуға, буржуазиялық баспасөздің байбаламына мойымауға, өз жолымен нық жүре беруге шақырды. Жұмысшы табының қаһарман партиясы туралы, большевиктер партиясы туралы, Ленин ұлы мақтаныш сезімімен былай деп жазды: «біз партиямызға сенеміз, біз оны заманымыздың ақыл-ойы, абыройы мен ар-ожданы деп білеміз...» (104-бет).

Лениннің «Саяси жағдай» деген тезистері, «Ұрандар жөнінде» деген және басқа мақалалары РСДРП(б) VI съезі шешімдерінің негізіне алынды; съезд 1917 жылы 26 июльде — 3 августа (8—16 августа) Петроградта өтті. Ленин съездің жұмысына астыртын жағдайда жүріп басшылық етті, Петроградпен Орталық Комитет осы мақсатқа арнап бөлген жолдастар арқылы байланыс жасады, олар Разливтегі Ленинге келіп тұрды. Ол съездің аса маңызды қарарларын талдап жасауға және жазуға қатысты. Съезд Ленинді құрметті председатель етіп сайлады. Съезде В. И. Лениннің контрреволюциялық Уақытша үкіметтің сотына баруына бірауыздан қарсылық білдірілген шешім қабылданды.

Съезд контрреволюцияшыл буржуазияның диктатурасын толық жою және қарулы көтеріліс жасау арқылы пролетариат пен ең кедей шаруалардың өкіметті

жеңіп алуы жолында күрес жүргізу ұранын ұсынды. Социалистік революция жеңісінің аса маңызды шарты болып табылатын пролетариат пен ең кедей шаруалардың одағы жөніндегі лениндік қағида съезд шешімдерінде айрықша баса көрсетілді.

Партияның VI съезі қабылдаған барлық шешімдер басты және негізгі мақсатқа: пролетариат пен ең кедей шаруаларды қарулы көтеріліске, социалистік революцияның жеңісіне әзірлеуге бағындырылды. Съездің атынан шығарылған манифест жұмысшыларды, солдаттарды және шаруаларды өз күштерін жинақтауға және большевиктік партияның туы астында буржуазиямен шешуші айқасқа әзірленуге шақырды.

VI съездің шешімдерін басшылыққа ала отырып, большевиктік партия бітім үшін, жер үшін, ұлттық тең праволылық үшін, социализм үшін күресіп жатқан барлық революциялық күштерді ұйымдастыру және біріктіру жөніндегі қызметін жігерлі түрде өрістетіп, оларды бір арнаға — социалистік революцияның жеңісіне бағыттады. Партия шаруалардың қалың еңбекші бұқарасын жұмысшы табы жағына шығарып алу жөнінде, меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаз партияларының сатқындық ролін әшкерелеу жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді.

Томға «Публицистің күнделік дәптерінен. Шаруалар мен жұмысшылар» және «Эсерлер партиясының шаруаларды жаңадан алдауы» деген мақалалар еніп отыр; Ленин бұл мақалаларда жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жөніндегі большевиктік саясатты түсіндіреді және буржуазия мен помещиктердің малайлары болған эсерлер партиясын, оның лидерлерін әшкерелейді. «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатовта» 1917 жылы 19 августа (1 сентябрьде) жарияланған шаруалардың жергілікті жерлерден түскен 242 аманатында білдірілген олардың жер жөніндегі талаптарын сипаттай келіп, Ленин бұл аманаттарда әңгіме ең алдымен помещиктік жерлерді конфискелеу туралы болып отырғандығын түсіндіреді. Мұндай шараларды жүзеге асыру жеке меншікке орасан зор соққы болып тиеді, капиталистердің үстемдігін әлсіретеді.

Эсерлер мұндай өзгерістер өкімет пролетариаттың қолына көшпесе де мүмкін деп шаруаларды сендіруге тырысып, оларды алдап отыр. Тек пролетариат қана ең кедей шаруалармен одақтаса отырып, деп жазды Ленин, капиталистердің өкіметін құлатып, помещиктік жерлерді конфискелеуді жүзеге асыра алады, шаруалардың аманаттарында ұсынылған талаптарды орындай алады. 1917 жылы октябрьде, «Дело Народа» газетінде эсерлер партиясы өзінің жер жөніндегі жаңа заң жобасын жариялаған кезде, онда шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеу жөніндегі талаптарынан мүлде ештеңе қалмаған болатын, осыған байланысты Ленин «Эсерлер партиясының шаруаларды жаңадан алдауы» деген мақалада былай деп жазды: «*Жұмысшы* партиясы ғана, *большевиктер* ғана капиталистерге *қарсы*, помещиктерге *қарсы, ең кедей* шаруалар мен *барлық* еңбекшілердің мүдделерін ақырына дейін, жан-тәнімен жақтайтынын шаруалар білетін болсын» (488-бет).

Ұлы Октябрь социалистік революциясы еңбекші шаруалардың жер жөніндегі ғасырлар бойғы үміті мен арманын жүзеге асырды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезі қабылдаған Жер туралы декрет помещиктік жерлердің конфискеленіп, халықтың қолына берілетіндігін жариялады. Большевиктер партиясы өкімет басына келген алғашқы күні-ақ шаруалардың аманатын жер туралы заңға айналдырды.

Большевиктер партиясының халық мүдделері жолындағы батыл да дәйекті күресі оның беделі мен ықпалын жоғары көтерді. Мұның өзі Корнилов бүлігін басып-жаншу кезінде мейлінше айқын көрінді, бұл бүлікті елде әскери диктатура орнату, Советтерді жою және монархияны қалпына келтіру мақсатымен контрреволюция әзірлеген болатын.

Большевиктер партиясы еңбекшілер бұқарасын генерал Корниловтың шабуылына қарсы күреске көтерді, Корнилов августың аяғында майданнан армия корпусы мен казак бөлімдерін Петроградқа аттандырған болатын. Ленин «Заговор туралы қауесеттер» деген мақалада, «РСДРП Орталық Комитетіне» хатта Кор-

нилов бүлігі оқиғалардың барысын мейлінше күтпеген жағдайда өзгертіп жіберді деп көрсетті. Керенскийдің әскері сияқты Корниловқа қарсы біз де соғысатын боламыз, деп жазды Ленин, бірақ біз Керенскийді қолдамаймыз, қайта оның әлсіздігін аша түсеміз. Корниловқа қарсы күресе отырып, большевиктер сонымен бірге Уақытша үкіметті осы контрреволюциялық жорыққа қатысушы деп те әшкереледі. Буржуазия мен помещиктердің революцияны тұншықтырмақ болған әрекеті іске аспай қалды. Большевиктік партия ұйымдастырып, басшылық еткен жұмысшылар мен шаруалар Корнилов бүлігін басып-жаныштады. Корниловшылдықпен күрес кезінде Советтердің қызметі жандана түсті, олар өздерін басқарған меньшевиктер мен эсерлерге құлақ аспай, бүлікке қарсы күрес жүргізді.

Ленин 1 (14) сентябрьде жазған «Компромистер туралы» деген мақалада корниловшылдықты басып-жаныштаудың нәтижесінде орыс революциясының дамуында шұғыл бетбұрыс туды деп жазды. Ол мәселені былай қойды: большевиктер партиясы ұсақ буржуазиялық партияларға өз еркімен компромиске келуді ұсынып, июль күндеріне дейінгі «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген талаптарға қайта оралуға, Советтердің алдында жауап беретін эсерлер мен меньшевиктердің үкіметін құруға келісе алады, ал эсерлер мен меньшевиктерге бұл үкіметте өз блогының программасын жүзеге асыруға мүмкіндік берілген болатын. Ленин революцияның бейбіт дамуы үшін қайта туып отырған осы мүмкіндікке бола большевиктер осындай компромиске баруға тиіс деп есептеді. Осы мақалада Ленин жұмысшы табының маркстік партиясының компромистерге көзқарасы туралы маңызды принциптік қағида ұсынды. «Шын революцияшыл партияның міндеті,— деп жазды ол,— компромисс атаулының бәрінен бас тарта беруге болмайды деп жариялауда емес, қайта компромистер болмай қалмайтындықтан, *барлық компромистер арқылы* өз принциптеріне, өз табына, өзінің революциялық міндетіне, революцияны әзірлеу және халық бұқарасын революцияда жеңіп шығуға тәрбиелеу жөніндегі өз

ісіне адалдығын сақтай білуде болып отыр» (151—152-беттер).

Ленин эсерлер және меньшевиктер партияларымен компромиске келу мүмкіндігі корниловшылдыққа қарсы күрес барысында туған айрықша жағдаймен белгіленіп отыр, ал бұл жағдай өте аз уақытқа ғана сақталады деп атап көрсетті. «Компромистер туралы» деген мақалаға қосымшада 3 (16) сентябрьде ол былай деп жазды: «...сірə, компромисс ұсыну кешігіп қалған болар. Сірə, бейбіт даму *əлі де* мүмкін болған бірнеше күн *де* өтіп кеткен болар» (157-бет). Меньшевиктер мен эсерлер большевиктердің ұсынысын қабылдаудан бас тартты.

Іс жүзінде помещиктер мен капиталистерді бүркемелеп және қорғап келген меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық партияларының мəнін Корнилов бүлігі еңбекшілер бұқарасына мейлінше айқын көрсетіп берді. Еңбекшілер бұқарасы большевиктер партиясын өздерінің шын мəніндегі қорғаушысы деп білді. Олар Советтерден эсер-меньшевик депутаттарды кері шақырып алып, оларды большевиктермен алмастырды. 31 августа (13 сентябрьде) Петроград Советі өкіметтің Советтерге көшуі туралы большевиктік қарар қабылдады, ал 5 (18) сентябрьде Москва Советі де осындай қарар қабылдады. Астаналық Советтерден кейін іле-шала жергілікті Советтер де большевиктер жағына шыға бастады. Советтерді большевиктендіру кезеңі басталды.

Сентябрьдің алғашқы жартысында жазған «Революцияның түбегейлі мəселелерінің бірі», «Орыс революциясы жəне азамат соғысы», «Революцияның міндеттері» деген мақалаларында Ленин Россияда революцияның бейбіт даму мүмкіндігі туралы мəселеге қайта оралды. Ленин енде корниловшылдық талқандалғаннан кейін болған саяси өзгерістерді есепке алды. Ол былай деп атап көрсетті: тек өкіметтің Советтерге көшуі ғана *«бұдан былайғы дамуды бірте-бірте, бейбіт, тыныш даму...»* ете алатын бірден-бір құрал болып табылады, тек Совет өкіметі ғана тұрақты бола алар еді жəне революцияның кеңінен дамуын, Советтердің

ішіндегі партиялардың бейбіт күресін қамтамасыз ету тек сол өкіметтің ғана қолынан келеді.

Ленин «Революцияның міндеттері» деген мақалада Совет үкіметінің нақты программасын тұжырымдап және негіздеп, мынадай негізгі қағидалар ұсынды: соғысып жатқан барлық халықтарға демократиялық шарттар негізінде бітім жасасу дереу ұсынылсын; помещиктік жерлерді конфискелеу және национализациялау жүргізілсін; банктерді және өнеркәсіптің аса маңызды салаларын национализациялау жүзеге асырылсын; өндіріс пен тұтынуға жалпы мемлекеттік көлемде жұмысшы бақылауы енгізілсін; помещиктер мен капиталистердің контрреволюциясына қарсы батыл да дәйекті күрес жүргізілсін. Ленин былай деп атап көрсетті: егер Советтер осы программаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік өкіметті қолына алса, онда оларға халықтың оннан тоғызының, жұмысшы табының және шаруалардың орасан зор көпшілігінің, қолдауы ғана емес, сондай-ақ армия мен халық көпшілігінің орасан мол революциялық жігері де қамтамасыз етіледі, мұндай жігер болмаса, ашаршылық пен соғысты жеңу мүмкін емес. «Пролетариат,—деп жазды ол,— революцияны қорғау үшін қандай құрбандыққа болса да барудан тайынбайды, өйткені баяндалған программадан тыс оны қорғап қалу мүмкін емес. Егер Советтер революцияның бейбіт дамуы үшін өздерінің соңғы мүмкіндігін жүзеге асыратын болса, онда пролетариат Советтерді барынша қолдар еді» (270-бет). Ленин былай деп атап көрсетті: революцияның бейбіт дамуының, өкіметтің Советтердің қолына өтуінің бұл мүмкіндігінің сәті түспесе, онда пролетариат пен буржуазия арасында азамат соғысының болатындығы сөзсіз.

Оқиғалардың дамуы — меньшевиктер мен эсерлер партияларының контрреволюциямен келісімге келу саясатын одан әрі жүргізе беруі, Уақытша үкіметтің революцияны тұншықтыру үшін контрреволюциялық күштерді әзірлеуі — осылардың бәрі революцияның бейбіт дамуына ешқандай мүмкіндік қалдырмай тастады. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранның революцияның әр түрлі кезеңдеріндегі маңызын

түсіндіре келіп, Ленин «Солтүстік облысы Советтерінің облыстық съезіне қатысушы большевик жолдастарға хатта» «ең болмағанда сентябрьдің жартысынан бері қарай, бұл ұран... *көтеріліске шақырумен бірдей»* (436-бет) деп жазды.

Томға енген шығармаларда: «Саяси жағдай» деген тезистерде, «Ұрандар жөнінде», «Компромистер туралы», «Революцияның түбегейлі мәселелерінің бірі», «Орыс революциясы және азамат соғысы», «Революцияның міндеттері» деген және басқа мақалаларда Ленин Россиядағы революциялық оқиғалардың тәжірибесін терең талдай және қорытындылай отырып, социалистік революцияның даму жолдары мен формалары туралы аса маңызды мәселені жан-жақты зерттеп жасады.

Ленин революцияның дамуының бейбіт және бейбіт емес екі негізгі формасы болуы мүмкін дегенді негізге алды. Революцияның бейбіт дамуы, деп жазды ол,— «мейлінше сирек кездесетін және қиын нәрсе». Алайда Ленин «жалпы айтқанда, тарихта бейбіт және жария революциялардың мысалдары болған» (146-бет) деп көрсете отырып, революцияның мұндай жолының болуын нақты мүмкіндік деп есептеді. Ленин революцияның бейбіт даму мүмкіндігін *«айрықша* бағалы» мүмкіндік деп атап, марксистер өкіметтің пролетариатқа бейбіт жолмен көшуін қалайды деп атап көрсетті. «Бұл халық үшін бәрінен де оңай, бәрінен де тиімді болар еді,—деп жазды Ленин июль оқиғаларына дейін бүкіл өкіметтің Советтерге бейбіт көшу мүмкіндігі туралы айта келіп.— Мұндай жол ең бір зардапсыз жол болар еді, сондықтан да бұл үшін бәрінен де гөрі жігерлі түрде күресу керек еді» (14-бет). Осыған бола большевиктік партия меньшевиктермен және эсерлермен компромиске баруға әзір екендігін білдірді.

Революцияның дамуының бейбіт жолы туралы лениндік ұғым «капитализмнің социализмге ұласуы» жөніндегі реформистік және ревизионистік идеямен ешбір жанаспайды. Социализмге революциялық жолмен өтуді, пролетариат диктатурасын орнатуды жоққа шығаратын реформистік жолға қарама-қарсы, социалистік революцияның бейбіт даму жолы,— бейбіт емес даму

жолы сияқты,— маркстік партия басшылық еткен жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың қалың бұқарасының өкімет үшін, пролетариат диктатурасы үшін ең белсенді таптық күресі негізінде қоғамды революциялық тұрғыда қайта құру жолы деген сөз. Бейбіт жол үстем таптардың өкіметтен ерікті түрде бас тартуы нәтижесінде емес, қайта революцияшыл таптардың буржуазияны қарулы қарсылық көрсетуден бас тартуға мәжбүр еткізе алатын жеткілікті нақты күші арқасында мүмкін болады. Ленин июль күндеріне дейін революцияның бейбіт даму мүмкіндігі нақ мынада деп білді: нақты күш халықтың қолында болды және «ол кезде (27 февральдан 4 июльге дейін) өкіметтің Советтерге көшуіне ешкім, бірде-бір тап, бірде-бір елеулі күш қарсыласып, кедергі жасай алмас еді» (13-бет). Осы лениндік қағидалар біздің заманымызда айрықша маңыз алып отыр, өйткені дүние жүзілік социалистік системаның құрылуына және бұқара арасында социализмнің өзіне тарту күшінің орасан зор өсуіне байланысты бірқатар капиталистік елдерде революцияның бейбіт дамуына нақты мүмкіндік туып отыр.

Ал буржуазия халықтың басым көпшілігінің еркіне кедергі жасап, әскери-полициялық аппаратқа сүйене отырып, зорлық көрсетуге, еңбекшілерге қарсы жазалау мен террор қолдануға көшкен жағдайда,— мұндай жағдайда пролетариат көтеріліс жасауға мәжбүр болады. Июль күндерінен кейінгі Россиядағы жағдайға Лениннің талдауынан және большевиктік партияның ол белгілеп берген тактикасынан осындай қорытынды шығады.

Социалистік революцияның бейбіт және бейбіт емес формалары туралы Лениннің идеялары — қоғамдық дамудың қазіргі кезеңіне сәйкес — КПСС XX съезінің шешімдерінде, КПСС XXII съезінде қабылданған Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасында, маркстік-лениндік партиялардың халықаралық кеңестерінің документтерінде творчестволық тұрғыдан одан әрі талдап жасалды. Оларда былай деп көрсетілген: революцияны жүзеге асыру формасы белгілі бір елдегі күштердің нақты арасалмағына, жұмысшы

табы мен оның партиясының ұйымшылдығы мен есейгендігіне, үстем таптардың қарсылық көрсету дәрежесіне байланысты болады. Пролетариат және оның авангарды — маркстік-лениндік партиялар революцияның бейбіт даму мүмкіндігін де, бейбіт емес даму мүмкіндігін де әрдайым естерінде ұстаулары, күрестің барлық формаларын меңгере білулері, күрестің бір формасын екінші бір формасымен мейлінше тез және кенеттен ауыстырып отыруға дайын болулары керек.

Ленин сентябрьдің ортасында партияның Орталық Комитетіне, Петроград және Москва комитеттеріне «Большевиктер өкіметті алуға тиіс» деген хат және партияның Орталық Комитетіне «Марксизм және көтеріліс» деген хат жазады, ол бұл хаттарда ішкі және халықаралық жағдайларға терең және жан-жақты талдау жасау негізінде партияның алдындағы кезекті күн тәртібіне қарулы көтерілісті әзірлеуді және оны ұйымдастыруды ұсынады. Астаналық екі Советтің екеуінде де көпшілікке ие болған большевиктер, деп жазды Ленин, мемлекеттік өкіметті өз қолына ала алады және алуға тиіс. Сентябрьдің бірінші жартысында қалыптасқан елдегі жағдайға тоқтала келіп, Ленин былай деп көрсетті: орыс буржуазиясы Петроградты немістерге беруге әзірленіп жатыр, ол өзінің өкіметін қорғап қалу үшін кез келген қылмысқа және Отанға сатқындық жасауға барудан тайынбайды. Сонымен бірге ағылшын-француз империалистері Россияның есебінен Германиямен сепараттық бітім жасасу жөнінде сөз байласуда. Большевиктер партиясы өкіметті тек өз қолына алғанда ғана осы қылмысты әрекеттерді іске асыртпай тастайды, елді және революцияны құтқарып қала алады. Ленин таптық күштердің арасалмағын бағалай келіп, былай деп көрсетті: халықтың көпшілігі большевиктер партиясы жағында, сондықтан революцияда оның жеңіске жетуі ақиқат қамтамасыз етілген. Мәселе көтерілістің күні туралы, оның сәті туралы болып отырған жоқ, деп жазды Ленин. «Мәселе партияға *міндетті* айқындап беруде болып отыр: Питер мен Москвада (облысымен бірге) *қарулы көтеріліс*

жасауды, өкіметті жеңіп алуды, үкіметті құлатуды күн тәртібіне қою керек» (273-бет).

Ленин «Марксизм және көтеріліс» деген хатта және «Бөгде адамның кеңестері» деген мақалада Маркс пен Энгельстің қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі көзқарастарын сындарлы жүйеге келтіре жинақтап дамыта түсті. Бұл көзқарастар бланкизммен және заговоршылықпен ешбір жанаспайды деп атап көрсетті. Ленин былай деп үйретті: көтеріліс табысты болуы үшін алдыңғы қатарлы тапқа, халықтың революциялық өрлеуіне, революция тарихындағы шұғыл өзгеріс кезеңіне сүйенуге тиіс, мұндай кезеңде халықтың алдыңғы қатардағы сапында белсенділік неғұрлым жоғары болады, жаулардың арасында және революцияның әлсіз, жартыкеш, жасқаншақ достары арасында ауытқушылық барлық кездегіден де күшті болады. Қарулы көтеріліс — бұл «саяси күрестің ерекше заңдарға бағындырылған *ерекше* түрі...» (431-бет). Көтеріліске өнер деп қарау керек. Марксизм бұл өнердің басты-басты ережелерін белгілеп берді. Ленин атап көрсеткендей, көтерілістің табысты болуына Россияда ол кезеңде барлық жағдайлар бар еді. Ленин бұл шығармаларында көтерілісті ұйымдастырудың үлгі жоспарын талдап жасап берді, бұл жоспарды 1917 жылғы Октябрьдің барысында большевиктік партия басшылық еткен революцияшыл жұмысшылар мен солдаттар ойдағыдай жүзеге асырды.

Томға Лениннің 1917 жылы 10—14 (23—27) сентябрьде Гельсингфорста жазған «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген еңбегі еніп отыр. Ленин бұл еңбегінде большевиктердің экономикалық платформасын одан әрі дамытып, негіздеп берді, революцияны аман сақтап қалудың, елді төніп келе жатқан экономикалық апаттан, Россияны шетел капиталының кіріптарлыққа салуынан аман сақтап қалудың программасын ұсынды. Ленин елді күйзелістен, аштарпшылықтан бір өзі құтқара алатын, сонымен бірге оны социализмге қарай ілгері бастыра алатын революциялық шараларды егжей-тегжейлі сипаттап берді. Бұл шаралардың қатарына өнімді өндіруге және бөлуге

жұмысшы бақылауын орнату, банктер мен ірі өнеркәсіпті национализациялау, помещиктік жерлерді конфискелеу және елдегі барлық жерді национализациялау және басқа шараларды жатқызуға болады.

Ленин бұл шараларды жүзеге асыру Россияны шаруашылық жағынан жаңартып, қайта жаңғыртады, ұлы экономикалық өзгерістерді батыл және жігерлі түрде жүзеге асырып жатқан халық бұқарасының аса зор өрлеуін туғызады деп атап көрсетті. Сонымен қатар Ленин басқыншылық, тонаушылық империалистік соғысты дереу тоқтату, барлық халықтарға әділетті, демократиялық бітім ұсыну міндетін алға қойды. Қазіргі қоғамның ең революцияшыл, ең ұйымдасқан және алдыңғы қатарлы табы — пролетариат қана бұл программаны жүзеге асыра алады, деп жазды Ленин. Ленин «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген еңбегінде социализмнің әуелі бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы бұрын өзі ұсынған және негіздеп берген қағиданы одан әрі дамытты. Ол империалистік соғыстың Россияда да монополиялардың өсуіп адам айтқысыз жеделдете түскендігін, олардың ролі мен маңызын күшейткендігін, монополистік капитализмнің мемлекеттік-монополистік капитализмге ұласуын тездеткендігін көрсетіп берді. Социализмге өту үшін материалдық алғы шарттар осылай жасалды, өйткені мемлекеттік-монополистік капитализм дегеніміз, деп көрсетті Ленин, социализмге өтудің мейлінше толық материалдық дайындығы, социализмге өту қарсаңы.

Ленин социалистік революция жасау үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп мәлімдеген меньшевиктер мен эсерлер партияларының контрреволюциялық ролін ашып берді. Тарихта бір орында тұрып қалуға болмайды, деп атап көрсетті ол. Ал республика мен демократизмді революциялық жолмен жеңіп алған Россияда «социализмге қарай *ілгері бармайынша,* оған қарай *қадамдар* жасамайынша...» (218-бет), алға басуға болмайды. Россиядағы социалистік құрылыстың жолдарын белгілей отырып, Ленин өзінің атақты қағидасын тұжырымдап берді: «Революцияның нәтижесін-

де Россия бірнеше айдың ішінде өзінің *саяси* құрылысы жағынан алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетті.

Бірақ бұл аз. Соғыс мейірімсіз, ол мәселені аяусыз қаталдықпен қойып отыр: не құрып біту керек, не алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетіп, оларды *экономикалық* жағынан да басып озу керек» (224—225-беттер).

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде Ленин талдап жасаған экономикалық платформа жүзеге асырылды. Революция тудырған жұмысшы және шаруа өкіметі Россияны империалистік соғыстан алып шықты, елді ұлттық апаттан, оны шетел капиталының құлдыққа салу қаупінен сақтап қалды, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарының халықтың қолына өтуін жүзеге асырды. Социалистік қоғам орнатудың лениндік программасымен қаруланған Коммунистік партия,— бұл программаның негізгі бастамаларын Ленин Октябрь қарсаңында белгілеп берген болатын,— біздің еліміздің еңбекшілерін социализмнің толық және түпкілікті жеңіп шығуына жеткізді. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы кең өріс алған коммунизм құрылысын жүзеге асыруда. Ленин алға қойған міндет — неғұрлым күшті дамыған капиталистік елдерді экономикалық жағынан қуып жетіп, басып озу міндеті ойдағыдай орындалып жатыр.

Осы томға еніп отырған «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген шығармасында Ленин халық бұқарасының большевиктік партияға деген сенімін әлсіретуге тырысқан, большевиктер өздері ғана өкіметті өз қолына алуға еш уақытта да бекем бел байлай алмайды, ал өкіметті ала қалған жағдайда оны тіпті ең қысқа мерзімге де ұстап тұра алмайды деп баспасөз арқылы жалған пікірлер таратқан буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партияларға күйрете соққы берді. Революция жауларының жалақорлық өсектерін әшкерелей отырып, Ленин былай деп атап көрсетті: социалистік революцияның жеңіп шығуы үшін Россияда барлық экономикалық және саяси алғы шарттар бар, демек ондай алғы шарттар болып

отырған кезде большевиктердің, егер олар қорқытқаннан үрікпесе, өкіметті қолына алып, оны ұстап тұруына бөгет жасайтын күш жер бетінен табылмайды. Большевиктік партия, деп көрсетті Ленин, пролетариат пен халықтың қалың бұқарасының түбегейлі мүдделерін білдіреді және, бұлардың қолдауына сүйене отырып, пролетарлық мемлекетке басшылық етуді, жаңа, социалистік қоғам құрылысын ұйымдастыруды қамтамасыз ете алады.

Пролетариат мемлекеттік аппаратты меңгере алмайды-мыс деген меньшевиктердің пайымдауларына жауап бере келіп, Ленин былай деп көрсетті: меньшевиктер Маркстің мемлекет туралы ілімін елеусіз қалдырады, марксизмнің пролетарлық революцияның барысында пролетариат ескі, буржуазиялық, мемлекеттік машинаны меңгеруге тиіс емес, қайта оны қиратып, талқандап, өзіне мемлекеттік өкіметтің жаңа аппаратын құруға тиіс деген қағидасын ревизиялайды.

Ленин халық бұқарасының революциялық творчествосымен құрылған мемлекеттік өкіметтің осы жаңа аппараты жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері болып табылады деп есептеді. Ол мемлекеттік өкіметтің нағыз демократиялық, бұқаралық, шын мәнінде халықтық органдары болып табылатын Советтердің мәнін ашып берді, буржуазиялық парламентаризммен салыстырғанда Советтер дүние жүзілік-тарихи маңызы бар бір адым ілгері басқандық болып табылады деп атап көрсетті. Егер революцияшыл таптардың творчествосы Советтерді құрмаған болса, деп көрсетті Ленин, онда Россияда пролетарлық революция үмітсіз іс болған болар еді.

Социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді дамыта отырып, Ленин былай деп атап көрсетті: жұмысшы табы буржуазиялық-помещиктік мемлекеттің «қанаушылық» аппаратын — армияны, полицияны, чиновниктікті қиратуға тиіс; ал енді «есептеу-тіркеу» аппараты дейтінге келетін болсақ, оны қиратуға болмайды және қирату керек емес. Оны капиталистердің билеуінен тартып алу керек, оны пролетарлық Советтерге бағындыру керек,

оны негұрлым кең, бәрін қамтитын, бүкіл халықтық ету керек. Ленин былай деп атап айтты: социализм орталықтанған жоспарлы шаруашылық болуын, өнім өндіру мен бөлуге, еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшеріне қатаң есеп пен бақылау болуын көздейді. Жеңген пролетариат, деп көрсетті Ленин, буржуазиялық интеллигенцияны — банк ісін ұйымдастырушыларды, инженерлерді, агрономдарды, техниктерді, ғылыми-білімді әр түрлі мамандарды социалистік құрылыс ісіне тартуға тиіс, жұмыс істеу үшін оларға қолайлы жағдай туғызып, оларды жан-жақты жұмысшы бақылауына алуға тиіс.

Ленин социалистік революция жеңгеннен кейін мемлекеттік құрылыстың аса маңызды міндеті — еңбекшілердің ең қалың бұқарасын елді басқару ісіне тарту деп есептеді. Ол Совет мемлекетінің алғашқы шараларын жүзеге асырудың өзі-ақ халық бұқарасының тарихта болып көрмеген революциялық энтузиазмын туғызады, бұрын саяси жағынан ұйқыда болған, мұқтаждық пен қанаушылық жаншып келген миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды жаңа өмір жолындағы күреске көтереді деп көрсетті. Пролетарлық мемлекет, деп жазды Ленин, өзінің күшін бірден он есе арттыратын тамаша құралға ие болып отыр, бұл құрал — еңбекшілер бұқарасын мемлекетті басқару ісіне тарту, бұл құрал бірде-бір капиталистік мемлекетте болған жоқ және бола да алмайды. Ленин ең бастысы — еңбекшілер бұқарасының өз күшіне деген сенімін нығайту, олардың мемлекетті басқара алатындығын және басқаруға тиіс екендігін оларға іс жүзінде көрсету, деп атап айтты.

Бұқараны рухтандырушы большевизм идеялары, бейбітшілік, демократия және социализм идеялары жеңіске жететіндігіне кәміл сене отырып, Ленин былай деп жазды: «Идеялар бұқараның бойын билеп алған кезде күшке айналады. Міне, дәл қазір большевиктер, яғни революциялық-пролетарлық интернационализмнің өкілдері бүкіл дүние жүзінде сансыз көп еңбекші бұқараны жігерлендіріп отырған идеяны өздерінің саясаты арқылы жүзеге асырып отыр» (375-бет),

Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген шығармасы бұқараны социалистік революцияның жеңісі жолындағы, Совет мемлекетін құру және нығайту жолындағы күреске жұмылдыру ісінде орасан зор роль атқарды. Социалистік революция мемлекеттік өкіметтің ескі, халыққа қарсы, буржуазиялық-помещиктік аппаратын қиратты және еңбекшілердің төл мүдделерін көздейтін жаңа өкімет аппаратын құрды. Совет өкіметі демократияның жаңа, жоғары типін — еңбекшілерге арналған демократияны бейнелейді, өйткені миллиондаған еңбекшілер мемлекетті басқару ісіне қатыстырылып отыр. Қанаудан азат болған еңбекшілер бұқарасы жаңа істе жасампаз болуға шексіз қабілеттілік, керемет қаһармандық, теңдесі жоқ ерлік көрсетті.

Лениннің «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» және «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген шығармаларында тұжырымдаған қағидалары мен қорытындыларының орасан зор принциптік маңызы бар. Россиядағы және басқа елдердегі социалистік революцияның тәжірибесі көрсетіп отырғандай, Ленин осы шығармаларында белгілеп және теориялық жағынан негіздеп берген пролетарлық өкімет шараларының программасы социалистік революцияның дамуының негізгі заңдылықтарын, жаңа құрылысты орнатудың барлық елдерге ортақ бастапқы кезеңін бейнелейді.

Томда «Партияның программасы туралы мәселе жөнінде» деген документ және Лениннің 1917 жылы октябрьде «Просвещение» журналында басылған «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласы жарияланып отыр. Ленин большевиктер партиясының жаңа программасын әзірлеу жөніндегі жұмысты тездету қажет деп есептеді, мұның бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысы үшін орасан зор маңызы болады деп атап көрсетті. Ленин «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақалада программаның жалпы теориялық бөлімінің баспасөз бетінде Сокольников ұсынған былыққа, қате жобасын қатты сынады. Ленин сондай-ақ Бухарин мен Смирновтың программа-мини-

мумды алып тастау жөніндегі ұсынысының қисынсыздығын көрсетіп берді. Ол кезеңде мұны істеуге болмайтын еді, өйткені Февраль революциясы буржуазиялық-демократиялық революцияның барлық міндеттерін шешкен жоқ. Мұндай жағдайда программа-минимумды алып тастау,—деп атап көрсетті Ленин,—қозғалыстың әлі де басымыздан өтпеген кезеңін аттап кету, буржуазиялық құрылыс шеңберінде жұмыс істеуден бас тарту деген сөз. Осыдан келіп мынадай маңызды принциптік қорытынды шығады: маркстік партияның буржуазиялық-демократиялық құрылыс жағдайында да түпкі мақсатты — социализмге және коммунизмге өтуді тұжырымдайтын тек программа-максимумы ғана емес, сонымен қатар ең таяудағы талаптарды бейнелейтін программасы да болуы керек, бұл программада маркстік партия демократияны ныгайту және кеңейту жолындағы, еңбекшілердің ең көкейтесті мұқтаждарын қанағаттандыру жолындағы күрес міндеттерін алға қоюға тиіс.

Елде революциялық дағдарыс ұлғайып, тереңдей түсті. Фабрикалар мен заводтарда стачкалық қозғалыс өріс алды. Металлистер, тоқымашылар, кеншілер, былғарышылар, баспашылар ереуіл жасады. Сентябрьде теміржолшылар мен почта-телеграф қызметшілерінің Бүкіл россиялық стачкасы болып өтті. Деревняларда помещиктерге қарсы шаруалардың күресі мейлінше шиеленіскен форма алып, көтеріліске ұласып отырды. Ұлт-азаттық қозғалысы өріс алды. Революцияның дамуын тоқтатуға, бұқараға басшылық етуді өз қолында сақтап қалуға және буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдауға тырысып, меньшевиктер мен эсерлер 14 (27) сентябрьде Петроградта Демократиялық кеңес дейтінді шақырып, онда предпарламент құрды.

Ленин «Большевиктер өкіметті алуға тиіс», «Марксизм және көтеріліс» деген хаттарда Демократиялық кеңестің саяси мәнін ашып көрсетті және большевиктердің бұл кеңес жөніндегі тактикасын белгілеп берді. Ол: большевиктер тарапынан Демократиялық кеңеске парламент деп караушылық аса зор қателік болар еді, бұл кеңес революцияның бірде-бір мәселесін шеше ал-

майды,— революция мәселелерін шешу одан тысқары, Питер мен Мәскеудың жұмысшылар тұратын кварталдарында жатыр деп көрсетті. «Подлогтың сабаздары туралы және большевиктердің қателері туралы» деген мақалада Ленин кеңеске қатысушы большевиктердің ұстаған бағытын қатты сынға алды. Большевиктер, деп жазды ол, кеңестегі жағдай анықталғаннан кейін «байланыс қызметі» үшін бір-үш делегатты қалдырып, кеңестен кетіп қалуға, ал басқа делегаттарды заводтарға, казармаларға жіберуге тиіс еді, өйткені революцияны аман сақтап қалудың қайнар көзі тек соларда ғана болатын. Ленин кейінірек «Публицистің күнделік дәптерінен. Біздің партияның қателері» деген мақалада елде пролетарлық революцияның өріс алуына байланысты партияның істеген қызметіне талдау жасай келіп, большевиктер Демократиялық кеңеске қатысып, қателік жасады, кеңеске бойкот жариялау қажет еді деп жазды. Ал предпарламентке келетін болсақ, Ленин әуел бастан-ақ оған бойкот жариялауды батыл талап етті: «Предпарламентке қатысу тактикасы *теріс,* ол таптардың объективтік өзара қарым-қатынасына, кезеңнің объективтік жағдайларына сай келмейді»,—деп жазды ол (296-бет). Лениннің нұсқауларына сәйкес партияның Орталық Комитеті предпарламентке қатысу туралы бұрын қабылданған шешімді қайта қарады және 1917 жылы 5 (18) октябрьде предпарламент жұмыс істеген алғашқы күні-ақ одан большевиктердің кетіп қалуы туралы қаулы қабылдады, сөйтіп қарулы көтеріліске қарсы бағыт ұстап, предпарламентке қатысуды жақтаған Каменев пен басқа да капитулянттардың қарсылығына тойтарыс берілді.

29 сентябрьде (12 октябрьде) жазылған «Дағдарыс пісіп жетті» деген мақалада және 1 (14) октябрьдегі «Орталық Комитетке, Москва комитетіне, Петербург комитетіне және Питер мен Москва Советтеріне мүше большевиктерге хатта» Ленин жағдайға сипаттама берді және көтеріліс жасауды бұдан әрі кешеуілдетуге болмайды—елде жалпы ұлттық дағдарыс пісіп жетілді деп, партия алдына мәселені мейлінше төтесінен қойды. «Орыс революциясының бүкіл болашағы қыл үстін-

де тұр,— деп жазды ол.— Большевиктер партиясының бүкіл ар-намысы екіталай халде. Социализм жолындағы халықаралық жұмысшы революциясының бүкіл болашағы қыл үстінде тұр» (316—317-беттер). Советтер съезін күту,— деп атап көрсетті ол,— ресмилікті масқаралық ойынға айналдыру, революцияға сатқындық жасау. «Егер өкіметті көтеріліссіз қолға алуға болмаса, онда *дереу көтеріліске шығу* керек»,— деп жазды Ленин (384-бет).

Ленин Финляндиядан Петроградқа жетуге асықты, партияның Орталық Комитеті алдына өзінің қайтып келуі туралы мәселе қойды. Орталық Комитет 3 (16) октябрьде «тұрақты және тығыз байланыс жасау мүмкін болуы үшін Ильичке Питерге келу ұсынылсын» деген шешім қабылдады.

Ленин 8 (21) октябрьде, өзі Петроградқа келген күннің ертеңінде «Солтүстік облысы Советтерінің облыстық съезіне қатысушы большевик жолдастарға хат» жазды. Ленин 11—13 (24—26) октябрьде Петроградта өткен бұл съездің көтерілістің жеңіп шығуы үшін революциялық күштерді жұмылдыру ісінде айрықша үлкен маңызы болады деп есептеді. Ленин бұл хатта большевиктерге өкіметті алуға мүмкіндік беретін және олардан қарулы көтерілісті ұйымдастыруда тез, батыл да жігерлі қимыл жасауды талап ететін халықаралық және ішкі жағдайларға тоқталды. Ленин хатты «Кешеуілдеу өліммен тең» (439-бет) деген сөздермен аяқтады.

Томға партияның Орталық Комитетінің 1917 жылы 10 (23) және 16 (29) октябрьде болған тарихи мәжілістерінің лениндік документтері: В. И. Лениннің баяндамалары мен сөйлеген сөздерінің протоколдық жазбалары және қарулы көтеріліс туралы ол жазған қарарлар енгізіліп отыр. Ленин өзінің баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде қарулы көтерілістің қажеттігін негіздеп берді, оны ұйымдық-техникалық жағынан әзірлеудің міндеттерін белгіледі. Орталық Комитеттің 10 (23) октябрьде Лениннің баяндамасы бойынша қабылданған қарарында қарулы көтеріліс сөзсіз және толық пісіп жетілді, сондықтан партия ұйымдарының

бүкіл жұмысы қарулы көтерілісті әзірлеу және оны жүзеге асыру міндетіне бағындырылуға тиіс делінген. Орталық Комитеттің кеңейтілген мәжілісі 16 (29) октябрьде Лениннің баяндамасы бойынша ол ұсынған қарарды қабылдады, бұл қарар Орталық Комитеттің көтеріліс туралы шешімін құптап, толығынан қолдады, жұмысшылар мен солдаттарды қарулы көтеріліске жан-жақты және күшті әзірленуге шақырды.

Екі мәжілістің екеуінде де Зиновьев пен Каменев көтеріліс жасауға қарсы шықты. Троцкий Орталық Комитеттің мәжілістерінде көтеріліс туралы қарарға қарсы болған жоқ, бірақ ол көтерілісті Советтердің II съезі шақырылғанға дейін кешеуілдете тұру жөнінде өзінің бұрын айтқан көзқарасында қала берді, ал бұл іс жүзінде көтерілісті болдырмай тастау деген сөз еді. Зиновьев пен Каменев 11 (24) октябрьде РСДРП(б) Петроград, Москва, Москва облыстық, Финляндия облыстық комитеттеріне, Советтердің Орталық Атқару Комитеті мен Солтүстік облысы Советтері съезінің большевиктік фракцияларына хат жазып, Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешіміне қарсылық білдірді. В. И. Ленин 1917 жылы 19, 20 және 21 октябрьде (1, 2 және 3 ноябрьде) «Рабочий Путь» газетінде жарияланған «Жолдастарға хатта» Зиновьев пен Каменевтің қарулы көтеріліске қарсы келтірген дәлелдерін күйрете сынады: «...бұл дәлелдер,— деп жазды ол,— сасқалақтаудың, қорыққандықтың және большевизм мен революциялық-пролетарлық интернационализмнің барлық негізгі идеяларының күйрегендігінің таңқаларлық көрінісі болып табылады, мұндай масқара ауытқуларға дәлел таба қою да оңай емес» (448-бет).

Ленин томда жарияланған хаттарда — «Большевиктер партиясының мүшелеріне хатта» және «РСДРП(б) Орталық Комитетіне хатта» — Каменев пен Зиновьевтің сатқындық әрекеттерін әшкерелейді. 18 (31) октябрьде жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде жарияланған заметкада Каменев өз атынан және Зиновьевтің атынан Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешімімен келіспейтіндігін білдірді. Сөйтіп Зиновьев пен Каменев партияның Орталық

Комитетінің көтеріліс туралы құпия шешімін жауға сездіріп қойды. Ленин оларды штрейкбрехерлер, революцияның сатқындары деп әшкереледі және оларды партия қатарынан шығаруды талап етті. «Тек осылай ету арқылы ғана жұмысшы партиясын сауықтыруға, бір топ тұрлаусыз интеллигентсымақтардан тазартуға болады, революционерлердің қатарын топтастырып, зор және аса зор қиыншылықтарға қарсы баруға, *революцияшыл жұмысшылармен бірге* баруға болады»,— деп жазды ол (480-бет).

Зиновьев пен Каменевтің штрейкбрехерлігі жөнінде И. В. Сталин ымырашылдық позиция ұстады. Ол 20 октябрьде (2 ноябрьде) «Рабочий Путьте» Зиновьевтің хатын бастырып шығарды, бұл хатта Зиновьев Лениннің оған таққан айыптарын дәлелсіз теріске шығарды. Сталин осы хатқа Орталық Комитетпен және редакцияның басқа мүшелерімен келіспестен «Редакциядан» деген ескерту берді, онда Зиновьевтің «Рабочий Путьтегі» және Каменевтің (Петроград Советіндегі) мәлімдемелерімен мәселе тынды деп есептеуге болады деп тұжырымдады. «Ленин жолдастың мақаласының қатал сарында болуы,— деп жазды ол (әңгіме Лениннің «Жолдастарға хат» деген мақаласы туралы болды. *Ред.*),— негізінен біздер пікірлестер болып қала беретіндігімізді бекерге шығармайды».

Лениннің Зиновьев пен Каменевті партиядан шығаруды талап етіп, олар туралы Орталық Комитетке жазған хаты 20 октябрьде (2 ноябрьде) Орталық Комитеттің мәжілісінде талқыланды. Орталық Комитет Каменевтің Орталық Комитеттен шығу жөніндегі отставкасын қабылдады және Каменев пен Зиновьевке Орталық Комитеттің шешімдеріне және Орталық Комитет белгілеген жұмыс бағытына қарсы ешқандай мәлімдеме жасамауды міндеттеді. Ленин Я. М. Свердловқа жолдаған хатында,— ол Шығармаларда бірінші рет жарияланып отыр,— Орталық Комитеттің бұл шешімімен өзінің келіспейтіндігін білдіріп, оны компромистік шешім деп атады. Бұл хат Лениннің асқан принциптілігін, партияның дұрыс, дәйекті саясаты жолындағы оның табанды күресін көрсетеді.

Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешімдерін басшылыққа ала отырып, большевиктер партиясы өзінің жігерлі қызметін өрістете түсті, халық бұқарасын социалистік революцияның жеңісі жолындағы шешуші күреске әзірледі. Ленин бастаған Орталық Комитет қарулы көтерілісті ұйымдастыру жөніндегі бүкіл жұмысқа басшылық етті. «Осы соңғы айда,— деп жазды Н. К. Крупская өзінің Ленин туралы естеліктерінде,— көтеріліс туралы ой Ленинді қалтқысыз баурап алды, тек сол туралы ғана ойлады, жолдастарды өзінің көңіл-күйімен, кәміл сенімімен жігерлендіре түсті». Қарулы көтеріліс съезд ашылатын күні болады деп күтіп отырған жаудан бұрын қимылдау үшін Ленин көтерілісті Советтердің II съезіне дейін бастауды талап етті. 24 октябрьдің (6 ноябрьдің) кешінде жазып, Орталық Комитеттің мүшелеріне жолдаған тарихи хатында Ленин былай деп көрсетті: күтуге болмайды, істі «қайтсе де бүгін кешке немесе түнде» шешу керек,—Керенскийдің үкіметін тұтқындау керек, юнкерлерді қарусыздандыру керек, өкіметті қолға алу керек. «Бүгін жеңіп шыға алатын (бүгін қалай да жеңетін) революционерлердің кешеуілдеуін тарих кешірмейді, өйткені ертең көп нәрседен айрылу қаупі туып отыр, бәрінен жұрдай болу қаупі туып отыр» (491-бет). Ленин 24 октябрь (6 ноябрь) күні түнге қарай Смольныйға келді және басталған көтеріліске тікелей басшылық етуді өз қолына алды.

Ленин бағыт беріп отырған Коммунистік партия Россияның жұмысшы табын Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне жеткізді. Лениннің бұқараны баурап алған идеялары қуатты материалдық, ұйымдастырушылық және жасампаздық күш болды. Жұмысшы табымен және еңбекші шаруалармен ажырамастай болып байланысқан Коммунистік партия, халықтың революциялық белсенділігіне сүйене отырып, бұл идеяларды жүзеге асырды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзат тарихында жаңа заманды — капитализмнің күйреу, социализм мен коммунизмнің салтанат құру заманын бастап берді.

* *
*

Отыз төртінші томға В. И. Лениннің алғаш рет жарияланып отырған документі — ««Риганы алып қою жөніндегі листокты» басып шығаруға байланысты хаты» енгізілді. Бұл хат, оның мазмұнынан көрініп отырғандай, партияның Орталық Комитетіне арналған. Ленин ол хатта жария шығып тұрған большевиктік газеттерді контрреволюциялық Уақытша үкіметтің жауып тастауынан сақтау мақсатында «бар дауыспен сөйлейтін», цензураның күзеуіне ұшырамаған, құпия листоктар мен листовкалар шығаруды ұйымдастыру міндетін үзілді-кесілді алға қойды.

«Петербург ұйымының 8 октябрьдегі конференциясында жасалатын баяндамаға, сондай-ақ қарарға және партия съезіне сайланғандарға берілетін тапсырмаға арналған тезистер» бірінші рет толық жарияланып отырған «Құрылтай жиналысына кандидаттардың тізімі туралы» деген бөліммен толықтырылды. Бұл бөлім В. И. Ленин Шығармаларының бірінші басылуында мүлдем жарияланған жоқ, ал Шығармалардың екінші және үшінші басылуларында ол толық емес түрінде басылды.

«Дайындық материалдар» бөлімінде «Листовкаға берілетін қосымшалардың жоспары» жарияланып отыр. Ленин бұл қосымшаларға эсерлер партиясының шаруалар бұқарасын алдап келгендігін әшкерелейтін документтерді енгізуді белгілеген еді.

Томға берілген қосымшаларда «Есте ұстауға арналған жазбалар» және В. И. Лениннің Құрылтай жиналысына дауысқа түсуге келісетіндігі туралы оның мәлімдемелері Шығармаларда бірінші рет жарияланып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

САЯСИ ЖАҒДАЙ[1]

(ТӨРТ ТЕЗИС)

1. Контрреволюция ұйымдасты, нығайды және мемлекеттегі өкімет билігін іс жүзінде өз қолына алды[2].

Контрреволюцияның толық ұйымдасып, нығайғандығы — контрреволюцияның мынадай басты-басты үш күшінің тамаша ойластырылып, қазірдің өзінде жүзеге асырылған бірігуінде болып отыр: (1) кадеттер партиясы[3], яғни ұйымдасқан буржуазияның нағыз көсемі, министрліктен кеткеннен кейін, оған ультиматум қойды, сөйтіп контрреволюцияның бұл министрлікті құлатуына жол ашты; (2) армияның бас штабы мен жоғарғы командалық топтары Керенскийдің, мұны тіпті аса көрнекті эсерлердің[4] өздері де енді Кавеньяк деп атайтын болған, саналы немесе жартылай саналы көмегімен іс жүзіндегі мемлекеттік өкімет билігін басып алды, сөйтіп майдандағы әскерлердің революцияшыл бөлімдерін атуға, Питер мен Москвадағы революцияшыл әскерлер мен жұмысшыларды қарусыздандыруға, Нижнийдегі көтерілісті басып, жаныштауға, большевиктерді сотсыз ғана емес, тіпті үкіметтің қаулысынсыз-ақ қамауға алып, олардың газеттерін жабуға көшті. Іс жүзінде Россиядағы негізгі мемлекеттік өкімет қазір әскери диктатура болып отыр; бұл факт әлі де болса сөз жүзінде революциялық, ал іс жүзінде дәрменсіз бірсыпыра мекемелермен көлегейленіп отыр. Бірақ бұл күмәнсіз факт және мұның негізгі факт екені соншалық, оны ұғынып алмайынша, саяси жағдайдан ештеңені түсінуге болмайды. (3) Қаражүздік-

монархистік және буржуазиялық баспасөз большевиктерді құтырына қудалаудан енді Советтерді, «өрт салушы» Черновты және т. т. қудалауға көшіп, бұл күнде үстем болып отырған және кадеттер мен монархистер қолдап отырған әскери диктатура саясатының шын мәні Советтерді таратуға әзірленуде екенін айдан айқын көрсетіп берді. Эсерлер мен меньшевиктердің, яғни Советтердегі қазіргі көпшіліктің көптеген көсемдері мұны осы соңғы күндердің ішінде мойындап, айтып беріп отыр, бірақ, нағыз ұсақ буржуа ретінде, олар бұл сұсты шындықтан бос даурықпа сөзуарлықпен құтылып кетіп жүр.

2. Советтердің және социалист-революционерлер мен меньшевиктер партияларының Церетели мен Чернов бастаған көсемдері революция ісін біржола сатып кетті, оны контрреволюционерлердің қолына берді, сөйтіп өздерін, өздерінің партияларын және Советтерді контрреволюцияның бүркеншіне айналдырды.

Бұл фактіні мыналар дәлелдеді: социалист-революционерлер мен меньшевиктер большевиктерді ұстап берді және олардың газеттерін талқандауды үн-түнсіз бекітті, өздерінің осыны істейтінін және оны не үшін істейтінін халыққа тіпті тура, ашық айтуға батылы бармады. Жұмысшылар мен революцияшыл полктерді қарусыздандыруды заңды ету арқылы, олар қандай болсын нақтылы өкімет билігінен айрылып қалды. Олар реакцияның Советтерді тарату жөніндегі ең соңғы әзірліктерін бітіріп алғанынша, оған халық көңілін «алдай тұруға» көмектесетін бос мылжыңдар болып шықты. Социалист-революционерлер мен меньшевиктер партияларының және Советтердегі қазіргі көпшіліктің осы толық және біржола банкротқа ұшырауын ұқпай тұрып, олардың «директориясының» және басқа алдамшы әрекеттерінің бүтіндей жалғандығын ұқпай тұрып, қазіргі бүкіл саяси жағдайдан мүлде еш нәрсені түсінуге болмайды.

3. Орыс революциясының бейбіт дамуы жөніндегі үміттердің бәрі біржола құрыды. Объективті жағдай мынадай: не әскери диктатура ақырына дейін жеңіп шығады, не жұмысшылардың қарулы көтерілісі жеңіп

~~Новѣйшее~~ Политическое положеніе
~~(Четыре тезиса)~~

Контр-революція организовалась, укрѣпилась и фактически взяла власть в государствѣ в свои руки.

Полная организація и укрѣпленіе контр-революціи состоит в превосходно обдуманном, проведенном уже в жизнь соединеніи трех главных сил контр-революціи: (1) партія к.-д., т. е. настоящій вождь организованной буржуазіи, уйдя из министерства, поставила ему ультиматум, расчистив поле для сверженія этого министерства контр-революціей; (2) генеральный штаб и командные верхи арміи с сознательной или полусознательной помощью Керенскаго, кого даже виднѣйшіе эсеры называли теперь Кавеньяком, захватили в руки фактическую государственную власть, перейдя к разстрѣлу революціонных частей войска на фронтѣ, к разоруженію революціонных войск и рабочих в Питерѣ и Москвѣ, к подавленію и усмиренію в Нижнем, к арестам большевиков и закрытію их газет не только без суда, но и без постановленія правительства. Фактически основная государственная власть в Россіи теперь есть военная диктатура; этот факт затемнен еще рядом революціонных (на словах) учрежденій, но безсильных на дѣлѣ. (Но это настолько очевидный факт и настолько коренной, что без пониманія его ничего понять в политическом положеніи нельзя. (3) Черносотенно-монархическая и буржуазная пресса, перейдя уже от бѣшеной травли большевиков к травлѣ Совѣтов, „подстрекателя" Чернова и т. п., яснѣе ясного показала, что настоящая суть политики военной диктатуры, царящей нынѣ и поддерживаемой кадетами и монархистами, состоит в подготовкѣ разгона Совѣтов. Многіе вожди эсеров и меньшевиков, т. е. теперешняго большинства Совѣтов, признали и высказ

В. И. Лениннің «Саяси жағдай» деген қолжазбасының бірінші беті.—10 (23) июль, 1917 ж,
Кішірейтілген

шығады; бұл көтеріліс экономикалық күйзеліс пен соғыстың ұзаққа созылуы себепті үкіметке қарсы және буржуазияға қарсы көтерілген күшті бұқаралық өрлеумен ұштасқан жағдайда ғана жеңіп шығуы мүмкін.

Бүкіл өкімет билігінің Советтерге көшу ұраны апрельде, майда, июньде, 5—9 июльге дейін, яғни іс жүзіндегі өкімет билігі әскери диктатураның қолына көшкенге дейін мүмкін болған революцияның бейбіт дамуының ұраны еді. Енді бұл ұран дұрыс болмай қалып отыр, өйткені ол енді өкімет билігінің басқа қолға көшкендігін, эсерлер мен меньшевиктердің іс жүзінде революцияға толық опасыздық жасап отырғанын ескермейді. Авантюралар, бүліктер, ішінара қарсылық көрсетулер, реакцияға ішінара қарсы тұрудың үмітсіз әрекеттері іске көмектесе алмайды, оған тек жағдайды айқын ұғыну, жұмысшы авангардының ұстамдылығы мен табандылығы, күштердің қарулы көтеріліске әзірлігі ғана көмектесе алады; қарулы көтерілістің жеңу жағдайлары қазір сұмдық қиын, бірақ дегенмен де тезис текстінде көрсетілген фактілер мен ағымдар сәйкес келген жағдайда көтерілістің жеңіп шығуы мүмкін. Ешқандай конституциялық және республикалық жалған үміттер болмасын, ешқандай бейбіт жолдың жалған үміттері енді болмасын, ешқандай бытыраңқы қимыл жасалмасын, *енді* қаражүздіктер мен казактардың арандатуына елігіп кетпей, қайта күштерді жинау керек, ол күштерді қайта ұйымдастыру керек, егер дағдарыстың барысы қарулы көтерілісті шын бұқаралық, жалпы халықтық көлемде қолдануға мүмкіндік беретін болса, ол күштерді қарулы көтеріліске табандылықпен әзірлеу керек. Жердің шаруалар қолына көшуі енді қарулы көтеріліссіз мүмкін емес, өйткені контрреволюция өкімет билігін қолына алып, тап ретінде, помещиктермен толық бірігіп кетті.

Қарулы көтерілістің мақсаты партиямыздың программасын жүзеге асыру үшін өкімет билігінің кедей шаруалар қолдаған пролетариаттың қолына көшуі ғана бола алады.

4. Жұмысшы табының партиясы, жариялылықтан безбей, бірақ оны бір сәт те асыра бағаламай, 1912—

1914 жылдардағы сияқты, жария жұмысты құпия жұмыспен *ұштастыра* жүргізуге тиіс.

Жария жұмысты бір сағат та тастамау керек. Бірақ конституциялық жалған үміттерге де, «бейбіт» жалған үміттерге де титтей де сенбеу керек. Листоктарды және басқаларды басып шығару үшін жер-жердің бәрінде және барлық жағынан дереу құпия ұйымдар немесе құпия ұялар құру керек. Ұстамдылықпен, табандылықпен, барлық бағытта дереу қайта ұйымдасу керек.

1912—1914 жылдардағы сияқты қимыл жасау керек, ол кезде біз Мемлекеттік думадағы да, сақтық кассаларындағы да, кәсіптік одақтардағы да, т. т. жария сүйенішімізді жоғалтпай, патша өкіметін революция арқылы және қарулы көтеріліс арқылы құлату туралы айта білген едік.

1917 ж. 10 (23) июльде жазылған

1917 ж. 2 августа (20 июльде) «Пролетарское Дело» газетінің 6-номерінде басылған
Қол қойған: W

Қолжазба бойынша басылып отыр

«НОВАЯ ЖИЗНЬ» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ[5]

Жолдастар, біздің партия газетінің[6] амалсыз тоқтап қалғандығы себепті сіздердің меймандостықтарыңызға үміт артуға рұқсат етіңіздер. Белгілі сарындағы газеттер бізді тыңшылық істеді немесе жаудың үкіметімен қарым-қатынас жасады деп айыптап, құтырына қудалады.

Бұл қудалаудың қандайлық құлақ естімеген... жеңілтектікпен (бұл — лайықсыз, өте әлсіз сөз) жүргізіліп отырғанын мынадай жай фактілер көрсетеді. «Живое Слово»[7] әуелі Ленин — тыңшы деп жазды, ал содан кейін, істің мәнін өзгертпейтін «түзету» түрінде, ол тыңшы деп айыпталмайды деп мәлімдеді! Әуелі Ермоленконың жауаптарын ұсынады, содан кейін ондай адамның ондай жауаптарын дәлел деп санау тура ыңғайсыз және ұят екенін мойындауға мәжбүр болады.

Парвустың есімі әкеліп қыстырылады, бірақ Парвусты 1915 жылдың өзінде-ақ Женевадағы «Социал-Демократ»[8] сияқты ешкімнің де аяусыз қаталдықпен айыптамағаны жөнінде ештеңе айтылмайды, ал «Социал-Демократты» біз редакциялаған едік және сол «Социал-Демократ» «Ақырғы шегінде» деген мақалада Парвусты «Гинденбургтің етігін жалаған» «ренегат»*, т. с. деп іреген болатын. Парвуспен біздің мүлде ешқандай саяси немесе басқа қатынастарымыз туралы сөз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 89—91-беттер. *Ред.*

болуы да мүмкін еместігін әрбір сауатты адам біледі немесе оп-оңай біле алады.

Суменсон деген біреудің есімін әкеліп шатастырады, онымен біздің ешқашан істес болмағанымыз былай тұрсын, тіпті оны еш уақытта көрген де емеспіз. Ганецкий мен Козловскийдің коммерциялық істері әкеліп шатыстырылады, бірақ коммерцияның тыңшылыққа атап айтқанда қай жағынан, қай жерде, қашан, қалай бүркеніш болғаны жөнінде бірде-бір факт келтірілмейді. Ал біздің коммерциялық істерге ешқашан тікелей де, жанамалап та қатыспағанымыз былай тұрсын, сонымен қатар тіпті есімі аталып отырған жолдастардың бірде-біреуінен жеке өз басымызға болсын, партияға болсын тіпті бір тиын да алған емеспіз.

«Правданың» телеграммаларын неміс газеттерінің— бұрмалап — көшіріп басқандығын бізге кінә етіп тағуға дейін барады, ал «Правданың» шетелде немісше, французша бюллетень[9] шығаратындығын және бұл бюллетеньнен көшіріп басуға әбден болатындығын ескертуді «ұмытып кетеді»!

Ал осының бәрі — Советке енгізілмеген, басқаша айтқанда, белгілі жалақор деп танылған Алексинскийдің қатысуымен немесе тіпті соның инициативасымен болып отыр!! Бізге қарсы *мұндай* жолдың *қалтарыстан тап беріп заң жүзінде өлтіру* екенін қалайша түсінбеуге болады? Орталық Атқару Комитеті мүшелерін сотқа тарту шарттары туралы мәселені Орталық Атқару Комитетінің талқылауы, жалпы алғанда, сөз жоқ, тәртіпке келтіру элементін енгізеді[10]. Социалист-революционерлер мен меньшевиктердің партиялары заң жүзінде өлтірудің қастандық әрекетіне қатысқылары келе ме? біздің тыңшылық жөнінде не бүлік жөнінде айыптағалатындығымызды тіпті көрсетпай-ақ сотқа беруге қатысқылары келе ме?— жалпы алғанда қылмысты заң жүзінде ешқандай дәл анықтамай-ақ сотқа беруге қатысқылары келе ме? өз партиялары Құрылтай жиналысына еш күмәнсыз кандидат етіп белгілейтін адамдардың кандидатурасына кедергі жасай алатын көрінеу сыңаржақ процеске қатысқылары келе ме? Бұл пар-

тиялар Россиядағы Құрылтай жиналысының шақырылу қарсаңын орыс топырағындағы дрейфусиаданың[11] басы еткісі келе ме?

Бұл сұрақтарға таяудағы болашақ жауап берер. Бұларды ашық түрде қою бізге еркін баспасөздің борышы сияқты көрінеді.

Біз буржуазиялық баспасөз туралы айтып отырғанымыз жоқ. Әлбетте, еврейлер баланың қанын ішеді екен дегенге Марков пен Замысловский қаншалықты сенген болса, бізді тыңшы дегенге немесе бізді неміс ақшасын алды дегенге Милюков та соншалықты сенеді.

Бірақ Милюков пен К° не істеп отырғанын біледі.

Н. Ленин

«Новая Жизнь» № 71,
11 (24) июль, 1917 ж.

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр



«ПРОЛЕТАРСКОЕ ДЕЛО» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ[12]

Жолдастар!

Біз Уақытша үкіметтің бізді тұтқынға алу жайындағы указына бағыну ниетімізді өзгерттік, оның себептері мынадай.

Бұрынғы юстиция министрі Переверзевтің жексенбі күні «Новое Время»[13] газетінде басылған хатынан Лениннің және басқалардың «тыңшылығы» туралы «іс» контрреволюция партиясының әбден ойланып істеген әрекеті екені мүлдем айқын болып шықты.

Переверзев солдаттарды біздің партияға қарсы өшіктіру (сөзбе-сөз айтқаны) үшін тексерілмеген айыптауларға өзінің жол бергенін әбден ашық мойындайды. Мұны күні кеше юстиция министрі болған, кеше ғана өзін социалист деп атаған адам мойындап отыр! Переверзев кетті. Бірақ жаңадан болған юстиция министрі Переверзевтің-Алексинскийдің тәсілдерімен шектеле ме, жоқ па, мұны ешкім айта алмайды.

Контрреволюцияшыл буржуазия тағы бір Дрейфус ісін ойлап шығаруға тырысып отыр. Бейлис ісін[14] ұйымдастырған орыс реакциясының көсемдері еврейлер баланың қанын ішеді екен дегенге қаншалықты сенген болса, біздің «тыңшы екендігімізге» контрреволюцияшыл буржуазия да соншалықты сенеді. Россияда әділ соттың болуына қазіргі кезеңде ешқандай кепілдік жоқ.

Өзін орыс демократиясының өкілетті органы деп санайтын Орталық Атқару Комитеті тыңшылық туралы іс жөнінде комиссия тағайындағандай болып еді, бірақ

контрреволюциялық күштердің қысымымен бұл комиссияны таратып жіберді. Бізді тұтқынға алу туралы бұйрықты ол тура растағысы да, бұзғысы да келмеді. Ол іс жүзінде біздерді контрреволюцияға ұстап беріп, қол сілтеп шыға келді.

Бізді «заговор» жасады және бүлік шығаруға «моральдық» жағынан «айдап салды» деп айыптау қазір әбден айқын сипат алып отыр. Біздің жалған қылмысымызға Уақытша үкімет те, Совет те заң жүзінде ешқандай баға бере алмайды, бұлардың екеуі де 3—5 июльдегі сияқты қозғалыстағы «заговор» туралы айтудың тіпті қисынсыз екенін өте жақсы біледі. Меньшевиктер мен эсерлердің көсемдері енді өздеріне де қысым жасай бастаған контрреволюцияның нұсқауымен біздің партияның бірқатар мүшелерін оған ұстап беріп, оның рақымшылығын күтіп отыр. Қазір Россияда жариялық негіздің қандайы туралы да, тіпті тәртіпке салынған буржуазиялық елдердегі конституциялық кепілдіктер туралы да сөз болуы мүмкін емес. Қазір өзіңді өкімет орындарының қолына беру — өзіңді Милюковтардың, Алексинскийлердің, Переверзевтердің қолына, әбден құтырынған контрреволюционерлердің қолына бергендік болып шығар еді; ал олар үшін бізге тағылған айыптардың бәрі азамат соғысындағы жай бір оқиға ғана болып табылады.

6—8 июль күндерінде болған оқиғадан кейін бірде-бір орыс революционері енді конституциялық жалған үміттерден үміттене алмайды. Революция мен контрреволюцияның арасында шешуші шайқас болып жатыр. Біз бұрынғысынша революция жағында күресе береміз.

Біз күшіміз келгенінше бұрынғысынша пролетариаттың революциялық күресіне көмектесеміз. Егер Құрылтай жиналысы өтер болса және оны буржуазия шақырмаған болса, тек жалғыз сол ғана Уақытша үкіметтің бізді тұтқынға алу туралы бұйрығы жөнінде өз сөзін айтуға праволы болады.

Н. Ленин

«Пролетарское Дело» № 2,
28 (15) июль, 1917 ж.

«Пролетарское Дело» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ҰРАНДАР ЖӨНІНДЕ

Тарих кілт бұрылыс жасаған кезде тіпті алдыңғы қатарлы партиялардың да азды-көпті ұзақ уақыт жаңа жағдайға икемделе алмай, күні кеше дұрыс болған, бірақ бүгінгі күні қандай да болса мағынасынан айрылған, тарихтың кілт бұрылысы қаншалықты «кенеттен» болса, соншалықты «кенеттен» мағынасын жоғалтқан ұрандарды қайталай беруі тым жиі болған-ды.

Бүкіл мемлекеттік өкімет билігінің Советтерге көшуі ұраны жөнінде де, сірә, осыған ұқсас бірдеңенің қайталануы ықтимал. Бұл ұран біздің революциямыздың бұрылыссыз өткен дәуірінің өн бойында, айталық, 27 февральдан 4 июльге дейін дұрыс еді. Бұл ұран енді дұрыс болудан мүлде қалды. Мұны түсінбейінше, қазіргі кездің көкейтесті мәселелерінен түк түсінуге болмайды. Әрбір жеке ұран белгілі бір саяси жағдайдың ерекшеліктерінің күллі жиынтығынан қорытылып шығарылуға тиіс. Ал Россиядағы саяси жағдай қазір, 4 июльден кейін, 27 февраль — 4 июль аралығындағы жағдайдан түбірімен өзгеше болып отыр.

Онда, революцияның сол бір өтіп кеткен кезеңінде, мемлекет ішінде материалдық жағынан да, формальды жағынан да мемлекеттік өкіметтің тиянақсыз-өтпелі жағдайын білдірген «қос өкімет» дейтін үстем болған еді. Қандай революцияның болсын түбегейлі мәселесі — өкімет туралы мәселе екенін ұмытпауымыз керек.

Онда өкімет аумалы-төкпелі жағдайда еді. Оны, екеуара ерікті келісім бойынша, Уақытша үкімет пен

Советтер бөлісіп алған еді. Советтер дегеніміз еркін, яғни сырттан ешқандай зорлыққа ұшырамайтын, қаруланған жұмысшылар мен солдаттар бұқарасының делегациялары болды. Халықтың қолында қару болуы, халыққа сырттан зорлықтың болмауы — міне, істің *мәні* осында еді. Бүкіл революцияның ілгері дамуының бейбіт жолын ашқан және оны қамтамасыз еткен, міне, осы еді. «Бүкіл өкімет Советтерге көшсін» деген ұран ең таяу қадамның, осы бейбіт даму жолында тікелей жасалатын қадамның ұраны еді. Мұның өзі революцияны бейбіт дамыту ұраны еді; 27 февральдан 4 июльге дейін революцияның бейбіт дамуы мүмкін еді және, әрине, тілегеніміз де сол еді, ал қазір бейбіт даму мүлде мүмкін болмай қалып отыр.

Сірә, «Бүкіл өкімет Советтерге көшсін» деген ұран революцияның ілгері қарай бейбіт дамуының ұраны болғандығына бұл ұранды жақтаушылардың бәрі бірдей жеткілікті ой жібермеген болса керек. Бейбіт даму дегенде ол кезде (27 февральдан 4 июльге дейін) өкіметтің Советтерге көшуіне ешкім, бірде-бір тап, бірде-бір елеулі күш қарсыласып, кедергі жасай алмас еді деген мағынада ғана емес. Бұл әлі толық болмайды. Ол кезде, мемлекеттік өкімет билігі толығымен тегіс Советтерге дер кезінде көшкен жағдайда, олардың *ішіндегі* таптар мен партиялардың күресі неғұрлым бейбіт, неғұрлым ауыр зардапсыз үйлесе алар еді деген мағынада да ол кезде бейбіт даму мүмкін еді.

Істің осы соңғы жағына көңіл бөлінуі әлі де жеткіліксіз. Өздерінің таптық құрамы жағынан алғанда Советтер жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының органдары, олардың диктатурасының дайын формасы болды. Олардың қолында өкімет билігі толығымен болса, ұсақ буржуазиялық топтардың басты кемшілігі, олардың басты күнәсы, капиталистерге сенгіштігі практика жүзінде жойылған болар еді, олардың өз шараларының тәжірибесі арқылы сынға алынған болар еді. Қолында өкімет билігі бар таптар мен партиялардың ауысуы Советтердің ішінде, олардың бір өзінің билігі және бүкіл өкіметке иелігі негізінде, бейбіт жолмен жүре алған болар еді; барлық советтік партиялар-

дың бұқарамен байланысы берік және әлсіремеген қалпында қала берген болар еді. Советтік партиялардың бұқарамен осы өте тығыз, кеңейе және кеулей еркін өрістеген байланысы ғана буржуазиямен ұсақ буржуазиялық келісімпаздық жөніндегі жалған үміттерді бейбіт жолмен жоюға көмектесе алатынын бір сәт те естен шығаруға болмайды. Өкімет билігінің Советтерге көшуі таптардың арақатынасын өзінен-өзі өзгертпеген болар еді және өзгерте алмас та еді; ол шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығында ештемені өзгертпеген болар еді. Бірақ ол шаруаларды буржуазиядан бөліп әкетуге қарай, оларды жұмысшылармен жақындастыруға, ал одан кейін біріктіруге қарай дер кезінде зор қадам жасаған болар еді.

Егер өкімет билігі Советтерге дер кезінде көшкен болса, осылай бола алар еді. Бұл халық үшін бәрінен де оңай, бәрінен де тиімді болар еді. Мұндай жол ең бір зардапсыз жол болар еді, сондықтан да бұл үшін бәрінен де гөрі жігерлі түрде күресу керек еді. Ал енді бұл күрес, өкімет билігінің Советтерге дер кезінде көшуі жолындағы күрес бітті. Бейбіт даму жолы мүмкін болмай қалды. Бейбіт емес, өте-мөте ауыр зардапты жол басталды.

4 июльдегі өзгеріс нақ мынада: одан кейін объективтік жағдай бірден өзгерді. Өкіметтің аумалы-төкпелі жағдайы тоқталды, өкімет билігі шешуші жерінде контрреволюцияның қолына көшті. Эсерлер мен меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық партияларының контрреволюцияшыл кадеттермен келісімпаздығы негізінде партиялардың дамуы бұл екі ұсақ буржуазиялық партияның контрреволюциялық жендеттіктің іс жүзіндегі қатысушылары мен көмекшілері болып шығуына әкеп соқты. Ұсақ буржуаның капиталистерге санасыз сенгіштігі ұсақ буржуаны, партиялық күрес дамуының барысында, оның контрреволюционерлерді саналы қолдауына әкеп соқты. Партиялық қатынастардың даму циклы аяқталды. 27 февральда барлық таптар бірге монархияға қарсы болып шықты. 4 июльден кейін контрреволюциялық буржуазия монархистермен және қара жүздікпен қоян-қолтық бірге болып, ұсақ

буржуазиялық эсерлер мен меньшевиктердің бір бөлегін қорқытып, оларды өзіне қосып алды және іс жүзіндегі мемлекеттік өкімет билігін Кавеньяктардың қолына, майданда бағынбаушыларды атып жатқан, Питерде большевиктерді талқандап жатқан әскери шайканың қолына беріп қойды.

Өкімет билігінің Советтерге көшуі ұраны қазір донкихоттық немесе мазақ болып естілер еді. Бұл ұран, объективтік жағынан алғанда, халықты алдағандық болар еді, *қазір* де Советтердің өкімет билігін алгысы келуі немесе өкімет билігін алуға қаулы етуі жеткілікті деген, Советте жендеттерге көмектесу арқылы өздеріне кір келтірмеген партиялар әлі бар деген, болған істі болмаған ету мүмкін деген жалған үмітті халықтың құлағына құйғандық болар еді.

Большевиктерді талқандауға көмектескені, майданда ату жазасын қолданғаны, жұмысшыларды қарусыздандырганы үшін эсерлер мен меньшевиктерден, былайша айтқанда, «кек алмақ» болып, революцияшыл пролетариат контрреволюцияға қарсы оларды қолдаудан «бас тарта» алады деп ойлау аса үлкен қате болар еді. Мәселені бұлайша қою, біріншіден, мораль туралы мещандық ұғымдарды пролетариатқа таңғандық болар еді (өйткені *істің пайдасы үшін* пролетариат ауытқушы ұсақ буржуазияны ғана емес, ірі буржуазияны да әрқашан қолдайды); ол, екіншіден,— және бұл бастысы — «мораль үйрету» арқылы істің саяси мәнін көмескілеуге мещандық әрекет болар еді.

Істің бұл мәні мынада: қазір өкімет билігін бейбіт жолмен алуға болмайды. Қазіргі кезеңдегі өкіметтің шын иелеріп, атап айтқанда Питерге әкелінген реакциялық әскерге, кадеттер мен монархистерге сүйеніп отырган әскери шайканы, Кавеньяктарды, шешуші күресте жеңіп шыққанда ғана өкімет билігін алуға болады.

Істің мәні мынада: мемлекеттік өкіметтің осы жаңа иелерін халықтың революцияшыл бұқарасы ғана жеңе алады; бұқараға пролетариаттың басшылық етуі ғана емес, сонымен қатар революция ісін сатып кеткен эсерлер мен меньшевиктер партияларынан сол бұқараның

сырт айналуы да бұқара қозғалысының шарты болып табылады.

Кімде-кім саясатқа мещандық моральды енгізсе, ол былайша пайымдайды: пролетариат пен революциялық полктерді қарусыздандырып жатқан Кавеньяктарды қолдап, эсерлер мен меньшевиктер «қате» істеген екен делік; бірақ олардың қатесін «түзетуіне» мүмкіндік беру керек, олардың «қатесін» түзетуін «қиындатпау» керек; ұсақ буржуазияның жұмысшылар жағына қарай ойысуын оңайлату керек. Мұндай пайымдау жұмысшыларды жаңадан алдаушылық демеген күннің өзінде балалық аңғалдық немесе тек қана ақымақтық болар еді. Өйткені ұсақ буржуазиялық бұқараның жұмысшылар жағына ойысуы бұл бұқараның эсерлер мен меньшевиктерден сырт айналуында ғана, нақ осында ғана болар еді. Эсерлер мен меньшевиктер партияларының «қателерін» түзетуі қазір бұл партиялардың Церетели мен Черновты, Дан мен Ракитниковты жендеттердің көмекшілері деп жариялауында ғана болар еді. Біз «қатені түзету» осындай болғанда оны толық және сөзсіз жақтаймыз...

Революция туралы түбегейлі мәселе — өкімет туралы мәселе, дедік біз. Бұған мынаны қоса айту керек: нақ революциялар бізге нағыз өкіметтің *қайда* екені туралы мәселені көмескілеушілікті қадам басқан сайын көрсетіп отыр, бізге формальды өкімет пен нақтылы өкіметтің арасындағы алшақтықты көрсетіп отыр. Қандай революциялық дәуірдің болса да басты ерекшеліктерінің бірі нақ осында. 1917 жылғы март пен апрельде нақтылы өкіметтің үкімет қолында екені немесе Советтің қолында екені белгісіз еді.

Ал қазір революцияның түбегейлі мәселесіне: қазіргі кезеңде мемлекеттік өкімет кімнің қолында екендігіне саналы жұмысшылардың байсалдылықпен қарауы ерекше маңызды. Мемлекеттік өкіметтің материалдық көрінісі қандай екенін ойлап көріңіздер, бос сөзді іс екен деп түсініп қалмаңыздар, сонда сіздер жауап табуға қиналмайсыздар.

Мемлекет дегеніміз ең алдымен түрмелер сияқты материалдық бөлек-салағы бар қаруланған адамдардың

отрядтары — деп жазды Фридрих Энгельс[15]. Қазір бұл — Питерге арнайы әкелінген юнкерлер, реакцияшыл казактар; бұл Каменевті және басқаларды түрмеде ұстап отырғандар; «Правда» газетін жапқандар; жұмысшыларды және солдаттардың бір бөлегін қарусыздандырғандар; солдаттардың сондай белгілі бір бөлегін атып жатқандар; армияда әскерлердің сондай белгілі бір бөлегін атып жатқандар. Міне, бұл жендеттер, осылар — нақтылы өкімет. Церетелилер мен Черновтар — билігі жоқ министрлер, қуыршақ-министрлер, жендеттерді қолдап отырған партиялардың көсемдері. Бұл — факт. Ал Церетелидің де, Черновтың да өздерінің, сірә, жендеттерді «мақұлдамайтындығынан», олардың газеттері жендеттерден жасқана бұлтаратындығынан бұл факт өзгермейді: саяси киімнің бұлайша өзгеруі істің мәнін өзгертпейді.

Петроградтың 150 000 сайлаушысының органын жауып тастау, баспаханадан «Листок Правды»[16] алып шыққаны үшін жұмысшы Воиновты юнкерлердің өлтіруі (6 июльде)— мұның өзі жендеттік емес пе? мұның өзі Кавеньяктардың ісі емес пе? Бұған үкімет те, Советтер де «кінәлы емес»,— дер бізге кейбіреулер.

Үкімет үшін және Советтер үшін соғұрлым жаман,— деп жауап береміз біз,— өйткені онда олар — нольдер, олар қуыршақтар, нақтылы өкімет билігі оларда емес деген сөз.

Халық ең алдымен және бәрінен бұрын *шындықты* білуге тиіс — мемлекеттік өкіметтің іс жүзінде кімнің қолында екенін білуге тиіс. Халыққа бүкіл шындықты айту керек: өкімет билігі Кавеньяктардың соғыс құмар тобының (Керенскийдің, қайдағы бір генералдардың, офицерлердің және т. б.) қолында, оларды барлық қаражүздік газеттер арқылы, «Новое Время», «Живое Слово» және басқалары, тағы сондайлар арқылы әрекет ететін барлық монархистермен бірге конституцияшыл-демократтар партиясы бастаған буржуазия, тап ретінде, қолдап отыр.

Бұл өкіметті құлату керек. Мұнсыз контрреволюцияға қарсы күрес туралы сөздің бәрі—құр бос сөз, «өзін өзі алдау және халықты алдау».

Бұл өкіметті қазір министрлер Церетелилер мен Черновтар да, олардың партиялары да қолдап отыр: олардың жендеттік ролін және бұл партиялардың 21 апрельдегі, 5 майдағы[17], 9 июньдегі[18] , 4 июльдегі «қателерінен» кейін, олардың шабуыл саясатын,— июль айында Кавеньяктардың жеңіске жетуінің онпан тоғызын алдын ала шешкен саясатты мақұлдағаннан кейін ол партиялардың әлгіндей «финалға» жетпей қоймайтынын халыққа түсіндіру керек.

Халық ішінде жүргізілетін бүкіл үгітті қайта құру керек, құрғанда нақ қазіргі революцияның және әсіресе июль күндерінің нақтылы тәжірибесін ескеретіндей етіп, яғни ол халықтың нағыз жауын, соғыс құмар топты, кадеттер мен қаражүздіктерді айқын көрсететіндей етіп, жендеттердің көмекшілері ролін атқарып келген және атқарып отырған ұсақ буржуазиялық партияларды, эсерлер мен меньшевиктер партияларын, айқын әшкерелеп отыратындай етіп қайта құру керек.

Халық ішінде жүргізілетін бүкіл үгітті қайта құру керек, құрғанда соғыс құмар топтың өкіметі құлатылмай тұрғанда, эсерлер мен меньшевиктер партиялары әшкереленіп, халық сенімінен айрылмай тұрғанда шаруалардың жер алуынан мүлдем үміт күтуге болмайтынын айқындайтындай етіп қайта құру керек. Капиталистік дамудың «қалыпты» жағдайында бұл өте ұзақ және өте қиын процесс болар еді, бірақ соғыс та, экономикалық күйзеліс те істі аса зор көлемде тездетеді. Бұлар айды және тіпті аптаны бір жылға бара-бар ете алатын «тездеткіштер».

Жоғарыда айтылғандарға екі қарсылықтың болуы ықтимал: біріншіден, қазір шешуші күрес туралы айту бытыраңқы бас көтерулерге дем беру деген сөз, ал ол бас көтерулер нақ контрреволюцияға ғана көмектесе алар еді; екіншіден, контрреволюцияны құлату қалай дегенмен де өкіметтің Советтер қолына көшуі деген сөз.

Бірінші қарсылыққа жауап бергенде біз былай дейміз: Россияның жұмысшылары өздеріне көрінеу тиімсіз кезеңде арандатуға берілмеу үшін қазірдің өзінде-ақ жеткілікті дәрежеде саналы. Қазір олардың бас

көтеруі және қарсыласуы контрреволюцияға көмектескендік болар еді, бұл даусыз. Шешуші күрес бұқараның қалың ортасында революция жаңадан өрлеген жағдайда ғана мүмкін болады, бұл да даусыз. Бірақ жалпы алғанда революцияның өрлеуі туралы, оның өсуі туралы, батыстағы жұмысшылардың жәрдемі және т. б. туралы айту жеткіліксіз, біздің өткендегімізден белгілі бір қорытынды жасау керек, атап айтқанда біздің сабақтарымызды ескеру керек. Ал мұны ескеру өкіметті басып алған контрреволюцияға қарсы нақ шешуші күреске шығу ұранын алға тартады.

Екінші қарсылық та нақты ақиқаттарды тым жалпылама пайымдаулармен алмастыруға барып саяды. Буржуазиялық контрреволюцияны революцияшыл пролетариаттан басқа ештеңе, ешқандай күш құлата алмайды. 1917 жылғы июльдің тәжірибесінен кейін нақ революцияшыл пролетариат мемлекеттік өкіметті өз қолына дербес алуға тиіс — мұнсыз революцияның жеңуі *мүмкін емес*. Өкімет билігінің пролетариат қолында болуы, оны ең кедей шаруалардың немесе жартылай пролетарлардың қолдауы,— бірден-бір жол міне осы, ал оны атап айтқанда қандай жағдайлардың мейлінше тездете алатынына біз жоғарыда жауап бергенбіз.

Бұл жаңа революцияда Советтер жарыққа шыға алады және жарыққа шығуа тиіс те, бірақ қазіргі Советтер *емес*, буржуазиямен келісімпаздық жасау органдары емес, қайта оған қарсы революциялық күрес органдары жарыққа шығуға тиіс. Біз сол кезде де бүкіл мемлекетті Советтер типінде құруды жақтайтын боламыз, ол солай. Бұл Советтер туралы жалпы мәселе емес, қайта *қазіргі* контрреволюцияға қарсы және *қазіргі* Советтердің сатқындығына қарсы күресу туралы мәселе.

Нақты нәрсені абстракт нәрсемен алмастыру — революциядағы ең басты қателіктердің, ең қауіпті қателіктердің бірі. Қазіргі Советтер олардың ішінде эсерлер мен меньшевиктер партияларының үстем болғандығынан құлады, толық күйреді. Қазіргі сәтте бұл Советтер қасапханаға айдап әкелініп, союға қойылған, сондық-

тан да жамырай маңырап тұрған қойлар секілді. Жеңген және жеңіп келе жатқан контрреволюцияның алдында Советтер *қазір* әлсіз де дәрменсіз. Өкімет билігін Советтерге беру ұраны өкімет билігінің нақ қазіргі Советтерге көшуіне «жай» шақыру деп ұғылуы мүмкін, ал мұны айту, бұған шақыру қазір халықты алдағандық болар еді. Алдаудан қауіпті ештеңе жоқ.

Россияда 27 февральдан 4 июльге дейінгі таптық және партиялық күрестің даму циклы аяқталды. Жаңа цикл басталып отыр, бұған бұрынғы таптар емес, бұрынғы партиялар емес, бұрынғы Советтер емес, қайта күрестің от-жалынында жаңарғандары, шыныққандары, үйретілгендері, күрестің барысында қайта құрылғандары кіреді. Артқа қарамай, алға қарау керек. Бұрынғы категорияларды емес, жаңа, июльден кейінгі, таптық және партиялық категорияларды қолдану керек. Жаңа цикл басталған кезде, эсерлердің және меньшевиктердің буржуазиялық контрреволюциямен келісімпаздығы арқасында жеңген және оны тек революцияшыл пролетариат қана жеңе алатын буржуазиялық контрреволюцияны есепке алу керек. Бұл жаңа циклда, әрине, контрреволюцияны біржолата жеңгенге дейін де, эсерлер мен меньшевиктердің түпкілікті (күрессіз) жеңілуіне дейін де, жаңа революцияның жаңадан өрлеуіне дейін де әлі сан алуан кезеңдер болады. Алайда, бұл туралы ол кезеңдер жеке-жеке айқындала бастаған кезде ғана, тек кейінірек қана айтуға болады...

1917 ж. июльдің ортасында жазылған

1917 ж. РСДРП(б) Кронштадт комитеті жеке кітапша етіп басып шығарған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

КНЯЗЬ Г. Е. ЛЬВОВҚА АЛҒЫС

Уақытша үкіметтің бұрынғы басшысы князь Г. Е. Львовтың Уақытша үкімет жанындағы журналистер комитетінің өкілдерімен қоштасқан әңгімесіндегі мойындауы бағалы болды, оның мұнысына жұмысшылар алғыс айтады.

«Ел ішінде соңғы күндерде болған оқиғалар,—деді Львов,— менің оптимизмімді мейлінше күшейтеді. Менің ойымша, Россия үшін Ленин майданында біздің «терең бұзып өтуіміздің» маңызы біздің оңтүстік-батыс майданда немістердің бұзып өтуінен әлдеқайда артық».

Тап күресіне баға берудегі бұл естілігі үшін князьға жұмысшылар қалайша алғыс айтпасын? Жұмысшылардың алғыс айтатыны былай тұрсын, олар Львовтан үйренетін болады.

Барлық буржуа мен помещиктер, сондай-ақ олардың соңында салпақтап жүрген эсерлер мен меньшевиктер «азамат соғысына» қарсы қандай толассыз сөзуарлықпен және шексіз екіжүзділікпен шешенсіп еді! Князь Львовтың бағалы мойындауына қараңыздаршы, сонда сіздер Россияның ішкі жағдайына оның нақ азамат соғысы тұрғысынан асқан байсалдылықпен баға беретінін көресіздер. Контрреволюцияны бастап отырған буржуазия революцияшыл жұмысшылардың майданын терең бұзып өтті,— князьдің мойындауынан аңғарылатын болымсыз шындық, міне, осыған әкеліп саяды. Екі жау, екі дұшпан жағы, біреуі екіншісінің майда-

нын бұзып өтті — князь Львов Россияның ішкі жағдайын, міне, осыған әкеліп саяды. Ашығын айтқаны үшін князь Львовқа шын жүректен алғыс айтайық! Өйткені ол эсерлер мен меньшевиктер арасындағы елжіреуік мещандардан мың мәрте дұрыс айтып отыр ғой; бұл мещандар революция кезінде шегіне жете шиеленіспей қоймайтын буржуазия мен пролетариат арасындағы тап күресі сол мещандардың қарғапсілеуі мен сиқырлап-дуалауынан жоғала алады деп ойлайды!

Екі жау, екі дұшпан жағы, біреуі екіншісінің майданын бұзып өтті — князь Львовтың тарихының дұрыс философиясы осындай. Оның үшінші жақты, ұсақ буржуазияны, эсерлер мен меньшевиктерді іс жүзінде есептен сырғытып шығарып тастауы дұрыс. Бұл үшінші жақ үлкен болып көрінеді, ал іс жүзінде ол ештеңені дербес шеше алмайды; мұның өзі ұсақ буржуазияның экономикалық жағдайын түсінетін әрбір марксиске айқын екені сияқты,— ақырында, буржуазия мен пролетариаттың арасындағы күрес шиеленіскен жағдайда әрқашан ұсақ буржуазиялық партиялардың дәрменсіздігін көрсеткен революция тарихының сабақтарына ой жіберетін әрбір адамға айқын екені сияқты, байсалды пайымдаушы князьге де айқын нәрсе.

Ішкі тап күресі тіпті соғыс кезінде де сыртқы жауға қарсы күрестен анағұрлым маңызды — осы ақиқатты мойындағаны үшін большевиктерді ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның өкілдері қаншама жерден алып жерге салмады десеңізші! «Бірлік», «революциялық демократия» және басқалары, т. т. туралы көл-көсір уәде берудің толып жатқан әуесқойлары бұл ақиқаттан безуге қаншама рет ант-су ішеді десеңізші!

Ал елеулі, шешуші кезеңге жеткен кезде, князь Львов елдің ішіндегі тап жауын «жеңу» сыртқы жауға қарсы күрес майданындағы жағдайдан маңыздырақ деп ашық айтып, бұл ақиқатты бірден және бүтіндей мойындады. Даусыз ақиқат. Пайдалы ақиқат. Мұны мойындағаны үшін, мұны еске салғаны үшін, мұны жұртқа жайғаны үшін князь Львовқа жұмысшылар

өте-мөте алғыс айтады. Князьға осы алғысын білдіру ретінде жұмысшылар еңбекшілер мен қаналғандардың ең қалың бұқарасы бұл ақиқатты жақсырақ түсініп, ұғынуы үшін партиялық күш-жігер жұмсайды. Жұмысшы табын азат ету жолындағы күресте оған дәл осы ақиқаттай пайдаға асатын ештеңе жоқ.

Князь Львов соншалықты масаттанып отырған азамат соғысы майданындағы «бұзып өтудің» мәнісі неде? Жұмысшылардың Львовтан жақсылап үйреніп алуы үшін бұл сұраққа ерекше мұқият тоқталу керек.

Ішкі соғыс «майданында бұзып өтудің» мәнісі бұл жолы мынада болды: біріншіден, буржуазия өзінің тап жауларына, большевиктерге, пәле мен жаланы аямай-ақ төкті, саяси дұшпандарына жала жабудың осы мейлінше жексұрын, пасық ісінде адам айтқысыз қасарысқандық көрсетті. Бұл, былайша айтқанда, «тап күресі майданында бұзып өтудің» «идеялық әзірлігі» болды.

Екіншіден, істің мәніне қатысы бар материалдық «бұзып өту» саяси дұшпан ағымдардың өкілдерін тұтқындауда, оларды заңнан тыс деп жариялауда, олардың бір бөлегін сотсыз көшеде өлтірушілікте («Правданың» баспаханасынан осы газеттің басылымдарын алып шыққаны үшін 6 июльде Воиновтың өлтірілуі), олардың газеттерін жабуда, жұмысшылар мен революцияшыл солдаттарды қарусыздандыруда болып отыр.

«Тап жауына қарсы соғыс майданын бұзып өту» деген, міне, осы. Мезгілі келген кезде мұны буржуазияға қолдана білу үшін жұмысшылар бұған жақсылап ой жіберетін болсын.

Пролетариат еш уақытта жала жабуға бармайды. Пролетариат буржуазияның газеттерін жабатын болса, капиталистер мен олардың қорғаушыларын халық жаулары деп заңда, үкімет атынан берілетін жарлықта ашық мәлімдейді. «Правдаға» тыйым салынғаны туралы, оның жабылу себептері туралы буржуазия, біздің жауымыз — үкімет арқылы, ұсақ буржуазия, Советтер арқылы, тікелей және ашықтан-ашық тым болмаса бір сөз айтудан да қорқады. Пролетариат жала жабумен әрекет етпейді, ақиқат сөзімен қимыл жасайды. Ол буржуазиялық газеттер туралы, оларды жабу қажеттігі

туралы шаруаларға және бүкіл халыққа шындықты айтып береді.

Ұсақ буржуазияның мылжыңдарынан, эсерлер мен меньшевиктерден өзгеше, пролетариат тап күресі «майданын бұзып өтудің», жауды зиянсыздандырудың, қанаушыларды зиянсыздандырудың мәні іс жүзінде не екенін жете білетін болады. Князь Львов пролетариаттың осы ақиқатты танып білуіне көмектесті. Князь Львовқа алғыс айтайық.

«Пролетарское Дело» № 5, 1 август (19 июль), 1917 ж.

«Пролетарское Дело» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАУАП[19]

I

22 июльдегі газеттерде 3—5 июльдегі оқиғаларды тергеу туралы және опасыздық жасағаны үшін, қарулы көтеріліс ұйымдастырғаны үшін басқа бірқатар большевиктермен бірге мені сотқа тарту туралы «Петроград сот палатасы прокурорынан» деген хабар басылды.

Үкімет бұл хабарды жариялауға мәжбүр болған, өйткені контрреволюциялық кадет партиясының ежелгі тілектері мен талаптарын орындау үшін жалақор Алексинскийдің қатысуымен көрінеу — әрбір сауатты адам үшін көрінеу — қолдан жасалған осы жиреніштті істің бәрі қазірдің өзінде-ақ мейлінше шу көтеріп отыр.

Бірақ хабарды жариялауы арқылы Церетели мен К⁰ үкіметі өзін барынша масқаралайды, өйткені қолдан жасаудың дөрекілігі қазір көзге ерекше бадырайып көрініп отыр.

Мен сырқаттанып қалған соң Петроградтан 29 июньде бейсенбі күні жүріп кеттім де, 4 июльде сейсенбі күні таңертең ғана оралдым[20]. Бірақ партиямыздың Орталық Комитетінің де, жалпы алғанда біздің партияның да барлық батыл қадамдары мен шаралары үшін толық және сөзсіз жауапкершілікті менің түгелдей өз мойныма алатыным өзінен өзі түсінікті. Кейбір ұсақ-түйектер жөнінде өзімнің білмейтінімді және, ең алдымен, баспасөз бетінде жарық көрген документтерді өзімнің дәлелге алуымды түсіндіру үшін маған өзімнің болмағандығымды көрсете кету қажет болды.

Анығында, нақ осы сияқты документтерді, әсіресе ондай документтер большевиктерге дұшпан баспасөздің бетінде жарық көрген болса, прокурор ең алдымен әбден құнттап жинап, бір жерге топтап, талдап тексеруге тиіс еді. Бірақ «социалистік» министр Церетелидің саясатын жүргізуші «республикалық» прокурор өзінің нақ осы, ең негізгі міндетін орындағысы келмеді!

Министрліктің «Дело Народа»[21] газетінде, 4 июльден кейін көп ұзамай-ақ, большевиктердің 2 июльде гренадер полкінде бой көрсетуге *қарсы* шыққандығы, бой көрсетуге *қарсы* үгіт жүргізгені факт ретінде мойындалған болатын.

Прокурордың бұл документ жөнінде ештеңе айтпауға правосы бар ма еді? Оның мұндай куәның жауабын есепке алмауға дәлелі бар ма еді?

Ал бұл жауап бірінші дәрежелі маңызы бар мына фактіні: қозғалыстың стихиялы түрде өріс алғанын және большевиктердің бой көрсетуді тездетуге ұмтылмай, қайта кідірте тұруға ұмтылғанын анықтап береді.

Онан соң. Сол газеттің өзі онан да гөрі маңызды документті, атап айтқанда партиямыздың Орталық Комитеті қол қойған, 3 июль күні түнде жазылған үндеу хаттың текстін басып шығарды. Бұл үндеу хат қозғалысты тоқтатуға немесе, дәлірек айтқанда, тәртіпке келтіруге біздің күш салғанымызға қарамастан, қозғалыс арнасынан асқаннан *кейінгі* жерде,— бой көрсетудің өзі фактіге айналғаннан кейінгі жерде жазылып, теруге берілген болатын.

Церетели прокурорының бүкіл шектен асқан азғындығы мен арамзалығы, бүкіл опасыздығы бой көрсетудің нақ қай кезде, қай күні және қай сағатта, большевиктердің үндеу хатынан бұрын немесе онан кейін *басталғандығы* туралы мәселеге оның нақ *соқпай* өтуінен көрініп отыр.

Ал бұл үндеу хаттың текстінде қозғалысқа *бейбіт* және *ұйымдасқан* сипат беру қажеттігі туралы айтылады!

4 июльге қараған түні, яғни шешуші күннің алдындағы түні «бейбіт және ұйымдасқан түрде бой көрсету»

туралы үндеу хат[22] шығарған ұйымды айыптаудан — «қарулы көтеріліс ұйымдастырды» деп айыптаудан асқан күлкілі айыптау болуы мүмкін бе? Енді екінші сұрақ: «социалистік» министр Церетелидің «республикалық» прокурорының, осы үндеу хат жөнінде жұмған аузын ашпай өте шығып отырған прокурордың Дрейфус ісі жөніндегі немесе Бейлис ісі жөніндегі прокурорлардан айырмасы қайсы?

Онан соң. Прокурор мынаны айтпай отыр: 4 июль күні түнде партиямыздың Орталық Комитеті демонстрацияны тоқтату туралы үндеу хат жазып, бұл үндеу хатты «Правдада» басып шығарған еді; «Правданы» дәл сол түні контрреволюциялық әскерлердің отряды талқандаған болатын[23].

Онан соң. Прокурор мынаны айтпай отыр: Троцкий мен Зиновьев 4 июльде Таврический сарайына келген жұмысшылар мен солдаттар алдында сөйлеген *бірқатар* сөздерінде оларды өздерінің ерік-жігерін білдірген соң *тарқауға* шақырды.

Бұл сөздерді жүздеген, мыңдаған адамдар тыңдады. «Бейлис ісін» ойлап шығару арқылы өз елін масқаралатуға жол бергісі келмейтін әрбір адал азамат осы сөздерді естіген адамдардың, партияда бар-жоғына қарамастан, прокурорға жазбаша (көшірмесін өзінде қалдырып) мәлімдеме жасауының, Троцкий мен Зиновьевтің сөздерінде тарқауға шақырған-шақырмағандығы жөнінде мәлімдеме жасауының қамын ойлайтын болсын. Жөн білетін прокурордың өзі халықты осыған шақырар еді. Бірақ Керенскийдің, Ефремовтың, Церетелидің және К°-нің министрлігінде жөн білетін прокурорлар бар деп ойлауға болар ма? Сондықтан өз елінде «Бейлис ісінің» мүмкін болмауын орыс азаматтарының өздері ойластыратын мезгіл жеткен жоқ па?

Айтпақшы. Менің өзім, сырқаттанып қалуыма байланысты, 4 июль күні Кшесинскаяның үйі балконынан бір-ақ рет сөз сөйледім. Прокурор осы сөз жайында айтады, оның мазмұнын баяндамақшы болады, бірақ куәларды атамайтыны былай тұрсын, қайта баспасөзде берілген куәлардың жауаптары туралы тағы да ештеңе

айтпайды! Газеттердің бәрін бірдей қолыма түсіруге менің тіпті де мүмкіндігім болмады, бірақ сонда да болса баспасөзде: 1) большевиктік «Пролетарское Дело» (Кронштадт) және 2) меньшевиктік, министрлік «Рабочая Газетада»[24] келтірілген екі жауапты көрдім. Менің сөйлеген сөзімнің мазмұнын осы документтер арқылы және халыққа жария сұрау салу арқылы неге тексеріп қарамасқа?

Ол сөздің мазмұны мынадай еді: (1) сырқаттануыма байланысты мен бірнеше сөз айтумен шектелемін деп, кешірім сұрау; (2) Питер жұмысшыларының атынан революцияшыл кронштадттықтарға сәлем жолдау; (3) «бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін» деген ұранымыздың жеңіп шығуға тиіс екендігіне және тарих жолының барлық бұраландарына қарамастан жеңіп шығатындығына сенім білдіру; (4) «ұстамдылыққа, табандылыққа және қырағылыққа» шақыру.

Прокурордың соншалықты үстіртін, ұқыпсыз, салдыр-салақ қозғай кеткен — болар-болмас қозғай кеткен — болымсыз, шынымен іс жүзіндегі материалына соқпай кетпеу үшін мен істің осы егжей-тегжейіне тоқталып отырмын.

Бірақ, әрине, басты нәрсе істің осы егжей-тегжейлерінде емес, 4 июльдің жалпы сипатында, жалпы мацызында болып отыр. Прокурор бұл жөнінде тым болмаса ойланып көруге де қабілетсіздігін көрсетті.

Бұл мәселе жөнінде біздің, ең алдымен, баспасөзде жарияланған аса бағалы айғағымыз бар, ол айғақ — большевизмнің нағыз қас жауы, балағаттау мен өшпенділік сөздерін бізге жаңбырша жаудырушы, министрлік «Рабочая Газета» тілшісінің жазғандары. Бұл тілші 4 июльден соң іле-шала өзінің байқағандарын бастырып шығарған. Оның дәлме-дәл анықтаған фактілері мынаған келіп саяды: автордың байқағандары мен басынан кешіргендері бірінен бірі мүлде өзгеше екі жартыға бөлінеді; мұның екінші жартысын автор өзі үшін істің беталысы «оңға басты» деген сөздер арқылы бірінші жарытысына қарсы қояды.

Бастан кешіргендердің бірінші жартысы мынадай: өршеленген тобыр ішінде министрлерді автор қорғап

көреді. Оны жұрт зәбірлейді, оған зорлық жасайды, ақырында, оның өзін ұстайды. Автор соншалықты ызалы дауыстар мен ұрандарды естиді, бұлардың ішінен автордың өте-мөте есінде қалғаны: «Керенскийге өлім келсін» (оның шабуылға шыққаны үшін, «40 000 адамды қырып жібергені», т. т. үшін өлім келсін) деген сөздер еді.

Автордың басынан кешіргендерінің екінші жартысы, өзінің айтуынша, оның ісінің бет алысын «оңға бастырған» жартысы, өршеленген тобырдың оны Кшесинскаяның үйіне «сотқа» алып келген кезінен басталады. Онда авторды дереу босатып жібереді.

Автордың большевиктерді жер-жебіріне жете балағаттауына сылтау болатын фактілер осындай. Саяси дұшпан тарапынан балағат сөздер айтылуы табиғи нәрсе, әсіресе бұл дұшпан меньшевик болып отырғанда, капитал мен империалистік соғыс езген бұқара онымен бірге болмай, оған қарсы болып отырғанын сезетін меньшевик болып отырғанда табиғи нәрсе. Бірақ балағаттау фактілерді өзгертпейді, бұл фактілер большевиктердің ең құтырынған жауының баяндауы бойынша да зығырданы қайнаған бұқараның «Керенскийге өлім келсін» деген ұран тастауға дейін барғанын, ал большевиктер ұйымы қозғалысқа жалпы және тұтас алғанда: «бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін» деген ұран ұсынғанын, большевиктер ұйымы бұқараны зорлық жасаудан бас тартуға шақырып, оның бір өзінің ғана бұқара алдында моральдық беделі болғанын көрсетіп, дәлелдеп отыр.

Фактілер осындай. Буржуазияның ерікті де, еріксіз де малайлары «стихияға жол берді», т. т. және т. с. деп большевиктерді айыптап, бұл фактілер жөнінде айқайшу көтеріп, балағаттай берсін. Революцияшыл пролетариат партиясының өкілдері ретінде біздің айтарымыз мынау: езілген бұқара өзінің қымбатшылыққа, «социалистік» министрлердің әрекетсіздігі мен сатқындығына, империалистік соғысқа және оны соза беруге мың мәрте әділетті және заңды ашу-ызасын білдіріп отырғанда, біздің партия езілген бұқарамен әрқашан бірге болды және әрдайым бірге бола береді. Біздің партия

әділетті түрде ашынған бұқарамен 4 июльде бірге болып, бұқараның қозғалысына, оның қимылына мүмкіндігінше негұрлым бейбіт және ұйымдасқан сипат беруге тырысып, өзінің міндетті борышын өтеді. Өйткені 4 июль күні өкімет билігінің Советтерге бейбіт жолмен көшуі *әлі* мүмкін еді, орыс революциясының ілгері қарай бейбіт жолмен дамуы *әлі* мүмкін еді.

Прокурордың «қарулы көтеріліс ұйымдастырды» деген ертегісінің қаншалықты сорақы екені мынадан көрініп тұр: Петроград көшелеріне шыққан қарулы солдаттар мен матростардың орасан көпшілігінің 4 июль күні біздің партия жағында болғанына ешкім таласпайды. Жүздеген бастық адамдарды орындарынан түсіріп, қамауға алу ісіне, ондаған қазына, үкімет үйлері мен мекемелерін, тағы сондайларды басып алу ісіне кірісуге біздің партияның толық мүмкіндігі болды. Мұндай еш нәрсе істелген жоқ. Контрреволюцияшыл кадеттер таратып жүрген барлық ертегілерді қайталаудан әбден шатасқан адамдар ғана 3 немесе 4 июль күні «қарулы көтеріліс ұйымдастырылыпты»-мыс дегеннің кісі күлерлік сорақы пікір екенін көрмеуі мүмкін.

Егер тергеу тіпті аз да болса тергеуге ұқсас болатын болса, оның қоюға тиісті бірінші сұрағы: атысты кім бастады деген сұрақ болар еді, мұнан кейін екі жақтан оққа ұшқандар мен жараланғандар қанша болды, кісі өлімі, жарақаттану қандай жағдайларда болды деген сұрақ болар еді. Егер тергеу аз да болса тергеуге ұқсас болатын болса (Дандардың, Алексинскийлердің, т. т. органдарындағы осек мақалаға ұқсас болмаса), онда тергеушілердің міндеті осы сұрақтар бойынша куәлардан жұрт алдында жария, ашық жауап алып, жауап алу протоколдарын дереу жариялау болар еді.

Англия еркін ел болған кезде тергеу комиссиялары Англияда әрдайым нақ осылай істеген еді. Кадеттерден қорқу Советтің Атқару комитетінің ар-ожданын әлі біржолата бүркей қоймаған алғашқы кезде Атқару комитеті өзін нақ осылай немесе осыған жуық істеуге міндетті деп білген еді. Атқару комитеті онда өзінің

тергеу комиссиясының жұмысы туралы күніне екі рет бюллетень шығарып тұруға баспасөз жүзінде уәде бергені жұртқа мәлім. Атқару комитеті (ягни эсерлер мен меньшевиктер) өздері *орындамаған* бұл уәдені беріп, халықты алдап кеткені де жұртқа мәлім. Бірақ бұл уәденің тексті жауларымыздың мойындауы ретінде, аз да болса адал тергеуші атаулының не істеуге тиісті екенін мойындауы ретінде тарих алдында қалды.

Қалай болғанда да мынаны атап көрсету гибрат аларлық нәрсе: 4 июль күнгі атыс туралы хабар берген, большевизмді сұмдық жек көретін *буржуазиялық* газеттердің бірі сол күнгі кешкі «Биржевка»[25] болған еді. Міне, дәл осы газеттің хабарынан көрініп отырған нәрсе,— атысты бастаған демонстрацияшылар *емес*, қайта бірінші болып демонстрацияшыларға *қарсы* оқ атылған!! Әлбетте, «социалистік» министрліктің «республикалық» прокуроры «Биржевканың» осы куәлігін жасыруды жөн көрді!! Ал оның бер жағында большевизмге сөзсіз дұшпан «Биржевканың» бұл куәлігі оқиғаның жалпы көрінісін біздің партия қандай болды деп отырса, соған әбден сәйкес келеді. Егер бұл оқиға қарулы көтеріліс болған болса, онда, әрине, көтерілісшілер манифестация жасаушыларға қарсыларға оқ атпай, қайта белгілі бір казармаларды, белгілі бір үйлерді қоршап алған болар еді, белгілі бір әскер бөлімдерін қырып салған болар еді, т. с. Мұның керісінше, егер оқиға үкіметті жақтаушылардың қарсы демонстрациясымен қатар үкіметке қарсы жасалған демонстрация болған болса, онда ішінара орасан көп демонстрацияшыларға өшіккендіктен, ішінара арандату мақсатын көздеп, бірінші болып контрреволюционерлердің оқ атқандығы әбден табиғи нәрсе, сол сияқты демонстрацияшылардың оқ атуға қарсы оқ атумен жауап бергені де табиғи нәрсе.

Оққа ұшқандардың тізімдері, сірә, оншама толық болмағанымен де, дегенмен кейбір газеттерде (ұмытпасам, «Речьте»[26] және «Дело Народада») басылып шықты. Тергеудің тікелей, ең бірінші борышы осы тізімдерді тексеру, толықтыру және ресми басып шығару болса

керек еді. Бұдан жалтару — атысты контрреволюционерлер бастағандығының дәлелін *жасыру* деген сөз.

Шындығында да, басылып шыққан тізімдерді көз жүгіртіп қарап өтудің өзі-ақ басты және өте айқын екі топта, казактар мен матростарда, оққа ұшқандар санының шамамен алғанда бірдей екенін көрсетіп отыр. Егер 4 июль күні Питерге келген және жұмысшылармен, солдаттармен, әсіресе көп пулеметтері бар пулеметшілермен қосылып кеткен қаруланған 10 000 матрос, егер осылар қарулы көтеріліс жасау мақсатын көздеген болса, онда мұндай құбылыстың болуы мүмкін бе еді?

Олай болғанда казактардың жағынан және көтерілістің өзге де дұшпандарының жағынан оққа ұшқандардың саны 10 есе көп болатыны айқын, өйткені 4 июль күні Питер көшелерінде қаруланған адамдардың арасында большевиктердің орасан зор басым болғанына ешкім таласпайды. Бұл жөнінде біздің партия дұшпандарының баспасөзде жарық көрген толып жатқан куәліктері бар, сондықтан аз да болса әділ тергеу, күмән жоқ, осы куәліктердің бәрін жинастырып, жариялаған болар еді.

Егер оққа ұшқандардың саны шамамен алғанда екі жақтан да бірдей болса, онда мұның өзі манифестацияшыларға қарсы оқ атуды нақ контрреволюционерлердің бастағанын, ал манифестацияшылардың бұған тек қана жауап қайтарғанын көрсетеді. Әйтпесе оққа ұшқандар санының тең болып шығуы мүмкін емес.

Ақырында, баспасөзде жарық көрген мәліметтердің ішінен төмендегілері өте-мөте маңызды болып отыр: 4 июль күні казактардың оққа ұшқаны мәлім; онда манифестацияшылар мен оларға қарсылар арасында ашық атыс болды. Халықтың белгілі бір ашынған шағында мұндай атыстар тіпті революция жоқ уақыттарда да бола береді; мәселен, мұндай атыстар роман елдерінде, әсіресе оңтүстікте жиі кездеседі. Ал 4 июльден кейінгі уақытта да большевиктердің оққа ұшқаны мәлім, онда ашынған манифестацияшылар мен оларға қарсылардың ешқандай кездесуі болған *жоқ*, демек, онда қарусыз адамды қарулы адамдардың өлтіруі тұп-

тура жендеттік еді. 6 июль күні Шпалерная көшесінде большевик Воинов осылай өлтірілді.

Тіпті екі жақтан оққа ұшқандардың саны туралы, кісі өлімі болған әрбір реттің уақыты мен жағдайы туралы баспасөзде шыққан материалдың өзін де толық жинамай отырған тергеу қандай тергеу? Бұл — тергеу емес, қорлау.

«Тергеудің» сипаты осындай болып отырғанда одан 4 июльге тым болмаса тарихи баға беруге әрекет жасалар деп те күтуге болмайды. Ал саясатқа жете ойланып қарағысы келетін адамның қай-қайсысы үшін де мұндай баға беру қажетті нәрсе.

Кімде-кім 3 және 4 июльге тарихи баға беруге тырысатын болса, ол адам бұл қозғалыстың 20 және 21 апрельдегі қозғалыспен толық бір тектес екенін көрмей тұра алмайды.

Мұның екеуінде де бұқараның ашу-ызасы стихиялы түрде бұрқ ете қалды.

Мұның екеуінде де қаруланған бұқара көшеге шықты.

Мұның екеуінде де манифестацияшылар мен оларға қарсылардың арасында атыс болды, мұнда екі жақтан да белгілі (шамамен алғанда тең) мөлшерде қаза тапқандар болды.

Мұның екеуінде де революцияшыл бұқара мен контрреволюцияшыл элементтердің, буржуазияның, арасындағы күрес барынша шиеленісті, мұнда орта, аралық, ымырашылдыққа бейім элементтер қимыл алаңынан уақытша аласталды.

Мұның екеуінде де үкіметке қарсы ерекше түрдегі (бұл ерекшеліктер жоғарыда көрсетілді) манифестация өкіметтің терең және ұзаққа созылған дағдарысына байланысты болды.

Екі қозғалыстың арасындағы айырмашылық — екіншісінің біріншісінен әлдеқайда шиеленіскендігінде және 20—21 апрельде бейтарап болған эсерлер мен меньшевиктер партияларының содан бері қарай өздерінің контрреволюцияшыл кадеттерге тәуелділігіне (коалициялық министрлік арқылы және шабуылға шығу саясаты арқылы) шатасып, сондықтан 3 және 4 июль-

де контрреволюцияның жағында болып шыққандығында.

Сондай-ақ контрреволюцияшыл кадеттер партиясы 20—21 апрельден кейін де: «Нева проспектісінде лениншілдер оқ атты» деп айқайлап, арсыздықпен өтірік айтты және де тергеу жүргізілсін деп кісі күлерлік талап қойды. Кадеттер мен олардың достары ол кезде үкіметте көпшілік еді, демек, сол себептен де тергеу бүтіндей солардың қолында болатын. Тергеуді бастады, бірақ ештеңе де жарияламай, оны жайына тастады.

Неге өйтті? Тегі, фактілер кадеттердің тілегенін ешбір дәлелдемеген болу керек. Басқаша айтқанда: 20—21 апрель туралы тергеуді «жауып қойды», өйткені фактілер ең алдымен оқ атқан контрреволюционерлер, кадеттер және олардың достары екендігін дәлелдеді. Бұл анық.

Сірә, 3—4 июльде де дәл солай болса керек, сондықтан да Церетели мен K^0-ні сүйсіндіру үшін аз да болса таза тергеудің барлық ережелерін қорлап отырған прокурор мырзаның қолдан жасаған ісі сондайлық өрескел, сондайлық дөрекі болып отыр.

3 және 4 июльдегі қозғалыс манифестация жасау арқылы Советтерді өкімет билігін алуға итермелеудің соңғы әрекеті еді. Осы кезден бастап Советтер, яғни олардағы үстем болып отырған эсерлер мен меньшевиктер, Питерге контрреволюцияшыл әскерлерді шақырып, революцияшыл полктер мен жұмысшыларды қарусыздандырып және таратып, большевиктерге қарсы озбырлық пен зорлық жасауды, майданда өлім жазасын енгізуді, т. т. мақұлдап, соған төзіп, іс жүзінде өкімет билігін контрреволюцияға берді.

Ендігі жерде әскери, ал олай болса, мемлекеттік өкімет билігі де іс жүзінде контрреволюцияның қолына көшті; ал кадеттер — эсерлер мен меньшевиктер қолдап отырған осы контрреволюцияның өкілдері. Ендігі жерде Россияда революцияның бейбіт дамуы мүмкін болмай қалып отыр, сондықтан тарих мәселені былайша қояды: не контрреволюция толық жеңеді, не жаңа революция болады.

II

Тыңшы болды, Германиямен қарым-қатынаста болды деген айыптау, мұның өзі Бейлис ісінің нағыз өзі, бұған қысқа ғана тоқталып өтуге тура келеді. Бұл арада «тергеу» фактілерді тым дөрекі бұрмалай отырып, белгілі жалақор Алексинскийдің жалаларын жай қайталап қана отыр.

Австрияда 1914 жылы мені және Зиновьевті тұтқынға алған еді деген дұрыс емес. Тұтқынға алынған мен ғана болатынмын.

Мені орыс азаматы ретінде тұтқынға алыпты деген дұрыс емес. Мен тыңшылық жасады деген күдікпен тұтқынға алындым: жергілікті жандарм менің дәптерлерімдегі аграрлық статистиканың диаграммаларын «жоспар» деп түсінген! Сірә, осы австриялық жандарм Алексинскиймен және «Бірлік» тобымен дәл бір деңгейде тұрған болса керек. Мен, сірә, интернационализмнің қудалапуы жағынан дегенмен рекорд жасаған шығармын деймін, өйткені соғысушы екі коалицияның *екеуінде* де мені тыңшы деп қудалады; Австрияда жандарм, Россияда кадеттер, Алексинский мен К[0] қудалады.

Австрияда менің түрмеден босатылуыма Ганецкийдің көмегі тіпті деген дұрыс емес. Австрияның өкімет орындарын ұялтқан Виктор Адлер көмектесті. Поляк елінде орыс революционерінің осындай зұлымдықпен тұтқынға алыну мүмкіндігін ұят көрген поляктар көмектесті.

Мені Парвуспен қарым-қатынас жасап тұрды, лагерьлерге барып тұрды, т. т. деу жиіркенішті өтірік. Мұндай ештеңе болған жоқ, болуы да мүмкін емес еді. Парвустың «Қоңырау»[27] деген журналының алғашқы номерлері шыққан соң-ақ біздің «Социал-Демократ» газетінде Парвус — ренегат, неміс Плехановы деп аталынған-ды*. Плеханов Россия жағындағы қандай социал-шовинист болса, Парвус та Германия жағындағы дәл сондай социал-шовинист. Революцияшыл интер-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 89—91-беттер. *Ред.*

националистер болғандықтан біздердің немістің де, орыстың да, украинның да социал-шовинистеріне («Украинаны азат ету одағы»[28]) ешқандай қатысымыз болған жоқ және болуы да мүмкін емес.

Штейнберг —Стокгольмдегі эмиграиттық комитеттің мүшесі. Мен оны бірінші рет Стокгольмде көрдім. Штейнберг 20 апрель шамасында немесе одан кейінірек Питерге келді және, ұмытпасам, эмиграиттық қоғамға ақшалай көмек алу жөнінде ізденіп жүрген-ді. Тексергісі келсе, прокурордың мұны тексере алуы оп-оңай еді.

Прокурор Парвус Ганецкиймен байланысты, ал Ганецкий Ленинмен байланысты дегенді бетке ұстайды! Бірақ мұның өзі нағыз алаяқтық тәсіл, өйткені Ганецкий мен Парвус ақшалы іспен байланысты екенін, ал біздің Ганецкиймен байланысты ешқандай ісіміз жоқ екенін жұрттың бәрі біледі.

Ганецкий саудагер болғандықтан Парвуста қызмет етті немесе бірге сауда жасады. Бірақ өздерін баспасөзде атап берген бірқатар орыс эмигранттары Парвустың кәсіпорындары мен мекемелерінде қызмет еткен.

Прокурор коммерциялық хат-хабар алысу тыңшылық сипаты бар байланыстарды бүркей алатын еді дегенді бетке ұстайды. Бір қызығы, коммерциялық хат-хабар алысқаны үшін деген осы керемет дәлел бойынша кадеттер, меньшевиктер мен эсерлер партияларының қанша мүшесін айыптауға тура келер еді!

Ал егер прокурордың қолында Ганецкийдің Суменсонға жіберген бірқатар телеграммалары бар болса (бұл телеграммалар басылып та шықты), егер Суменсонның қай банкте қанша және қай кезде ақшасы болғанын прокурор білетін болса (ал прокурор осыған ұқсас бір-екі цифрды басып шығарып отыр), онда прокурор тергеуге 2—3 контор қызметшісін немесе сауда қызметшісін неге қатыстырмайды? Бұлар оған барлық сауда кітаптары мен банктердің кітаптарынан 2 күннің ішінде *толық* көшірме жасап бермес пе еді?

Осы «Бейлис ісінің» сипаты прокурордың келтірген үзік-үзік цифрларынан басқа нәрседен бұдан артық

айқын көріне қояр ма екен: Суменсон жарты жыл ішінде өзінің ағымдағы счетынан 750 000 сом ақша алған, оның қалған ақшасы 180 000 сом!! Егер цифр басып шығартады екенсің, онда неге толық бастырып шығармасқа: «жарты жыл ішінде» Суменсон дәл қай кезде, дәл кімнен ақша алды және кімге ақша төледі? Дәл қай кезде және дәл қандай товар алынды екен?

Осындай толық цифр жинап алудан оңай нәрсе бар ма? Мұны 2—3 күнде істеуге болады және істелуі керек те! Мұның өзі Ганецкий мен Суменсонның коммерциялық істерін бастан-аяқ түгел ашып берген болар еді! Мұның өзі прокурордың қолданып отырған арам ойлы тұспалдарына орын қалдырмас еді!

Церетели мен K^0 министрлігі чиновниктерінің «мемлекеттік» үлгімен көшіріп алған Алексинскийдің ең жексұрын, ең жиіркеніштi жаласы осындай — эсерлер мен меньшевиктер, міне, осыншалықты азғындап отыр!

III

Церетели, Керенский және K^0 министрлігінің большевиктерге қарсы көтерген «сот ісін» нағыз шынайы сот ісі деп түсіну, әрине, мүлде аңғалдық болар еді. Мұның өзі мүлде кешіргісіз конституциялық жалған үміт болар еді.

Эсерлер мен меньшевиктер 6 майда контрреволюцияшыл кадеттермен коалицияға еніп және шабуылға шығу, яғни империалистік соғысты қайта бастап, соза беру саясатын қабылдап, лажсыздан кадеттердің жетегінде кетті.

Жетектегі адамдар болғандықтан, олар кадеттердің ең жексұрын істеріне, олардың ең пасық жалақорлық арандатуларына қатысуға мәжбүр болып отыр.

Черновтың «ісі»[29] ең артта қалғандардың да сауатын тез аша бастады, яғни біздің осы көзқарасымыздың дұрыстығын растай бастады. Ал Черновтан кейін «Речь» енді «екіжүзді», «циммервальдист» деп Церетелиге де жала жауып отыр.

Енді су қараңғы соқырлар да көреді, тасқа да тіл бітеді.

Контрреволюция топтасып жатыр. Оның негізі—кадеттер. Штаб пен әскери бастықтар, Керенский солардың қолында, қаражүздік газеттер оларға қызмет етуге дайын — буржуазиялық контрреволюцияның одақтастары міне осылар.

Саяси дұшпандарға жиіркенішті жала жабу контрреволюцияның қайда екенін пролетариаттың тезірек түсінуіне,— және бостандық, бейбітшілік үшін, ашыққандарға нан, шаруаларға жер беру үшін бұл контрреволюцияны *жоюға* көмектеседі.

1917 ж. 22 және 26 июль (4 және 8 август) аралығында жазылған

1917 ж. 26 және 27 июльде «Рабочий и Солдат» газетінің 3 және 4-номерлерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖАЛҒАН ҮМІТТЕР ТУРАЛЫ[30]

Жұрт қалыпты, праволық, реттелген, заңға негізделген, қысқасы: «конституциялық» тәртіпті, ол іс жүзінде жоқ бола тұрса да, бар деп біледі—конституциялық жалған үміттер деп міне осындай саяси қатені айтады. Тосыннан қарағанда қазіргі Россияда, 1917 жылдың июлінде, әлі ешқандай конституция жазып шығарылмаған кезде, конституциялық жалған үміттердің тууы туралы сөз де болмауы керек сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл — үлкен қате. Шындығында Россиядағы бүкіл қазіргі саяси жағдайдың бар түйіні халықтың өте-мөте қалың бұқарасына конституциялық жалған үміттердің сіңіп қалғандығында болып отыр. Мұны түсінбейінше, Россиядағы қазіргі саяси жағдайдан мүлдем еш нәрсе түсінуге болмайды. Конституциялық жалған үміттерді үнемі және аяусыз әшкерелеуді, олардың барлық түп-тамырларын ашуды, дұрыс саяси перспективаны қайта қалпына келтіруді ең негізгі мәселе етіп қоймайынша, қазіргі Россияда тактикалық міндеттерді дұрыс алға қою жөнінде тіпті бір қадам да ілгері басуға болмайды.

Қазіргі конституциялық жалған үміттерге мейлінше тән болып отырған үш пікірді алып, оларды мұқият талдап шығайық.

Бірінші пікір: біздің еліміз Құрылтай жиналысының[31] қарсаңында тұр; сондықтан қазіргі болып жатқан оқиғалардың бәрі де уақытша, өткінші, онша мәнді емес, шешуші емес сипаттағы нәрселер; көп ұзамай

мұның бәрін де Құрылтай жиналысы қайта қарап, біржолата белгілеп береді дейтін пікір. Екінші пікір: белгілі партиялардың,— мәселен, эсерлердің немесе меньшевиктердің немесе олардың одағының — халық ішінде немесе Советтер сияқты «аса ықпалды» мекемелерде көпшілік болып отырғаны айқын және күмәнсыз; сондықтан бұл партиялардың, бұл мекемелердің еркін, сондай-ақ жалпы алғанда халық көпшілігінің еркін де республикалық, демократиялық, революциялық Россияда елемеуге немесе оның үстіне мұны бұзуға да болмайды дейтін пікір. Үшінші пікір: *белгілі шараны,* мәселен, «Правда» газетін жабуды, Уақытша үкімет те, Советтер де заң жолымен бекітпеген; сондықтан ол шара әншейін нәрсе ғана болып, кездейсоқ құбылыс қана болып табылады, ол ешбір ретте шешуші нәрсе деп қаралмауы керек дейтін пікір.

Бұл пікірлердің әрқайсысын жеке-жеке талдауға кірісейік.

I

Құрылтай жиналысын шақыруға Уақытша үкіметтің бірінші құрамы-ақ уәде берген болатын. Уақытша үкімет Құрылтай жиналысына елдің қолын жеткізуді өзінің басты міндеті деп таныды. Уақытша үкіметтің екінші құрамы Құрылтай жиналысының шақырылу мерзімін 30 сентябрьге тағайындады. Уақытша үкіметтің 3-ші құрамы, 4 июльден кейін, әлгі мерзімді салтанатты түрде растап берді.

Ал солай бола тұрса да, бұл мерзімде Құрылтай жиналысының шақырылмайтындығын жүз мүмкіншіліктің 99-ы қостайды. Ол осы мерзімде шақырылған күнде де, Россияда екінші революция жеңбейінше, оның бірінші Дума[32] сияқты сондалық дәрменсіз және түкке тұрғысыз болатындығын жүз мүмкіншіліктің 99-ы тағы да қостайды. Бұған көз жеткізу үшін сылдыр сөздердің, уәделердің, күнделікті ұсақ-түйек мәселелердің миды ашытатын айқай-шуынан бір сәт болса да назарды басқа жаққа аударып, негізгі нәрсеге, қоғамдық өмірдегі барлығын шешетін нәрсеге: тап күресіне көз салудың өзі-ақ жеткілікті.

Россияда буржуазия помещиктермен мейлінше тығыз қосылып кетті, бұл айқын. Кадеттер партиясының және олардан оңшылырақ партиялардың бүкіл баспасөзі, бүкіл сайлауы, бүкіл саясаты, «мүдделі» адамдардың «съездерінде» сөйленген барлық сөздер де мұны дәлелдеп отыр. Эсерлер мен «солшыл» меньшевиктердің ішіндегі ұсақ буржуазияшыл мылжыңдардың түсінбей жүрген нәрсесін, атап айтқанда орасан зор экономикалық революция жасамай тұрып, банктерді жалпы халықтық бақылауға алмай тұрып, синдикаттарды национализацияламай тұрып, капиталға қарсы бірқатар ең аяусыз революциялық шараларды қолданбай тұрып, Россияда жерге жеке меншікті жоюға *болмайтынын*, оның үстіне төлемсіз жоюға болмайтынын буржуазия өте жақсы түсінеді. Буржуазия мұны өте жақсы түсінеді. Ал мұнымен қатар Россиядағы шаруалардың орасан басым көпшілігінің қазір помещиктік жерлерді конфискелеуді жақтайтыны былай тұрсын, олардың Черновтан едәуір солшылырақ болып шығатынын да буржуазия білмей, көрмей, сезбей отыра алмайды. Өйткені шаруалардың түрлі талаптарын созбұйдаға салу және күзеу мәселелерінде Черновтың тым болмаса 6 майдан 2 июльге дейін буржуазияга ішінара қаншама кеңшілік жасағандығын да, шаруалар съезінде[33] және шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық Советінің Атқару комитетінде шаруаларды «тыныштандыру» және талаптарыңды орындаймыз деп күнде ертеңге салып оларды алдау *оңшыл* эсерлерге (Чернов эсерлерде «центр» деп саналады ғой!) қандайлық қиын соққандығын да буржуазия бізден артық біледі.

Буржуазияның ұсақ буржуазиядан айырмасы сол, буржуазия өзінің экономикалық және саяси тәжірибесінен капиталистік құрылыс тұсында «тәртіпті» (яғни бұқараны құл етуді) сақтау жағдайларын ұғып алды. Буржуа — істің адамдары, ірі сауда есебінің адамдары, саясат мәселелеріне де іс тұрғысынан қарауға, сөзге сенбеуге дағдыланған адамдар, мәселенің тоқ етерін айта білетін адамдар.

Қазіргі Россиядағы Құрылтай жиналысы эсерлерден гөрі анағұрлым солшыл шаруаларға көпшілік әпереді. Мұны буржуазия біледі. Мұны біле тұра, ол Құрылтай жиналысының тез арада шақырылуына қарсы барынша батыл күреспей отыра алмайды. Империалистік соғысты II Николай жасаған құпия шарттар рухында жүргізу, помещиктердің жер иелігін немесе төлем төлеуді қорғау,— мұның бәрі Құрылтай жиналысы *тұсында* мүмкін емес немесе адам айтқысыз қиын іс. Соғыс күтпейді. Тап күресі күтпейді. Тіпті 28 февральдан 21 апрельге дейінгі қысқа мерзімнің өзі-ақ мұны айқын көрсетті.

Революцияның басынан бастап-ақ Құрылтай жиналысына екі түрлі көзқарастың бар екені байқалды. Конституциялық жалған үміттер әбден бойын билеп алған эсерлер мен меньшевиктер іске тап күресін білгісі келмейтін ұсақ буржуаның сенгіштігімен қарады: Құрылтай жиналысы жарияланған екен, Құрылтай жиналысы болады, одан басқаны білмейміз! Ал бұдан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны! Ал большевиктер былай деді: Советтердің күші мен билігінің нығаюына қарай ғана Құрылтай жиналысының шақырылуы және оның табысты болуы мүмкін. Меньшевиктер мен эсерлерде негізгі салмақ юридикалық актіге: Құрылтай жиналысының шақырылуын жариялауға, уәде етуге, декларациялауға аударылды. Большевиктерде негізгі салмақ тап күресіне аударылды: егер Советтер жеңсе, Құрылтай жиналысы шақырылады, егер жеңбесе, ол шақырылмайды.

Солай болды да шықты. Буржуазия Құрылтай жиналысының шақырылуына қарсы ылғи біресе жасырын, біресе ашық, бірақ үздіксіз, толассыз күрес жүргізіп келді. Бұл күрес Құрылтай жиналысының шақырылуын соғыс біткенге дейін соза тұруға тырысу түрінде болды. Бұл күрес Құрылтай жиналысын шақыру мерзімін тағайындауды бірнеше рет кейінге қалдыра беру түрінде болды. Ақырында, 18 июньнен кейін, коалициялық министрлік құрылғасын бір айдан аса уақыт өткен соң, Құрылтай жиналысын шақыру мерзімі белгіленген кезде, Москваның буржуазиялық газеті мұны

большевиктер үгітінің ықпалымен істелді деп мәлімдеді. «Правдада» осы газеттен дәл цитат келтірілді.

4 июльден кейін, эсерлер мен меньшевиктердің жарамсақтығы мен қорқып қалғандығы контрреволюцияны «жеңіске» жеткізген кезде, «Речьте» Құрылтай жиналысының шақырылуы «тез арада мүмкін емес» деген қысқа болса да өте тамаша сөздер басылып шықты!! Ал 16 июльде «Воля Народа»[34] мен «Русская Воляда»[35] кадеттер Құрылтай жиналысын мұндай «қысқа» мерзімде шақыру «мүмкін еместігін» сылтауратып, оның шақырылу уақытын кейінге қалдыруды талап етеді деген заметка шықты, ал контрреволюция алдында құрдай жорғалайтын меньшевик Церетели, осы заметкаға қарағанда, Құрылтай жиналысын шақыруды 20 ноябрьге дейін кейінге қалдыруға келісіп қойған көрінеді!

Мұндай заметка буржуазияның ықтиярынан тыс шығуы мүмкін екені күмәнсыз. Буржуазияға мұндай «әшкерелеу» тиімсіз. Бірақ қап түбінде біз жатпас. 4 июльден кейін құтырынып алған контрреволюция сандырақтап шынын айтуға айналған. Контрреволюциялық буржуазия 4 июльден кейін өкімет билігін басып алысымен-ақ Құрылтай жиналысының шақырылуына *қарсы* дереу әрекет (және өте елеулі әрекет) жасады.

Бұл факт. Міне, бұл факт конституциялық жалған үміттердің бүкіл мағынасыздығын ашып беріп отыр. Россияда жаңа революция болмайынша, контрреволюциялық буржуазияның (алдымен кадеттердің) өкіметін құлатпайынша, эсерлер мен меньшевиктер партияларына, буржуазиямен келісімпаз партияларға сенуден халық бас тартпайынша, Құрылтай жиналысы не мүлде шақырылмақшы емес, не ол «франкфурттық қысыр сөздің ордасы»[36] болмақшы, соғыстан және буржуазия «өкіметке бойкот» жасайды дегеннен өлердей қорыққан, әрі буржуазиясыз-ақ басқарамыз деп әуре-сарсаң болып, әрі буржуазиясыз күніміз қараң болады деп қорқып, бейшаралық түрде аласұрған ұсақ буржуаның дәрменсіз, түкке тұрғысыз жиналысы болмақшы.

Құрылтай жиналысы туралы мәселе буржуазия мен пролетариаттың арасындағы тап күресінің барысы жә-

не оның қорытындысы туралы мәселеге *бағыныш-ты*. Бір ретінде «Рабочая Газетаның» Құрылтай жиналысы конвент болады деп сандырақтап айтып қойғаны еске түседі. Мұның өзі контрреволюциялық буржуазияның біздегі меньшевик малайларының бос, бейшара, жексұрын мақтаншақтығы үлгілерінің бір түрі. «Франкфурттық қысыр сөздің ордасы» немесе біріиші Дума болмай, конвент болу үшін, бұл үшін контрреволюциямен келісімге келмей, оған аяусыз соққы бере білу керек, бұл үшін батыл болу керек, бұл үшін күш болуы керек. Бұл үшін өкімет билігі қазіргі замандағы ең алдыңғы қатарлы, ең батыл, ең революцияшыл таптың қолында болуы керек. Бұл үшін ол тапты қала мен деревня кедейлерінің (жартылай пролетарларының) бүкіл бұқарасы қолдауы керек. Бұл үшін контрреволюциялық буржуазияны, яғни ең алдымен кадеттерді және армияның жоғарғы командирлер тобын аяусыз жазалау керек. Конвенттің нақтылы, таптық, материалдық шарттары осындай. «Рабочая Газетаның» мақтаншақтығының қандай кісі күлерлік екенін, меньшевиктер мен эсерлердің қазіргі Россиядағы Құрылтай жиналысы жөніндегі конституциялық жалған үміттерінің қандай шексіз ақымақтық екенін түсіну үшін бұл шарттарды дәлме-дәл және айқын түрде санап өтудің өзі-ақ жеткілікті.

II

1848 жылғы ұсақ буржуазиялық «социал-демократтарды» түйрей отырып, Маркс олардың «халық» жөніндегі және жалпы алғанда халық көпшілігі жөніндегі жөн-жосықсыз сылдыр сөздерін мейлінше қатты масқаралаған болатын[37]. Екінші пікірді талдаған кезде, «көпшілік» жөніндегі конституциялық жалған үміттерге талдау жасағанда нақ осыны еске түсіру әбден орынды.

Мемлекетте мәселені көпшіліктің шын мәнісінде шешуі үшін, бұл үшін белгілі бір нақтылы жағдайлар болуы керек. Атап айтқанда: істі көпшілік болып шешуге мүмкіндік беретіндей және бұл мүмкіндіктің шындыққа айналуын қамтамасыз ететіндей мемлекет-

тік тәртіп, мемлекеттік өкімет берік орнатылуға тиіс. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, бұл көпшілік өзінің таптық құрамы жағынан, осы көпшіліктің ішіндегі (және одан тысқарғы жерде) белгілі бір таптардың арақатынасы жағынан мемлекеттік істі тату түрде және ойдағыдай етіп атқара *алатын* болуы қажет. Бұл нақтылы екі жағдайдың халық көпшілігі туралы мәселе мен мемлекеттік істердің осы көпшіліктің еркі бойынша жүргізілуі туралы мәселеде шешуші роль атқаратыны әрбір марксиске айқын. Солай бола тұрса да, эсерлер мен меньшевиктердің бүкіл саяси әдебиеті, онан да гөрі бұлардың бүкіл саяси тәртібі олардың осы жағдайларды мүлде түсінбейтінін көрсетеді.

Егер мемлекет ішіндегі саяси өкімет өз мүддесі көпшіліктің мүддесімен сай келетін таптың қолында болса, онда мемлекетті басқару ісі көпшіліктің тілегіне шын сәйкес түрде жүргізілуі мүмкін. Ал егер саяси өкімет өз мүддесі көпшіліктің мүддесіне қайшы келетін таптың қолында болса, онда көпшілік болып басқарудың қандайы болса да осы көпшілікті сөзсіз алдауға немесе басып-жаншуға айналады. Буржуазиялық республиканың қай-қайсысы болсын бізге мұның жүздеген, мыңдаған мысалдарын көрсетіп отыр. Россияда буржуазия экономикалық жағынан да, саяси жағынан да үстемдік етіп отыр. Оның мүддесі, әсіресе империалистік соғыс кезінде, көпшіліктің мүддесіне тіптен барынша қайшы келеді. Сондықтан мәселенің барлық түйіні, оны формальды-юридикалық түрде емес, материалистік, маркстік түрде қойғанда, осы қайшылықты әшкерелеуде, буржуазияның бұқараны алдауына қарсы күресуде болып отыр.

Біздегі эсерлер мен меньшевиктер, мұның керісінше, буржуазияның бұқараны («көпшілікті») алдауының құралы ретіндегі, мұндай алдаудың жүзеге асырушысы және жәрдемшісі ретіндегі өздерінің шын ролін толық дәлелдеді және толық көрсетті. Эсерлер мен меньшевиктердің кейбіреулері қаншалықты шын ниетті болғанымен де, олардың негізгі саяси идеялары мынадай: пролетариат диктатурасынсыз-ақ және социализм жеңбей-ақ империалистік соғыстан құтылып, «аннек-

сиясыз және контрибуциясыз бітімге» жетуге болады-мыс, жердің төлемсіз-ақ халықтың қолына көшуі мүмкін болады-мыс және, нақ сондай шартсыз-ақ, халық мүддесі үшін өндіріске «бақылау» орнатуға болады-мыс,— эсерлер мен меньшевиктердің осы негізгі саяси (және, әрине, экономикалық) идеялары, объективтік жағынан алғанда, нақ ұсақ буржуазиялық өзін өзі алдау немесе, буржуазияның бұқараны («көпшілікті») алдауы болып табылады — ал бұл екеуінің мағынасы бара-бар.

Ұсақ буржуазиялық демократтардың, луиблан дық типтегі социалистердің, эсерлер мен меньшевиктердің, көпшілік туралы мәселе қойысына біздің бірінші және басты «түзетуіміз» мынадай: көпшілік өздігінен формальды ғана нәрсе болып отырғанда, ал материалдық жағынан алғанда, шындығында, бұл көпшілік буржуазияның осы көпшілікті алдауын іс жүзіне асырушы партиялардың көпшілігі болып отырғанда, мұндай «көпшіліктің» құны іс жүзінде не болмақ?

Әрине,—біз бұл арада екінші «түзетуге», жоғарыда көрсетілген негізгі жағдайлардың екіншісіне келеміз— әрине, бұл алдауды оның таптық тамырлары мен таптық мәнін анықтағанда ғана дұрыс түсінуге болады. Бұл жеке адамның алдауы емес, «алаяқтық» емес (дөрекі айтқанда), мұның өзі таптың экономикалық жағдайынан туып отырған алдамшы идея. Ұсақ буржуаның экономикалық жағдайы, оның тұрмыс жағдайларының өзі сондай, ол алданбай тұра алмайды, ол еріксіз және сөзсіз бірece буржуазияға қарай ауытқиды, бірece пролетариатқа қарай ауытқиды. *Экономикалық* жағынан алғанда ұсақ буржуаның дербес «бағыты» болуы мүмкін *емес*.

Ұсақ буржуаның өткендегісі оны буржуазияға қарай тартады, ал болашағы оны пролетариатқа қарай сүйрейді. Оның парасаты пролетариатқа қарай жетелейді, ал соқыр сенімі (Маркстің белгілі сөзімен айтқанда) буржуазияға қарай тартады[38]. Халықтың көпшілігі мемлекетті басқаруда шын көпшілік болуы үшін, көпшіліктің мүдделеріне шын қызмет етуі үшін, оның праволарының шын қорғаушысы болуы үшін,

тағысын тағылар үшін, бұл үшін белгілі бір таптық жағдай керек. Бұл жағдай: ұсақ буржуазия көпшілігін, ең болмағанда шешуші кезең мен шешуші жерде, революцияшыл пролетариатқа қосып алу.

Мұнсыз көпшілік дегеніміз жалған нәрсе болып шығады, ол біраз уақыт бойына жалтырап, жалт-жұлт етіп, дүрілдеп, даңққа бөленіп тұра алады, бірақ дегенмен, оның мүлде күйрейтіні сөзсіз. 1917 жылдың июлінде орыс революциясында болған, эсерлер мен меньшевиктердегі көпшіліктің күйреуі, айта кетелік, нақ осындай күйреу.

Онан соң. Мемлекет ішіндегі істердің «дағдылы» жағдайынан революцияның айырмасының өзі де дәл мынада: мемлекеттік өмірдің даулы мәселелерін тікелей таптардың күресі мен бұқараның қарулы күреске дейін жететін күресі шешеді. Бұқара бостандық алып, қарулапған екен, басқаша болуы мүмкін емес. Бұл негізгі фактіден мынадай қорытынды шығады: революция уақытында «көпшіліктің еркін» айқындау жеткіліксіз болады,— жоқ, шешуші кезеңде шешуші жерде *күштірек болып шығу* керек, *жеңу* керек. Германиядағы орта ғасырдағы «шаруалар соғыстарынан» бастап, барлық революциялық ірі қозғалыстар мен замандар кезінде де, 1848 және 1871 жылдарды қосқанда, 1905 жылды қосқанда, біз неғұрлым ұйымдасқан, неғұрлым саналы, жақсы қарулапған азшылықтың өз дегенін көпшілікке күшпен істеткендігінің, көпшілікті жеңгендігінің сансыз көп мысалдарын көреміз.

Фр. Энгельс Германиядағы XVI ғасырдағы шаруалар көтерілісі мен 1848 жылғы революцияны белгілі бір дәрежеде біріктіретін тәжірибенің сабағын, атап айтқанда: ұсақ буржуазиялық тіршілік жағдайына байланысты езілген бұқара қимылдарының бытыраңқы болғанын, оның бір орталықтан басқарылмағанын айрықша баса көрсетті[39]. Сөйтіп, іске осы жағынан қарағанда, біз дәл сол қорытындыға келеміз: ұсақ буржуазиялық бұқараның жай көпшілігі әлі еш нәрсені шешпейді және шеше де алмайды, өйткені қимылдардың ұйымшылдығын, саяси саналылығын, олардың бір орталықтан басқарылуын (бұл жеңу үшін қажет), мұның бә-

рін миллиондаған бытыраңқы селолық ұсақ қожайындарға не буржуазия тарапынан, не пролетариат тарапынан болатын басшылық *қана* қамтамасыз ете алады.

Қоғамдық өмір мәселелерін, сайып келгенде, тап күресі шешеді, шешкенде өте қатты, өте өткір формадағы күрес, атап айтқанда азамат соғысы формасындағы күрес шешеді, бұл жұртқа мәлім. Ал соғыс атаулының бәріндегі сияқты, бұл соғыста да істің тағдырын экономика шешеді,— бұл фақті де жұртқа мәлім және принципінде ешкім таласа алмайтын факт. Өте бір ерекше және елеулі нәрсе сол, эсерлер де, меньшевиктер де мұны «принципінде» теріске шығармай және қазіргі Россияның капиталистік сипатын өте жақсы біле тұрып, шындықтың бетіне байсалды қарауға олардың батылы бармайды. Олар шындықты мойындаудан қорқады, атап айтқанда: капиталистік елдердің бәрінің де, соның ішінде Россияның да, негізінен алғанда түбегейлі, басты үш күшке: буржуазияға, ұсақ буржуазияға, пролетариатқа бөлінетінін мойындаудан қорқады. Бірінші күш пен үшінші күш туралы жұрттың бәрі сөз қылады, оларды жұрттың бәрі мойындайды. Екіншісіне — яғни нақ сан жағынан шын *көпшілігіне!*—экономикалық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да, соғыс тұрғысынан да байсалды баға бергісі келмейді.

Шындық көзге шұқып көрсетеді—эсерлер мен меньшевиктердің өздерінің кім екенін білуден қорқатындығы осыған келіп саяды.

III

Біз осы мақаланы жаза бастағанда, «Правданың» жабылуы тек «кездейсоқ» факті, мемлекеттік өкімет әлі бекітпеген факті болатын. Енді, 16 июльден кейін, бұл өкімет «Правданы» ресми түрде жапты.

Егер «Правданың» жабылуына тарихи тұрғыдан көз салып қарасақ, бұл шараның дайындалу және жүзеге асырылу процесін тұтас, түгел алып қарасақ, оның жабылуы Россиядағы «конституцияның мәнін» және конституциялық жалған үміттердің қаупін тамаша айқын корсетіп береді.

Жұртқа мәлім, Милюков пен «Речь» газеті бастаған кадеттер партиясы большевиктерге қарсы жаза қолданылуын апрель айынан бастап-ақ талап етіп келеді. «Речьте» басылған «мемлекеттік» мақалалардан бастап, Милюковтың «тұтқынға алу» туралы (Ленинді және басқа большевиктерді) талай рет айтқан лепірме сөздеріне дейінгі нағыз алуан түрлі формада ұсынылған осы жаза қолдану талабы кадеттердің революциядағы саяси программасының басты бөлімі, немесе басты бөлімдерінің бірі болды.

Неміс тыңшысы деп немесе немістерден ақша алды деп Алексинский мен К^{0}-нің июнь, июль айларында ойдан шығарып, бізге таққан жалақорлық нағыз жиренішті айыбынан көп уақыт бұрын, «қарулы көтеріліс» немесе «бүлік» жасағалы жатыр деп бізге таққан, жалақорлығы бұдан кем соқпайтын және жұрттың бәріне әйгілі фактілер мен жарияланған документтерге қайшы келетін айыбынан көп бұрын,—осылардың бәрінен көп бұрын кадеттер партиясы большевиктерге қарсы жаза қолданылуын үнемі, үздіксіз және тоқтаусыз талап етіп келеді. Егер енді бұл талап жүзеге асып отырса, онда бұл талаптың нағыз таптық және партиялық түп негізін ұмытатын немесе ұмытқанситын адамдардың адал ниеттілігі туралы немесе аңғарғыштығы туралы қандай пікірде болу керек? Егер эсерлер мен меньшевиктер енді істің жайын былай етіп көрсетуге — большевиктерге қарсы жаза қолданудың «кездейсоқ» немесе «жалғыз-жарым», 4 июльде пайда болған «сылтауына» өздері бейнебір сеніп отырғандай етіп көрсетуге тырысса, олардың мұнысын нағыз сорақы бұрмалаушылық немесе саясаттағы адам айтқысыз топастық демегенде, қалай атамақшымыз? Шынында, талассыз тарихи ақиқаттарды бұрмалаудың да шегі бар емес пе!

20—21 апрельдегі қозғалыс пен 3—4 июльдегі қозғалыстың біртектілігіне бірден көз жеткізу үшін бұларды бір-бірімен салыстырудың өзі-ақ жеткілікті: бұқараның наразылығының, төзбеушілігінің және ашынуының стихиялы түрде бұрқ етуі, оңшылдар тарапынан болған арандатушылық оқ ату, Нева проспектісінде

оққа ұшқандар, буржуазияның, әсіресе кадеттердің «Нева проспектісінде лениншілдер оқ атыпты» деп жалақорлық байбалам салуы, пролетарлық бұқара мен буржуазия арасындағы күрестің өте-мөте асқына және шиеленісе түсуі, ұсақ буржуазиялық эсерлер мен меньшевиктер партияларының мүлдем сасқалақтауы, олардың саясатындағы және жалпы алғанда мемлекеттік өкімет туралы мәселедегі ауытқуының орасан зор етек алуы,— осы объективті фактілердің бәрі әлгі екі қозғалыстың екеуін де сипаттайды. Ал 9—10 және 18 июнь бізге нақ осындай таптық көріністі басқа формада көрсетіп отыр.

Оқиғалардың барысы айдан анық: бұқараның паразылығы, төзбеушілігі және ашынуы барган сайын өрши түсті, пролетариат пен буржуазия арасындағы күрес әсіресе ұсақ буржуазиялық бұқараға ықпал ету үшін онан сайын шиеленісе түсті, ал осыған байланысты эсерлер мен меньшевиктердің контрреволюцияшыл кадеттерге тәуелділігін дайындаған тарихи ірі екі оқига болды. Бұл оқиғалар: 6 майда құрылған коалициялық министрлік, мұнда эсерлер мен меньшевиктер буржуазиямен мәмлеге келіп, келісім жасасуымен, оған мың мәрте «қызмет» көрсетуімен, аса қажетті революциялық шараларды кідіртуімен барған сайын шырмала түсіп, буржуазияның итаршылары болып шықты; онан соң майданда шабуылға шығу. Шабуылға шығу қалай да империалистік соғыстың қайта басталғанын, империалистік буржуазия ықпалының, салмағының, ролінің орасан күшейгенін, бұқара арасында шовинизмнің кең етек алғанын, ақырында — last but not least (маңыздылығы жағынан емес, сан жағынан ақырғы) өкіметтің, әуелі әскери өкіметтің, ал одан кейін жалпы мемлекеттік өкіметтің де армияның контрреволюцияшыл жоғарғы топтарының қолына берілгенін көрсетті.

Тап қайшылықтарын 20—21 апрельден 3—4 июльге дейін тереңдетіп, шиеленістірген және 20—21 апрельдің өзінде-ақ контрреволюцияшыл буржуазияның программасы мен тактикасы, оның ең таяудағы мақсаты және мақсатқа жеткізуге тиісті «тап-таза» құралдары ретінде мейлінше анық көрінген нәрсені контрреволю-

цияшыл буржуазияның 4 июльден кейін жүзеге асыруына мүмкіндік берген тарихи оқиғалардың барысы осындай.

4 июль жөнінде, большевиктер өз «қулығымен» өздерін жеңіліске ұшыратып алды, жеңілісті олардың «авантюризмі» тудырды деп, тағы сол сияқтыларды айтып мещандарша қыңжылушылық — тарихи тұрғыдан мұнан асқан мазмұнсыз, теориялық жағынан мұнан асқан бейшара және практикалық жағынан мұнан асқан кісі күлерлік еш нәрсе жоқ (мұндай қыңжылуды, айта кетсек, Л. Мартов та қайталап жүр). Қатысу «керек емес еді» деген (бұқараның барынша заңды наразылығы мен ашу-ызасына «бейбіт және ұйымдасқан» сипат беруге әрекет істеп!!) осы қыңжылудың бәрі, осы пайымдаулардың бәрі,— егер бұл большевиктерден шықса, не ренегаттыққа әкеп соғады, не ұсақ буржуаның әдеттегі қорқақтығы мен шатасқандығының әдеттегі белгісі болып табылады. Шындығында, көктемнен кейін жаздың келетіні қандай сөзсіз болса, 3—4 июльдегі қозғалыс 20—21 апрельдегі қозғалыстан және содан кейін нақ солай сөзсіз өрбіп шықты. Пролетарлық партияның талассыз борышы—бұқараның әділ қимылдарына неғұрлым бейбіт және ұйымдасқан сипат беруге ұмтыла отырып, бұқарамен бірге болу, бұқара бір адам да қалмай тегіс ұйымдасқан жоқ және оның қозғалысында өрескелдік болып тұрады (20—21 апрельде өрескелдік болмағандай-ақ! тарихта бұқараның өрескелдік көрсетілмеген тым болмаса бір елеулі қозғалысы болғандай-ақ!) деген педанттыққа сүйеніп шетке жалтармау, пилатша бойды аулақ салмау болды.

Ал большевиктердің 4 июльден кейінгі жеңілуі тарихи жағынан алғанда, сөз жоқ, оқиғалардың бұрынғы бүкіл барысынан туды, мұның себебі нақ мынадан: ұсақ буржуазиялық бұқара және оның көсемдері — эсерлер мен меньшевиктер 20—21 апрельде шабуылмен әлі де байланысты болған жоқ еді, «коалициялық министрлікте» буржуазиямен мәмлеге келумен әлі шырмалған жоқ еді, ал 4 июльдің қарсаңында олардың өздерін байлап-матағаны және шырмағаны сонша—олар контрреволюцияшыл кадеттермен ынтымақтасу жағы-

на (жазалауда, жала жабуда, жендеттікте) құлдырамай тұра алмады. Эсерлер мен меньшевиктер 4 июльде контрреволюцияшылдықтың жуынды шұңқырына біржолата омақаса құлады, себебі олар май мен июньде, коалициялық министрлікте және шабуылға шығу саясатын мақұлдауда осы шұңқырға қарай үнемі сырғи берген еді.

Біз, шамасы, өз тақырыбымыздан, «Правданың» жабылуы туралы мәселеден 4 июльге тарихи баға беру туралы мәселеге біраз ауытқып кеткен болуымыз керек. Бірақ бұл тек сырт көзге ғана солай. Өйткені бірінсіз екіншісін түсінуге болмайды. Егер істің мәніне және оқиғалардың байланысына көз жіберсек, «Правданың» жабылуы, большевиктердің тұтқынға алынуы және олардың басқа да қуғын-сүргінге салынуы контрреволюцияның, атап айтқанда кадеттердің көптен бергі программасының орындалуынан басқа еш нәрсе емес екенін жоғарыда өзіміз көрдік.

Енді бұл программаны дәл *кімдер* және қандай амалдармен жүзеге асырғанын қарастырып көру өте-мөте сабақ боларлық нәрсе.

Фактілерге көз жіберейік. 2 және 3 июльде қозғалыс өрши түсті, үкіметтің әрекетсіздігінен, қымбатшылықтан, күйзелістен, шабуылдан ашынған бұқараның зығырданы қайнады. «Дойбыны жегізе» ойнап және эсерлер мен меньшевиктерге үзілді-кесілді талап қойып, жеңіліс үшін және бұқараның ашынғаны үшін жауапкершілікті өкіметке байлап-маталған, бірақ қолында билігі жоқ осы эсерлер мен меньшевиктерге жүктеп, кадеттер тайып тұрады.

Большевиктер 2 және 3 июльде жұртты бой көрсетуден тоқтатады. Мұны *тіпті* 2 июльде гренадерлер полкінде не болғаны туралы айтқан «Дело Народаның» өкілі де мойындады. 3 июльдің кешінде қозғалыс арнасынан асып кеткен соң, большевиктер қозғалысқа «бейбіт және ұйымдасқан» сипат берудің қажеттігі туралы үндеу хат жазады. 4 июльде оңшылдардың арандатушылық оқ атуы екі жақтан да оққа ұшып қаза тапқандардың санын көбейтті: атап өту керек, Атқару комитетінің оқиғаны тексеру, күніне екі рет бюллетень шы-

ғару жөнінде, тағы басқалар жөнінде берген уәдесі құрғақ уәде болып қала берді! Эсерлер мен меньшевиктер тіпті ештеңе істеген жоқ, олар керек десе екі жақтан да қаза тапқандардың толық тізімін де жарияламады!!

4 июльдің түнінде большевиктер бой көрсетуді тоқтату туралы үндеу хат дайындады, ол үндеу хат сол түні-ақ «Правдада» басылды. Бірақ нақ сол түнде, біріншіден, контрреволюцияшыл әскерлер Питерге келе бастады (сірә, эсерлер мен меньшевиктердің, олардың Советтерінің шақыруы бойынша немесе келісуімен әкелінген болса керек, оның үстіне осы «шетін» пунктті құпия ұстаудың титтей де қажеті болмай қалса да, әрине, бұл пункт жөнінде күні бүгінге дейін бәрінен гөрі ештеңе айтылмай, бәрінен де құпия ұсталып жүр!). Екіншіден, нақ сол түні әскер қолбасшысы Половцев пен бас штабтың көрінеу тапсыруы бойынша қимылдаған юнкерлер, т. т. отрядтарының большевиктерді ойрандауы басталады. 4 июльден 5 июльге қараған түні «Правда» ойрандалады, 5 июль мен 6 июльде оның баспаханасы «Трудқа» ойран салынады, баспаханадан «Листок Правды» алып шыққаны үшін тал түсте жұмысшы Воинов өлтіріледі, большевиктерге тінту жүргізіліп, қамауға алынады, революциялық полктер қарусыздандырылады.

Мұның бәрін істей бастаған кім? Мұны үкімет істеп отырған жоқ, Совет істеп отырған жоқ, мұны бас штабтың маңына жиналған, «контрразведканың» атынан әрекет жасап отырған, әскерлерді «қатты ашындыру» үшін және сол сияқтыларды істеу үшін Переверзев пен Алексинскийдің өтірік жаласын таратып отырған контрреволюцияшыл әскери шайка істеп отыр.

Үкімет көрінбейді. Советтер көрінбейді; олар өздерінің тағдырын ойлап қалтырауда, олар казактар келіп бұларды талқандап кетуі мүмкін деген бірсыпыра хабарлар алады. Жұртты большевиктерге қарсы айдап салған қаражүздік және кадеттік баспасөз жұртты Советтерге қарсы айдап сала бастады.

Эсерлер мен меньшевиктер бүкіл саясатымен өздерінің қол-аяғын байлап-матады. Байлаулы адамдар бол-

ған соң, олар Питерге контрреволюцияшыл әскерлерді шақырды (немесе әскер шақыруға төзді). Ал мұның өзі оларды бұрынғыдан да бетер байлап-матап тастады. Олар жиіркеніштi контрреволюциялық шұңқырдың ең түбіне кетті. Олар большевиктердің «ісін» тергеуге тағайындалған өздерінің комиссиясын қорқақтықпен таратып жіберіп жатыр. Олар большевиктерді контрреволюцияға зұлымдықпен ұстап беріп отыр. Олар өздерін өздері қорлап, оққа ұшқан казактарды жерлеу демонстрациясына қатысуда, сөйтіп контрреволюционерлердің қолын сүйіп отыр.

Олар қол-аяғы матаулы адамдар. Олар шұңқырдың түбінде жатқан адамдар.

Олар портфельді Керенскийге беріп, кадеттерге Каноссаға[40] барып, «Земство жиынын» құрып немесе Москвада контрреволюциялық үкіметке «тәж кигізбекші» болып сергелдеңге түсіп жүр[41]. Керенский Половцевті қызметінен босатады.

Бірақ бұл сергелдең, *істің мәнін* титтей де өзгертпей, сол сергелдең күйінде қалып отыр. Керенский Половцевті қызметтен босатады, бірақ сонымен қатар Половцевтің *шараларын*, оның саясатын ресмилеп, заң жүзінде бекітеді, «Правданы» жабады, солдаттар үшін өлім жазасын енгізеді, майданда митинг өткізуге тыйым салады, Алексинскийдің программасы бойынша большевиктерді (тіпті Коллонтайды да!) тұтқынға алуды жалғастыра береді.

Россиядағы «конституцияның мәні» таңқаларлықтай айқындалып келеді: майдандағы шабуыл және тылда кадеттермен коалиция жасау эсерлер мен меньшевиктерді контрреволюцияның шұңқырына құлатып отыр. *Іс жүзінде* мемлекеттік өкімет билігі контрреволюцияның қолына, әскери шайканың қолына көшіп отыр. Керенский және Церетели мен Черновтың үкіметі *контрреволюцияға тек перде ғана*, бұлар оның шараларын, оның қадамдарын, оның саясатын *артынан барып* заңды етуге мәжбүр болып отыр.

Керенскийдің, Церетелидің, Черновтың кадеттермен саудаласуының, егер оныншы дәрежелі маңызы болып жүрмесе, екінші дәрежелі ғана маңызы бар. Бұл сау-

дада кадеттер жеңе ме, Церетели мен Чернов «бір өздері» әлі де болса орындарында тұра ала ма — бұдан істің мәні өзгермейді, эсерлер мен меньшевиктердің контрреволюцияға бет бұруы (6 майдан бастап олардың бүкіл саясаты амалсыздан душар еткен бет бұру) негізгі, басты, шешуші факт болып қала береді.

Партиялық даму циклы аяқталды. Эсерлер мен меньшевиктер бір сатыдан екінші сатыға сырғи берді, 28 февральдағы Керенскийге «сенушіліктен» өздерін контрреволюцияға байлап-матаған 6 майға сырғыды, одан 5 июльге дейін сырғыды, бұл кезде олар контрреволюцияның түбіне дейін құлап түскен еді.

Жаңа кезең басталып келеді. Контрреволюцияның жеңуі бұқараны эсерлер мен меньшевиктер партияларынан түңілдіріп, оның революцияшыл пролетариатты қолдау саясатына көшуіне жол ашады.

1917 ж. 26 июльде (8 августа) жазылған

1917 ж. 4 және 5 августа «Рабочий и Солдат» газетінің 11 және 12-номерлерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БОНАПАРТИЗМНІҢ БАСТАЛУЫ

Қазір, Керенскийдің, Некрасовтың, Авксентьевтің жəне К⁰-нің министрлігі[42] құрылғаннан кейінгі жерде, марксистердің сөзді іс деп білуі, істің алдамшы сыртқы көрінісін оның мəні немесе жалпы алғанда елеулі бірдеңе деп білуі марксистердің жасайтын ең үлкен, ең қауіпті қатесі болар еді.

Бұл кəсіпті қазірдің өзінде бонапартист Керенскийдің маңында тура күлдіргіш сайқымазақтың ролін атқарып жүрген меньшевиктер мен эсерлерге-ақ берейік. Шынында да, Керенский көріне-көзге кадеттердің айтқанын істеп, құрамына өзін, Некрасовты, Терещенконы, Савинковты енгізіп, құпия директория секілді бірдеңені құрып отырса, Құрылтай жиналысы туралы да, жалпы алғанда 8 июльдегі декларация[43] туралы да жұмған аузын ашпаса, халыққа арнаған үндеуінде таптар арасында қасиетті бірлік болсын дегенді жариялаcа, ең арсыз ультиматум қойған Корниловпен ешкім білмейтін шарттар негізінде келісім жасасса, сорақы-өрескел тұтқындау саясатын одан əрі жүргізсе, ал Черновтар, Авксентьевтер жəне Церетелилер сөзуарлықпен, маңғазданумен шұғылданып отырса, мұның өзі сайқымазақтық емей немене?

Осындай уақытта Черновтың айналысқаны Милюковты аралық сотқа шақыру болса, Авксентьев тар өрісті таптық көзқараста болу жарамсыз дегенді айтып сайрап отырса, Церетели мен Дан Советтердің Орталық Атқару Комитетінде мүлде мағынасыз құрғақ сөздер-

мен толтырылған, патша өкіметі алдында кадеттік бірінші Думаның дәрменсіз болған өте пашар уақыттарын көзге елестететін ешбір мазмұнсыз қарарларды өткізсе, мұның өзі қалайша сайқымазақтық болмас екен.

Кадеттер 1906 жылы Россиядағы халық өкілдерінің бірінші жиналысын күшейіп келе жатқан патшалық контрреволюция алдында қысыр сөздің ордасына айналдырып, оны қалай масқараласа, эсерлер мен меньшевиктер де 1917 жылы Советтерді күшейіп келе жатқан бонапартистік контрреволюцияның алдында қысыр сөздің ордасына айналдырып, Советтерді солай масқаралады.

Керенскийдің министрлігі, күмән жоқ, бонапартизмнің алғашқы қадамдарының министрлігі.

Біз бонапартизмнің негізгі тарихи белгісін көріп отырмыз, ол: соғыс құмарларға (әскердің ең нашар элементтеріне) сүйенетін мемлекеттік өкіметтің бір-бірімен азды-көпті тең түсетін біріне-бірі қас екі тап пен екі күштің арасында амалдауы.

Буржуазия мен пролетариаттың арасындағы тап күресі шегіне жете шиеленісіп отыр: 20—21 апрельде де, 3—5 июльде де ел азамат соғысының аз-ақ алдында тұрды. Осы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзі бонапартизмнің классикалық негізі болып отырған жоқ па? Ал осы жағдайға өзге, оған әбден ұқсас жағдайлар қосылып отыр ғой; буржуазия Советтерге қарсы бұлқан-талқан болуда, бірақ ол Советтерді бірден таратып жіберуге *әлі* дәрменсіз, ал Церетели, Чернов мырзалар мен К⁰ масқаралаған Советтер буржуазияға айтарлықтай қарсылық көрсетуге *енді* дәрменсіз.

Помещиктер мен шаруалар да азамат соғысының қарсаңында тұр: шаруалар жер мен еркіндік талап етуде, оларды тоқтата алса, барлық таптарға нағыз оспадарсыз уәделер бере алатын, бірақ бір уәдесін де орындамайтын бонапартистік үкімет қана тоқтата алады.

Бұған шабуыл авантюрасынан, отанды құтқарып қалу жөніндегі жел сөздер (буржуазияның империалистік программасын сақтап қалу тілегін бүркемелейтін

жел сөздер) әсіресе көп айтылатын соғыстағы жеңілістерден туған жағдайды қоссаңыз,— сонда сіз бонапартизмнің әлеуметтік-саяси жағдайының нағыз толық кескінін көресіз.

Жел сөздермен алданып қалмайық. Бұл бонапартизмнің әлі тек алғашқы қадамдары ғана ғой деп өзімізді өзіміз адастырмайық. Бонапартизмнің алғашқы қадамына өзі болысса да, оның екінші қадамына өкінетін топастау филистердің күлкілі жағдайына ұшырамау үшін нақ осы алғашқы қадамның өзі қайсы екенін аңғара білу керек.

Мәселен, осы күнгі министрлік бұрынғыларының бәрінен де солшылырақ болар деген сияқты («Известияны»[44] қараңыз), немесе Советтердің ізгі ниетті сыны үкіметтің қателерін түзей алады деген сияқты, немесе бет алды тұтқындай берушілік және газеттерді жабу бірен-саран нәрсе болды, ал мұндай жағдай енді қайталанбас деп сену сияқты, немесе Зарудный адал адам, республикалық демократиялық Россияда турашыл сот болуы мүмкін, мұндай соттың шақыруына жұрттың бәрі де бара беруі керек деген сияқты, тағысын тағы, сол сияқты конституциялық жалған үміттерге салыну қазір топас филистерліктен басқа еш нәрсе де болмас еді.

Бұл конституциялық филистерлік жалған үміттердің ақылға сыймайтындығы соншалық айқын болып отырғандықтан, оны теріске шығаруға айрықша тоқталуға да тұрмас еді.

Жоқ, буржуазиялық контрреволюцияға қарсы күресу байыптылықты талап етеді, бар нәрсені көре білуді және оны айта білуді талап етеді.

Россиядағы бонапартизм кездейсоқ нәрсе емес, капитализм едәуір дамыған және революцияшыл пролетариаты бар ұсақ буржуазиялық елдегі тап күресі дамуының табиғи нәтижесі. 20—21 апрель, 6 май, 9—10 июнь, 18—19 июнь, 3—5 июль сияқты тарихи кезеңдер бонапартизмнің қалай дайындалғандығын айқын көрсететін белестер болып табылады. Демократиялық жағдай бонапартизмді болғызбайды деп ойлау өте үлкен қателік болар еді. Қайта тура мұның керісінше, бона-

партизм нақ осы жағдайда (Францияның тарихы мұны екі рет растады) таптар мен олардың күресінің белгілі бір өзара қатынасы тұсында өсіп шығады.

Алайда бонапартизмнің болмай коймайтынын мойындау эсте де оның сөзсіз күйрейтінін ұмыту деген сөз емес.

Егер біз Россияда контрреволюцияның уақытша салтанат құруы байқалып отыр деп *қана* айтатын болсақ, онда мұнымыз бос сөзбен құтылу болады.

Егер біз бонапартизмнің пайда болуына талдау жасап, шындықтың бетіне қаймықпай қарап, бонапартизмнің басталып отырғаны факт екенін жұмысшы табы мен бүкіл халыққа айтатын болсақ, онда біз мұнымен бонапартизмді құлату жолындағы елеулі, қажырлы, саяси жағынан кең көлемде жүргізілетін, таптық терең мүдделерге сүйенетін күрестің негізін салатын боламыз.

1799 және 1849 жылдардағы француз бонапартизмінің басталуынан 1917 жылғы орыс бонапартизмінің бірсыпыра жағдайларда айырмашылығы бар, мәселен, мұнда революцияның бірде-бір түбегейлі міндеті шешілген жоқ. Жер мәселесі мен ұлт мәселесін шешу жолындағы күрес енді ғана қызып келеді.

Керенский және оны дойбының тасынша пайдаланып отырған контрреволюцияшыл кадеттер Құрылтай жиналысын белгіленген мерзімде шақыра да алмайды, оның шақырылуын кідірте де алмайды, мұның қайсысын істесе де, олар революцияны тереңдете түсуге тиіс. Ал империалистік соғыстың созылуынан туатын апат бұрынғысына қарағанда әлдеқайда зор күшпен, зор шапшаңдықпен төніп келеді.

Россия пролетариатының алдыңғы қатарлы отрядтары біздегі июнь, июль күндерінен жаппай қансырамай шыға алды. Бонапартистердің кенет (бейне бір кенет болатындай) қудалаулары пролетариат партиясының өзінің өмір сүруін және халыққа үнемі өз пікірін айтуын ешбір жағдайда тоқтата алмайтындай тактиканы және ұйымның сондай бір формасын немесе сондай формаларын таңдап алуына толық мүмкіндігі бар.

Партия халыққа мына шындықты бүкпесіз айқын, барынша естіртіп айтатын болсын: біз бонапартизмнің басталуын бастан кешіріп отырмыз; Керенскийдің, Авксентьевтің және К⁰-нің «жаңа» үкіметі — контрреволюцияшыл кадеттерді және қолында билігі бар әскери сұрқия топты жасыратын перде ғана; контрреволюцияны толық жоймайынша халық бейбітшілікке жете алмайды, шаруалар жер ала алмайды, жұмысшылар 8 сағаттық жұмыс күніне жете алмайды, ашыққандар нан ала алмайды,— партия осыны айтатын болсын, сонда оқиғалар дамуының әрбір қадамы партияның шындықты айтқанын растайтын болады.

Россия эсерлер мен меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық партияларына халықтың көпшілігі сеніп келген тұтас бір дәуірді керемет тез бастан кешірді. Міне, енді еңбекшілер бұқарасының көпшілігі қазір осы сенгіштіктің сазайын қатты тарта бастады.

Барлық белгілер мынаны көрсетіп отыр: оқиғалардың барысы одан әрі барынша шапшаңдауда, еліміз келесі дәуірге жақындап келеді, ол дәуірде еңбекшілердің көпшілігі өз тағдырын революцияшыл пролетариатқа сеніп тапсыруға мәжбүр болады. Революцияшыл пролетариат өкімет билігін қолына алады, социалистік революцияны бастайды, бұл революцияға — барлық қиыншылықтар мен дамудың ықтимал бұралаңдарына қарамастан — барлық алдыңғы қатарлы елдердің пролетарларын тартады, сөйтіп соғысты да, капитализмді де жеңіп шығады.

«Рабочий и Солдат» № 6, 29 июль, 1917 ж.

«Рабочий и Солдат» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ САБАҚТАРЫ

1917 ж. июльдің аяғында, соңғы сөз 6 (19) сентябрьде жазылған

1917 ж. 12 және 13 сентябрьде (30 және 31 августа) «Рабочий» газетінің 8 және 9-номерлерінде басылған
Қол қойған: 8-номерінде — Н — к о в, 9-номерінде — Н. Л е н и н
Соңғы сөз 1917 ж. мына кітапшада басылды: Н. Ленин. «Революцияның сабақтары», П., «Прибой» баспасы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Қандай революция болса да халықтың орасан көпшілігінің өміріндегі шұғыл өзгеріс болып табылады. Егер мұндай өзгеріс пісіп жетілмесе, онда нағыз революция да болмақ емес. Қай адамның болса да өміріндегі әрбір өзгеріс оған көп нәрсені үйретеді, оны көп нәрсені бастан кешіруге және қайта сезінуге мәжбүр етеді, сол секілді революция да бүкіл халыққа аз уақытта ең мағыналы және бағалы сабақтар береді.

Революция кезінде миллиондаған, он миллиондаған адамдар бір аптаның өзінде әдеттегі, ұйқылы-ояу өмірдің бір жылындағыдан көп нәрсені үйренеді. Өйткені халықтың қай табы қандай мақсат көздейтіні, қай таптың қандай күші бар екені, оның қандай құралдармен әрекет істейтіні бүтіндей бір халықтың өміріндегі шұғыл өзгеріс кезінде мейлінше айқын көрінеді.

Әрбір сапалы жұмысшы, солдат, шаруа орыс революциясының сабақтарына, әсіресе революциямыздың алғашқы дәуірі сәтсіз аяқталғаны анық көрініп отырған қазіргі кезде, июльдің аяғында, мұқият зер салуы керек.

I

Шынында да, зер салып көрейікші, революция жасағанда жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы нені көздеді? Олар революциядан нені күтті? Олардың күткені бостандық, бейбітшілік, нан, жер болғаны мәлім.

Ал біз қазір нені көріп отырмыз?

Бостандықтың орнына баяғы озбырлық қайта қалпына келтіріліп жатыр. Майданда солдаттарға өлім жазасы қолданылып жатыр[45], помещиктердің жерін өз бетімен тартып алғаны үшін шаруалар сотқа тартылып жатыр. Жұмысшы газеттерінің баспаханалары талқандалып жатыр. Жұмысшы газеттері сотсыз-ақ жабылып жатыр. Көбінесе тіпті ешбір айып тақпастан не көрінеу жалақорлық айыптар тағылып, большевиктер тұтқынға алынып жатыр.

Большевиктерді қуғындаушылық бостандықты бұзғандық емес, өйткені мұнда тиісті айыптары үшін тек тиісті адамдар ғана қуғындалып жүр деп қарсы пікір айтушылар да болуы мүмкін. Бірақ бұлай қарсы шығу көрер көзге айқын өтірік болады, өйткені жеке адамдардың қылмыстары үшін, тіпті олардың осы айыптары сотта дәлелденіп, мойындарына қойылса да, баспахананы талқандап, газеттерді жабуға бола ма екен. Егер үкімет заң жүзінде бүкіл большевиктер партиясын, олардың бағытының өзін, олардың көзқарастарын қылмысты деп тапса, онда іс басқаша. Бірақ еркін Россия үкіметінің ондай еш нәрсе істей алмағандығын және істемегендігін әркім-ақ біледі.

Большевиктерге қойылған айыптардың жалақорлық сипатын әшкерелейтін басты нәрсе мынада болып отыр: помещиктер мен капиталистердің газеттері большевиктердің соғысқа қарсы, помещиктерге қарсы және капиталистерге қарсы күрескені үшін оларды өршелене балағаттады, сөйтіп бірде-бір большевикке қарсы әлі ешқандай айып ойдан шығарылмай тұрған кездің өзінде-ақ большевиктерді тұтқынға алуды және қуғындауды ашықтан-ашық талап етті.

Халықтың тілеп отырғаны — бейбітшілік. Ал еркін Россияның революциялық үкіметі орыс капиталистерінің бөтен халықтарды тонауы мүдделерін көздеп, бұрынғы патша II Николайдың ағылшын және француз капиталистерімен жасасқан сол баяғы жасырын шарттары негізінде басқыншылық соғысты одан әрі жалғастырды. Бұл жасырын шарттар жарияланбай сол күйінше қала берді. Еркін Россияның үкіметі түрлі

сылтауларды көлденең тартып, барлық халықтарға әділ бітімді ұсынбай-ақ қойды.

Нан жоқ. Ашаршылық тағы да төніп келеді. Капиталистер мен байлар соғыс жабдықтарын беруде қазынаны арсыздықпен алдап жүргенін (соғыс қазір халыққа күн сайын 50 миллион сомға түсіп отыр), бағаның қымбаттығынан адам айтқысыз пайда тауып жүргенін, ал өнімдердің өндірілуін дұрыстап есепке алып, оларды жұмысшылардың бөлуі жөнінде мүлде ештеңе істелмегенін жұрттың бәрі көріп отыр. Капиталистер жұмысшыларды көшеге шығарып тастап, одан сайын құтырынып барады,— және де мұның өзі товардың жоқтығынан халық мұқтаждық көріп отырған уақытта істеліп отыр.

Шаруалардың орасан көпшілігі жерге помещиктік меншікті өздерінің әділетсіздік және тонаушылық деп жариялайтындығын толып жатқан съездерде жұртқа естіртіп, ашық айтты. Ал өзін революциялық және демократиялық үкімет деп атап жүрген үкімет шаруаларға өтірік уәделер беріп, созбұйдаға салып, оларды айлар бойы алдап келеді. Капиталистер министр Черновқа жерді сатып алуға және сатуға тыйым салу туралы заңды бірнеше ай бойы шығартқызбай келді. Ал, ақыр-соңында бұл заң шыққаннан кейін капиталистер Черновқа неше түрлі зымияндық жала жапты, күні бүгінге дейін сол жаланы жабумен келеді. Помещиктерді қорғауда үкіметтің арсыздық шегіне жеткені соншалық, жерді «өз бетімен» тартып алғаны үшін шаруаларды сотқа тарта бастап отыр.

Құрылтай жиналысына дейін күте тұрыңдар деген өтірік уәдемен шаруаларды алдап келеді. Ал бұл жиналыстың шақырылуын капиталистер ылғи созып келеді. Енді, большевиктердің қойған талабының ықпалымен съездің шақырылуы 30 сентябрьге тағайындалғанда, капиталистер: бұл «өте» тығыз мерзім деп ашық айқайға басып, Құрылтай жиналысының шақырылуын кейінге қалдыруды талап етіп отыр... Капиталистер мен помещиктер партиясының, «кадеттер» партиясының немесе «халық бостандығы» партиясының, ең ықпалды мүшелері, мәселен, Панина, Құрылтай жиналысының

шақырылуын соғыс біткенге дейін кейінге қалдыруды тура уағыздап жүр.

Жерді Құрылтай жиналысына дейін қоя тұр. Құрылтай жиналысын соғыстың бітуіне дейін қоя тұр. Соғыстың бітуін толық жеңіп шыққанша қоя тұр. Міне, осылай болып шығып отыр. Үкіметте өздері көпшілік болған соң капиталистер мен помещиктер шаруаларды тура қорлап отыр.

II

Бірақ патша өкіметі құлатылғаннан кейін, еркін елде мұның осылай болуы қалай?

Еркін емес елде халықты ешкім сайламаған патша мен ат төбеліндей помещиктер, капиталистер, чиновниктер басқарады.

Еркін елде халықты оның өзі бұл үшін сайлаған адамдар ғана басқарады. Сайлауда халық партияларға бөлінеді, сөйтіп әдетте халықтың әрбір табы өзінің жеке партиясын құрады, мәселен, помещиктер, капиталистер, шаруалар, жұмысшылар жеке партиялар құрады. Сондықтан еркін елдерде халықты басқару ісі партиялардың ашық күресі мен олардың өзара еркін келісуі арқылы жүргізіледі.

1917 жылы 27 февральда патша өкіметі құлатылған соң Россия шамасы 4 ай бойы еркін ел ретінде, еркін құрылатын партиялардың нақ осы ашық күресі мен олардың өзара еркін келісуі арқылы басқарылды. Демек, орыс революциясының дамуын ұғыну үшін қандай басты-басты партиялар болғанын, олар қандай таптардың мүдделерін қорғағанын, осы партиялардың бәрінің өзара қарым-қатынастарының қандай болғанын зерттеп білу бәрінен де гөрі қажет.

III

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін мемлекеттік өкімет бірінші Уақытша үкіметтің қолына көшті. Бұл үкімет буржуазияның, яғни капиталистердің өкілдерінен құрылды, бұларға помещиктер де қосылды. Капиталистердің басты партиясы — «кадеттер» партиясы, бур-

жуазияның билеуші және үкімет басындағы партиясы ретінде, бірінші орында болды.

Патша әскерлерімен шайқасқан, бостандық үшін қанын төккен, әрине, капиталистер емес, жұмысшылар мен шаруалар, матростар мен солдаттар бола тұрса да, өкімет билігінің әлгі партияның қолына түсуі кездейсоқ емес. Өкімет билігінің капиталистер партиясының қолына түскен себебі: бұл таптың қолында байлық, ұйым және білім күші болды. 1905 жылдан кейінгі уақыттың ішінде, әсіресе соғыс кезінде Россиядағы капиталистер мен соларға жанасатын помещиктер табы өздерінің ұйымдасуы ісінде бәрінен де көп табысқа жетті.

Кадеттер партиясы әрқашан, 1905 жылы да, 1905 жылдан 1917 жылға дейін де, монархияшыл партия болды. Патшаның өктемдігін халық жеңгеннен кейін бұл партия өзін республикашыл партия деп жариялады. Капиталистердің партиялары халық монархияны жеңгеннен кейінгі жерде тек капиталистердің пұрсаттылықтарын және олардың халыққа өктемдігін сақтап қалу үшін ғана республикашыл бола кетуге әрқашан көніп келгенін тарихтың тәжірибесі көрсетіп отыр.

Кадеттер партиясы сөз жүзінде «халық бостандығын» жақтайды. Іс жүзінде ол капиталистерді жақтайды, сондықтан барлық помещиктер, барлық монархистер, барлық қаражүздіктер дереу соның жағына шықты. Бұған дәлел — баспасөз және сайлау. Барлық буржуазиялық газеттер мен бүкіл қаражүздік баспасөз революциядан кейін кадеттермен қосылып алып бір әуенге басты. Монархияшыл партиялардың бәрі, өздері ашық бой көрсетуге бата алмаған соң, сайлауда, мәселен, Петроградта, кадеттер партиясын қолдады.

Үкімет билігін қолына алғаннан кейін кадеттер басқыншылық, тонаушылық соғысты одан әрі жүргізе беруге барлық күш-жігерін салды; бұл соғысты ағылшын және француз капиталистерімен тонаушылық жасырын шарттар жасасқан II Николай патша бастаған болатын. Бұл шарттар бойынша, соғыста жеңіске жеткен жағдайда, орыс капиталистеріне Константинопольды да, Галицияны да, Арменияны да, т. т. басып алуға

уәде етілген болатын. Ал кадеттер үкіметі жұмысшылар мен шаруалар үшін маңызды, қажетті істерді шешудің бәрін Құрылтай жиналысына дейін кейінге қалдырып, оның шақырылатын мерзімін тағайындамай, халықтан құр сылтаулармен, құрғақ уәделермен құтылып келді.

Бостандықты пайдаланған халық дербес ұйымдаса бастады. Россия халқының басым көпшілігі болып табылатын жұмысшылар мен шаруалардың басты ұйымы жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері болды. Бұл Советтер февраль революциясы кезінде-ақ құрыла бастаған еді, сөйтіп бірнеше апта өткен соң-ақ Россиядағы ірі қалалардың көпшілігінде және көптеген уездерде жұмысшы табы мен шаруалардың алдыңғы қатарлы саналы адамдарының бәрі Советтерге бірікті.

Советтер әбден еркін түрде сайланды. Советтер халық бұқарасының, жұмысшылар мен шаруалардың нағыз ұйымдары болды. Советтер халықтың орасан көпшілігінің нағыз ұйымдары болды. Әскери киім киген жұмысшылар мен шаруалар қаруланған еді.

Бүкіл мемлекеттік өкімет билігін Советтер өз қолына ала алатындығы және алуға тиісті болғаны өзіненөзі түсінікті. Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін мемлекетте Советтерден басқа ешбір өкімет болуға тиіс емес еді. Тек сонда ғана біздің революциямыз нағыз халық революциясы, нағыз демократиялық революция болатын еді. Тек сонда ғана бейбітшілікке шын ұмтылған, басқыншылық соғысты шын тілемейтін еңбекші бұқара әрі басқыншылық соғысты тоқтататындай, әрі бейбітшілікке жеткізетіндей саясатты үзілді-кесілді, табандылықпен жүзеге асыра бастар еді. Тек сонда ғана жұмысшылар мен шаруалар «соғыстан» сұмдық көп ақша тауып отырған, елді күйзелушілікке, ашаршылыққа әкеп соқтырған капиталистерді ауыздықтай алар еді. Бірақ Советтерде бүкіл мемлекеттік өкімет билігінің Советтер қолына көшуін талап еткен революцияшыл жұмысшылар партиясын, социал-демократ большевиктер партиясын, жақтаған депутаттар азшылық болды. Советтердегі депутаттардың көпшілігі өкі-

мет билігінің Советтер қолына берілуіне қарсы болған социал-демократ меньшевиктер партиясы мен эсерлер партиясын жақтады. Буржуазияның үкіметін жойып, оны Советтердің үкіметімен ауыстырудың орнына бұл партиялар буржуазияның үкіметін қолдауды, онымен келісуді, онымен ортақ үкімет құруды жақтады. Халықтың көпшілігі сенім білдірген эсерлер партиясы мен меньшевиктер партиясының буржуазиямен осы келісімге келу саясатының өзі революция басталған кезден бері өткен 5 айдағы революция дамуының бүкіл барысының басты мазмұны болды.

IV

Әуелі эсерлер мен меньшевиктердің буржуазиямен осы келісімге қалай келгенін қарастырып көрейік, ал содан кейін халық көпшілігінің соларға сеніп қалғандығының себебін іздестірейік.

V

Меньшевиктер мен эсерлердің капиталистермен келісімпаздығы орыс революциясының барлық дәуірлерінің өн бойында бірде анадай, бірде мынадай формада болып отырды.

1917 жылы февральдың ең соңында, халық жеңіп, патша өкіметі құлатылысымен-ақ, капиталистердің Уақытша үкіметі Керенскийді «социалист» ретінде өзінің құрамына енгізді. Шындығында Керенский ешқашан социалист болған емес, ол тек трудовик қана болған, 1917 жылғы марттан бастап қана «социалист-революционерлер» қатарында саналды, бұл кезде оның мүнысы оған қауіпсіз еді және пайдасыз да емес-ті. Петроград Советі председателінің орынбасары болған Керенский арқылы капиталистердің Уақытша үкіметі Советті дереу өзіне тартып, өз ырқына көндіріп алуға тырысты. Совет, яғни онда көпшілік болған эсерлер мен меньшевиктер ырыққа көне кетті, капиталистердің Уақытша үкіметі құрылысымен-ақ дереу «оны қолдауға» ризалық білдірді, «өйткені» Уақытша үкімет өзінің уәделерін орындап отырады деді.

Совет өзін Уақытша үкіметтің іс-әрекетін тексеріп, бақылап отыратын орын деп есептеді. Советтің көсемдері «байланыс жасау комиссиясы» дейтінді құрды, былайша айтқанда, үкіметпен байланыс жасау, қатынас жасау үшін комиссия құрды[46]. Осы байланыс жасау комиссиясында Советтің эсер және меньшевик көсемдері, шынын айтқанда, портфельсіз министрлердің немесе ресми емес министрлердің жағдайында бола тұрып, капиталистердің үкіметімен ұдайы келіс сөздер жүргізіп келді.

Бүкіл март және апрель бойы түгел дерлік iстің жайы осылай болды. Капиталистер әне-міне деп созбұйдаға салып, уақыттан ұтуға тырысты. Осы уақыттың ішінде капиталистердің үкіметі революцияны дамыту үшін қандай болсын бір елеулі қадам жасаған жоқ. Тіпті өзінің тура тікелей міндеті — Құрылтай жиналысын шақыру үшін үкімет мүлде ештеңе істеген жоқ, мәселені жер-жердің талқысына тапсырмады, тіпті мәселені дайындайтын орталық комиссияны да әлі құрған жоқ. Үкімет бір-ақ нәрсенің қамын жеді: патшаның Англия мен Францияның капиталистерімен жасаған халықаралық тонаушылық шарттарын астыртын түрде жаңартуды, неғұрлым сақтықпен және білінбестей етіп революцияға кедергі жасауды, барлық мәселе жөнінде уәде беріп, ештеңені де орындамауды көздеді. Эсерлер мен меньшевиктер «байланыс жасау комиссиясында» есуастар ролін атқарды; бұларды ылғи көптірме сөзбен, уәдемен, «күнде ертеңмен» алдап отырды. Эсерлер мен меньшевиктер, белгілі мысалдағы қарғаша, өтірік мақтағанға масаттана берді, біз Советтерді жоғары бағалаймыз, оларсыз бір қадам да баспаймыз деп капиталистердің көлгірси сөйлеген сөздерін елтіп тыңдай берді.

Шындығында уақыт өте берді, ал капиталистердің үкіметі революция үшін мүлде ештеңе істемеді. Ал революцияға қарсы ол бұл уақыттың ішінде тонаушылық жасырын шарттарды жаңартып үлгерді, дұрысырақ айтқанда, ағылшын-француз империализмінің дипломаттарымен қосымша жүргізілген дәл сондай жасырын келіс сөздер арқылы сол жасырын шарттарды растап,

«жайдандырып» үлгерді. Революцияға қарсы ол бұл уақыттың ішінде майдандағы армияның генералдары мен офицерлерінің контрреволюциялық ұйымының (немесе, ең болмағанда, олардың жақындасуының) негізін қалап үлгерді. Революцияға қарсы ол өнеркәсіпшілерді, фабрика, завод иелерін, ұйымдастыра бастап та үлгерді, ал бұлар жұмысшылардың қысымына шыдамай, кеңшілік үстіне кеңшілік жасауға мәжбүр болған еді, бірақ сонымен қатар өндіріске саботаж жасай (оны бүлдіре) бастаған-ды және өндірісті тоқтатуды әзірлей бастаған, бұл үшін тек қолайлы уақытты күтіп жүрген еді.

Бірақ алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалардың Советтерде ұйымдасуы үнемі ілгерілей берді. Үкіметтің Петроград Советімен келіскендігіне қарамастан, Керенскийдің көпірмелігіне қарамастан, «байланыс жасау комиссиясына» қарамастан, үкіметтің халыққа жау, революцияға жау болып қалып отырғанын езілген таптардың таңдаулы адамдары сезді. Капиталистердің қарсылығына тойтарыс берілмесе, бейбітшілік ісі, бостандық ісі, революция ісі ұтылмай қоймайтындығын бұқара сезді. Бұқараның шыдамы бітіп, ашу-ызасы үдей түсті.

VI

Бұл ашу-ыза 20—21 апрельде сыртқа теуіп шықты. Ешкім дайындамаған қозғалыс стихиялы түрде бұрқ ете түсті. Қозғалыстың үкіметке қарсы бағытталғандығы соншалық, министрлерді қамауға алу үшін бір полк әскер қаруланып, Мария сарайына келді. Үкіметтің өмір сүре алмайтындығы жұрттың бәріне айдан анық болды. Кімнің тарапынан болсын титтей де қарсылық кездестірмей-ақ Советтер өкімет билігін өз қолына ала алатын еді (және алуға тиісті еді). Мұның орнына эсерлер мен меньшевиктер капиталистердің құлағалы тұрған үкіметін сүйеді, онымен келісімпаздық торына өздерін бұрынғыдан да бетер шырмады, революцияны апатқа ұрындыратын бұрынғыдан бетер кеселді қадамдар жасады.

Революция барлық таптарды әдеттегі, бейбіт уақытта болмайтын тездікпен және тиянақтылықпен үйретеді. Өте жақсы ұйымдасқан, тап күресі мен саясат істерінде анағұрлым тәжірибелі капиталистер өзгелерден гөрі тезірек үйренді. Үкіметтің жағдайы оңбауға айналғанын көрген капиталистер жұмысшыларды адастыру, бөлшектеу, әлсірету үшін басқа елдер капиталистерінің 1848 жылдан бері талай ондаған жылдар бойына қолданған тәсіліне жармасты. Бұл тәсіл — «коалициялық» деп аталатын, ягни буржуазиядан және социализмнен соның жағына қашып шыққандардан құрылған жалпы министрлік.

Жұмысшылардың революциялық қозғалысымен қатар бостандық пен демократия бәрінен де гөрі көбірек өмір сүріп келе жатқан елдерде, Англия мен Францияда, капиталистер бұл тәсілді талай рет және өте табысты түрде қолданған болатын. Буржуазияның министрлігіне кірген соң, «социалист» көсемдер, қалай да капиталистердің қолдан қойған адамдарына, қуыршағына, бетке ұстайтын пердесіне, жұмысшыларды алдау құралына айналып кетіп отырды. Россияның «демократияшыл және республикашыл» капиталистері дәл осы тәсілді қолданып бақты. Эсерлер мен меньшевиктер бірден тұзаққа түсті де, 6 май күні Чернов, Церетели және К° қатысқан «коалициялық» министрлік шындыққа айналды.

Өз көсемдерінің министрлік даңқының нұрына бөленген эсерлер партиясы мен меньшевиктер партиясының өсуастары мәз-мейрам болды. Халыққа қарсы күресінде өздеріне «Советтердің көсемдері» секілді жәрдемшілер тапқан, олардан «майдандагы шабуыл қимылдарын», ягни тоқтауға айналған империалистік, тонаушылық соғыстың қайта басталуын қолдауға уәдесін алған капиталистердің қуанышы қойнына сыймады. Капиталистер бұл көсемдердің күпсінген дәрменсіздігінің бәрін білген еді, буржуазияның—өндіріске бақылау қою, тіпті өндірісті ұйымдастыру жөніндегі, бейбітшілік саясаты, т. т. жөніндегі—уәделерінің ешқашан орындалмайтынын да білген еді.

Солай болды да шықты. Революция дамуының 6 майдан 9 немесе 18 июньге дейін созылған екінші кезеңі капиталистердің меньшевиктер мен эсерлерді оп-оңай ақымақ етеміз деп есептегенін толық дәлелдеді.

Капиталистердің тапқан пайдасы 100% алынады, олардың «қарсылығы тойтарылды» деп, т. т. айтып, Пешехонов пен Скобелев өздерін де, халықты да көпірме сөздермен алдап жүргенде капиталистер күшейе берді. Осы уақыттың ішінде капиталистерді ауыздықтау үшін іс жүзінде тіпті ештеңе, мүлде ештеңе істелген жоқ. Социализм қашқындарынан болған министрлер езілген таптарды алдау үшін сөйлетіп қойған машина болып шықты, ал мемлекеттік басқарудың бүкіл аппараты іс жүзінде бюрократия (чиновниктер) мен буржуазияның қолында қала берді. Өнеркәсіп министрінің орынбасары атышулы Пальчинский капиталистерге қарсы шаралардың қандайына болса да бөгет жасайтын жаңағы аппараттың нағыз өкілі еді. Министрлер мылжыңдай берді — істің бәрі бұрынғысынша қалып отырды.

Революцияға қарсы күресу үшін буржуазия министр Церетелиді көбірек пайдаланды. Кронштадттағы революционерлер тағайындалған комиссарды түсіріп тастауға дейін жеткен өжеттікке барғанда, Кронштадтты «тыныштандыруға» Церетели жіберілді. Буржуазия өз газеттерінде Кронштадтқа қарсы өсек таратып, жала жауып, қаскөйлік жасап, адам айтқысыз айқай-шу көтеріп өшіге, құтырына науқан ашты, Кронштадтты «Россиядан бөлініп шыққысы» келеді деп кінәлады, осы және осындай сандырақтарды мың құбылтып қайталады, ұсақ буржуазия мен филистерлерді қорқытты. Топас, қорқып қалған филистерлердің ең етене өкілі Церетели буржуазиялық қаскөйліктің қармағына бәрінен де гөрі «адалырақ» ілінді, өзінің контрреволюцияшыл буржуазияның малайы ретіндегі ролін түсінбей, Кронштадтты бәрінен де гөрі жан сала «ойрандады және жуасытты». Церетели революциялық Кронштадтпен мынадай «келісім» жүргізудің құралы болып шықты: Кронштадттағы комиссарды үкімет жай тағайындамайтын болды, оны сол жердің өзінде сайлап, үкімет

бекітетін болды. Социализмнен буржуазия жағына қашып шыққан министрлер өздерінің уақытын осындай түкке тұрғысыз ымыраласуға рәсуа етіп жүрді.

Революцияшыл жұмысшылардың алдында немесе Советтерде үкіметті буржуа-министр қорғап шыға алмайтын жерде «социалист» министр Скобелев, Церетели, Чернов, т. т. шыға келіп (дұрысырақ айтқанда: оңда буржуазия жіберіп отырды), буржуазияның ісін адал ниетпен орындап отырды, министрлікті қорған қызыл өңеш болды, капиталистерді ақтап, берілген уәделерді үсті-үстіне қайталап, күте тұрыңдар, күте тұрыңдар және күте тұрыңдар деп ақыл айтып, халықты алдап отырды.

Министр Чернов көбінесе өзінің буржуазиялық әріптестерімен саудаласумен болды; дәл июль айына дейін, 3—4 июль күндеріндегі қозғалыстан соң жаңадан туған «өкімет дағдарысы» басталғанға дейін, кадеттер министрліктен кеткенге дейін, министр Чернов үнемі өзінің буржуазиялық әріптестерін ең болмағанда жерді сату және сатып алу келісімдерін жасау ісіне тыйым салуға ризалықтарыңды берсеңдерші деп ұялту жөніндегі пайдалы, қызықты, нағыз халықтық «көндіру» ісімен шұғылданды. Бұған тыйым саламыз деп шаруа депутаттарының Питерде өткен Бүкіл россиялық съезінде (советінде) шаруаларға аса салтанатты түрде уәде берілген болатын. Бірақ уәде сол уәде күйінде қалды. Май айында да, июнь айында да Чернов ол уәдесін орындай алмай-ақ қойды, 3—4 июль күндерінде болған стихиялық дүмпудің кадеттердің министрліктен кетуіне дол келген революциялық толқыны бұл шараны іске асыруға мүмкіндік бергенге дейін орындай алмады. Бірақ сол кездің өзінде бұл шара жалғыз-ақ шара еді, шаруалардың жер үшін помещиктерге қарсы күресін айтарлықтай жақсарта алмайтын дәрменсіз шара болды.

Сол кезде империалистік, тонаушылық соғысты қайта қыздыру жөніндегі контрреволюциялық, империалистік міндетті, халыққа жексұрын болған Гучков орындай алмаған міндетті «революцияшыл демократ», социалист-революционерлер партиясына оп-оңай мүше

бола қалған Керенский майданда табысты түрде, келістіріп орындап отырды. Ол өзінің шешендігіне мәз болды, империалистер оны дойбының тасынша пайдаланып, мадақтай берді, өтірік мақтады, көкке көтерді — мұның бәрі «революцияшыл әскерлерді» II Николай патшаның Англия және Франция капиталистерімен жасаған шарттарын орындау үшін болып жатқан соғысты, орыс капиталистеріне Константинополь мен Львовты, Эрзерум мен Трапезундты алып беру үшін болып жатқан соғысты қайта қыздыруға көну керек деп сендірмек болып, Керенскийдің капиталистерге жан-тәнімен қызмет еткені үшін істелді.

Орыс революциясының 6 майдан 9 июньге дейінгі екінші кезеңі осылайша өтті. Контрреволюциялық буржуазия «социалист» министрлерді бетке ұстап және соларды қорғаным етіп, сыртқы жауына да, ішкі жауына да, ягни революцияшыл жұмысшыларға да шабуыл жасауға әзірленіп, әлденді, ығайды.

VII

9 июньде революцияшыл жұмысшылардың, большевиктердің, партиясы Питерде демонстрация дайындап жатты, ондағы мақсаты бұқараның қаулап өскен наразылығы мен ашу-ызасына ұйымдасқандық сипат беру еді. Буржуазиямен жасасқан келісімдермен шырмалған, шабуылға шығудың империалистік саясатымен маталған эсерлер мен меньшевиктердің көсемдері бұқара арасында өз ықпалдарынан айрылып бара жатқанын сезіп, үрейлері ұшты. Демонстрацияға қарсы жаппай ұлып қоя берді, бұл жолы контрреволюцияшыл кадеттер эсерлермен және меньшевиктермен қосылып, бәрі бірге ұлыды. Солардың басшылығымен, солардың капиталистермен келісімпаздық саясатының нәтижесінде, ұсақ буржуазиялық бұқараның контрреволюцияшыл буржуазиямен одақтасуға бет бұрғаны әбден анықталып, мейлінше айқын көрінді. 9 июньдегі дағдарыстың тарихи маңызы осында, таптық мәні осында.

Большевиктер дәл сол сәтте жұмысшыларды біріккен кадеттерге, эсерлерге және меньшевиктерге қарсы

қиын шайқасқа шығарғысы келмей, демонстрацияны кейінге қалдырды. Бірақ эсерлер және меньшевиктер бұқара сенімінің қандай да болсын жұрнағынан айрылып қалмау үшін 18 июньге жалпы демонстрация тағайындауға мәжбүр болды. Мұны ұсақ буржуазиялық демократияның пролетариат жағына ауытқығаны деп дұрыс түсінген және демократияның қимылын майдандағы шабуыл арқылы күрмеуге бел байлаған буржуазия бұлан-талан болды.

Шынында да, 18 июньде Петербургтегі бұқара арасында революцияшыл пролетариаттың ұрандары, большевизмнің ұрандары, айта қаларлықтай тамаша жеңіске жетті, ал 19 июньде буржуазия мен бонапартист* Керенский дәл 18 июнь күні майданда шабуыл басталғандығы туралы салтанатты түрде жар салды.

Шабуылға шығу іс жүзінде еңбекшілердің орасан көпшілігінің еркіне қарсы капиталистердің мүдделеріне бола тонаушылық соғысты қайта бастағандық еді. Сондықтан, бір жағынан, шовинизмнің орасан күшеюі және әскери биліктің (ал олай болса, мемлекет билігінің де) бонапартистердің әскери шайкасының қолына көшуі, ал, екінші жағынан, бұқараға зорлық-зомбылық көрсетуге, интернационалистерді қуғындауға, үгіт бостандығын жоюға, соғысқа қарсы адамдарды тұтқынға алуға, атуға көшу осы шабуылға шығумен сөзсіз байланысты болды.

Егер 6 май эсерлер мен меньшевиктерді буржуазияның жеңіс күймесіне арқанмен байлаған болса, 19 июнь оларды, капиталистердің малайлары есебінде, шынжырмен байлап-матады.

VIII

Тонаушылық соғыстың қайта басталуы салдарынан бұқараның ашу-ызасының бұрынғыдан да жылдамы-

* Бонапартизм (Францияның Бонапарт деген екі императорының есімдерінен шыққан) деп аталатын үкімет — капиталистер партиясы мен жұмысшылар партиясының бір-бірімен мейлінше шиеленіскен күресін пайдаланып, өзі бейпартиялық болып көрінуге тырысатын үкімет. Іс жүзінде мұндай үкімет капиталистерге қызмет етіп, жұмысшыларды уәдемен, ұсақ-түйек қайыр-садақа берумен бәрінен де гөрі көбірек алдайды.

рақ, күштірек өскені табиғи нәрсе. 3—4 июльде бұқараның іштегі қайнаған ашу-ызасы сыртқа теуіп шықты, большевиктер мұны тежеуге тырысты, және, әлбетте, оған неғұрлым ұйымдасқан форма беруге тырысуға тиісті де болды.

Эсерлер мен меньшевиктер, буржуазияның құлдары ретінде, өздерінің қожалары не айтса соған көнді: Питерге реакцияшыл әскерлерді алдыруға да, қайтадан өлім жазасын қолдануға да, жұмысшылар мен революцияшыл әскерлерді қарусыздандыруға да, жұртты қамауға алуға, қуғындауға, ешбір сотсыз газеттерді жабуға да көнді. Үкіметте буржуазия қолына түгел ала алмаған, Советтер қолына алғысы келмеген өкімет билігі әскери сұрқия топтың, бонапартистердің, қолына түсті; әрине, бұларды кадеттер мен қаражүздіктер, помещиктер мен капиталистер түгелімен қолдай жөнелді.

Бір сатыдан бір саты құлдырай берді. Эсерлер мен меньшевиктер буржуазиямен келісудің қия беткейіне бір аяқ басқан соң сонымен сырғи беріп, опың түбіне бір-ақ түсті. 28 февральда Петроград Советінде олар буржуазия үкіметін шартты түрде қолдаймыз, деп уәде берген еді. 6 майда бұлар шабуыл жасауға ризалығын білдіріп, буржуазия үкіметін апаттан алып қалды, сөйтіп өздеріп сол үкіметтің малайлары мен қорғаушыларына айналдырды. 9 июньде революцияшыл пролетариатқа қарсы құтырына өшігіп, өтірік айтып, жала жауып жорыққа аттануда бұлар контрреволюцияшыл буржуазияға қосылып кетті. 19 июньде бұлар тонаушылық соғыстың қайта басталғанын мақұлдап шықты. 3 июльде бұлар реакцияшыл әскерлердің шақыртылып алынуына ризалығын білдірді: өкіметті бонапартистердің қолына түпкілікті берудің басы осы еді. Бір сатыдан бір саты құлдырай берді.

Эсерлер мен меньшевиктер партияларының мұндай масқара болып тынуы кездейсоқ нәрсе емес, ал ұсақ қожайындардың, ұсақ буржуазияның экономикалық жағдайының Европа тәжірибесінде талай рет дәлелденген нәтижесі.

IX

Ұсақ қожайынсымақтардың «адам қатарына қосылуға», нағыз қожайындар қатарына ілігуге, «әлді» қожайынның дәрежесіне, буржуазияның дәрежесіне жетуге тырысып, қалай тыным таппайтынын, әрине, әркім-ақ байқаған. Әзірге капитализм үстемдік етіп тұрғанда ұсақ қожайындарға бұдан басқа жол қалмайды: не өздері капиталистердің дәрежесіне көшуі керек (ұсақ қожайынсымақтардың ең мықтағанда жүзден бірі ғана бұл дәрежеге жетуі мүмкін), не күйзелген ұсақ қожайынның, жартылай пролетардың, ал содан кейін пролетардың халіне түсуі керек. Саясатта да солай: ұсақ буржуазиялық демократия, әсіресе оның көсемдері, буржуазияның соңынан ереді. Ұсақ буржуазиялық демократияның көсемдері өздерінің бұқарасын уәдемен жұбатады, ірі капиталистермен келісімге келуге болады деп сендіреді, ең мықтағанда, еңбекшілер бұқарасының азын-аулақ жоғарғы тобына капиталистерден өте аз уақытқа кішкентай кеңшілік әпереді, ал бүкіл шешуші, бүкіл маңызды мәселеде ұсақ буржуазиялық демократия әрқашан буржуазияның соңынан салпаңдайды, соның дәрменсіз шылауы, финанс корольдерінің тіл алғыш құралы болады. Англия мен Францияның тәжірибесі мұны талай рет растаған.

Әсіресе империалистік соғыстың және содан туған аса терең дағдарыстың әсерімен оқиғалар өте-мөте шапшаң дамыған орыс революциясының тәжірибесі, 1917 жылғы февральдан июльге дейінгі осы тәжірибе, ұсақ буржуазия жағдайының тұрлаусыздығы туралы ежелгі маркстік ақиқатты тамаша айқын, тамаша көрнекті түрде растады.

Орыс революциясының сабағы мынадай: еңбекшілер бұқарасы эсерлер мен меньшевиктер партияларынан толық қол үзбесе, олардың сатқындық ролін айқын ұғынбаса, буржуазиямен қандай болса да бір келісімге келуден бас тартпаса, революцияшыл жұмысшылардың жағына біржолата шықпаса, соғыстың, ашаршылықтың, помещиктер мен капиталистерге кіріптар болудың темір құрсауынан құтыла алмайды. Тек революцияшыл

жұмысшылар ғана, егер оларды ең кедей шаруалар қолдайтын болса, капиталистердің қарсылығын жеңе алады, халықты жерді төлем ақысыз алуға, толық бостандыққа, аштыққа, жоқшылықты жеңуге, соғысты жеңуге, әділ және баянды бейбітшілікке жеткізе алады.

СОҢҒЫ СӨЗ

Бұл мақала июльдің аяғында жазылған еді, бұл текстен де көрініп тұр.

Революцияның августағы тарихы мақалада айтылған жайттарды толық растады. Содан соң августың аяғында Корниловтың көтерілісі[47] революцияның жаңа бетбұрысын туғызды, кадеттердің контрреволюциялық генералдармен одақтасын алып, Советтерді қуып жіберуге, монархияны қайта орнатуға тырысып отырғанын бүкіл халыққа айқын көрсетті. Революцияның бұл жаңа бетбұрысының қаншалықты күшті болатынын, ол буржуазиямен келісудің апатты саясатына тоқтау сала ала ма, жоқ па, мұны таяу уақыт көрсетеді...

Н. Ленин

6 сентябрь, 1917 ж.

СТОКГОЛЬМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНДЕ КАМЕНЕВТІҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ТУРАЛЫ[48]

Каменев жолдастың Орталық Атқару Комитетінде 6 августа Стокгольм конференциясы жөнінде сөйлеген сөзі өз партиясына, өз принциптеріне адал большевиктер тарапынан тойтарыс алмай тұра алмайды.

Каменев жолдас сөзінің бірінші сөйлемінде-ақ ресми сипатта мәлімдеме жасады, мұның өзі оның сөзіне тура жан түршігерлік сипат береді. Каменев жолдас мен өз атымнан сөйлеп тұрмын, «біздің фракциямыз бұл мәселені талқылаған жоқ» деп ескертеді.

Біріншіден, ұйымдасқан партияда маңызды мәселелер жөнінде жеке мүшелер қашаннан бері «өз атынан» сөйлейтін болған, мәселені фракция талқыламаған екен, Каменев жолдастың сөз сөйлеуге правосы да жоқ еді. Оның айтқан сөздерінен шығатын бірінші қорытынды осы.

Екіншіден, партияның Орталық Комитетінің Стокгольмдегі конференцияға қатысуға қарсы болған шешімі барын ұмытуға Каменев жолдастың қандай правосы бар еді. Егер бұл шешімді съезд немесе Орталық Комитеттің жаңа шешімі күшінен айырмаған болса, ол шешім партия үшін заң болып қала береді. Егер ол күшінен айрылған болса, онда Каменев жолдас бұл туралы үндемей қала алмас еді; «біз, большевиктер, осы уақытқа дейін Стокгольм конференциясы жөнінде теріс пікірде болып келдік» деп өткен шақта сөйлей алмас еді.

Тағы да бәз-баяғы қорытынды шығады. Каменевтің сөз сөйлеуге правосы болмағаны былай тұрсын, сонымен қатар тұпа-тура партияның қаулысын бұзды, тұпа-тура партияга қарсы сөйледі, Орталық Комитеттің ол үшін міндетті шешімі туралы бір ауыз сөз де айтпай, партияның еркін бұзды. Ал бұл шешім кезінде «Правдада» жарияланды және егер Циммервальд конференциясы Стокгольм конференциясына қатысуды жақтап шықса, партияның өкілі бұл конференциядан кетіп қалады деген қосымша да басылды*.

Стокгольм конференциясына қатысуға большевиктердің «бұрын» теріс пікірде болғанының дәлелдерін Каменев дұрыс баяндамады. Оған социал-империалистердің қатысатындығы, олармен араласу революцияшыл социал-демократ үшін масқара екендігі туралы ол ештеңе айтпады.

Мойындау қаншалықты күйінішті болса да, мынаны мойындау керек: жиі-жиі және көп нәрсені шатастырған Старостин революциялық социал-демократияның көзқарасын Каменевтен гөрі 1000 мәрте жақсырақ, дұрысырақ, лайықтырақ білдірді. Социал-империалистермен, министрлермен, Россиядағы жендеттіктің көмекшілерімен бірге кеңеске бару — масқара және сатқындық. Онда интернационализм туралы айтудың да қажеті жоқ.

Істің шын мәнінде, Каменевтің Стокгольм жөніндегі біздің көзқарасымызды «өзгертуді» жақтайтын дәлелдері кісі күлерліктей әлсіз.

«Осы (??) кезден бастап,— деді Каменев,— Стокгольм империалистік мемлекеттердің қолындағы дүлей құрал болудан қалғандығы (??) бізге айқын болды».

Бұл бекер. Бірде-бір факт жоқ және Каменев елеулі ештеңе келтіре алмады. Егер ағылшын-француз социал-империалистері бармаса, ал неміс социал-империалистері барса, мұның да принциптік өзгеріс болғаны ма?? Интернационалистің көзқарасы тұрғысынан мұның жалпы алғанда өзгеріс болғаны ма? Даниялық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 74-бет. *Ред.*

социал-империалистің дәл осындай жағдайы жөнінде біздің партиямыз конференциясының шешімін (29 апрельдегі) Каменевтің әлдеқашан-ақ «ұмытып» үлгіргені ме?

«Стокгольмнің үстінде,— деді бұдан соң Каменев, газеттердің хабарлауына қарағанда,— революциялық ту кең жайылып желбірей бастады, бұл тудың астына бүкіл дүние жүзілік пролетариаттың күштері жиналуда».

Бұл — Чернов пен Церетели рухында бостан бос сайраудың өзі. Бұл — барып тұрған өтірік. Революциялық ту емес, мәмлеге келудің, келісімдер жасасудың, социал-империалистерге кешірім берудің, аннексияны бөлісу туралы банкирлердің келіс сөз жүргізуінің туы,— міне, іс жүзінде Стокгольм үстінде осындай ту желбірей бастады.

Революциялық интернационализм үшін бүкіл дүние жүзі алдында жауапты интернационалистер партиясының орыс және неміс социал-империалистерінің құлықсұмдықтарына, буржуазиялық империалистік үкіметтің министрлері Черновтардың, Скобелевтердің және $К^0$-нің құлық-сұмдықтарына еліріп, өзінің абыройын төгуіне төзуге болмайды.

Біз III Интернационалды құруға ұйғардық. Біз барлық қиыншылықтарға қарамастан мұны жүзеге асыруға тиістіміз. Кейін қарай, социал-империалистердің және социализм жағынан оның жаулары жағына өтіп кеткендердің арасындағы мәмлеге келуге қарай бірде-бір қадам жасалмасын!

«Пролетарий» № 3,
29 (16) август, 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЗАГОВОР ТУРАЛЫ ҚАУЕСЕТТЕР

«Новая Жизньнің» 17 августағы 103-номерінде осы тақырыппен басылған заметка мейлінше зер салуға тұрады және заметкада елеулі бірдеңе деп көрсетілетін нәрсенің мүлдем елеусіз екеніне қарамастан, оған [тағы да және тағы да] тоқталып өту керек.

Оның мазмұны мынаған келіп саяды: Москвада 14 августа кейбір казак бөлімдері майданнан Москваға келе жатыр-мыс және мұнымен қатар «белгілі бір әскери топтар Москваның кейбір қоғамдық топтарының тілектестігі жағдайында» «батыл контрреволюциялық бас көтерулер» ұйымдастырып жатыр-мыс деген лақаптар тарады. Содан соң, әскери өкімет орындары мұны солдат және жұмысшы депутаттары Москва Советіне мәлім етіпті-міс және «Орталық Атқару Комитеті өкілдерінің қатысуымен» (яғни меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен) қаланы қорғау қажеттігіне, т. т. байланысты солдаттарды таныстыруға шаралар қолданыпты-мыс. «Бұл әзірліктерге көптеген әскери бөлімдерде ықпалды болып отырған москвалық большевиктердің өкілдері де қатыстырылды, олардың бұл ретте ол бөлімдерге өтуіне жол ашық болды» деп аяқталады заметка.

Осы соңғы сөйлем қасақана көмескі және екіұшты құрылған: егер большевиктер көптеген әскери бөлімдерде ықпалды болса (бұл даусыз және жалпыға мәлім), онда большевиктердің бұл бөлімдерге өтуіне кім, қалайша «жол аша» *алды* екен? Бұл көрінеу қисынсыздық қой. Ал егер большевиктердің «бұл ретте»

қандай да болса әскери бөлімдерге өтуіне шын мәнінде «жол ашса» (кім? сірә, меньшевиктер мен эсерлер шығар!), мұның мәнісі — большевиктер мен қорғампаздардың арасында «контрреволюциядан қорғану» жөнінде белгілі бір *блок,* одақ құрылып, сөз байласылды деген сөз.

Міне, осы жағдай үстірт заметкаға елеулі маңыз береді және барлық саналы жұмысшылардың әлгі айтылған фактілерге өте-мөте зейін қойып карауын талап етеді.

Қорғампаздардың, яғни меньшевиктер мен эсерлердің таратқан қауесеттері көрінеу қисынсыз және бұл қауесеттерді таратқандағы пасық, жексұрып саяси есепсымағы әбден айқын көрініп тұр. Шынында, нақ қорғампаздар бейнебір қорғағысы келетін Уақытша үкімет контрреволюциялық үкімет болып табылады. Шынында, майданнан астаналарға, мәселен, Петроградқа 3 июльде казак әскерлерін нақ Уақытша үкімет пен «социалист»-министрлер шақырды; мұны Москвада өткен контрреволюциялық империалистік кеңесте казак генералы Каледин ресми түрде растады да. Бұл факт.

Меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелейтін, олардың революцияны сатып кеткендігін, *олардың* контрреволюционерлермен *одақ* жасасқанын, *олардың* Калединдермен *одақ* жасасқанын дәлелдейтін осы фактіні, міне, осы фактіні меньшевиктер мен эсерлер казактардың Москваға келе жатқандығына Керенскийдің, Церетелидің, Скобелевтің, Авксентьевтің қатысы жоқ екен, меньшевиктер мен эсерлер «революцияны қорғайды-мыс» деген және сол сияқты «лақаптар» арқылы басып тастамақ, көмескілемек, ұмыттырмақ болады. Сатқын меньшевиктер мен қорғампаздардың саяси есепсымағы айдан анық: олардың жұмысшыларды алдағысы, өздерін революционерлерміз деп көрсеткісі келеді, большевиктер туралы бірдеңе біліп алғысы келеді (әрине, контрразведкаға жеткізу үшін), өздерінің беделін жамап-жасқамақ болады! Мұның өзі ақ жіппен көктелгені көрініп тұрған қаншалықты дөрекі іс болса, соншалықты сұрқиялық есеп! Ақымақтық «қа-

уесетті» ойдан шығара салып, арзан бағамен біз большевиктік әскери бөлімдерге «өте аламыз» және казактар Уақытша үкіметті құлатқысы келеді екен, үкімет казактармен блокта *емес* екен, ол үкімет «революцияны қорғайды» екен деп және басқа тағы сондайларды айтып аңқау адамдарды сендіріп, жалпы алғанда бұл үкіметке сенім көрсетуді ығайта түсеміз деседі.

Есепсымақ айқын. Қауесеттер ойдан шығарылған, қисынсыз қауесеттер ғой. Ал Уақытша үкіметке сенімді тап-таза күйінде аламыз, айтпақшы, бізбен «блок» жасасуға большевиктерді де тарта аламыз емес пе деседі!

Большевиктерден қазір қорғампаздармен блок жасасуға бара алатын ақымақтар мен оңбағандар табыла қояды дегенге сене қою қиын. Бұған сену қиын, өйткені, біріншіден, РСДРП VI съезінің тікелей қарары[19] бар (қараңыз: «Пролетарий»[50], № 4), онда «меньшевиктер пролетариат жауларының жағына біржолата өтіп кетті» делінген. Жаулар жағына біржолата өтіп кеткен адамдармен келісімге келмес болар, олармен блок жасаспас болар. «Революциялық социал-демократияның ең бірінші міндеті»,— делінген одан әрі сол қарарда,— «оларды (қорғампаз-меньшевиктерді), жұмысшы табының азды-көпті революциялық элементтерінің бәрінен мейлінше толық оқшаулау» болып табылады. Меньшевиктердің эсерлермен бірге осы оқшаулауға қарсы қисынсыз қауесеттер тарату арқылы да күресіп отырғаны айқын. Питердегі сияқты, Москвада да меньшевиктер мен эсерлердің сатқындық, контрреволюциялық саясатын жұмысшылардың барған сайын айқын көріп, олардан барған сайын теріс айналып отырғаны, сөйтіп «істі оңдау» үшін қорғампаздардың «қайдан шықса, одан шықсынның» кебіне түсуіне тура келіп отырғаны айқын.

Съездің осындай қарары болып отырғанда, «жол ашу» туралы немесе Уақытша үкіметке (өзін бейнебір казактардан қорғап отырған үкіметке) жапамалап сенім білдіру туралы қорғампаздармен блок жасасуға бара алатын большевиктер, ондай большевиктер, әлбетте, дереу — және лайықты сазайын тартып — партиядан шығарылған болар еді.

Бірақ Москвада немесе басқа қай жерде болса да қорғампаздармен блок жасасуға, тіпті уақытша болса да, ортақ, осыған ұқсас мекемелер құруға, қандай болса да сөз байласуға және т. с. бара алатын большевиктер табыла қояр дегенге сену тағы басқа себептер бойынша да қиын. Табыла қоюы қиын әлгіндей большевиктер үшін ең жақсы жорамал айтайық: олар өздеріне меньшевиктер мен эсерлер жеткізген қауесеттерге аңғалдығынан шынында да сеніп қалған екен делік, сендіру үшін оларға тағы да ойдан шығарылған қайдағы бір «фактілерді» хабарлаған екен делік. Әрине, бұл ретте де адал немесе мүлдем есінен айрылмаған большевиктің ешқайсысы қорғампаздармен қандай болса да блок жасасуға, «жол ашу» жөнінде қандай болса да сөз байласуға, т. т. аттап баспас еді. Тіпті бұл ретте де большевик былай дер еді: егер контрреволюциялық әскерлер қазір Уақытша үкіметке қарсы шабуыл жасай бастаса, біздің жұмысшылар, біздің солдаттар үшінші июльде Калединді және К⁰-ні шақырған бұл үкіметті қорғап *емес,* революцияны дербес қорғап, өзінің мақсаттарын көздеп, империалистердің — Керенскийдің, Авксентьевтің, Церетелидің, Скобелевтің және К⁰-нің жеңуі емес, жұмысшылардың жеңуі, кедейлердің жеңуі, бейбітшілік ісінің жеңуі мақсаттарын көздеп, ол контрреволюциялық әскерлерге қарсы шайқасатын болады. Біз жорамалдаған осы айрықша сирек жағдайдың өзінде де большевик меньшевиктерге былай дер еді: әрине, біз шайқасамыз, бірақ біз сіздермен титтей де болса саяси одақ жасасуға, сіздерге титтей де болса сенім білдіруге бармаймыз,— 1917 жылдың февралында социал-демократтар кадеттермен бірлесіп, бірақ кадеттермен ешқандай одақ жасасуға бармай, оларға бірде-бір секунд сенбей, патша өкіметіне қарсы қалай шайқасса, дәл солай етеміз. 1905—1917 жылдары кадеттерге сенім білдіру революцияға қандай опасыздық істеу болатын болса, меньшевиктерге титтей де болса сенім білдіру қазір тап сондай опасыздық істеу болған болар еді.

Большевик жұмысшылар мен солдаттарға былай дер еді: келіңдер, бірге шайқасайық, бірақ өз жеңістерің-

нің жемісін бөтеннің тартып алуын тілемесеңдер, меньшевиктерге титтей де сенім білдірмеңдер.

Өздері қолдап отырған үкімет іс жүзінде *қазірдің өзінде-ақ* Калединдермен *блок* жасасып алған болса да, *қазірдің өзінде-ақ* контрреволюциялық үкімет болса да, Калединдермен жасасқан өзінің бұл блогының шарттарын орындау үшін *қазірдің өзінде-ақ* көптеген қадам жасаса да және күн сайын жаңа қадамдар жасап отырса да, ол үкімет революцияны қорғап қалады деп жалған қауесеттер таратып, жорамалдар жасау меньшевиктерге өте тиімді.

Бұл қауесеттерге сену, оларды тікелей немесе жанамалап қолдау большевиктер тарапынан революция ісіне опасыздық істеу деген сөз болар еді. Қазір революцияның табысты болуының басты кепілі — меньшевиктер мен эсерлердің сатқындығын бұқараның айқын түсінуі, олармен байланысты толық үзуі, 1905 жылдың тәжірибесінен кейін кадетке қандай бойкот жасалған болса, оларға әрбір революцияшыл пролетардың сөзсіз сондай бойкот жасауы.

((Бұл мақаланы мен партиялық газеттер мен журналдардың бірнешеуінде бір мезгілде басып шығару үшін және сонымен бір мезгілде мынадай қосымшамен өз атымнан Орталық Комитетке ұсыну үшін бірнеше дана етіп көшіріп жазуды өтінемін:

Мен осы мақаланы менің Орталық Комитетке баяндамам деп қарауды өтінемін, бұған қосымша менің ұсынысым — әлгіндей негізде большевиктердің қорғампаздармен ортақ мекемелері болды ма, блоктар немесе сөз байласулар болды ма, олардың мәнісі неде болды және т. с. фактіні анықтау үшін Орталық Комитетке мүше емес москвалықтарды қатыстыра отырып, Орталық Комитет ресми тергеу тағайындасын. Фактілерді және болған істің толық жай-күйін ресми түрде тергеу керек, бәрін егжей-тегжейіне дейін білу керек. Егер блок жасасу фактісі расталса, Орталық Комитеттің немесе Москва комитетінің мүшелерін жұмыстан тайдыру керек және оларды ресми түрде тайдыру туралы мә-

селені съезге дейін Орталық Комитеттің кезекті пленумына ұсыну керек. Өйткені нақ Москва *қазір,* Москва кеңесінен кейін, ереуілден кейін, 3—5 июльден кейін, *орталықтың* маңызына ие болып келеді немесе ие бола алады. Петроградтан үлкен бұл аса зор пролетарлық орталықта 3—5 июльдегі қозғалыс типтес қозғалыстың өрістеуі әбден мүмкін. Онда Питерде міндет бейбіт және ұйымдасқан сипат беру болып еді. Бұл дұрыс ұран *еді.* Қазір Москвада міндет мүлде басқаша *болып отыр;* ескі ұран мейлінше теріс болар еді. Ендігі міндет — *өкіметті* өздерінің *алуы* және бейбітшілік үшін, шаруаларға жер беру үшін, жергілікті жерлерде шаруалармен келісу арқылы Құрылтай жиналысын мерзімінде шақыру үшін өздерін үкімет деп жариялау және т. т. болар еді. Жұмыссыздықтың, ашаршылықтың, темір жол стачкасының, күйзелістің және т. с. негізінде ондай қозғалыстың Москвада бұрқ ете түсуі әбден мүмкін. Москваны оңға қарай ауытқымайтын, меньшевиктермен блок жасаспайтын, қозғалыс болған жағдайда *жаңа* міндеттерді, өкіметті алудың *жаңа* ұранын, оған жетудің *жаңа* жолдары мен амалдарын түсінетін адамдардың «басқарып» отыруы өте-мөте маңызды. Міне, сондықтан блок жөніндегі іс бойынша «тергеу» және егер блок жасалған болса, блокшыл-большевиктердің бетіне басу, оларды тайдыру тек тәртіп үшін ғана, істеліп қойған ақымақтықты түзету үшін ғана қажет емес, қайта *болашақ* қозғалыстың аса елеулі мүдделері үшін қажет. Думаға дауыс беру кезінде көпшілік эсерлер жағында екеніне қарамастан, *белсенді* пролетариат большевиктердің соңынан еретінін 12 августа Москвада өткен стачка дәлелдеді. Бұл 1917 ж. 3—5 июльдің алдында Питерде болған жағдайға өте-мөте ұқсас. Бірақ айырмашылығы аса зор: онда Питердің өкіметті алуға тіпті күші де жетпес еді, ал егер күші жетіп, өкіметті алса, онда саяси жағынан ұстап тұра алмас еді, өйткені ол кезде Церетели мен К⁰ жендеттікті қолдауға дейін құлдыраған жоқ еді. Міне, сондықтан *онда,* 1917 ж. 3—5 июльде, Питерде өкіметті қолға алу ұраны *дұрыс болмас* еді. Онда Церетели мен К⁰-ні контрреволюционерлер деп атауға

тіпті большевиктердің де саналы батылдығы болған жоқ және бола алмады да. Онда солдаттарда да, жұмысшыларда да июль айы берген тәжірибе болмады.

Қазір жағдай мүлде басқаша. Қазір Москвада, егер стихиялық қозғалыс бұрқ ете түссе, ұран пақ өкіметті қолға алу болуға тиіс. Сондықтан Москвада осы ұранды *әбден* түсінген және ол жайында ойланған лайықты адамдардың қозғалысқа басшылық етуі өте маңызды және жүз мәрте маңызды. Міне, сондықтан тергеу жүргізуді және айыптыларды тайдыруды қайта-қайта талап етуге тура келеді.))

1917 ж. 18—19 августа (31 август — 1 сентябрьде) жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒАШТЫҢ ТАСАСЫНАН ОРМАНДЫ КӨРМЕЙДІ

Советтердің Орталық Атқару Комитетінің 4 августағы мәжілісінде Л. Мартов былай деді (цитатты «Новая Жизньнің» есебінен алып отырмыз): «Церетелидің айтқан сыны тым жұмсақ», «әскери ортадағы контрреволюциялық әрекеттерге үкімет тойтарыс бермей отыр», «қазіргі үкіметті құлату немесе оған сенімді әлсірету біздің мақсатымызға кірмейді...». «Күштердің нақтылы арақатынасы,— деді одан әрі Мартов,— өкімет билігінің Советтерге көшуін талап етуге қазір негіз бермей отыр. Мұның өзі қазір жол беруге болмайтын азамат соғысы процесінде ғана мүмкін болар еді». «Біздің үкіметті құлатпақ ниетіміз жоқ,— деп аяқтайды Мартов,— бірақ елдің ішінде кадеттер мен әскери адамдардан басқа күш бар екенін біз оған көрсетуге тиістіміз. Ол — революциялық демократия күштері, ал Уақытша үкімет сол күштерге сүйенуге тиіс».

Мартовтың бұл пайымдаулары тамаша, ол барынша мұқият тоқталуға тұрарлықтай. Бұл пайымдаулардың тамаша болатын себебі мынадай: ұсақ буржуазиялық бұқараның ең етек алған, ең зиянды, ең қауіпті саяси қателерін, оған мейлінше тән соқыр сенімдерді ерекше бадырайта қайталайды. Осы бұқараның барлық өкілдерінің ішінде Мартов, публицист ретінде, сірә, ең «солшылдардың», ең революцияшылдардың, ең саналылардың және шеберлердің бірі болса керек. Нақ сондықтан құрғақ сөзді қақпақыл қылушы қайдағы бір Черновтың немесе топас Церетелидің және т. с. пайым-

дауларынан гөрі Мартовтың пайымдауларын талдау пайдалырақ. Мартовты талдай отырып, біз қазір ұсақ буржуазияның идеяларындағы неғұрлым көксейге қонымды нәрсені де талдайтын боламыз.

Бәрінен бұрын, Мартовтың өкімет билігінің Советтерге көшуі туралы мәселе жөніндегі ауытқулары өтемөте көзге түседі. 4 июльге дейін Мартов бұл ұранға *қарсы* болды. 4 июльден кейін ол *жақтап шықты.* Августың бас кезінде ол тағы да қарсы болды және оның келтірген дәлелі марксизм тұрғысынан қандай адам айтқысыз қисынсыз, қандай таңырқарлық екені есіңізде болсын. Ол қарсы, өйткені «күштердің нақтылы арақатынасы өкімет билігінің Советтерге көшуін талап етуге қазір негіз бермей отыр. Мұның өзі қазір жол беруге болмайтын азамат соғысы процесінде ғана мүмкін болар еді».

Неткен шатасқандық десеңізші. Демек, 4 июльге дейін өкімет билігінің мұндай көшуі азамат соғысы *болмай-ақ* мүмкін еді (қасиетті ақиқат!), бірақ нақ сол кезде Мартов өкімет билігінің... көшуіне қарсы болды. Демек, екіншіден, 4 июльден кейін, Мартов өкімет билігінің Советтерге көшуін жақтап шыққан кезде өкімет билігінің ондай көшуі азамат соғысынсыз мүмкін болған сияқты: мұның өзі іс жүзінде көрінеу, сорақы өтірік, өйткені нақ 4 июльден 5 июльге қараған түнде бонапартистер кадеттердің қолдауымен және Черновтардың, Церетелилердің малайлық қызмет етуімен Питерге контрреволюциялық әскерлерді алып келді. Мұндай жағдайда өкімет билігін бейбіт жолмен алу мүлде мүмкін болмас еді.

Ақырында, үшіншіден, Мартовтың айтуынша былай болып шығады: халықтың мүдделері мен революцияның мүдделерін дұрыс білдіретін ұран «азамат соғысы процесінде ғана» жүзеге асырылуы мүмкін дегенге сүйеніп, марксист немесе тіпті жай революцияшыл демократ ол ұраннан бас тартуға праволы сияқты.... Ал бұл көрінеу сандырақ қой, тап күресі атаулыдан, революция атаулыдан көрінеу бас тартқандық қой. Өйткені барлық революциялардың бүкіл дүние жүзілік тарихы бізге тап күресінің азамат соғысына кездейсоқ емес,

сөзсіз айналатындығын көрсетіп отырғанын кім білмейді. Нақ 4 июльден *кейін* біз Россияда контрреволюциялық буржуазияның тарапынан азамат соғысы басталғанын, полктердің қарусыздандырылуын, майданда кісі атуды, большевиктердің өлтірілуін көріп отырғанымызды кім білмейді. Оқиғалардың даму барысы контрреволюциялық буржуазияның азамат соғысын жүргізуіне бұлтартпайтын қажеттілікпен әкеп соғып отырған кезде, дәл осы кезде, көресіздер ме, революциялық демократия үшін азамат соғысы «жол беруге болмайтын іс» екен.

Мартов мейлінше ақылға сыймайтын, таңырқарлық, мейлінше дәрменсіз түрде шатасты.

Оның шым-шытырық шатасуының түйінін шеше келіп, мынаны айту керек:

Нақ 4 июльге дейін бүкіл өкімет билігінің сол кездегі, сол Советтерге көшуі ұраны бірден-бір дұрыс ұран еді. Ол кезде бұл бейбіт жолмен, азамат соғысынсыз мүмкін еді, өйткені 4 июльден кейін қолданылған, бұқараға, халыққа үздіксіз зорлық істеу ол кезде әлі болмаған еді. Ол кезде мұның өзі бүкіл революцияның бейбіт жолмен ілгері дамуын, атап айтқанда, Советтер *ішінде* таптар мен партиялар күресінің бейбіт жойылу мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырды.

4 июльден кейін өкімет билігінің Советтерге көшуі азамат соғысынсыз мүмкін болмай қалды, өйткені 4—5 июльден бастап өкімет билігі кадеттер мен қаражүздіктер қолдаған әскери, бонапартистік сұрқия топқа көшті. Бұдан шығатын қорытынды: барлық марксистер, революцияшыл пролетариатты жақтаушылардың бәрі, адал пиетті революцияшыл демократтардың бәрі жағдайдың түбегейлі өзгергендігін, ал мұның өзі өкімет билігінің пролетарлар мен жартылай пролетарларға көшуінің басқа жолын талап ететіндігін қазір жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіріп берулері *тиіс*.

Мартов «қазір» азамат соғысына жол беруге болмайтындығы туралы өзінің «пікірін» қорғауға, өз мақсатына «қазіргі үкіметті құлату кірмейді» деген мәлімдемесін қорғауға дәлел келтірген жоқ. Дәлел келтіріл-

меген соң, оның пікірі, әсіресе қорғампаздық жиналыста айтқан пікірі лажсыздан қорғампаздық дәлелге ұқсайды: ел ішінде азамат соғысына жол беруге болмайды-мыс, сыртқы жау қатер төндіріп отыр-мыс дегенге келеді.

Мұндай дәлелді ашық айтуға Мартовтың батылы бара қояр ма еді, онысын білмейміз. Ұсақ буржуазия бұқарасының арасында бұл ең өтімді дәлел. Және, әрине, ең жексұрын дәлел. Сыртқы жау қатер төндіріп тұрған кезеңдерде, Францияда 1870 жылдың сентябрінде де, Россияда 1917 жылдың февралында да буржуазия революциядан және азамат соғысынан қорықпады. Сыртқы жау қатер төндіріп тұрған кезеңдерде буржуазия, азамат соғысын жүргізу арқылы, өкімет билігін өз қолына алудан қорықпады. Революцияшыл пролетариат буржуазияның суайттары мен малайларының бұл «дәлелімен» дәл солайша аз санасатын болады.

* *
*

Мартовтың жасап отырған және сонымен қатар ұсақ буржуазияның саяси идеяларының бүкіл ауқымы үшін ерекше тән ең бір сорақы теориялық қателердің бірі— патшашылдық және жалпы алғанда монархиялық контрреволюцияны буржуазиялық контрреволюциямен шатастырушылық. Бұл — буржуазияға өзінің экономикалық, саяси және идеялық тәуелділігінен құтыла алмайтын, буржуазияға бірінші орынды беретін, оны «үлгі» деп білетін, «оң жақтағы контрреволюцияның» қауіптілігі туралы оның даурықпасына сенетін ұсақ буржуазияшыл демократтың өзіне тән тар өрістілігі немесе өзіне тән топастығы.

Мартов өз сөзінде: «Оған (үкіметке) оң жақтан қысым жасалуына қарама-қарсы біз қарсы қысым жасауға тиістіміз» деп айтып, ұсақ буржуазияның осы идеялар ауқымын білдірді, немесе, дұрысырақ айтқанда, оның шалағай ойлайтындығын білдірді.

Міне бұл филистерлік сенгіштіктің және тап күресін ұмытушылықтың үлгісымағы. Үкімет таптан, партиядан тыс тұрған бірдеңе болып шығады, оған тек оң

жақтан тым қатты «қысым жасалып отыр», сол жақтан қаттырақ қысым жасау керек. О, Луи Бланға, Черновқа, Церетелиге және осы күллі жексұрын қауымға лайық ақылгөйлік-ай. Осы филистерлік ақылгөйлік бонапартистерге қандай шексіз тиімді, олардың қазіргі үкімет ақиқат мемлекеттікті орындап, ақиқат демократизмді жүзеге асыра отырып, оң жақта да, сол жақта да шектен шығушылықтарға ғана қарсы күресуде деп, «ақымақ мужиктерге» істі нақ осындай түрде көрсетуді олар қандай тілейді, ал іс жүзінде нақ осы бонапартистік үкімет контрреволюциялық буржуазияның үкіметі болып табылады.

Істің жайын буржуазия «жалпы алғанда революцияның» өкілі-міс, «ал оң жақтан, патша жағынан, контрреволюция қатер туғызып отыр» деп суреттеп халықты алдау буржуазияға тиімді (және оның үстемдігін мәңгілік ету үшін қажет те). Ұсақ буржуазияның тұрмыс жағдайынан нәр алатын бұл идея Дандар мен Церетелилердің шексіз топастығымен ғана, Черновтар мен Авксентьевтердің шексіз мардамсуымен ғана жалпы алғанда «революциялық демократия» ортасында өмір сүріп келеді.

Бірақ тарихтан немесе маркстік ілімнен аз да болса бірдеңеге үйренген әрбір адам саяси талдаудың негізіне *таптар* туралы мәселе қойылуы керектігін мойындауға тиіс: қандай таптың революциясы туралы сөз болып отыр? Ал контрреволюция қандай таптыкі?

Францияның тарихы бізге мынаны көрсетеді: бонапартистік контрреволюция XVIII ғасырдың аяқ шенінде (ал кейін екінші рет 1848—1852 жылдары) өз тарапынан легитимдік монархияның қайта орнауына жол сала отырып, контрреволюциялық буржуазияға сүйеніп өсіп шықты. Бонапартизм демократиялық өзгерістер мен демократиялық революция жағдайында буржуазияның контрреволюцияшылдығынан өсіп шығатын басқару формасы болып табылады.

Біздің көз алдымызда осыған өте ұқсас жағдайда Россияда бонапартизмнің қалай өсіп отырғанын көрмеу үшін көзді қасақана жұмып алу керек шығар. Патшашылдық контрреволюция қазір түкке тұрмайды,

оның титтей де саяси маңызы жоқ, ол ешқандай саяси роль атқармайды. Ақымақтарды қорқыту үшін, филистерлерді саяси сенсациямен сыйлау үшін, нағыз елеулі контрреволюциядан халықтың назарын басқа жаққа аудару үшін шарлатандар патшашылдық контрреволюцияны әдейі құбыжық етіп, қампита көрсетіп отыр. Қайдағы бір түкпірдегі одақтас «Қасиетті Русьтің» контрреволюциялық ролін салмақтауға тырысып қоқыраятын, ал Россияның бүкіл буржуазиясының кадеттер партиясы деп аталатын одағының контрреволюциялық ролін «байқамайтын» Зарудный дейтін біреудің пайымдауларын оқығанда күлмеуге болмайды.

Кадеттер партиясы — Россиядағы буржуазиялық контрреволюцияның басты саяси күші. Бұл күш сайлауда да, әскери және азаматтық басқару аппаратында да (бұл сайлаудағыдан да маңыздырақ), әуелі большевиктерге, яғни революцияшыл пролетариаттың партиясына қарсы, одан соң Советтерге қарсы газеттегі өтірік, жалақорлық, қуғындау науқанында да қаражүзділердің бәрін өз төңірегіне керемет топтастырды.

Қазіргі үкімет 1917 жылғы марттан бастап кадеттер партиясы үздіксіз уағыздаған және әзірлеген саясаттың нақ өзін бірте-бірте, бірақ бұлжытпай жүргізіп отыр. Империалистік соғысты қайта бастау және ұзаққа созу, бейбітшілік туралы «мылжың сөзді» тоқтату, министрлердің газеттерді, одан кейін съездерді жабуына, содан соң тұтқындау мен жер аударуына право беру, өлім жазасын қайта қолдану, майданда кісі ату, жұмысшылар мен революциялық полктерді қарусыздандыру, астанаға контрреволюцияшыл әскерлерді қаптату, өз бетімен «басып алғаны» үшін шаруаларды тұтқындау мен қудалаудың басталуы, фабрикаларды жабу және локауттар,— міне, бонапартизмнің буржуазиялық контрреволюциясының бейнесін айдан анық суреттейтін шаралардың толық емес тізімі осындай.

Ал Құрылтай жиналысын шақыруды кейінге қалдыру және Москвада «Земство жиынының» бонапартистік саясатқа «тәж кигізуі», Құрылтай жиналысын соғыс аяқталғанға дейін кейінге қалдырудың осы өтпелі ады-

мы ше? Мұның өзі бонапартистік саясаттың інжу-маржаны емес пе? Ал Мартов буржуазиялық контрреволюцияның бас штабының қайда екенін көрмейді... Шынында да — ағаштың тасасынан орманды көрмейді.

* *
*

Құрылтай жиналысын шақыруды кейінге қалдыру ісінде Советтердің Орталық Атқару Комитеті, яғни онда үстем болып отырған эсерлер мен меньшевиктер қандай айтып жеткізгісіз пасық малайлық роль атқарды десеңізші! Кадеттер сыңай білдірді, кейінге қалдыру идеясын көтерді, баспасөзде науқан бастады, кейінге қалдыруды талап етіп, *казактар съезін* ұсынды. (Казактар съезі! Либерлер, Авксентьевтер, Черновтар мен Церетелилер қалай малайлық етпесін!) Қожайынның қамшысынан қорқып, оның ысқырып қалғанына жорғалай жөнелген итше меньшевиктер мен эсерлер кадеттердің соңынан бүрсеңдеп жүгіре жөнелді.

Халыққа Құрылтай жиналысын шақыру ісін марттан бері кадеттердің қандай арсыздықпен, қандай ұятсыздықпен кейінге қалдырып, кідіртіп келгенін көрсететін нақты деректердің жай жиынтығын берудің орнына, Құрылтай жиналысын мерзімінде шақыру мүмкін емес деген жалған жалтарыстар мен уәделерді әшкерелеудің орнына, осының орнына Орталық Атқару Комитетінің Бюросы тіпті Дан (тіпті Дан!) көрсеткен «күдіктерді» лезде лақтырып тастады да, осы малайлық коллегиядан екі малайды, Брамсон мен Бронзовты, «Құрылтай жиналысы сайлауын 28—29 октябрьге дейін кейінге қалдыру қажеттігі туралы...» баяндамамен Уақытша үкіметке жіберді. Москвада Земство жиынының бонапартистерге тәж кигізуіне тамаша кіріспе. Кімде-кім толық пасықтыққа дейін құлдырамаған болса, революцияшыл пролетариат партиясының төңірегіне топтасуға тиіс. Ол жеңбейінше халық бейбітшілікті де, шаруалар жерді де, жұмысшылар мен барлық еңбекшілер нанды да *ала алмақшы емес.*

«Пролетарий» № 6,
1 сентябрь (19 август), 1917 ж.
Қол қойған: Н. Карпов

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«РИГАНЫ АЛЫП ҚОЮ ЖӨНІНДЕГІ ЛИСТОКТЫ» БАСЫП ШЫҒАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ХАТ[51]

Бұл листокты, әрине, жария шығаруға болмайды, бірақ оны құпия шығаруға күш салу қажет. Біздің жария газеттерімізге (онсыз да ерессн еңбекпен сақталып отырған және өзіміз үшін аса маңызды) жабылып қалу қаупін төндіру және 1912—1914 жылдары қолымыздан келген нәрсені: жария мүмкіндіктерді пайдалана білмеу барып тұрған ақымақтық болар еді. Жария түрде бастырып шығарудың да, жариялылыққа ыңғайлап, мақаланы (листокты) бүлдірудің де керегі жоқ.

Сөз бостандығын үкімет көрінеу шолтитып күзеп тастаған және күн сайын шолтитып күзеп отырған кезде біздің жария сөзбен *шектелуіміз* ақымақтық қана емес, сонымен қоса опасыздық та болар еді.

Біздің большевиктердің енжарлығы аса зор екенін және құпия листоктар шығаруға жету үшін көп еңбек жұмсау керектігін мен білемін. Бірақ мен күш салған үстіне күш сала беремін, өйткені мұның өзі өмір талабы, қозғалысымыздың талабы.

Бар дауыспен еркін сөйлейтін, өзін шолтитпайтын листоктар мен листовкаларды құпия шығару керек. Оларға «Қудаланып жүрген большевиктер тобы» деп қол қою керек. Осылайша қол қоюмен шектелуге болады, оның төменгі жағына, ұсақ әріппен: «Қудаланып жүрген большевиктер тобы өздерін үкіметтің қудалауы құпия жұмыс жүргізуге мәжбүр еткен большевиктерден құралды» деген сөздерді қосып жазуға да болады. Немесе былай деуге де болады: «Қудаланып жүрген

большевиктер тобы үкіметтің қудалауы және баспасөз бостандығынан айыруы салдарынан жария большевиктік партияның шеңберінен тыс әрекет жасай отырып, еркін листоктарды құпия шығаруға мәжбүр болған большевиктерден құралды».

РИГАНЫ АЛЫП ҚОЮ ЖӨНІНДЕГІ ЛИСТОК

Жұмысшылар, солдаттар және барлық еңбекшілер!

Жау әскері Риганы басып алды. Біз тағы да бір ауыр жеңіліске ұшырадық. Күйзелушілік, соғыстың халыққа тигізген, құлақ естімеген күйзелушілігі барған сайын күшейіп, ұзаққа созыла түсуде.

Соғыс не үшін созылып отыр? Бұрынғысынша қарақшы капиталистер арасында олжаны бөлісу үшін, немістің жыртқыш капиталистері Бельгияны, Сербияны, Польшаны, Риганы және басқаларын сақтап қала ма деп, ағылшынның жыртқыш капиталистері Бағдатты, өздері тонаған неміс отарларын сақтап қала ма деп, орыстың жыртқыш капиталистері Арменияны және т. б. сақтап қала ма деп созылып отыр. Керенскийдің үкіметі меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен және қолдауымен халықты арсыздықпен алдап отыр, алдағанда да оны бітімді жасасқымыз келеді деген түк мағынасы жоқ және еш нәрсеге міндеттемейтін сөздермен алдауда, ал іс жүзінде тонаушылық соғысты соза түсуде, Константинопольді, Галицияны, Арменияны береміз деген уәдесін алған орыс капиталистерін байыту үшін патшаның ағылшын және француз капиталистерімен жасасқан құпия шарттарын жарияламай отыр.

Орыс халқы республика тұсында да капиталистер арасында жасалған құпия шарттарды, тонаушылық шарттарды орындау үшін өз қанын төгуде.

«Республикашылдар» Керенский, Скобелев, Чернов және К° құпия тонаушылық шарттарды бұзудың орнына, соғысушы барлық халықтарға бітімнің дәлме-дәл, айқын, әділетті шарттарын ұсынудың орнына орыс жұмысшылары мен шаруаларын айлар бойы алдап келеді.

Керенский меньшевиктермен және эсерлермен бірге халықты алдады. Тек жұмысшы үкіметі ғана елді аман сақтап қала алады, оны соғыстың зардаптарынан, тонаушы-капиталистердің талауынан құтқарып қала алады.

Буржуазия Ригадағы жеңіліске байланысты солдаттар, жұмысшылар мен шаруалар үшін жаңа каторгалық заңдар мен каторгалық шаралар енгізуден қазірдің өзінде дәмеленіп отыр. Шаруалардың астығы қазірдің өзінде тартып алына бастады, ал капиталистердің масқара мол пайдалары сол күйінде қалдырылып отыр, жұмысшы бақылауына жол бермей, банкирлер мен миллионерлерді әшкерелеуден қорғайтын, олардың қасиетті «коммерциялық құпиясы» сақталып отыр.

Ал меньшевиктер мен эсерлер буржуазия алдында масқаралықпен құрдай жорғалай отырып, оны қолдауда, «барлық партиялық талас-тартысты» «тастау» қажеттігін, яғни капиталистердің билеп-төстеуін және елді капиталистердің тонауын, олардың соғысты соза беруге «еркіндігін» сақтау қажеттігін айтып даурығуда...

Керенскийдің, меньшевиктер мен эсерлердің үкіметі июньде бастаған шабуылдан ондаған және жүздеген мың адам қаза тапты. Халық мұндай үкіметке төзіп отыра берсе, соғысты соза беруден ондаған және жүздеген мың адам қаза болады.

Тек жұмысшы үкіметі ғана елді құтқарып қала алады. Тек сол ғана халықты алдамайды, қайта барлық елдерге бітімнің дәлме-дәл, айқын, әділетті шарттарын дереу ұсынады.

Буржуазия халықты қорқытып, үрей туғызуға және қазір бірден бітім ұсынуға болмайды, мұның өзі «Ригадан айрылғандық», тағы сондайлар болар еді деп қараңғы адамдарды сендіруге тырысып отыр. Бұл — халықты алдау.

Егер үкіметтер, яғни капиталистердің өздері топап алған байлықтары мен бөтеннің жерін басып алу (аннексиялау) жөніндегі қасиетті праволарын қорғайтын үкіметтер бітім жасасу туралы келісетін болса да, тіпті осының өзінде де бітім жасасу туралы ұсыныс Ригадан бас тарту болып шықпас еді. Рига—немістің капиталист-қарақшыларының олжасы. Армения—орыстың капиталист-қарақшыларының олжасы. Қарақшылар бітім туралы келіскен кезде олар не әрқайсысы өз олжасын сақтап қалады, не олжаның бір бөлегін бір-біріне қайтарады. Өкімет билігі капиталистердің қолында қалып отырғанда барлық соғыстар солай аяқталып келді және солай аяқтала береді.

Ал біз *жұмысшы* үкіметі туралы айтып отырмыз: тек жалғыз осы үкімет қана бітімнің әділетті шарттарын дереу ұсына алады; бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруалары көптеген аманаттары мен шешімдерінде бұл жайында жүздеген рет қайталап айтқан болатын. Бұл шарттар — аннексиясыз, яғни бөтеннің жерін басып алмай бітім жасасу. Мұның өзі неміс те, орыс та поляктардың ықтиярлы келісімінсіз Польшаны немесе Латыш өлкесін күштеп қосып ала алмайды, түрік те, орыс та Арменияны тонай алмайды, тағы сондайлар жасай алмайды деген сөз.

Ал жұмысшы үкіметі барлық соғысушы елдерге түгелдей бітімнің осындай әділетті шарттарын қолма-қол ұсынады. Осылайша істелмей тұрғанда, бітімнің дәлме-дәл, айқын, ресми ұсыныстары жасалмай тұрғанда, құпия тонаушылық шарттар сақталып отырғанда, соғысқа керекті өнімдер шығарудан жүз миллиондаған пайда тауып отырған капиталистердің билеп-төстеуі мен тонаушылығы жойылмай тұрғанда,— осыған дейін бітім туралы сөздердің бәрі халықты тек қана алдау, бүтіндей және ар-ұяттан безіп алдау ғана болады.

Барлық капиталистік үкіметтер, соның ішінде Керенскийдің, эсерлер мен меньшевиктердің үкіметі де халықты осылай-

ша алдаумен шұғылданып отыр. Бәрі де бітім туралы түк мәні жоқ, ештеңеге міндеттемейтін бос сөздер айтады, ешкім де бітімнің дәлме-дәл шарттарын ұсынбайды, ешкім де құпия шарттарды бұзбайды, бәрі де іс жүзінде халықты қасіретке душар ететін, капиталистердің пайдаларына бола қылмысты, тонаушылық соғысты соза түсуде.

Соғыс жойылсын! Халықты алдап, соғысты созып отырған, капиталистердің тонаушылық мүдделерін қорғап, Құрылтай жиналысының сайлауын кешеуілдетіп отырған Керенскийдің, меньшевиктер мен эсерлердің үкіметі жойылсын!

Ең кедей шаруалар қолдаған жұмысшы үкіметі ғана капиталистердің тонауына тыйым салып, бітім ұсынады, еңбекшілерге нан мен бостандық береді. Әрбір жұмысшы мен солдат Керенскийдің үкіметін құлатып, жұмысшы үкіметін орнату қажеттігін халыққа түсіндіретін болсын.

1917 ж. 22 августан (4 сентябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

САЯСИ ШАНТАЖ

Әшкереленушіге қолайсыздық келтіре алатын нендей бір фактілерді немесе ойдан шығарылған «оқиғаларды» әшкерелеймін деп қорқыту, немесе оны қайсыбір басқа қолайсыз жағдайға ұшыратамын деп қорқыту арқылы ақша алу шантаж деп аталады.

Саяси шантаж дегеніміз дұшпанға саяси зиян келтіру, жала жабу, оған саяси қызмет істеткізбеу немесе саяси қызмет істеу мүмкіндігін қиындату мақсатымен әшкерелеу қаупін туғызу немесе нақты, көбінесе ойдан шығарылған «оқиғаларды» әшкерелеу болып табылады.

Біздің республикашыл, ғапу етіңіздер, тіпті демократияшыл буржуа мен ұсақ буржуа өздеріне ұнамайтын партиялар мен саяси қайраткерлерге қарсы пәле салу, өтірік-өсек айту, жала жабу «науқанын» көтеріп, өздерін саяси шантаждың сабаздары етіп көрсетті. Патша өкіметі дөрекілікпен, тағылықпен, айуандықпен қудалады. Республикашыл буржуазия өзі жек көретін пролетарлық революционер мен интернационалисті жаламен, өтірік-өсекпен, балағатпен, пәле салумен, қауесеттермен, тағы басқалармен және сондайлармен қаралауға тырысып, *пасықтықпен* қудалап отыр.

Республикашыл империалистердің қудалауының бұл тәсілдерін әсіресе большевиктер өз басынан кешірді. Большевик жалпы алғанда ақынның мына белгілі нақыл сөзін өзіне қолдана алар еді:

Мақтауды майша ағызып көптірер
Ділмарлықты мақұлдау деп санамай,
Ызалы ащы айқайды ол құптағандық деп білер[52]

Орыс революциясы басталғаннан *кейін* іле-шала бүкіл буржуазиялық және түгелдей дерлік ұсақ буржуазиялық баспасөздің бетінен большевиктерге қарсы ызалы ащы айқай естіледі. Ал большевик, интернационалист, пролетарлық революцияның жақтаушысы, әділін айтсақ, осы ызалы ащы айқайдан мақұлдау үнін «есіте» алады, өйткені буржуазияның өршеленген өшпенділігі жала жабылған, пәле тағылған, қудаланған адамның пролетариатқа дұрыс және адал қызмет еткендігінің көп ретте ең жақсы дәлелі болып табылады.

Біз буржуазияның жалақорлық тәсілдерінің шантаждық сипатын біздің партияға қатысы *жоқ* мысал арқылы, эсер Черновтың мысалы арқылы мейлінше айқын көрсете аламыз. Барып тұрған жалақорлар, кадеттер партиясының мүшелері, Милюков пен Гессен бас болып, Черновты қорқытуды немесе қуып шығуды көздеп, ол шетелде «өз елінің жеңілуін жақтап» мақалалар жазды-мыс және неміс империализмінің агенттерінен ақша алған адамдарға қатысты болды-мыс деп оған пәле-жаланы үйіп-төкті. Қудалау өрши бастады. Бүкіл буржуазиялық баспасөз мұны іліп әкетті.

Бірақ міне кадеттер мен эсерлер министрліктің белгілі бір құрамы жөнінде «ымыраға келді». Сөйтіп — о ғажап-ай!— Черновтың «ісі» ғайып болды!! Бірнеше күннің ішінде, сот болмастан, тексерілместен, документтер жарияланбастан, куәлардан жауап алынбастан, сарапшылардың қорытындысы жасалмастан,—«іс» ғайып болды. Кадеттер Черновқа наразы болған кезде жалақорлық «іс» пайда болды. Кадеттер тіпті уақытша болса да, Черновпен саяси жағынан ымыраласып еді, «іс» ғайып болды.

Алақандағыдай айқын саяси шантаж деген осы. Газеттердің адамдарды қудалауы, жала жабуы, пәле тағуы буржуазияның және Милюковтар, Гессендер, Заславскийлер, Дандар және басқалар сияқты оңбағандардың қолында саяси күрес пен саяси кек алудың құралы болып қызмет етеді. Саяси мақсатқа қол жет-

кен екен, NN-ге немесе ММ-ге қарсы «іс» «гайып болады», сөйтіп «істі» қозгаушының пасықтық кейпі, сұрқиялық арсыздығы, шантажшылдығы дәлелденеді.

Өйткені мынау айқын: шантаж *жасамайтын* адам, егер ол адал ниетпен әшкерелесе, ешқандай саяси өзгерістер тұсында да әшкерелеуін тоқтатпаған болар еді, шантаж *жасамайтын* адам өзінің әшкерелеуін қайткен күнде де ақырына дейін, соттың үкіміне дейін, жұрт толық хабардар болғанға дейін, *барлық* документтерді жинап, жариялағанға дейін немесе өзінің тарапынан қатенің немесе түсініспеушіліктің болғанын ашық және тайсалмай мойындауға дейін жеткізер еді.

Большевик емес Черновтың мысалы буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық баспасөз тарапынан большевиктерге жасалып отырған шантаж жорығының шын мәнін бізге айқын көрсетеді. Капиталдың осы сабаздарының және оның құйыршықтарының саяси мақсатқа қолдары жеткен тәрізді болған кезде, большевиктер тұтқынға алынып, олардың газеті жабылған кезде,— сол кезде шантажшылардың *үні өше қалды!* Ақиқатты ашудың барлық құралдары: баспасөз де, ақша да, шетелдік буржуазияның жәрдемі де, Россияның бүкіл буржуазиясының «қоғамдық пікірінің» көмегі де, дүние жүзіндегі ең ірі бір мемлекеттің мемлекеттік өкіметінің достық қолдауы да қолында бола отырып, осының бәрі қолында бола отырып, большевиктерге жасалған жорық сабаздарының — Милюковтар мен Гессендердің, Заславскийлер мен Дандардың,— *үні өше қалды.*

Буржуазияның тәсілдерін,— атап айтқанда: Милюковтар мен Гессендердің, Заславскийлер мен Дандардың, тағы басқаларының және басқаларының *саяси шантажшылар* екенін тез аңғаруға бүкіл өмірі бойы әзірленген сапалы жұмысшыларға бірден айқын болған нәрсе әрбір адал ниетті адам үшін де айқын болып отыр. Осыны баянды ету керек, осыны бұқараға түсіндіру керек, осыны газетте күн сайын басып шығару керек, осы туралы кітапша жазу үшін документтер жинау керек, шантажшыларга бойкот жасау керек, т. т. және т. с. Жала жабу мен шантаж жасауға қарсы күресудің пролетариатқа лайық тәсілдері міне осы!

Соңғылардың бірі болып шантаждан біздің Каменев жолдас зардап шекті. Ол іс қаралғанға дейін «қоғамдық қызметтен шеттеді». Біздің пікірімізше, бұл—қате. Шантажшыларға керегі де тек осы еді. Олар істі тексергісі келмейді. Каменевтің оңбағандарға *өз* партиясының сенімін қарама-қарсы қоюы жеткілікті еді—сонан соң мейлі «Речьтегі», «Биржевкадағы», «Деньдегі»[53], «Рабочая Газетадағы» және басқа пасық газеттердегі төбеттер үре берсін.

Егер біздің партия өз көсемдеріне буржуазияның жала жабуы себепті олардың қоғамдық қызметтен шеттеуіне келісе беретін болса, онда партия орасан үлкен зардап шегеді, пролетариатқа нұқсан келтіреді, оның жауларын қуантады. Өйткені буржуазияда газет көп, оның шантажшы жалдама жазғыштары (Заславский және К° сияқты) одан да көп, біздің партиялық қызметкерлерімізді «шеттету» оған мүлде оңай болады! Істі тексеруді, ақиқатын іздеуді буржуазия ойлап та отырған жоқ.

Жоқ, жолдастар! Буржуазиялық баспасөздің айқайына берілмейік! Шантаж жасаушы сұмпайылар — Милюковтарды, Гессендерді, Заславскийлерді қуантпайық. Пролетарлардың, саналы жұмысшылардың, 240 000 интернационалистен құралған өз партиямыздың төрелігіне жүгінейік. Бүкіл дүние жүзінде буржуазия қорғампаздармен одақтасып алып, өтірік-өсек, жала жабу, шантаж жасау тәсілдерімен интернационалистерді қудалап отырғанын ұмытпайық.

Шантажшыларды масқаралауда табанды болайық. Саналы жұмысшылар төрелігі арқылы, өз партиямыздың төрелігі арқылы титтей де болса күдіктерді талдап тексеруде табанды болайық, біз партиямызға сенеміз, біз оны заманымыздың ақыл-ойы, абыройы мен ар-ожданы деп білеміз, біз революцияшыл интернационалистердің халықаралық одағын жұмысшы табының азаттық қозғалысының бірден-бір кепілі деп білеміз.

Кадеттермен бірге бір министрлікте отырғандардың, Милюковтарға, Дандарға, Заславскийлерге қол ұшын беретіндердің «қоғамдық пікіріне» ешқандай көнушілік болмасын!

Саяси шантажшылар жойылсын! Оларға лағынет жаусын, оларға бойкот жасалсын! Жұмысшы бұқарасы алдында олардың жексұрын есімдері үздіксіз әшкеленсін! Біз қадамды нық басып, өз жолымызбен жүруге, өз партиямыздың іскерлік қабілетін қорғауға, оның көсемдерін тіпті жексұрындарға және олардың жексұрындық жаласына уақыт ысырап етуден де қорғауға тиістіміз.

«Пролетарий» № 10,
6 сентябрь (24 август), 1917 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАҒАЗ БЕТІНДЕ ҚАЛАТЫН ҚАРАРЛАР

Церетели мырза — «социалистік» министрлердің және мещандар көсемдерінің ең мылжыңдарының бірі. Оның толып жатқан сөздерін өзіңді күштесең де аяғына дейін оқып шығу қиын, ол сөздерінің мазмұнсыз және пасық екені соншалық, мүлде еш нәрсе айтпайтын, ештеңеге міндеттемейтін, мүлде ешқандай елеулі маңызы жоқ, нағыз «министрлік» сөздер. Шешеннің өзіне өзі шексіз мардымсуы бұл мәнерлі «сөздерін» (бұл сөздері өздерінің нақ мағынасыздығымен Церетелиді буржуазияның сүйген шұнағы етуге тиіс еді) мүлде төзбестіктей етеді, сондықтан да мұның әдеттен тыс топастық немесе жып-жылмағай, жап-жатық және жылымшы сөздермен бүркеліп тұрған екіжүзді саяси іскерсымақтық екенін айыру қиынға соғады.

Церетелидің сөзі неғұрлым мағынасызырақ болған сайын Петроград Советінің 18 августағы пленум мәжілісінде[54] бұл шешенге кезіккен мүлде ақылға сыймас, төтенше оқиғаны соғұрлым зор жігермен баса айту керек болады. Ақылға сыймайды — бірақ факт: Церетели қарапайым, айқын, тиянақты, шындық сөз айтып салды. Оның айтып салған сөзі кездейсоқ маңызы бар нәрсені емес, бүкіл қазіргі саяси жағдайды елеулі, түбегейлі белгілерімен қоса, негіздерімен қоса сипаттап беретін терең және елеулі саяси ақиқатты шыншылдықпен бейнелейді.

«Речьтегі» есепке қарағанда, Церетели (өлім жаза-

сын жою туралы қарарға Церетелидің қарсы шыққаны, әрине, оқушының есінде болар) былай деді:

«...Сіздердің ешқандай қарарларыңыз көмектесе алмайды. Бұл жерде қағаз бетінде қалатын қарарлар емес, нақтылы іс керек...»

Шындықтың аты — шындық. Ақылды айтылған сөздер тыңдауға да жақсы...

Әрине, бұл шындықпен Церетели бәрінен де бұрын және бәрінен де көбірек өзін-өзі соққылап отыр. Өйткені Советтің ең көрнекті көсемдерінің бірі ретінде оның нақ өзі бұл мекемені масқаралауға жәрдемдесті, жақсы ниетті тілектердің архивін дүниеге мирас етіп қалдыратын қайдағы бір либералдық жиналыстың аянышты роліне дейін оны құлдыратуға себепші болды. Эсерлер мен меньшевиктер қауқарсыз етіп тастаған Совет арқылы жүздеген «қағаз бетінде қалған қарарларды» өткізген дәл Церетелидің, басқа ешкімнің емес, әңгіме өзінің жанына бататын қарарды қабылдауға келгенде, оның «қағаз бетінде қалатын қарарлар» деп айқай салуға правосы шамалы еді. Церетели өзін «парламенттік» қарарлармен басқалардан гөрі көбірек әуреленген, олардың маңызын басқалардан гөрі көбірек көкке көтерген, олар жөнінде басқалардан гөрі көбірек әрекет істеген, ал *өзіне қарсы* қарар алынған кезде, «піспеген жүзім», шынын айтқанда, қарардың өзі қағаз бетінде қалатын қарар ғой деп даусы қарлыққанша айқайлаған парламентарийдің ерекше күлкілі жағдайында қалдырды.

Ал шындық қашанда, өтірікші адам айтса да, жалған сарынмен айтса да, шындық болып қала береді.

Қарардың қағаз бетінде қалатын қарар болу себебі революцияны қорғау үшін (ойнамаңыз!) өлім жазасы қажет деуші бұрынғы министр Церетелидің оны қағаз бетінде қалатын қарар деп айтқанынан емес. Қарардың қағаз бетінде қалатын қарар болуына себеп: онда «Совет Уақытша үкіметтен талап етеді» деген формула, 1917 жылдың мартынан бері жатталып алынған және мағынасыз қайталанып келген шаблон формула қайта айтылады. «Талап етуге» әдеттеніп кеткен ғой,

жағдайдың өзгергенін, күштің тайғанын, ал күшке сүйенбеген «талап етудің» күлкі екенін сезбей, әдет бойынша қайталай береді.

Ол ол ма, шаблонмен қайталанып жүрген «талап ету» бұқараға жағдай өзгермепті-міс, Советте күш бар-мыс, Совет «талап етіп», жұмысын тындырды-мыс, сондықтан өз борышын өтеген «революцияшыл» (кешіріңіз...) «демократша» ұйықтап жата беруіне болады-мыс деген жалған үмітке бұқараны иландырады.

Бағзы бір оқушы, сірә: саяси естілікті, күштерді есептеуді жақтаушыларга, сылдыр сөздерге қарсы адамдарға — большевиктерге қарарды жақтап дауыс беру қалайша керек болмай қалды екен деп сұрайтын болар.

Жоқ. Қарардың бір параграфында (§ 3) өлім жазасы *бұқараға* қарсы құрал (егер помещиктер мен капиталистерге қарсы құрал туралы әңгіме болса, бір сәрі еді) деген тамаша, дұрыс (негізгі, басты, шешуші) пікірдің болғаны үшін-ақ оны жақтап дауыс беру керек болды. Мещан эсерлер Мартовтың текстін бүлдірсе де және «халық мүдделеріне жат империалистік» мақсаттарға сілтеудің орнына «отан мен революцияны қорғау» туралы сөзсіз өтірік, халықты алдайтын, тонаушылық соғысты мадақтайтын бос сөздерді қыстырса да, қарарды жақтап дауыс беру керек болды.

Кейбір жерлерімен өзіміздің келіспейтінімізді ескертіп және мынадай мәлімдеме жасап, жақтап дауыс беруіміз керек болды: жұмысшылар! Совет Уақытша үкіметтен енді бір нәрсе талап ете алады деп ойламаңдар. Жалған үмітке берілмеңдер. Совет *енді* талап етуге дәрменсіз екенін, ал *қазіргі* үкімет контрреволюцияшыл буржуазияның толық тұтқыны екенін біліп қойыңдар. Осы ауыр ақиқат туралы байсалдырақ ойланыңдар. Белгілі бір формада осындай ескертулер жасап, Совет мүшелерінің *жақтап* дауыс беруіне ешкім кедергі келтірген емес.

Сонда қарар «қағаз бетінде қалатын қарар» болмас та еді.

Сонда III Александр тұсында либералдардан олардың самодержавиені «құлатқылары» келетін-келмейті-

нін сұраған Катков сияқты, дәл сол сияқты, нақ соның өзі сияқты Церетелидің Уақытша үкіметті «құлатқыларың» келе ме деп Совет мүшелеріне қойған арандатушылық сұрағына біз кездеспеген болар едік. Біз экс-министрге: сүйікті азамат, сіз кімде-кім үкіметті (помещиктер мен капиталистердің демократияның ұсақ буржуазияшыл опасыздарымен келісімі бойынша құрылған үкіметті) «құлатуға» «оқталса» немесе тіпті тек талаптанса, соларға қарсы жаңа ғана каторгалық заң шығардыңыз ғой деп жауап берген болар едік. Егер сіздер осы жағымды (сіздер үшін жағымды) заңға бірнеше большевикті «итермелеп әкелсеңіздер», сіздерді бүкіл буржуа бұрынғыдан да гөрі көбірек мақтайтынын біз әбден түсінеміз. Бірақ сіздерге бұл «жағымды» заңды қолдану жағдайын табу ісін жеңілдетуді біз өзімізге міндет етіп қоймасақ, оған таңырқамаңыздар.

* *
*

18 августағы жанжалдан Россияның бүкіл саяси құрылысы бір тамшы суға түскен күн сәулесіндей айқын көрінді. Бонапартистік үкімет, өлім жазасы, каторгалық заң, осы «жағымды» (арандатушылар үшін жағымды) нәрселердің дәл Луи-Наполеонның теңдік, туысқандық, бостандық, отанның абыройы мен мәртебесі туралы, ұлы революцияның дәстүрлері туралы, анархияны басып-жаныштау туралы сылдыр сөздері сияқты сөздермен мәнерленіп жүргені айқын көрінді.

Тәтті сөзді, жүрек айнитындай тәтті сөзді ұсақ буржуазияшыл министрлер мен экс-министрлер кеуделерін қағып: бізде де жан бар, бірақ оны бұқараға қарсы өлім жазасын енгізу және қолдану арқылы азаптап жүрміз, сөйте тұрып жылап жүрміз деп иландырмақ болады — мұның өзі Пироговтың өсиеттеріне ерген және дүрелеуге «заңды», «әділетті» тартылған тоғышардың баласын жай ғана емес, әдеттегіше емес, ескіше емес, кісіге жаны ашыған көз жасын төге жүріп дүрелеген өткен ғасырдың 60-жылдарындағы «педагогтың» жақсартылған тәсілі.

Өздерінің ұсақ буржуазияшыл көсемдері алдаған шаруалар эсерлер мен меньшевиктер блогының буржуазиямен некелесуінен... жерге жеке меншіктің төлемсіз жойылуы туады деп әлі сеніп жүр.

Жұмысшылар... ал жұмысшылардың не ойлайтыны туралы «адамгершіл» Церетели жаңа каторгалық заңды жойғанша біз үндемей-ақ қоялық.

«Рабочий» № 2,
8 сентябрь (26 август), 1917 ж.

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СТОКГОЛЬМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Стокгольм конференциясына қазір көп адам тағы да ынта қоюда. Газеттер оның маңызы туралы мәселені көп талқылады. Бұл мәселе бүкіл қазіргі социализмнің негіздерінің өзін, әсіресе оның империалистік соғысқа қатынасы жағынан алып, бағалаумен тығыз байланысты. Стокгольм конференциясына толығырақ тоқталу керектігі міне сондықтан.

Революцияшыл социал-демократтар, яғни большевиктер, бұл конференцияға қатысуға әуел бастан-ақ қарсы шыққан болатын. Мұның өзінде олар принциптік негіздерге сүйенді. Жұртқа мәлім, бүкіл дүние жүзінде, барлық елдерде, соғысушы елдерде де, бейтарап елдерде де, социалистер соғысқа көзқарас туралы мәселе жөнінде ірі, негізгі екі жақ болып бөлінді. Біреулері өз үкіметтері, өз буржуазиясы жағына шықты. Біз оларды социал-шовинистер, яғни сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде шовинистер деп атаймыз. Кімде-кім «өзінің» билеуші таптарының тонаушылық мүдделерін қорғауды «отан қорғау» ұғымымен бүркемелейтін болса, ол адам шовинист деп аталады. Қазіргі соғыста соғысушы екі коалицияның буржуазиясы да тонаушылық мақсаттарды көздейді: неміс буржуазиясы Бельгияны, Сербияны және т. т. тонау үшін, ағылшын буржуазиясы мен француз буржуазиясы неміс отарларын және басқаларды тонау үшін, орыс буржуазиясы — Австрияны (Львов), Түркияны (Армения, Константинополь) тонау үшін соғысып жатыр.

Сондықтан қазіргі соғыста өз буржуазиясының көзқарасы тұрғысында болған социалистер енді социалист болудан қалды, жұмысшы табына опасыздық істеді, іс жүзінде буржуазияның лагеріне өтті. Олар пролетариаттың тап жауларына айналды. Социалистердің бір бөлегінің, әсіресе көсемдері мен парламентарийлері көпшілігінің буржуазия жағына бұлай көшуі кездейсоқ нәрсе еместігін бізге Европа және американ социализмінің, әсіресе II Интернационал заманындағы, яғни 1889 жылдан 1914 жылға дейінгі уақыттағы тарихы да көрсетіп отыр. Барлық елдерде социализмнің нақ оппортунистік қанаты социал-шовинистердің басты кадрларын берді. Егер социал-шовинизмге ғылыми тұрғыдан, яғни жеке адамдарға жармаса кетпей, өз дамуындағы тұтас халықаралық ағым деп, оған қоғамдық байланыстардың жиынтығы деп қарайтын болсақ, социал-шовинизм дегеніміз өзінің логикалық ақырына дейін жеткен оппортунизм.

Барлық жерде пролетарлық бұқара ішінде социал-шовинистердің социализмге сатқындық жасауын ұғыну, Россиядағы Плеханов, Германиядағы Шейдеман, Франциядағы Гед пен Ренодель K^0-сімен, Англиядағы Гайндман және т. б. және тағысын-тағы солар сияқты аса көрнекті социал-шовинистерге өшпенділік пен жиіркеніш азды-көпті айқын және қатаң формада байқалып отыр.

Соғыс кезінде барлық елдерде, буржуазия тарапынан сұрапыл қудаланып, ауызға құм құйылғанына қарамастан, революциялық интернационализмнің ағымы байқалды. Бұл ағым социализмге берілген күйінде қалды. Ол шовинизмге берілмеді, оны отан қорғау туралы өтірік сылдыр сөзбен бүркемелеуге жол бермеді, қайта бұл сылдыр сөздердің бүкіл жалғандығын, екі коалицияның буржуазиясы да тонаушылық мақсаттарға бола жүргізіп жатқан бұл соғыстың бүкіл қылмыстылығын әшкереледі. Бұл ағымға, мәселен, Англияда тонаушы ағылшын буржуазиясына қарсы күрескені үшін бір жарым жыл каторгаға кесілген Маклин, Германияда революцияға шақырғаны және оның тарапынан жүргізіліп жатқан соғыстың тонаушылық сипатын әш-

керелегені сияқты «қылмысы» үшін герман империализмінің қарақшылары каторгаға айдауға соттаған Карл Либкнехт жатады. Бұл ағымға Россияда большевиктер жатады, бұларды Маклин мен Карл Либкнехттің қудаланып жүргеніндей «қылмысы» үшін орыстың республикалық-демократиялық империализмінің агенттері қудалап жүр.

Бұл бағыт социализмге бірден-бір адал бағыт болып отыр. Тек жалғыз осы бағыт қана бүкіл дүние жүзінің, барлық елдердің социалистері бірі қалмай 1912 жылы ноябрьде бірауыздан қол қойған Базель манифесіндегі[55] өз сенімдерінің салтанатты мәлімдемесіне, сондағы салтанатты уәдесіне опасыздық етпеді. Бұл манифесте өсте жалпы алғандағы соғыс туралы емес,— соғыстар әр түрлі болады,— атап айтқанда 1912 жылы бәрінің көз алдында ашық әзірленіп, дүние жүзіне үстемдік ету үшін 1914 жылы өз одақтастарымен бірге Германия мен Англияның арасында басталған соғыс туралы айтылған. Міне, осындай соғыс төніп келгенде Базель манифесі социалистердің «отан қорғау» (яғни соғысқа өздерінің қатысуын ақтау) міндеті туралы да, правосы туралы да еш нәрсе айтқан жоқ, қайта мұндай соғыс «пролетарлық революцияға» бастауға тиіс деп әбден айқын айтты. Барлық елдер социал-шовинистерінің социализмге опасыздығы мынадан ерекше айқын көрінеді: Базель манифесінің нақ осы соғыстың пролетарлық революциямен байланысы туралы айтылған жеріне қазір олардың бәрі, ұрлық қылған жерін орағытып өтетін ұрыдай енді қорқақтап жоламайды.

Базель манифесіне адал болып қалған және соғысқа пролетарлық революцияны уағыздап, әзірлеумен «жауап беріп жүрген» социалистер мен соғысқа «өз» ұлттық буржуазиясын қолдаумен жауап беріп жүрген социал-шовинистер арасында қандай түпсіз шыңырау жатқаны түсінікті. Осы екі ағымды «бітістірмекші» немесе «біріктірмекші» болып күшеншектенудің қандай дәрменсіздік, аңғалдық және екіжүзділік екендігі түсінікті.

Өзінің бүкіл бейшаралығымен қоса алғанда нақ осындай күшеншектену дүние жүзілік социализмдегі

«центр» немесе «каутскийшілдік» («центрдің» ең көрнекті өкілі — Карл Каутскийдің есімімен аталған) ағым дейтін үшінші ағым тарапынан байқалып жүр. Соғыстың бүкіл үш жылы бойында бұл ағым барлық елдерде өзінің мүлдем идеясыздығы мен дәрменсіздігін көрсетті. Мәселен, Германияда оқиғалардың барысы каутскийшілдерді неміс Плехановтарынан жікке бөлініп, «тәуелсіз социал-демократиялық партия»[56] дейтін ерекше партия құруға мәжбүр етті, дегенмен де бұл партия қажетті қорытынды шығарудан қорқады, халықаралық көлемде социал-шовинистермен «бірлікті» уағыздайды, Германияда осындай бірлікті қайтадан қалпына келеді деп үміттендіріп, жұмысшылар бұқарасын алдап жүр, «өз» үкіметімен революциялық күрестің, соғыс кезіндегі күрестің де, өзінің формаларын өзгерте алатын және өзгертуге тиіс болатын, бірақ мерзімі ұзартылмайтын, кейінге қалдырылмайтын күрестің бірден-бір дұрыс пролетарлық тактикасына кедергі келтіріп жүр.

Халықаралық социализмдегі істің жайы, міне, осындай. Бұл жағдайды айқын бағаламайынша, халықаралық социализмнің барлық ағымдарына принципті көзқараста болмайынша практикалық сипаттағы мәселеге, мәселен, Стокгольм конференциясы туралы мәселеге жолауға да болмайды. Ал оның бер жағында *тек* большевиктер партиясы *ғана* 1917 жылы 24—29 апрельдегі конференцияда қабылданып, партиямыздың августағы VI съезінде бекітілген егжей-тегжейлі қарарында халықаралық социализмнің *барлық* ағымдарына принципті баға берді. Бұл принципті бағаны ұмыту және Стокгольм туралы одан тыс пайымдау—бүтіндей принципсіздік негізге түсу деген сөз.

Барлық ұсақ буржуазияшыл демократтар, эсерлер мен меньшевиктер арасында үстем болып жүрген бұл принципсіздіктің үлгісі ретінде 10 августа «Новая Жизньде» шыққан мақаланы көрсетуге болады. Стокгольм жөнінде ең бір кең таралған қателіктерді, соқыр сенімдерді, идеясыздықтарды ұсақ буржуазияшыл демократтардың нағыз сол қанатында тұрған газетте

топтап жинағандығынан да нақ осы мақала көңіл қоярлық болып отыр.

«Стокгольм конференциясы жөнінде,— делінген «Новая Жизньнің» бас мақаласында,— белгілі бір себептермен теріс пікірде болуға болады, «қорғампаздар көпшілігінің» келісімге келу әрекетін принципті түрде айыптауға да болады. Бірақ өзі бадырайып көзге түсіп тұрған нәрсені теріске шығарудың не қажеті бар? Ағылшын жұмысшыларының елде саяси дағдарыс туғызған және Великобританияның «ұлттық бірлігінде» алғаш рет терең жарықшақ туғызған белгілі шешімінен кейін,— конференция ол осы уақытқа дейін ие бола алмаған маңыз алды ғой».

Бұлай пайымдау — принципсіздіктің үлгісымағы. Шынында да, Стокгольм конференциясы жөнінде Англиядағы «ұлттық бірлікте» терең жарықшақ пайда болды деген даусыз фактіден бұл жарықшақты тереңдете бермей, қайта жамап-жасқауға міндеттіміз деген қорытындыны қалайша шығаруға болады. Қорғампаздардан (социал-шовинистерден) бөліну керек немесе олармен келісім жасасу керек — принципті мәселе осылай, тек осылай ғана қойылып отыр. Стокгольм конференциясы келісім жасасуға тырысқан көп әрекеттердің бірі болды. Оның сәті түспеді. Оның сәтсіздігі мынадан: ағылшын-француз империалистері *қазір* бітім туралы келіс сөз жүргізуге көнбейді, ал неміс империалистері көнеді. Ағылшын жұмысшылары өздерін ағылшын империалистік буржуазиясының алдағанын айқынырақ сезді.

Мұны қалай пайдалану керек?— деген сұрақ туады. Біздер, революцияшыл интернационалистер, былай дейміз: мұны пролетарлар бұқарасының өз социал-шовинистерінен ажырасуын тереңдету үшін, бұл ажырасуды ақырына дейін жеткізу үшін, бұқараның өз үкіметтеріне, өз буржуазиясына қарсы революциялық күресін дамытуда барлық кедергі атаулыны жою үшін пайдалану керек. Осылай қимыл жасай отырып, нақ біз, тек біз ғана жарықшақты тереңдетеміз және оны ажырасуға дейін жеткіземіз.

Ал Стокгольмге барушылар, немесе, дұрысында, бұқараға соған баруды уағыздаушылар, енді, өмір құр

әурешілікпен «өткен» кезде,— олар іс жүзінде қандай мақсатқа жетпек? Тек жарықшақты жамап-жасқауға ғана жетеді, өйткені Стокгольм конференциясын *өз* үкіметтерін қолдаушы адамдар, Шейдемандар туралы айтпағанның өзінде, Черновтар мен Церетелилер, Стаунингтер, Брантингтер, Трульстралар сияқты министериалистер әдейі шақырып, қуаттап отыр.

«Бадырайып барша жұрттың көзіне түсіп тұрған нәрсе», міне, осы, «Новая Жизньдегі» оппортунистердің социал-шовинизмді мүлде принципсіз, оны ағым ретінде жалпы алып бағалаудан тыс пайымдағанда ұмытып немесе көмескілеп отырғаны, міне, осы. Стокгольм конференциясы империалистік үкіметтерде отырған министрлердің шүйіркелесуі болып табылады. «Новая Жизнь» бұл фактіні орағытып өтуге қалай тырысса да, оған соқпай кетуге болмайды. Жұмысшыларды Стокгольм конференциясына қатысуға шақыру, оларды Стокгольмді күтуге шақыру, оларды Стокгольмнен қандай да болса үміт етуге шақыру — бұқараға былай деген сөз: империалистік үкіметтерде отырған, империалистік үкіметтерді жақтайтын ұсақ буржуазиялық партиялар мен министрлердің келісімдерінен сіздердің жақсылық күтулеріңізге болады, сіздер күтуге тиістісіздер.

«Новая Жизнь», өзі де байқамай, нақ осы барып тұрған принципсіздік, барып тұрған зиянды насихатты жүргізуде.

Ағылшын-француз социал-шовинистері мен олардың үкіметтері арасындағы жанжалға бола «Новая Жизнь» Черновтардың, Скобелевтердің, Церетелилердің, Авксентьевтердің, Брантингтердің, Стаунингтердің, Шейдемандардың өз үкіметтерін қолдайтын нақ сондай социал-шовинистер екенін ұмытып отыр. Әлде мұның өзі принципсіздік емес пе екен?

Жұмысшыларға: қараңдаршы, ағылшын-француз империалистері тіпті өздерінің социал-шовинистеріне неміс социал-шовинистеріне барып сөйлесуге де рұқсат етпепті,— демек, бұл соғыс Англия мен Франция тарапынан *да* тонаушылық соғыс болып отыр,—демек, *барлық* үкіметтерден, *барлық* социал-шовинистерден

ақырына дейін ажыраспайынша құтылу жоқ деудің орнына,— муны айтудың орнына, «Новая Жизнь» жұмысшыларды мынадай жалған үміттермен алдандырады:

«Стокгольмде,— деп жазды ол,— бітім туралы келісімге келуге және *күрестің:* кредиттерді жақтап дауыс беруден бас тарту, «ұлттық бірліктен» қол үзу, министрлерді үкіметтерден кері шақырып алу және т. с. жалпы жоспарын бірлесіп жасауға жиналып жатыр».

Бұл, барып тұрған өтірік, сылдыр сөздің бүкіл дәлелдемесі ондағы «күрес» деген сөздің бадырайған әріппен жазылуында ғана. Несін айтасыз, жақсы-ақ дәлелдеме!

Соғыстың үш жылынан кейін де ұлттық бірліктен қол үзу үшін «Стокгольмде жиналып жатыр» деп жұмысшыларды әлі де құр дәмелермен тойдырып келеді...

Мұны істегелі жүрген кімдер? Шейдемандар, Черновтар, Скобелевтер, Авксентьевтер, Церетелилер, Стаунингтер, Брантингтер, яғни ұлттық бірлік саясатын бірнеше жыл бойы, бірнеше ай бойы жүргізіп келген адамдардың (және партиялардың) өздері. «Новая Жизньнің» мұндай кереметке сенімі қандай адал болса да, бұл мүмкін нәрсе деген сенімін ол қандай адал ниетпен уағыздаса да, «Новая Жизнь» жұмысшылар арасында барып тұрған өтірік таратып отыр деп біз қалай да айтуға тиістіміз.

«Новая Жизнь» жұмысшылардың бойына социал-шовинистерге деген сенімді сіңіру арқылы оларды алдап отыр: оның айтуынша, осы уақытқа дейін социал-шовинистер министрліктерге еніп келсе де және ұлт бірлігі саясатын жүргізіп келсе де, бірақ олар жақын арада Стокгольмде уағдаласады, келіседі, түсініседі, сөйтіп бұрынғыдай істеуді қоятын болады. Олар бітім үшін күрес бастайды, олар кредиттерді жақтап дауыс беруден бас тартады, тағысын-тағы және сондайлар...

Мұның бәрі де — шылғи, барып тұрған өтірік. Мұның бәрі — жұмысшыларды реакциялық әдіспен жұбату және тыныштандыру, оларға социал-шовинистерге деген сенімді сіңіру. Ал «бейбітшілік үшін күресkенде»

соз жүзінде күреспей, өзін өзі алдау үшін күреспей, жұмысшыларды алдау үшін күреспей отырған социалистер мұндай күресті ешқандай халықаралық конференцияларды күтпей-ақ, әлдеқашан бастады, мұндай күресті нақ ұлттық бірліктен қол үзуден, нақ Англиядағы Маклиншө, Германиядағы Карл Либкнехтше, Россиядағы большевиктерше бастады.

«Біз,— деп жазады «Новая Жизнь»,— Ренодельдер мен Шейдемандар жөнінде большевиктердікі заңды және орынды скептицизм екенін әбден түсінеміз, бірақ «Рабочий и Солдаттағы» публицистер доктринерлікке салынып, ағаштың тасасынан орманды көргілері келмейді: Ренодель мен Шейдеман сүйенген бұқара пиғылының өзгергенін олар ескермейді». Мәселе скептицизмде емес, мырзалар,— қайта принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм сіздердің пиғылдарыңызда басым болып отыр. Біз Ренодельдер мен Шейдемандар жөнінде скептиктер емеспіз, біз олардың дұшпандарымыз. Бұл «екеуінің айырмашылығы үлкен». Біз олардан ажырасқанбыз, бұқараны да олардан ажырасуға шақырамыз. Дәл біз, тек біз ғана бұқара пиғылының өзгергенін де, пиғыл мен оның өзгергенінен де гөрі аса маңыздырақ және өте тереңірек тағы бір нәрсені: бұқараның негізгі мүдделерін, социал-шовинизмнің Ренодельдер мен Шейдемандар жүргізетін саясатымен бұл мүдделердің бітіспейтінін де «ескеріп отырмыз». «Новая Жизньдегі» мырзасымақтар Стокгольмде Россияның империалистік үкіметінің министрлерімен бірге дәл Шейдемандармен және Ренодельдермен кездеседі (өйткені Авксентьев пен Скобелев туралы айтпағанның өзінде Стаунинг пен Трульстраның Ренодельдерден ешқандай елеулі айырмашылығы жоқ). Ал біз *бұқараның* көзін ашу үшін, оның мүдделерін білдіріп, оны революцияға шақыру үшін, оның пиғылының өзгергенін осы пиғылға принципсіз икемделу үшін емес, социал-шовинизмнен толық ажырасу жолындағы принципті күреске пайдалану үшін социал-шовинистер арасындағы, социал-шовинистер ортасындағы Стокгольм комедиясынан сырт айналамыз.

«...Большевиктер,—деп жазады «Новая Жизнь»,— конференция жөніндегі өздерінің көзқарасында,— әлбетте, терең мағыналы әр түрлі себептер негізінде,— Плехановтармен, Гедтермен және Гайндмандармен бірге жүргенін «сезбей», Стокгольмге баратын интернационалистердің Шейдемандармен және Гендерсондармен келісімпаздығын айтып, олардың көзін шұқығанды ұнатады».

Конференция жөніндегі көзқараста бізді Плехановтармен бірге жүр деу дұрыс емес! Бұл барып тұрған қисынсыздық. Социал-шовинистердің бір бөлегімен жартыкеш конференцияға барғымыз келмеуде біз Плехановтармен үйлесеміз. Бірақ біздің конференцияға *көзқарасымыз* мүлдем ондай емес, принципті түрде де, практика жүзінде де Плехановтардың көзқарасы сияқты емес. Оның бер жағында, өздеріңізді интернационалистерміз деп атап жүрген сіздер, шынында да конференцияға Шейдемандармен, Стаунингтермен, Брантингтермен бірге барасыздар, сіздер солармен шынында да келісімпаздық жасайсыздар. Мұның өзі факті ғой. Сіздер *социал-шовинистерді біріктірудің* ұсақ, болымсыз, едәуір дәрежеде әзәзілдік, коалициялардың біреуінің империалистеріне тәуелді ісін «халықаралық пролетариатты біріктірудің ұлы ісі» деп атайсыздар. Бұл — факт.

Сіздер, интернационалистсымақтар, Стокгольмдегі конференцияға қатысуды бұқараға уағыздай алмайсыздар (істің уағыздаудан әрі бара алмауы өте ықтимал, өйткені конференция болмайды, бірақ уағыздың идеялық маңызы қалады),— сіздер өтірікті үйіп-төкпей, жалған үміт таратпай, социал-шовинистерді дәріптемей, Стаунингтер мен Брантингтер, Скобелевтер мен Авксентьевтер «ұлттық бірліктен» шынымен қол үзе алады-мыс деген үмітке бұқараны еліктірмей, Стокгольмдегі конференцияға қатысуды бұқараға уағыздай алмайсыздар.

Оның бер жағында, біздер, большевиктер, Стокгольмге қарсы насихатымызда бұқараға бүкіл шындықты айтамыз, социал-шовинистерді және олармен келісімпаздық саясатын әшкерелей береміз, бұқараны олардан толық ажырасуға бастаймыз. Егер істің жайы мынадай болып шықса, неміс империализмі қазіргі кезең-

ді Стокгольмдегі конференцияға қатысу үшін қолайлы деп санап, оған өз агенттерін — Шейдемандарды жіберсе, ал ағылшын империализмі өзі үшін бұл кезеңді қолайсыз деп санап, бітім туралы енді тіпті сөйлескісі де келмесе, онда біз ағылшын империализмін әшкерелейміз және оны мен ағылшын пролетарлар бұқарасының арасындағы жанжалды пролетарлар бұқарасының санасын аша түсу үшін, интернационализмді пәрменді насихаттау үшін, оларға социал-шовинизмнен толық ажырасудың қажеттігін түсіндіру үшін пайдаланамыз.

«Новая Жизньдегі» интернационалистсымақтар интеллигенттік импрессионистерше, яғни минуттық көңіл күйіне беріліп кететін, интернационализмнің негізгі принциптерін ұмытатын адамдарша әрекет істеп отыр. «Новая Жизньдегі» адамдар былай пайымдайды: ағылшын империализмі Стокгольм конференциясына *қарсы екен,* демек, біз *жақтауға* тиіспіз. Демек, конференция осы уақытқа дейін не болып көрмеген маңыз алған.

Бұлай пайымдау — іс жүзінде принципсіздікке ұрыну деген сөз, өйткені неміс империализмі өзінің қара ниет және империалистік тонаушылық мүдделеріне ғана бола қазір Стокгольм конференциясын *жақтап* отыр ғой. Бұл даусыз және айқын фактіні тура мойындаудан қорқып отырған, одан жасырынуға мәжбүр болып отырған мұндай «интернационалистердің» «интернационализмінің» құны не тұрғаны. Стокгольм конференциясына Шейдемандармен, Стаунингтермен және К⁰-мен бірге қатыса отырып, сіздер іс жүзінде неміс империализмінің құпия дипломаттарының қолындағы ойыншық, құрал болмайтындықтарыңызға, мырзалар, сіздердің қандай кепілдіктеріңіз бар? Сіздерде мұндай кепілдіктердің болуы мүмкін емес. Ондай кепілдіктер жоқ. Стокгольм конференциясының болуы мүлде екі талай нәрсе, ал егер ол дегенмен өте қалса, ол конференция неміс империалистерінің аннексияларды қайсы бір түрде айырбастау мүмкіндігін алдын ала зерттеп байқау әрекеті болады. Шейдемандардың Скобелевтермен және К⁰-мен жылтыр сөздерінің нақты, шын маңызы, міне, осындай болмақшы. Ал егер бұл конференция өтпей қалса, социал-шовинистердің «түзелуі» таяу,

мүмкін, ықтимал деп жалған үмітті бұқараның құлағына құймақ болған сіздердің уағыздарыңыздың нақты маңызы болады.

Екі жағдайда да сіздер интернационалистер боламыз деп жүріп, іс жүзінде бірде бір коалицияның, бірде екі коалицияның да социал-шовинистерінің жәрдемшілері болып шығасыздар.

Ал біздер дәйекті интернационалистер бола отырып, жұмысшылардың туысқандық одағын, социал-шовинистерден ажырасуды, пролетарлық революцияны әзірлеу жөніндегі жұмысты уағыздай отырып, саясаттың бүкіл қым-қиғаш жағдайлары мен жеке мәселелерін де ескеріп отырамыз.

«Рабочий» №2,
8 сентябрь (26 август), 1917 ж.
Қол қойған: Н. К — о в

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

ШАРУАЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАР

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов»[57] газетінің 19 августағы 88-номерінде өте-мөте қызықты мақала басылды, ол партияның шаруалармен істес әрбір насихатшысы мен үгітшісінің қолындағы, деревняға жіберілетін немесе онымен байланысы бар әрбір саналы жұмысшының қолындағы негізгі документтердің бірі болуға тиіс.

Бұл мақала — «1917 жылы Петроградта өткен шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық I съезіне жергілікті депутаттар әкелген 242 аманаттың негізінде жасалған үлгі аманат».

Шаруа депутаттары Советінің осы аманаттардың бәрі туралы мүмкіндігінше неғұрлым толығырақ деректер жариялағаны өте жөн болар еді (егер олардың бәрін басуға ешбір мүмкіндік болмаса; ал түгел басылса, әрине, тіпті жақсы болар еді). Мысалы, әрбір жерден қанша аманат түскені, аманаттардың жасалған немесе түскен уақыты көрсетіліп, аудандар бойынша оның белгілі бір пункттері жөніндегі айырмашылықтардың елеулі немесе елеулі еместігін көретіндей болу үшін тым болмаса негізгі талаптарға талдау жасалып, губерниялардың, уездердің, болыстардың толық тізімі басылуы өте-мөте қажет. Айталық, үй басына және қауым болып жер иеленуші аудан, великорус аудандары және басқа ұлттар тұратын аудандар, орталық аудандар және шет аймақтағы аудандар, крепостниктік право болмаған аудандар және басқалар — осы аудандардың

барлық *шаруа* жерін меншіктену правосын жою туралы, жерді оқтын-оқтын қайта бөліп тұру туралы, жалдама еңбекке жол бермеу туралы, помещиктердің құрал-саймандары мен малын конфискелеу туралы және т. т. және т. с. мәселені қоюында бір-бірінен айырмашылықтары бар ма екен. Мұндай толық деректерсіз шаруа аманаттарының ерекше бағалы материалын ғылыми тұрғыдан зерттеу мүмкін емес. Ал біздер, марксистер, өз саясатымыздың негізі болып саналатын фактілерді ғылыми жолмен зерттеуге бар күшімізді салып ұмтылуға тиістіміз.

Бұдан гөрі жақсырақ материал болмағандықтан *аманаттар жиынтығы* (біз «үлгі аманатты» осылай атамақпыз), ондағы қандай болса да нақты бір жақсақтық дәлелденбей тұрғанда, өзінше бірден-бір материал болып қала береді, ол, қайталап айтамыз, партиямыздың әрбір мүшесінің қолында міндетті түрде болуға тиіс.

Аманаттар жиынтығының бірінші бөлімі жалпы саяси жағдайға, саяси демократия талаптарына арналған; екінші бөлімі жер туралы мәселеге арналған. (Шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық Советі немесе басқа біреу шаруа аманаттары мен соғыс туралы мәселе жөніндегі қарарлардың жиынтығын жасайды деп үміт етеміз.) Біз бірінші бөліміне қазір толық тоқталмаймыз, тек екі пункттің ғана айтып өтеміз. 6-параграфта барлық лауазымды адамдардың сайланып қойылуы, 11-параграфта соғыс аяқталған соң тұрақты армияның таратылуы талап етілген. Бұл пункттер шаруалардың саяси программасын большевиктер партиясының программасына *мейлінше жақын* етеді. Бұл пункттерге сүйене отырып, біз өзіміздің барлық насихатымыз бен үгітімізде мынаны көрсетуге, дәлелдеуге тиіспіз: меньшевиктер мен эсерлердің көсемдері — тек социализмге ғана емес, тіпті демократияға да опасыздық жасағандар, өйткені олар, мәселен, Кронштадтта, халықтың еркімен санаспай, демократияның принциптеріне қарамастан, капиталистерге жағымпазданып, комиссар лауазымын үкіметтің *бекітуін*, яғни таза сайлау жолымен болмауын қорғап шықты. Питердің ау-

дандық думаларында және жергілікті өзін өзі басқару орнының басқа да мекемелерінде эсерлер мен меньшевиктердің көсемдері, демократия принциптеріне қарамастан, жұмысшы милициясын дереу енгізе бастау, содан кейін бүкіл халықтық милицияға көшу керек деген большевиктік талаптарға қарсы күресіп отыр.

Аманаттар жиынтығы бойынша, шаруалардың жер жөніндегі талаптары мыналардан тұрады: ең алдымен жерге, тіпті шаруа жеріне де, жеке меншіктің барлық түрін төлемсіз жою; шаруашылықтарының мәдениеті жоғары жер участкелерін мемлекетке немесе қауымдарға беру; конфискеленген жерлердің (жері аз шаруалар шығарылып тасталады) барлық малы мен құрал-сайманын конфискелеп, оларды мемлекетке немесе қауымдарға беру; жалдама еңбекке жол бермеу; оқта-текте қайта бөле отырып, еңбекшілер арасында жерді теңгерме жолмен бөлу және т. с. Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейінгі өтпелі уақыттың шаралары ретінде шаруалар жерді сатып алуға және сатуға тыйым салу туралы *дереу* заңдар шығаруды, қауымнан бөліну, отрубтар және басқалар жөніндегі заңдардың жойылуын, ормандарды, балық аулау және басқа да кәсіптерді, т. с. қорғау туралы, ұзақ мерзімдік аренда шарттарын жою, ал қысқа мерзімділерін қайта қарау, т. с. туралы заңдар шығаруды талап етеді.

Капиталистермен толық ажыраспайынша, капиталистер табына қарсы нағыз батыл және мейірімсіз күрес жүргізбейінше, бұл таптың үстемдігін құлатпайынша, капиталистермен *одақ бола отырып,* бұл талаптарды жүзеге асырудың мүлдем мүмкін еместігін көру үшін бұл талаптар жөнінде аздап ойланудың өзі жетіп жатыр.

Социалист-революционерлердің өздерін өздері алдауы және олардың шаруаларды алдауы нақ мынада: капиталистердің үстемдігін құлатпай-ақ, бүкіл мемлекеттік өкімет билігі пролетариатқа өтпей-ақ, пролетарлық мемлекеттік өкіметтің капиталистерге қарсы нағыз батыл, революциялық шараларын ең кедей шаруалар қолдамай-ақ, осындай өзгерістер, *осы сияқты* өзгерістер жасауға болады-мыс деген пікірде болуында және

сол пікірді таратуында болып отыр. «Социалист-революционерлердің» бөлініп шыққан сол қанатының маңызы сонда, ол осы партияның өз ішінде бұл алдауды түсінгендіктің өскенін дәлелдейді.

Шынында, бүкіл жеке иеліктегі жерді конфискелеу — сол жерлердің дені кепілге салынған банктердің жүз миллиондаған капиталын конфискелеу деген сөз. Капиталистердің қарсыласуын революцияшыл тап революциялық шаралармен жоймайынша, мұндай шараның қолданылуы ақылға сыйымды ма екен. Оның үстіне әңгіме барынша орталықтандырылған банк капиталы жайында болып отыр, ол капитал орасан үлкен елдің капиталистік шаруашылығының аса маңызды барлық орталықтарымен миллиардтаған арқаулар арқылы байланысқан, ал ол капиталды тек қалалық пролетариаттың одан орталықтануы кем емес күші ғана жеңе алады.

Сонан соң. Мәдениеті жоғары шаруашылықтарды мемлекетке өткізу ісі. Оларды алуға қабілетті және шаруашылықты чиновниктер мен сол капиталистердің пайдасына емес, шынында еңбекшілердің пайдасына жүргізе алатын «мемлекет» пролетариаттың революциялық мемлекеті болуға тиіс екені анық емес пе.

Жылқы заводтарын және басқаларын конфискелеу, содан кейін барлық мал мен құрал-сайманды конфискелеу — бұл өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікке қарсы үстемелеп орасан зор соққы беру ғана емес. Бұл — социализмге қарай қадам басу, өйткені *құрал-саймандардың* «тек мемлекеттің немесе қауымның пайдалануына» өтуі ірі, социалистік егіншіліктің немесе біріктірілген ұсақ шаруашылықтарды ең болмағанда социалистік жолмен бақылаудың, олардың шаруашылығын социалистік жолмен реттеудің қажеттігін көрсетеді.

Ал жалдама еңбекке «жол бермеу» ше? Мұның өзі бос сөз, жаншылған ұсақ қожайынсымақтардың дәрменсіз, санасыз-аңғал тілегі, олар деревняда жалдама еңбектің резервтік армиясы болмаса, бүкіл капиталистік өнеркәсіптің тоқтап қалатынын, жалдама еңбекке қалада жол беріліп отырғанда, оған деревняда «жол

бермеуге» болмайтынын көрмейді, ақырында, жалдама еңбекке «жол бермеу» социализмге қарай қадам басқандық екенін көрмейді.

Бұл жерде біз жұмысшылардың шаруаларға көзқарасы жөніндегі түбегейлі мәселеге келіп жетеміз.

Россияда бұқаралық социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының өмір сүргеніне 20 жылдан астам (1896 жылғы ірі стачкалардан бастап есептейтін болсақ) уақыт болды. Осы ұзақ уақыт ішінде, ұлы екі революция арқылы, Россияның бүкіл саяси тарихының он бойына бір мәселе: жұмысшы табы шаруаларды алға, социализмге бастай ма әлде либерал буржуа оларды кері, капитализммен ымыраластыруға тарта ма деген мәселе қойылып келеді.

Социал-демократияның оппортунистік қанаты өнебойы мынадай данышпансыған формула бойынша пайымдайды: социалист-революционерлер ұсақ буржуа *болғандықтан*, сондықтан «біз» социализмді буржуазиялық тұрғыдан теріске шығаруға *бола* олардың социализмге мещандық-утопиялық көзқарасын алып тастаймыз. Марксизм струвизммен оп-оңай алмастырылады, ал меньшевизм шаруаларды буржуазия үстемдігімен «ымыраластыратын» кадет малайының роліне дейін құлдилайды. Черновпен және Авксентьевпен қолтықтасып алып, «революциялық демократияның» атынан кадеттердің реакциялық помещиктік указдарына қол қоюмен шұғылданушы Церетели мен Скобелев—бұл рольдің соңғы және ең айқын бейнесі, міне, осындай.

Эсерлердің ұсақ буржуазиялық жалған үміттерін сынаудан еш уақытта тартынбаған, олармен кадеттерге *қарсы* ғана блок құрып, басқа *еш уақытта блок жасамаған* революциялық социал-демократия шаруаларды кадеттердің ықпалынан *шығарып алу* үшін әрқашанда күресіп келеді, сөйтіп социализм жөніндегі мещандық-утопиялық көзқарасқа капитализммен либералдық ымыраласуды емес, социализмге апаратын революциялық-пролетарлық жолды қарсы қояды.

Енді, соғыс дамуды әдеттен тыс тездетіп, капитализмнің дағдарысын адам айтқысыз шиеленістіріп, ха-

лықтарды дереу екінің бірін: не қырылуды, не социализмге қарай дереу батыл қадам басуды таңдауға душар еткен кезде,— енді жартылай либералдық меньшевизм мен революциялық-пролетарлық большевизм арасындағы келіспеушіліктің бүкіл түпсіз тұңғиығы ондаған миллион шаруалардың қимыл мәселесі ретінде практикалық жағынан айқын көрініп отыр.

Капиталдың үстемдігіне көніңдер, *өйткені* «біздер» социализм үшін әлі пісіп-жетіле қойғанымыз жоқ,— міне, меньшевиктер шаруаларға осылай дейді, айта кетелік, социализмге қарай батыл қадам жасамайынша, соғыс салған жарақаттардан айығуға бола ма деген нақты мәселені олар жалпы «социализм» туралы абстракт мәселемен алмастырады.

Капитализмге көніңдер, *өйткені* социалист-революционерлер — ұсақ буржуазиялық утопистер,— міне, меньшевиктер шаруаларға осылай дейді, сөйтіп эсерлермен бірге кадеттік үкіметті қолдауға барады...

Ал эсерлер кеудесін қағып, біз капиталистермен татулықтың қандайына болса да қарсымыз, біз орыс революциясын еш уақытта буржуазиялық революция деп санаған емеспіз,— *сондықтан* да *нақ* оппортунист социал-демократтармен блок жасасуға барамыз, нақ буржуазиялық үкіметті қолдауға барамыз деп, шаруаларды сендіреді... Эсерлер шаруалардың нағыз барып тұрған революциялық программаларының қандайына да қол қояды — оларды орындамау үшін, оларды жылы жауып қою үшін, шаруаларды құр уәделермен алдау үшін қол қояды, ал іс жүзінде коалициялық министрлікте кадеттермен «келісімпаздық жасаумен» айлар бойы шұғылданады.

Шаруалардың мүдделеріне эсерлердің осындай масқара, практикалық, тікелей, көрінеу опасыздығы жағдайды өте-мөте өзгертіп отыр. Бұл өзгерісті ескеру керек. Эсерлерге қарсы тек бұрынғыша, тек біздің 1902—1903 жылдары және 1905—1907 жылдары істегеніміздей ғана етіп үгіттеуге болмайды. «Жерді социализациялаудың», «жерді теңгерме пайдаланудың» «жалдама еңбекке жол бермеудің» және т. с. ұсақ буржуазия-

лық жалған үміт екендігін теориялық жағынан әшкерелеулермен ғана шектелуге болмайды.

Ол кезде буржуазиялық революцияның қарсаңы еді немесе аяқталмаған буржуазиялық революция болатын, сондықтан барлық міндет революцияны, ең алдымен, монархияны құлатқанға дейін жеткізу болған еді.

Қазір монархия құлатылған. Буржуазиялық революция аяқталды, Россия кадеттерден, меньшевиктер мен эсерлерден құралған үкіметі бар демократиялық республика болып шықты. Ал соғыс үш жыл ішінде бізді отыз жылға ілгерілетті, Европада жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін туғызды және кәсіпорындарды синдикаттарға еріксіз біріктірді, ең алдыңғы қатарлы деген елдерді ашаршылыққа және құлақ естімеген күйзеліске ұшыратып, социализмге қарай қадам басуға мәжбүр етті.

Монархияны тек пролетариат пен шаруалар ғана құлата алады — сол кезге орай біздің таптық саясатымыздың негізгі анықтамасы осындай болатын. Бұл анықтаманың өзі дұрыс та еді. 1917 жылдың февралы мен марты мұны тағы да растады.

Кедей шаруаларға (біздің программамызда айтылғанындай, жартылай пролетарларға) басшылық ететін пролетариат қана соғысты демократиялық бітіммен аяқтап, оның жарақаттарын жазып, социализмге қарай сөзсіз қажет және *шұғыл қажет* болып отырған қадамды жасай алады — ендігі жерде біздің таптық саясатымыздың анықтамасы осындай.

Бұдан шығатын қорытынды: эсерлерге қарсы насихат пен үгітте негізгі салмақты олардың шаруаларға опасыздық еткендігіне аудару керек. Олар кедей шаруалар бұқарасының өкілдері емес, ауқатты қожайындар азшылығының өкілі болып табылады. Олар шаруаларды жұмысшылармен одақтасуға емес, капиталистермен одақтасуға, яғни оларға бағындыруға бастап отыр. Олар министрлік орындар үшін, меньшевиктермен, кадеттермен блок жасасу үшін еңбекшілер мен қаналған бұқараның мүдделерін сатып кетті.

Соғыс жеделдеткен тарихтың көп ілгері басқаны

соншалық, ескі формулалар жаңа мазмұнмен толықтырылды. «Жалдама еңбекке жол бермеу», мұның өзі бұрын ұсақ буржуазиялық интеллигенттің бос сөзі *ғана* болатын. Мұның өзі өмірде енді басқаша мән алып отыр: миллиондаған кедей шаруалар 242 аманатта өздерінің жалдама еңбекті жойғылары келетінін, бірақ соны қалай істеу керектігін білмей жүргенін айтып отыр. Мұны қалай істеу керек екенін біз білеміз. Біз мұны капиталистермен «келісімге келмей», капиталистерге қарсы тек жұмысшылармен одақтасып, солардың басшылығымен істеуге болатынын білеміз.

Эсерлерге қарсы біздің насихатымыз бен үгітіміздің негізгі бағыты, шаруаларға айтатын біздің сөзіміздің негізгі бағыты, міне, енді осылай өзгертілуге тиіс.

Шаруа жолдастар, сіздерге эсерлер партиясы опасыздық істеді. Ол лашықтарға опасыздық істеп, сарайлар жағына шықты, монарх сарайлары болмаса да, революцияның, әсіресе шаруалар революциясының ең қас жаулары кадеттердің Черновтармен, Пешехоновтармен, Авксентьевтермен бір үкіметте мәжіліс құратын сарайларының жағына шықты.

Тек революцияшыл пролетариат, тек оны біріктіруші авангард — большевиктер партиясы ғана кедей шаруалардың 242 аманатында айтылған программасын *іс жүзінде* орындай алады. Өйткені революцияшыл пролетариат жалдама еңбекті жоюға малай жалдауға тыйым салумен емес, оған «жол бермеумен» емес, бірден-бір сенімді жолмен, капиталды құлату арқылы *шындап* бет алып отыр. Революцияшыл пролетариат шаруалардың қалайтын нәрсесін, эсерлер оларға *бере алмайтын* нәрсені істеуге — жерді, құрал-сайманды, техникалық ауыл шаруашылық кәсіпорындарын конфискелеуге шындап бет алып отыр.

Жұмысшының шаруаға айтар сөздерінің негізгі бағыты, міне, енді осылай өзгертілуге тиіс. Біздер, жұмысшылар, кедей шаруалардың қайдан жәпе қалай іздеу керектігін әрдайым біле бермей-ақ, қалайтын, іздейтін нәрсесін сіздерге бере аламыз және береміз. Біздер, жұмысшылар, *капиталистерге қарсы* өз мүдделерімізді және сонымен бірге шаруалардың орасан

көпшілігінің мүдделерін де қорғаймыз, ал эсерлер капиталистермен одақтасуға барып, бұл мүдделерге опасыздық істейді.

* *
*

Өзі қайтыс боларынан азғана бұрын Энгельстің шаруалар мәселесі туралы не айтқанын оқушының есіне салып өтейік. Энгельс: социалистер ұсақ шаруаларды экспроприациялауды ойға да алмайды, машиналы социалистік егіншіліктің артықшылығы ұсақ шаруаларға *үлгі-өнегенің күшімен* ғана айқындалатын болады деп атап көрсеткен болатын[58].

Қазір соғыс Россияның алдына нақ осы сияқты мәселені практикалық тұрғыдан қойып отыр. Құрал-сайман аз. Оны конфискелеп, мәдениеті жоғары шаруашылықтарды «бөлмеу керек».

Мұны шаруалар түсіне бастады. Мұқтаждық еріксіз түсіндірді. Соғыс мәжбүр етті, өйткені құрал-сайманды алатын жер жоқ. Оны сақтау керек. Ал ірі шаруашылық — құрал-сайман арқылы, сол сияқты басқа да көп нәрселер арқылы еңбекті үнемдеу деген сөз.

Шаруалар өздерінде ұсақ шаруашылықты қалдырғысы келеді, оны теңгерме түрде нормалағысы, дүркін-дүркін жаңадан теңгеріп отырғысы келеді... Солай-ақ болсын. Бұған бола есті социалистің бірде-біреуі кедей шаруалардан ажырасып кетпейді. Егер жер конфискеленсе, *демек*, банктер үстемдігі жойылған болса, егер құрал-сайман конфискеленсе, *демек*, капитал үстемдігі әлсіреген болса,— онда *орталықта пролетариаттың үстемдігі орнап тұрғанда*, саяси өкімет билігі пролетариатқа өтіп тұрғанда, қалғаны *өзінен-өзі-ақ* бола береді, «үлгі-өнеге күшінің» нәтижесінде туады, практиканың өзінен-ақ көрінеді.

Саяси өкімет билігінің пролетариат қолына өтуінде — істің мәні осында. Сонда 242 аманаттың программасындағы елеулі, негізгі, түбегейлі нәрсенің бәрі *іс жүзіне асатын болады.* Ал мұның қандай өзгерістермен іске асатынын өмір көрсетеді. Бұл — кейін бола жата-

тын іс. Біз доктринерлер емеспіз. Біздің іліміміз — догма емес, іске басшылық.

Маркс немесе марксистер социализмге баратын жолды барлық егжей-тегжейіне дейін біледі деп таласпаймыз біз. Бұлай деу сандырақ. Біз бұл жолдың бағытын білеміз, біз бұл бағытқа қандай таптық күштердің бастайтынын білеміз, мұны *миллиондар* істі қолға алған кезде олардың *тәжірибесі* ғана нақты, практика жүзінде көрсетеді.

Шаруа жолдастар, жұмысшыларға сеніңдер, капиталистермен одақты үзіңдер! Сіздер тек жұмысшылармен берік одақтасқанда ғана 242 аманаттың программасын жүзеге асыруды бастай *аласыздар*. Капиталистермен одақтасып, эсерлердің басшылығымен жүргенде сіздер еш уақытта да бұл программа рухында *бірде-бір* батыл, түбегейлі қадамның жасалғанын көре алмайсыздар.

Ал сіздер қала жұмысшыларымен одақтасып, капиталға қарсы аяусыз күресте 242 аманаттың программасын іске асыра *бастағанда*, сонда бүкіл дүние жүзі сіздер мен біздерге көмекке келеді, сонда бұл программаның—оның осы тұжырымының емес, оның мәнісінің — жеңуі қамтамасыз етіледі. Сонда капитал үстемдігі мен жалдама құлдық құриды. Сонда социализм заманы, бейбітшілік заманы, еңбекшілер заманы басталады.

«Рабочий» № 6,
11 сентябрь (29 август), 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖАЛАҚОРЛАР ТУРАЛЫ

«Речьтің» 20 августағы номерінде, сол сияқты көрінеу арам ақшаға ашылған және сайлаушыларға, егер олар «социалистік ниетте» болса, «Бірлік»[59] тобын жақтап және «халықтық социалистерді»[60] жақтап дауыс беруді ұсынатын «Русская Воляда» мен жөнінде тағы да жалақорлық мәлімдемелер басылыпты.

Екі газеттің де хабарлауына қарағанда, бұл мәліметтер «әскери министрліктің» мәліметтері көрінеді, ал «Речь» *тіпті* бұлар «документті деректер мен жеке адамдардың толып жатқан куәліктері бойынша» анықталып отыр деп *мәлімдейді.*

Баспасөздегі жала туралы заң Россияда іс жүзінде қолданылудан қалған. Жалақор мырзаларға, әсіресе буржуазиялық баспасөздегі жалақорларға толық еркіндік берілген: баспасөзге бүркеншік атпен жаз, қалағаныңша өтірік айт, жала жап, ешбір ресми адам қол қоймаған, бірақ сырттай қарағанда ресми сияқты хабарларды бүркеп,— бәрі де еленбей кете береді! Милюковтар сияқты мырзалар бастаған пасық жалақорлар ешкім тимеу пұрсаттылығымен пайдаланып жүр.

Жалақорлар менің «Украинаны азат ету одағына» белгілі бір қатынасым болыпты-мыс дейді. Милюковтың газеті былай деп жазады: «Герман үкіметі Ленинге бейбітшілікті насихаттауды тапсырыпты». «Берлинде социалистердің екі жиналысы болыпты, оларға Ленин мен Иолтуховский қатысыпты». Ал «Русская

Воля» бұл кейінгі сөйлемге: «Ленин Иолтуховскийдің үйіне түсіп жүрген» деп қосыпты.

Милюков мырза және басқа да сол сияқты оңбағандар, пасықтық жаланың сабаздары, мүлде еркінсіп кеткен болса, маған мұның жала екенін тағы да қайталап айту, куәлардың пікіріне сүйенуші шантаждың сабаздарына бұқараға мәлім куәға сілтеме жасауды тағы да қарсы қою ғана қалады.

«Украинаны азат ету одағының» бір қайраткері Басок маған 1906 жылдан белгілі, ол меньшевик кезінде менімен бірге Стокгольм съезіне[61] қатысқан болатын. 1914 жылдың күзінде ме әлде 1915 жылдың басында ма, Бернде тұрған кезімде, Константинопольден келген кавказдық белгілі меньшевик Триа менің пәтеріме келді. Триа маған Басоктың «Украинаны азат ету одағына» қатысқаны туралы және бұл Одақтың неміс үкіметімен байланысы туралы айтты. Сонымен бірге Триа Басоктың маған жолдаған хатын берді, ол хатта Басок маған тілектестігін және біздің көзқарастарымыздың жақындасуына үміт ететіндігін білдіріпті. Менің зығырданым қайнағаны сонша, дереу, Трианың көзінше, Басокқа жауап жаздым да*, хатты оған тапсыру үшін сол Трианың өзіне бердім, өйткені Триа Константинопольге тағы да бір бармақшы екен.

Мен Басокқа жазған хатымда: оның империалистердің бірімен қарым-қатынасы болуы себепті екеуміздің жолымыз сөзсіз екі басқа, бізде ортақ еш нәрсе жоқ деп мәлімдедім.

«Украинаны азат ету одағына» менің қандай болсын бір «қатынасым» осымен біткен болатын.

«Рабочий» № 8,
12 сентябрь (30 август), 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар, 35-том, 152-бет. *Ред.*

1

В Ц. К. Р.С.Д.Р.П.

Возможно, что эти строки опоздают, ибо событія развиваются с быстротой, иногда прямо головокружительной. Я пишу это в среду, 30 ав., читать это будут адресаты не раньше пятницы, 2 сент. Но все же, на риск, считаю долгом написать следующее.

Возстаніе Корнилова есть крайне неожиданный (в такой момент и в такой форме неожиданный) и прямо-таки невероятно крутой поворот событій.

Как всякий крутой поворот, он требует пересмотра и ~~[illegible]~~ измѣненія тактики. И, как со всяким пересмотром, надо быть архиосторожным, чтобы не впасть в безпринципность.

По моему убѣжденію, в безпринципность впадают тѣ, кто (подобно Володарскому) скатывается до оборончества или (подобно другим бе-кам) до блока съ с.-р., до поддержки Времен. Правительства. Это архиневѣрно, это безпринципность. Мы станем оборонцами лишь послѣ перехода власти къ пролетаріату, послѣ предложенія мира, послѣ разрыва тайных договоров и связей с банками, лишь ~~[illegible]~~ послѣ. Ни взятіе Риги ни взятіе Питера не сдѣлаетъ

Первая страница письма В. И. Ленина в Центральный Комитет РСДРП.
30 августа (12 сентября) 1917 г.

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ

Мүмкін, бұл хат кешігіп те қалар, өйткені оқиғалар кейде тіпті бас айналарлықтай шапшаңдықпен дамиды. Мен мұны сәрсенбі күні, 30 августа, жазып отырмын, ал адресаттар оны жұмадан, 2 сентябрьден, бұрын оқи алмайды. Дегенмен, қалай да тәуекел етіп, мынаны жазуды борышым деп санаймын.

Корниловтың көтерілісі — оқиғалардың тіпті күтпеген (мұндай кезде және осындай формада күтпеген) және тіпті адам айтқысыз шұғыл бетбұрысы.

Әрбір шұғыл бетбұрыс сияқты, бұл бетбұрыс та тактиканы қайта қарап, өзгертуді керек етеді. Сондықтан, нені болса да қайта қараған кезде болатыны сияқты, принципсіздікке ұшырамау үшін мейлінше сақ болған жөн.

Менің ойымша, қорғампаздыққа дейін құлдырағандар (Володарский сияқты) немесе эсерлермен *блок жасасуға* дейін, Уақытша үкіметті *қолдауға* дейін құлдырағандар (басқа большевиктер сияқты) принципсіздікке ұшырайды. Бұл — мейлінше қате, бұл — принципсіздік. Біз өкімет билігі пролетариатқа өткеннен *кейін ғана*, бітім ұсынылғаннан *кейін*, құпия шарттар және банктермен байланыстар үзілгеннен *кейін*, *сонан кейін ғана* қорғампаздар боламыз. Риганың алынуы да, *Питердің алынуы да* бізді қорғампаздар ете алмайды. (Мұны оқу үшін Володарскийге беруді қатты өтінер едім.) Соған дейін біз пролетарлық

революцияны жақтаймыз, соғысқа қарсымыз, қорғампаздар *емеспіз.*

Ал Керенскийдің үкіметін біз *тіпті қазір де* қолдауға тиісті емеспіз. Оны жақтау — принципсіздік. Корниловқа қарсы шайқасқа шығу керек болмағаны ма?— деп сұрар. Әрине, керек! Бірақ мұның екеуі бірдей нәрсе емес; мұнда шекара бар; кейбір большевиктер «келісімпаздыққа» салынып, оқиғалар тасқынына *елігіп,* осы шекарадан өтіп кетіп жүр.

Біз соғысамыз, Керенскийдің *әскері* Корниловпен қалай соғысып жатса, онымен біз де солай соғысамыз, бірақ біз Керенскийді қолдамаймыз, қайта оның осалдығын әшкерелейміз. Бұл — айырмашылық. Бұл айырмашылықтың өзі өте нәзік, бірақ мейлінше елеулі нәрсе, оны ұмытуға болмайды.

Корниловтың көтерілісінен кейінгі жерде біздің тактикамыздағы өзгеріс неде болмақ?

Керенскийге қарсы күресіміздің *формасын* өзгертуімізде. Оған дұшпандығымызды титтей де бәсеңдетпей, оған қарсы айтқан сөзіміздің бірін де қайтып алмай, Керенскийді құлату міндетінен бас тартпай, біз былай дейміз: жағдайды *ескеру* керек, қазір біз Керенскийді құлатпаймыз, біз енді оған қарсы күрес міндетіне *басқаша* келеміз, атап айтқанда: халыққа (Корниловқа қарсы күресуші халыққа) Керенскийдің *осалдығы* мен *солқылдақтығын* түсіндіруіміз керек. Бұл бұрын да істеліп келген. Бірақ енді мұның өзі *басты іс* болып отыр: өзгеріс осында.

Онан соң, өзгеріс қазір *басты іс* болып отырған мыналарды: Керенскийге қойылған өзінше бір «ішінара талаптарды»—Милюковты тұтқынға ал, Питер жұмысшыларын каруландыр, Кронштадт, Выборг және Гельсингфорс әскерлерін Питерге шақыр, Мемлекеттік думаны тарат, Родзянконы тұтқынға ал, помещиктік жерлерді шаруаларға беруді заң жүзінде бекіт, астыққа және фабрикаларға жұмысшы бақылауын орнат, тағы, тағы сол сияқты талаптарды жақтау жолында үгітті күшейте түсу. Ал біз бұл талаптарды тек Керенскийге ғана емес, Керенскийге *қоюдан да гөрі* Корниловқа қарсы күрестің барысына *еліккен* жұмыс-

шыларға, солдаттарға және шаруаларға қоюға тиістіміз. Оларды онан әрі *еліктіру,* олардың Корниловты жақтап сөйлеген генералдар мен офицерлерді ұрып-соғуын қуаттау, жердің шаруаларға дереу берілуін *олардың* талап етуін қатты қадағалау керек, *оларға* Родзянко мен Милюковты тұтқынға алудың, Мемлекеттік думаны таратудың, «Речьті» және басқа буржуазиялық газеттерді жабудың, оларға тергеу жүргізудің қажеттігі туралы ой салу керек. «Солшыл» эсерлерді әсіресе осыған қарай итермелеу керек.

Пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндетінен бізді *алыстап* кетті деп ойлау дұрыс болмас еді. Жоқ. Біз оған өте-мөте жақындап келдік, бірақ *тұп-тура* емес, өкпе тұсынан жақындадық. Ал *қазіргі сәтте* тұп-тура Керенскийге қарсы үгіт жүргізуден гөрі неғұрлым *жанамалап,* соның өзіне қарсы, бірақ жанамалап, атап айтқанда: Корниловқа қарсы белсене, өте белсене шын революциялық соғысты талап ете отырып, үгіт жүргізу керек. Осы соғыстың өрістеуінің тек бір өзі ғана *бізді* өкімет басына жеткізе алады, бұл туралы үгітте (оқиғалардың күні ертең бізді өкімет басына қоя алатындығын және солай болғанда оны қолдан шығармайтынымызды қатты ескере отырып) азырақ *айту* керек. Менің ше, мұны үгітшілерге жолдаған хатта (баспасөзде емес) үгітшілер мен насихатшылар коллегияларына, жалпы алғанда партия мүшелеріне хабарлаған жөн болар еді. Елді қорғау туралы, революциялық демократияның бірыңғай майданы туралы, Уақытша үкіметті қолдау туралы, т. с., т. с. сылдыр сөздерге қарсы, нақ *сылдыр сөз* ретінде, аяусыз күресу керек. Қазір *істің* уақыты деп: сіздер, эсер және меньшевик мырзалар, бұл сылдыр сөздерді әлдеқашан тоздырғансыздар деу керек. Қазір *істің* уақыты, бұқараны тарта отырып, оны көтере отырып, оны құлшындыра отырып (ал Керенский бұқарадан *қорқады,* халықтан *қорқады),* Корниловқа қарсы соғысты революциялық жолмен жүргізу керек. Немістерге қарсы соғыста нақ қазір *іс* керек: *дәл* шарттар негізінде *бітімді дереу* және *сөзсіз* ұсыну керек. Егер бұл істелсе, онда не тездетіп бітімге келуге, не соғысты революция-

лық соғысқа айналдыруға *болады,* әйтпесе меньшевиктер мен эсерлердің бәрі империализмнің малайлары болып қала береді.

P. S. Осыны жазғаннан *кейін,* «Рабочийдің»[62] алты номерін оқып шығып едім, біздің пікіріміздің толық үйлесіп жатқанын айтуға тиіспін. Тамаша бас мақалаларды, баспасөзге шолуды және В. М—н мен Вол—ийдің мақалаларын шын жүректен құттықтаймын. Володарскийдің сөйлеген сөзі туралы оның редакцияға жазған хатын оқыдым[63], ол хат та менің оны жазғырған сөздерімді «жоқ етіпті». Тағы да ең жақсы сәлемімді жолдап, ізгі ниетімді білдіремін!

Ленин

1917 ж. 30 августа (12 сентябрьде) жазылған

Бірінші рет 1920 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 250-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

1. ҚЫРСЫҚТЫҢ БАСЫ

Егер біз «Новая Жизньдегі» жазушы Н. Сухановты алатын болсақ, оның ұсақ буржуазиялық демократияның нашар өкілі емес, қайта тәуір өкілдерінің бірі екендігіне, сірә, жұрттың бәрі келісер. Ол интернационализмге шын ниетпен бой ұрады, мұнысын ол ең ауыр шақтарда, патша реакциясы мен шовинизм дәуірлеп тұрған кездерде дәлелдеді. Елеулі мәселелерді өз бетімен ұғынуға деген оның білімі де, ниеті де бар, ол мұны эсершілдіктен революциялық марксизмге қарай ұмтылған өзінің ұзақ эволюциясымен дәлелдеді.

Тіпті осындай адамдар да революцияның ең жауапты кезеңдерінде, оның түбегейлі мәселелері жөнінде, оқушыға мына төмендегі сияқты осыншалық ұшқалақ пікірлерді ұсына салуы ерекше көзге түседі:

«...Соңғы апталарда біз қанша көп революциялық жеңістерден айрылып қалғанымызбен, олардың бірі, бәлкім, ең маңыздысы да болар, күшінде қалып отыр: үкімет пен оның саясаты тек совет көпшілігінің қалауымен ғана тұрақтай алады. Революциялық демократияның бүкіл ықпалы оның өз еркімен қолдан беріліп қойды; ол ықпалды демократиялық органдар әлі де болса оп-оңай қайыра алатын еді; сөйтіп, кезеңнің талаптарын тиісінше түсінген жағдайда Уақытша үкіметтің саясатын қиналмастан-ақ тиісті арнаға сала алатын еді» («Новая Жизнь» № 106, 20 август).

Бұл сөздерде революцияның ең маңызды мәселесі жөнінде барып тұрған ұшқалақ, барып тұрған сорақы өтірік, өтірік болғанда мейлінше әр түрлі елдерде ұсақ

буржуазиялық демократия арасында бәрінен де гөрі жиірек таралып жүрген және революцияларга бәрінен де гөрі көбірек зиян келтірген өтірік бар.

Жоғарыда келтірілген пайымдаудағы ұсақ буржуазиялық жалған үміттердің жиынтығына ой жүгіртіп көрсең, осы «Новая Жизньдегі» азаматтар «бірігу» съезінде[64] министрлермен, министериабельді социалистермен бірге, Церетелилермен, Скобелевтермен бірге, Керенскийдің, Корниловтың және К^0-нің үкімет мүшелері жолдастарымен бірге әсте кездейсоқ отырмаған екен ғой деген ой еріксіз туады. Әсте кездейсоқ емес. Олардың шынында да жалпы идеялық негізі бір, ол — жақсы тілектерге мағынасыз, тоғышарлар арасынан талғаусыз алына салған, мещандық сенгіштік. Өйткені қорғампаз-меньшевиктердің ішінен шын ниетпен әрекет істеп жүргендердің бүкіл қызметі сияқты, Сухановтың бүкіл пайымдауы да осы сенгіштікке негізделген. Біздің революциямыздағы қырсықтың басы осы ұсақ буржуазиялық сенгіштікте болып отыр.

Марксизмнің елеулі саясат атаулыға қоятын талабына, атап айтқанда: дәл объективтік тексеруге мүмкіндік беретін *фактілер* оның негізі болсын, оның негізіне алынсын деген талабына Суханов, сірә, екі қолымен бірдей қол қояр еді. Жоғарыда келтірілген цитаттағы Сухановтың пікірін осы талап тұрғысынан байқап көрелік.

Бұл пікірдің негізінде қандай фактілер жатыр? Үкімет Советтердің «қалауымен ғана тұрақтай алады», «өзінің бүкіл ықпалын қайырып алу» оларға «оп-оңай», олар Уақытша үкіметтің саясатын «қипалмастан-ақ» өзгерте алатын еді деген пікірін Суханов немен дәлелдей алар еді.

Суханов, біріншіден, өзінің жалпы әсеріне, Советтер күшінің «анықтығына», Керенскийдің Советке келгеніне, қайсыбір министрдің сыпайы сөздеріне және т. с. сүйене алар еді. Бұл, әрине, мүлде нашар дәлел болар еді, дұрысырақ айтқанда, дәлелдердің мүлде жоқтығын, объективтік фактілердің мүлде жоқтығын мойындағандық болар еді.

Суханов, екіншіден, жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың орасан көп қарарлары батыл түрде Советтерді жақтап, оларды қолдауды жақтап отыр деген объективтік фактіге сүйене алар еді. Бұл қарарлар халық көпшілігінің қалауын дәлелдейді дер еді.

Тоғышарлар арасында бұл да, алғашқысы сияқты, соншалық дағдылы пайымдау. Бірақ бұл пайымдау мүлде қисынсыз.

Барлық революцияларда жұмысшылар мен шаруалар көпшілігінің қалауы, яғни, күмән жоқ, халық көпшілігінің қалауы, демократия жағында болды. Солай бола тұрса да, революциялардың орасан көпшілігі демократияның жеңілісімен аяқталып келді.

Революциялардың көпшілігінің, әсіресе 1848 жылғы революцияның (біздің қазіргі революциямызға өте-мөте ұқсас революцияның) осы тәжірибесін ескере отырып, Маркс қарарлар арқылы және халық көпшілігінің қалауына сүйену арқылы жеңіске жетпекші болған ұсақ буржуазияшыл демократтарды аяусыз келемеждеген еді.

Біздің өз тәжірибеміз мұны одан да гөрі айқынырақ растап отыр. 1906 жылдың көктемінде, күмән жоқ, жұмысшылар мен шаруалардың қарарларының көпшілігі бірінші Думаны жақтады. Халық көпшілігі, күмән жоқ, соның жағында болды. Солай бола тұрса да, патша бірінші Думаны таратып жіберді, өйткені революцияшыл таптардың өрге басуы (1906 жылдың көктеміндегі жұмысшы стачкалары мен шаруа толқулары) жаңа революция жасау үшін тым әлсіз болып шықты.

Қазіргі революцияның тәжірибесіне ой жүгіртіп көріңіздерші. 1917 жылдың март-апрелінде де, июль-августа да қарарлардың көпшілігі Советтерді жақтады, халықтың көпшілігі Советтерді жақтады. Ал солай бола тұрса да, революция март-апрельде алға басқанымен, июль-августа кейін кетіп отырғанын жұрттың бәрі және әркім-ақ көріп, біліп, сезіп отыр. Демек, халықтың көпшілігіне сілтеу революцияның нақты мәселелерінде әлі еш нәрсені шешпейді.

Дәлел ретіндегі бұл жалаң сілтеу нақ ұсақ буржуазиялық жалған үміттің үлгісі, революцияда дұшпан

таптарды *жеңудің* керектігін, оларды қорғайтын мемлекеттік өкіметті *құлатудың* керектігін, ал бұл үшін «халық көпшілігінің қалауы» жеткіліксіз екендігін, шайқасқысы келетін және шайқаса алатын революцияшыл таптардың *күші,* күш болғанда да шешуші кезеңде және шешуші жерде дұшпан күшін *жаншып тастайтын* күштің қажеттігін мойындағысы келмегендік болып табылады.

Билеуші таптардың, помещиктер мен буржуазияның, кішкентай болса да жақсы ұйымдасқан, жақсы қаруланған және бір орталыққа бағынған күші нашар ұйымдасқан, нашар қаруланған, бытыраңқы «халық көпшілігінің» күшін бөлектеп алып, басып-жаншып тастағаны революцияларда талай рет болған.

Тап күресін революция ерекше шиеленістірген кезде оның нақты мәселелерін «халық қалауына» «жалпы» сілтеме жасаумен алмастыру тек барып тұрған топас ұсақ буржуаға ғана лайықты нәрсе болар еді.

Үшіншіден, Суханов жоғарыда келтірілген пайымдауында бір «дәлел» келтіреді, ол да тоғышарлар арасында мейлінше дағдылы болған нәрсе. Ол «революциялық демократияның бүкіл ықпалы оның өз еркімен қолдан беріліп қойды» дегенге сүйенеді. Бұдан «өз еркімен» қолдан берілгенді кейін қайырып алу да оңай деген қорытынды шығаргандай болады...

Түкке тұрмайтын пайымдау. Ең әуелі, ерікті түрде қолдан берілгенді қайтару үшін қолдан берілгенді алғандардың «ерікті ризалығы» болуы керек. Бұдан осындай ерікті ризалық бар дегендей қорытынды шығады. *«Қолдан берілгенді»* кім алды? «Революциялық демократияның» қолдан берген «ықпалын» кім пайдаланды?

Басы жұмыс істейтін әрбір саясатшы үшін негізгі мәселе болып саналатын бұл мәселені Сухановтың мүлдем орағытып өтуі ерекше көзге түседі... «Революциялық» (бұл сөз үшін кешіріңіз) «демократияның» «өз еркімен қолдан бергені» *іс жүзінде* кімдердің қолында — міне, әңгіменің түйіні де, мәселенің мәні де осында ғой.

Мәселенің нақ осы мәнін, барлық меньшевиктер мен эсерлер сияқты, жалпы алғанда барлық ұсақ буржуазияшыл демократтар сияқты, Суханов та орағытып өтіп отыр.

Одан соң. Бәлкім, балалар бөлмесінде «ерікті түрде қолдан берілген» нәрсе оны қайтарып алудың оңайлығын көрсететін болар: егер Катя допты Машаға ерікті түрде берген болса, онда оны «қайтарып алу» «оп-оңай» болуы ықтимал. Бірақ бұл ұғымдарды саясатқа, тап күресіне қолдануға россиялық интеллигенттен басқалардың көбінің батылы бара қоймас.

Саясатта «ықпалды» ерікті түрде қолдан беру қолдан берушінің сондай дәрменсіздігін, сондай болбырлығын, сондай тұрлаусыздығын, сондай ынжықтығын дәлелдейді; бұдан, жалпы айтқанда, бір-ақ «қорытынды шығаруға» болады: кімде-кім ықпалды ерікті түрде қолдан берсе, ол тек ықпалынан ғана емес, тіпті өмір сүруге деген правосынан да айрылуға «лайық». Немесе, басқаша айтқанда, ықпалды ерікті түрде қолдан беру фактісі ерікті түрде қолдан берілген бұл ықпалды алушының қолдан берушінің тіпті правосының өзін де тартып алуының сөзсіздігін ғана «дәлелдейді».

Егер «революциялық демократия» ықпалды ерікті түрде қолдан берсе, демек, оның революциялық емес, қайта мещандық-пасық, қорқақ, малайлықтан арылып болмаған демократия болғаны, оны (нақ осы қолдан беруден кейін) жаулары таратып жібере алады, немесе жоққа сая алады, ықпалды «өз еркімен» қолдан бергені сияқты, «өз еркімен» құри беруіне де жол аша алады.

Саяси партиялардың қимылдарын *қыңырлық* деп қарау саясатты *зерттеудің* қандайынан болса да бас тарту деген сөз. Ал мұндай қимылды, барлық мәліметтерге, хабарларға және сайлаулардың объективтік мәліметтеріне қарағанда халық ішінде көпшілік болып отырған орасан зор екі партияның «ықпалды ерікті түрде қолдан беруі» сияқты әрекетін *түсіндіру* керек болады. Мұндай әрекет кездейсоқ бола алмайды. Ол халықтың қайсыбір үлкен табының белгілі экономикалық жағдайымен байланысты болмай тұра алмайды. Ол

осы партиялардың даму тарихына байланысты болмай тұра алмайды.

Суханов пайымдауының мыңдаған бір тектес тоғышарлық пайымдауларга мейлінше ұқсас болатын реті де бар, өйткені бұл пайымдау қарастырылып отырған партиялардың *тарихын* елеусіз қалдырып, ізгі ниет («өз қалауы») деген ұғымға негізделеді. Суханов қарастырған кезінде бұл тарихты сызған да тастаған, ықпалды ерікті түрде қолдан беру, шынында, 28 февральдан, Совет Керенскийге сенім білдіріп, Уақытша үкіметпен «келісімді» мақұлдаған кезден басталғанын ұмытқан. Ал 6 май ықпалды турадан-тура орасан зор мөлшерде қолдан беру болды. Тұтас алғанда, мынадай мейлінше айқын жағдайды көріп отырмыз: эсерлер мен меньшевиктердің партиялары бірден қия бетке тұрды да, төмен қарай барған сайын шапшаң құлдилай берді. Олар 3—5 июльден кейін мүлде орға түсіп кетті.

Енді келіп: қолдан беру өз еркімен жасалды, үлкен саяси партияларды «оп-оңай» оңға қарай шыр айналдыруға болады, оларды көп жылдан бері (және революцияның көп айынан бері) келе жатқан бағытына қарсы бағыт алуға «қиналмай-ақ» бой ұрғызуға болады, «оп-оңай» ордан шығып, қия бетпен жоғары өрмелеуге болады деу ұшқалақтықтың шегі емес пе?

Ақырында, төртіншіден, Суханов өз пікірін қоргау үшін: Советке сенім білдіретін жұмысшылар мен солдаттар қаруланған, сондықтан да олардың бүкіл ықпалды өздеріне қайтарып алуы «оп-оңай» дегенге сүйене алар еді. Бірақ өте-мөте маңызды дерліктей нақ осы пункт жөнінде «Новая Жизньнің» жазушысы келтіріп отырған тоғышарлық пайымдауларда істің жайы мүлде нашар болып отыр.

Мүмкіндігінше нақтырақ болу үшін 20—21 апрельді 3—5 июльмен салыстырып көрелік.

20 апрельде бұқараның үкіметке қарсы ашу-ызасы бұрқ етіп сыртқа тепті. Қарулы полк Петроградтың көшесіне шығып, үкіметті тұтқынға алуға беттеді. Үкімет тұтқындалмады. Бірақ үкімет өзінің сүйенерлік еңкімі жоқ екенін айқын көрді. *Оны жақтайтын* әскер жоқ. *Мұндай* үкіметті құлату шынында да «оп-оңай»,

сондықтан да үкімет Советке: не мен кетемін, не мені қолдаңдар деп ультиматум қойды.

4 июльде бұқараның ашу-ызасы, партиялардың бәрі бөгеп келген ашу-ыза, *қандай да болсын* бөгеуге бой бермей тағы да бұрқ етіп сыртқа тепті. Тағы да үкіметке қарсы қарулы демонстрация болды. Бірақ орасан зор айырмашылық мынада: эсерлер мен меньшевиктердің шырмалған және халықтан қол үзген көсемдері *3 июльде-ақ Каледин* әскерлерін Питерге шақырту туралы буржуазиямен келісім жасасты. Істің түйіні, міне, осында!

Каледин мұны Москвада болған кеңесте: социалист-министрлер, «бізді» 3 июльде көмекке шақырған сендердің өздерің емес пе еді!..—деп, солдатша ашық айтты. Москвада өткен кеңесте Калединнің сөзін бекерге шығаруға ешкім бата алмады, өйткені ол шындықты айтқан еді. Амалсыз үндей алмаған меньшевиктер мен эсерлерді Каледин мазақ қылды. Казак генералы олардың бетіне түкірді, ал олар сүртініп, «зәмзәм тамшысы ғой»! десті де қойды.

Буржуазиялық газеттер Калединнің бұл сөздерін келтірді, ал меньшевиктік «Рабочая Газета» мен эсерлік «Дело Народа» Москвадағы кеңесте айтылған бұл ең елеулі саяси мәлімдемені оқушылардан *жасырды*.

Үкімет Каледин әскерлерін алғаш рет әдейі шақыртып алды, ал батыл, шын революцияшыл әскерлер мен жұмысшылар қарусыздандырылды, міне, осылай болып шықты. Суханов «оп-оңай» орағытып өткен және ұмытқан негізгі факт, міне, осы, бірақ бұл факт күйінде қала береді. Ал мұның өзі — революцияның бұл кезеңі үшін, *бірінші* революция үшін шешуші факт.

Өкімет билігі майданның шешуші жерінде, ал одан кейін армияда *Калединдердің* қолына өтті. Бұл — факт. Оларға қас әскерлердің ішіндегі нағыз белсенділері қарусыздандырылды. Калединдер толық диктатура орнату үшін билікті бірден пайдаланбай отырса, мұның өзі өкімет билігі олардың қолында екенін ешбір бекерге шығара алмайды. 1905 жылдың декабрінен кейін патшаның қолында өкімет болмап па еді? Жағдай

оны өкіметті сақтықпен пайдалануға, *бүкіл өкімет билігін* алудан бұрын, яғни мемлекеттік төңкеріс жасаудан бұрын екі Дума шақыруға көндірмеп пе еді?[65].

Өкімет туралы сөзге қарап емес, іске қарап пікір айту керек. 5 июльден бері үкіметтің ісі мынаны көрсетіп отыр: өкімет Калединдердің қолында, олар «үлкенді-кішілі қолдан берілгендерді»: бүгін «Правданы» талқандап жүрген, правдистерді өлтіріп жүрген, озбырлықпен тұтқынға алып жүрген юнкерлердің ойына келгенін істеуін, ертең газеттерді жабу туралы заң, сондай-ақ жиналыстар мен съездерді тарату туралы, соттың үкімінсіз-ақ шетелге жер аудару туралы, «дос елшілерге» тіл тигізгені үшін түрмеге жабу туралы, үкіметке оқтанғаны үшін каторгаға айдау туралы, майданда өлім жазасын енгізу туралы заң, тағысын-тағылар, *тағысын-тағылар* сияқтыларды күнбе-күн ала отырып, ақырын, бірақ *үздіксіз* ілгерілеуде.

Калединдер ақымақ емес. Өздеріне нақ керегін *күн сайын* бөлектеп алып отырғанда, олардың тәуекел етіп, сәтсіздікке ұшырау қаупіне бел байлап, баса-көктерліктей несі бар? Ал ақымақ Скобелевтер мен Церетелилер, Черновтар мен Авксентьевтер, Дандар мен Либерлер Калединдер ілгерілеген сайын: «демократияның салтанаты! жеңіс!» деп айқайлайды, Калединдердің, Корниловтардың және Керенскийлердің бұларды бірден жұтып жібермегендігін «жеңіс» деп қарайды!!

Қырсықтың басы нақ мынада болып отыр, ұсақ буржуазиялық бұқара өзінің экономикалық жағдайы себепті таңданарлықтай сенгіштікке және санасыздыққа бейімделген, бұл бұқара әлі де ұйқылы-ояу жатып, түсінде: ерікті түрде қолдан берілгенді кейін қайтарып алу «оп-оңай»! Калединдер мен Корниловтардан олардың ризалығымен кейін қайтарыңдаршы, қайтып алыңдаршы!— деп ыңыранады.

Қырсықтың басы мынада: «демократиялық» публицистика мещандардың, көкмилардың, құлша бас июшілердің ұйқылы-ояу күйдегі жалған үмітіне қарсы күресудің орнына оны қолдап отыр.

Әр нәрсеге жалпы алғанда саясат тарихшысы сияқты, әсіресе марксист сияқты қарасақ, яғни оқиғаларды

бір-бірімен байланыстыра алып қарасақ, онда қазір батыл бетбұрыстың «оңай» еместігі былай тұрсын, қайта, керісінше, *жаңа революциясыз* тіпті мүмкін еместігі әбден айқын болады.

Мен бұл арада мұндай революция қажет пе деген мәселеге әсте тоқталмаймын, мен бұл революция бейбіт және жария түрде бола ала ма (жалпы айтқанда, тарихта бейбіт және жария революциялардың мысалдары болған) дегенді де тіпті де қарастырып отырғаным жоқ. Мен тек батыл бетбұрыстың жаңа революциясыз тарихи жағынан мүмкін еместігін ғана айтып отырмын. Өйткені өкімет *енді* басқалардың қолында, енді «революциялық демократияның» қолында емес, өкімет *енді* басып алынды және нығайтылды. Ал эсерлер мен меньшевиктер партияларының әрекеті кездейсоқ нәрсе емес, ол ұсақ буржуазияның экономикалық жағдайының жемісі және 28 февральдан 6 майға дейінгі, 6 майдан 9 июньге дейінгі, 9 июньнен 18 және 19 июньге дейінгі (шабуыл) және т. б. саяси оқиғалардың ұзақ тізбегінің нәтижесі болып табылады. Мұнда бетбұрыс өкіметтің бүкіл жағдайында да, оның бүкіл құрамында да, ең ірі партиялар қызметінің бүкіл жағдайында да, оларға нәр беріп отырған таптың алған «бағытында» да керек болып отыр. Мұндай бетбұрыстар *жаңа революциясыз* тарихи жағынан мүмкін емес.

Халыққа жаңа революцияның барлық басты-басты тарихи шарттарын, оның экономикалық және саяси алғы шарттарын, саяси міндеттерін, таптардың оған сәйкес келетін арасалмағын және т. б. анықтап көрсетудің орнына, осының орнына Суханов және толып жатқан ұсақ буржуазияшыл демократтар «жасырынбақ ойнаумен» айналысып, біз «бәрін қиналмай-ақ қайтарып аламыз», «оп-оңай» деген, біздің «ең маңызды» революциялық жеңісіміз «күшінде қалады» деген және сол сияқты ұшқалақтық, надандық, тура қылмысты сандырақты айтып, өзін өзі жұбатумен халықты *алдарқатып* келеді.

Терең қоғамдық бетбұрыстың белгілері анық бар. Олар жұмыстың бағытын айқын көрсетіп отыр. Проле-

тариат арасында эсерлер мен меньшевиктердің ықпалы көрінеу төмендеп, большевиктердің ықпалы көрінеу өсіп келеді. Айта кетелік, тіпті 20 августа болған сайлау аудандық Думалардың[66] сол Питерде болған июнь сайлауындағыға қарағанда большевиктер үлесінің *артқандығын* көрсетті; мұның өзі «Питерге Каледин әскерлерінің» келтірілгеніне қарамастан осылай болып отыр!

Буржуазия мен пролетариаттың арасында ауытқымай тұра алмайтын ұсақ буржуазиялық демократияның арасында бетбұрыстың объективтік көрсеткіші революциялық интернационалистік ағымдардың күшеюі, нығаюы, дамуы болып табылады: меньшевиктерде Мартов және басқалары, эсерлерде Спиридонова, Камков және басқалары осыны көрсетеді. Төніп келе жатқан аштық, күйзелушілік, соғыстағы жеңілістер осы бетбұрысты өкімет билігінің ең кедей шаруалар қолдаған пролетариатқа өтуі жағына қарай ерекше жеделдете алатынын айтпаса да болады.

---

2. БАРЩИНА ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМ

Кейде социализмнің ерекше өшіккен дұшпандары өздерінің ойланбай істеген жан сала «әшкерелеулері» арқылы оған қызмет көрсетеді. Олар нақ сүйсінуге, еліктеуге лайық нәрсеге шүйлігеді. Олар өз шабуылының сипатымен халықтың көзін ашып, буржуазияның пасықтығын көрсетеді.

Екатеринбургтен алынған «Барщина» деген корреспонденцияны 20 августа басып шығарған ең пасық буржуазиялық газеттердің бірі «Русская Воля» осылай істеді. Бұл корреспонденцияда мынау хабарланған:

«...Жұмысшы және солдат депутаттарының Советі біздің қалада Совет мүшелерінің қызмет бабымен күнбе-күн жүріп-тұруы үшін аты бар азаматтардың өз атын кезекпен беріп тұруы туралы заттай міндеткерлік белгіледі.

Кезектесу жөнінде айрықша кесте жасалды, «аты бар азаматтардың» әрқайсысы өз атымен қашан, қайда және дәл қай

сағатта кезегіне келуге тиіс екендігі жазбаша мұқият хабарландырылып тұрады.

Неғұрлым түсінікті болуы үшін «бұйрықта» былай деп қоса жазылады: «Бұл талап орындалмаған жағдайда Совет арбакеш жалдауға 25 сомға дейін Сіздің есебіңізден ақша жұмсайды»...».

Капиталистердің қорғаушысы, әрине, ыза болады. Капиталистер халықтың орасан көпшілігінің тек «барщинада» жүріп қана емес, сонымен қатар фабрика жұмысының, кен қазу жұмысының немесе басқа да жалдама жұмыстың нағыз азабында жүріп, оның үстіне екінің бірінде жұмыссыздықтан ашығып, өмір бойы мұқтаждық көріп, қасірет шегуіне селт етпестен қарайды. Капиталистер бұған селт етпей қарайды.

Ал жұмысшылар мен солдаттар капиталистерге азғана болса да қоғамдық міндеткерлік жүктеген кезде, қанаушы мырзалар: «барщина»!! деп ұлып қоя берді.

Егер жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері мемлекеттегі бірден-бір өкімет болып, барлық жерде байларға қоғамдық міндеткерлік жүктей бастаса, мысалы, аттарымен, автомобильдерімен, велосипедтерімен міндетті түрде кезекке шығу, азық-түлікті, мұқтаж адамдарды есепке алу үшін жазу-сызу ісі жөнінде міндетті түрде күн сайын жұмыс істеу, т. б., т. с. белгілесе, жаман болар ма еді?— деп кез келген жұмысшыдан, кез келген шаруадан сұрап көріңіздерші.

Кулак болмаса, кез келген жұмысшы, кез келген шаруа: бұл жақсы болар еді,— дейді.

Бұл дұрыс та. Бұл әлі социализм емес, тек социализмге қарай жасалған алғашқы қадамдардың бірі ғана, бірақ бұл — кедей халыққа шұғыл түрде, дереу қажет нәрсенің нақ өзі. Мұндай шараларсыз халықты аштық пен апаттан құтқаруға болмайды.

Екатеринбург Советінің жеке-дара болуы неліктен? Осындай шаралар бүкіл Россия бойынша әлдеқашаннан бері қолданылмайтыны, дәл осы сияқты шаралардың тұтас жүйеге айналмайтыны неліктен?

Байларды ат беруге міндеттейтін қоғамдық міндеткерлік белгілегеннен кейін байларды өздерінің ақша операциялары туралы, әсіресе қазынаға зат тапсыруы

жөнінде толық есеп беріп отыруға, Советтердің дәл сондай бақылауымен, қашан және қайда есеп беруді, қашан және қайда нақ қанша салық өткізуді дәл сондай «жазбаша мұқият хабарландырып тұруға» міндеттейтін қоғамдық міндеткерліктің белгіленбеуі неліктен?

Себебі Советтердің орасан көпшілігінің басында эсерлер («социалист-революционерлер») мен меньшевиктердің көсемдері отыр, олар тек социализмге ғана емес, демократияға да опасыздық істеп, іс жүзінде буржуазия жағына шықты, буржуазиялық үкіметке енді, оны қолдауды өз міндетіне алды. Бұл көсемдер буржуазиямен «келісімпаздық» жасаумен шұғылданып жүр, ал буржуазия, мысалы, Питерде байлар үшін қоғамдық міндеткерлік белгілеуге ырық бермейтіні былай тұрсын, тіпті анағұрлым жеңіл-желпі реформалардың өзіне де нешеме айлар бойы кедергі жасап келеді.

Бұл көсемдер өздерінің ар-ожданын алдап жүр, «социализмді енгізу үшін Россия әлі жетілген жоқ» дегенді сылтау етіп халықты алдаумен келеді.

Неліктен мұндай сылтауратуды алдау деп тану керек?

Себебі, осы сияқты сылтаулар арқылы істің жайы көрінеу бұрмаланып, әңгіме ондаған миллион халықтың үйреншікті тұрмысын бұзатын, қайдағы бір адам көрмеген күрделі және қиын өзгеріс туралы болып отырғандай етіліп көрсетіледі. Біреу техниканың дәрежесімен де, ұсақ кәсіпорындардың көптігімен де, халық көпшілігінің әдетімен де, қалауымен де санаспай, Россияға социализмді бір указбен «енгізгелі» жүргендей, істің жайы көрінеу бұрмаланып көрсетіледі.

Мұның бәрі шылғи өтірік. Бұл сияқты еш нәрсені ешкім ұсынған емес. Бірде-бір партия, бірде-бір адам указбен «социализмді енгізбекші» болған емес. Әңгіме тек Екатеринбургтегі байлар үшін қоғамдық міндеткерлік белгілеу сияқты кедейлер бұқарасы, яғни халықтың көпшілігі толық мақұлдайтын шаралар туралы, техника және мәдениет жағынан әбден пісіп жетілген, кедейлердің тұрмысын дереу жеңілдете алатын, соғыс ауыртпалықтарының жеңілдеуіне және не-

ғұрлым біркелкі түсуіне мүмкіндік беретін шаралар туралы ғана болып отыр және болды да.

Революцияның жарты жылдайы өтті, ал эсерлер мен меньшевиктердің көсемдері халық мүдделерін буржуазиямен «келісімпаздық» мүдделеріне сатып, бұл сияқты шаралардың бәріне кедергі жасаумен келеді.

Жұмысшылар мен шаруалар бұл көсемдердің опасыздар екендігін, оларды қуып жіберу, барлық қызмет орындарынан алу керектігін түсінбейінше, еңбекшілердің буржуазия құлдығында қала беретіні сөзсіз.

«Рабочий» № 10,
14 (1) сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Рабочий» газетінің текст бойынша басылып отыр

КОМПРОМИСТЕР ТУРАЛЫ

Басқа партиямен келісуге байланысты кейбір талаптардан тартыну, өз талаптарының бір бөлегінен бас тарту саясатта компромисс деп аталады.

Тоғышарлардың большевиктер туралы дағдылы түсінігі, большевиктерге жала жабушы баспасөз қолдап отырған бұл түсінік — большевиктер ешкіммен, еш уақытта ешқандай компромиске көнбейді деген түсінік.

Мұндай түсінік революцияшыл пролетариаттың партиясы ретінде біздер үшін мақтаныш, өйткені мұның өзі социализм мен революцияның негізгі принциптеріне біздің адалдығымызды тіпті дұшпандар да мойындауға мәжбүр болып отырғанын дәлелдейді. Бірақ сонда да шындықты айту керек; мұндай түсінік ақиқатқа сәйкес келмейді. Энгельс бланкист-коммунистердің манифесін сынағанда (1873 ж.), олардың: «ешқандай компромисс болмасын»[67] деген мәлімдемесін мысқылдап, дұрыс істеген болатын. Мұның өзі сылдыр сөз, деді ол, өйткені күресуші партияға компромисті екінің бірінде жағдайдың өзі сөзсіз әкеп таңады, сол себепті «борыштың төлемін бөлшектеп алудан»[68] мүлде бас тартудың қисыны келмейді. Шын революцияшыл партияның міндеті компромисс атаулының бәрінен бас тарта беруге болмайды деп жариялауда емес, қайта компромистер болмай қалмайтындықтан, *барлық компромистер арқылы* өз принциптеріне, өз табына, өзінің

революциялық міндетіне, революцияны әзірлеу және халық бұқарасын революцияда жеңіп шығуға тәрбиелеу жөніндегі өз ісіне адалдығын сақтай білуде болып отыр.

Мысал. III және IV Думаларға қатысуға келісу компромисс еді, революциялық талаптардан уақытша тартыну еді. Бірақ бұл мүлде лажсыздан жасалған компромисс болды, өйткені күштердің арасалмағы жаппай революциялық күрес жүргізу үшін бізге, белгілі бір уақытқа, оңтайлы болмады, ал оны ұзақ әзірлеу үшін осындай «мал қораның» *ішінде де* жұмыс істей білу *керек* болды. Партия ретінде большевиктердің мәселені осылайша қоюы әбден дұрыс болып шықты, мұны тарих дәлелдеді.

Қазір кезекте лажсыз компромисс туралы емес, ерікті компромисс туралы мәселе тұр.

Біздің партиямыз, кез келген басқа саяси партия сияқты, *өзінің* саяси үстемдігіне ұмтылуда. Біздің мақсатымыз — революцияшыл пролетариаттың диктатурасы. Революцияның жарты жылы дәл *осы* революцияның мүдделері үшін мұндай талаптың дұрыстығын және болмай қоймайтындығын мейлінше айқын, күшті және көкейге қонымды етіп дәлелдеді, өйткені демократиялық бітімді де, шаруаларға жерді де, толық бостандықты да (нағыз демократиялық республиканы) халықтың басқа жолмен алуы мүмкін емес. Біздің революцияның жарты жылы ішіндегі оқиғалардың барысы, таптар мен партиялардың күресі, 20—21 апрельдегі, 9—10, 18—19 июньдегі, 3—5 июльдегі, 27—31 августағы дағдарыстардың шиеленісуі мұны әрі дәлелдеді, әрі көрсетті.

Қазір орыс революциясында біз, партия ретінде, рас, өзіміздің тікелей және басты тап жауымыз — буржуазияға емес, өзіміздің ең жақын дұшпандарымызға, «басым болып отырған» ұсақ буржуазиялық-демократиялық партияларға, эсерлер мен меньшевиктерге ерікті компромисс ұсына алатындай шұғыл әрі өзгеше бетбұрыс туып отыр.

Біз тек ерекше жағдай ретінде ғана, тек өте аз уақыт тұрақтайтыны айқын болып отырған ерекше жағ-

дай себепті ғана бұл партияларға компромисс ұсына аламыз, біз мұны, менің ойымша, істеуге де тиіс секілдіміз.

Бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін деген июльге дейінгі талапқа қайта оралуымыз, эсерлер мен меньшевиктерден Советтер алдында жауапты үкімет болсын деуіміз біздің тарапымыздан компромисс болып табылады.

Қазір, тек қана қазір, *не бары бірнеше күн ішінде* немесе бір-екі апта ішінде осындай үкімет әбден бейбіт жолмен құрылып, нығая алар еді. Осы үкімет бүкіл россиялық революцияның бейбіт жолмен *ілгері* басуын және бейбітшілікке, социализм жеңісіне беттеген бүкіл дүние жүзілік қозғалыстың ілгері үлкен қадамдар жасауына өте-мөте үлкен мүмкіндіктерді орасан зор ықтималдықпен қамтамасыз ете алар еді.

Тек революцияның осы бейбіт дамуына ғана бола — тек тарихта *өте* сирек кездесетін және *өте* бағалы мүмкіндікке, ерекше сирек мүмкіндікке ғана бола, тек соған ғана бола бүкіл дүние жүзілік революцияның жақтаушылары, революциялық әдістердің жақтаушылары — большевиктер, менің пікірімше, осындай компромиске бара алады және баруға тиіс те.

Компромистің мәні мынада болар еді: большевиктер үкіметке қатысуға ұмтылмастан (интернационалист үшін, пролетариат пен ең кедей шаруалар диктатурасының шарттарын нақты жүзеге асырмайынша, бұл мүмкін емес), өкіметтің пролетариат пен ең кедей шаруаларға өтуі жөнінде дереу талап қоюдан, бұл талап үшін күресудің революциялық әдістерінен тартынар еді. Үгіттің толық бостандығы және тағы да кейінге қалдыра бермей немесе тіпті неғұрлым қысқа мерзімде Құрылтай жиналысын шақырудың толық бостандығы эсерлер мен меньшевиктер үшін жаңалық емес, өзінен-өзі түсінікті шарт болар еді.

Меньшевиктер мен эсерлер, үкіметтік блок ретінде, жергілікті жерлерде де бүкіл өкімет билігін Советтердің қолына беріп, бүтіндей және тек қана Советтердің алдында жауапты үкімет құруға (компромисс жүзеге

асырылды деп есептей отырып) келісер еді. «Жаңа» шарттың мәнісінің өзі осында болар еді. Үгіттің шын мәнісінде толық бостандығы және Советтерді құруда (оларды қайта сайлау), олардың қызметінде жаңа демократизмнің дереу жүзеге асырылуы өзінен-өзі революцияның бейбіт жолмен ілгері басуын, Советтердің ішінде партия күресінің *бейбіт жолмен жойылуын* қамтамасыз етер еді деп есептеп, большевиктер, менің ойымша, ешқандай басқа шарттар қоймас еді.

Бәлкім, бұл *енді* мүмкін болмас? Бәлкім, мүмкін болмас. Бірақ тіпті жүзден бір мүмкіндік болғанда да, мұндай мүмкіндікті жүзеге асыру әрекеті дегенмен де ол мүмкіндікті жүзеге асыруға тұрар еді.

Бұл «компромистен» «келісуші» екі жақ та, яғни, бір жағынан, большевиктер, екінші жағынан, эсерлер мен меньшевиктердің блогы не ұтар еді? Егер *екі* жақ та еш нәрсе ұтпайтын болса, онда компромисті мүмкін емес іс деп білу керек, онда компромисс туралы сөз етудің де қажеті жоқ. Қазір (июль мен августан, «бейбіт», ұйқылы-ояу уақыттың жиырма жылына тең болатын екі айдан кейін) бұл компромисс қандай қиын болғанмен де, оның жүзеге асуына, менің ойымша, бір кішкентай мүмкіндік бар тәрізді, бұл мүмкіндіктің өзі эсерлер мен меньшевиктердің үкіметке кадеттермен бірге бармау туралы ұйғарымынан туып отыр.

Большевиктер мынаны ұтар еді: өз көзқарастарын жақтап әбден еркін үгіттеу және нағыз толық демократизм жағдайында Советтерде ықпал жүргізу мүмкіндігін алар еді. Сөз жүзінде қазір «жұрттың бәрі» бұл бостандық большевиктерде бар деп біледі. Іс жүзінде буржуазиялық үкімет тұсында немесе буржуазия қатысқан үкімет тұсында, совет үкіметінен басқа үкімет тұсында бұл бостандық *мүмкін емес*. Совет үкіметі тұсында мұндай бостандық *мүмкін* болар еді (міндетті түрде қамтамасыз етілді демейміз, бірақ сонда да мүмкін болар еді). Осындай ауыр уақытта мұндай мүмкіндікке бола қазіргі совет көпшілігімен компромиске бару жөн болар еді. *Бізге*, шын демократия тұсында, қорқатындай ештеңе жоқ, өйткені өмір біздің жағымызда және бізге жау эсерлер, меньшевиктер партия-

ларының ішіндегі ағымдар дамуы барысының өзі де біздің айтқанымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

Меньшевиктер мен эсерлер мынаны ұтар еді: халықтың көрінеу орасан көпшілігіне сүйеніп, өздеріне Советтердегі өз көпшілігін «бейбіт» пайдалануды қамтамасыз етіп, *өз* блогының программасын жүзеге асыруға бірден толық мүмкіндік алар еді.

Әрине, блок болғаны себепті, буржуазияға қарағанда және пролетариатқа қарағанда ұсақ буржуазиялық демократияның біртектілігі *әрқашан* кем болатыны себепті біртектес емес бұл блоктан екі дауыс шығып кетер де еді.

Бір дауыс былай дер еді: біздің жолымыз большевиктермен, революцияшыл пролетариатпен әсте бір емес. Ол бәрібір шамадан тыс нәрсені талап етеді және демагогияға басып кедей шаруаларды ертіп әкетеді. Ол бітімді және одақтастардан ажырасуды талап етеді. Бұл болмайтын іс. Бізге буржуазия жақынырақ және онымен болу дұрысырақ, ал біз онымен ажырасқанымыз жоқ, тек аз уақытқа ғана, тек Корниловпен болған бір дау-жанжалдың кесірінен ғана араздасып қалдық. Араздасып қалсақ — табысамыз. Ал большевиктер бізге тіпті ештеңе де «бермейді», өйткені олардың тарапынан болатын көтеріліс әрекеттері 1871 жылғы Коммуна сияқты бәрібір жеңілуге тиіс.

Екінші дауыс былай дер еді: Коммунаға сілтеме жасау өте үстірт және тіпті ессіздік. Өйткені, біріншіден, большевиктер 1871 жылдан кейін дегенмен біраз нәрсеге үйренді, олар банкті өз қолына алмай қалдырмас еді, олар Версальға шабуыл жасаудан тартынбас еді; ал мұндай жағдайда тіпті Коммуна да жеңе алатын еді. Оның үстіне, большевиктер өкімет басына келе қалғанда халыққа дереу ұсына алатын нәрсені, атап айтқанда: жерді шаруаларға беруді, дереу бітім ұсынуды, өндіріске нағыз бақылау қоюды, украиндармен, финляндиялықтармен және басқалармен адал бітім жасасуды Коммуна халыққа дереу ұсына алмаған еді. Коммунаға қарағанда, большевиктердің қолында, тұрпайы түрде айтқанда, «козір» он есе көп. Ал екіншіден, Коммуна дегеніміз қалай болғанмен де қиын аза-

мат соғысы, осы бейбіт мәдени дамудан кейінгі ұзақ кідіріс, әр түрлі Мак-Магондар мен Корниловтардың операциялар мен әрекеттер жасауының жеңілдетілуі, ал мұндай операциялар біздің бүкіл буржуазиялық қоғамымызға қауіп туғызады. Коммунаға тәуекел ету жөн бола қояр ма екен?

Егер біз өкіметті алмасақ, егер іс 6 майдан 31 авгусқа дейін болғаны сияқты ауыр жағдайда қала беретін болса, Россияда Коммуна болмай қоймайды. Кез келген революцияшыл жұмысшы мен солдат Коммуна туралы сөзсіз ойлайтын болады, оған сенетін болады, халық қырылып жатыр, соғыс, аштық, күйзеліс барған сайын өршіп барады деген пікірге келіп, Коммунаны жүзеге асыруға, сөз жоқ, әрекет жасайды. Тек Коммуна ғана құтқарады. Тегіс қырыламыз, өлеміз, бірақ Коммунаны жүзеге асырамыз. Жұмысшылардың осындай ойға келетіні сөзсіз, ал Коммунаны қазір, 1871 жылғыдай, оп-оңай жеңе қою қолдан келмейді. Орыс Коммунасының бүкіл дүние жүзінде 1871 жылғыға қарағанда 100 есе күшті одақтастары болады... Біздің Коммунаға тәуекел етуіміз жөн бола қояр ма екен? Большевиктер өздерінің компромисімен бізге шын мәнісінде еш нәрсе бермейді дегенге де келісе алмаймын. Өйткені барлық мәдениетті елдерде мәдениетті министрлер соғыс кезінде пролетариатпен жасалған келісімнің қандайын болса да, тіпті кішкентай келісімді де, өте бағалайды. Өте, өте бағалайды. Ал бұлар іскер адамдар, нағыз министрлер ғой. Большевиктер болса, қудалауға қарамастан, өз баспасөзінің әлсіздігіне қарамастан, соншама шапшаң күшейіп барады... Біздің Коммунаға тәуекел етуіміз жөн бола қояр ма екен?

Бізде көпшілік қамтамасыз етілген, кедей шаруалар оянатын уақыт онша жақын емес, бұл біздің өмірімізге жетеді. Шаруалар елінде көпшілік ұшқарыларға іледіп кетеді дегенге сенбеймін. Ал шын демократиялық республикада көрінеу көпшілікке қарсы көтеріліс болуы мүмкін емес. Екінші дауыс осылай дер еді.

Мартовтың немесе Спиридонованың қайдағы бір

жақтаушыларының арасынан, сірә, үшінші дауыс та табылып қалар, ол былай дейді: «жолдастар», сендердің екеуіңнің де, Коммуна мен оның мүмкіндігі туралы пайымдай келіп, оның дұшпандары жағына қобалжымай шығып кетулерің мені ызаландырады. Бірің бір формада, екіншің екінші формада болғанмен, екеуің де Коммунаны басып-жанышқандар жағында тұрсыңдар. Мен өзім Коммунаны жақтап үгіттеуге бармаймын, әрбір большевиктің істейтінін істей алмаймын, оның қатарында шайқасуға күн ілгері уәде бере алмаймын, бірақ мен сонда да мынаны айтуға тиіспін: *егер* Коммуна, менің жұмсаған күш-жігеріме *қарамастан,* бұрқ ете қалатын болса, мен оның дұшпандарына емес, оның қорғаушыларына көмектесемін...

«Блоктағы» алауыздық үлкен және болмай қалмайтын нәрсе, өйткені ұсақ буржуазиялық демократияның ішінде әбден министериабельді, әбден буржуадан бастап пролетардың позициясына көшуге әлі қабілеті жетпейтін жартылай қайыршыға дейін толып жатқан сарындар бар. Бұл алауыздықтың нәтижесі қай сәтте қандай боларын ешкім білмейді.

* *
*

Жоғарыда айтылғандар жұма күні, 1 сентябрьде, жазылған еді, бірақ кездейсоқ жағдайларға байланысты (Керенскийдің тұсында, тарих та айтар, большевиктердің бәрі бірдей өзінің тұрағын еркін таңдай алмаған) тап сол күні редакцияға жетпеді. Ал сенбі және бүгінгі, жексенбі күнгі, газеттерді оқыған соң, мен өзіме былай деймін: сірә, компромисс ұсыну кешігіп қалған болар. Сірә, бейбіт даму *әлі де* мүмкін болған бірнеше күн *де* өтіп кеткен болар. Иә, ол күндердің өтіп кеткені[69] бәрінен де көрініп отыр. Керенский, қалай болғанда да, эсерлер партиясы*нан* да, эсерлер*ден* де кетіп, эсерлердің әрекетсіздігі арқасында, эсерлері *жоқ* буржуаның көмегімен күшейеді... Иә, бейбіт даму жолы кездейсоқ мүмкін болған күндердің *енді* өтіп кеткені бәрінен де көрініп отыр. Бұл заметканы «Кешігіп

қалған ойлар» деп атауды өтініп, редакцияға жіберу ғана қалды... кейде кешігіп қалған ойлармен де танысу артық болмауы мүмкін ғой.

3 сентябрь, 1917 ж.

1917 ж. 1—3 (14—16) сентябрьде жазылған

1917 ж. 19 (6) сентябрьде «Рабочий Путь» газетінің 3-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[70]

Программаны қабылдау үшін «шағын» съезд шақыру туралы Бухарин жолдастың «Спартактағы»[71] хабары бұл мәселенің қалай пісіп-жетіліп келе жатқанын көрсетеді.

Мәселе шынында да шұғыл.

Біздің партия басқа интернационалистік партиялардың алдында тұр, мұның өзі қазір факт.

Сондықтан да ол бастаманы өз қолына алып, империализм мәселелеріне *жауап беретін* программа ұсынуға міндетті.

Егер біз мұны істемесек, ұят, масқара болады.

Орталық Комитетке мынадай қаулы алуды ұсынамын:

Әрбір партия ұйымы программаны дайындау жөнінде дереу бір немесе бірнеше комиссия белгілеп, оларды, сондай-ақ барлық теоретиктерді немесе жазушыларды және басқаларды мұны *кезектен тыс* қолға алып, *3—7* күндік мерзімнен қалдырмай, не өз жобасын, не басқа жобалар жөніндегі өзгерістері мен түзетулерін тапсыруға *міндеттейді*.

Қажырлылықпен жұмыс істеген жағдайда мұны жүзеге асыруға әбден болады.

Бұл жобаларды жинақтап, бастырып шығару немесе оларды машинкаға бастырып, басты-басты ұйымдарға жіберу керек — бұған екі апта кетер.

Содан кейін шағын съездің (4000 немесе 5000 мүшеге 1 делегаттан)

программаны қабылдау үшін **бір айдан кейін** шақырылатынын *дереу* жариялау керек.

Біздің партия программа ұсынуға тиіс—тек *сонда* ғана біз сөз жүзінде емес, іс жүзінде III Интернационалды *ілгері бастыра аламыз*.

Қалғаны сылдыр сөздер, уәделер, грек календына дейін қалдыра беру болады. Біз бастаманы қолға алып, жұмысты барлық жағынан да жеделдетеміз, тек сонда ғана III Интернационалдың программасын дайындай аламыз.

1917 ж. кеш дегенде 8 (16) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЦИММЕРВАЛЬД ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[72]

Біздің одан шығып *кетпей* қате істегеніміз енді ерекше айқын болды.

Жұрттың бәрін Стокгольммен үміттендірумен алдап жүр. Ал Стокгольм конференциясы айдан айға «кейін қалдырылып келеді».

Ал Циммервальд Стокгольмді *«күтіп отыр»!* Каутскийшілдер+итальяндар, яғни Циммервальдтың көпшілігі Стокгольмді «күтіп отыр».

Комедияға біз де қатысудамыз, бұл үшін жұмысшылар алдында *жауап беріп* отырмыз.

Бұл масқара.

Циммервальдтан *дереу* кету керек.

Біз онда тек хабардар болу үшін ғана қалғанда, ештеңе жоғалтпаймыз, бірақ Стокгольмді «күту» комедиясы үшін *жауап бермейміз*.

Біз шіріген Циммервальдтан шыққанда, дереу, 1917 ж. 3 сентябрьдегі пленум мәжілісінде *солшылдардың конференциясын шақырамыз*, мұны Стокгольмдегі өкілдерге тапсырамыз деп шешуіміз керек.

Әйтпесе былай болып шығып отыр, біздің партиямыз, 17 газеті және басқалары бар интернационалистердің дүние жүзіндегі бірден-бір партиясы, ессіздік істеп, Циммервальдта қалып, Мартовтың Церетелимен, ал Церетелидің эсерлермен, ал эсерлердің буржуазиямен келісімпаздық жасағаны сияқты, неміс және итальян

Мартовтарымен және Церетелилерімен *келісімпаздық ойынын ойнап жүр...*

Бұл да III Интернационал «жағында болғандық» деп аталады-ау!!!

1917 ж. кеш дегенде 3 (16) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҰҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДА ДЕМОКРАТИЗМДІ БҰЗУ ТУРАЛЫ

Солдат депутаттары Советінің (солдаттарда 500-ге 1, жұмысшыларда 1000-ға 1)[73] немесе Кәсіптік одақтар бюросының (ұсақ одақтарда a мүшелерге 1, ірі одақтарда a—b мүшелерге 1) тәсілі сияқты тәсілдерді *подлог**, II Николайға лайық подлог ретінде масқаралайтын қарар қабылдау керек.

Егер біз бұл *подлогқа* үндемей шыдайтын болсақ, онда біз қандай *демократтармыз?*

Онда шаруалардан және помещиктерден *тең емес* окілдер «берген» II Николайдың несі жаман?

Мұндай заттарға шыдау арқылы біз демократизмді масқаралаймыз.

Қарар қабылдау, **тең** сайлау правосын (Советтерде де, кәсіптік одақтардың съездерінде де) талап ету, теңдіктен *аз да болса* кейін шегінуді *подлог* ретінде, *II Николайдың тәсілі* ретінде, нақ осы сөзбен масқаралау керек, сөйтіп Орталық Комитет пленумының жұртқа түсінікті етіп жазылған бұл қарарын жұмысшы бұқарасына листок етіп тарату керек.

«Демократтар» атанып жүріп, демократизмдегі *подлогқа* төзуге болмайды. Егер біз бұған төзетін болсақ, онда демократ емеспіз, принципсіз адамдармыз!!

1917 ж. күш дегенде
3 (16) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* «Сайлаушылардың *тең* санынан барлық жерде, әр уақытта 1 өкіл сайлау» = демократияның әліппесі. Әйтпесе *подлог* болады.

ҚАЗІРГІ САЯСИ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[74]

РСДРП (большевиктер) алтыншы съезінде қабылдаған саяси жағдай туралы қарардың негізінде және бұл қарарды қазіргі кезеңге қолдана отырып, РСДРП Орталық Комитеті өзінің пленум мәжілісінде мынаны анықтайды:

1. Екі айдың ішінде, 3 июльден 3 сентябрьге дейін, тап күресінің барысы мен саяси оқиғалардың дамуы революцияның бұрын болып көрмеген шапшаңдығы нәтижесінде бүкіл елді соншалықты ілгері бастырды, ал революциясыз және соғыссыз бейбіт уақыттағы ұзақ жылдар елді мұншалықты ілгері бастыра алмас еді.

2. 3—5 июльдегі оқиғалар бүкіл революцияның бетбұрыс кезеңі болғаны барған сайын айқын анықталып келеді. Бұл оқиғаларды дұрыс бағаламайынша пролетариаттың міндеттерін де, революциялық оқиғалар дамуының біздің еркімізге байланысты емес шапшаңдығын да дұрыс бағалау мүмкін емес.

3. Большевиктерге қарсы буржуазия жанталаса күш салып таратқан және капиталистік газеттер мен баспаларға жұмсалған миллиондар арқасында буржуазия халық бұқарасына өте-мөте кең жайған жалалар, осы жалалар барған сайын тез, барған сайын кең әшкереленіп отыр. Большевиктерге жабылған жалалар жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың мүдделерін қорғаушыларға, яғни большевиктерге қарсы күресте поме-

щиктер мен капиталистердің ең басты қаруларының бірі өкендігі әуелі астана мен ірі қалалардағы жұмысшыларға, содан кейін шаруаларға да барған сайын айқын бола түсуде.

4. Корниловтың, яғни кадеттер партиясы («халық бостандығы» партиясы) бастаған помещиктер мен капиталистер қолдап жүрген генералдар мен офицерлердің көтерілісі большевиктерге жабылған ескі жаланы қайталауды тура жамылғы етуге тырысты, сөйтіп буржуазияның большевиктік жұмысшы партиясына, кедейлерді шын қорғаушылар партиясына жала жабуының ақиқат маңызына халықтың неғұрлым қалың бұқарасының көзін әбден ашуға себепші болды.

5. Біздің тежеуге ұмтылған әрекеттерімізге қарамастан, бұқараның 3—4 июльде стихиялы түрде бұрқ ете түскен қозғалысын қолдаудан біздің партия тартынған болса, онда мұның өзі пролетариатқа тікелей және бүтіндей опасыздық жасау болар еді, өйткені империалистік соғыстың, яғни капиталистердің мүдделеріне бола жүргізіліп жатқан басқыншылық, тонаушылық соғыстың созылуына және үкімет пен Советтердің күйзелушілік пен ашаршылықты күшейтіп, асқындырып отырған буржуазияға қарсы түк істемей отырғанына орынды әрі әділетті түрде ашынған бұқараның қозғалысы басталды.

6. Буржуазия мен үкіметтің барлық күш-жігерлерін салғанына қарамастан, жүздеген большевиктердің қамауға алынғанына, олардың қағаздарының, документтерінің басып алынғанына, редакцияларға тінту жүргізілгеніне және басқаларына қарамастан,—мұның бәріне қарамастан, біздің партия 3—4 июльдегі қозғалысқа мемлекетте бүкіл өкіметті жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне беру ұранымен «бейбіт және ұйымдасқан» демонстрациядан басқа бір мақсат қойды-мыс деген жаланы дәлелдеу мүмкін болмады және еш уақытта мүмкін болмақ емес.

7. Егер большевиктер 3—4 июльде өкіметті қолға алуды өздерінің міндеті етіп қойған болса, бұл қате болар еді, өйткені тек халықтың ғана емес, сонымен бірге жұмысшылардың да көпшілігі ол кезде армияда-

ғы генералдардың, деревнядағы помещиктердің, қаладағы капиталистердің контрреволюциялық саясатын, 5 июльден кейін өзін бұқараға көрсеткен және эсерлер мен меньшевиктердің буржуазиямен келісімпаздығынан туған саясаттың зардабын іс жүзінде әлі тартқан жоқ еді. Бірақ біздің партияның бірде-бір ұйымы, не орталық, не жергілікті ұйымы 3—4 июльде өкіметті басып алу жөнінде не жазбаша, не ауызша ұран ұсынбағаны былай тұрсын, бұл мәселені тіпті талқыға да салған емес.

8. Біздің партияның 3—4 июль күндерінде жіберген, оқиғалар арқылы енді анықталып отырған шын қатесі тек мынада ғана болды: партия жалпы халықтық жағдайдың революцияшылдығы оның нақты көрінгендегісінен *кемірек* деп санады, партия Советтердің саясатын өзгерту арқылы саяси өзгерістердің бейбіт дамуы *әлі де* мүмкін деп санады, ал шындығында меньшевиктер мен эсерлердің буржуазиямен келісімпаздық жасау арқылы өздерін байлап-матағандығы соншалық, буржуазияның контрреволюцияшыл болып алғандығы соншалық, ешқандай бейбіт даму туралы енді сөз болуы да мүмкін емес-ті. Бірақ оқиғалар тым шапшаң дами қоймас деген үмітпен ғана демелген бұл қате көзқарасты, осы қате көзқарасты партияның «бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін» деген ұранмен және қозғалысқа бейбіт, ұйымдасқан сипат беру міндетін алға қойып 3—4 июльдегі халық қозғалысына қатысудан басқаша жолмен жоюына болмайтын еді.

9. Корнилов көтерілісінің тарихи маңызы нақ мынада болып отыр: бұл көтеріліс эсерлер мен меньшевиктердің келісімпаздық сылдыр сөзімен осы уақытқа дейін бүркемеленіп келген және бүркемеленіп отырған ақиқатқа, атап айтқанда: конституциялық-демократиялық партия бастаған помещиктер мен буржуазияның және олардың жағындағы генералдар мен офицерлердің өзара ұйымдасып алғаны, олардың құлақ естімеген қылмыстар жасауға әзір екендігі және жасап та отырғаны, немістерге Риганы (одан кейін Петроградты да) беру, оларға майданды ашу, большевиктік полктерді қырып тастауға беру, бүлік бастау, астанаға «тағы ди-

визия» бастаған әскерлер әкелу және басқа қылмыстар жөніндегі ақиқатқа — мұның бәрі мынаған бола — буржуазияның қолына бүкіл өкімет билігін басып алу үшін, деревняда помещиктердің билігін нығайту үшін, елді жұмысшылар мен шаруалардың қанына бөктіру үшін істегелі отырғаны жөніндегі ақиқатқа халық бұқарасының көзін айрықша аша түсті.

Корниловтың көтерілісі барлық елдерге бүкіл тарих дәлелдеген нәрсені, атап айтқанда: буржуазияның, халыққа өзінің билігін және өзінің табыстарын тек корған қалу үшін ғана отанды сататындығын, қандай да болсын қылмысқа баратындығын Россияға дәлелдеп берді.

10. Россияның жұмысшылары мен шаруалары алдында помещиктер мен буржуазияға, конституциялық-демократиялық партияға, бұл партияға тілектес генералдар мен офицерлерге қарсы барынша батыл күрес жүргізуден және оларды жеңуден басқа мүлде ешқандай құтылу жолы жоқ. Ал халықты, яғни барлық еңбекшілерді, мұндай күреске және мұндай жеңіске, егер бүкіл мемлекеттік өкімет билігі оз қолына көшсе және өзін ең кедей шаруалар қолдаса, тек қала жұмысшы табы ғана бастай алады.

11. Орыс революциясындағы оқиғалар, әсіресе 6 майдан кейінгі және одан да гөрі 3 июльден кейінгі оқиғалар бұрын-соңды болып көрмеген құйын немесе дауыл сияқты шапшаңдықпен дамып келеді, сондықтан партияның міндеті ол оқиғаларды әсте шапшаңдату болмасқа тиіс; қайта, барлық күш-жігер оқиғалардан қалып қоймауға және тап күресінің жағдайы мен оның барысындағы өзгерістерді жұмысшылар мен еңбекшілерге мүмкіндігінше түсіндіру жөніндегі жұмысымызда үлгеріп отыруға бағытталуы тиіс. Партияның басты міндеті қазір де нақ мынада: жағдайдың сұмдық ушығып тұрғанын, бой корсетудің қандайы болсын дүмпумен аяқталуы мүмкін екенін, сондықтан мезгілсіз көтерілістің орасан зор зиян келтіретінін бұқараға түсіндіру керек. Ал сонымен бірге ушығып тұрған жағдай жұмысшы табын,— бәлкім, жойқын шапшаңдықпен — сөзсіз мынадай жағдайға әкеліп тірейді: жұмыс-

шы табы өзіне байланысты емес оқиғалар бетбұрысына орай контрреволюциялық буржуазияға қарсы батыл күреске шығып, өкіметті жеңіп алуға мәжбүр болады.

12. Корниловтың көтерілісі армияның, бүкіл армияның *ставканы жек көретіндігі* фактісін әбден ашты. Мұны тіпті большевиктерге өздерінің өшпенділігін, жұмысшылар мен шаруалардың помещиктермен және буржуазиямен келісу саясатын өздерінің қорғайтындығын айлар бойы күш салып дәлелдеген меньшевиктер мен эсерлер де мойындауға тиіс болды. Керенскийдің үкіметі Корниловты Алексеевпен ауыстырумен тынып, Клембовскийді, Корниловтың басқа да генералдарын орындарында қалдырғаннан кейін, армияны демократияландыру және контрреволюцияшыл командирлер құрамын шеттету жөнінде мүлде ешқандай елеулі шара қолданбағаннан кейін армияның ставкаға өшпенділігі бәсеңдемейді, қайта күшейе түседі. Керенскийдің бұл нашар, ауытқымалы, принципсіз саясатына шыдап, ол саясатты қолдап отырған Советтер, Корнилов көтерілісін жойған кезде бүкіл өкімет билігін бейбіт жолмен алудың тағы да бір сәтін пайдалана алмай қалған Советтер, бұл Советтер тек келісімпаздығы үшін ғана емес, сонымен қатар тіпті қылмысты келісімпаздығы үшін де айыпты болады.

Ставканы жек көретін және соғыстың басқыншылық сипатына көзі жетіп, оны жүргізуді қаламайтын армия жаңа апаттарға сөзсіз ұшырайды.

13. Жұмысшы табы өкімет билігін жеңіп алғаннан кейін тек бір өзі ғана, буржуазияны және оның құпия шарттарын қолдаушы меньшевиктер мен эсерлер сияқты сөз жүзінде емес, іс жүзінде бейбітшілік саясатын жүргізе алады. Атап айтқанда: жұмысшы табы дереу, қандай соғыс жағдайында болсын, тіпті Корниловтың генералдары Риганы беріп, одан кейін Петроградты және берсе де, *барлық* халықтарға ашық, дәл, айқын, *әділетті* бітім шарттарын ұсынады. Мұны жұмысшы табы бүкіл халық атынан істей алады, өйткені Россия жұмысшылары мен шаруаларының басым көпшілігі қазіргі басқыншылық соғысқа қарсы, аннексия-

сыз (басып алусыз) және контрибуциясыз, әділ шарттарға негізделген бітімді жақтап пікір білдірді.

Эсерлер мен меньшевиктер осындай бітімді айлар бойы сөз етіп, өздерін де, халықты да алдап жүр. Жұмысшы табы өкімет билігін жеңіп алғаннан кейін, бір күнді де босқа жібермей, барша жұртқа бітім ұсынады.

Барлық жерде соғысқа қарсы өсіп келе жатқан жұмысшы революциясын барлық елдердің капиталистері әрең тежеп отыр, егер орыс революциясы бітім жөніндегі дәрменсіз, бейшаралық күрсінуден құпия шарттарды жариялап, бұзумен және т. б. бірге бітімді тікелей ұсынуға көшсе, онда бітімнің шапшаң жасалуы, капиталистердің бітімге кедергі келтіре алмауы жөніндегі жүз мүмкіндіктің тоқсан тоғызы бар.

Ал ықтималдығы кемірек нәрсе жүзеге аса қалса, яғни капиталистер, өз халықтарының қалауына қарамастан, орыс жұмысшы үкіметінің, бітім шарттарын қабылдамаса, онда Европада революция бері қарай жүз есе жақындайды, ал біздің жұмысшылар мен шаруалардың армиясы өзіне жек көретін бастықтары мен қолбасшыларын емес, құрметтейтін бастықтары мен қолбасшыларын таңдап алады, бітім ұсынылып, құпия шарттар жыртылып, помещиктермен және буржуазиямен одақтасу тоқтатылып, барлық жер шаруаларға беріліп болғаннан кейін ғана соғыстың әділетті соғыс болғандығына көзі жетеді. Тек сонда ғана соғыс Россия тарапынан әділетті соғыс болады, жұмысшылар мен шаруалар тек осындай соғысты ғана таяқтың күшімен емес, ерікті түрде жүргізеді және мұндай соғыс алдыңғы қатарлы елдерде болмай қоймайтын жұмысшы революциясын бұрынғыдан да жақындата түседі.

14. Жұмысшы табы өкімет билігін жеңіп алғаннан кейін тек бір өзі ғана барлық помещик жерлерінің шаруаларға төлемсіз дереу өтуін қамтамасыз ете алады. Мұны кейінге қалдыруға болмайды. Мұны Құрылтай жиналысы заңдандырады, бірақ мұның кешеуілдеуіне шаруалар кінәлы емес. Помещиктермен және капиталистермен келісу арқылы жер алуға болмайтындығына шаруалардың күн өткен сайын көздері жетіп келеді.

Жерді тек ең кедей шаруалардың жұмысшылармен қалтқысыз, туысқандық одағы болғанда ғана алуға болады.

Чернов помещик-кадеттерге үлкенді-кішілі қолдан берулер арқылы шаруалардың мүдделерін қорғап қалуға айлар бойы әрекет етіп, ол әрекеттердің бәрі сәтсіз аяқталғаннан кейін Черновтың үкіметтен кетуі келісімпаздық саясаттың үміттенуге болмайтын саясат екендігін ерекше айқын көрсетті. Ал жергілікті жерлердегі шаруалар 5 июльден кейін деревняларда помещиктердің қалай басынып кеткендігін және оларды қалай ауыздықтап, зиянсыздандыру қажеттігін көріп, біліп, түйсініп, сезіп отыр.

15. Жұмысшы табы өкімет билігін жеңіп алғаннан кейін тек бір өзі ғана күйзелісті және төніп тұрған аштық қаупін жоя алады. 6 майдан бері үкімет бақылау орнатпақ болып, уәде берумен келеді, бірақ үкімет еш нәрсе істеген жоқ және істей алмады да, өйткені капиталистер мен помещиктер бүкіл жұмысты бүлдіріп отырды. Жұмыссыздық өршіп барады, ашаршылық төніп келеді, ақшаның құны төмендеп барады, тұрақты бағалар екі есе өскеннен кейін Пешехоновтың кетуі дағдарысты бұрынғысынан да гөрі күшейте түседі және үкіметтің барлық осалдығы мен дәрменсіздігін тағы да дәлелдейді. Тек өндіріс пен бөліске жұмысшы бақылауын қою ғана істі аман сақтап қала алады. Тек жұмысшы үкіметі ғана капиталистерді ауыздықтайды, *өкіметті* барлық еңбекшілер күш салып, ерлікпен қолдайтын етеді, тәртіп орнатып, астықтың өнімге дұрыс айырбасталуын қамтамасыз етеді.

16. Кедей шаруалардың қала жұмысшы табына сенімі — буржуазияның жала жабуы және келісімпаздық саясатқа үміт арту салдарынан уақытша нашарлаған сенімі, әсіресе 5 июльден кейін деревнялардағы тұтқындау мен еңбекшілерді неше түрлі қуғындаулар, содан соң Корниловтың көтерілісі халықтың көзін ашқаннан кейін, қалпына келуде. Капиталистермен келісуге халықтың сенімі таусылғандығының бір белгісі — бұл келісімдер саясатын енгізіп, оны ақырына дейін жүргізген басты екі партияда, эсерлер мен мень-

шевиктер партияларында, әсіресе 5 июльден кейін бұл партиялардың ішінде наразылық, келісімпаздыққа қарсы күрес, оппозиция күшейіп барады, ал бұл оппозиция социалист-революционерлер партиясының соңғы «Советінде» және меньшевиктер партиясының съезінде бестен екі бөлікке жуық (40%) болып отыр.

17. Оқиғалардың бүкіл барысы, барлық экономикалық және саяси жағдайлар, армияда болып жатқан уақиғалардың бәрі бітімге, астыққа, бостандыққа қол жеткізетін, басқа елдерде де пролетариат революциясының жеңісін тездететін жұмысшы табының өкімет билігін жеңіп алуының табысты болуын үсті-үстіне жедел әзірлеп жатыр.

1917 ж. кеш дегенде 3 (16) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АПАТ ҚАУПІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУ КЕРЕК[75]

1917 ж. 10—14 (23—27) сентябрьде жазылған

1917 ж. октябрьдің аяғында Петроградтағы «Прибой» баспасында жеке кітапша болып басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Грозящая катастрофа и как с ней бороться.

Голод надвигается.

В. И. Лениннің «Апат қаупі және опымен қалай күресу керек» деген қолжазбасының бірінші беті.—10—14 (23—27) сентябрь, 1917 ж.

Кішірейтілген

АШАРШЫЛЫҚ ТӨНІП КЕЛЕДІ

Россияға сөзсіз апатқа ұшырау қаупі төнуде. Темір жол транспорты адам айтқысыз кері кеткен және барған сайын кері кетуде. Темір жолдар тұрып қалмақ. Фабрикаларға шикі материалдар мен көмірдің әкелінуі тоқталмақ. Астықтың әкелінуі тоқталмақ. Орасан апат республика мен демократизмнің, Советтердің, жалпы алғанда пролетар мен шаруа одақтарының күйреуі болады, ал мұның өзі монархияға қайта оралуды және буржуазия мен помещиктердің шексіз өктемдігін қайта орнатуды оңайлатады деп үміттеніп, капиталистер өндірісті қасақана, үздіксіз кері кетіріп отыр (бүлдіріп, тоқтатып, әлсіретіп, кедергі жасап отыр).

Бұрын болып көрмеген жойқын апат пен ашаршылық қаупі сөзсіз төніп келеді. Бұл туралы барлық газеттерде сансыз рет айтылды да. Партиялар да, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері де қисапсыз көп қарарлар қабылдады,— бұл қарарларда апаттың болуы сөзсіз, ол өте жақындап қалды, оған қарсы жан сала күрес жүргізу қажет, қырылып қалмау үшін халықтың «қажырлы күш жұмсауы» қажет делінген және тағысын-тағылар.

Бәрі осыны айтуда. Бәрі осыны мойындауда. Бәрі осылай деп ұйғарған.

Бірақ ештеңе істелмей отыр.

Революцияның жарты жылы өтті. Апат бұрынғыдан бетер жақындап қалды. Жаппай жұмыссыздыққа жетті. Ойлап қараңыздаршы: астық пен шикізат жеткілікті

молшерде болып тұрғанның өзінде ел товарсыз қалып отыр, ел өнімдердің тапшылығынан, жұмысшы қолының жеткіліксіздігінен қырылу қатеріне ұшырап отыр,— сөйтіп осындай елде, осындай қиын-қыстау кезеңде жаппай жұмыссыздық өсіп отыр! Революцияның (мұны кейбіреулер ұлы революция деп атайды, бірақ мұны әзірше шірік революция деп атау, бәлкім, дұрысырақ болар еді) жарты жылы ішінде, демократиялық республика тұсында, өздерін масаттана «революциялық-демократиялық» деп атайтын одақтар, органдар, мекемелер толып жатқан кезде, апатқа қарсы, ашаршылыққа қарсы іс жүзінде елеулі ештеңе істел*мегеніне* бұдан басқа тағы да қандай дәлел керек? Біз күйреуге бірден-бірге тез жақындап келеміз, өйткені соғыс күтіп тұрмайды, ал сол соғыстың салдарынан халық өмірінің барлық жағынан күйзелуі барған сайын күшейе түсіп отыр.

Ал оның бер жағында тіпті сәл ғана көңіл бөліп, ой жүгіртсең болғаны, апат пен аштыққа қарсы күрес әдістерінің бар екендігіне, күрес шараларының әбден айқын, оңай, әбден жүзеге асарлық екендігіне, бұған халықтың күші толық жететіндігіне, ал бұл шаралардың қолданыл*май* отырған *бір ғана, жалғыз ғана* себебі: бұларды жүзеге асыру ат төбеліндей помещиктер мен капиталистердің адам айтқысыз мол пайдаларына нұқсан келтіретінінде екендігіне көзің жетеді.

Шынында да солай. Күрестің негізгі және басты шарасын, апат пен ашаршылықты болдырмау шарасын әбден айқын, анық мойындамаған бірде-бір сөйленген сөзді, қай бағыттағы болсын газеттегі бірде-бір мақаланы, қай жиналыстың немесе қай мекеменің болсын бірде-бір қарарын таппайсыз деп кесіп айтуға болады. Бұл шара: мемлекет тарапынан жүргізілетін бақылау, қадағалау, есеп, реттеу, өндірісте және өнімдерді бөлуде жұмысшы күшінің дұрыс бөлінуін белгілеу, халық күштерін сақтау, күштерді орынсыз жұмсаудың қандайын болса да жою, оларды үнемдеу. Бақылау, қадағалау, есеп,— апат пен ашаршылыққа қарсы күрестегі бірінші сөз, міне, осы. Жалпы жұрт мойындаған дау-

сыз нәрсе, міне, осы. Помещиктер мен капиталистердің шексіз өктемдігіне қол сұғудан қорқып, олардың қисапсыз көп, құлақ естімеген, масқара пайдаларына, қымбатшылықтан, соғыс жабдықтарын беруден (ал қазір бәрі де дерлік тікелей немесе жанамалап соғысқа «қызмет етеді») түсіп жатқан пайдаларына, жұрттың бәрі біліп, жұрттың бәрі көріп отырған, жұрттың бәрін күрсіндіріп, күйіндіріп отырған пайдаларына қол сұғудан қорқып, *істелмей жүрген* нәрсе, міне, дәл осы.

Ал мемлекет тарапынан тіпті аз да болса елеулі бақылау, есеп, қадағалау жұмысын жүргізу үшін мүлдө ештеңе істелмей отыр.

ҮКІМЕТТІҢ ТОЛЫҚ ӘРЕКЕТСІЗДІГІ

Бақылау, қадағалау және есеп атаулыға, оны мемлекет тарапынан жолға қою әрекеттерінің қандайына болса да барлық жерде, ұдайы, үздіксіз саботаж жасалып отыр. Бұл саботаждың қайдан шығып жатқанын, қандай амалдармен жүргізіліп отырғанын түсінбеу үшін адам нанғысыз аңғал болу керек,— түсінбегенсін көлгірсу үшін нағыз екіжүзді болу керек. Өйткені банкирлер мен капиталистердің осы саботажы, олардың бақылау, қадағалау, есеп атаулыға осылай *бөгет жасауы* демократиялық республиканың мемлекеттік формаларына бейімделіп отыр, «революциялық-демократиялық» мекемелердің бар екендігіне бейімделіп отыр. Ғылыми социализмді жақтаушылардың бәрі сөз жүзінде мойындайтын, бірақ меньшевиктер мен эсерлер өздерінің достары министрлердің, министрдің орынбасарларының және т. б. орындарын алғаннан кейін дереу ұмытуға тырысқан ақиқатты капиталист мырзалар әбден жақсы ұғынған. Атап айтқанда, ол ақиқат мынау: басқарудың монархиялық формаларының республикалық-демократиялық формаларымен алмастырылуы капиталистік қанаудың экономикалық мәніне ешбір нұқсан келтірмейді, демек, керісінше айтқанда: капиталистік пайданың қол сұғылмастығы мен қасиеттілігін самодержавиелік монархия тұсындағыдай демократия-

лық республика тұсында да ойдағыдай қорғау үшін бұл жолдағы күрестің тек *формасын* ғана өзгерту керек.

Бақылау, есеп, қадағалау атаулыға жасалып отырған қазіргі, ең жаңа, республикалық-демократиялық саботаж мынада: капиталистер бақылау «принципі» мен оның қажеттігін (әлбетте, барлық меньшевиктер мен эсерлер сияқты) сөз жүзінде «қызу» мойындайды, бірақ бұл бақылаудың «бірте-бірте», жоспарлы түрде, «мемлекет тарапынан реттеу арқылы» енгізілуін талап етеді. Ал іс жүзінде осы игіліктісымақ сөздер арқылы бақылауға *бөгет жасаушылық*, оны жоқ нәрсеге, жалған нәрсеге айналдырушылық, бақылауды ойыншық етушілік, барлық тыңғылықты және нақты-елеулі қадамдарды кешеуілдетушілік, өте-мөте күрделі, далиған, чиновниктік-өлексе бақылау мекемелерін, капиталистерге бүтіндей тәуелді, мүлде ештеңе істемейтін және істей де алмайтын мекемелерді құрушылық бүркемеленіп отыр.

Сөзіміз жалаң болмауы үшін меньшевиктер мен эсерлерден, яғни атап айтқанда революцияның алғашқы жарты жылы ішінде Советтерде көпшілік болған, «коалициялық үкіметке» қатысқан және сондықтан да капиталистердің қолтығына су бүріккені үшін, олардың бақылау атаулыға бөгет жасағаны үшін орыс жұмысшылары мен шаруаларының алдында саяси жауапты адамдардан куәлар келтірейік.

«Революциялық» демократияның «уәкілетті» (ойнамаңыз!) делінетін органдарының ең жоғары орнының ресми органында, «Известия ЦИК»-те (яғни жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық съезі Орталық Атқару Комитетінің органында), 1917 жылғы 7 сентябрьдегі 164-номерінде нақ сол меньшевиктер мен эсерлер құрған және солардың қолындағы бақылау мәселелерін басқаратын арнаулы мекеменің *қаулысы* басылған. Бұл арнаулы мекеме — Орталық Атқару Комитетінің «Экономикалық бөлімі». Оның қаулысында *«экономикалық өмірді реттеу үшін үкімет жанынан құрылған орталық органдардың то-*

лық әрекетсіздігі» факт ретінде ресми мойындалады.

Рас емес пе, меньшевиктік және эсерлік саясаттың күйрегендігі жөнінде меньшевиктер мен эсерлердің өздері қол қойған куәліктен асатын айқын куәлікті табуға болар ма екен?

Патша өкіметі тұсында-ақ экономикалық өмірді реттеу қажеттігі мойындалып, бұл үшін кейбір мекемелер құрылған болатын. Бірақ патша өкіметі тұсында күйзелушілік өскен үстіне өсіп, сұмдық мөлшерге жеткенді. Республикалық, революциялық үкіметтің міндеті күйзелушілікті жою үшін дереу елеулі, батыл шаралар қолдану деп табылған еді. Меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен «коалициялық» үкімет құрылған кезде үкіметтің 6 майдағы бүкіл халық алдында берген салтанатты декларациясында мемлекеттік бақылау мен реттеу жұмысын белгілеу жөнінде уәде беріліп, міндеттеме алынған-ды. Церетелилер де, Черновтар да, солар сияқты барлық меньшевиктік, эсерлік көсемдер де өздерінің үкімет үшін тек жауапты болып қана қоймайтындығын, сонымен қатар өздерінің қолындағы «революциялық демократияның уәкілетті органдары» іс жүзінде үкіметтің жұмысын қадағалап, тексеріп отыратындығын айтып ант-су ішкен болатын.

6 майдан бері төрт ай өтті, бұл ұзақ төрт айдың ішінде Россия сорақы, империалистік «шабуылға» бола жүз мыңдаған солдаттан айрылды, күйзелушілік пен апат аршынды қадаммен жақындай берді, жазғы уақытта кеме транспорты жөнінде де, егіншілік жөнінде де, кен барлау жөнінде де, т. б., т. с. жөнінде де көп нәрсені тындыруға ерекше мүмкіндік болған еді,— ал төрт айдан кейін меньшевиктер мен эсерлер үкімет жанынан құрылған бақылау мекемелерінің «толық әрекетсіздігін» ресми мойындауға мәжбүр болып отыр!!

Ал осы меньшевиктер мен эсерлер, кәдімгі бір мемлекет қайраткерлерінше, қазір (біз бұл сөздерді нақ 12 сентябрьдегі Демократиялық кеңестің қарсаңында жазып отырмыз[76]) жағдайды кадеттермен коалиция жасаудың орнына сауда-өнеркәсіптік Кит-Китычтермен, Рябушинскийлермен, Бубликовтармен, Терещен-

колармен және К^{0}-мен коалиция жасау арқылы түзеуге болады деп мылжыңдап отыр!

Айтыңыздаршы, меньшевиктер мен эсерлердің осындай ғажайып соқырлығын қалай түсіндіруге болады? Бұларды тым ақылсыз және аңғал болғандықтан не істеп жүргенін білмейтін, адал ниетпен адасушы мемлекеттік орындағы сәбилер деп санауға бола ма? Немесе министрдің, министрдің орынбасарларының, генерал-губернаторлардың, комиссарлардың және солар сияқтылардың орындарын көп алуы айрықша, «саяси» соқырлық туғызатын нәрсе ме?

БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА МӘЛІМДІЛІГІ МЕН ОҢАЙЛЫҒЫ

Мынадай сұрақ тууы мүмкін: бақылау әдістері мен шаралары дегеніміз ерекше күрделі, қиын, бастан кешпеген, тіпті мәлімсіз бір нәрсе емес пе? Кешеуілдеудің себебі — кадет партиясының, сауда-өнеркәсіп табының, эсерлер мен меньшевиктер партияларының мемлекет басында отырған адамдары бақылау шаралары мен әдістерін іздестіру, зерттеу, табу жөнінде жарты жыл бойы терлеп-тепшіп еңбек етсе де, міндет орасан қиын болып шығып, әлі де болса шешілмей қалып отырған жоқ па?

Қайдан! Қараңғы, сауатсыз және езілген мужиктердің, бәріне де нана беретін, еш нәрсенің байыбына бармайтын тоғышарлардың «көзін бояп», істің жайын осылай етіп көрсетуге тырысады. Ал шындығында тіпті патша өкіметі де, тіпті «ескі режим» де әскери-өнеркәсіп комитеттерін құрған кезде бақылаудың негізгі шарасын, басты әдісі мен жолын: халықты түрлі кәсіптеріне, жұмыс мақсаттарына, еңбек салаларына, т. с. қарай біріктіруді *білген болатын*. Бірақ патша өкіметі халықты біріктіруден *қорықты*, сондықтан да бақылаудың осындай жалпыға мәлім, өте оңай, қолдануға әбден болатын әдісі мен жолын барынша тежеп, олардың өрісін қасақана тарылтып отырды.

Барлық соғысушы мемлекеттер соғыстың асқынған ауыртпалықтары мен апаттарын бастан кешіре отырып,

күйзелушілік пен аштықты — белгілі бір дәрежеде — бастан кешіре отырып, бақылаудың *бірсыпыра* шараларын әлдеқашан белгілеп, анықтап, қолданып, байқап көрді: бұл шаралар, мемлекет өкілдері қатысқанда, мемлекет тарапынан қадағалау жүзеге асырылғанда, әрқашан дерлік халықты біріктіруге, әр алуан одақтарды құруға немесе соларды көтермелеуге, т. с. келіп саяды. Бақылаудың мұндай шараларының бәрі де жалпыға мәлім, бұлар туралы көп айтылды да, көп жазылды да, соғысушы алдыңғы қатарлы державалардың шығарған, бақылауға қатысы бар заңдары орыс тіліне аударылды немесе орыс баспасөзінде толық баяндалды.

Егер біздің мемлекетіміз бақылауды тыңғылықты, байсалды түрде жүзеге асыруды шын *тілесе*, егер оның мекемелері капиталистердің алдында құлдық ұруы арқылы өздерін «толық әрекетсіздікке» душар етпеген болса, онда мемлекетке бақылау шараларының ұшантеңіз қорынан әлдеқашан белгілі болған, әлдеқашан қолданылған шараларды қос қолдап көсіп алу ғана қалған болар еді. Бұған бірден-бір бөгет болған және бөгет болып отырған нәрсе мынау: бақылау капиталистердің шамадан тыс мол пайдаларын әйгілеп, бұл пайдалардың берекесін кетірген болар еді,— ал кадеттер, эсерлер мен меньшевиктер бұл бөгетті халық көзінен бүркемелеп отыр.

Осы аса маңызды мәселені (асылында, Россияны соғыс пен ашаршылықтан құтқарғысы келетін нағыз революциялық үкіметтің *қайсысының болсын* программасы туралы мәселеге барабар мәселені) анығырақ түсіндіру үшін бақылаудың осы басты-басты шараларын атап, олардың әрқайсысын қарастырып көрейік.

Тек мазақ үшін ғана революциялық-демократиялық үкімет деп аталмаған үкімет өзі құрылған алғашқы аптаның ішінде бақылаудың басты-басты шараларын декретпен (қаулымен, бұйрықпен) жүзеге асыратын болса, алдау арқылы бақылаудан жалтаратын капиталистерге елеулі, мықты жаза белгілесе, капиталистерді қадағалауға, бақылау жайындағы қаулыларды олардың дұрыс орындауын қадағалауға халықтың өзін шақырса, осы-

ның өзі-ақ жеткілікті болар еді, сонда Россияда бақылау ісі әлдеқашан жүзеге асқан болар еді — біз міне осыны көрген болар едік.

Бұл басты-басты шаралар мынау:

1) Барлық банктерді бір банк етіп біріктіру және оның операцияларын мемлекеттің бақылауы немесе банктерді национализациялау.

2) Синдикаттарды, яғни капиталистердің ең ірі, монополистік одақтарын (қант, мұнай, көмір, металлургия синдикаттары, т. т.) национализациялау.

3) Коммерция құпиясын жою.

4) Өнеркәсіпшілерді, саудагерлерді және жалпы алғанда қожайындарды күштеп синдикаттандыру (яғни одақтарға күштеп біріктіру).

5) Халықты тұтынушылар қоғамдарына күштеп біріктіру немесе осындай бірлестікті көтермелеп, оны бақылап отыру.

Революциялық-демократиялық жолмен жүзеге асырған күнде бұл шаралардың әрқайсысының маңызы қандай болатынын қарастырып көрейік.

БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ

Жұртқа мәлім, банктер қазіргі шаруашылық өмірінің орталық орындары, бүкіл капиталистік халық шаруашылығы системасының негізгі жүйкетамыр тораптары болып табылады. «Экономикалық өмірді реттеу» туралы әңгіме еткенде банктерді национализациялау мәселесінен орағытып оту не нағыз барып тұрған надандықты көрсеткендік болады, не көпірме сөздермен, көпірме уәделермен, бұл уәделерді орындамауға бел байлауды күн ілгері ойластыра отырып, «қарапайым халықты» алдағандық болады.

Банк операцияларын бақыламай, реттемей, астық жеткізуді немесе жалпы алғанда өнімдерді өндіру мен бөлуді бақылау, реттеу дегеніңіз бос сөз болып шығады. Мұның өзі кездейсоқ іліккен «тиын-тебенді» ұстап, миллиондаған ақшаны көрмегендік болады. Қазіргі банктердің саудамен (астық саудасымен және басқа әр түрлі саудамен), өнеркәсіппен біте қайнасып кеткенді-

гі соншалық, банктерге «қол салмайынша», мүлде ешбір елеулі нәрсені, ешбір «революциялық-демократиялық» нәрсені істеуге болмайды.

Әлде, бәлкім, мемлекеттің банктерге осылайша «қол салуы» әлдененндей бір өте қиын және шатақ операция шығар? Әдетте филистерлерді пақ осындай көрініспен қорқытуға тырысады — тырысатындар, әрине, капиталистер мен олардың қорғаушылары, өйткені мұның өзі оларға тиімді.

Шындығында банктерді национализациялау ісі тіпті бірде-бір «меншікшінің» бірде-бір тиынына тиместен, мүлде ешқандай техникалық қиыншылықтар да, мәдени қиыншылықтар да туғызбайды, бұл істің өзі *тек қана* ат төбеліндей аз байлардың құлқын-құмарлық мүдделеріне бола бөгеліп отыр. Егер банктерді национализациялау ісін екінің бірінде жеке меншіктегі мүліктерді конфискелеумен шатастырып жүрген болса, ұғымдардың осылай шатастырылуының етек алуына буржуазиялық баспасөз кінәлы; ал бұл баспасөз жұртшылықты алдау мақсатын көздейді.

Банктер жұмсап отыратын және банктерге жиналатын капиталдар меншігі тасқа басылған және жазба куәліктермен куәландырылады, бұл куәліктер акциялар, облигациялар, вексельдер, қол хаттар, т. б. деп аталады. Банктерді национализациялағанда, яғни барлық банктерді мемлекеттік бір банк етіп қосқанда бұл куәліктердің бірде-бірі құрымайды да, өзгермейді де. Жинақ книжкасында кімнің 15 сомы болса, банктерді национализациялағаннан кейін де сол адам 15 сомның иесі болып қалады, ал кімде-кімнің 15 миллионы болса, банктерді национализациялағаннан кейін де оның акциялар, облигациялар, вексельдер, товар куәліктері және сол сияқтылар түрінде 15 миллионы болады.

Банктерді национализациялаудың маңызы неде?

Оның маңызы мынада: жеке банктерге және олардың операцияларына (тіпті коммерция құпиясы және басқалар жойылған күнде де) ешқандай шын бақылау орнату мүмкін емес, өйткені балансіарды жасаған кезде, жалған кәсіпорындар мен филиал бөлімшелер құрған кезде, қолдан қойылған адамдарды іске қосқан кезде,

тағы сол сияқты нәрселер жасаған кезде қолданылатын аса күрделі, аса шатақ, аса айлалы амалдарды қадағалап отыру мүмкін емес. Барлық банктерді бір банк етіп біріктіру ісі ғана меншік қатынастарында өздігінен ешқандай өзгеріс туғызбай-ақ, қайталап айталық, бірде-бір меншікшінің бірде-бір тиынына тимей-ақ, нағыз бақылау орнатуға *мүмкіндік* береді,—әрине, жоғарыда көрсетілген барлық басқа шараларды қолданған күнде мүмкіндік береді. Мемлекеттің миллиондар мен миллиардтардың қайда және қалай, қай жақтан және қай мезгілде құйылып жататынын біліп отыруына тек банктерді национализациялаған күнде ғана *жетуге болады*. Сөйтіп тек банктерді, капиталистік айналымның орталық орнын, басты өзегін және негізгі механизмін бақылау ғана бүкіл шаруашылық өмірді, аса маңызды өнімдерді өндіру мен бөлуді бақылау ісін сөз жүзінде емес, іс жүзінде жолға қоюға мүмкіндік берген болар еді, «экономикалық өмірді реттеу» ісін жолға қоюға мүмкіндік берген болар еді, әйтпеген күнде мұның өзі қалайда қарапайым халықты алдау үшін айтылатын министрлік жел сөз болып қала береді. Банктерді мемлекеттік бір банк етіп біріктірген жағдайда, тек олардың операцияларын бақылау ғана бұдан былай оңай жүзеге асатын шаралар қолданылса, мүліктер мен табыстар жасырылмай, табыс салығы толық өндірілуін жолға қоюға мүмкіндік береді, өйткені қазір табыс салығы аса көп реттерде жалған нәрсе болып қалып отыр.

Банктерді национализациялау жөнінде тек қана декрет шығарылса болғаны, — сөйтіп оны директорлар мен қызметшілердің өздері-ақ жүзеге асыра берер еді. Бұл арада ешқандай ерекше аппараттың, мемлекет тарапынан ешқандай ерекше дайындық шараларының керегі жоқ, бұл шараны нақ бір указбен, «бір соққымен» ғана жүзеге асыруға болады. Өйткені мұндай шараның экономикалық мүмкіндігін капитализмнің өзі туғызған, неге десеңіз ол вексельдер, акциялар, облигациялар, т. б. дәрежесіне жетіп дамыды. Бұл арада *тек есеп-қисапты біріктіру ғана* қалады, ал егер революциялық-демократиялық мемлекет барлық банктерді мемлекеттік

бір банк етіп жедел біріктіру үшін директорлар мен қызметшілердің әрбір қалада жиналыстары, ал облыстар мен бүкіл елде съездері дереу, телеграф арқылы шақырылады деп қаулы алған болса, онда бұл реформа бірнеше аптаның ішінде іске асырылған болар еді. Әлбетте, нақ директорлар мен жоғарғы қызметшілер қарсылық көрсетіп, мемлекетті алдауға, істі кешеуілдетуге және басқа әрекеттер жасауға тырысар еді, өйткені бұл мырзалар өздерінің айрықша табысты орындарынан айрылар еді, айрықша пайдалы алаяқтық операциялар жасау мүмкіндігінен айрылар еді; *әңгіменің бүкіл мәні осында.* Бірақ банктерді біріктіруде зәредей де техникалық қиыншылықтар жоқ, ал егер мемлекеттік өкімет тек сөз жүзінде ғана революциялық өкімет болмаса (яғни ескішілдік пен кертартпалықтан қол үзуден қорықпаса), тек сөз жүзінде ғана демократиялық өкімет болмаса (яғни ат төбеліндей байлардың емес, халық көпшілігінің мүдделері үшін қызмет етсе), онда істі сәл кешеуілдеткені үшін, документтер мен есептерді жасыруға тырысқаны үшін директорларға, басқарма мүшелеріне, ірі акционерлерге жаза ретінде мүліктерін конфискелеу мен түрмеге жабуды декретпен белгілеудің өзі-ақ жеткілікті болар еді, мәселен, кедей қызметшілерді *жеке* біріктіріп, оларға байлардың алдауы мен кешеуілдетуін әйгілегені үшін сыйлық берудің өзі-ақ жеткілікті болар еді,— сонда банктерді национализациялау ісі жеңілдің жеңілі, шапшаңның шапшаңы болып өтер еді.

Бүкіл халық үшін, әсіресе жұмысшылар үшін *емес* (өйткені жұмысшылардың банктермен қатысы шамалы болады), шаруалар бұқарасы мен ұсақ өнеркәсіпшілер үшін банктерді национализациялаудың пайдасы орасан зор болар еді. Орасан зор еңбек үнемделер еді, ал егер мемлекет банк қызметшілерінің санын бұрынғы мөлшерде қалдырар еді деп ұйғарсақ, онда мұның өзі банктерді пайдалану ісін универсалдандыру (жалпыға ортақ ету), олардың бөлімшелерінің санын көбейту, олардың операцияларын оңайлату, т. б. т. с. бағытында мейлінше үлкен қадам жасағандық болар еді. Нақ *ұсақ* қожайындар үшін, шаруалар үшін, кредит ісі мейлінше

оңайлап, жеңілденер еді. Мемлекет әуелі барлық негізгі ақша операцияларын өшбір бүкпесіз *шолып* отыруға, одан соң оларды *бақылауға,* содан кейін шаруашылық өмірді *реттеуге,* ақырында капиталист мырзаларға орасан зор «комиссиялық» «қызмет ақы» төлемей-ақ, ірі-ірі мемлекеттік операциялардан миллиондар мен миллиардтар *табуға* бірінші рет мүмкіндік алар еді. Міне, сондықтан да — тек сондықтан ғана — барлық капиталистер, барлық буржуазиялық профессорлар, бүкіл буржуазия, оған қызмет етуші барлық Плехановтар мен Потресовтар және К° банктерді национализациялауға қарсы аузынан көбік шашып айқасуға, осы ең оңай және аса көкейтесті шараға қарсы мыңдаған сылтаулар ойлап табуға әзір тұр; ал *тіпті* елдің «қорғанысы» тұрғысынан, яғни соғыс тұрғысынан қарағанда да бұл шара орасан зор пайдалы болар еді, мұның өзі елдің «әскери қуатын» орасан зор дәрежеде арттырған болар еді.

Бұл арада: Германия және Америка Құрама Штаттары сияқты алдыңғы қатарлы мемлекеттердің банктерді национализациялауды ойламай-ақ «экономикалық өмірді реттеу» ісін әбден жақсы жүргізіп отырғаны неліктен?— деп, бәлкім, дау айтушылар табылар.

Оның себебі,— дейміз біз,— бұл мемлекеттердің біреуі монархия, екіншісі республика бола тұрса да, *екеуі де* тек капиталистік мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар империалистік мемлекеттер. Солай болғандықтан, бұлар өздеріне қажетті өзгерістерді реакциялық-бюрократиялық жолмен іске асырады, ал біз бұл арада революциялық-демократиялық жолды айтып отырмыз.

Бұл «кішкене айырманың» өте үлкен маңызы бар. Мұны ойлау көп жағдайда «әдетке айналмаған». Бізде (әсіресе эсерлер мен меньшевиктерде) «революциялық демократия» деген сөздер құдайға сенерліктей онша надан емес адамдар да қолданатын «құдайға шүкір» деген сөздер сияқты, немесе кейде тіпті «День» немесе «Единство» қызметкерлеріне де арналатын «мәртебелі азамат» деген сөздер сияқты шартты сөздер дерлік болып кетті; ал бұл газеттерді капиталистердің мүдделері

үшін сол капиталистер ұйымдастырып, асырап отырғанын, сондықтан да бұларға социалистсымақтардың қатысуы мүлде «мәртебелі» нәрсе емес екенін жұрттың бәрі дерлік сезеді.

Егер «революциялық демократия» деген сөздерді тілдің ұшында тұратын салтанатты сөз ретінде, шартты атақ ретінде қолданбай, олардың маңызын *ойласақ*, онда демократ болу дегеніміз азшылықтың емес, халықтың көпшілігінің мүдделерімен іс жүзінде санасу деген сөз, революционер болу дегеніміз зиянды, күні өткен нәрсенің бәрін мейлінше батыл, мейлінше аяусыз қирату деген сөз.

Америкада да, Германияда да үкіметтер де, билеуші таптар да, естуімізше, «революциялық демократия» деген атаққа жармасып отырған жоқ, ал біздің эсерлер мен меньшевиктер осы атаққа жармасып жүр (және оны масқаралап жүр).

Германияда жалпы ұлттық маңызы бар не бары *т ө р т* аса ірі жеке меншікті банк бар, ал Америкада не бары *е к е у*: бұл банктердің финанс корольдеріне астыртын, жасырын түрде, революциялық жолмен емес, реакциялық жолмен, демократиялық жолмен емес, бюрократиялық жолмен бірігу неғұрлым оңай, қолайлы, тиімді; бұлар нақ операциялар құпиясын сақтау үшін, нақ сол мемлекеттің өзінен миллион-миллион «үстеме пайда» түсіру үшін, нақ алаяқтық финанс айла-шарғыларын жасау үшін мемлекеттік чиновниктерді сатып алады (мұның өзі Америкада да, *Г е р м а н и я д а д а* жалпы ереже), банктердің жеке меншікті сипатын сақтайды.

Америка да, Германия да «экономикалық өмірді реттегенде» жұмысшыларға (ішінара шаруаларға да) *әскери каторга*, ал банкирлер мен капиталистерге *жұмақ* болатындай етіп реттейді. Олар реттегенде жұмысшыларды аштық дәрежесіне жеткізе «қинайды», ал капиталистердің соғысқа дейінгіден де гөрі *жоғары* пайда табуын (жасырын, реакциялық-бюрократиялық жолмен) қамтамасыз етеді.

Мұндай жол республикалық-империалистік Россия үшін де әбден мүмкін нәрсе; мұны тек Милюковтар мен

Шингаревтер ғана емес, Терещенкомен, Некрасовпен, Бернацкиймен, Прокоповичпен және К[0]-мен бірлесіп Керенский де жүзеге асырып отыр; банктердің «қол сұғылмастығын», олардың орасан көп пайда табу жөніндегі қасиетті праволарын реакциялық-бюрократиялық жолмен бұлар *да бүркемелеп отыр*. Бәрінен де *шындықты* айтқан жақсы ғой: республикалық Россияда экономикалық өмірді реакциялық-бюрократиялық жолмен реттегілері келеді, бірақ «Советтер» өмір сүріп отырғанда мұны жүзеге асыруға «көбінесе» қиналады; осы «Советтерді» бірінші номерлі Корнилов қуып жібере алмаған еді, бірақ бұларды екінші номерлі Корнилов қуып жіберуге тырыспақ...

Міне, осылай десек, шындық болады. Халықтың көзін ашу үшін дәл осы қарапайым, бірақ ащы шындық «біздің», «ұлы», «революциялық» демократия туралы айтылып жүрген тәтті өтіріктен гөрі пайдалырақ болады...



Банктерді национализациялау сонымен қабат қауіпсіздендіру ісін национализациялауды, яғни барлық қауіпсіздендіру компанияларын бір компания етіп біріктіруді, олардың жұмысын бір орталыққа бағындыруды, оны мемлекеттің бақылап отыруын ерекше оңайлатар еді. Егер революциялық-демократиялық мемлекет біріктіру жөнінде декрет шығарып, басқарма директорларының, ірі акционерлердің әрқайсысын қатаң жауапты етіп, оларға біріктіру ісін ешбір кешіктірмей жүзеге асыруды міндеттесе, қауіпсіздендіру қоғамдарындағы қызметшілердің съездері бұл арада да мұны дереу және ешбір қиыншылықсыз-ақ орындар еді. Қауіпсіздендіру ісіне капиталистер жүз миллиондаған сом қаржы орналастырған, бүкіл жұмысты қызметшілер орындап отырады. Бұл істі біріктірген күнде қауіпсіздендіру сыйлығы кемір еді, барлық қауіпсізденушілер толып жатқан қолайлы жағдайлар, жеңілдік алар еді, бұрынғы жұмсалатын күш пен қаражат мөлшерін арттырмай-ақ, олардың санын молайтуға мүмкіндік туар

еді. Ескішілдіктен, кертартпалықтан басқа, табысты орындардың азғана иелерінің құлқынқұмарлығынан басқа бұл реформаны бөгеп отырған мүлде ешқандай өзге жағдайлар жоқ; ал бұл реформа халық еңбегін үнемдеп, «экономикалық өмірді» сөз жүзінде емес, іс жүзінде «реттеуге» бірқатар орасан зор мүмкіндіктер туғызып, елдің «қорғаныс қабілетін» де арттырар еді.

СИНДИКАТТАРДЫ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ

Халық шаруашылығының ескі, капитализмге дейінгі системаларынан капитализмнің өзгешелігі — ол халық шаруашылығының әр түрлі салаларын мейлінше тығыз байланыстырып, өзара тәуелді етті. Бұлай болмаған күнде социализмге қарай ешбір қадам басу,— орайы келгенде айта кетейік — техникалық жағынан мүмкін болмас еді. Ал өндіріске банктер үстемдік ететін қазіргі капитализм халық шаруашылығының әр түрлі салаларының осы өзара тәуелділігін ең жоғары дәрежеге жеткізді. Банктер, өнеркәсіп пен сауданың аса ірі салалары ажырамастай біте қайнасып кетті. Бір жағынан, мұның мәнісі — сауда және өнеркәсіп синдикаттарының (қант, көмір, темір, мұнай синдикаттары мен басқа да синдикаттар) мемлекеттік монополиясын құру жөнінде қадамдар жасамайынша, бұл синдикаттарды национализацияламайынша, тек банктерді ғана национализациялауға болмайды деген сөз. Екінші жағынан, мұның мәнісі — экономикалық өмірді реттеу ісі, егер мұны шындап жүзеге асырамыз десек, банктерді де, синдикаттарды да бір мезгілде национализациялауды керек етеді.

Мысал үшін қант синдикатын-ақ алайық. Бұл синдикат патша өкіметі тұсында-ақ құрылып, сол кездің өзінде тамаша жабдықталған фабрикалар мен заводтардың аса ірі капиталистік бірлестігін туғызған болатын, оның үстіне бұл бірлестік, әлбетте, бүтіндей нағыз реакциялық және бюрократиялық рухта құрылған еді, капиталистердің масқара мол пайда табуын қамтамасыз еткен еді, қызметшілер мен жұмысшыларды мүлде

правосыз, жаншылған, езілген, құлдық жағдайға ұшыратқан еді. Мемлекет сол кездің өзінде-ақ — алпауыттардың, байлардың пайдасына—өндірісті бақылап, реттеп отыратын.

Ендігі жерде қызметшілердің, инженерлердің, директорлардың, акционерлердің съезін шақыру туралы, бірыңғай есеп-қисап енгізу туралы, жұмысшы одақтарының бақылауы және т. б. туралы жай декреттер шығару арқылы реакциялық-бюрократиялық реттеуді революциялық-демократиялық реттеуге айналдыру *ғана* керек болады. Мұның өзі өте оңай нәрсе—ал нақ осының өзі істелмей қалып отыр!! Демократиялық республика тұсында қант өнеркәсібін реакциялық-бюрократиялық жолмен реттеушілік *іс жүзінде* қалып отыр, халықтың еңбегін талан-таражға салушылық, кертартпалық пен ескішілдік, Бобринскийлер мен Терещенколардың баюы—бәрі де бұрынғы қалпында қалып отыр. Бюрократияны емес, демократияны, «қант корольдерін» емес, жұмысшылар мен қызметшілерді дербес инициатива көрсетуге шақыру керек, бірнеше күннің ішінде, бір соққымен істеуге болатын және істелуге тиісті нәрсе, міне, осы;—егер эсерлер мен меньшевиктер нақ осы қант корольдерімен «коалиция жасау» жоспарлары арқылы халықтың санасын қараңғыламаған болса, осылай істелген болар еді; байлармен жасалған нақ сол коалициядан, соның салдарынан экономикалық өмірді реттеу ісінде үкіметтің «толық әрекетсіздігі» мүлде сөзсіз туып отыр*.

Мұнай кәсібін алыңыз. Мұның өзі капитализмнің бұдан бұрынғы дамуы нәтижесінде-ақ орасан зор көлемде «қоғамдастырылған» болатын. Бір-екі мұнай королі бар,—купондарды қырқумен, жалпы мемлекеттік көлемде іс жүзінде, техникалық жағынан, қоғамдық түрде *қазірдің өзінде* ұйымдастырылып отырған, жүздеген және мыңдаған қызметшілер, инженерлер, т. т. арқылы *қазірдің өзінде* жүргізіліп жатқан «кәсіп-

* Бұл жолдар жазылып қойған кезде мен газеттерден мынаны оқыдым: Керенскийдің үкіметі қант монополиясын енгізбекші, әлбетте, оны реакциялық-бюрократиялық жолмен, қызметшілер мен жұмысшылардың съездерін шақырмастан, жария етпестен, капиталистерді ауыздықтамастан енгізбекші!!

тен» ұшан-теңіз пайда жинаумен шұғылданып, миллиондар мен жүздеген миллиондарды билеп-төстеп отырғандар, міне, осылар. Мұнай өнеркәсібін *бірден* национализациялауға болады және мұның өзі әсіресе революциялық-демократиялық мемлекет аса зор дағдарысты басынан кешіріп отырған кезде, халық еңбегін қайткен күнде де үнемдеп, отын өндіруді арттыру керек болып отырған кезде сол мемлекет үшін міндетті нәрсе. Әрине, бюрократиялық бақылау бұл арада ешбір нәтиже бермейді, ешбір өзгеріс жасамайды, өйткені «мұнай корольдері» патша министрлерін қалай оңай жеңген болса, Терещенколарды да, Керенскийлерді де, Авксентьевтерді де, Скобелевтерді де солай оңай жеңеді, жеңгенде де істі кешеуілдетіп, сылтаулар айтып, уәделер беріп жеңеді, одан соң буржуазиялық баспасөзді (мұның өзі «қоғамдық пікір» деп аталады және Керенскийлер мен Авксентьевтер мұнымен «санасады» да) тікелей және жанамалап сатып алу арқылы, чиновниктерді (Керенскийлер мен Авксентьевтер шырқы бұзылмаған ескі мемлекеттік аппараттағы ескі орындарында қалдырып отырған чиновниктерді) сатып алу арқылы жеңеді.

Елеулі бір нәрсе істеу үшін бюрократиядан демократияға көшу керек, көшкенде де нағыз революциялық жолмен көшу керек, ягни мұнай корольдері мен акционерлерге соғыс жариялау керек, мұнай кәсібін национализациялауды кешеуілдеткені үшін, табыстары мен есеп-қисаптарын жасырғаны үшін, өндіріске саботаж жасағаны үшін, өндірісті арттыруға шара қолданбағаны үшін олардың мүліктерін конфискелеу, түрме жазасын қолдану жөнінде декрет шығару керек. Жұмысшылар мен қызметшілердің инициативасына сүйену керек, *олардың* кеңестері мен съездерін дереу шақыру керек, жан-жақты бақылау жасалып, өндіріс ұлғайтылған жағдайда пайданың пәлендей үлесін *солардың* қолдарына беру керек. Егер осындай революциялық-демократиялық қадамдар 1917 жылы апрельде, дереу, бірден жасалған болса, онда сұйық отын қоры жағынан дүние жүзіндегі ең бай елдердің бірі — Россия халықты отынмен қажетті мөлшерде жабдық-

тау ісінде, су транспортын пайдалана отырып, жаз бойы өте көп нәрсені тындыра алған болар еді.

Буржуазиялық үкімет те, эсерлік-меньшевиктік-кадеттік коалициялық үкімет те мүлде түк істеген жоқ, реформалар жөніндегі бюрократиялық ойынмен тынды. Бірде-бір революциялық-демократиялық қадам жасауға батылдықтары бармады. Баяғы сол мұнай корольдері, баяғы сол тоқыраушылық, жұмысшылар мен қызметшілердің қанаушыларға деген баяғы сол өшпенділігі, осы негізде туған баяғы сол күйзеліс, халық еңбегін баяғы сол талан-таражға салушылық, бәрі де патша өкіметі тұсындағыдай, тек «республикалық» кеңселердегі шығыс, кіріс қағаздарының *аттары* ғана өзгерген!

Халықты тонаушылар, көмір корольдері, басқалардан қалыспайтын арсыздықпен басқарып отырған, техникалық жағы мен мәдени жағынан национализациялауға «дайындығы» кем соқпайтын көмір өнеркәсібін алатын болсақ, бізде өнеркәсіп иелерінің өндіріске тікелей саботаж жасап, оны тікелей *бүлдіріп*, тоқтатып қойып отырғанын көрсететін бірқатар өте айқын *фактілер* бар. Бұл фактілерді тіпті министрлік меньшевиктік «Рабочая Газета» да мойындады. Ал сонда ше? Жұмысшылардан және көмір синдикатының қарақшыларынан «жарма-жар», тең қатысқан ескі, реакциялық-бюрократиялық кеңестерден басқа мүлде түк істелген жоқ!! Бірде-бір революциялық-демократиялық қадам жасалған жоқ, қызметшілер одағы арқылы, жұмысшылар арқылы, елдің түбіне жетіп отырған және өндірісті тоқтатып қойып отырған көмір өнеркәсібі иелеріне террор қолдану арқылы төменнен бірден-бір нақты бақылау орнату жөнінде зәрредей әрекет істелген жоқ! Қалай істелсін, біз «бәріміз» де кадеттермен болмаса да, сауда-өнеркәсіп топтарымен жасалатын «коалицияны» жақтап отырмыз ғой; ал коалиция дегеннің мәнісі—өкіметті капиталистерде қалдыру, оларды жазасыз қалдыру, олардың іске кедергі жасауына, бар пәлені жұмысшыларға аударуына, күйзелушілікті күшейтуіне, *сөйтіп* жаңа корниловшылдықтың әзірленуіне ырық беру деген сөз!

КОММЕРЦИЯ ҚҰПИЯСЫН ЖОЮ

Коммерция құпиясын жоймайынша, өнім өндіру мен бөлуді бақылау ісі не кадеттердің эсерлер мен меньшевиктерді, ал эсерлер мен меньшевиктердің еңбекші таптарды алдауы үшін ғана керекті ең бір құрғақ уәде болып қалады, не бақылау ісі тек реакциялық-бюрократиялық әдістер мен шаралар арқылы ғана жүзеге асырылатын болады. Мұның өзі әрбір адал ойлайтын адамға қаншама айқын бола тұрса да, коммерция құпиясын жоюды «Правда» қаншама қатты талап етсе де* (бұл газетті капиталға қызмет етуші Керенский үкіметі көбінесе нақ осы талабы үшін жауып тастады),—біздің республикалық үкімет те, «революциялық демократияның праволы органдары» да нағыз бақылаудың осы *бірінші сөзін* ойлаған да жоқ.

Бақылау атаулының кілті нақ осында. Халықты тонаушы және өндіріске саботаж жасаушы капиталдың ең жанды жері нақ осында. Нақ сондықтан да эсерлер мен меньшевиктер осы пунктке жанасудан қорқып отыр.

Капиталистердің ұсақ буржуазия ойланбастан қайталап жүрген дағдылы дәлелі мынау: капиталистік шаруашылық жалпы алғанда коммерция құпиясын жоюға мүлде жол бермейді, өйткені өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің болуы, жеке шаруашылықтардың рынокқа тәуелділігі сауда кітаптарының және сауда айналымдарының, оның ішінде, әрине, банк айналымдарының да «қол сұғылмас қасиетті нәрсе» болуын қажет етеді.

Осы дәлелді немесе осы сияқты дәлелдерді белгілі бір формада қайталап айтатын адамдар өздерін алдатады және қазіргі шаруашылық өмірдің негізгі, ең ірі және жалпыға мәлім екі фактісіне көз жұма қарап, өздері де халықты алдайды. Бірінші факт: ірі капитализм, яғни банктердің, синдикаттардың, үлкен фабрикалардың, т. т. шаруашылықтарының ерекшеліктері. Екінші факт: соғыс.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 224—226, 355, 356—358, 438—440, 441—443, 444—446-беттер. *Ред.*

Барлық жерде де монополистік капитализмге айналып келе жатқан нақ қазіргі ірі капитализм коммерция құпиясының ақылға қонымдылығының көлеңкесін де қалдырмайды, оны сұрқиялық іске айналдырып, ірі капиталдың финанс қулық-сұмдықтарын және адам айтқысыз мол пайдаларын жасырудың бірден-бір құралы етеді. Ірі капиталистік шаруашылық, өзінің техникалық жаратылысы жөнінен-ақ, қоғамдастырылған шаруашылық болып табылады, яғни ол әрі миллиондаған адамдарға жұмыс істейді, әрі өзінің операциялары арқылы, тікелей және жанамалап, жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған семьяларды біріктіреді. Мұның өзі жалпы алғанда ешқандай сауда кітаптарын жүргізбейтін, сондықтан да сауда құпиясын жоюға қатысы жоқ ұсақ қолөнершінің немесе орта шаруаның шаруашылығы сияқты емес!

Ірі шаруашылықта операциялар жүздеген және одан да көп адамдарға бәрібір белгілі болып отырады. Сауда құпиясын сақтаушы заң бұл арада өндірістің немесе айырбастың тілектеріне қызмет етпейді, ең сорақы түрдегі жалдаптық пен пайдакүнемдікке, тікелей қулық-сұмдыққа қызмет етеді, ал осы қулық-сұмдықтың өзі, жұртқа мәлім, акционерлік кәсіпорындарда өте-мөте кең өріс алып отыр және жұртшылықты алдауға лайықталып жасалған есеп-қисаптар мен баланстар арқылы өте-мөте мұқият жасырылып отыр.

Егер ұсақ товар шаруашылығында, яғни өндірісінің өзі қоғамдастырылмаған, бытыраңқы, шашыранды ұсақ шаруалар мен қолөнершілердің арасында сауда құпиясы болмай қоймайтын болса, онда ірі капиталистік шаруашылықта бұл құпияны қорғаудың өзі бүкіл халыққа *қарсы* ат төбеліндей ғана адамдардың пұрсаттылықтары мен пайдаларын қорғағандық болады. Мұны қазір заң да мойындап отыр, неге десеңіз акционерлік қоғамдардың есептерін жариялау ісі енгізілген, бірақ,—барлық алдыңғы қатарлы елдерде, сонымен қатар Россияда да қазір жүзеге асырылып жатқан,— *бұл* бақылау нақ реакциялық-бюрократиялық бақылау болып табылады, мұндай бақылау *халықтың* көзін ашпайды, мұндай бақылау акционерлік қоғам-

дардың операциялары жайындағы *бүкіл шындықты* білуге *мүмкіндік бермейді.*

Революциялық-демократиялық жолмен жұмыс істеу үшін бұл арада сауда құпиясын жоятын, ірі шаруашылықтардан жәпе байлардан барынша толық есеп беруді талап ететін, азаматтардың айтарлықтай демократиялық саны бар (айталық, 1000 немесе 10 000 сайлаушы болатын) кез келген тобына кез келген ірі кәсіпорынның *барлық* документтерін қарап шығуға право беретін басқа бір заңды дереу шығару керек еді. Мұндай шараны жай декрет арқылы толық және оңай жүзеге асыруға болады; *тек* осындай шара *ғана* қызметшілердің одақтары арқылы, жұмысшылардың одақтары арқылы, барлық саяси партиялар арқылы *халықтық* бақылау инициативасын өрістетер еді, тек осындай шара ғана бақылауды елеулі және демократиялық бақылау етер еді.

Бұған қоса соғысты алыңыз. Сауда-өнеркәсіп орындарының орасан зор көпшілігі қазір «еркін рынокқа» емес, *қазынаға,* соғысқа жұмыс істейді. Сондықтан мен «Правдада»: социализмді енгізудің мүмкін еместігін дәлелдеген болып бізге қарсы шығып жүрген адамдардың пікірі өтірік, шылғи өтірік, өйткені әңгіме социализмді қазір, тікелей, бүгін-ертеңнен қалдырмай енгізу туралы болып отырған жоқ, әңгіме *қазына ұрлаушылықты әйгілеу* туралы болып отыр деген болатынмын*.

«Соғысқа жұмыс істейтін» капиталистік шаруашылық (яғни соғыс жабдықтарын берумен тікелей немесе жанамалай байланысты шаруашылық) заң жүзінде ерік алған, ұдайы *қазына ұрлаушылық* болып табылады, ал кадет мырзалар, сауда құпиясын жоюға қарсыласып жүрген меньшевиктермен және эсерлермен бірге, *қазына ұрлаушылықтың көмекшілері мен бүркеушілері* болып табылады, басқа түк те емес.

Соғыс қазір Россияға *күніне* 50 миллион сомға түсіп отыр. Күнделікті осы 50 миллион сомның көбірек бөлігі соғыс жабдықтарын берушілерге жұмсалып отыр. *Күн сайынғы* осы 50 миллионның кем де-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 356—358-беттер. *Ред.*

генде 5 миллионы, бәлкім, 10 миллионы және одан да көбірегі капиталистердің және солармен белгілі бір сыбайластығы бар чиновниктердің «күнәсыз кірістері» болып отыр. Әсіресе соғыс жабдықтары жөніндегі операцияларға ақшалай қарыз беруші ірі фирмалар мен банктер бұл арада адам айтқысыз мол пайдаға кенеліп отыр, нақ қазына ұрлау арқылы кенеліп отыр, өйткені соғыс алапаттарына «байланысты», жүз мыңдаған және миллиондаған адамдардың қырылуына «байланысты» халықты осылайша алдап, тонаушылықты басқаша атауға болмайды.

Соғыс жабдықтарынан түсетін осы масқара пайдаларды, банктер жасырып отырған «кепілдік хаттарды», өсе түскен қымбатшылық арқылы кімнің пайдаға кенеліп отырғанын «жұрттың бәрі» біледі, бұл жайында «қоғамда» мысқылдап сөз етеді, бұл жайында *тіпті* жалпы ереже бойынша «ұнамсыз» фактілерді ауызға алмай, «сақтықты керек ететін» мәселелерден орағытып жүрген буржуазиялық баспасөзде де бірталай жекелеген дәл мәліметтер бар. Мұны бәрі де біледі,—бірақ бәрі де үндемей отыр, бәрі де төзіп отыр, «бақылау» мен «реттеу» туралы тілін безеген үкіметке бәрі де көніп отыр!!

Революцияшыл демократтар, егер олар шынында да революционерлер мен демократтар болса, сауда құпиясын жоятын, жабдықтаушылар мен саудагерлерді есеп беріп отыруға міндеттейтін, өкімет орнының рұқсатынсыз олардың өз кәсібін тастап кетуіне тыйым салатын, жағдайды жасырып, халықты алдағандардың мүліктерін конфискелейтін және оларға ату жазасын қолданатын*, *төменнен,* демократиялық жолмен, халықтың өзі тарапынан, қызметшілердің, жұмысшылардың, тұтынушылардың, т. т. одақтары тарапынан тексеру мен бақылау ұйымдастыратын заңды дереу шығарған болар еді.

* Өлім жазасы қанаушылықты қорғау мақсатымен қанаушылар тарапынан еңбекшілер *бұқарасына* қолданылған күнде ғана бұған қарсы айтылатын дәлелді дұрыс деп есептеуге болады деп мен большевиктік баспасөзде бұрынырақ көрсеткенмін. (Осы томның 106—110-беттерін қараңыз. *Ред.*) *Қанаушылар* (яғни помещиктер мен капиталистер) жөнінде өлім жазасын қолданбайынша, қандай революциялық үкімет болса да күн көре алмас.

Біздің эсерлер мен меньшевиктерді үрейленген демократтар деп атауға әбден болады, өйткені бұл мәселе жөнінде олар барлық үрейленген мещандардың сөздерін қайталап отыр, атап айтқанда: «тым қатал» шараларды қолдансақ капиталистер «безіп кетеді», капиталистерсіз «біздің» шамамыз келмейді, бәлкім, ағылшын-француз миллионерлері де «ренжіп қалады», ал олар бізді «қолдап жүр» ғой деген сияқты сөздерді қайталап отыр. Большевиктер адамзат тарихында кездеспеген, ешқашан да байқап көрілмеген, «утопиялық» нәрсені ұсынып жүр екен деп ойлап қалуға болады, ал шындығында бұдан 125 жыл бұрын-ақ Францияда нағыз «революцияшыл демократ» болған, өздерінің тарапынан жүргізіліп отырған соғыстың әділетті, қорғаныстық сипаты бар екендігіне шын көз жеткізген, нақ осындай кәміл сенімдегі халық бұқарасына шын арқа сүйеген адамдар,—міне, осы адамдар байлар жөнінде *революциялық* бақылау орната білді және бүкіл дүние жүзі бас иген нәтижелерге қол жеткізе білді. Ал өткен бес ширек ғасыр ішінде капитализмнің дамуы банктерді, синдикаттарды, темір жолдарды және тағы басқа сондайларды жасап, жұмысшылар мен шаруалардың қанаушылар жөнінде, помещиктер мен капиталистер жөнінде нағыз демократиялық бақылау шараларын жүргізуін жүз есе жеңілдетіп оңайлатты.

Асылында, бақылау туралы бүкіл мәселе кімді кім бақылайды, яғни бақылаушы қай тап және бақыланатын қай тап дегенге келіп сайып отыр. Осы күнге дейін бізде, республикалық Россияда, революцияшылсымақ демократияның «праволы органдарының» қатысуымен помещиктер мен капиталистер бақылаушылар ролінде танылып отыр және осы рольде қалдырылып отыр. Осының салдарынан халықты жаппай ашындырып отырған капиталистердің талан-таражы, капиталистер әдейі асқындырып отырған күйзелушілік болмай коймайтын нәрсе болып отыр. Ескіліктен қол үзуден қорықпастан, жаңа нәрсені батыл жасаудан қорықпастан, жұмысшылар мен шаруалар *тарапынан* помещиктер мен капиталистер *жөнінде* жүргізілетін

бақылауға батыл және біржола көшу керек. Ал біздің эсерлер мен меньшевиктер бұдан оттан бетер қорқады.

ОДАҚТАРҒА КҮШПЕН БІРІКТІРУ

Күшпен синдикаттандыру, яғни, мәселен, өнеркәсіпшілерді одақтарға күшпен біріктіру ісі Германияда практика жүзінде қолданылған болатын. Мұнда ешбір жаңалық жоқ. Нақ осы жерде біз эсерлер мен меньшевиктердің кесірінен республикалық Россияның мүлде тоқырап қалғанын көріп отырмыз, ал осы қадір-қасиеті шамалы партиялар кадеттермен, немесе Бубликовтармен, немесе Терещенкомен және Керенскиймен бірге кадриль биін билеп, Россияның «көңілін аулап отыр».

Күшпен синдикаттандыру дегеніміз, бір жағынан, капиталистік дамуды мемлекеттің өзінше бір демеп жіберуі болып табылады, ал капиталистік даму қай жерде болса да тап күресін ұйымдастыруға, одақтардың санын өсіріп, түрін көбейтіп, маңызын арттыруға әкеліп соқтырады. Ал, екінші жағынан, күшпен «одақтастыру» дегеніміз азды-көпті елеулі бақылау атаулының және халық еңбегін сақтау атаулының қажетті алғы шарты болып табылады.

Мысалы, Германия заңы белгілі бір жердің немесе бүкіл мемлекеттің былғары фабриканттарын одақ болып бірігуге міндеттейді, оның үстіне бақылау үшін бұл одақтың басқармасына мемлекет өкілі кіреді. Бұл сияқты заң меншік қатынастарына тікелей, яғни өздігінен ешбір тиіспейді, бірде-бір меншік иесінің бір тиынына да тимейді және бақылаудың реакциялық-бюрократиялық немесе революциялық-демократиялық формаларда, бағытта, рухта іске асырылатынын алдын ала шешпейді.

Бір апта да болса аса қымбат уақытты зая кетірмей, заңды іске асырудың неғұрлым нақты формаларын, оның іске асырылу шапшаңдығын, оның іске асырылуын бақылау әдістерін және т. б. анықтауды *қоғамдық жағдайдың өзіне* бере отырып, бізде осы сияқты заңдарды дереу шығаруға болады және шыға-

ру керек. Мемлекетке мұндай заңды шығару үшін бұл жерде ерекше аппараттың да, ерекше ізденулердің де, қандай да болсын алдын ала зерттеулердің де керегі жоқ, мұндай қол сұғушылыққа «дағдыланбаған», бақылаусыздықпен қатар ескіше қожайындық ету арқылы қамтамасыз ететін үстеме пайдалардан айрылып қалғысы келмейтін капиталистердің кейбір жеке мүдделерінен қол үзуге бел байлау ғана керек.

Мұндай заң шығару *үшін* ешқандай аппараттың және ешқандай «статистиканың» (Чернов осы «статистикамен» шаруалардың революциялық инициативасын алмастырмақ болған-ды) керегі жоқ, өйткені оны жүзеге асыру фабриканттардың немесе өнеркәсіпшілердің өздеріне, *қолда бар* қоғамдық күштерге жүктелуге тиіс және ол іс осындай қолда бар қоғамдық (яғни үкіметтік емес, бюрократиялық емес) күштердің, бірақ міндетті түрде «төменгі сословиелер» деп аталатындардың, яғни ерлікке, өздерін өздері құрбан етуге, жолдастық тәртіпке қабілеттілік жағынан қанаушылардан тарихта әрқашан өлшеусіз *жоғары* болып келген езілген, қаналған таптардан шыққан қоғамдық күштердің бақылауында болуға тиіс.

Айталық, бізде шын революциялық-демократиялық үкімет бар делік және ол: өндірістің әрбір саласындағы барлық фабриканттар мен өнеркәсіпшілер, егер олар, айталық, кемінде екі жұмысшы ұстайтын болса, уезд бойынша және губерния бойынша одақтарға дереу бірігуге міндетті деп қаулы алды делік. Онда заңды бұлжытпай орындау жауапкершілігі ең әуелі фабриканттарға, директорларға, басқарма мүшелеріне, ірі акционерлерге (өйткені бұлардың бәрі — қазіргі өнеркәсіптің нағыз көсемдері, оның нағыз қожайындары) жүктеледі. Олар заңды дереу жүзеге асыру жөніндегі жұмыстан жалтарған жағдайда өзара кепілдік бойынша, бірі үшін бәрі, бәрі үшін бірі өздерінің барлық мүліктерімен жауап беріп, әскери қызметтен жалтарған дезертирлер ретінде қаралып, жазаланады. Содан кейін жауапкершілік *бір* одақ болуға міндетті барлық қызметшілерге де, өздерінің кәсіптік одағымен бірге барлық жұмысшыларға да жүктеледі. «Одақтастыру»

мақсаты өте толық, өте қатаң және өте дәл есеп беруді орнату, ал ең бастысы—шикізат сатып алу жөніндегі, бұйымдарды сату жөніндегі, халықтың қаражаты мен күштерін *үнемдеу жөніндегі операцияларды біріктіру* болып табылады. Бұл үнемдеу, экономикалық ғылымның үйретіп отырғанындай, барлық синдикаттардың, картельдердің, трестердің мысалдары көрсетіп отырғанындай, бытыраңқы кәсіпорындарды бір синдикат етіп біріктіргенде орасан зор мөлшерге жетеді. Бұл арада тағы да бір рет қайталап айту керек, осындай синдикат етіп одақтастыру өздігінен меншік қатынастарын титтей де өзгертпейді, бірде-бір меншік иесінің бір тиынына да тимейді. Бұл жағдайды мықтап баса айтуға тура келеді, өйткені буржуазиялық баспасөз жалпы социалистердің, әсіресе большевиктердің сіздерді «экспроприациялағылары» келеді деп ұсақ және орташа қожайындарды үнемі «қорқытып жүр»: мұның өзі көрінеу жалған пайымдау, өйткені социалистердің *тіпті толық социалистік* төңкеріс жасаған *кезде де* ұсақ шаруаларды экспроприациялағылары келмейді, оны істей алмайды және істемейді де. Ал біз болсақ, үнемі *тек* ең жақын және ең көкейтесті шаралар туралы *ғана* айтып жүрміз, мұндай шаралар Батыс Европада қазірдің өзінде жүзеге асырылып отыр, оларды аз да болса дәйектілігі бар демократия төніп келе жатқан және болмай қалмайтын апатпен күресу үшін бізде де дереу жүзеге асыруға тиіс еді.

Ең ұсақ және ұсақ қожайындар кәсіпорындарының тым бытырандылығы, техникасының мешеулігі, иелерінің сауатсыздығы немесе білімсіздігі салдарынан оларды одақтарға біріктіру техникалық жағынан да, мәдени жағынан да елеулі қиыншылықтарға кездесер еді. Бірақ нақ осы кәсіпорындарды (біздің жоғарыда келтірген жорамал мысалымызда көрсетілгеніндей) осы заңға бағындырмауға болар еді және оларды біріктірмеу, оларды біріктірудің кешігіп қалғанын айтпағанның өзінде, елеулі кедергі жасай алмас еді, өйткені саны орасан көп ұсақ кәсіпорындардың жалпы өндіріс жиынтығындағы ролі, тұтас алғанда халық шаруашылығындағы маңызы *мардымсыз*, ал оның ұс-

тіне олардың өздері қалай болғанда да көбінесе ірі кәсіпорындарға тәуелді болып отырады.

Тек ірі кәсіпорындардың ғана шешуші маңызы болады, ал мұнда «одақтастыру» үшін керекті техникалық және мәдени құралдар мен күштер *бар*, осы күштер мен құралдарды іске қосу үшін *революциялық* өкіметтің тек қанаушылар жөніндегі батыл, үзілді-кесілді, аяусыз-қатал инициативасы ғана жетіспей отыр.

Ел техникалық жағынан білімді және жалпы интеллигенттік күштерге неғұрлым кедей болса, күштеп біріктіруді мүмкіндігінше тезірек және мүмкіндігінше батылырақ декрет арқылы белгілеп, оны жүзеге асыруды ең ірі және ірі кәсіпорындардан бастау соғұрлым *өте-мөте* қажет болады, өйткені нақ біріктіру ісі интеллигенттік күштерді *сақтайды,* оларды *толық* пайдалануға және дұрысырақ бөлуге мүмкіндік береді. Егер тіпті орыс шаруалары да өздерінің қараңғы шет түкпірлерінде жатып, патша үкіметі тұсында, осы үкімет жасаған мыңдаған кедергілерге қарсы жұмыс істей отырып, 1905 жылдан кейін неше түрлі одақтар құру ісінде алға қарай орасан зор қадам жасай алған болса, онда, әлбетте, «төменгі топтардың», демократияның, қызметшілердің, жұмысшылардың қолдауына, қатысуына, мүдделілігіне, пайдасына сүйенетін,— *оларды* бақылау жасауға шақыратын — шын революциялық-демократиялық үкімет тарапынан бірігуге күштеген жағдайда ірі және орта өнеркәсіпті, сауданы біріктіру ісі бірнеше айдың ішінде, бәлкім, одан да тезірек жүзеге асқан болар еді.

ТҰТЫНУ ІСІН РЕТТЕУ

Соғыс барлық соғысушы және көптеген бейтарап мемлекеттерді тұтыну ісін реттеуге көшуге мәжбүр етті. Нан карточка бойынша берілетін болып, мұның өзі дағдылы құбылыс бола бастады, ол карточка басқа да карточкалардың шығуына себеп болды. Россия да сырт қалмай, нан карточкасын енгізді.

Бірақ нақ осы мысал негізінде біз апатқа қарсы күрестің мейлінше аз өзгерістермен шектелуге тырыса-

тын реакциялық-бюрократиялық әдістерін революциялық-демократиялық әдістермен, яғни өз атына лайық болу үшін күні өткен ескіліктен күшпен ажырасуды және ілгері басуды мүмкіндігінше жеделдете түсуді тікелей өз міндеті етіп қоюға тиіс әдістермен, бәлкім, бәрінен де айқын салыстыра аламыз.

Қазіргі капиталистік мемлекеттердегі тұтыну ісін реттеудің кәдімгі үлгісі болып табылатын нан карточкасы бір нәрсені: қолда бар астықты жұрттың бәріне жететіндей етіп бөлуді өзіне міндет етіп қояды және жүзеге асырады (ең жақсы дегенде жүзеге асырады). Өнімдердің бәрін бірдей емес, тек қана басты-басты «халық» өнімдерін тұтынудың максимумы енгізіледі. Бар болғаны осы. Бұдан артығын ойластырмайды. Қолда бар астық қорын бюрократтық жолмен есептейді, оны жан басына қарай бөледі, норма белгілейді, оны енгізеді, сөйтіп осымен тынады. Сән-салтанат заттарына тимейді, өйткені олар «бәрібір» аз, «халықтың» қолы жетпестей «бәрібір» қымбат. Сондықтан *барлық* соғысушы елдерде түгелдей, *тіпті* Германияда да, оны, сірә, дау тудырмастан, тұтыну ісін ең ұқыпты, ең педанттық, ең қатал реттеудің үлгісі деп есептеуге болар, *тіпті* осы Германияда да біз байлардың қандай да болсын тұтыну «нормаларын» үнемі *орағытып өтіп отырғанын* көреміз. Мұны да «жұрттың бәрі» біледі, бұл туралы да «жұрттың бәрі» күле айтып жүр және казармалық-қатал неміс цензурасының кәрін төгіп тұрғанына қарамастан, герман социалистік баспасөзінен—ал кейде тіпті буржуазиялық баспасөзден—байлардың «дастарқаны» туралы, байлардың пәлендей курортта (кімнің ақшасы көп болса, солардың бәрі... курортқа ауру адам болып барып тұрады) қалаған мөлшерінде ақ нан алып тұратыны туралы, байлардың қарапайым халыққа арналған өнімдерді сән-салтанаттық әсем және сирек кездесетін заттарға ауыстырғандығы туралы заметкалар мен хабарлар үнемі кездесіп отырады.

Капитализмнің негіздерін, жалдама құлдықтың негіздерін, байлардың экономикалық үстемдігінің негіздерін шайқалтудан *қорқатын* реакциялық капиталис-

тік мемлекет жұмысшылардың және жалпы алғанда еңбекшілердің талапкерлігін дамытудан *қорқады,* олардың талап қоюын «қыздырудан» *қорқады; мұндай* мемлекетке нан карточкасынан басқа ештеңенің керегі жоқ. Мұндай мемлекет *реакцияшыл* мақсатын: капитализмді нығайту, оны әлсіретуге жол бермеу, жалпы алғанда «экономикалық өмірді реттеуді», ал жекелеп алғанда тұтыну ісін реттеуді шектеу жөніндегі мақсатын бір минут та, өзі қадам басқан сайын да есінен шығармайды, ал бұл мақсатын *байларды бақылау* мағынасында, бейбіт уақытта ең жақсы жағдайға қойылған, артықшылықпен пайдаланған, тоқ, күпті болған байларға соғыс уақытында үлкен ауыртпалық салу мағынасында тұтыну ісін шын мәнінде реттеуге ешбір *қол сұқпай-ақ* халықты тамақтандыру үшін сөзсіз қажет болатын шаралар арқылы орындамақ болады.

Соғыстың халықтарға қойған міндетін реакциялық-бюрократиялық түрде шешу бюрократизмпен және реакцияшылдықтан, атап айтқанда: кедейлердің, пролетариаттың, халық бұқарасының («демостың») талапкерлігін көтер*меу*, *олардың тарапынан* байларды бақылауға жол *бермеу,* байлар өздеріне сән-салтанат заттарын алатындай етіп, бұл үшін бұлтарыс жолдарды *көбірек* қалдыру мақсатынан титтей де шегінбей, нан карточкасымен және тамақтандыру үшін мейлінше қажет «халық» өнімдерін бірдей бөлумен шектеледі. Ал *барлық* елдерде, қайталап айтайық, тіпті Германияда да,—Россия туралы айтып та керегі жоқ,—бұлтарыс жолдар көп қалдырылған, «қарапайым халық» ашығып отыр, ал байлар курорттарға барады, қазыналық жартымсыз норманы сырттан әр түрлі «қосымшалар алумен» толықтырады және *өздерін* бақылауға мүмкіндік бер*мейді.*

Бостандық пен теңдікке жету үшін патша өкіметіне қарсы жуырда ғана революция жасаған Россияда, өзінің нақты саяси мекемелері бойынша бірден демократиялық республика болған Россияда халықтың көзіне өте-мөте баттиып көрінетін, бұқараның өте-мөте наразы болуын, шамырқануын, өшігуін туғызып, ашу-ызасын келтіретін нәрсе—«нан карточкаларын» байлар-

дың орағытып өтуінің оңайлығын *жұрттың бәрінің* көріп отырғандығы. Бұл оңайлық ерекше зор. «Жең ұшынан жалғасып» және ерекше жоғары бағамен, әсіресе «*көз таныстар арқылы*» (олар тек байларда ғана болады) керегінің бәрін табады әрі мол табады. Халық ашығып отыр. Тұтыну ісін реттеу оң тар, бюрократиялық-реакциялық шеңбермен шектеліп отыр. Үкімет тарапынан бұл реттеу ісін нағыз революциялық-демократиялық негізге қоюды ойластырудың да, қарастырудың да тіпті жұрнағы жоқ.

«Жұрттың бәрі» кезекте тұрудан азап шегіп жүр, бірақ... бірақ байлар кезекте тұруға үй күтушісін жібереді, тіпті бұл үшін дербес үй күтушіні жалдайды! Міне, сізге «демократизм»!

Ел бастан кешіріп жатқан орасан күйзелушілік кезінде төніп келе жатқан апатқа қарсы күресу үшін революциялық-демократиялық саясат нан карточкаларымен шектелмеген болар еді, қайта оларға, біріншіден, тұтынушылар қоғамдарына бүкіл халықты күштеп біріктіруді қосар еді, өйткені бұлайша біріктірмейінше тұтыну ісіне бақылауды толық жүргізуге болмайды; екіншіден, байлар осы тұтынушылар қоғамдарына хатшылық және басқа сол сияқты еңбекті тегін атқарып беретін етіп, олар үшін еңбек міндеткерлігін енгізуді қосар еді; үшіншіден, соғыстың ауыртпалықтары шынымен біркелкі түсуі үшін барлық тұтыну заттарын халық арасына шынында бірдей бөлуді қосар еді; төртіншіден, бақылауды нақ байлардың тұтынуын халықтың кедей таптары бақылайтындай етіп ұйымдастыруды қосар еді.

Бұл салада шын демократизм құру, халықтың нақ өте-мөте мұқтаж таптары арқылы бақылауды ұйымдастыру ісінде шын революцияшылдық көрсету қолда бар әрбір интеллигенттік күшті іске жұмылдыруға, бүкіл халықтың шын революциялық күш-қуатын дамытуға орасан зор түрткі болар еді. Әйтпесе қазір республикалық және революциялық-демократиялық Россияның министрлері, барлық қалған империалистік елдердегі өздерінің әріптестері сияқты, «халық пайдасына істелетін жалпы еңбек» туралы, «барлық күшті жұмылды-

ру» туралы даурықпа сөздер айтып жүр, бірақ халықтың өзі бұл сөздердің екіжүзділік екенін көріп, сезіп және байқап отыр.

Бір орында тұрып қалуға жол беріліп, күйзелушілік тоқтаусыз өсіп, апат жақындап келеді, өйткені біздің үкімет жұмысшылар үшін соғыс каторгасын Корниловша. Гинденбургше, жалпы империалистік үлгі бойынша енгізе алмайды — *революция* қалдырған дәстүрлер, өстеліктер, іздер, дағдылар, мекемелер халықтың есінен әлі кете қойған жоқ; ал біздің үкіметтің революциялық-демократиялық жолмен шын елеулі қадамдар жасағысы келмейді, өйткені ол буржуазияға тәуелділік, буржуазиямен «коалиция» жасау қатынастарына белшесінен батып, бастан-аяқ шырмалып отыр, буржуазияның іс жүзіндегі артықшылықтарына қол тигізуден қорқып отыр.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҮКІМЕТТІҢ БҰЗУЫ

Біз апатпен және ашаршылықпен күрестің әр түрлі тәсілдері мен әдістерін қарастырып өттік. Біз барлық жерде, бір жағынан, демократияның және, екінші жағынан, үкіметтің, сол сияқты оны қолдаушы эсерлер мен меньшевиктер блогының арасында бітіспес қайшылықтар бар екенін көрдік. Бұл қайшылықтардың тек біздің баяндауымызда ғана емес, шынында да бар екенін, олардың ымыраласпайтындығы *іс жүзінде* жалпы халықтық маңызы бар дау-жанжалдармен расталатындығын дәлелдеу үшін революциямыздың жарты жылдық тарихының ерекше тән екі «жиынтығы» мен сабағын еске салудың өзі жеткілікті.

Пальчинскийдің «патшалық ету» тарихы — бір сабақ. Пешехоновтың «патшалық етуі» мен құлауының тарихы — екінші сабақ.

Шын мәнісінде, апатпен және ашаршылықпен күрестің жоғарыда сипатталған шаралары халықты, ең алдымен демократияны, яғни халықтың көпшілігін,— демек, бәрінен бұрын езілген таптарды, жұмысшылар мен шаруаларды, әсіресе ең кедей шаруаларды «одақ-

тастыруды» жан-жақты қолдауға (тіпті күштеуге дейін баруға) келіп тіреледі. Соғыстың адам айтқысыз қиыншылықтарымен, ауыртпалықтарымен және апаттарымен күресу үшін әлгі жолға халықтың өзі-ақ стихиялық түрде түсе бастады.

Патша өкіметі халықтың өздігінен және еркін «одақтасуына» барынша кедергі жасап келді. Бірақ патша монархиясы құлағаннан кейін демократиялық ұйымдар бүкіл Россия бойынша пайда болып, тез өсе бастады. Өз бетімен әрекет істеуші демократиялық ұйымдар, әр түрлі жабдықтау комитеттері, азық-түлік комитеттері, отын жөніндегі кеңестер, т. б. және т. с. апатқа қарсы күрес жүргізді.

Ал сөйтіп қаралып отырған мәселе жөнінде революциямыздың бүкіл жарты жылдық тарихындағы ең тамаша нәрсе мынада болып отыр: өзін республикалық жәнe революциялық деп атайтын *үкімет*, «революциялық демократияның уәкілетті органдарының» атынан меньшевиктер мен эсерлер *қолдайтын* үкімет, осы үкімет демократиялық ұйымдарға *қарсы күресіп, оларды жықты!!*

Бұл күрес арқылы Пальчинский ең өкінішті және ең кең, бүкіл россиялық әйгілілік алды. Ол халық алдында ашық түрде бой көрсетпей, үкіметтің сыртынан әрекет жасады (жалпы алғанда дәл кадеттердің өздері ұнатып әрекет еткеніндей әрекет жасады, ал кадеттер «халық үшін» Церетелиді құлшына ұсынып, ал өздері маңызды істердің бәрін жасырып істейтін). Пальчинский өз бетімен әрекет істеуші демократиялық ұйымдардың елеулі шараларының қандайына болса да кедергі жасады, іске асыртпай тастап отырды, өйткені бірде-бір елеулі шара Кит Китычтердің қисапсыз көп пайдалары мен есерсоқтығына «зиянсыз» бола алмады. Ал Пальчинскийдің өзі Кит Китычтердің нақ сенімді қорғаушысы және малайы болды. Іс насырға шапты — Пальчинский өз бетімен әрекет істеуші демократиялық ұйымдардың жарлықтарын тікелей *бұзуға* дейін барды!!— ал бұл факт газеттерде жарияланды.

Пальчинскийдің «патшалық етуінің» бүкіл тарихы— ал ол көп ай бойы және нақ Церетели, Скобелев, Чер-

нов «министр» болып тұрған кезде «патшалық етті»,— бастан-аяқ, жаман бір жанжал, капиталистерге *жағынып,* олардың құлқынқұмарлық пасықтығына бола халықтың еркін, демократияның шешімін бұзу болып табылады. Газеттерде Пальчинскийдің «ерлік істерінің», әлбетте, тек болмашы ғана бөлегі жариялана алды, ал Пальчинскийдің ашаршылықпен күресуге қалай *кедергі жасағанын* пролетариат өкіметті жеңіп алып, Пальчинскийдің және сол сияқтылардың істерін, жасырмай, халықтың *төрелігіне* берген кезде, пролетариаттың шын демократиялық үкіметі ғана толық тексеріп шыға алады.

Бәлкім, Пальчинскийдің істегені сирек кездесетін жағдай еді ғой, енді оны кетірді емес пе.., деп дау айтушылар болар. Бірақ әңгіме нақ мынада: Пальчинскийдің істегені — сирек кездесетін жағдай емес, *дағдылы жағдай.* Пальчинскийді кетіргенмен іс титтей де жақсарған жоқ, оның орнын басқа фамилиялы нақ сондай Пальчинскийлер басты, капиталистердің бүкіл *«ықпалы», оларға жағынып, ашаршылыққа қарсы күреске бөгет жасаудың* бүкіл саясаты сол күйінде қалып отыр. Өйткені Керенский мен К°— капиталистердің мүдделерін қорғаудың бүркеніші ғана.

Оған ең көрнекі дәлел — азық-түлік министрі Пешехоновтың министрліктен кетуі. Жұртқа мәлім, Пешехонов — нағыз халықшыл, нағыз баяу халықшыл. Бірақ ол азық-түлік ісін ұйымдастыру жөнінде демократиялық ұйымдармен байланыс жасап, оларға сүйене отырып, адал жұмыс істегісі келді. Пешехонов жұмысының *тәжірибесі* мен оның *кетуі* мына себептен де қызғылықты болып отыр: бұл өте баяу халықшыл, «халықтық-социалистік партияның» мүшесі, буржуазиямен қандай ымыраға болса да баруға даяр адам дегенмен де кетуге мәжбүр болып шықты! Өйткені Керенскийдің үкіметі капиталистерге, помещиктерге және кулактарға жағынып, астықтың тұрақты бағаларын *көтеріп жіберді!!*

«Свободная Жизнь»[77] газетінің 2 сентябрьдегі 1-номерінде бұл «қадамды» және оның маңызын М. Смит былай сипаттайды:

«Үкіметтің тұрақты бағаларды көтеруінен бірнеше күн бұрын жалпы мемлекеттік Азық-түлік комитетінде мынадай оқиға болды: оңшыл партияның өкілі, жеке сауда мүдделерін табанды түрде қорғаушы, астық монополиясының және экономикалық өмірге мемлекеттің араласуының мейірімсіз жауы Роловиз мығынан күліп, жұрттың бәріне естірте былай деді: мендегі мәліметтерге қарағанда астықтың тұрақты бағалары жақын уақытта көтеріледі.

Ал жұмысшы және солдат депутаттары Советінің өкілі бұған жауап ретінде былай деді: маған ол сияқты ештеңе де белгілі емес, Россияда революция аяқталмай отырғанда мұндай жағдай орын ала алмайды, қалай болғанда да үкімет демократияның праволы органдарымен — Экономикалық советпен және жалпы мемлекеттік Азық-түлік комитетімен кеңеспей мұндай жағдайға бара алмайды. Шаруа депутаттары Советінің өкілі де бұл мәлімдемеге қосылды.

Бірақ, амал не! Өмір шындығы бұл қарсы дәлелге өте қатал түзету енгізді: демократия өкілдерінікі дұрыс болмай, цензалық элементтердің өкілінікі дұрыс болып шықты. Демократияның праволарына әзірленіп жатқан қаскүнемдік жөнінде, демократияның өкілдері мұндай қаскүнемдіктің болу мүмкіндігінің өзін ызаланып теріске шығарса да, ол тамаша хабардар болып шықты».

Сонымен, халықтың орасан зор көпшілігі атынан жұмысшылар өкілі де, шаруалар өкілі де өз пікірлерін анық мәлімдеп отыр, ал Керенскийдің үкіметі керісінше істеп, капиталистердің мүдделерін көздеп отыр!

Капиталистердің өкілі Ролович, демократияға сездірмей, тамаша хабардар болып шығып отыр — нақ осындайды біз әрқашан байқап келдік және қазір де байқап отырмыз: буржуазиялық газеттер, «Речь» пен «Биржевка», Керенский үкіметінде не болып жатқандығынан өте жақсы хабардар.

Бұл тамаша хабардарлық нені көрсетеді? Айқын: капиталистердің өз «жолдары» бар екенін және *іс жүзінде* өкімет солардың өз қолдарында екенін көрсетеді. Керенский —қолдан қойылған кісі, капиталистер оны қай уақытта өздеріне қалай керек болса, сол уақытта солай қояды. Ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалардың мүдделері ат төбеліндей байлардың пайдаларына құрбан етілген болып шығады.

Халыққа көрсетілген бұл масқара зәбірге біздің эсерлер мен меньшевиктер не деп жауап береді? Бәлкім,

олар бұдан кейін Керенскийдің және оның әріптестерінің орындары түрмеде болуға тиіс деп жұмысшылар мен шаруаларға үндеу хат жазған шығар?

Құдай сақтасын! Эсерлер мен меньшевиктер өздері иемденіп отырған «Экономикалық бөлім» арқылы қатал қарар қабылдаумен тынды, біз ол қарар туралы айтып өткенбіз! Бұл қарарда олар былай дейді: Керенский үкіметінің астық бағаларын көтеруі «елдің азық-түлік ісіне де, бүкіл шаруашылық өміріне де *орасан күшті соққы* беретін *зиянды* шара» болып табылады және бұл зиянды шаралар заңды тікелей *«бұзу»* арқылы жүргізілді!!

Келісімпаздық саясатының, Керенскиймен ауыз жаласу саясатының және оны «аяу» ниетінің нәтижелері осындай!

Байларға, помещиктерге және капиталистерге жағынып, бақылаудың, азық-түліктің, шектен тыс іргесі шайқалған финанс жағдайын жөндеудің бүкіл ісінің *түбіне жететін* шара қабылдап, үкімет заңды бұзып отыр,— ал эсерлер мен меньшевиктер сауда-өнеркәсіп топтарымен келісу туралы әлі айтып келеді, Терещенкомен бірге кеңестерге әлі барып, Керенскийді әлі аяп жүр, наразылық қарарын тек қағаз жүзінде ғана қабылдаумен шектеліп жүр, ал мұндай қарарды үкімет жайбарақат жылы жауып қоя салады!!

Бұл арада мына ақиқат ерекше айқын көрінеді: эсерлер мен меньшевиктер халыққа, революцияға опасыздық жасады, ал бұқараның, *тіпті* эсерлік, меньшевиктік бұқараның, шын көсемі большевиктер бола бастады.

Өйткені большевиктер партиясы бастаған пролетариаттың өкіметті нақ жеңіп алуы, осының бір өзі Керенскийлер мен К° жасаған оңбағандықтарды жоя алар еді және азық-түлік, жабдықтау, т. б. жөніндегі демократиялық ұйымдардың Керенский мен оның үкіметі *кедергі келтіріп жүрген* жұмысын *қалпына келтіре* алар еді.

Большевиктер — келтірілген мысалдан мұның өзі өте айқын көрініп тұр — эсерлер мен меньшевиктердің елді астық бағаларын осыншама көтеру сияқты масқаралыққа дейін жеткізген ауытқымалы, тұрлаусыз,

барып тұрған опасыздық саясатына қарама-қарсы, *бүкіл* халықтың мүдделерінің, азық-түлік және жабдықтау ісін қамтамасыз ету мүдделерінің, жұмысшылар *мен шаруалардың* ең кекейтесті мұқтаждарын қанағаттандыру мүдделерінің өкілдері ретінде қимыл жасайды!

ФИНАНСТЫҢ КҮЙРЕУІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Астықтың тұрақты бағаларын көтеру туралы мәселенің басқа бір жағы да бар. Бұл көтеру қағаз ақша шығарудың жаңадан бұрқырап көбеюі, қымбатшылықтың күшею процесінің жаңадан алға қарай аяқ басуы, финанстың берекесізденуінің күшеюі және финанстың күйреуінің жақындауы болып табылады. Қағаз ақша шығару еріксіз заемның ең нашар түрі болатынын, ол бәрінен де гөрі нақ жұмысшылардың, халықтың ең кедей бөлігінің жағдайын нашарлататынын, финанстың берекесі кетуінің басты қырсығы болып табылатынын жұрттың бәрі мойындап отыр.

Ал эсерлер мен меньшевиктер қолдаған Керенский үкіметі нақ осы шараға жармасады!

Финанстың берекесі кетуіне және болмай қалмайтын финанс күйреуіне қарсы елеулі күрес жүргізу үшін капитал мүдделерінен революциялық жолмен қол үзуден басқа, шын демократиялық бақылау, яғни «төменнен» болатын бақылау, капиталист*ерді* жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың бақылауын ұйымдастырудан басқа,—біздің бұдан бұрынғы барлық баяндауымыз көрсететін жолдан басқа жол жоқ.

Қағаз ақшаны ұшы-қиырсыз шығара беру жалдаптықты көтермелейді, жалдаптық арқылы капиталистердің миллиондаған пайда табуына мүмкіндік береді, соншама қажет болып отырған өндірістің кеңеюіне орасан зор қиыншылықтар туғызады, өйткені материалдардың, машиналардың және басқаларының қымбатшылығы күшейіп, күрт өсіп барады. Байлардың жалдаптық арқылы табатын байлықтары жасырылып отырғанда іске қалай көмектесу керек?

Ірі және ең ірі табыстарға үдемелі, өте жоғары ставкалы табыс салығын енгізуге болады. Біздің үкімет

мұны басқа империалистік үкіметтерден кейін іле-шала енгізді. Бірақ ол салық көбінесе жалған, тек қағаздағы жазу болып қалып отыр, өйткені, біріншіден, ақшаның құндылығы барған сайын тез құлдырап барады, екіншіден, табыстардың көзі неғұрлым көбірек жалдаптық болса, коммерциялық құпия неғұрлым сенімдірек қорғалса, табыстардың жасырылуы да соғұрлым күшті болуда.

Салықты жалған салық етпей, шын салық ету үшін қағаз жүзінде қалмайтын шын бақылау керек. Ал егер бақылау бюрократиялық болып қалатын болса, капиталистерді бақылау мүмкін емес, өйткені бюрократияның өзі буржуазиямен мыңдаған дәнекерлер арқылы байланысып, онымен қат-қабат араласып кеткен. Сондықтан батыс европалық империалистік мемлекеттерде, монархиялық та, республикалық та болсын, бәрібір, финанс ісін тәртіптеуге сондай бір «еңбек міндеткерлігін» енгізу арқылы ғана қол жетуде, ол жұмысшылар үшін *әскери каторга* немесе *әскери құлдық* туғызады.

Реакциялық-бюрократиялық бақылау—соғыс ауыртпалығын пролетариат пен еңбекшілер бұқарасына аударудың бірден-бір құралы—демократиялық республикалар Франция мен Американы да қоса алғанда—империалистік мемлекеттердің білетіні міне, осы.

Біздің үкімет саясатының негізгі қайшылығы нақ мынада:— буржуазиямен жанжалдаспау үшін, онымен «коалицияны» бұзбау үшін — халықты қадам баскан сайын алдап, патша өкіметін жаңа ғана құлатқан бұқараны ашындырып және ызаландырып, реакциялық-бюрократиялық бақылауды «революциялық-демократиялық» деп атап, оның реакциялық-бюрократиялық бақылау жүргізуіне тура келеді.

Ал оның бер жағында нақ революциялық-демократиялық шаралар ғана нақ езілген таптарды, жұмысшылар мен шаруаларды, нақ бұқараны одақтарға біріктіріп,— *байлардың үстінен* нағыз шын бақылау қоюға және табыстарды жасыруға қарсы нағыз ойдағыдай күрес жүргізуге мүмкіндік берген болар еді.

Қағаз ақшаны шамадан тыс көп шығаруға қарсы күресу үшін чек айналысын көтермелеуге тырысады.

Бұл шараның кедейлер үшін маңызы жоқ, өйткені кедейлер бәрібір күндегісін күнде жұмсап тіршілік етеді, бір апта ішінде өзінің «шаруашылық айналымын» аяқтап, тапқан болмашы тыйын-тебенін капиталистерге бәрібір қайтарып береді. Байлар үшін чек айналысының орасан зор маңызы болар еді, ол мемлекетке, әсіресе банктерді национализациялау және сауда құпиясын жою сияқты шараларға байланысты, капиталистердің табыстарын *шын мәнінде бақылауға,* оларға шын мәнінде салық салуға, финанс жүйесін шын мәнінде «демократияландыруға» (сонымен бірге тәртіптеуге де) мүмкіндік берер еді.

Бірақ бұл жерде атап айтқанда буржуазияның пұрсаттылықтарын бұзудан, онымен «коалицияны» бұзудан қорқу кедергі болады. Өйткені шын революциялық шаралар қолданбайынша, өте елеулі күштеу болмайынша, капиталистер ешқандай бақылауға бағынбайды, өз бюджеттерін ашпайды, қағаз ақша қорларын демократиялық мемлекеттің «есебіне» өткізбейді.

Одақтарға біріккен жұмысшылар мен шаруалар банктерді национализациялап, барлық бай адамдар үшін заң бойынша міндетті түрде чек айналысын енгізіп, сауда құпиясын жойып, табыстарды жасырған жағдайда мүлкін конфискелеуді, т. б. белгілеп, бақылауды өте оңай-ақ әрі шын, әрі әр тарапты бақылау ете алар еді, нақ байлардың үстінен жүргізілетін бақылау, қазына шығарған қағаз ақша кімнің қолында болса, *солардан,* оны кім жасырса, *солардан қазынаға қайтаратын* бақылау ете алар еді.

Бұл үшін революцияшыл пролетариат бастаған демократияның революциялық диктатурасы керек, яғни бұл үшін демократия *іс жүзінде* революциялық демократия болуға тиіс. Істің бүкіл түйіні осында. Ал «революциялық демократияның» *жалауын* жамылып халықты алдап жүрген, әрқашан: «après nous le déluge»,— өзімізден кейін топан су қаптаса да мейлі! деген ережені қолданатын буржуазияның реакциялық-бюрократиялық саясатын іс жүзінде қолдап жүрген біздің эсерлер мен меньшевиктер нақ осыны қаламайды.

Біз буржуазиялық меншіктің «қасиеттілігі» жөнін-

дегі антидемократиялық әдеттер мен соқыр сенімдердің өзімізге қандай дәрежеде терең сіңіп алғанын әдетте тіпті сезбейміз. Инженер немесе банкир жұмысшының кірістері мен шығыстарын, оның табыстары мен оның еңбегінің өнімділігі туралы мәліметтерді жарияласа, ол мейлінше заңды, әділетті болып саналады. Ешкім мұнда жұмысшының «жеке тұрмысына» қол сұққандық, инженердің «тіміскі әрекеті немесе көрсетуі» бар деп ойламайды. Буржуазиялық қоғам жалдама жұмысшылардың еңбегі мен табысын *өзінің* ашық кітабы деп қарайды, буржуа атаулы оған әрқашан көз салуға, жұмысшының қайдағы бір «бейпіл молшылығын», оның қайдағы бір «жалқаулығын» және т. с. әрқашан әшкерелеуге праволы-мыс.

Ал, керісінше бақылау ше? Егер *демократиялық* мемлекет капиталистердің кірістері мен шығыстарын тексеруге, бұл туралы мәліметтерді жариялауга, табыстарды жасыруға қарсы күресу ісінде үкіметке көмектесуге қызметшілер, конторшылар одақтарын, *үй күтушілерді* шақырса қайтер еді?

Онда буржуазия «тіміскі әрекетке» қарсы, «көрсетуге» қарсы қандай керемет шу көтерер еді! «Мырзалар» үй күтушілерді, капиталистер — жұмысшыларды бақылағанда, бұл орынды саналады, еңбекші мен каналушының жеке тұрмысы қол сұғылмайтын болып *есептелмейді,* буржуазия кез келген «жалдама құлдан» есеп талап етуге, оның кірістері мен шығыстарын әрқашан жұртшылыққа жария етуге праволы. Ал езілушілердің езушіні бақылауға, *оның* кірістері мен шығыстарын әйгілеуге, *оның* бейпіл молшылығын,— тым болмаса тіпті соғыс кезінде, осы бейпіл молшылық тікелей ашаршылықтың болуына, майдандағы армиялардың қырғынға ұшырауына себеп болып отырған кезде,— ашуға ұмтылуы ше,—о, жоқ, буржуазия «тіміскі әрекетке» және «көрсетуге» жол бермейді!

Мәселе бәз-баяғы мынаған келіп тіреледі: буржуазияның үстемдігі шын революциялық шын демократизммен *сыйыспайды.* XX ғасырда, капиталистік елде социализмге қарай қадам басуға *қорыққан адам* революцияшыл демократ бола алмайды.

СОЦИАЛИЗМГЕ ҚАРАЙ ҚАДАМ БАСУҒА ҚОРҚА ОТЫРЫП, ІЛГЕРІ БАСУҒА БОЛА МА?

Мұның алдындағы баяндау эсерлер мен меньшевиктердің кең тараған оппортунистік идеялары негізінде тәрбиеленген оқушыда оп-оңай мынадай: мұнда сипатталған шаралардың көпшілігі, шын мәнісінде, демократиялық шаралар емес, *кәдімгі* социалистік шаралар ғой!— деген қарсы пікір туғызуы мүмкін.

Буржуазиялық, эсерлік және меньшевиктік, баспасөзде әдетке айналып (белгілі бір формада), кең тарап жүрген бұл қарсы пікір артта қалған капитализмді реакциялық қорғау болып табылады, Струвеше жасанған қорғау болып табылады. Социализмге жету үшін біз дамып жетілген жоқпыз деседі, социализмді «енгізуге» ерте, біздің революциямыз буржуазиялық революция,— сондықтан буржуазияға малай болу керек деседі (ал Францияның буржуазиялық ұлы революционерлері бұдан 125 жыл бұрын барлық езушілерге, помещиктерге де, капиталистерге де, қарсы *террор жасау* арқылы өздерінің революциясын ұлы революция еткен болатын!).

Эсерлер де, соларша пайымдайтындар да буржуазияға қызмет етуші нашар марксистер жағына өтіп кетті, ал бұлар (егер олардың пікірлерінің теориялық негіздерін алып қарайтын болсақ) империализмнің не екенін, капиталистік монополиялардың не екенін, мемлекеттің не екенін, революциялық демократияның не екенін түсінбейді. Өйткені мұны түсінген соң, социализмге қарай қадам баспайынша ілгері басуға болмайтындығын мойындамасқа болмайды.

Империализм туралы жұрттың бәрі айтып жүр. Бірақ империализм дегеніміз монополиялық капитализмнен басқа ештеңе де емес.

Капитализм Россияда да монополиялық капитализм болғандығын «Продуголь», «Продамет», қант синдикаты және басқалар жеткілікті дәрежеде айқын дәлелдеп отыр. Сол қант синдикатының өзі-ақ монополиялық капитализмнің мемлекеттік-монополиялық капитализмге ұласқандығына біздің көзімізді жеткізіп отыр.

Ал мемлекет дегеніміз не? Бұл — үстем таптың ұйымы,— мысалы, Германияда юнкерлер мен капиталистердің ұйымы. Сондықтан да неміс Плехановтары (Шейдеман, Ленч және басқалар) «әскери социализм» деп атап жүрген нәрсе іс жүзінде әскери-мемлекеттік монополиялық капитализм немесе, түсініктірек және айқынырақ етіп айтқанда, жұмысшылар үшін әскери каторга, капиталистердің пайдаларын әскери жолмен қорғау болып табылады.

Ал мына юнкерлік-капиталистік мемлекеттің *орнына*, помещиктік-капиталистік мемлекеттің орнына *революциялық-демократиялық* мемлекетті, яғни пұрсаттылық *атаулыны* революциялық жолмен қиратататын, ең толық демократизмді революциялық жолмен жүзеге асырудан тайынбайтын мемлекетті қойып көріңіздерші? Сонда сіздер шын революциялық-демократиялық мемлекеттің тұсында мемлекеттік-монополиялық капитализм қалайда, сөзсіз социализмге қарай үсті-үстіне қадам басқандық болып табылатынын көресіздер!

Өйткені егер ең ірі капиталистік кәсіпорын монополияға айналатын болса, онда ол бүкіл халыққа қызмет етеді. Егер ол мемлекеттік монополияға айналған болса, онда мемлекет (яғни *революциялық* демократизм жағдайында ең алдымен халықтың, жұмысшылар мен шаруалардың қарулы ұйымы) — мемлекет барлық кәсіпорындарды бағыттап отырады — кімнің мүдделеріне қызмет етеді?

— не помещиктер мен капиталистердің мүдделеріне қызмет етеді; онда біздің мемлекетіміз революциялық-демократиялық мемлекет емес, реакциялық-бюрократиялық мемлекет, империалистік республика болып шығады;

— не революциялық демократияның мүдделеріне қызмет етеді; онда *мұның өзі социализмге қарай қадам басқандық болып табылады*.

Өйткені социализм дегеніміз мемлекеттік-капиталистік монополиядан ілгері қарай жасалған ең таяу қадам болып табылады, одан басқа ештеңе де емес. Немесе басқаша айтқанда: социализм дегеніміз *бүкіл халық-*

тың пайдасына айналған және сондықтан да капиталистік монополия болудан *қалған* мемлекеттік-капиталистік монополия, одан басқа ештеңе де емес.

Бұл жерде тек екінің бірі ғана. Дамудың объективтік барысының өзі сондай: социализмге қарай ілгері баспайынша, *монополиялардан* (ал соғыс олардың санын, ролін және маңызын он есе үлкейтті) ілгері қарай баруға *болмайды*.

Не іс жүзінде революцияшыл демократ болу керек. Онда социализмге қарай қадам басудан қорқуға болмайды.

Не социализмге қарай қадам басудан қорқу, ол қадамдарды Плехановша, Данша, Черновша: біздің революциямыз — буржуазиялық революция, социализмді «енгізуге» болмайды және т. с. деген дәлелдермен теріске шығару керек,— ал онда Керенскийге, Милюковқа және Корниловқа қарай сырғу, яғни жұмысшы және шаруа бұқарасының «революциялық-демократиялық» талпыныстарын *реакциялық-бюрократиялық* жолмен басып тастау сөзсіз болады.

Екінің бірі ғана.

Біздің революциямыздың негізгі қайшылығының өзі осында.

Жалпы алғанда тарихта, әсіресе соғыс уақытында — бір орында тұрып қалуға болмайды. Не ілгері жүру керек, не кейін кету керек. Республика мен демократизмді революциялық жолмен жеңіп алған XX ғасырдағы Россияда социализмге қарай *ілгері бармайынша*, оған қарай *қадамдар* жасамайынша (техника мен мәдениеттің дәрежесіне байланысты және сол арқылы белгіленетін қадамдар жасамайынша, шаруалардың егіншілігіне машиналы ірі шаруашылық «енгізуге» болмайды, қант өндірісінде оны жоюға болмайды), ілгері басуға *болмайды*..

Ал егер ілгері басудан қорқатын болса, *мұның өзі* кейін кету *болады;* Милюковтар мен Плехановтарды шаттандырып, Церетелилер мен Черновтардың ақымақтық көмегімен Керенский мырзалар осымен шұғылданып та отыр.

Тарих диалектикасы нақ мынадай: соғыс монополия-

лық капитализмнің мемлекеттік-монополиялық капитализмге айналуын орасан жеделдетті, *сөйтіп* адамзатты социализмге қарай орасан жақындатты.

Империалистік соғыс социалистік революцияның қарсаңы болып табылады. Ал мұның себебі соғыс өзінің сұмдықтары арқылы пролетариат көтерілісін туғызатындығында ғана емес,— егер социализм экономикалық жағынан пісіп жетілмеген болса, ешқандай көтеріліс социализмді туғыза алмайды,— мұның себебі — мемлекеттік-монополиялық капитализмнің социализмге ең толық *материалдық* әзірлік жасау болып табылатындығында, социализмнің *табалдырығы* болып табылатындығында, тарихи сатының бір басқышы болып табылатындығында — ал мұны мен (бұл басқыш пен) социализм деп аталатын басқыштың арасында *ешқандай аралық басқыштар жоқ.*

* *
*

Біздің эсерлер мен меньшевиктер социализм туралы мәселеге доктринерлік тұрғыдан, өздерінің жаттап алған және нашар түсінген доктринасының тұрғысынан қарайды. Олар социализмді алыстағы, белгісіз бір нәрсе, бұлдыр болашақ деп түсінеді.

Ал қазір социализм бізге қазіргі капитализмнің барлық терезелерінен қарап тұр, социализм осы ең жаңа капитализмнің негізінде алға басқан қадам болып табылатын әрбір ірі шарадан тікелей, *практика жүзінде* айқындалып келеді.

Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі дегеніміз не?

Бұл — ең жаңа монополиялық капитализмнің негізінде алға басқан қадам, тұтас алғанда экономикалық өмірді белгілі бір жалпы жоспар бойынша реттеуге қарай жасалған қадам, халық еңбегін үнемдеп жұмсауға қарай, капитализмнің оны беталды ысырап етуін болдырмауға қарай жасалған қадам.

Германияда юнкерлер (помещиктер) мен капиталистер жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін енгізбек, сонда ол жұмысшылар үшін сөзсіз әскери каторга болады.

Ал нақ сол шараны алыңыз да, оның революция-

лық-демократиялық мемлекет тұсындағы маңызын ойлап көріңіз. Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтері енгізіп, реттеп, бағыттап отыратын жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін алсаңыз, ол *әлі* социализм *емес*, бірақ ол *енді* капитализм де *емес*. Бұл — социализмге *қарай* жасалған орасан зор *қадам*, қадам болғанда да толық демократия сақталған жағдайда, бұқараға қарсы адам айтқысыз зорлық-зомбылық жасалмайынша, мұндай қадамнан кері, капитализмге қарай кейін қайтуға болмай қалатын қадам.

КҮЙЗЕЛУШІЛІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӘНЕ СОҒЫС

Төніп келе жатқан апатқа қарсы күрес шаралары туралы мәселе бізді басқа бір аса зор маңызы бар мәселені: ішкі саясаттың сыртқы саясатпен байланысы туралы мәселені, немесе басқаша айтқанда: басқыншылық, империалистік соғыс пен революциялық, пролетарлық соғыстың арасындағы, қылмысты-тонаушылық соғыс пен әділетті-демократиялық соғыстың арасындағы арақатынас туралы мәселені баяндауға әкеліп отыр.

Апатқа қарсы күрестің біз сипаттап өткен барлық шаралары елдің қорғаныс қабілетін немесе, басқаша айтқанда, әскери күш-қуатын, біздің жоғарыда айтқанымыздай, өте-мөте күшейткен болар еді. Бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан, басқыншылық соғысты әділетті соғысқа айналдырмайынша, капиталистердің мүдделері үшін капиталистер жүргізіп жатқан соғысты барлық еңбекшілер мен қаналғандардың мүдделері үшін пролетариат жүргізетін соғысқа айналдырмайынша, бұл шараларды жүзеге асыру мүмкін емес.

Шынында да солай. Коммерциялық құпияны жоюмен және капиталистерге жұмысшы бақылауын орнатумен байланысты банктер мен синдикаттарды национализациялау дегеніміз халық еңбегін орасан зор мөлшерде сақтау, күштер мен құралдарды үнемдеуге мүмкіндік алу ғана болып қоймас еді, сонымен қатар оның өзі халықтың еңбекші *бұқарасының*, халықтың көпшілігінің жағдайын жақсарту болар еді. Қазіргі

соғыста экономиканы ұйымдастырудың шешуші маңызы бар, мұны жұрттың бәрі біледі. Россияда астық, көмір, мұнай, темір жетеді—бұл жағынан алып қарағанда біздің жағдайымыз соғысып жатқан европалық елдердің қай-қайсысынан болса да жақсы. Ал күйзелушілікке қарсы жоғарыда көрсетілген құралдар арқылы күрес жүргізгенде бұл күреске бұқараның талапкерлігін қатыстыра, оның жағдайын жақсарта, банктер мен синдикаттарды национализациялауды енгізе отырып, Россия бүкіл елді экономикалық ұйымшылдықтың неғұрлым өлшеусіз жоғары сатысына көтеру үшін өзінің революциясы мен демократизмін пайдаланған болар еді.

Егер эсерлер мен меньшевиктер бақылау шараларының бәріне кедергі келтіріп, өндірісте саботаж жасап жүрген буржуазиямен «коалиция» жасаудың орнына апрельде өкімет билігінің Советтерге көшуін жүзеге асырып, өз күштерін «министрлік чехарда» ойнауға емес, кадеттермен қатар министрлердің, министр орынбасарларының, т. б., т. с. жылы орындарында бюрократтыққа салынып отыра беруге емес, жұмысшылар мен шаруаларға *олардың* капиталистерді бақылауында, олардың капиталистерге *қарсы соғысында* басшылық етуге бағыттаса,—онда Россия қазір экономикалық жағынан толық өзгерген, шаруаларының жері бар, банктері национализацияланған ел, яғни *сондықтан да* басқа капиталистік елдердің бәрінен *жоғары* тұрған ел (ал мұның өзі қазіргі өмірдің өте маңызды экономикалық негіздері) болар еді.

Банктері национализацияланған елдің қорғаныс қабілеті мен әскери қуаты банктері жеке адамдардың қолында қалып отырған елдің қорғаныс қабілеті мен әскери қуатынан *жоғары* болады. Жері шаруа комитеттерінің қолында болып отырған шаруалар елінің әскери қуаты помещиктік жер иелігі бар елдің әскери қуатынан *жоғары* болады.

Француздардың 1792—1793 жылдардағы қаһармандық патриотизмі мен әскери ерлігінің кереметтерін үнемі тілге тиек етеді. Бірақ сол кереметтерді нақ мүмкін еткен материалдық, тарихи-экономикалық жағ-

дайларды ұмытып жүр. Дәурені өткен феодализмді шын революциялық жолмен жою, бүкіл елдің неғұрлым жоғары өндіріс әдісіне, еркін шаруа жер иелігіне көшуі, көшкенде нағыз революциялық-демократиялық шапшаңдықпен, батылдықпен, жігермен, шын ықыласпен көшуі—міне, Францияның шаруашылық негізін *өзгертіп, жаңартып,* оны «керемет» шапшаңдықпен қорғап қалған материалдық, экономикалық жағдайлар осылар.

Бізге Францияның үлгісі бір нәрсені, тек бір ғана нәрсені көрсетіп отыр: Россияны қорғануға қабілетті ету үшін, мұнда да жаппай қаһармандық «кереметтеріне» жетісу үшін ескілік атаулыны «якобиндік» мейірімсіздікпен жойып, Россияны *шаруашылық* жағынан жаңартып, қайта құру керек. Ал мұны ХХ ғасырда патша өкіметін жою арқылы ғана істеуге болмайды (Франция бұдан 125 жыл бұрын мұнымен шектелмеген). Мұны тіпті помещиктік жер иелігін революциялық жолмен жоюмен ғана (біз тіпті мұны да істегеніміз жоқ, өйткені эсерлер мен меньшевиктер шаруаларға опасыздық істеп отыр!), жерді шаруаларға берумен ғана істеуге де болмайды. Өйткені біз ХХ ғасырда өмір сүріп отырмыз, *банктерге үстемдік етпейінше,* жерге үстемдік ету халық өміріне өзгеріс, жаңалық енгізе алмайды.

Францияның XVIII ғасырдың аяғындағы материалдық, өндірістік жаңаруы саяси және рухани жаңарумен, революциялық демократия мен революцияшыл пролетариаттың (демократия одан оқшауланбады, ал революцияшыл пролетариат онымен әлі бірге дерлік болды) диктатурасымен,—реакциялық атаулының бәріне жарияланған аяусыз соғыспен байланысты болды. Бүкіл халықтың, әсіресе бұқараның, яғни *езілген* таптардың революциялық ынта-жігері өлшеусіз зор болды; *жұрттың бәрі* соғысты әділетті соғыс, қорғаныс соғысы деп санады, ал соғыс *іс жүзінде* әділетті соғыс, қорғаныс соғысы *болды.* Революциялық Франция реакциялық-монархиялық Европадан қорғанды. 1792—1793 жылдары емес, көп жыл өткен соң, ел ішінде реакция жеңгеннен *кейін,* Наполеонның контрреволюциялық

диктатурасы Франция тарапынан соғысты қорғаныс соғыстарынан басқыншылық соғыстарға айналдырып жіберді.

Ал Россияда ше? Біз капиталистердің мүдделеріне бола, империалистермен одақтаса отырып, *патшаның* Англия және басқа елдердің капиталистерімен жасасқан құпия шарттарына сәйкес, империалистік соғыс жүргізіп келеміз; ал патша бұл шарттарда басқа елдерді, Константинопольді, Львовты, Арменияны және т. б. тонау жөнінде орыс капиталистеріне уәде берген болатын.

Россия әзірге әділетті бітімді ұсынбай және империализмнен ажыраспай отырғанда, оның жүргізіп отырған соғысы әділетсіз, реакциялық, басқыншылық соғыс болып қала береді. Соғыстың әлеуметтік сипаты, оның шын маңызы жау әскерлерінің қайда тұрғандығымен (эсерлер мен меньшевиктердің қараңғы мужиктің тұрпайылығына дейін төмендеп барып ойлағанындай) анықталмайды. Бұл сипат соғыстың *қандай саясатты* жалғастырып отырғандығымен («соғыс дегеніміз саясаттың жалғасы»), соғысты *қандай таптың* қандай мақсаттарды көздеп жүргізіп отырғандығымен анықталады.

Бұқараны құпия шарттар негізінде тонаушылық соғысқа бастауға және оның ынта-жігерін туғызамыз деп үміт артуға болмайды. Революциялық Россияның алдыңғы қатарлы табы — пролетариат соғыстың қылмыстылығын барған сайын айқын түсініп отыр, ал буржуазияның бұл жөнінде бұқараны басқа ұғымға келтіре алмағаны былай тұрсын, қайта, соғыстың қылмыстылығын түсіну өсіп барады. Россияда *екі астананың да* пролетариаты біржолата интернационалист болып алды!

Бұл жерде соғысты жақтайтын жаппай ынта-жігер туралы сөз қылу деген қайда!

Бірі екіншісімен, ішкі саясат сыртқы саясатпен тығыз байланысты. Ұлы экономикалық өзгерістерді батыл, үзілді-кесілді жүзеге асырып жатқан халықтың орасан зор ерлігінсіз елді қорғанысқа қабілетті ету мүмкін емес. Империализмнен ажыраспайынша, бар-

лық халықтарға демократиялық бітімді ұсынбайынша, осы жолмен басқыншылық, тонаушылық, қылмысты соғысты әділетті, қорғаныстық, революциялық соғысқа айналдырмайынша бұқараның бойында ерлік туғызу мүмкін емес.

Ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да капиталистерден нағыз-дәйекті ажырасу ғана біздің революциямызды және империализмнің темір құрсауына қысылған біздің елімізді құтқарып қала алады.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ МЕН РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТ

Қазіргі Россияның демократиясы шын революциялық демократия болу үшін пролетариатпен мейлінше тығыз одақтасып, бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап болып табылатын оның күресін қолдап отыруға тиіс.

Құлақ естімеген мөлшердегі болмай қалмас апатқа қарсы күрестің шаралары туралы мәселені талдағанда шығатын қорытынды, міне, осындай.

Соғыстың ұшы-қиырсыз дағдарыс туғызғаны соншалық, халықтың материалдық және моральдық күштерін іске жұмылдырғаны соншалық, қазіргі бүкіл қоғамдық ұйымға соққы бергені соншалық, адамзат екінің бірін таңдауға мәжбүр болып отыр: не құру керек, не ең жоғары өндіріс әдісіне шапшаң және тыңғылықты түрде көшу үшін өз тағдырын ең революцияшыл тапқа сеніп тапсыру керек.

Бірқатар тарихи себептерге — Россияның көбірек артта қалғандығына, ол үшін соғыстың ерекше қиындықтарына, патша өкіметінің өте-мөте іріп-шірігендігіне, 1905 жыл дәстүрлерінің есте мықтап сақталғандығына — байланысты Россияда революция басқа елдердегіден бұрын бұрқ ете түсті. Революцияның нәтижесінде Россия бірнеше айдың ішінде өзінің *саяси* құрылысы жағынан алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетті.

Бірақ бұл аз. Соғыс мейірімсіз, ол мәселені аяусыз қаталдықпен қойып отыр: не құрып біту керек, не ал-

дыңғы қатарлы елдерді қуып жетіп, оларды *экономикалық* жағынан да басып озу керек.

Бұл мүмкін нәрсе, өйткені біздің алдымызда көптеген алдыңғы қатарлы елдердің даяр тәжірибесі, олардың техникасы мен мәдениетінің даяр нәтижелері бар Европада соғысқа қарсы өсіп келе жатқан наразылық, өршіп келе жатқан бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясының атмосферасы бізге моральдық жағынан қолдау жасап отыр. Империалистік соғыс кезінде ерекше сирек болатын революциялық-демократиялық бостандық бізді ілгері бастырып отыр, жылдамдатып отыр.

Құру керек немесе жедел қарқынмен ілгері қарай ұмтыла беру керек. Тарих мәселені осылай қойып отыр.

Мұндай кезеңде пролетариаттың шаруаларға көзқарасы да,— мәселенің бұрынғы большевиктік түрде қойылысын: шаруаларды буржуазияның ықпалынан жұлып алу керек деген қойылысты қуаттай отырып,— тиісінше оның түрін өзгертеді. Революцияны сақтап қалудың кепілі тек осында ғана.

Ал шаруалар бүкіл ұсақ буржуазиялық бұқараның саны өте-мөте көп өкілі болып табылады.

Біздің эсерлер мен меньшевиктер өздеріне реакциялық рольді алып жүр: шаруаларды буржуазияның ықпалында ұстамақшы, шаруаларды пролетариатпен емес, буржуазиямен коалицияға тартпақшы.

Революцияның тәжірибесі бұқараны тез үйретіп отыр. Ал эсерлер мен меньшевиктердің реакциялық саясаты күйреуде: олар екі астананың екеуінің де Советтерінде[78] соққы жеді. Ұсақ буржуазиялық-демократиялық екі партияның екеуінде де «солшыл» оппозиция өсіп келеді. 1917 жылы 10 сентябрьде Питерде өткен эсерлердің қалалық конференциясында пролетариатпен одақтасуға бейім, буржуазиямен одақ (коалиция) жасасуды қабылдамайтын *солшыл* эсерлер үштен екі көпшілік болды.

Эсерлер мен меньшевиктер буржуазияның ұнатқан нәрсесін: буржуазия мен демократияны қарама-қарсы қоюды қайталай береді. Бірақ мұндай қарама-қарсы

қою, асылында, пұтты аршынмен салыстырғандағыдай, мағынасыз нәрсе.

Демократияшыл буржуазия болады, буржуазиялық демократия болады: мұны тарих жөнінде де, саяси экономия жөнінде де тек барып тұрған надандық қана теріске шығара алады.

Жаңсақ қарама-қарсы қоюшылық эсерлер мен меньшевиктерге даусыз фактіні: буржуазия мен пролетариаттың арасында *ұсақ буржуазия* бар екенін *бүркемелеу* үшін керек болды. Ұсақ буржуазия өзінің экономикалық таптық жағдайына байланысты буржуазия мен пролетариаттың арасында ләжсыздан ауытқып отырады.

Эсерлер мен меньшевиктер ұсақ буржуазияны буржуазиямен одақтасуға тартады. Олардың бүкіл «коалициясының», бүкіл коалициялық министрлігінің, кәдімгі жартылай кадет Керенскийдің бүкіл саясатының мәні, міне, осында. Революцияның жарты жылы ішінде бұл саясат толық күйреді.

Кадеттер: революция күйреді, революция соғысқа да, күйзелушілікке де тотеп бере *алмады* деп табалап жүр.

Өтірік. Күйреген—*кадеттер* және *меньшевиктермен бірге эсерлер*, өйткені бұл блок (одақ) Россияны жарты жыл бойы биледі, жарты жылдың ішінде күйзелушілікті күшейтті, соғыс жағдайын шиеленістіріп, қиындатып жіберді.

Буржуазияның *эсерлермен* және *меньшевиктермен одағы* неғұрлым толық күйреген сайын халық соғұрлым тез *үйренеді*. Халық *дұрыс* жолды: ең кедей шаруалардың, яғни шаруалар көпшілігінің пролетариатпен одағын соғұрлым оңай табады.

10—14 сентябрь, 1917 ж.

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

Қандай революцияның болсын ең басты мәселесі мемлекеттік өкімет туралы мәселе екендігі күмәнсыз. Өкімет билігі қай таптың қолында болса, бәрін сол шешеді. Ал егер Россиядағы басты үкіметтік партияның газеті, «Дело Народа», таяуда (№ 147) өкімет туралы таластар салдарынан Құрылтай жиналысы туралы мәселе де, астық туралы мәселе де ұмытылып отыр деп шағынған болса, онда эсерлерге: өздеріңе шағыныңдар,— деп жауап беру керек еді. Өйткені *сіздердің* партияңыздың нақ ауытқулары, солқылдақтығы «министрлік чехарданың» аяқталмауы жөнінде де, Құрылтай жиналысын ұшы-қиырсыз кейінге қалдыру жөнінде де, астық монополиясы және елді астықпен қамтамасыз ету жайында қабылданып, белгіленген шараларды капиталистердің бүлдіруі жөнінде де бәрінен де гөрі көбірек айыпты.

Өкімет туралы мәселені орағытып өтуге де, кейінге қалдыруға да болмайды, өйткені нақ осы мәселе революцияның дамуында, оның ішкі және сыртқы саясатында *барлық нәрсені* шешетін негізгі мәселе болып табылады. Біздің революцияның өкіметтің құрылысы жөнінде ауытқуға жарты жылды «босқа жібергені» талассыз факт, бұл факт эсерлер мен меньшевиктердің ауытқымалы саясатынан туды. Ал бұл партиялардың саясаты, сайып келгенде, ұсақ буржуазияның таптық жағдайынан, капитал мен еңбектің арасындағы күрестегі оның экономикалық тұрақсыздығынан туды.

Қазір бүкіл мәселе мынада: ұсақ буржуазиялық демократия мазмұны жағынан өте-мөте бай осы ұлы жарты жылдың ішінде бірдеңе үйренген-үйренбегенді-

гінде болып отыр. Егер үйренбеген болса, онда революцияның құрығаны, оны тек пролетариаттың жеңімпаз көтерілісі ғана құтқарып қала алады. Егер үйренген болса, онда тұрақты, ауытқымайтын өкіметті дереу құрудан бастау керек. Халықтың *көпшілігіне* саналы түрде және сөзсіз сүйенетін өкімет қана халық революциясы тұсындағы тұрақты өкімет, яғни бұқараны, жұмысшылар мен шаруалардың көпшілігін өмірге көтерген өкімет бола алады. Россияда мемлекеттік өкімет осы күнге дейін *іс жүзінде буржуазияның* қолында қалып отыр, ал буржуазия тек жекелеген кеңшіліктер жасауға (ол кеңшіліктерді келесі күні қайта тартып ала бастайтын болып), уәделер беруге (оларды орындамайтын болып), өз үстемдігін қалай да бүркемелеуді іздеуге («адал коалицияның» сыртқы көрінісімен халықты алдау үшін), т. б. және т. т. мәжбүр болып отыр. Сөз жүзінде — халықтық, демократиялық, революциялық үкімет, іс жүзінде — халыққа қарсы, антидемократиялық, контрреволюциялық, буржуазиялық үкімет, міне, осы кезге дейін өмір сүрген және өкіметтің толық тұрақсыздығы мен ауытқуларының, эсер, меньшевик мырзалар соншалық өкініпті (халық үшін) ынтамен шұғылданған бүкіл «министрлік чехарданың» қайнар көзі болған қайшылық осы.

Не Советтер қуылады, сөйтіп олар масқара болып құриды, не бүкіл өкімет билігі Советтерге беріледі — мен мұны 1917 жылы июньнің басында Советтердің Бүкіл россиялық съезі алдында айтқан едім[79], ал июль мен август тарихы бұл сөздердің дұрыстығын барынша айқын растады. Өкіметті халықтың мардымсыз азшылығына, буржуазияға, қанаушыларға іс жүзінде беруді өкімет «базисінің кеңеюі» деп атайтын буржуазияның малайлары Потресов, Плеханов және басқалар қалай көкісе де,— тек Советтер өкіметі ғана халықтың көпшілігіне сеніммен сүйенетін тұрақты өкімет бола алады.

Тек Совет өкіметі ғана тұрақты өкімет бола алған болар еді, тек Совет өкіметін ғана тіпті ең дауылды революцияның ең дауылды кезеңдерінде де құлатуға болмас еді, тек осындай өкімет қана революцияның

үнемі және кең дамуын, Советтердің ішінде партиялардың бейбіт күресін қамтамасыз ете алған болар еді. Мұндай өкімет құрылмай тұрғанда, солқылдақтық, тұрақсыздық, ауытқулар, ұшы-қиырсыз «өкімет дағдарыстары», министрлік чехарданың бітпейтін комедиясы, оңнан да, солдан да дүмпулер сөзсіз бола бермек.

Бірақ «өкімет Советтерге берілсін» деген ұран жиі-жиі, тіпті көпшілік ретте десек те болар, «советтік көпшіліктің партияларынан министрлік құрылсын» деген мағынада мүлде қате түсініліп жүр, сондықтан біз осы мүлде қате пікірге толығырақ тоқталғымыз келеді.

«Советтік көпшіліктің партияларынан министрлік құрылсын» дегеніміз үкіметтік өкіметтің бүкіл ескі аппаратын, бастан-аяқ чиновниктік, бастан-аяқ демократиялық емес аппаратты, тіпті эсерлер мен меньшевиктердің программаларында да айтылатын елеулі реформаларды жүзеге асыруға қабілетсіз аппаратты қол тигізбей сақтай отырып, министрлердің құрамында тек жеке адамдарды ғана ауыстыра салу деген сөз.

«Өкімет Советтерге берілсін» дегеніміз бүкіл ескі мемлекеттік аппаратты, демократиялық атаулының бәріне кедергі жасайтын осы чиновниктік аппаратты түбірінен қайта құру, бұл аппаратты жою және оны жаңа, халықтық аппаратпен, яғни Советтердің шын демократиялық аппаратымен, яғни халықтың ұйымдасқан және қаруланған көпшілігінің, жұмысшылардың, солдаттардың, шаруалардың аппаратымен ауыстыру, депутаттарды сайлауда ғана емес, сонымен бірге мемлекетті басқаруда да, реформалар мен қайта өзгерістерді жүзеге асыруда да халықтың көпшілігіне бастаушылық пен дербестік беру деген сөз.

Бұл айырмашылықты неғұрлым айқын және көрнекі ету үшін үкіметтік партия—эсерлер партиясының «Дело Народа» газетінің бұдан біраз уақыт бұрын жасаған бір бағалы мойындауын еске түсірейік. Бұл газет былай деп жазды: тіпті социалист-министрлерге берілген министрліктерде де (бұл сөздер кадеттермен болған атышулы коалиция уақытында жазылған болатын, ол кезде меньшевиктер мен эсерлер министр еді),

тіпті осы министрліктерде де, бүкіл басқару аппараты ескі күйінде қалды және бұл аппарат бүкіл жұмысқа кедергі келтіріп отыр.

Бұл түсінікті де. Буржуазиялық-парламенттік елдердің, ал едәуір дәрежеде буржуазиялық-конституциялық елдердің де бүкіл тарихы министрлердің ауысуының маңызы өте аз екенін, өйткені басқарудың нақты жұмысы чиновниктердің ересен үлкен армиясының қолында болатынын көрсетіп отыр. Ал чиновниктер армиясының бойына антидемократиялық рух әбден сіңген, бұл армия мыңдаған, миллиондаған дәнекерлер арқылы помещиктермен, буржуазиямен байланысты, барлық жағынан оларға тәуелді. Бұл армия буржуазиялық қатынастар атмосферасымен қоршалған, тек сонымен ғана тыныс алады, бұл армия өлексе, мешеу, меңіреу, бұл армияның осы атмосферадан құтылып шығуға шамасы жоқ, ол ескішеден басқа түрде ойлай да, сезе де, әрекет жасай да алмайды. Бұл армия шенге табыну, «мемлекеттік» қызметтің белгілі пұрсаттылығын тану қатынастарымен байланысты, ал бұл армияның жоғарғы қатарлары акциялар мен банктер арқылы финанс капиталына барынша кіріптар етілген, белгілі бір дәрежеде олардың өздері сол капиталдың агенттері, оның мүдделері мен ықпалын жүзеге асырушылар болып табылады.

Осы мемлекеттік аппарат арқылы жерге помещиктік меншікті төлемсіз жою немесе астық монополиясын орнату, т. с. сияқты өзгерістерді жүзеге асыруға тырысу барып тұрған жалған үміт, барып тұрған өзіңдіөзің алдау және халықты алдау болып табылады. Бұл аппарат Францияда болған үшінші республика сияқты «монархсыз монархия» түріндегі республиканы құрып, республикашыл буржуазияға қызмет ете *алады*, бірақ мұндай мемлекеттік аппарат капиталдың праволарын, «қасиетті жеке меншік» праволарын құрту былай тұрсын, тіпті тым болмаса елеулі түрде қысқарта алатындай немесе тежей алатындай реформаларды жүзеге асыруға, міне, бұған мүлде қабілетсіз. Сондықтан да «социалистер» қатысқан алуан түрлі «коалициялық» министрліктер кезінде әрқашан мынадай жағдай

болып отырады: бұл социалистердің ішінен тіпті жекелеген адамдар мейлінше адал ниетті болғанның өзінде де, олар іс жүзінде буржуазиялық үкіметтің әшейін бір әшекейі немесе пердесі болып шығады, халықтың қаһарын бұл үкіметтен алыстату құралы болып шығады, бұл үкіметтің халықты алдау құралы болып шығады. 1848 жылы Луи Бланмен де осылай болды, сол уақыттан бері Англия мен Францияда социалистер министрлікке қатысқанда ондаған рет осылай болды, 1917 жылы Черновтармен де, Церетелилермен де осылай болды, буржуазиялық құрылыс сақталып отырғанда, ескі, буржуазиялық, чиновниктік, мемлекеттік аппаратқа қол сұқпаушылық сақталып отырғанда осылай болып келді және осылай болады да.

Жұмысшы, солдат, шаруа депутаттары Советтерінің ерекше бағалылығының өзі мынада: бұл Советтер мемлекеттік аппараттың жаңа, әлдеқайда жоғары, әлдеқайда демократиялық *типі* болып табылады. Эсерлер мен меньшевиктер Советтерді (әсіресе Питер және жалпы орыс Советтерін, яғни Орталық Атқару Комитетін) «бақылау» деген сылтаумен дәрменсіз қарарлар шығарып, тілектер білдірумен шұғылданатын—үкімет мейлінше әдептілікпен және жылы жүзбен жылы жауып қоятын қарарлар шығарып, тілектер білдірумен шұғылданатын—қысыр сөздің ордасына айналдыру үшін барлық әрекетті, мүмкін болған және мүмкін болмаған әрекеттің бәрін істеді. Бірақ Советтегі шіріктің бәрі уақытша ғайып болып, революцияшыл бұқараның бастамасы аса зор, құдіретті, жеңімпаз бір нәрсе ретінде көріне бастауы үшін корниловшылдықтың жақсы дауыл туғызудан үміттендірген «самал желінің» соғуы жеткілікті болды.

Барлық күмәншылдар осы тарихи мысалдан үйренсін. «Бізде буржуазияны қорғауға сөзсіз бой ұрып отырған ескі аппаратты ауыстыратын аппарат жоқ» дейтіндер ұялсын. Өйткені бұл аппарат *бар*. Бұл аппарат—Советтер. Бұқараның инициативасы мен дербестігінен қорықпаңыз, бұқараның революциялық ұйымдарына сеніңіз—сонда сіз мемлекеттік өмірдің *барлық* салаларында жұмысшылар мен шаруалардың өздері

корниловшылдыққа қарсы біріккенде және қимыл жасағанда көрсеткеніндей күшін, құдіреттілігін, жеңімпаздығын көресіз.

Эсерлер мен меньшевиктердің көсемдерінің бәрінен де гөрі көп жіберген қатесі мынада: олар бұқараға сенбеді, олардың бастамасынан қорықты, олардың дербестігінен қорықты, олардың революциялық жігерін барлық жағынан жан салып қолдаудың орнына, ол жігерден үрейленді. Олардың солқылдақтығының, олардың ауытқуларының, олардың ескі, бюрократтық мемлекеттік аппараттың ескі торсығына жаңа шарап құюға тырысқан шексіз және шегі жоқ нәтижесіз әрекеттерінің ең терең тамырларының бірі, міне, осында.

1917 жылғы орыс революциясында армияның демократиялану тарихын, Чернов министрлігінің тарихын, Пальчинскийдің «патшалық ету» тарихын, Пешехоновтың кету тарихын алыңыз—сонда сіз жоғарыда айтылғанның өте айқын дәлелдемесін қадам басқан сайын көресіз. Солдаттардың сайланып қойылатын ұйымдарына толық сенім болмағандықтан, бастықтарды солдаттардың сайлап қою принципі мүлтіксіз сақталмағандықтан былай болып шықты: армияның басына Корниловтар, Калединдер және контрреволюцияшыл офицерлер келді. Бұл факт. Сондықтан кімде-кім әдейі көзін жұмғысы келмесе, мынаны көрмеуі мүмкін емес: корниловшылдықтан *кейін* Керенскийдің үкіметі бәрін де *бұрынғы күйінде қалдырды*, ол үкімет *іс жүзінде корниловшылдықты қалпына келтіріп отыр.* Алексеевті тағайындау, Клембовскийлермен, Гагариндермен, Багратиондармен және басқа корниловшылдармен «бітім» жасасу, Корнилов пен Калединнің өздеріне жұмсақтық жасау — осылардың бәрі Керенскийдің корниловшылдықты іс жүзінде қалпына келтіріп жатқанын айдан анық көрсетеді.

Екінің бірі. Басқаша болмайтындығын тәжірибе көрсетті. Не бүкіл өкімет Советтерге беріліп, армия толық демократияланады, не корниловшылдық орнайды.

Ал Чернов министрлігінің тарихы ше? Ол тарих мынаны дәлелдемеді ме: шаруалардың мұқтаждарын шынымен қанағаттандыру үшін жасалған азды-көпті

елеулі қадамдардың қандайы болсын, шаруаларға, олардың өздерінің бұқаралық ұйымдарына және қимылдарына сенушілікті көрсететін қадамдардың қандайы болсын барлық шаруалар арасында аса зор ынта-жігер туғызды. Ал Черновқа кадеттермен, чиновниктермен төрт айдай «саудаласуға», тағы да «саудаласуға» тура келді, олар ұшы-қиырсыз созбақтау және сүріндіру арқылы, ақырында, оны ештеңе істемей кетуге мәжбүр етті. Помещиктер мен капиталистер осы төрт айға және осы төрт айдың ішінде «ойынды ұтып шықты», помещиктік жер иелігін қорғап қалды, Құрылтай жиналысын кейінге қалдырды, жер жөніндегі комитеттерге қарсы тіпті бірқатар жазалау шараларын қолдана бастады.

Екінің бірі. Басқаша болмайтындығын тәжірибе көрсетті. Не бүкіл өкімет орталықта да, жергілікті жерлерде де Советтерге беріледі, Құрылтай жиналысы шешкенге дейін, бүкіл жер *дереу* шаруаларға беріледі, не помещиктер мен капиталистер бәріне де бөгет жасайды, помещиктік өкіметті қалпына келтіреді, шаруаларды ашындырады, істі шаруалардың шексіз қаһарлы көтерілісіне дейін жеткізеді.

Өндіріске азды-көпті елеулі бақылауды капиталистердің (Пальчинскийдің көмегімен) бұзуының, астық монополиясын және Пешехоновтың астық пен өнімдерді бөлуді демократиялық жолмен реттей *бастауын* көпестердің бұзуының тарихы да дәл осылай болды.

Қазір Россияда мәселе тіпті де «жаңа реформалар» ойлап шығаруда, қайсыбір «бәрін қамтитын» өзгерістердің «жоспарларын» жасаумен шұғылдануда емес. Тіпті де бұлай емес. «Социализмді енгізуге» қарсы, «пролетариат диктатурасына» қарсы айқай салып жүрген капиталистер, Потресовтар, Плехановтар істі осылай суреттеп отыр — істі көрінеу жалған суреттеп отыр. Ал шындығында Россияда жағдай мынадай: соғыстың көз көріп, құлақ естімеген ауыртпалықтары мен апаттары, күйзеліс пен апаршылықтың құлақ естімеген, ең қатерлі қаупі өзінен-өзі құтылу тәсілін көрсетті, өзінен-өзі белгіледі, белгілеп қана қойған жоқ, оның үстіне сөзсіз шұғыл реформалар мен өзгерістер ретін-

де астық монополиясын, өнім өндіру мен бөлуге бақылау жасауды, қағаз ақша шығаруды тежеуді, астықты товарға дұрыс айырбастауды, т. т. ұсынып та қойды.

Жұрттың бәрі осы тәрізді, дәл осы бағыттағы шараларды болмай қоймайтын шаралар деп мойындады, бұл шаралар көптеген жерлерде басталып кетті және істі мейлінше әр түрлі жақтарынан қамтыды. *Бұл шаралар қазірдің өзінде басталды,* бірақ помещиктер мен капиталистердің қарсылығы, Керенскийдің үкіметі (*іс жүзінде* толық буржуазиялық және бонапарттық үкімет) арқылы да, ескі мемлекеттің чиновниктік аппараты арқылы да, орыс және «одақтастар» финанс капиталының тікелей және жанама қысымы арқылы да жүзеге асырылып отырған қарсылығы ол шараларға барлық жерде кедергі жасап отыр және кедергі жасады.

Пешехоновтың кетуіне, тұрақты бағалардың күйреуіне, астық монополиясының күйреуіне қайғырып, И. Прилежаев «Дело Народада» (№ 147) таяуда былай деп жазды:

«Біздің үкіметтердің барлық құрамдарына батыл болу және тәуекелге бел буу жетіспеді... Революциялық демократия күтуге тиіс емес, ол өзі инициатива көрсетіп, экономикалық шымшытырыққа жоспарлы түрде араласуға тиіс... Егер бір жерде тұрақты бағыт пен батыл өкімет керек болса, ол дәл осы жерде керек».

Міне, шындықтың аты шындық. Асыл сөздер. Тек автор тұрақты бағыт туралы, батыл болу және тәуекелге бел буу туралы мәселенің жеке адам туралы мәселе емес, батыл бола алатын және тәуекелге бел буа алатын *тап* туралы мәселе екенін ойламаған. Мұндай бірден-бір тап—пролетариат. Өкіметтің батыл болуы және тәуекелге бел бууы, оның тұрақты бағыт ұстауы—пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы, одан басқа ештеңе де емес. И. Прилежаев, өзі оны түсінбестен, *осы диктатураны* көксеп күрсінеді.

Өйткені мұндай диктатура іс жүзінде нені көрсеткен болар еді? Тек қана мынаны көрсеткен болар еді: корниловшылдардың қарсылығы тойтарылар еді және армияны толық демократияландыру қалпына келтірі-

ліп, аяқталар еді. Армияның жүзден тоқсан тоғызы мұндай диктатура орнағаннан кейін екі күннен соң оның қуанышты жақтаушылары болар еді. Бұл диктатура жерді шаруаларға, жергілікті жерлерде бүкіл өкімет билігін шаруа комитеттеріне берген болар еді; шаруалардың бұл диктатураны қолдайтындығына, ақылдан адаспайынша, қалай күмәндануға болады? Пешехоновтың тек *уәде еткен* нәрсесін ғана («капиталистердің қарсылығы қиратылды» — Советтер съезі алдында сөйлеген атышулы сөзінде Пешехонов дәл осылай деді) бұл диктатура өмірге енгізген болар еді, шындыққа айналдырған болар еді, сөйтіп азық-түлік жөнінде, бақылау және басқалар жөнінде қазірдің өзінде қалыптаса бастаған демократиялық ұйымдарды ешбір жоймай, қайта оларды қолдап, дамытып, олардың жұмысындағы кедергілердің бәрін жойған болар еді.

Пролетарлар мен ең кедей шаруалардың диктатурасы ғана капиталистердің қарсылығын тойтара алады, өкіметтің шынымен орасан зор батылдығы мен тайсалмайтындығын көрсете алады, армияда да, шаруалар арасында да бұқараның қуанышты, қалтқысыз, шын қаһармандық қолдауын өзіне қамтамасыз ете алады.

Тек өкімет билігін Советтерге беру ғана бұдан былайғы дамуды бірте-бірте, бейбіт, тыныш даму, халық бұқарасы көпшілігінің санасы мен шешімінің дәрежесіне, оның өз тәжірибесінің дәрежесіне сай ілесіп отыратын даму ете алады. Өкімет билігін Советтерге беру дегеніміз елді басқаруды және оның шаруашылығына бақылау жасауды жұмысшылар мен шаруаларға толығынан беру деген сөз, өйткені оларға қарсылық жасауға *ешкімнің* батылы бармас еді және олар жерді, өнімдер мен астықты дұрыс бөлуді тәжірибеден тез үйренген, өз практикасынан *үйренген болар еді.*

«Рабочий Путь» № 10,
27 (14) сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Рабочий Путь» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ТАБЫСТЫ БОЛУЫН ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК

(БАСПАСӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ)

Мен апрельдің бас кезінде Құрылтай жиналысын шақыру керек пе деген мәселеге большевиктердің көзқарасын баяндай келіп, былай деп жазған едім:

«Шақыру керек және тезірек шақыру керек. Бірақ оның табысты болуына және шақырылуына бір ғана кепілдік бар: жұмысшы, солдат, шаруа және басқа депутаттар Советтерінің санын арттыру және *күшін* нығайту; жұмысшылар бұқарасын ұйымдастыру және *қаруландыру* — бірден-бір кепілдік» («Россиядағы саяси партиялар және пролетариаттың міндеттері». «Жизнь и Знаниенің» арзан кітапханасы, III кітап, 9 және 29-беттер)*.

Содан бері бес ай өтті, сөйтіп бұл сөздердің дұрыстығы кадеттердің кінәсынан Құрылтай жиналысын шақырудың бірнеше рет созбұйдаға салынуы және кейінге қалдырылуы арқылы расталды, ақырында, корниловшылдық арқылы тамаша расталды.

Енді, 12 сентябрьге Демократиялық кеңестің шақырылуына байланысты, мен істің екінші жағына тоқталғым келіп отыр.

Шаруалар арасында үгіт жүргізу үшін, орыс халқының осы нағыз *бұқарасының*, оның нағыз көпшілігінің көзін ашу үшін соншалық аз істеліп отырғаны жөнінде меньшевиктердің «Рабочая Газетасы» да және «Дело Народа» да өкініш білдірді. Құрылтай жиналысы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 216-бет. *Ред.*

ның табысты болуы шаруалардың көзі ашық болуына байланысты екенін жұрттың бәрі ұғынады және мойындайды, бірақ бұл үшін адам күлерліктей өте аз істеліп отыр. Бастан-аяқ жалған әрі контрреволюцияшыл буржуазиялық және «сатқын» баспасөз шаруаларды алдап, ақымақ етіп, қорқытып отыр, бұл баспасөзге қарағанда меньшевиктер мен эсерлердің баспасөзі (большевиктердің баспасөзі туралы айтпағанның өзінде) мүлде, мүлде дәрменсіз.

Неге бұлай?

Атап айтқанда мұның себебі мынада: эсерлер мен меньшевиктердің билеуші партиялары дәрменсіз, солқылдақ, әрекетсіз, ол партиялар бүкіл өкімет билігін Советтердің алуына келіспей, шаруаларды қараңғылықта ұстап, елеусіз қалдырады, оларды капиталистердің және *олардың* баспасөзінің, *олардың* үгітінің «жалмауына» береді.

Біздің революцияны мақтап ұлы революция деп атап, «революциялық демократия» туралы даурықпа, көпірме сөздерді оңды-солды айқайлап, меньшевиктер мен эсерлер *іс жүзінде* Россияны нағыз қарапайым, нағыз ұсақ буржуазиялық революция жағдайында қалдырады, ол революция патшаны лақтырып тастай отырып, басқаның бәрін ескі қалпында қалдырады және шаруалардың саяси жағынан көзін ашу үшін, шаруалардың қараңғылығын жою, халықты қанаушылар мен езушілердің *тірегін,* осы *ақырғы* (және ең күшті) тірегін, талқандау үшін түк істемейді, елеулі түрде мүлде түк істемейді.

Нақ қазір мұны еске салу орынды болады. Нақ қазір Демократиялық кеңестің алдында, Құрылтай жиналысын шақыруға (тағы да кейінге қалдыру үшін) «белгіленген» уақыттан екі ай бұрын мынаны көрсету орынды болады: егер... егер біздің тырнақша ішіндегі «революциялық демократия» шын революциялық демократия, яғни революциялық түрде қимыл жасауға қабілетті демократия болса және ол шын демократия, яғни өкіметті өз қолында ұстап келе жатқан (Керенскийдің үкіметі) капиталистер азшылығының және олармен эсерлер мен меньшевиктер,—тікелей болмаса,

жанамалап, ескі формада болмаса, жаңа формада—қайткенде де «келіскісі» келіп отырған капиталистер азшылығының емес, халық көпшілігінің еркімен, мүдделерімен санасатын демократия болса, істі соншама оңай түзетуге болар еді, шаруалардың саяси жағынан көзін ашу үшін соншама көп нәрсе істеуге болар еді.

Капиталистер (ал оларға еріп, түсінбеушіліктен немесе керенаулықтан болар, толып жатқан эсерлер мен меньшевиктер): цензура жойылып, барлық партиялар қандай да болсын газеттерді еркін түрде шығаратын жағдайды «баспасөз бостандығы» деп атайды.

Шындығына келгенде бұл баспасөз бостандығы емес, езілген және қаналып отырған халық бұқарасын байлардың, буржуазияның алдау бостандығы.

Шынында да солай. Питер және Москва газеттерінақ алыңыз. Сіз бірден мынаны көресіз: буржуазиялық газеттер, «Речь», «Биржевка», «Новое Время», «Русское Слово»[80] және тағысын-тағылар, тағы сондайлар шығарылатын даналарының саны жағынан анағұрлым басым болып отыр (өйткені мұндай газеттер өте көп). Бұл басымдық неге негізделген? Тіпті де көпшіліктің еркіне негізделмеген, өйткені екі астанада да көпшілік (және орасан зор көпшілік) демократия жағында, ягни эсерлердің, меньшевиктердің және большевиктердің жағында екенін сайлау көрсетіп отыр. Осы үш партияның алған дауыстары төрттің үшінен бестің төртіне дейін, ал бұлар шығарып отырған газеттердің даналарының саны бүкіл буржуазиялық баспасөздің (қазір біздің біліп, коріп отырғанымыздай, бұл баспасөз тікелей де, жанамалай да корниловшылдықты жақтады) даналарының санымен салыстырғанда, бәлкім, төрттің бірінен немесе тіпті бестің бірінен кемірек болады.

Неге бұлай?

Неге екенін жұрттың бәрі жақсы біледі. Өйткені газет шығару — пайдалы және ірі капиталистік кәсіп, бұл кәсіпке байлар миллион-миллион сом ақша жұмсайды. Буржуазиялық қоғамдағы «баспасөз бостандығы» дегеніміз *байлардың* үнемі, ылғи, күн сайын миллиондаған дана газеттер арқылы халықтың қаналған және

езілген бұқарасын, кедейлерді алдау, аздыру, ақымақ ету бостандығы болып табылады.

Жұрттың бәрі байқап отырған, жұрттың бәрі түсініп отырған, бірақ «жұрттың бәрі дерлік» «ұялып» үндемей, қорқа соғып орағытып өтіп отырған қарапайым, жалпыға белгілі, айқын шындық осы.

Осындай сорақы қырсықпен күресуге бола ма және қалай күресу керек?—деген сұрақ туады.

Ең алдымен аса қарапайым, аса ұлы және аса заңды бір шара бар, мен ол шараны «Правдада» әлдеқашан көрсеткен едім*, оны қазір, 12 сентябрьге, еске түсіру өте-мөте орынды және оны жұмысшылар әрқашан есінде ұстауы керек, өйткені олар саяси өкіметті жеңіп алған кезде ол шараны қолданбай тұра алмаса керек.

Бұл шара—газеттердегі жеке хабарландыруларга мемлекеттік монополия орнату.

«Русское Словоға», «Новое Времяға», «Биржевкаға», «Речьке» және т. с. қараңыз—сонда сіз бұл газеттерді шығарушы капиталистерге орасан зор, тіпті басты кіріс беретін толып жатқан жеке хабарландыруларды көресіз. Бүкіл дүние жүзіндегі барлық буржуазиялық газеттер осылай қожалық етеді, осылай байиды, *халыққа деген умен осылай сауда жасайды.*

Европада мынадай газеттер бар: олардың даналарының саны белгілі бір қаланың тұрғындары санының үштен біріндей (мысалы, 240 000 адамға 80 000 дана) және бұл газеттер *әрбір* пәтерге *тегін* жеткізіледі, солай бола тұрса да бұл газеттер оларды шығарушыларға жақсы кіріс береді. Мұндай газеттер хабарландырулармен күн көреді, бұл хабарландырулар үшін жеке адамдар төлейді, ал газеттерді әрбір пәтерге тегін жеткізу хабарландырулардың жақсы тарауын қамтамасыз етеді.

Мынадай сұрақ туады: өзін революциялық демократия деп атайтын демократия газеттердегі жеке хабарландыруларды мемлекеттік монополия деп жариялау сияқты шараны неліктен жүзеге асыра алмас еді?

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 390—391-беттер. *Ред.*

Провинция мен қалалардағы Советтердің және Питердегі *орталық Советтің* бүкіл Россия үшін шығарып отырған газеттерінен *басқа* бір жерде хабарландыруларды басуға тыйым салу сияқты шараны неліктен жүзеге асыра алмас еді? Неліктен «революциялық» демократия жеке хабарландырулардан байлардың, Корниловты жақтаушылардың, Советтерге қарсы өтіріктер мен жалаларды таратушылардың баюы сияқты нәрсеге төзуге міндетті?

Мұндай шара сөзсіз әділетті шара болар еді. Бұл шара жеке хабарландыруларды басушыларға да, бүкіл халыққа да, әсіресе негұрлым көбірек езілген және қараңғы шаруаларға да зор пайда берген болар еді, олар шаруаларға арналған қосымшалары бар *совет* газеттерін болмашы бағаға немесе тіпті тегін алу мүмкіндігіне ие болар еді.

Мұны неге жүзеге асырмасқа? Оның себебі тек қана мынадан: капиталист мырзалардың қолындағы жеке меншік пен мұрагерлік право (хабарландырулардан түсетін кірістерге) қасиетті нәрсе саналады. Ал өзін екінші орыс революциясындағы, XX ғасырдағы революцияшыл демократ деп атап, мұндай правоны «қасиетті» деп мойындауға бола ма?!

Бірақ біреулер бұл баспасөз бостандығын бұзғандық болады дер.

Дұрыс емес. Мұның өзі баспасөз бостандығын кеңейту және қалпына келтіру болар еді. Өйткені баспасөз бостандығы дегеніміз: *барлық* азаматтардың барлық пікірлерін еркін жариялауға болады деген сөз.

Ал қазір ше? Ал қазір бұл монополия *тек* байларда *ғана,* содан соң тек ірі партияларда ғана бар. Оның бер жағында хабарландырулардың бәрі бар үлкен *совет* газеттерін шығарғанда азаматтардың анағұрлым қалың көпшілігінің, айталық, қойылған қолдарды белгілі бір мөлшерде жинаған әрбір топтың өз пікірлерін білдіруін қамтамасыз етуге әбден болар еді. Осындай өзгеріс жасаған жағдайда баспасөз бостандығы *іс жүзінде* анағұрлым демократиялық бостандық болар еді, анағұрлым толық бостандық болар еді.

Бірақ біреулер: баспахана мен қағазды қайдан алу керек?—дер.

Міне, әңгіме қайда!!! Әңгіме «баспасөз бостандығында» емес, қанаушылардың басып алған баспаханалары мен қағаз қорларын олардың қасиетті меншік санауында болып отыр!!!

Біздер, жұмысшылар мен шаруалар, осы қасиетті правоны не үшін мойындауға тиіспіз? Жалған мәліметтерді басып шығару жөніндегі бұл «правоның» крепостной шаруаларды иелену «правосынан» несі жақсы?

Неліктен соғыс уақытында үйлерді де, пәтерлерді де, экипаждарды да, аттарды да, астықты да, металды да реквизициялауға болады және барлық жерде түрлі реквизициялар болып жатады, ал баспаханалар мен қағаздарды реквизициялауға неге болмайды?

Жоқ, жұмысшылар мен шаруаларға мұндай шаралар әділетсіз немесе жүзеге асырылуы қиын шаралар деп көрсетіп, оларды уақытша алдауға болады, бірақ шындық жеңбей қоймайды.

Советтер түріндегі мемлекеттік өкімет *барлық* баспаханалар мен *барлық* қағазды алып, оны *әділетті* түрде бөледі: бірінші орында халық көпшілігінің, кедейлер көпшілігінің, әсіресе помещиктер мен капиталистер ғасырлар бойы азаптаған, езген, топастандырған шаруалар көпшілігінің мүдделерін көздейтін мемлекет болады.

Екінші орында, айталық, екі астанада жүз мың немесе екі жүз мың дауыс жинаған ірі партиялар болады.

Үшінші орында неғұрлым ұсақ партиялар, содан соң мүшелерінің саны белгілі бір мөлшерге жеткен немесе қойылған қолдарды пәлендей мөлшерде жинаған азаматтардың кез келген тобы болады.

Қағаздар мен баспаханаларды, міне, осылай болу әділетті болар еді және өкімет билігі Советтердің қолында тұрғанда оны ешқандай қиындықсыз-ақ жүзеге асыруға болар еді.

Міне, сонда, Құрылтай жиналысынан екі ай бұрын, біз шаруаларға шынымен көмектесе алар едік, *әрбір*

ірі партиядан *әрбір* деревняға *миллиондаған* дана ондаған кітапшаларды (немесе газеттердің номерлерін, немесе ерекше қосымшаларды) жеткізуді қамтамасыз ете алар едік.

Міне, бұл Құрылтай жиналысының сайлауына *«революциялық-демократиялық»* жолмен әзірлену болар еді, міне, бұл алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен солдаттардың тарапынан деревняға көмектескендік болар еді, міне, бұл халықты ақымақ етуге, алдауға емес, оның көзін ашуға мемлекеттің жәрдемдесуі болар еді, міне, бұл байлар үшін емес, *жұрттың бәрі үшін* нағыз баспасөз бостандығы болар еді, міне, бұл шаруаларды хабардар ету, үйрету сияқты ұлы істі байлардың басып алуына төзуге бізді мәжбүр етіп отырған қарғыс атқан, құлшылық етумен өткен өмірден қол үзу болар еді.

«Рабочий Путь» № 11,
28 (15) сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Рабочий Путь» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ

АЗАМАТ СОҒЫСЫМЕН ҚОРҚЫТАДЫ

Меньшевиктер мен эсерлердің кадеттермен коалиция жасаудан бас тартуынан қорыққан, бәлкім, оларсыз да демократия үкіметті жақсылап құра алады-ау және оларға қарсы Россияны басқара алады-ау деп қорыққан буржуазия демократияны қорқытуға барлық күшін салып тырысуда.

Мүмкіндігінше мықтап қорқыт—бүкіл буржуазиялық баспасөздің ұраны осындай. Барлық күшіңді салып қорқыт! Өтірік айт, жала жап—қайтсең де қорқыт!

«Биржевка» большевиктік бас көтерулер туралы ойдан шығарылған хабарлар тарату арқылы қорқытады. Алексеев орнынан түсті және немістердің Петроградқа қарай бұзып өту қаупі бар деген лақаптар тарату арқылы қорқытады, ал нақ корниловшыл генералдар (Алексеевтің де олардың қатарында екендігі сөзсіз) майданды немістерге Галицияда, Рига маңында да, Петроград маңында да ашып бере алады, нақ корниловшыл генералдар армияның ставкаға мейлінше өшпенділігін туғызып отыр дегенді фактілер дәлелдемегендей етіп қорқытады.

Демократияны қорқытудың осы тәсіліне «азамат соғысының» қаупі туып отыр деу арқылы барынша «елеулі», иланымды түр беруге тырысып жүр. Қорқытудың барлық түрлерінің ішінде—азамат соғысымен қорқыту, сірә, ең көп тараған қорқыту болар. Халық бостандығы партиясының Дондағы Ростов комитеті

бұл тарап жүрген, филистерлер арасында аса өтімді идеяны 1 сентябрьдегі қарарында («Речь» № 210) былай тұжырымдаған:

«...Комитеттің мынаған көзі жетті: азамат соғысы революцияның барлық жеңістерін жойып жібере алады және біздің әлі бекімеген, жас бостандығымызды қанға бояп, жалмап жібере алады, сондықтан да революцияны тереңдетуге қарсы, жүзеге аспайтын социалистік утопиялар талап етіп отырған тереңдетуге қарсы қажырлы наразылық көрсетуді революцияның жеңістерін сақтап қалу үшін қажет деп санайды...».

«Речьтің» бас мақалаларында, Плеханов пен Потресовтың мақалаларында, меньшевиктік газеттердің бас мақалаларында және басқаларда талай рет кездесетін негізгі пікір бұл арада өте-мөте айқын, дәл, ойластырылған және толық түрде айтылған. Сондықтан бұл пікірге толығырақ тоқталу пайдасыз болмайды.

Азамат соғысы туралы мәселені, атап айтқанда, революциямыздың бастан кешкен жарты жылдық тәжірибесі негізінде нақтырақ талдауға тырысайық.

XVIII ғасырдың аяқ шенінен бастап алғанда барлық европалық революциялардың тәжірибесіне толық сәйкес бола отырып, бұл тәжірибе бізге мынаны көрсетеді: азамат соғысы тап күресінің ең шиеленіскен формасы болып табылады, мұнда бірқатар экономикалық және саяси қақтығысулар мен шайқастар қайталанып, жиналып, ұлғайып, күшейіп, бұл қақтығысуларды бір таптың екінші тапқа қарсы қолына қару алып шығатын күресіне айналдыруға дейін жетеді. Көбінесе—тіпті түгелдей дерлік деп те айтуға болады—азды-көпті азат және алдыңғы қатарлы елдерде капитализмнің бүкіл экономикалық дамуы, бүкіл дүние жүзіндегі ең жаңа қоғамның бүкіл тарихы араларында қарама-қарсылық туғызатын және оны тереңдететін таптардың арасында, атап айтқанда: буржуазия мен пролетариат арасында азамат соғысы байқалады.

Революциямыздың бастан кешкен жарты жылы ішінде де біз 20—21 апрель мен 3—4 июльде пролетариат тарапынан азамат соғысының басталуына тікелей таяп барған өте күшті стихиялық дүмпулерді бастан кешірдік. Ал Корнилов көтерілісі конституция-

лық-демократтар партиясы бастаған помещиктер мен капиталистер қолдаған әскери заговор еді, ал мұның өзі іс жүзінде буржуазия тарапынан азамат соғысының басталуына әкеп соқтырды.

Фактілер осындай. Біздің өз революциямыздың тарихы осындай. Ал бұл тарихтан бәрінен де гөрі көбірек үйрену керек, оның барысына және оның таптық маңызына бәрінен де гөрі көбірек ой жіберу керек.

Россиядағы пролетарлық азамат соғысының бастамасы мен буржуазиялық азамат соғысының бастамасын: 1) қозғалыстың стихиялылығы тұрғысынан, 2) оның мақсаттары тұрғысынан, 3) оған қатысатын бұқараның саналылығы тұрғысынан, 4) қозғалыстың күштері тұрғысынан, 5) оның табандылығы тұрғысынан салыстырып көрелік. Біз былай деп білеміз: қазір «азамат соғысы» деген сөздерді байыбына бармай «оңды-солды босқа айтып жүрген» партиялардың бәрі мәселені осылайша қойып, азамат соғысының бастамаларын іс жүзінде зерттеуге әрекет жасаған болса, онда бүкіл орыс революциясының саналылығы мейлінше көп ұтқан болар еді.

Қозғалыстың стихиялылығынан бастайық. Бізде 3—4 июль туралы қозғалыстың стихиялы түрде ұлғайғандығы *фактісін* мойындаған меньшевиктердің «Рабочая Газетасы», эсерлердің «Дело Народасы» сияқты куәлардың мәлімдемелері бар. Мен бұл мәлімдемелерді «Пролетарское Делода» басылған, «Жалақорларға жауап»* деген атпен жеке листовка болып шығатын мақаламда келтіргенмін. Алайда, меньшевиктер мен эсерлер, әбден түсінікті себептер бойынша, өздерін қорғап, большевиктерді қуғындауға өздерінің қатысуын қорғап, 3—4 июльдегі дүмпудің стихиялылығын ресми түрде әлі теріске шығарып отыр.

Талас мәселені әзірге кейінге қалдыра тұрайық. Талассыз мәселені алайық. 20—21 апрельдегі қозғалыстың стихиялылығына ешкім таласпайды. Большевиктер партиясы: «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранмен осы стихиялық қозғалысқа қосылды, осы

---

* Қараңыз: осы том, 25—38-беттер. *Ред*

қозғалысқа партияға мүлдем тәуелсіз түрде, үкіметті тұтқынға алуға дайын болған қарулы 30 000 солдатты көшеге шығарған марқұм Линде қосылды. (Айтпақшы, жақша ішінде айта кетелік, әскерлерді шығарудың бұл фактісі тексерілмеді және зерттелмеді. Ал бұған, 20 апрельді оқиғалардың тарихи байланысында алып қарастыра отырып, яғни оны 28 февральдан 29 августқа дейінгі оқиғалардың бір буыны ретінде қарап, ой жіберсеңіз, онда мынадай нәрсе айқын болып шығады: большевиктердің кінәсы мен қатесі, филистерлер бізге айып етіп тағып жүрген тіпті де шамадан тыс революцияшылдығы емес, қайта олардың тактикасының революцияшылдығының *жеткіліксіздігі* еді.)

Сонымен, пролетариаттың азамат соғысын бастауына таяп әкелген қозғалыстың стихиялылығы күмәнсыз. Корниловшылдықта стихиялылыққа тіпті аздап та ұқсайтын еш нәрсе жоқ: онда тек генералдардың заговоры ғана, олар алдаумен және бұйрықтың күшімен әскердің бір бөлегін өз жағымызға шығарып әкетеміз деп есептеді.

Қозғалыстың стихиялылығы оның бұқара арасындағы тереңдігінің, оның тамырларының беріктігінің, оның жойылмайтындығының белгісі болып табылады, бұл күмәнсыз. Қозғалыстың стихиялылығы тұрғысынан қарағанда фактілер пролетарлық революцияның негізділігін, буржуазиялық контрреволюцияның негізсіздігін көрсетеді.

Қозғалыстың мақсаттарын қарастырып көрейік. 20—21 апрель большевиктік ұрандарға бәрінен де гөрі жақындай түсті, ал 3—4 июль тура бұл ұрандармен байланысты түрде, олардың ықпалымен және басшылығымен өсті. Пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы туралы, бітім және оны дереу ұсыну туралы, помещиктік жерлерді конфискелеу туралы—пролетарлық азамат соғысының осындай басты-басты *мақсаттары* туралы большевиктер партиясы өздерінің газеттерінде, ауызша үгітінде мейлінше ашық, айқын, анық, дәл, жұрттың бәріне естірте айтты.

Корниловшылдықтың мақсаттары жөнінде бәріміз де білеміз, ал демократия ішінен ешкім мынаған та-

ласпайды: бұл мақсаттар помещиктер мен буржуазияның диктатурасын орнатуды, Советтерді қуып таратуды, монархияны қайта орнатуды әзірлеуді көздеді. Большевиктерге қарағанда көп баспасөзі бар және көп үгітшілер күші бар корниловтық басты партия болып отырған кадеттер партиясы (реті келгенде айта кетелік, оны енді корниловтық партия деп атай бастаса лайық болар еді) буржуазия диктатурасы туралы да, Советтерді қуып тарату туралы да, жалпы алғанда корниловшылдардың мақсаттары туралы да еш уақытта халыққа ашық айтуға бата алған жоқ және бата алмайды да!

Қозғалыстың мақсаттары тұрғысынан алғанда фактілер мынаны көрсетеді: пролетарлық азамат соғысы өзінің түпкі мақсаттарын халыққа ашық баяндай алады, осынысы арқылы еңбекшілердің ықыласын өзіне аударады, ал буржуазиялық азамат соғысы өз мақсаттарын жасыру арқылы ғана бұқараның бір бөлегін соңынан ертуге әрекет жасай алады; бұқараның саналылығы туралы мәселе жөніндегі аса зор айырмашылық осыдан туады.

Бұл мәселе жөнінде объективті мәліметтер, сірә, тек қана партиялылықпен және сайлаумен байланысты түрде болуы мүмкін. Бұқараның саналылығы туралы дәл пікір айтуға мүмкіндік беретін басқа фактілер жоқ сияқты. Пролетарлық-революциялық қозғалысқа большевиктер партиясы басшылық етеді, ал буржуазиялық контрреволюциялық қозғалысқа кадеттер партиясы басшылық етеді, бұл анық және де революцияның жарты жылдық тәжірибесінен кейін бұған таласуға бола қоймас. Қарастырылып отырған мәселе бойынша нақты сипаты бар үш салыстырма келтіруге болады. Питердегі аудандық думаларға майда өткен сайлауды орталық думаға августа өткен сайлаумен салыстыру кадеттердің алған дауыстарының азайғандығын және большевиктердің алған дауыстарының орасан көбейгендігін көрсетеді. Кадеттік баспасөз мынаны мойындайды: жұмысшылар бұқарасы немесе солдаттар бұқарасы жиналған жерлерде, жалпы ереже бойынша, большевизмнің күші де көрінеді.

Одан соң, партиядағы мүшелер санының өзгерісі жөнінде, жиналысқа қатысу, т. с. жөнінде ешбір есеп жоқ жағдайда *бұқараның* партияға қатысуының саналылығын партияға жиналған ақшалай қаржы жөнінде жарияланған мәліметтер бойынша алынған фактілер арқылы ғана тексеруге болады. Бұл мәліметтер «Правда» үшін, жабылып жатқан газеттер, т. с. үшін ақша жинауда большевик жұмысшылардың орасан зор және жаппай ерлігін көрсетеді. Қаржы жинау жөніндегі есептер ылғи басылып тұрды. Біз бұл сияқты еш нәрсені кадеттерден көре алмай отырмыз: олардың партиялық жұмысын, анығына келгенде, байлардың жарналары «қоректендіреді». Бұқараның белсенді көмегінің ізі де жоқ.

Ақырында, бір жағынан, 20—21 апрель мен 3—4 июль қозғалыстарын және, екінші жағынан, корниловшылдықты салыстыру бізге мынаны көрсетеді: большевиктер бұқараға азамат соғысындағы олардың жауын, атап айтқанда: буржуазияны, помещиктер мен капиталистерді тура көрсетеді. Корниловшылдық Корниловтың соңынан ерген әскерлердің *тікелей алданғандығын* көрсетіп те қойды, олардың алданғандығын «тағы дивизия» мен корниловтық эшелондардың питерліктермен бірінші кездесуінің өзі-ақ ашып берді.

Одан соң. Азамат соғысында пролетариат пен буржуазияның *күші* жөніндегі мәліметтер қандай. Большевиктердің күші тек пролетарлардың санында, олардың саналылығында, большевиктердің ұрандарына эсерлік және меньшевиктік «төменгі топтардың» (яғни жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың) іш тартуында. 20—21 апрельде, 18 июньде, 3—4 июльде атап айтқанда нақ осы ұрандар Питердегі революцияшыл белсенді бұқараның *көпшілігін* өз соңынан ертті, бұл—факт.

«Парламент» сайлауы туралы мәліметтерді аталған бұқаралық қозғалыстар туралы мәліметтермен осылай салыстыру Батыста талай рет жасалған байқауды Россия жөнінде де толық растайды, атап айтқанда: *бұқараға* әсер ету және оны күреске тарту тұрғысынан қарағанда революцияшыл пролетариаттың *күші* пар-

ламент ішіндегі күрестегіден *парламенттен тыс* күресте анағұрлым *артық*. Мұның өзі азамат соғысы туралы мәселе жөнінде өте маңызды байқау.

Парламенттік күрес пен сайлаудың барлық шарттары мен бүкіл жағдайының езілген таптардың күшін олардың азамат соғысында іс жүзінде өрістете алатын күшімен салыстырғанда неліктен азайтатындығы түсінікті.

Кадеттер мен корниловшылдықтың күші *байлықтың* күшінде. Ағылшын-француз капиталы мен империализмнің кадеттерді *жақтайтындығы*, корниловшылдықты *жақтайтындығы* бірсыпыра саяси мәлімдемелер мен баспасөз арқылы дәлелденді. 12 августа Москва кеңесінің бүкіл «оңшыл» тобының Корнилов пен Калединді жанталаса жақтағандығы жалпы жұртқа мәлім. Француз және ағылшын буржуазиялық баспасөзінің Корниловқа қалай «көмектескені» жалпы жұртқа мәлім. Оған *банктер* тарапынан көмек көрсетілді деген дерек бар.

Бүкіл байлық күші қолдаса да, Корнилов қалай масқара болып тез күйреді десеңізші! Корниловшылдарда байлардан басқа тек екі түрлі ғана қоғамдық күштің болғанын көруге болады: «тағы дивизия» және казактар. Мұның біріншісі *тек қана* қараңғылық пен алдаудың күші. Буржуазияның қолында баспасөз неғұрлым көбірек қалса, бұл күш соғұрлым көбірек қорқынышты. Пролетариат азамат соғысында жеңіп шығып, «күштің» *бұл* негізін бірден және біржолата жойған болар еді.

Казактарға келетін болсақ, біз бұл арада Россияның өмірдің, шаруашылықтың, тұрмыстың орта ғасырлық белгілерін өте-мөте көп сақтаған шеткері аймақтарының бірінде байлардан, ұсақ немесе орташа жер иелерінен (орта жер иелігі 50 десятина шамасы) құралған халық тобын көреміз. Мұнда орыс Вандеясы үшін әлеуметтік-экономикалық негіз бар екенін көруге болады. Ал корниловтық-калединдік қозғалысқа қатысы бар *фактілер* не көрсетті? Гучковтар, Милюковтар, Рябушинскийлер және К° қолдаған тіпті «сүйікті көсем» Каледин де *дегенмен* бұқаралық қозғалыс *жасай ал-*

мады!! Каледин азамат соғысына большевиктерге қарағанда анағұрлым «тіке», анағұрлым тура бет алды. Каледин тікелей «Донды көтеруге барды», сонда да Каледин «өз» өлкесінде, жалпы орыс демократиясынан қол үзген казактар өлкесінде ешбір бұқаралық қозғалыс жасай алмады! Керісінше, большевизмге қарсы бүкіл россиялық демократияның ықпалы мен күшінің орталығында біз пролетариат тарапынан қозғалыстың стихиялық дүмпулерін көріп отырмыз.

Казактардың әр түрлі жіктері мен әр түрлі шаруашылық топтарының демократияға және корниловшылдыққа қалай қарайтыны жөнінде объективті мәліметтер жоқ. Тек кедейлер мен орташа казактардың көпшілігі демократияға көбірек бейім екендігі жөнінде және офицерлер мен ауқатты казактардың жоғарғы тобы нағыз корниловшылдар екендігі жөнінде ғана дерек бар.

Қалай болғанда да, 26—31 августың тәжірибесінен кейін, буржуазиялық контрреволюцияның пайдасына бұқаралық казактар қозғалысының өте-мөте әлсіздігі тарихи дәлелденген нәрсе болып табылады.

Соңғы мәселе: қозғалыстың *табандылығы* туралы мәселе қалып отыр. Большевиктік, пролетарлық-революциялық қозғалыс жөнінде бізде дәлелденген мынадай факт бар: Россияда республика орнаған жарты жылдың ішінде большевизмнің жауларында баспасөз органдары, үгітшілер күші *орасан* басым болған жағдайда (және жала жабу науқанын «идеялық» күреске жатқызудың аса «екіүшты» жағдайында) большевизмге қарсы әрі идеялық күрес жүрді, әрі *жазалау жолымен* күрес жүрді: жүздеген адам тұтқынға алынды, негізгі баспахана талқандалды, басты газет және бірқатар газеттер жабылды. Нәтижесі фактілермен дәлелденді: Питерде болған август сайлауында большевизм орасан күшейді, содан соң эсерлер партиясында да, меньшевиктер партиясында да большевизмге жуықтап келе жатқан интернационалистік және «солшыл» ағымдар күшейді. Демек, республикалық Россияда пролетарлық-революциялық қозғалыстың табандылығы өте зор. Фактілер мынаны көрсетеді: кадеттер жә-

не эсерлер меньшевиктермен бірге күш салса да бұл қозғалысты ешбір әлсірете *алмады*. Қайта, нақ корниловшылдардың «демократиямен» коалиция жасауы большевизмді *күшейтті*. Пролетарлық-революциялық ағымға қарсы күрес жүргізудің идеялық эсер студен *және* жазалаудан басқа құралы болуы мүмкін емес.

Кадеттік-корниловтық қозғалыстың табандылығы туралы әзірге мәліметтер жоқ. Кадеттер ешбір қуғын көрген жоқ. Тіпті Гучковты да босатып жіберді, тіпті Маклаков пен Милюковты да қамауға алмады. Тіпті «Речьті» де жаппады. Кадеттерді аяйды. Корниловшыл-кадеттерді Керенскийдің үкіметі *мәпелейді*. Ал мәселені мына түрде қойсақ қалай болар еді: айталық, ағылшын-француз және орыс Рябушинскийлері Питердегі жаңа сайлау науқаны үшін кадеттерге, «Единствоға», «Деньге» және сол сияқтыларға тағы да миллиондар береді делік; сонда, корниловшылдықтан кейін, енді олардың дауыстарының саны артуы мүмкін бе? Жиналыстарға және сол сияқтыларға қарап, бұл сұраққа мүмкін емес деп жауап бермеуге тура келе қояр ма екен...



Біз орыс революциясының тарихынан алынған мәліметтерді салыстыруымыздың жиынтықтарын бір жерге қосқанда мынадай қорытынды аламыз: пролетариат тарапынан азамат соғысының басталуы қозғалыстың күшін, саналылығын, негізділігін, өскендігін және табандылығын көрсетті. Буржуазия тарапынан азамат соғысының басталуы ешбір күшті, бұқараның ешбір сапалылығын, ешбір негізділікті, ешбір жеңіп шығу кепілдігін көрсеткен жоқ.

Большевиктерге қарсы, яғни революцияшыл пролетариатқа қарсы кадеттердің эсерлермен және меньшевиктермен жасасқан одағы бірнеше ай бойы практикада сыналды, сөйтіп уақытша бой тасалаған корниловшылдардың «демократиямен» жасасқан бұл одағы іс жүзінде большевиктердің әлсіреуіне емес, қайта

күшеюіне, «коалицияның» күйреуіне, меньшевиктердің де «солшыл» оппозициясының күшеюіне жеткізді.

Кадеттерге қарсы, буржуазияға қарсы большевиктердің эсерлермен және меньшевиктермен жасасқан одағы *әлі сыннан өткен жоқ.* Немесе, егер неғұрлым дәлірек айтсақ, бұл одақ тек *бір майданда* ғана, тек 26 августан 31 авгусқа дейінгі *бес күн* ішінде ғана, корниловшылдықтың уақытында *сыннан өтті,* ал бұл уақыттың ішінде осы одақ контрреволюцияға қарсы күресте осы уақытқа дейін бірде-бір революцияда болып көрмеген оңайлықпен қол жеткен өте толық жеңіске жеткізді, ол одақ буржуазиялық, помещиктік және капиталистік, одақтас-империалистік және кадеттік контрреволюцияны күйрете басып-жаныштауға жеткізді, сөйтіп *бұл тараптан* болған азамат соғысы быт-шыт болып күйреді, әуел бастан-ақ ештеңе болмай шықты, ешбір «ұрыс» болмай тұрып-ақ ыдырап кетті.

Ал осы тарихи факт бола тұрса да, бүкіл буржуазиялық баспасөз өзінің шылауындағы барлық адамдармен бірге (Плехановтармен, Потресовтармен, Брешко-Брешковскаялармен, т. т. бірге) бар күшін салып: нақ осы большевиктердің меньшевиктермен және эсерлермен жасасқан одағы азамат соғысының сұмдықтарын «төндіреді» деп айғайлайды!..

Бұл осыншалық өкінішті болмағанда, мұның өзі күлкілі нәрсе болар еді. Өкінішті болатын себебі: осындай, айқын, анық, барып тұрған мағынасыздық, фактілерді мазақ етушілік, біздің революцияның бүкіл тарихын мазақ етушілік жалпы алғанда тыңдаушыларын тауып отыр... Мұның өзі буржуазиялық арам ниеттілік өтіріктің әлі де болса аса көп тарағандығын (баспасөз буржуазияның монополиясында болып отырғанда, бұл өтіріктің тарамай қоймайтындығын) дәлелдейді, бұл өтірік революцияның ең күмәнсыз және айқын-даусыз сабақтарын бүкпелеп, бастырмалатып жібереді.

Егер революцияның мейлінше күмәнсыз, фактілермен әбден дәлелдеген сабағы бар болса, ол тек қана мынау: тек большевиктердің эсерлермен және меньше-

виктермен жасасқан одағы ғана, тек бүкіл өкімет билігінің Советтерге дереу көшуі ғана Россияда азамат соғысын болдырмас еді. Өйткені мұндай одаққа қарсы, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне қарсы буржуазия тарапынан басталған ешбір азамат соғысының болуы мүмкін емес, ондай «соғыс» тіпті бірінші шайқасқа дейін де жетпеген болар еді, Совет үкіметіне қарсы жұмсау үшін буржуазия корниловшылдықтан кейін *екінші* рет тіпті «тағы дивизияны» да, тіпті бұрынғы мөлшерде казактар эшелондарын да таба алмайды!

Жалпы алғанда қандай революцияның болса да бейбіт дамуы өте сирек кездесетін және қиын нәрсе, өйткені революция дегеніміз ең өткір таптық қайшылықтардың шегіне жете шиеленісуі болып табылады, бірақ пролетариат пен шаруалардың одағы ең әділетсіз, ең қылмысты соғыстан азап шеккен бұқараға *бейбітшілікті,* ал шаруаларға бүкіл *жерді* бере *алатын* шаруалар елінде,—мұндай елде, мұндай ерекше тарихи кезеңде бүкіл өкімет билігінің Советтерге көшуі жағдайында революцияның бейбіт дамуы *мүмкін* және *ықтимал.* Советтердің толық демократизмі тұсында, солдаттардың 500 сайлаушысына бір өкіл, ал жұмысшылардың мың сайлаушысына бір өкіл беру сияқты демократиялық принциптерді осындай «ептеп ұрлаудан», осындай «қымқырып-жымқырудан» бас тартқан жағдайда, Советтердің ішінде партиялардың өкімет үшін күресі бейбіт түрде жүре алады. Демократиялық республикада мұндай ептеп ұрлау құрып бітеді.

Ал бүкіл жерді шаруаларға төлем ақысыз беретін, барлық халықтарға әділетті бітім ұсынатын Советтерге қарсы, мұндай Советтерге қарсы ағылшын-француз және орыс буржуазиясының, Корниловтардың, Бьюкенендердің, Рябушинскийлердің, Плехановтармен және Потресовтармен қоса Милюковтардың ешқандай одағы әсте қорқынышты емес, мүлдем дәрменсіз.

Жерді шаруаларға тегін беруге, өмірдің басқа салаларындағы осындай өзгерістерге де, әділетті бітімге және империализмнен қол үзуге буржуазияның қарсыласуы, мұндай қарсыласу, әрине, сөзсіз бола береді.

Бірақ қарсыласу азамат соғысына дейін жетуі үшін, бұлай болуы үшін *соғысуға*, Советтерді жеңуге қабілеті бар белгілі бір *бұқара* керек. Ал буржуазияда мұндай бұқара *жоқ* және ондай бұқараны алатын ешбір жері де жоқ. Советтер бүкіл өкімет билігін неғұрлым тез және батыл қолға алса, «тағы дивизиялар» да, казактар да соғұрлым тез жікке бөлінеді, нағыз корниловшылдардың болмашы азшылығы болып және жұмысшылар мен шаруалардың демократиялық, *социалистік* (өйткені онда нақ социализм туралы әңгіме болады) одағын жақтаушылардың орасан көпшілігі болып жікке бөлінеді.

Өкімет билігі Советтердің қолына көшкен кезде буржуазияның қарсыласуы мынаған әкеліп соғады: *әрбір* капиталисті *ондаған және жүздеген* жұмысшылар мен шаруалар «аңдиды», қадағалайды, бақылайды және оны есепке алады, өйткені жұмысшылар мен шаруалардың мүддесі капиталистердің халықты алдауына қарсы күресуді талап етеді. Осылай есепке алу мен бақылаудың формалары мен әдістерін нақ капитализм, нақ капитализм туғызған банктер, ірі фабрикалар, синдикаттар, темір жолдар, почта, тұтыну қоғамдары, кәсіптік одақтар жасап шығарды және оңайлатты. Толық есепке алудан жалтарған немесе халықты алдайтын капиталистердің барлық мүлкін Советтердің конфискелеп, олардың өздерін қысқа мерзімге тұтқынға алып жазалауы—буржуазияның қарсыласуы атаулыны осындай қан төгілмейтін жолмен тойтару үшін әбден жеткілікті болмақ. Өйткені егер банктер национализацияланған болса, нақ сол банктер арқылы, нақ қызметшілердің одақтары арқылы, почта арқылы, тұтыну қоғамдары арқылы, кәсіптік одақтар арқылы бақылау мен есепке алу жан-жақты, пәрменді, барлық жерде қолданылатын және жеңілмейтін болып алады.

Ал орыс Советтері, орыс жұмысшылары мен ең кедей шаруаларының одағы өзінің социализмге бет алған *қадамдарында* жалғыз емес. Егер біз жалғыз болсақ, біз бұл міндетті ақырына дейін және бейбіт жолмен орындай алмас едік, өйткені бұл міндет, асылында, халықаралық міндет. Ал біздің өте зор резервіміз

бар, басқа елдердегі негұрлым алдыңғы қатарлы жұмысшылардың армиялары бар, Россияның империализммен және империалистік соғыстан қол үзуі сол елдерде пісіп жетіле бастаған жұмысшы революциясын, социалистік революцияны сөзсіз тездетеді.

* *
*

Азамат соғысында «қан сел болып ағады» десіп жүр. Корниловшыл-кадеттердің жоғарыда келтірілген қарарында осылай делінген. Буржуаның бәрі, оппортунистердің бәрі осы сөзді мың құбылтып қайталап жүр. Барлық саналы жұмысшылар бұған күліп жүр және күледі де, корниловшылдықтан кейін бұған күлмей тұра алмайды.

Ал біз бастап кешіріп отырған соғыс уақытында «қанның сел болып ағуы» туралы мәселені күштерді мөлшермен есепке алу, зардаптар мен нәтижелерді ескеру негізіне қоюға болады және қою керек, оны жұртқа тарап жүрген бос сөз ретінде емес, кадеттердің шылғи екіжүзділігі ретінде емес, шындап көтеруге болады және көтеру керек; ал кадеттер буржуазияның диктатурасын, помещиктердің өкіметін және монархияны қайта орнату мақсатында Корниловтың Россияға «қан селін» қаптатуы *үшін* өз тарапынан *барлық* әрекетті жасап бақты.

Бізге «қан сел болып ағады» деседі. Мәселенің *бұл жағын да* қарастыралық.

Айталық, меньшевиктер мен эсерлердің ауытқуы тоқталмайды, олар өкіметті Советтерге бер*мейді,* Керенскийді құлат*пайды* делік, буржуазиямен ескі, шірік келісімді сәл өзгеше формада (кадеттердің орнына, мәселен, «партияда жоқ» *корниловшылдар)* қалпына келтіреді, мемлекеттік өкімет аппаратын совет аппаратымен ауыстырмайды, бітімді ұсынбайды, империализммен қол үзбейді, помещиктердің жерлерін конфискелемейді делік. Айталық, эсерлер мен меньшевиктердің осы күнгі ауытқуларының нәтижесі осындай, «12 сентябрьдің» нәтижесі осындай делік.

Мұның нәтижесінде эсерлер мен меньшевиктер одан әрі әлсірейтіндігін, олар бұқарадан одан бетер қол үзетіндігін, бұқара арасында ызалану, өшігу өте қатты күшейетіндігін, революцияшыл пролетариатты, большевиктерді жақсы көрушілік орасан зор күшейетіндігін біздің өз революциямыздың тәжірибесі айдан анық көрсетіп отыр.

Ол кезде астана пролетариаты коммунаға, жұмысшы көтерілісіне, өкіметті өз қолына алуға, азамат соғысына, оның неғұрлым жоғары, неғұрлым батыл формасына қазіргіге қарағанда анағұрлым жақындай түседі: 20—21 апрельдің және 3—4 июльдің тәжірибесінен кейін мұндай нәтижені тарихи сөзсіз нәрсе деп мойындау керек.

Кадеттер «қан сел болып ағады» деп айғайлайды. Бірақ қанның мұндай сел болуы пролетариатты және ең кедей шаруаларды жеңіске жеткізген болар еді, ал жүз мүмкіндіктің тоқсан тоғызында ықтимал болған бұл жеңіс, империалистік соғыстың орнына *бітім* берер еді, *яғни* капиталистердің пайдалары мен басып алғандарын (аннексиясын) капиталистердің бөлісуі үшін қазір қан төгіп жатқан *жүздеген мың* адамдардың өмірін сақтап қалған болар еді. Егер 20—21 апрель бүкіл өкіметтің Советтерге көшуімен аяқталған болса, ал Советтердің ішінде ең кедей шаруалармен одақтасқан большевиктерді жеңіске жеткізген болса, онда, тіпті оған «қанның сел болып ағуы» арқылы қол жетсе де, 18 июньдегі ұрыстарда күмәнсыз қырылған *жарты миллион* орыс солдатының өмірін сақтап қалған болар еді.

Әрбір саналы орыс жұмысшысы мен солдаты жер-жерде сөз болып жүрген азамат соғысы туралы мәселені ойластырса, есепке алса, осылай түсінеді және осылай түсінетін болады, сондықтан, әрине, басынан кешіргендері бар және ақылға салған мұндай жұмысшы мен солдатты Константинополь үшін, Львов үшін, Варшава үшін, «Германияны жеңу» үшін *тағы да миллиондаған* орыс солдаттарының өмірін құрбан етуді тілейтін адамдардың, партиялар мен топтардың, «қан-

ның сел болып ағатыны» туралы байбаламдары қорқыта алмайды.

Ішкі азамат соғысындағы ешбір «қанның сел болып ағуы» 19 июньнен кейін орыс империалистері ағызған қан *теңізіне* (өкіметті Советтерге беру арқылы мұны болдырмауға өте үлкен мүмкіндіктердің бар екендігіне қарамастан) тіпті шамалап алғанда да тең келмейді.

Милюков, Потресов, Плеханов мырзалар, азамат соғысында «қанның сел болып ағуына» *қарсы* соғыс кезінде байқап дәлел келтіріңіздер, өйткені солдаттар қан *теңізін* біледі және оны көрген.

Қазір, 1917 жылы, халықтарды азапқа салған, адам айтқысыз ауыр, мейлінше қылмысты соғыстың төртінші жылында, орыс революциясының халықаралық жағдайы мынадай: азамат соғысында жеңген орыс пролетариатының әділетті бітім ұсынуы—*тағы да қан теңізін ағызбай-ақ* уақытша бітім мен бітім жасасу мүмкіндігіне қол жеткізетін жүз шарттың тоқсан тоғызы болар еді.

Өйткені бір-бірімен жауласып отырған ағылшын-француз империализмі мен герман империализмінің Россия пролетарлық-социалистік республикасына *қарсы* бірігуі іс жүзінде *мүмкін емес*, ал ағылшын, жапон және американ империализмдерінің бізге қарсы бірігуінің жүзеге асуы мейлінше қиын және Россияның географиялық жағдайына байланысты бізге тіпті де қорқынышты емес. Ал оның үстіне *барлық* европалық мемлекеттердің ішінде революцияшыл және социалистік пролетарлық бұқараның бар екені факт, бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның пісіп жетілетіндігі және болмай қоймайтындығы күмәнсыз, сонымен бірге бұл революцияға, әлбетте, делегациялар арқылы емес және шетелдік Плехановтармен немесе Церетелилермен Стокгольм кеңесін ойыншық ету арқылы емес, тек орыс революциясын ілгері бастыру арқылы ғана шындап көмектесуге болады.

Буржуа, егер пролетариат өкімет билігін қолға ала қалса, Россиядағы коммуна сөзсіз жеңіледі, яғни пролетариат жеңіледі деп даурығады.

Мұның өзі таптық-құлқынқұмарлық, жалған даурығулар.

Россия пролетариатының өкімет билігін қолға алғаннан кейін ол өкіметті ұстап тұруға және Россияны Батыста жеңімпаз революция болуына дейін жеткізуге *барлық* мүмкіндіктері бар.

Өйткені, біріншіден, Коммуна заманынан бері біз көп нәрсені үйрендік және оның қасіретті қателерін қайталамаған болар едік, банкті буржуазияның қолында қалдырмаған болар едік, біздің версальшылдарға (корниловшылдарға да) қарсы қорғанумен шектелмеген болар едік, қайта оларға қарсы шабуылға шығып, оларды жермен-жексен етер едік.

Екіншіден, жеңген пролетариат Россияға бітім береді. Ал халықтарды үш жылдан астам уақыт бойы қырғынға ұшыратудың барлық сұмдықтарынан кейін *бітім* үкіметін, адал, шын ниетті, әділетті бітім үкіметін ешқандай күш құлата алмайды.

Үшіншіден, жеңген пролетариат шаруаларға төлем ақысыз дереу жер береді. Сондықтан біздің үкіметтің, әсіресе «коалициялық» үкіметтің, әсіресе Керенский үкіметінің «помещиктермен ойнауынан» азап шеккен және ашынған шаруалардың орасан көпшілігі жеңген пролетариатты бүтіндей, барынша, жан сала қолдайды.

Меньшевик және эсер мырзалар, сіздер қашан да халықтың «ерлік күш-жігер жұмсауы» туралы айтып жүрсіздер. Мен осы сөз тіркесін тек жақында ғана сіздердің «Известия ЦИК»-теріңіздің бас мақаласынан тағы да бірнеше рет кездестірдім. Сіздердің бұларыңыз *тек* *жел сөз ғана*. Бірақ оны оқитын жұмысшылар мен шаруалар оны *ойластырады* және әрбір пайымдау, корниловшылдықтың тәжірибесімен, Пешехонов министрлігінің «тәжірибесімен», Чернов министрлігінің «тәжірибелерімен» және *сол сияқтылармен* расталған әрбір пайымдау, сөзсіз мынадай қорытындыға әкеледі: бұл «ерлік күш-жігер жұмсаудың» өзі, осының өзі, ең кедей шаруалардың өздерінің ең сенімді одақтастары және көсемдері ретіндегі қала жұмысшыларына сенгендігінің дәл өзі ғой. Ерлік күш-жігер жұмсау дегені-

міз азамат соғысында орыс пролетариатының буржуазияны жеңуінің дәл өзі болып табылады, өйткені мұндай жеңістің бір өзі азапты ауытқулардан сақтап қалады, бір өзі азаптан құтылуға жол ашады, жер береді, бітім береді.

Егер өкіметті дереу Советтерге беру арқылы қала жұмысшыларының ең кедей шаруалармен одақ жасасуын жүзеге асыру мүмкін болса, онда тіпті жақсы. Большевиктер революцияның осы *бейбіт* даму жолын жүзеге асыру үшін не керектің *бәрін* істейді. Мұнсыз Құрылтай жиналысы да, бір өзі, өзін жеке алғанда, сақтап қала алмайды, өйткені Құрылтай жиналысында да эсерлер кадеттермен, Брешко-Брешковскаямен және Керенскиймен (бұлардың кадеттерден артық несі бар?), т. т. және сол сияқтылармен келісім «ойынын» соза бере алады.

Егер тіпті корниловшылдықтың тәжірибесі «демократияны» үйретпеген болса және ол ауытқулар мен келісімпаздықтың апатты саясатын жүргізуін қоймаса, онда біз былай дейміз: пролетарлық революцияны осы ауытқулардан артық бұзатын еш нәрсе жоқ. Мырзалар, азамат соғысымен қорқытпаңыздар: егер сіздер корниловшылдықты, «коалицияны» дәл қазір, ақырына дейін құртқыларыңыз келмесе, азамат соғысы сөзсіз болады,—онда бұл соғыс қанаушыларды жеңуге жеткізеді, шаруаларға жер береді, халықтарға бітім береді, бүкіл дүние жүзінің социалистік пролетариатының жеңімпаз революциясына сенімді жол ашады.

1917 ж. сентябрьдің бірінші жартысында жазылған

1917 ж. 29 (16) сентябрьде «Рабочий Путь» газетінің 12-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Россия—ұсақ буржуазиялық ел. Халықтың орасан көпшілігі осы тапқа жатады. Оның буржуазия мен пролетариат арасында ауытқуы сөзсіз. Ол пролетариатқа қосылған жағдайда ғана революция ісінің, бейбітшілік, бостандық ісінің жеңісі, еңбекшілердің жер алуы оңай, бейбіт, тез, тыныш жағдайда қамтамасыз етіледі.

Біздің революцияның барысы бұл ауытқуларды бізге практика жүзінде көрсетіп отыр. Эсерлер мен меньшевиктердің партиялары жөнінде өзімізде жалған үміт туғызбайық, өзіміздің таптық пролетарлық жолымызда берік тұрайық. Ең кедей шаруалардың қайыршылығы, соғыстың азабы, аштаршылықтың азабы—осының бәрі бұқараға пролетарлық жолдың дұрыстығын, пролетарлық революцияны қолдау қажеттігін барған сайын айқын көрсетіп отыр.

Буржуазиямен «коалиция» жасауға, онымен келісімге келуге, Құрылтай жиналысының «тез болуын» «тыныш» жағдайда тосу мүмкіндігіне, т. б. ұсақ буржуазиялық «бейбіт» сену, осының бәрі революцияның барысын аяусыз, қатты, рақымсыз бүлдіреді. Корниловшылдық ақырғы қатты сабақ, мың-мыңдаған ұсақ сабақтарды, жергілікті жерлерде жұмысшылар мен шаруаларды капиталистер мен помещиктердің алдауынан құралатын сабақтарды, солдаттарды офицерлердің алдауынан құралатын сабақтарды, т. т. және т. т. толықтыратын үлкен көлемдегі сабақ болды.

Армия ішінде, шаруалар арасында, жұмысшылар арасында наразылық, ашыну, ызалану өсіп отыр. Бәрін уәде ететін, еш нәрсе орындамайтын эсерлер мен меньшевиктердің буржуазиямен «коалициясы» бұқараны ызаландырады, олардың көзін ашады, оларды көтеріліске итермелейді.

Эсерлердің арасында (Спиридонова және басқалар) және меньшевиктердің арасында (Мартов және басқалар) солшылдардың оппозициясы өсіп отыр,—қазірдің өзінде-ақ бұл партиялардың «Совет» пен «съезде» 40 процентіне жетіп отыр. Ал *төменде*, пролетариат пен шаруалар ішіндегі, әсіресе ең кедей шаруалар ішіндегі эсерлер мен меньшевиктердің *көпшілігі «солшылдар»*.

Корниловшылдық үйретіп отыр. Корниловшылдық көп нәрсеге үйретті.

Советтер енді эсерлер мен меньшевиктердің көсемдерінен әрі бара ала ма, сөйтіп революцияның бейбіт дамуын қамтамасыз ете ме, немесе олар тағы да бір орында тұрып қала ма, сөйтіп пролетарлық көтерілісті сөзсіз ете ме, оны біліп болмайды.

Мұны білуге болмайды.

Біздің ісіміз—революцияның бейбіт дамуына «соңғы» үмітті қамтамасыз ету үшін мүмкін болғанның бәрін істеуге көмектесу, бұған өзіміздің программамызды баяндау арқылы, оның жалпы халықтық сипатын, оның халықтың орасан көпшілігінің мүдделеріне және талаптарына сөзсіз сай келетіндігін ашып көрсету арқылы көмектесу.

Мына төменгі жолдар сондай программаны баяндау тәжірибесі болып табылады да.

Сол программамен көбіне-көп «төмендегілерге», бұқараға, қызметшілерге, жұмысшыларға, шаруаларға барамыз, барғанда өзіміздікіне ғана барып қоймаймыз, сонымен бірге әсіресе эсерлердікіне, партияда жоқтарға, қараңғыларға да барамыз. Оларды дербес пікір айтуға, өз шешімдерін шығаруға, кеңеске, Советтерге, үкіметке *өздерінің* делегацияларын жіберуге ұмтылдыруға тырысамыз,—сонда біздің жұмысымыз кеңес *қалай болып* аяқталса да босқа кетпейді. Сонда

ол жұмыс кеңес үшін де, Құрылтай жиналысының сайлауы үшін де, жалпы алғанда кез келген саяси қызмет үшін де жарайтын болады.

Большевиктердің программасы мен тактикасының дұрыстығын өмір үйретуде. 20 апрельден корниловшылдыққа дейін—«соншама аз уақыт өтті, соншама көп нәрсе бастан кешірілді».

Осы уақыттың ішінде *бұқараның* тәжірибесі, *езілген* таптардың тәжірибесі оларға өте көп нәрсе берді, ал эсерлер мен меньшевиктердің көсемдері бұқарадан мүлдем ажырасты. Мұның өзі атап айтқанда өте нақты программада бәрінен де гөрі айқынырақ көрінеді, өйткені ол программаның талқылануы бұқараға жеткізілетін болады.

КАПИТАЛИСТЕРМЕН КЕЛІСІМГЕ КЕЛУДІҢ ҚАТЕРЛІЛІГІ

1. Өкімет басында буржуазияның өкілдерін аз да болса қалдыру, Алексеев, Клембовский, Багратион, Гагарин және басқалары сияқты генералдарды, барып тұрған корниловшылдарды қалдыру, немесе буржуазияның алдында өзінің мүлде дәрменсіздігін және бонапарттық әрекет жасауға өзінің қабілеттілігін дәлелдеген Керенский сияқтыларды қалдыру,— бұлай істеу, бір жағынан, ашаршылыққа және капиталистер әдейі тездетіп, шиеленістіріп отырған сөзсіз болатын шаруашылық апатына, ал, екінші жағынан, соғыс апатына есікті шалқасынан ашу болып шығады, өйткені армия ставканы жек көреді және империалистік соғысқа ынта-жігермен қатыса алмайды. Оның үстіне, корниловшыл генералдар мен офицерлер, өкімет басында қалатын болса, өздерінің Галиция мен Рига жөнінде істегені сияқты, күмән жоқ, *немістерге майданды әдейі ашып береді*. Мұны төменде баяндалатын жаңа негізде жаңа үкіметтің құрылуы ғана болдырмайды. 20 апрельден бері бастан кешірілгеннің бәрінен кейін буржуазиямен қандай да болсын келісімге келуді соза түсу эсерлер мен меньшевиктердің тарапынан қате болып қана қоймас еді, сонымен бірге халыққа және революцияға тікелей опасыздық жасағандық болар еді.

ӨКІМЕТ СОВЕТТЕРГЕ БЕРІЛСІН

2. Белгілі бір программа негізінде және өкімет Советтер алдында толық жауапты болған жағдайда мемлекетте бүкіл өкімет билігі тек қана жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтері өкілдерінің қолына көшуге тиіс. Революцияның мазмұны жағынан ерекше бай соңғы апталарындағы бүкіл халық тәжірибесін есепке алу үшін де, кейбір жерлерде түзетілмей қалған сорақы әділетсіздіктерді (сайлаудың пропорциялы еместігін, теңсіздігін, т. б.) жою үшін де Советтерді қайта сайлау дереу өткізілуге тиіс.

Демократиялық жолмен сайланған мекемелері әлі жоқ жергілікті жерлерде және армияда бүкіл өкімет билігі тек қана жергілікті Советтерге және Советтер сайлаған комиссарлар мен тек қана сайланып қойылған мекемелерге көшуге тиіс.

Жұмысшыларды және революцияшыл әскерлерді, яғни корниловшылдарды басып-жаншуға қабілеттілігін іс жүзінде дәлелдеген әскерлерді мемлекеттің толық қолдауы жағдайында каруландыру сөзсіз және барлық жерде жүзеге асуға тиіс.

ХАЛЫҚТАРҒА БІТІМ БЕРІЛСІН

3. Совет үкіметі *барлық* соғысушы халықтарға (яғни олардың үкіметтеріне де, жұмысшылар бұқарасына да, шаруалар бұқарасына да) демократиялық шарттар негізінде дереу жалпы бітім жасасуды, сондай-ақ дереу уақытша бітім (үш айға болса да) жасасуды *дереу* ұсынуға тиіс.

Демократиялық бітімнің басты шарты аннексиядан (басып алудан) бас тарту болып табылады—мұның өзі барлық державалар өздерінің жоғалтқанын қайырып алады деген теріс мағынада емес, қайта Европада да, отарларда да, *әрбір* халық, бірі қалмай, өзінің *жеке* мемлекет құратындығын немесе кез келген басқа мемлекеттің құрамына кіретіндігін өзі шешуге ерік алады, мүмкіндік алады деген бірден-бір дұрыс мағынада айтылып отыр.

Бітім шарттарын ұсына отырып, Совет үкіметі оларды орындауға іс жүзінде дереу өзі кірісуге тиіс, яғни осы уақытқа дейін бізді матап келген, патша жасасқан және орыс капиталистеріне Түркияны, Австрияны, т. т. тонауды уәде еткен құпия шарттарды жариялауға және бұзуға тиіс. Содан соң, біз украиндар мен финдердің қойған шарттарын дереу қанағаттандыруға тиіспіз, оларға, сондай-ақ Россиядағы барлық басқа тайпаларға жатағатындарға да бөлініп шығу бостандығына дейін толық ерік берілуін қамтамасыз етуге тиіспіз, нақ осылы *бүкіл* Арменияға қолданғуға тиіспіз, оны тазартуға және Түркияның өзімів алып отырған жерлерін тазартуға, т. т. міндеттенуге тиіспіз.

Бітімнің мұндай шарттарын капиталистер ризашылықпен қарсы алмайды, бірақ ол шарттар барлық халықтар арасында орасан зор тілектестік кездестіреді, ынта-жігердің ұлы, бүкіл дүние жүзілік-тарихи дүмпуін туғызады, тонаушылық соғыстың созыла беруіне байланысты жаппай ашу-ыза туғызады, сондықтан да біздің бірден уақытша бітім алуымыз және бітім келіс сөздерін бастауға ризалық алуымыз бәрінен де гөрі ықтимал нәрсе. Өйткені соғысқа қарсы жұмысшы революциясы барлық жерде тоқтаусыз өсіп отыр, оны бітім туралы бос сөздер емес (*барлық* империалистік үкіметтер, оның ішінде біздегі Керенскийдің үкіметі де жұмысшылар мен шаруаларды бос сөздермен көптен бері алдап келеді), капиталистермен ажырасу ғана және бітім ұсыну ғана алға бастыра алады.

Егер ықтималдығы нсгұрлым аз нәрсе іске аса қалса, яғни соғысып жатқан бірде-бір мемлекет тіпті уақытша бітімді де қабылдамаса, онда біздің тарапымыздан болған соғыс шағыз лажсыздықтан болған соғыс, нағыз әділетті соғыс және қорғаныс соғысы болады. Осыны пролетариат пен ең кедей шаруалардың түсінуінің өзі Россияны соғыс жөнінде де, әсіресе халықты тонаушы капиталистермен толық ажырасқаннан кейін еселеп күшейте түседі, онда біздің тарапымыздан болатын соғыс сөз жүзінде емес, іс жүзінде, барлық елдердің езілген таптарымен одақтасып жүргізілетін соғыс болатындығын, бүкіл дүние жүзінің

езілген халықтарымен одақтасып жүргізілетін соғыс болатындығын айтпағанның өзінде осылай болмақ.

Оның бер жағында, ағылшын капиталистері мен басқа да капиталистер олармен біздің қазіргі, тонаушылық одақтастықты үзген жағдайда орыс революциясына елеулі зиян келтіре алады-мыс дейтін капиталистердің кейде қатты зәресі ұшқандар мен меңқандар сеніп жүрген пайымдауларынан халықты сақтандыру керек. Бұл пайымдау—барынша жалған пайымдау, өйткені «одақтастардың финанс көмегі», банкирлерді байыта отырып, орыс жұмысшылары мен шаруаларына, асылған адамға арқан қалай көмектессе, тек солай ғана «көмектеседі». Россияда астық, көмір, мұнай, темір жетеді, ал осы өнімдерді дұрыс бөлу үшін халықты тонаушы помещиктер мен капиталистерден құтылу ғана қажет. Орыс халқына оның қазіргі одақтастары тарапынан соғыс қаупі болуы мүмкін дегенге келетін болсақ, онда французлар мен итальяндар өздерінің әскерлерін неміс әскерлерімен біріктіре алар еді-міс, оларды әділетті бітім ұсынған Россияға қарсы аттандыра алар еді-міс деп жорамалдау—барып тұрған сорақы жорамал; ал Англия, Америка, Жапония, олар тіпті Россияға соғыс жариялай қалған күнде де (бұл оларға мейлінше қиын, олай болатын себебі, мұндай соғысты бұқара мейлінше жек көреді, сонымен қатар Азияны бөлісу жөнінде, әсіресе Қытайды тонау жөнінде бұл елдердің капиталистері арасында мүдде жағынан материалдық араздық орын алып отыр), Россияға Германиямен, Австриямен және Түркиямен болып жатқан соғыс келтіріп отырған зиян мен ауыртпалықтың жүзден бір бөлігін де келтіре алмаған болар еді.

ЖЕР ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ БЕРІЛСІН

4. Совет үкіметі помещиктік жерлерге жеке меншік төлем ақысыз жойылды деп дереу жариялауға тиіс және Құрылтай жиналысы шешкенге дейін бұл жерлерді шаруа комитеттерінің қарауына беруге тиіс. Ең кедей шаруалардың пайдалануына сөзсіз бірінші ке-

зекте және тегін беру үшін помещиктік құрал-сайман да нақ сол шаруа комитеттерінің карауына берілуі керек.

Шаруалардың орасан көпшілігі өз съездерінің қарарларында да, жер-жерден жіберген жүздеген аманаттарында да көптен бері талап етіп отырған мұндай шаралар (мұны, сөз арасында айта кетелік, «Известия Совета Крестьянских Депутатов» газетіндегі 242 аманаттың ақпарынан да керуге болады) сөзсіз және шұғыл қажет шаралар болып табылады. «Коалициялық» министрліктің уақытында шаруалар соншалық зардап шеккен ешқандай созбұйдаға салушылыққа бұдан былай жол беруге болмайды.

Бұл шараларды іске асыруды кешеуілдеткен қандай да болсын үкімет *халыққа қарсы* үкімет деп, жұмысшылар мен шаруалар көтерілісі құлатуға, жаныштауға лайық үкімет деп танылуға тиіс. Ал, мұның керісінше, тек осы шараларды жүзеге асырған үкімет қана бүкіл халықтық үкімет болып табылады.

АШАРШЫЛЫҚ ПЕН КҮЙЗЕЛУШІЛІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

5. Совет үкіметі жалпы мемлекеттік көлемде өндіру ісі мен тұтыну ісіне жұмысшы бақылауын дереу енгізуге тиіс. Онсыз, 6 майдан бергі тәжірибенің көрсеткеніндей, реформалар жасау жөніндегі уәделердің бәрі және ол реформаларды жасамақ болған әрекеттердің бәрі дәрменсіз болмақ, ал ашаршылық құлақ естіп көрмеген апатпен бірге апта сайын бүкіл елге қауіп төндіріп отыр.

Коммерциялық құпияны сөзсіз жоюмен, қазынаға өнім өткізуден байып отырған және есеп беруден, өздерінің пайдаларына, мүліктеріне әділетті салық түсуінен жалтарып отырған капиталистердің болмашы азшылығына жұмысшылар мен шаруалардың тарапынан бұлжымас бақылау орнатумен қатар банктерді, қауіпсіздендіру ісін, сондай-ақ өнеркәсіптің аса маңызды салаларын (мұнай, тас көмір, металлургия, қант, т. б.) дереу национализациялау қажет.

Орта шаруалардың да, казактардың да, ұсақ қолөнершілердің де бір тиын меншігіне тимейтін мұндай шаралар соғыстың ауыртпалықтарын бірдей көтеру үшін сөзсіз әділ және ашаршылықпен күресу үшін шұғыл шаралар болып табылады. Капиталистердің тонағыштығын ауыздықтағанда ғана, олардың өндірісті қасақана тоқтатуына тыйым салғанда ғана еңбек өнімділігін арттыруға, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін орнатуға, өнеркәсіп өнімдеріне астықтың дұрыс айырбасталуын жүзеге асыруға, байлар жасырып отырған көптеген миллиард қағаз ақшаны қазынаға қайтаруға болады.

Мұндай шаралар қолданбайынша, помещиктік жер меншігін төлем ақысыз жою да мүмкін емес, өйткені помещиктік жерлердің көбі банктерге залогқа салынған, сөйтіп помещиктер мен капиталистердің мүдделері бірімен-бірі ажырамастай болып тоғысып кеткен.

Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті экономикалық бөлімінің соңғы қарары («Рабочая Газета» № 152) үкімет шараларының (помещиктер мен кулактардың баюы үшін астықтың бағасын көтеру сияқты) *«апаттылығын»* ғана, «экономикалық өмірді реттеу жөнінде үкіметтің жанынан құрылған орталық органдардың *мүлдем түк істемей отырғандығы* фактісін» ғана мойындап қойған жоқ, сонымен бірге осы үкіметтің тіпті *«заңдарды бұзып отырғандығын»* да мойындайды. Эсерлер мен меньшевиктердің билеуші партияларының бұл мойындауы буржуазиямен келісімпаздық саясатының бүкіл қылмыстылығын көрсеткен үстіне көрсетіп отыр.

ПОМЕЩИКТЕР МЕН КАПИТАЛИСТЕРДІҢ КОНТРРЕВОЛЮЦИЯСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

6. Корниловтық және калединдік көтерілісті конституциялық-демократиялық («халық бостандығы») партиясы бастаған помещиктер мен капиталистердің бүкіл табы қолдады. Мұның өзі «Известия ЦИК»-те жарияланған фактілермен толық дәлелденген болатын.

Бірақ бұл контрреволюцияны толық басу үшін де, тіпті оны тексеру үшін де еш нәрсе істелген жоқ, өкімет билігі Советтерге көшпейінше елеулі еш нәрсе істелуі мүмкін де емес. Қолында мемлекеттік өкімет билігі болмаса, толық тексеріс жүргізуге, айыптыларды тұтқындауға, т. т. істеуге ешқандай комиссияның күші жетпейді. Мұны тек Совет үкіметі ғана жүргізе алады және жүргізуге тиіс. Тек Совет үкіметі ғана корниловшыл генералдарды және буржуазиялық контрреволюцияның басшыларын (Гучковты, Милюковты, Рябушинскийді, Маклаковты және К⁰) тұтқындап, контрреволюциялық одақтарды (Мемлекеттік думаны, офицерлер одақтарын, т. с.) таратып, олардың мүшелерін жергілікті Советтердің бақылауына беріп, контрреволюциялық әскер бөлімдерін таратып, Россияны «корниловтық» әрекеттердің сөзсіз қайталануынан құтқара алады.

Тек Совет үкіметі ғана корниловшылдардың ісін, сондай-ақ басқа істерді де, буржуазия қозғаған істерді болса да, толық және ашық тексеру үшін комиссия құра алады, ал большевиктер партиясы, өз тарапынан, жұмысшыларды тек осындай комиссияға ғана толық бағынып, көмектесуге шақырар еді.

Тек Совет үкіметі ғана капиталистердің, халықтан тоналып алынған миллиондардың жәрдемімен, өте ірі баспаханаларды және газеттердің көпшілігін басып алуы сияқты сорақы әділетсіздікпен ойдағыдай күресе алар еді. Буржуазиялық контрреволюциялық газеттерді («Речь», «Русское Слово», т. с.) жабу, олардың баспаханаларын конфискелеу, газеттерде жеке хабарландырулар беруді мемлекеттің монополиясы деп жариялау, оларды Советтер шығарып отыратын және шаруаларға шындықты айтатын үкіметтік газетке көшіру қажет. Тек осылай істегенде ғана тосқауылсыз өтірік пен жаланың, халықты алдаудың, шаруаларды адастырудың, контрреволюцияны әзірлеудің күшті құралын буржуазияның қолынан қағып түсіруге болады және түсіру керек.

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БЕЙБІТ ДАМУЫ

7. Қазір Россия демократиясы алдында, Советтер алдында, эсерлер мен меньшевиктердің партиялары алдында революциялардың тарихында өте сирек кездесетін мүмкіндік, Құрылтай жиналысын тағы да кешеуілдетпей, белгіленген мерзімге шақыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі, елді соғыс және шаруашылық апатынан құтқарып қалу мүмкіндігі, революцияның бейбіт дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі ашылып отыр.

Егер Советтер жоғарыда баяндалған программаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік өкіметті бүтіндей, бөліп-жармай, қазір қолына алса, онда Советтерге Россия халқының оннан тоғызының, жұмысшы табының және шаруалардың орасан көпшілігінің қолдауы ғана қамтамасыз етіліп қоймайды. Советтерге армияның және халық көпшілігінің орасан зор революциялық ынта-жігері де қамтамасыз етіледі, ал ондай ынта-жігерсіз аштық пен соғысты жеңу мүмкін емес.

Егер өздерінің тарапынан ауытқулар болмаса, Советтерге ешқандай қарсылық көрсету туралы қазір әңгіме де болмас еді. Советтерге қарсы көтеріліс жасауға бірде-бір таптың батылы бармайды, корниловшылдықтың тәжірибесінен сабақ алған помещиктер мен капиталистер де Советтердің үзілді-кесілді талабын орындап, өкіметтен бейбіт түрде бас тартады. Советтердің программасына капиталистердің қарсыласуын жою үшін жұмысшылар мен шаруалар тарапынан қанаушыларға бақылау қойып, бағынбайтындарға бүкіл мүлкін конфискелеу, қысқа мерзімге қамау сияқты жазалау шараларын қолдану жеткілікті болады.

Советтер бүкіл өкімет билігін қолға алып, сонымен қатар қазір,—бәлкім, мұның өзі олардың ақырғы мүмкіндігі болар—революцияның бейбіт дамуын, өз депутаттарын халықтың бейбіт сайлауын, Советтердің ішінде партиялардың бейбіт күресуін, түрлі партиялардың программаларын практика жүзінде сынап көруді, өкіметтің бір партияның қолынан екінші партияның қолына бейбіт өтуін қамтамасыз ете алар еді.

Егер бұл мүмкіндік пайдаланылмай қалса, онда революцияның 20 апрель қозғалысынан бастап корниловшылдыққа дейінгі дамуының бүкіл барысы буржуазия мен пролетариаттың арасында ең қатты азамат соғысының болмай қалмайтындығын көрсетеді. Болмай қалмас апат бұл соғысты жақындатады. Ақылға сыярлық барлық деректер мен пікірлерге қарағанда, ол соғыс жұмысшы табының толық жеңуімен, баяндалған программаны жүзеге асыру үшін жұмысшы табын ең кедей шаруалардың қолдауымен аяқталуға тиіс, бірақ ол соғыс ондаған мың помещиктердің, капиталистердің және оларға тілектес офицерлердің өмірін жоятын, көп қан төгілетін, өте ауыр соғыс болуы да мүмкін. Пролетариат революцияны қорғау үшін қандай құрбандыққа болса да барудан тайынбайды, өйткені баяндалған программадан тыс оны қорғап қалу мүмкін емес. Егер Советтер революцияның бейбіт дамуы үшін өздерінің соңғы мүмкіндігін жүзеге асыратын болса, онда пролетариат Советтерді барынша қолдар еді.

1917 ж. сентябрьдің бірінші жартысында жазылған

1917 ж. 9 және 16 октябрьде (26 және 27 сентябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 20 және 21-номерлерінде басылған
Қол қойған: Н. К.

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕР ӨКІМЕТТІ АЛУҒА ТИІС[81]

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ, ПЕТРОГРАД ЖӘНЕ МОСКВА КОМИТЕТТЕРІНЕ ХАТ

Жұмысшы және солдат депутаттарының екі астаналық Советінің екеуінде де көпшілікке ие болғаннан кейін большевиктер мемлекеттік өкіметті өз қолдарына ала алады және алуға *тиіс*.

Ала алады, өйткені бұқараны өз соңынан ерту үшін, жаудың қарсыласуын жеңу, оны талқандау, өкіметті жеңіп алып, оны ұстап тұру үшін екі астанадағы халықтың революцияшыл элементтерінің белсенді көпшілігі жеткілікті. Өйткені, дереу демократиялық бітім ұсынып, жерді дереу шаруаларға беріп, Керенский езіп, талқандаған демократиялық мекемелер мен бостандықтарды қалпына келтіре отырып, большевиктер *ешкім* құлата алмайтын үкімет құрады.

Халықтың көпшілігі біздің *жағымызда*. 6 майдан 31 августқа дейін және 12 сентябрьге дейін өткен ұзақ та қиын жол мұны дәлелдеді: астаналық Советтердегі көпшілік — халықтың *біздің жағымызға* ауысуының *жемісі*. Эсерлер мен меньшевиктердің ауытқуы, олардың арасында интернационалистердің күшеюі де осыны дәлелдейді.

Демократиялық кеңес революцияшыл халықтың көпшілігінің өкілі *емес, тек келісімпаз ұсақ буржуазиялық жоғарғы топтардың өкілі ғана*. Сайлаудың цифрларына қарап алданып қалуға болмайды, іс сайлауда емес: Питер мен Москваның қалалық думаларының сайлауын Советтер сайлауымен салыстырып көріңіздер. Москвадағы сайлауды 12 августағы Моск-

ва стачкасымен салыстырып көріңіздер: бұқараны бастаушы революцияшыл элементтердің көпшілігі туралы объективті мәліметтер осы.

Демократиялық кеңес шаруаларға бітім де, жер де бермей, оларды алдайды.

Тек большевиктік үкімет *қана* шаруаларды қанағаттандырады.

* *
*

Большевиктер өкіметті не себепті нақ *қазір* алуға тиіс?

Неге десеңіз, алдағы уақытта Питерді жауға беру біздің мүмкіндіктерімізді жүз есе нашарлатады.

Ал Керенский және К^{0} бастаған армия тұрғанда Питерді жауға бергізбеуге біздің *шамамыз келмейді*.

Құрылтай жиналысын да «күтуге» болмайды, өйткені жауға Питерді нақ сол беру арқылы Керенский және К^{0} бұл жиналысты қашан болсын *болғызбай тастай алады*. Тек біздің партия ғана өкіметті алып, Құрылтай жиналысының шақырылуын қамтамасыз ете алады және өкіметті алғаннан кейін, ол басқа партияларды кешіктіргені үшін айыптап, бұл айыптауды дәлелдей алады.

Ағылшын және неміс империалистері арасындағы сепараттық бітімге кедергі жасау керек және тек шапшаң қимылдағанда ғана бұған кедергі жасауға болады.

Меньшевиктер мен эсерлердің ауытқуынан халық шаршады. Астаналарда біздің жеңуіміз ғана шаруаларды бізге үйіріп тартады.

* *
*

Мәселе көтерілістің «күні» туралы, оның тар мағынадағы «мерзімі» туралы болып отырған жоқ. Мұны жұмысшылармен, солдаттармен, *бұқарамен араласып жүргендердің* жалпы даусы ғана шешеді.

Мәселе мынада: қазір Демократиялық кеңесте біздің партияның іс жүзінде *өз съезі* бар, міне, *революн-*

цияның тағдырын осы съезд шешуге *тиіс* (тілесін, тілемесін—шешуге тиіс).

Мәселе партияға *міндетті* айқындап беруде болып отыр: Питер мен Москвада (облысымен бірге) *қарулы көтеріліс жасауды,* өкіметті жеңіп алуды, үкіметті құлатуды күн тәртібіне қою керек. Баспасөз бетінде айтпастан, мұны жақтап *қалай* үгіт жүргізуге болатынын ойластыру керек.

Маркстің көтеріліс туралы: *«көтеріліс дегеніміз—өнер»*[82] деген сөздерін, т. т. еске түсіріп, әбден ойластыру керек.

* *
*

Большевиктердің «формальды» көпшілік алуын күту аңғалдық болады: бірде-бір революция *мұны* күтпейді. Керенский мен K^0 да мұны күтпейді, олар Питерді жауға беруге әзірлік жасауда. «Демократиялық кеңестің» бейшаралық ауытқуының нақ өзі Питер мен Москва жұмысшыларының шыдамын тауысуға тиіс және тауысады да! Егер біз өкіметті қазір алмасақ, тарих біздің мұнымызды кешірмейді.

Аппарат жоқ па? Аппарат бар: Советтер мен демократиялық ұйымдар. Халықаралық жағдай *нақ* қазір, ағылшындардың немістермен сепараттық бітім жасауы *қарсаңында, бізге қолайлы* болып отыр. Нақ қазір халықтарға бітім ұсыну—*жеңу* деген сөз.

Москвада да, Питерде де өкіметті *бірден* қолға алғаннан кейін (кім бастаса да бәрі бір; тіпті Москваның бастауы да мүмкін) біз *сөзсіз және күмәнсыз* жеңеміз.

Н. Ленин

1917 ж. 12—14 (25—27) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1921 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірмемен салыстырылған журнал тексті бойынша басылып отыр

МАРКСИЗМ ЖӘНЕ КӨТЕРІЛІС

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ХАТ

Көтерілісті әзірлеу, жалпы алғанда көтеріліске өнер деп қарау дегеніміз бейнебір «бланкизм» дейтін оппортунистік өтірік—үстем «социалистік» партиялардың марксизмді өте-мөте қаскүнемдікпен және өте-мөте көп таралған бұрмалауларына жатады.

Оппортунизмнің көсемі Бернштейн марксизмді бланкизмге бой ұрды деп айыптап, өзін қасіретті даңққа бөлеген болатын, ендеше қазіргі оппортунистер өздерінің бланкизм туралы даурығуы арқылы Бернштейннің жартымсыз «идеяларын» шын мәнінде титтей де жаңғыртпайды және «байытпайды».

Көтеріліске өнер деп қарағаны үшін марксистерді бланкизмге бой ұрды деп айыптау керек пе! Нақ Маркстің көтерілісті нақ *өнер* деп атап, көтеріліске өнер деп қарау керек екенін айтып, жауға *шабуылды* тоқтатпастан, оның абыржуын және т. т. пайдалана отырып, алғашқы табысқа *жету*, одан кейін табыстан табысқа қарай алға баса беру керек деп, бұл жөнінде барынша нақты, дәлме-дәл және даусыз пікір айтқанынан бірде-бір марксист бас тартпай отырғанда, ақиқатты мұндай бұрмалаудан асқан сорақы бұрмалаушылық болуы мүмкін бе.

Көтеріліс жеңіске жетуі үшін — заговорға, партияға сүйенбей, алдыңғы қатарлы тапқа сүйенуге тиіс. Бұл біріншіден. Көтеріліс *халықтың революциялық өрлеуіне* сүйенуге тиіс. Бұл екіншіден. Көтеріліс өршіп келе жатқан революцияның тарихындағы *бетбұрыс кезеңге,*

халықтың алдыңғы қатарлы топтарының белсенділігі неғұрлым күшейген кезеңге, революцияның жаулары қатарында және оның *жартыкеш табансыз, әлсіз достары қатарында ауытқу* қай уақыттағыдан да болса күшейген кезеңге сүйенуге тиіс. Бұл үшіншіден. Міне, *марксизмнің бланкизмнен* өзгешелігі де көтеріліс туралы мәселені алға қоюдың осы айтылған үш шартында.

Ал бұл шарттар бар болып отырғанда, көтеріліске *өнер* деп қараудан бас тарту марксизмге опасыздық жасағандық және революцияга опасыздық жасағандық болады.

Нақ біздің бастан кешіріп отырған кезеңді не себепті объективтік оқиғалар барысының өзі *көтерілісті* күн тәртібіне қойып отырғанын мойындауды және көтеріліске өнер деп қарауды біздің партиямызға *міндет* ететін кезең деп тану керек екенін дәлелдеу үшін, мұны дәлелдеп көрсету үшін, сірә, салыстыру әдісін қолданып, 3—4 июльді сентябрь күндерімен салғастыру бәрінен де жақсы болар.

Ақиқатқа қиянат етпей-ақ, 3—4 июльде мәселені былай қоюға болатын еді: өкіметті алу дұрысырақ болар еді, өйткені бұлай болмаған күнде бәрі бір дұшпандар біздерді көтеріліс жасады деп айыптап, көтерілісшілер ретінде жазалайтын еді. Бірақ мұнан өкіметті сол кезде алу керек деп қорытынды шығаруға болмады, өйткені ол кезде көтерілістің жеңуіне объективтік жағдайлар болмады.

1) Революцияның авангарды болып табылатын тап әлі біздің жағымызда болмады.

Астаналардағы жұмысшылар мен солдаттар арасында көпшілік әлі біздің жағымызда емес еді. Қазір екі Советтің екеуінде де мұндай көпшілік бар. Бұл көпшілікті *тек* июль мен августың тарихы, большевиктерді «жазалау» тәжірибесі және корниловшылдықтың тәжірибесі жасады.

2) Ол кезде бүкіл халықтық революциялық өрлеу болмады. Корниловшылдықтан кейін, қазір, бұл өрлеу бар. Провинция және көп жерлерде Советтердің өкіметті алуы мұны дәлелдеп отыр.

3) Ол кезде біздің жауларымыз арасында және жартыкеш ұсақ буржуазия арасында елеулі жалпы саяси көлемде *ауытқушылық* болған жоқ. Қазір мұндай ауытқушылық орасан зор: біздің басты жауымыз — одақтас және бүкіл дүние жүзілік империализм, өйткені «одақтастар» бүкіл дүние жүзілік империализмді басқарады; осы басты жау жеңіп шыққанға дейін соғысу мен Россияға қарсы сепараттық бітім жасау арасында ауытқып отыр. Біздің ұсақ буржуазияшыл демократтар халық арасында көпшіліктен көпе-көрінеу айрылып, өте қатты ауытқыды, кадеттермен блок, яғни коалиция жасаудан бас тартты.

4) Сондықтан 3—4 июльде көтеріліс жасау қате болған болар еді: біз өкіметті күшпен де, саяси жағынан да ұстап тұра алмаған болар едік. Күшпен де дейтін себебіміз — Питер сол сәтте біздің қолымызда болатынына қарамастан, Питерді алу үшін *урысуға, өлуге* ол кезде біздің жұмысшылар мен солдаттар бармас еді: ол кезде мұндай «ыза кернеу», Керенскийлер*ге де*, Церетели — Черновтар*ға да* мұндай қатты өшпенділік болған жоқ, эсерлер мен меньшевиктердің қатысуымен большевиктерді қудалаудан біздің адамдарымыз тәжірибе алып, әлі шынықпаған еді.

3—4 июльде біз өкіметті саяси жағынан ұстап тұра алмаған болар едік, өйткені армия мен провинция, *корниловшылдыққа дейін,* Питерге қарсы аттана алар еді және аттанған болар еді.

Қазір жағдай мүлде басқаша.

Бұқараны ерте алатын *таптың*, революция авангардының, халық авангардының көпшілігі біздің жағымызда.

Халықтың *көпшілігі* біздің жағымызда, өйткені Черновтың кетуі — шаруалардың эсерлер блогынан (эсерлердің өздерінен де) *жер ала алмайтындығының* әсте де бірден-бір белгісі емес, бірақ аса көрнекті, ең айқын белгісі. Ал революцияның бүкіл халықтық сипатының түйіні осында.

Бүкіл империализм де, меньшевиктердің эсерлермен бүкіл блогы да өте ауытқып отырғанда, өз жолын әб-

ден жақсы білетін партия жағдайының қолайлылығы біздің жағымызда.

Шын жеңіс біздің жағымызда, өйткені халық ашынуға мүлдем жақын тұр, ал біз бүкіл халыққа «корниловтық күндердегі» басшылығымыздың маңызын көрсетіп, одан кейін блокшылдарға ымыраға келуді *ұсыныл* және блокшылдардың ауытқуы тіпті тоқтамаған жағдайда *олардың бас тартқан жауабын алып,* бүкіл халыққа бұл жағдайдан шығудың дұрыс жолын көрсетіп береміз.

Біздің ымыраға келу туралы ұсынысымыз *әлі* қабылданбай тасталған жоқ, Демократиялық кеңес оны *әлі* де қабылдай алады деп ойлау орасан зор қате болар еді. Ымыраға келуді *партия партияларға* ұсынды; оның басқаша ұсынылуы мүмкін емес. *Партиялар* оны қабылдамады. Демократиялық кеңес — тек *кеңес* қана, одан басқа еш нәрсе емес. Мына бір нәрсені ұмытпау керек: кеңесте революцияшыл халықтың *көпшілігінен,* ең кедей және ызаланған шаруалардан өкілдер жоқ. Бұл кеңес — *халық азшылығының* кеңесі,— бұл айқын ақиқатты ұмытуға болмайды. Біздің тарапымыздан Демократиялық кеңесті парламент деп қарау орасан зор қате, орасан зор парламенттік кретинизм болар еді, өйткені *егер* ол өзін тіпті революцияның перманентті және суверенді парламенті деп жариялай қалған күннің өзінде де, ол бәрібір еш нәрсені *шешпейді:* шешім *одан тыс жерде,* Питер мен Мәскеуның жұмысшы кварталдарында жатыр.

Бізде табысқа жететін көтеріліс жасауға керекті объективтік алғы шарттардың бәрі бар. Біз ерекше қолайлы жағдайдамыз; халыққа азап шектірген ауытқушылықты, дүниедегі бұл ең ауыр азапты біздің көтерілісте жеңіп шығуымыз *ғана* біржолата жояды; біздің көтерілісте жеңіп шығуымыз *ғана* шаруаларға дереу жер береді;— революцияға қарсы сепараттық бітім жасау айласын *біздің* көтерілісте жеңіп шығуымыз ғана *сәтсіздікке ұшыратады,* неғұрлым толық, неғұрлым әділетті, неғұрлым жақын бітімді, революцияның *пайдасына* шығатын бітімді ашық ұсыну арқылы оны сәтсіздікке ұшыратады.

Тек біздің партиямыз ғана, ақырында, көтерілісте жеңіске жетіп, Питерді құтқара *алады*, өйткені егер біздің бітім туралы ұсынысымыз қабылданбаса және тіпті уақытша бітімге де қолымыз жетпесе, онда *біз* «қорғампаздар» боламыз, онда біз *соғыс партияларын бастаушы* боламыз, біз *барып тұрған «соғыс»* партиясы боламыз, біз соғысты шын мәнісінде революциялық жолмен жүргіземіз. Біз капиталистерден барлық нанды, *барлық* етікті тартып аламыз. Біз оларға нанның қабыршағын қалдырамыз, оларға шәрке кигіземіз. Біз барлық нанды, барлық аяқ киімді майданға береміз.

Міне, сонда біз Питерді қорғап қаламыз.

Шын революциялық соғыстың материалдық ресурстары да, рухани ресурстары да Россияда әлі ұшан-теңіз; немістердің біздермен ең болмағанда уақытша бітім жасайтынына 100-ден 99 мүмкіндік бар. Ал қазір уақытша бітім жасау — қазірдің өзінде-ақ *бүкіл дүние жүзін* жеңу деген сөз.

* *
*

Революцияны құтқару үшін, Россияны екі коалиция империалистерінің «сепараттық» бөлшектеуінен құтқару үшін Питер мен Москва жұмысшыларының көтеріліс жасауын сөзсіз қажет деп танып, біз, біріншіден, Кеңестегі өзіміздің саяси тактикамызды өрлеп келе жатқан көтеріліс жағдайларына бейімдеуге тиістіміз; біз, екіншіден, Маркстің көтеріліске өнер деп қарау керек екендігі туралы пікірін тек сөз жүзінде ғана танып қоймайтынымызды дәлелдеп көрсетуге тиістіміз.

Біз Кеңесте дереу большевиктер фракциясын топтастыруға тиіспіз, сан жағын қуаламай, ауытқушыларды ауытқушылар тобында қалдырудан қорықпауға тиістіміз: олардың батыл, шексіз берілген күрескерлер тобында болуынан да *ауытқушылар тобында* болуы революция ісі үшін пайдалырақ.

Біз большевиктердің қысқаша декларациясын жасап, ұзақ сөздердің орынсыздығын, жалпы «сөз» атаулының орынсыздығын, революцияны құтқару үшін дереу қи-

мыл жасау қажеттігін, буржуазиядан толық ажырасудың, қазіргі бүкіл үкіметті түгелдей орнынан түсірудің, Россияны «сепараттық» бөліске салуға әзірлік жасап жатқан ағылшын-француз империалистерінен толық ажырасудың мейлінше қажеттігін, бүкіл өкімет билігінің *революцияшыл пролетариат бастаған революциялық демократияға* дереу көшуі қажеттігін мейлінше айқын атап көрсетуге тиістіміз.

Біздің декларациямыз халықтарға бітім, шаруаларға жер беру, бейпіл пайдаларды конфискелеу және капиталистердің өндірісті бейпіл бұзуына тыйым салу жөніндегі программалық жобаларға байланысты *осы* қорытындыны ең қысқа және өткір тұжырымдау болуға тиіс.

Декларация мейлінше қысқа, мейлінше өткір болса, соғұрлым жақсы болады. Осы декларацияда тек тағы да екі аса маңызды пунктті айқын көрсету керек: халық ауытқушылықтан азап шегіп шаршады, эсерлер мен меньшевиктердің табансыздығы халықты қалжыратты; біз бұл *партиялармен* біржолата ажырасамыз, өйткені олар революцияға опасыздық жасады.

Ал екіншісі: дереу аннексиясыз бітім ұсынып, одақтас империалистерден және империалистер атаулыдан ажырасып, біз не дереу уақытша бітім жасаймыз, не бүкіл революцияшыл пролетариат қорғаныс жағына шығады және оның басшылығымен революциялық демократия шын әділетті, шын революциялық соғыс жүргізеді.

Осы декларацияны оқып, құр сөйлеуге емес, *шешуге*, қарарлар жазуға емес, *қимыл жасауға* шақырып, біз бүкіл фракциямызды *заводтар мен казармаларға жіберуге* тиістіміз: оның орны сонда, өмірдің өзегі сонда, революцияны құтқаратын қайнар сонда, Демократиялық кеңестің қозғаушысы сонда.

Онда біз жалынды, шабытты сөздер арқылы программамызды түсіндіріп, мәселені былайша қоюға тиіспіз: не Кеңес бұл программаны *толық* қабылдайды, не көтеріліс болады. Аралық жол жоқ. Күтуге болмайды. Революция құрып кетеді.

Мәселені осылайша қойып, бүкіл фракцияны завод-

тар мен казармаларға шоғырландырып, *біз көтерілісті бастауға қолайлы кезеңді дұрыс есепке аламыз.*

Көтеріліске маркстік тұрғыдан қарау, яғни өнер деп қарау үшін, біз сонымен бірге, бір минут уақытты да босқа өткізбей, көтерілісші отрядтар *штабын* ұйымдастыруға, күштерді бөлуге, шын берілген полктерді ең маңызды пункттерге жіберуге, Александринканы қоршауға, Петропавловканы[83] алуға, бас штаб пен үкіметті тұтқындауға, юнкерлер мен тағы дивизияға қарсы отрядтар жіберуге тиістіміз, олар өлуге бар, бірақ жаудың қала орталықтарына қарай ілгерілеуіне жол бермейтін болады; біз қаруланған жұмысшыларды күреске жұмылдырып, оларды ақырғы кескілескен ұрысқа шақыруға, телеграф пен телефонды бірден басып алуға, *біздің* көтеріліс штабын орталық телефон станциясы жанына орналастыруға, барлық заводтарды, барлық полктерді, қарулы күрестің барлық пункттерін, т. т. онымен телефон арқылы байланыстыруға тиістіміз.

Мұның бәрі, әрине, қазіргі кезеңде, *көтеріліске өнер деп қарамайынша* марксизмге берілген күйде, революцияға берілген күйде қалуға болмайтынын *суреттеу* үшін ғана шамамен айтылған нәрсе.

Н. Ленин

1917 ж. 13—14 (26—27) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1921 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірмемен салыстырылған журнал тексті бойынша басылып отыр

ПОДЛОГТЫҢ САБАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ҚАТЕЛЕРІ ТУРАЛЫ[84]

Демократиялық кеңес дейтін аяқталды. Құдайға шүкір, тағы бір комедия артта қалды. Егер біздің революцияның тағдыры кітабында белгілі мөлшерде ғана комедиялардан өту керек деп жазылған болса, біз қалай дегенмен де ілгері басып келеді екенбіз.

Кеңестің саяси қорытындыларын дұрыс есепке алу үшін оның объективтік фактілерден шығатын дәл таптық маңызын анықтауға тырысу керек.

Эсерлер мен меньшевиктердің үкіметтік партияларының одан әрі ыдырауы, олардың революциялық демократиядағы көпшіліктен жұрт алдында көпе-көрінеу айрылуы, Керенский мырзаның да, сондай-ақ Церетели, Чернов мырзалардың және К°-нің де бонапартизмінің бірігуінде және оның жалаңаштанып қалуында бір қадам ілгері басқандығы,— Кеңестің таптық маңызы осындай.

Советтерде эсерлер мен меньшевиктер көпшіліктен айрылды. Сондықтан да олардың подлог жасауына тура келді: үш айдан кейін Советтердің жаңа съезін шақыру жөніндегі өз міндеттемесін бұзуына, Советтердің Орталық Атқару Комитетін сайлаған адамдардың алдында есеп беруден бой тасалауына, «демократиялық» кеңесті әдейі бұрмалауына тура келді. Большевиктер Кеңестің алдында осы бұрмалау туралы айтқан болатын, ал Кеңестің нәтижелері большевиктердің айтқандарын әбден растады. Либердандар[85] мен Церетели, Чернов мырзалар және К° өздерінің Советтердегі көп-

шілігінің қожырап бара жатқанын көрді, сондықтан да подлог жасауға барды.

Нақ «дұрыс» сайланған қалалық және земстволық өкілдер сияқты, «демократиялық ұйымдардың қатарында» кооперативтердің «қазірдің өзінде-ақ зор маңызы бар» дейтін дәлелдердің, мұндай дәлелдердің ақ жіппен көктелгендігі соншалық, бұларды тек дөрекі екіжүзділік қана шындап ұсына алар еді. 1-ден, Орталық Атқару Комитетін Советтер сайлаған, ал оның *оларға* есеп беруден, қызметін беруден бас тартуы—бонапарттық алаяқтық. 2-ден, Советтерде революциялық жолмен күрескілері келетіндер қаншалықты болса, ол соншалықты революциялық демократияны білдіретін болады. Кооператорлар мен қала адамдарына есік жабық емес. Советтерге нақ сол эсерлер мен меньшевиктер қожайын болған.

Тек кооперативтерде, *тек* муниципалдық (қалалық және земстволық) жұмыстың шеңберінде қалған адам, ол адам осынысы арқылы өзін ерікті түрде революциялық демократияның қатарынан бөлген болып шығады, осынысы арқылы өзін не реакциялық, не бейтараптық демократияның қатарына қосқан болып шығады. Тек революционерлер ғана *емес*, реакционерлер *де* кооперативтік және муниципалдық жұмысқа баратынын кез келген адам біледі; кооперативтерге және муниципалитеттерге көбінесе-ақ жалпы саяси өрісі мен маңызы *жоқ* жұмыс үшін сайлайтынын кез келген адам біледі.

Либердандардың, Церетелидің, Черновтың және К⁰-нің Кеңесті әдейі бұрмалаудағы мақсаты — «Единствоны» жақтаушылар мен «партияда жоқ» реакционерлерден өздеріне астыртын көмекшілер тарту еді. Олардың подлогы, міне, осында болып отыр. Олардың бонапартизмі, міне, осында болып отыр, бұл бонапартизм оларды бонапартист Керенскиймен біріктіреді. Демократизмнің сырт көрінісін екіжүзділікпен сақтай отырып, демократизмді ұрлау — мәселенің мәні, міне, осында болып отыр.

II Николай демократизмді, былайша айтқанда, іріірі кесегімен ұрлады: ол өкілдік мекемелерді шақырды, бірақ шаруаларға қарағанда помещиктерге жүздеген

есе артық ірі өкілдік берді. Либерданцар және Церетелилер Черновтармен бірігіп демократизмді сытеп ұрлап жүр: олар «демократиялық кеңес» шақырады, ол кеңесте жұмысшылар *да*, шаруалар *да* өз өкілдіктерінің азайтылып отырғандығын, буржуазияға (және реакциялық демократияға) негұрлым жақын кооперативтер мен муниципалитеттердің элементтерінің пайдасына бола теңс*іздік*, әділет*сіздік* істеліп отырғанын әбден орынды көрсетеді.

Либердан, Церетели, Чернов мырзалар жұмысшы және кедей шаруалар бұқарасынан қол үзді, олар бұлардан алыстап кетті. Олар подлог жасап амалдап отыр, «олардың» Керенскийі де осыны тірек етіп отыр.

Таптардың барған сайын іргесі ашылуда. Эсерлер мен меньшевиктер партияларының ішінде наразылық күшейіп келеді, «көсемдерінің» халық көпшілігінің мүдделеріне опасыздық жасауының салдарынан тікелей жікке бөліну етек алып келеді. Демократизмнің негіздеріне қарамастан, көсемдері *азшылыққа* сүйеніп отыр. Олардың подлогтар жасауының *сөзсіздігі* осыдан келіп шығады.

Керенский бонапартист ретінде өзін барған сайын әшкерелеп отыр. Ол «эсер» деп саналды. Ол «жарнама үшін» трудовиктерден эсерлерге қарғып өткен «марттағы» эсер ғана емес екенін қазір біз білеміз. Ол эсерлер арасында «Плеханова ханым» немесе эсерлік «Деньде» «Потресова ханым» болған Брешко-Брешковскаяның жақтаушысы. Керенский «социалистік» деп аталатып партиялардың «оң» қанаты деп аталатын қанатқа, Плехановтарға, Брешковскаяларға, Потресовтарға *жатады*, ал бұл қанаттың кадеттерден *ешбір* елеулі айырмашылығы жоқ.

Кадеттер Керенскийді ісі үшін мақтайды. Керенский *о л а р д ы ң* саясатын жүргізеді, ол *халықтың сыртынан* олармен және Родзянкомен кеңеседі, Чернов және басқалар оның Корниловтың досы — Савинковпен қарым-қатынасын әшкереледі. Керенский — корниловшыл, Корниловпен *кездейсоқ* түс шайысып қалған және басқа корниловшылдармен өте құпия одақта бо-

лып келе жатқан *корниловшыл*. Бұл — *факт*, бұл Савинковтың және «Дело Народаның» әшкереленуі арқылы да, Керенскийдің «сауда-өнеркәсіп табы» деп аталатын корниловшылдармен болып келе жатқан саяси ойыны арқылы, «министрлік чехарда» арқылы да дәлелденген факт.

Керенскийдің *іс жүзінде* жасап отырған әрекеті: корниловшылдармен астыртын келісім жасау, «одақтас» империалистермен (Терещенко және K^0 арқылы) астыртын ауыз жаласу, Құрылтай жиналысын астыртын кешеуілдету, саботаж жасау, Родзянкоға, яғни помещиктерге жағыну үшін (астық бағасын екі есе арттыру) шаруаларды астыртын алдау. Оның *таптық* саясаты осындай. Оның бонапартизмі, міне, осындай.

Кеңесте мұны бүркемелеу үшін Либердандар және Церетелилер Черновтармен бірге Кеңесті әдейі бұрмалауға тиіс болды.

III Думаға қатысуымыздың қандай дәлелі болса, осы жексұрын подлогқа, комедияға большевиктердің қатысуының да нақ сондай дәлелі болды: «мал қорада» да біздің ісімізді қорғау керек, «мал қорадан» да халыққа сабақ боларлық әшкерелейтін материал беру керек.

Алайда бұл арада айырмашылық мынадай: III Дума революцияның көрінеу бәсеңдеуі кезінде шақырылды, ал қазір *жаңа революция* көрінеу өрлеп келеді,— өкінішке орай, біз бұл өрлеудің ауқымы мен шапшаңдығы жөнінде өте аз білеміз.

* *
*

Мен Кеңестегі ең бір ерекше оқиға Зарудныйдың сөз сөйлеуі болды деп санаймын. Ол былай деді: Керенскийдің үкіметті қайта құру жөнінде «ишара етуі-ақ мұң екен»,— министрлердің бәрі орнынан түсетіні туралы өтініш бере бастады. Аңғал, нәрестеше-аңғал (аңғал *ғана* болса жақсы ғой) Зарудный одан әрі былай дейді: «Ертеңінде-ақ, біздің орнымыздан түскенімізге қарамастан, ертеңінде-ақ бізді шақырып алды, бізбен ақылдасты, ақыр аяғында, бізді жайымызға қалдырды».

Ресми «Известия» осы жерде: «залда ду күлкі болды»— деп көрсетеді.

Халықты республикашылдардың бонапарттықпен алдауына қатысушылар көңілді адамдар емес пе! Біздердің бәріміз де революцияшыл демократтармыз ғой, ойнамаңыздар!

«Әуел бастан-ақ,— деді Зарудный,— біз екі нәрсе естідік: армияның жауынгерлік қабілетті болуына және демократиялық негізде болатын бітімді тездетуге тырысуымыз керек. Ал бітімге келетін болса, мен Уақытша үкіметтің мүшесі болған бір жарым ай бойында Уақытша үкімет бұл жөнінде бір нәрсе істеді ме, істеген жоқ па, оны білмеймін. Мен оны көргенім жоқ. (Қол шапалақтау, отырған орыннан: «Еш нәрсе істеген жоқ» деген дауыстар естілді,—деп көрсетеді «Известия».) Уақытша үкіметтің мүшесі ретінде мен бұл туралы сұрақ қойғанымда, жауап ала алмадым...»

Ресми «Известияның» хабары бойынша, Зарудный осылай деген. Ал Кеңес үн-түнсіз тыңдайды, осындай нәрселерге төзеді, шешенді тоқтатпайды, мәжілісті үзбейді, Керенский мен үкіметті қуып жіберу үшін орындарынан ұшып тұрмайды! Мұнда олай істемейді! Бұл «революцияшыл демократтар» Керенскийді жанын салып қорғайды!

Өте жақсы, мырзалар, ал сонда «революцияшыл демократ» деген ұғымның малай және арсыз деген ұғымнан нендей айырмашылығы болғаны?

Керенскийдің (халықтың сыртынан және «бөтен көзсіз» корниловшылдармен келісіп алу үшін) министрлерді қалай қуып жатқанын сирек кездесетін аңғалдығымен немесе сирек кездесетін топастығымен көзге түскен «өздерінің» министрі оларға баяндаған кезде арсыздардың мәз болып сақылдап күлуі табиғи нәрсе. Бітім туралы жаппай айтылып жүрген сылдыр сөздерді шындық тәрізді қабылдаған, олардың екіжүзділігін түсінбеген «өздерінің» министрі бітімге жетудің нақты қадамдары туралы сұрақ қойып, оған тіпті жауап алмағанын мойындаған кезде, малайлардың үндемеуі таңданарлық нәрсе емес. Өйткені малайларға осындай болу— үкіметтің алдауына көне беру лайықты нәрсе. Бірақ бұл арада революцияшылдықтың қандай қатысы бар, демократизмнің қандай қатысы бар??

Революцияшыл солдаттар мен жұмысшыларда мынадай пікір туса таңдануға болар ма еді: «Егер Александринканың төбесі опырылып түссе, сөйтіп бітім туралы мылжың сөздермен Керенский және К⁰-нің оларды алдап жүргенін өздеріне айқын түсіндірген кезде, үндемей отыра бере алатын;— олардың өз министрлері министрлік чехарданың комедия (Керенскийдің корниловшылдармен келісімін бүркемелейтін комедия) екендігін өздеріне ап-айқын айтқанда, мәз болып күле беретін арсыз жандардың бүкіл осы бандасын басып қалса жақсы болар еді. Құдайым, бізді мұндай достардан сақтай гөр, ал жаулардан өзіміз-ақ құтыламыз! Құдайым, бізді революциялық-демократиялық басшылыққа мұндай дәмеленушілерден сақтай гөр, ал Керенскийден, кадеттерден, корниловшылдардан өзіміз-ақ құтыламыз».



Осы арада мен большевиктердің де қателерін көрсетпекпін. Мұндай кезде келемеждеп қол шапалақтаумен және даурығып дауыстаумен тыну — барып тұрған қате.

Халық ауытқулардан және кешеуілдетулерден азап шекті. Наразылық айқын етек алып отыр. Жаңа революция жақындап келеді. Реакцияшыл демократтардың, Либердандардың, Церетелилердің және басқаларының бар ойлайтыны — халықтың назарын комедиялық «Кеңеске» *аудару*, халықты осы комедиямен *«алдандыру»*, большевик делегаттарды Зарудныйларды тыңдап отыру сияқты лайықсыз істермен бөгеп, большевиктерді бұқарадан *бөліп тастау!* Ал Зарудныйлар басқадан гөрі шыншыл!!

Большевиктер наразылық білдіру ретінде және де халықтың назарын Кеңес арқылы келелі мәселелерден басқа жаққа аудару жөніндегі алдауға түспеу үшін шығып кетуге тиіс еді. Большевиктер «байланыс қызметі» үшін, жексұрын мылжыңның біткендігі және дауыс беруге көшкендік туралы телефон арқылы хабарлау үшін өздерінің 136 депутатының ішінен бірлі-жа-

рымын қалдыруға тиіс еді. Бірақ большевиктер көрінеу түкке тұрғысыз нәрселермен өздерін *алдандыруға*, өршіп келе жатқан революцияны көрінеу ұсақ-түйек нәрселер арқылы *бәсеңдету* мақсатымен халықты көрінеу алдауға *жол беруге* тиіс емес еді.

Большевиктер өз делегациясының $^{99}/_{100}$-ымен болып, фабрикалар мен казармаларға баруға тиіс еді; Россияның барлық түкпірінен келген, Зарудныйдың сөзінен кейін эсерлік және меньшевиктік іріп-шірігендікті әбден көріп-білген делегаттардың нағыз орны фабрикалар мен казармалар болған болар еді. Осы комедиялық кеңестің сабақтарын сол арада, бұқараға жақын жерде жүздеген, мыңдаған жиналыстар мен әңгімелерде талқылау керек еді; бұл кеңес корниловшыл-Керенскийге тек көрінеу кеңеуілдетуге мүмкіндік берді, оған «министрлік чехарданың» жаңа түрлерін қолдануды тек көрінеу оңайлатты.

Революциялық («конституциялық» — емес) дағдарыстар кезінде парламентаризмге большевиктердің көзқарасы дұрыс болмады, эсерлер мен меньшевиктерге көзқарасы дұрыс болмады.

Мұның қалай болғаны түсінікті: тарих корниловшылдық жөнінде *ө т е* шұғыл бетбұрыс жасады. Партия бұл бетбұрыста тарихтың бұрын болып көрмеген шапшаң қарқынынан артта қалып қойды. Партия өзін жексұрын сылдыр сөз ордасының алдауына, уақытша, түсіруге жол берді.

Бұл сылдыр сөз ордасына күштің жүзден бірін ғана жұмсап, ал $^{99}/_{100}$-ын *бұқараға* бөлу керек еді.

Егер бетбұрыс эсерлер мен меньшевиктерге ымыраласуды ұсынуды бұйырған болса (менің өз ойымша, ол осыны бұйырды), бонапартист Керенскийдің достарының большевиктермен ымыраға келуден мүмкін және ықтимал бас тартуын *бірден есепке алу* үшін оны айқын, ашық, тез істеу керек еді.

Бас тарту «Дело Народа» мен «Рабочая Газетаның» кеңес *қарсаңындағы* мақалаларынан-ақ айқып көрінген болатын. Мүмкіндігіне қарай неғұрлым ресми, ашық, айқын түрде айтып; *бір минут кідірместен* бұқараға былай деу керек еді: эсерлер мен меньшевик мырзалар

біздің ымыраға баруымызды қабылдамады, эсерлер мен меньшевиктер жойылсын! Кеңес, заводтар мен казармалардағы *осындай* ұранға үн қосып, Зарудныйдың аңғалдығына «күлген» болар еді!

«Кеңеске» және оның жағдайына қайдағы бір елігудің жағдайы, сірә, әр тараптан құралған болса керек. Зиновьев жолдастың тарапынан Коммуна жөнінде сондайлық екіұшты (кем дегенде екіұшты) жазу қате болған, оның ойынша былай болып шыққан: Коммуна Питерде жеңгеп соң, *Францияда 1871 жылғы* жеңілгені *сияқты,* жеңілуі мүмкін. Бұл мүлде теріс. Коммуна Питерде жеңгеннен кейін Россияда да *жеңген болар еді.* Тағы да оның тарапынан: Петроград Советі президиумының құрамы пропорциялы болады деп жорамалдап большевиктер дұрыс жасады деп жазу да қате болған. Церетели мырзалар мұндай пропорциямен қатыстырылғанда революцияшыл пролетариат *Советте* еш уақытта ешқандай нәтижелі іс бітіре алмайды: оларды қатыстыру *өздерін* жұмыс істеу мүмкіндігінен *айыру* деген сөз, совет жұмысын *құрту* деген сөз. Үкіметке сенім білдіру немесе «сенім білдірмеу» туралы кісі күлерлік сұрақ қойып, Кеңесте таза «конституциялық» рухта бірінші болып сөз сөйлеу Каменев жолдастың тарапынан қате болған. Осындай жиналыста корниловшыл-Керенский жөнінде «Рабочий Путьте»[86] де, москвалық «Социал-Демократта»[87] да айтылып *қойған шындықты* айтуға *болмаған* жағдайда, онда осы газеттерге сілтеп, Кеңестің корниловшыл-Керенский жөнінде шындықты тыңдағысы келмейтіндігін *бұқара алдында неге тиянақтамасқа?*

Заруднийдың сөйлеген сөзінен кейін, жағдайды анықтағаннан кейін Питер жұмысшыларының делегациялары тарапынан *осындай* кеңеске шешендер жіберу қате болған. Керенскийдің достары алдына маржан шашқандай болудың не керегі бар еді? Комедиялық кеңеске пролетарлық күшті ысырап етудің не керегі бар еді? Нақ сол делегацияларды сондай бейбіт және заңды түрде казармалар мен анағұрлым артта қалған фабрикаларға неге жібермеске? Бұл — Александринкаға қарай саяхат құрудан гөрі, «Единствоға» және Керен-

скийге тілектес кооператорлармен сөйлескеннен гөрі миллион есе пайдалырақ, қажеттірек, байсалдырақ, маңыздырақ болған болар еді.

Либердандар әр түрлі делегациялардан қағыстырып алған *жүз* делегаттан гөрі сенімі мықты он солдат немесе артта қалған фабриканың он жұмысшысы *мың есе артық тұрады.* Парламентаризмді пайдалану — әсіресе революциялық уақыттарда — тіпті де іріп-шірігеннің өкілдеріне қымбатты уақытты шығын ету деген сөз емес, қайта *іріп-шірігенді мысалға алып бұқараны үйрету* деген сөз.

Нақ сол пролетарлық делегациялар Кеңесті «пайдаланып», айталық екі плакат басып шығарып, Кеңестің комедия екендігін түсіндіру ретінде, оны казармаларда, фабрикаларда неге *көрсетпеске?* Бір плакатта ақымақтың қалпағын киген, сахнада билеп және—«Керенский бізді *орнымыздан түсірді,* Керенский бізді *жайымызға қалдырды»* деп өлең айтып жүрген Зарудныйды көрсетуге болатын еді ғой. Ал айналада Церетели, Чернов, Скобелев, Либермен және Данмен қолтықтасқан кооператор,—бәрі ішек-сілесі қатып күліп тұрса. Астына: *«бұларға көңілді»* деген сөздер жазылса ғой.

Екінші плакат. Нақ сол Зарудный нақ сол жұрттың алдында былай дейді: «Мен бітім туралы бір жарым ай бойы сұрадым. *Мен жауап ала алғаным жоқ».* Жұрт үндемейді, жүздерінде «мемлекеттік маңғаздық» бар. Әсіресе Церетели маңғаз көрінеді, ол өзінің қойын дәптеріне басқаларға көрсетпей былай деп жазады: «Мына Зарудный неткен түйсіксіз еді! Мұндай салпаң құлаққа министр болу емес, қоқсық тасу керек қой! Коалицияның қорғаушысы деп жүрсек, оны жүз большевиктен бетер іреуін қарашы! Министр болды, бірақ министрше сөйлеуді үйренбеген, мен бітім жолындағы науқанның өсуін бір жарым ай бойы ұдайы бақылап отырдым десе және мен бұл науқанның Стокгольмнің ұлы идеясымен байланысты нақ коалиция тұсында біржолата жеңіске жететініне сенемін, тағысын-тағылар десе ғой. Бұлай болғанда нақ «Русская Воляның» өзі Зарудныйды орыс революциясының серісі деп мақтар еді ғой».

Плакатқа былай деп қол қойылса: жеңілтек еркектердің «революциялық-демократиялық» кеңесі.

Кеңес аяқталғанға *дейін* жазылған: бірінші сөйлемді — мысалы, «мәнісінде, аяқталды», т. с. сөздермен өзгерту керек.

1917 ж. кеш дегенде 22 сентябрьде (5 октябрьде) жазылған

1917 ж. 7 октябрьде (24 сентябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 19-номерінде толық емес түрінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Бірінші рет 1949 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 26-томында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫҢ ҚАТЕЛЕРІ

Жұма, 22 сентябрь, 1917 жыл.

Демократиялық кеңес дейтіннің маңызын неғұрлым көп ойластырсаң, оған көлденеңнен неғұрлым көңіл қойып көз жіберсең,— ал көлденеңнен көрінгіш деседі,— біздің партия оған қатысып, қате жасады деген сенім соғұрлым нығая түседі. Оған бойкот жасау керек еді. Бәлкім, былай дер: мұндай мәселені талдаудан қандай пайда бар. Өткенді қайтара алмайсың. Бірақ кешегі күннің тактикасына бұлайша қарсы болу көрінеу қисынсыз болар еді. Біз «күн санап» өмір сүретін тактиканы үнемі айыптап келдік және марксистер ретінде айыптауға міндеттіміз де. Біз үшін минуттық табыстар жеткіліксіз. Біз үшін жалпы алғанда бір минутқа немесе бір күнге лайықтап жасаған есептер жеткіліксіз. Біз саяси оқиғалар тізбегін тұтас, олардың себепті байланыстары жағынан, олардың нәтижелері жағынан алып *зерттеп*, өзімізді үнемі тексеріп отыруға тиістіміз. Сөйтіп, біз кешегі күннің қатесін талдап-зерттеу арқылы бүгін және ертең қателер жібермеуге үйренеміз.

Елде жаңа революция айқын өрістеп келеді, бұл революция (патша өкіметіне қарсы революцияны жүзеге асырған таптармен салыстырғанда) *басқа* таптардың революциясы. Онда пролетариаттың, шаруалардың және ағылшын-француз финанс капиталымен одақтасқан буржуазияның патша өкіметіне қарсы революциясы болды.

Қазір пролетариаттың және шаруалар көпшілігінің революциясы, атап айтқанда: ең кедей шаруалардың буржуазияға қарсы, оның одақтасы, ағылшын-француз финанс капиталына қарсы, оның бонапартист Керенский бастап отырған үкіметтік аппаратына қарсы революциясы өсіп келеді.

Осы қазір жаңа революцияның өрістей түсуіне айғақ болатын фактілерге тоқталмаймыз, өйткені, біздің орталық органымыз «Рабочий Путьтің» мақалаларына қарағанда, партия бұл пункт жөнінде өзінің көзқарасын қазірдің өзінде-ақ анықтаған. Жаңа революцияның өрістеуі, сірә, бүкіл партия таныған құбылыс болып табылады. Әлбетте, осы өрістеу жөніндегі мәліметтер жиынтығы әлі де керек болады, бірақ олар басқа мақалалардың тақырыбы болуға тиіс.

Қазіргі кезде ескі революция мен жаңа революцияның арасындағы таптық айырмашылықтарға, осы негізгі құбылыстың, таптардың арасалмағының тұрғысынан қарап саяси кезеңді және біздің міндеттерді есепке алуға негұрлым көп көціл аудару маңыздырақ. Ол кезде, бірінші революцияда, жұмысшылар мен солдаттар, яғни пролетариат және шаруалардың алдыңғы қатарлы топтары авангард болды.

Бұл авангард *өзінің соңынан* ұсақ буржуазияның жаман, ауытқымалы элементтерінің (меньшевиктердің және трудовиктердің республика жөніндегі ауытқуын еске алалық) көбін *ертіп* қана қойған жоқ, сонымен қатар кадеттердің монархиялық партиясын да, республикалық буржуазияға айналдырып либерал буржуазияны да *ертті*. Либерал буржуазияның республикалық буржуазияға айналуының мүмкін болған себебі не?

Оның себебі, буржуазия үшін экономикалық үстемдік болса жетіп жатыр, ал саяси үстемдіктің формасы ол үшін — кейін бола жататын іс, буржуазия республика тұсында да үстемдік ете алады, тіпті оның үстемдігі осы саяси құрылыстың үкімет құрамындағы, билеуші партиялардың құрамындағы және топтасуындағы қандай да болсын өзгерістермен буржуазияға нұқсан келтірмейтіндігі мағынасында алғанда, республика тұсында мығымырақ болады.

Әлбетте, буржуазия монархияны жақтап келді, жақтайды да, неге десеңіз — капиталды монархиялық мекемелердің неғұрлым дөрекі, әскери қорғауы барлық капиталистер мен помещиктерге қолайлы және «етене». Ал «төменнен» күшті тегеурін болған кезде буржуазия өзінің экономикалық үстемдігін сақтап қалу үшін ғана әрқашан және барлық жерде республикаға «төзіп» келді.

Қазірде пролетариат пен ең кедей шаруалардың, яғни халық *көпшілігінің* буржуазия жөнінде, «одақтас» (сондай-ақ бүкіл дүние жүзілік) империализм жөнінде көзқарасының өзгергені сондай: *өзінің соңынан* буржуазияны *«ертуге» болмайтын* болды деген көзқарасқа келіп отыр. Ол ол ма: *ұсақ* буржуазияның жоғарғы тобы және *демократиялық* ұсақ буржуазияның неғұрлым дәулетті тобы жаңа революцияға көрінеу қарсы. Бұл фактінің айқындығы соншалық, бұған қазір тоқталып жатудың қажеті жоқ. Мұны Либердан, Церетели және Чернов мырзалар айдан анық бейнелейді.

Таптардың өзара қарым-қатынасы өзгерді. Әңгіме осында.

«Баррикаданың бер жағында да, ар жағында да» тұрған бұрынғы таптар емес.

Негізгі мәселе осы.

Жаңа революция туралы сөз қылудың *ғылыми* негізі осында, *тек* осында *ғана;* бұл революция, егер, мәселен, буржуазия шақырған Құрылтай жиналысы көпшілікті буржуазияға қарсы етсе, көпшілікті жұмысшылар мен ең кедей шаруалар партияларының жағына шығарса, таза теория жүзінде пайымдап, мәселені абстракт түрде алғанда, жария түрде болар еді.

Осы тұрпатты өкілдік мекемелерден тыс және олардың ішінде таптардың объективтік өзара қарым-қатынасы, олардың ролі (экономикалық және саяси ролі), революцияның үдеуі немесе бәсеңдеуі, парламенттен тыс күрес құралдарының парламенттік күрес құралдарымен арасалмағы — міне, осылар ең басты, негізгі, объективтік деректер, бойкот тактикасын немесе қатысу тактикасын қалай болса солай, өзінің «ұнатуы» бо-

йынша белгілемей, маркстік тұрғыдан қарап белгілеу үшін осыларды есепке алу керек.

Бойкот туралы мәселеге маркстік тұрғыдан қалай қарау керектігін біздің революцияның тәжірибесі айқын түсіндіреді.

Булыгин думасына бойкот жасау тактикасы неліктен дұрыс тактика болып шықты?

Неге десеңіз, ол қоғамдық күштердің дамуында сол күштердің объективтік арасалмағына сай келді. Ол өрістеп келе жатқан революцияға ескі өкіметті құлатуды жақтап ұран берді, ал ескі өкімет халықтың көңілін революциядан басқа жаққа аудару үшін келісімпаздық, дөрекі оңі айналдырылған, сондықтан парламентаризмді жақтауға елеулі «кепілдіктің» перспективаларын ашпаған мекемені (Булыгин думасын) шақырды. Пролетариат пен шаруалардың парламенттен тыс күрес құралдары күштірек болды. Булыгин думасына бойкот жасаудың дұрыс, объективтік жағдайды еске алған тактикасы, міне, осы жайттардан құралды.

III Думаға бойкот жасау тактикасы неліктен теріс болып шықты?

Неге десеңіз, ол бойкот ұранының «айқындығына» ғана және үшінші июньдік «мал қораның» ең дөрекі реакцияшылдығы жөніндегі жиіркенішке сүйенді. Бірақ объективтік жағдай мынадай еді: бір жағынан, революция өте қатты құлдилады, одан әрі құлдилай берді. Оның өрлеуі үшін парламенттік тірек (тіпті «мал қораның» ішінен) орасан зор саяси маңыз алды, өйткені насихаттаудың, үгіттеудің, ұйымдастырудың парламенттен тыс құралдары жоққа тән еді немесе олар мейлінше әлсіз еді. Екінші жағынан, III Думаның мейлінше дөрекі реакцияшылдығы Думаның таптардың шын өзара қарым-қатынасының органы болуына, атап айтқанда: монархияның буржуазиямен столыпиндік тұрғыда бірігуіне кедергі болмады. Таптардың осы жаңа өзара қарым-қатынасын ел бастан кешіруі тиіс еді.

III Думаға қатысудың объективтік жағдайды дұрыс ескерген тактикасы, міне, осы жайттардан құралды.

«Демократиялық кеңеске», «Демократиялық советке» немесе предпарламентке қатысу тактикасының мейлін-

ше теріс екендігіне көз жеткізу үшін тәжірибенің осы сабақтарына, бойкот туралы немесе қатысу туралы мәселеге маркстік тұрғыдан қараудың жағдайларына көңіл қойып ойлаудың өзі жеткілікті.

Бір жағынан, жаңа революция өрістеп келеді. Соғыс өршіп барады. Насихаттаудың, үгіттеудің, ұйымдастырудың парламенттен тыс құралдары орасан зор. Осы предпарламентте парламенттік трибунаның маңызы мардымсыз. Екінші жағынан, бұл предпарламент таптардың ешқандай жаңа өзара қарым-қатынасын көрсетпейді және оған «қызмет етпейді»; мәселен, қазірде бар органдарға (шаруа депутаттары Советіне) қарағанда шаруалардың өкілдігі мұнда *нашар*. Предпарламенттің бүкіл мәні—бонапартистік *подлог*, подлог болғанда Либердандардың, Церетелилердің, Черновтардың пасық бандасының Керенскиймен және К^0-мен бірге осы Церетели-Булыгин думасының құрамын *бұрмалап*, өңін айналдырғандығы мағынасында ғана емес, сонымен қатар онан да бетер мынадай терең мағынада: предпарламенттің бірден-бір мақсаты — бұқараны алдау, жұмысшылар мен шаруаларды алдау, олардың назарын өсіп келе жатқан жаңа революциядан басқа жаққа аудару, буржуазиямен жасалған *ескі*, әлдеқашан сыналып көрген, жұлмаланған, тозығы жеткен «коалицияға» деген (яғни буржуазияның Церетели мырзаларды және К^0-ні халықты империализмге және империалистік соғысқа бағындыруға көмектесетін күлдіргіш сайқы-мазақтарға айналдыруы үшін) жаңа жамылғымен езілген таптардың көзін шырмау.

Патша 1905 жылдың авгусында өзінің крепостник-помещиктеріне:— Біз қазір әлсізбіз,— дейді.— Біздің өкіметіміз солқылдап тұр. Жұмысшы мен шаруа революциясының толқыны көтерілуде. «Момақанды» алдау керек, оның аузын майлау керек.— дейді...

Қазіргі «патша», бонапартист Керенский кадеттерге, бейпартиялық Тит Титычтарға, Плехановтарға, Брешковскаяларға және К^0-ге:— Біз қазір әлсізбіз,— дейді. —Біздің өкіметіміз солқылдап отыр. Буржуазияға қарсы жұмысшы мен шаруа революциясының толқыны көтерілуде. Демократияны алдау керек, олай істеу үшін

«революциялық демократияның» эсер және меньшевик «көсемдері», біздің сүйкімді достар Церетелилер мен Черновтар халықты ақымақ ету үшін 1917 жылдың 6 майынан бастап киіп жүрген сайқы-мазақ костюмін басқа түске бояу керек. Олардың «предпарламентпен» аузын майлау қиын емес,— дейді.

Патша 1907 жылдың июнінде өзінің крепостник-помещиктеріне:— Біз қазір күштіміз,— дейді.— Жұмысшы мен шаруа революциясының толқыны бәсеңдеуде. Бірақ біз бұрынғыша сақталып тұра алмаймыз, бір ғана алдау жеткіліксіз. Деревняда жаңа саясат жүргізу керек, Гучковтармен Милюковтармен, буржуазиямен экономикалық және саяси жаңа блок жасау керек.

Бойкот тактикасының объективтік негіздерін, оның таптардың өзара қарым-қатынасымен байланысын айқын анықтап алу үшін үш жағдайды: 1905 жылдың августын, 1917 жылдың сентябрін, 1907 жылдың июнін осылай көзге елестетуге болады. Езушілердің езілген таптарды алдауы үнемі болып отырады, бірақ бұл алдаудың мәні түрлі тарихи кезеңдерде түрліше болады. Тактиканы езушілердің халықты алдауына ғана негіздеп құруға болмайды; оны таптардың өзара қарым-қатынастарын және парламенттен тыс күрестің де, парламенттік күрестің де дамуын *тұтас алып* талдау жасай отырып белгілеу керек.

Предпарламентке қатысу тактикасы *теріс*, ол таптардың объективтік өзара қарым-қатынасына, кезеңнің объективтік жағдайларына сай келмейді.

Демократиялық кеңеске бойкот жасау керек еді, олай жасамай біздің бәріміз қате істедік, қателік жалғандық деп есептелмейді. Бұқараның революциялық күресін жақтауға шын ықылас болса болғаны, тактиканың объективтік негіздері жөнінде байсалды ойластыру болса болғаны, қатені біз түзетеміз.

Предпарламентке бойкот жасау керек. Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советіне бару керек, кәсіптік одақтарға бару керек, жалпы бұқараға бару керек. *Оларды* күреске шақыру керек. *Оларға* мынадай дұрыс және айқын ұран беру керек: *Керенскийдің* бонапартистік бандасын, *оның* өңі айналдырылған

предпарламентімен, осы Церетели-Булыгин думасымен қоса қабат қуу керек. Меньшевиктер мен эсерлер, тіпті корниловшылдықтан кейін де, біздің ымырағa келуімізді, өкіметті Советтерге *(ол кезде* Советтерде біздер әлі көпшілік бола *қоймаған* едік) бейбіт жолмен беруді қабылдамады, олар тағы да кадеттермен мәмлеге келудің лас, пасық, батпағына түсті. Меньшевиктер мен эсерлер жойылсын. Оларға қарсы аяусыз күрес жүргізілсін. Барлық революциялық ұйымдардан олар аяусыз қуылсын, *Кишкиндердің* бұл *достарымен*, корниловтық помещиктер мен капиталистердің бұл достарымен ешқандай келіс сөз болмасын, ешқандай қарым-қатынас болмасын.

Сенбі, 23 сентябрь.

Троцкий бойкотты жақтады. Бәрекелді, Троцкий жолдас!

Демократиялық кеңеске келген большевиктердің фракциясында бойкотизм жеңілді.

Бойкот жасасын!

Қатысуға ешбір жағдайда біз келісе алмаймыз және келісуге тиіс емеспіз. Кеңестердің бірінің фракциясы — партияның жоғары органы емес, ал тіпті жоғары органдардың шешімдері де өмір тәжірибесі негізінде қайта қарауға жатады.

Қалай болғанда да, бойкот туралы мәселені Атқару комитетінің пленумына және партияның төтенше съезіне шештіру керек. Бойкот туралы мәселені қазір съезге сайлау үшін және партия ішіндегі *барлық* сайлау үшін платформа етіп алу керек. Мәселені талқылауға *бұқараны* тарту керек. Саналы жұмысшылар бұл талқылауды жүргізіп және *«жоғарғы жаққа»* қысым жасай отырып, істі өз қолдарына алулары керек.

Біздің партияның «жоғарғы жағында» ауытқудың байқалып отырғандығы жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес, ол ауытқу *апатқа* ұшыратуы мүмкін, өйткені күрес дамып барады, сондықтан белгілі жағдайларда ауытқу, белгілі кезеңде, істі *апатқа ұшырата*

алады. Уақыт өтпей тұрғанда, күреске барлық күшті салу керек, революцияшыл пролетариат партиясының дұрыс бағытын қорғап қалу керек.

Партияның «парламенттік» жоғарғы жағында біздің ісіміздің бәрі бірдей оңып тұрған жоқ; оларға көп көңіл аударылуы керек, оларды жұмысшылардың көбірек бақылауы керек; парламенттік фракциялардың компетенциясын негұрлым қатаң белгілеу керек.

Біздің партияның қатесі айқын. Алдыңғы қатарлы таптың күресуші партиясына қателер қорқынышты емес. Қатеде қасарысып қалу, қатені мойындаудан, түзетуден босқа ұялу қорқынышты болар еді.

Жексенбі, 24 сентябрь.

Советтердің съезі 20 октябрьге дейін кейінге қалдырылды. Мұның өзі Россия өмірінің қазіргі қарқынында грек календіне дейін жылы жауып қоя салғанға тең. Эсерлер мен меньшевиктер 20—21 апрельден кейін ойнаған комедия екінші рет қайталанып отыр.

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ФИНЛЯНДИЯ АРМИЯСЫНЫҢ, ФЛОТЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ И. Т. СМИЛГАҒА ХАТ

Смилга жолдасқа.

Толығырақ әңгімелесу үшін қолайлы жағдайды пайдаланып отырмын.

1

Жалпы саяси жағдай мені қатты мазасыздандырып отыр. Петроград Советі мен большевиктер үкіметке соғыс жариялады. Ал үкіметтің әскері бар және *үнемі* әзірлік жасап жатыр (большевиктерді басып-жаныштайтын әскер туралы Керенскийдің ставкада корниловшылдармен шүйіркелесіп жатқаны және *іскерлікпен* шүйіркелесіп жатқаны айқын нәрсе).

Ал біз не істеп жатырмыз? Тек қарарлар қабылдап жатырмыз ба? Уақытты босқа өткізіп, «мерзімдер» белгілеп отырмыз (Советтер съезі 20 октябрьде болады дейміз — осылай кешеуілдету кісі күлерлік емес пе? Бұған сену күлкілі емес пе?). Керенскийді құлату үшін большевиктер *өздерінің* әскери күштерін дайындау жөнінде ұдайы жұмыс жүргізіп жатқан *жоқ*.

Демократиялық кеңес кезінде менің жасаған ұсынысымның, атап айтқанда, партия қарулы көтерілісті кезекке қоюға *тиіс* деген ұсынысымның дұрыстығын оқиғалар әбден растады*. Оқиғалар осыны істеуге *мәжбүр етіп отыр*. Тарих *әскери* мәселені қазір түбегейлі

* Қараңыз: осы том, 271—273, 274—280-беттер. *Ред.*

саяси мәселе етіп отыр. «Бүгінгі таңдағы келелі мәселемен», ағымдағы ұсақ мәселелермен әуестеніп және «Керенскийді толқын жайпап кетеді» дегенге *«үміттеніп»,* большевиктер мұны ұмытып жүр ғой деп қорқамып. Мұндай үміт — аңғалдық үміт, мұның өзі «беталды» үміт артумен бірдей. Революцияшыл пролетариат партиясының тарапынан мұның өзі қылмыс болып шығуы мүмкін.

Меніңше, қарулы көтеріліске байыптап қарау жөнінде партия ішінде үгіт жүргізу керек — бұл үшін осы хатты да машинада бастырып, оны питерліктер мен москвалықтарға жеткізу керек.

2

Енді Сіздің рөліңіз туралы. Өз қолымызға алып не болуға *әбден* болатып және *елеулі* әскери роль атқаратын бірден-бір күш — финлянд әскерлері мен Балтық флоты болар. Менің ойымша, Сіз өзіңіздің үлкен дәрежеңізді пайдалануыңыз керек, барлық ұсақ-түйек, берекесіз жұмыспен қолыңызды байламай, оны көмекшілеріңіз бен хатшыларыңызға жүктеу керек, «қарарларға» уақыт жібермей, *барлық назарды* алдағы уақытта Керенскийді құлату үшін финн әскерлерін+флотты *әскери* әзірлікке келтіруге аудару керек. *Е ң с е н і м д і* әскери адамдардан *құпия* комитет құрып, онымен мәселені *жан-жақты* талқылау керек, Питер түбіндегі және Питердегі әскерлердің құрамы мен орналасуы туралы, финлянд әскерлерін Питерге әкелу туралы, флоттың жүріс-тұрысы, т. т. туралы мейлінше дәл мәліметтер жинау (және *өзіңіздің* тексеруіңіз) керек.

Мұны істемесек, біз қолымызда тамаша қарарлар мен Советтер болса да, *өкіметіміз жоқ* ақымақ болып, күлкіге ұшырауымыз мүмкін!! Менің ойымша, сіздің шын сенімді, істі білетін әскери адамдарды іріктеп алуыңызға, Инога[88] және басқа да аса маңызды пункттерге баруға, біздегі *тым әдет болып кеткен* жалпы мақтан сөздерге сеніп қалмай, істі *байсалды түрде* салмақтап, зерттеуге мүмкіндігіңіз бар болар.

Біз Финляндиядан әскерлердің әкетілуіне *ешбір жағдайда да* жол бере алмаймыз, бұл анық. Одан да *бәріне,* көтеріліске, өкіметті алуға—оны Советтер съезіне беруге бел байлаған артық. Мен бүгін газеттерден екі аптадан кейін-ақ десант түсіру қаупі нольге тең болады дегенді оқыдым. Демек, дайындыққа сіздің уақытыңыз өте аз.

3

Одан соң. Финляндиядағы «өкіметті» сол Финляндиядағы казактар арасында ұдайы насихат жүргізу үшін пайдалану керек. Керенский және K^0 казактардың бір бөлегін, мысалға алсақ, «большевиктеніп кетеді» деп қорқып, Выборгтен әдейі шығарып әкетті, сөйтіп Выборг пен Териокидің арасына, Усикирко мен Перкъярвиге, қауіпсіз (большевиктерден қауіпсіз) жерге оқшаулап қойды. Казактардың орналасуы туралы мәліметтердің бәрін зерттеп, оларға Финляндияның матростары мен солдаттарының таңдаулы күштерінің ішінен *үгітшілер отрядтарын* жіберуді ұйымдастыру керек. Бұл қажет. Әдебиетті де дәл солай еткен жөн.

4

Одан соң. Әрине, матростарға да, солдаттарға да демалыс беріледі. Деревняда болып қайтуға жіберілетіндерден барлық губернияларды ұдайы аралап тұру үшін және деревняларда жалпы үгіт жүргізу үшін де, Құрылтай жиналысы жөнінде үгіт жүргізу үшін де үгітшілер отрядтарын құру керек. Сіздің жағдайыңыз мейлінше жақсы, өйткені солшыл эсерлермен блокты, бізге бір өзі-ақ Россияда берік өкіметті және Құрылтай жиналысында көпшілікті бере алатын блокты жүзеге асыруды Сіз бірден *бастай* аласыз. Ол жақта өзірше әрі-сәрімен жүргенде ондай *блокты* өздеріңізде дереу жасаңыздар, листовкалар шығаруды ұйымдастырыңыздар (сіздер бұл үшін және оларды Россияға жеткізу үшін техникалық жағынан не істей алатын-

дарыңызды анықтаңыздар) және сонымен бірге деревняға баратын әрбір үгітшілер тобында *екі* адамнан кем болмайтын: бірі большевиктерден, бірі солшыл эсерлерден болатын ету керек. Әзірге деревняда эсерлердің «фирмасы» үстем болып отыр, сондықтан *осы* фирмаға *бола* деревняда большевиктердің *солшыл* эсерлермен, шаруалардың капиталистермен емес, жұмысшылармен блогын жүзеге асыру үшін өздеріңіздің осы бақытыңызды (ол бақыт сіздерде—солшыл эсерлер) пайдалануларыңыз керек.

5

Меніңше, ақыл-ойды дұрыс әзірлеу үшін дереу мынадай ұран тарату керек: өкімет дереу Петроград Советінің қолына көшуге тиіс, *ол оны* Советтер съезіне *береді*. Өйткені соғыстың тағы да үш аптасына және Керенскийдің «корниловшылдық дайындықтарына» төзіп отырудың қажеті не.

Финляндияда осы ұранды большевиктер мен солшыл эсерлердің *насихаттауынан* пайдадан басқа еш нәрсе болмайды.

6

Сіз Финляндияда «өкімет» басында болып отырғандықтан сізге, міндеті жағынан шағын болса да, аса маңызды тағы бір іс жүктеледі, ол: әдебиетті Швецияд*ан* құпия түрде жеткізуді жолға қою. Мұнсыз «Интернационал» туралы әңгімелердің бәрі *бос сөз* болмақ. Мұны, біріншіден, шекарада *солдаттардан* өз ұйымыңызды құру арқылы, екіншіден, ол мүмкін болмаса, мен Гельсингфорске келместен бұрын *үйінде бір күн болған адамның* көмегімен (Ровио оны біледі)[89] әдебиет жеткізуді жолға қоюды бастаған жерге ең болмаса сенімді *бір* адамның *дұрыс барып қайтуын* ұйымдастыру арқылы жолға қоюға әбден болады. Бәлкім, ақша жағынан аздап көмек көрсету керек болар. Мұны міндетті түрде жолға қойыңыз!

7

Менің ойымша, осы тақырыпта әңгімелесу үшін біздің жолығуымыз керек болар. Сіз бір тәуліктен аз уақыт жұмсап, келе алар едіңіз, егер *тек* менімен жолығу үшін келетін болсаңыз, Ровиоға телефон арқылы Хуттуненнен: Ровионың «әйелінің сіңлісі» («әйелінің сіңлісі» = Сіз) Хуттуненнің «қарындасын» (қарындасы = мен) көруіне бола ма деп сұратыңыз. Өйткені мен кенеттен кетіп қалуым мүмкін.

Осы хатты алғандығыңыз туралы қалай да маған жауап қайырыңыз *(хатты өртеп жіберіңіз)*, жауапты осы хатты Ровиоға беріп, *тез кері қайтатын* жолдас арқылы жіберіңіз.

Мен бұл арада ұзақ уақыт қалатын болсам, бізге почтаны жолға қою керек: *Сіз* Выборг *Советіне* (ал ішінде: Хуттуненге) деп, конверттерді темір жол қызметшілеріне беріп, бұл іске *көмек көрсете алар едіңіз.*

8

Маған нақ сол жолдас арқылы (мүмкіндігінше ресмилеу түрде: облыстық комитеттің бланкісінде, председательдің қолы қойылған, мөр басылған, не машинкада басылған, не *өте анық* жазылған): Константин Петрович Иванов атына куәлік қағаз жіберіңіз, оған облыстық комитеттің председателі бұл жолдасқа кепіл болады, *барлық Советтерден,* солдат депутаттары **Выборг** Советінен де, басқа Советтерден де бұл жолдасқа *толық* сенім, жәрдем, қолдау көрсетілуін сұрайды деп жазылсын.

Бұл маған *әйтеуір бір* жағдайда қажет болып қалар, өйткені «жанжал» да, «кездесу» де болуы ықтимал.

9

Сізде Москвада шыққан «Программаны қайта қарау жөнінде» деген шағын кітапқ[90] жоқ па? Гельсингфорста біреулерден іздестіріп тауып, әлгі жолдаспен маған жіберіңіз.

10

Есіңізде болсын: Ровио тамаша адам, бірақ *жалқау*. Оны бақылап отыру керек және күніне екі рет *есіне салып отыру* керек. Әйтпесе істемейді.

Сәлеммен *К. Иванов*

1917 ж. 27 сентябрьде (10 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 255-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

(III ЦИММЕРВАЛЬД КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ[91])

«Рабочий Путьтің» 28 сентябрьдегі 22-номерінде III Циммервальд конференциясының манифесі басылды. Егер біз қателеспесек, манифест тағы да интернационалист-меньшевиктердің газеті «Искраның»[92] 26 сентябрьдегі 1-номерінде ғана басылып, III Циммервальд конференциясының құрамын және болған күнін (жаңаша 20—27 август) мейлінше қысқаша көрсететін қосымша берілді; ал басқа газеттерде манифест те, конференция туралы азды-көпті толық мәліметтер де болған жоқ.

Біздің қолымызда қазір бұл конференция жөнінде кейбір материал бар, бұл материал швед солшыл социал-демократтарының «Politiken» газетіндегі мақаладан (бұл мақала финн социал-демократиялық партиясының органы—«Työmies»-те аударылды)[93] және конференцияға қатысқан бір поляк жолдас пен бір орыс жолдастың екі жазбаша хабарынан құралған. Әуелі, осы мәліметтерге сүйене отырып, жалпы конференция туралы айтпақпыз, ал содан соң оған баға беруге және біздің партияның міндеттеріне баға беруге көшеміз.

I

Конференцияда мына партиялар мен топтардың өкілдері болды: 1) герман «тәуелсіз» социал-демократиялық партиясының («каутскийшілдер»), 2) Швейцария партиясының, 3) швед *солшыл* партиясының

(жұртқа мәлім, ол Брантингтің оппортунистік партиясымен байланыс атаулыны үзген), 4) норвегтер мен 5) датчандардың (министр Стаунинг бастаған ресми, оппортунистік дат партиясы туралы әңгіме болып отыр ма, жоқ па,—бізде бар материалда бұл көрсетілмеген), 6) финн социал-демократиялық партиясының, 7) румындардың, 8) большевиктер РСДРП-сының, 9) меньшевиктер РСДРП-сының (Панин конференция толық емес деген дәлелмен қатыспайтындығын жазбаша түрде мәлімдеді; ал Аксельрод мәжілістерге аратұра барып жүрді, *бірақ манифеске қол қоймады*), 10) интернационалист-меньшевиктердің, 11) «христиан интернационалист-социалистердің» американ тобының (?), 12) американ «социал-демократиялық насихат тобының» (барлық белгілеріне қарағанда, бұл—менің «Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері (Пролетарлық партия платформасының жобасы)» деген кітапшамда, 24-бетте* айтылған топтың өзі болса керек, өйткені нақ осы топ 1917 ж. январьда «Интернационалист» газетін[94] шығара бастады), 13) «Өлкелік Басқарма» біріктірген поляк социал-демократтарының, 14) Австрия оппозициясының (Штюргкті Фридрих Адлер өлтіргеннен кейін Австрия үкіметі жауып тастаған «Карл Маркс клубы»; бұл клуб менің сол кітапшамның 25-бетінде айтылған**), 15) болгар «тәуелсіз кәсіптік одақтарының» (менің қолымдағы хаттың авторының қоса айтуынша, «тесняктарға» емес, ягни солшыл, интернационалистік, болгар партиясына емес, қайта «широкийлерге», ягни оппортунистік болгар партиясына жатады); бұл өкіл де серб партиясының өкілдері сияқты конференция аяқталғаннан кейін келді; 16) серб партиясының өкілдері болды.

Бұл 16 партия мен топтың ішінде біздің 1917 ж. 24—29 апрельдегі конференциямыздың қарарында (және менің кітапшамның 23-бетінде*** бұл ағым «іс жүзінде интернационалистердің» ағымы деп аталған) айтылатын «үшінші» ағымға 3, 8, 12, 13 және 14-но-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 191-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда. *Ред.*
*** Бұл да сонда, 188—192-беттер. *Ред.*

мерлер жатады; бұдан кейін 4 және 16-топтар осы «солшыл» ағымға жақын тұр немесе сол ағым мен каутскийшілдердің «центрі» арасында тұр, бірақ бұлардың позициясын дәл анықтау қиын,—олардың «центрге» де жатуы мүмкін. Одан соң 1, бәлкім, 2, 6 және 7-топтар және 10-топ, бәлкім, 15-топ каутскийшілдік «центрге» жататын болар. 5-топ (егер ол Стаунинг партиясы болса) пен 9-топ—қорғампаздар, министериалистер, социал-шовинистер. Ақырында, 11-топ—көрінеу көзге, мүлдем кездейсоқ топ.

Бұдан конференция құрамының мейлінше ала-құла,—тіпті сөлекет болғанын көреміз, өйткені *негізгі мәселеде* бірімен-бірі келіс*пейтін*, сондықтан шын ынтымақтасып, шын бірлесіп қимыл жасай *алмайтын* адамдар, өз саясатының *түбегейлі* бағытында өзара сөзсіз алалық бар адамдар жиналған. Мұндай адамдардың «ынтымақтасуының» «жемісі» не ұрыс-керіс пен «кикілжің», не шындықты жасыру үшін жазылған созылмалы, компромистік қарарлар болатындығы табиғи нәрсе. Мұның мысалдары мен дәлелдерін біз қазір-ақ көреміз...*

1917 ж. 28 сентябрьден (11 октябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Осы арадан қолжазба үзіледі. *Ред.*

ДАҒДАРЫС ПІСІП ЖЕТТІ[95]

I

Күмән жоқ, сентябрьдің аяғы орыс революциясының тарихында, сол сияқты, барлық белгілеріне қарағанда, бүкіл дүние жүзілік революцияның тарихында да бізге асқан зор бетбұрыс әкелді.

Бүкіл дүние жүзілік жұмысшы революциясы іріпшіріген ресми «социализмнен», ал іс жүзінде социал-шовинизмнен қалған адалдықтың бәрін жан қиярлық ерлікпен бойына сақтаған жеке-дара адамдардың іс-әрекетінен басталды. Бүкіл дүние жүзілік революция жаршысының қиын ролін өз мойнына алған бұл жеке-дара батырлардың ең белгілілерінің есімдері: Германияда Либкнехт, Австрияда Адлер, Англияда Маклин.

Бұл революцияны тарихи жағынан әзірлеудің екінші кезеңі—қалың бұқаралық толқу болды, ол ресми партиялардың жікке бөліну формасына да, құпия басылымдар формасына да, көше демонстрациялары формасына да айналып отырды. Соғысқа қарсы наразылық күшейді—үкіметтің қуғындауынан құрбандыққа ұшырағандардың саны көбейді. Өздерінің заңдарымен, тіпті өздерінің еркіндігімен атағы шыққан елдердің — Германияның, Францияның, Италияның, Англияның түрмелері ондаған, жүздеген интернационалистерге, соғысқа қарсыларға, жұмысшы революциясын жақтаушыларға тола бастады.

Енді үшінші кезең туды, мұны революцияның қарсаңы деп атауға болады. Еркін Италияда партия көсемдерін жаппай тұтқынға алу және әсіресе Германия-

Россійская Соціалъ-Демократическая Рабочая Партія.

Цѣна 20 коп.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Центральный органъ Р. С.-Д. Р. П.

РАБОЧІЙ ПУТЬ.

№ 30. Суббота ЕЖЕДНЕВНАЯ ГАЗЕТА. 20-го Октября (7-го октября ст. ст.) 1917 г.

Товарищи рабочіе, солдаты и крестьяне! Готовьтесь къ Всероссійскому Съѣзду Совѣтовъ на 20-ое октября! Немедленно созывайте Областные Съѣзды Совѣтовъ!

Экстренный партійный съѣздъ, назначенный на 17 октября, въ силу ряда условій откладывается на короткое время.

Центральный Комитетъ Р. С.-Д. Р. П.

Областной съѣздъ Совѣтовъ Сѣверной области, назначенный на 8 октября въ Гельсингфорсѣ, созывается 10 октября въ Петроградѣ.

Организаціонное Бюро по созыву съѣзда.

Въ субботу въ 3½ час. дня въ помѣщеніи Охтенскаго комиссаріата (Большой пр., д. № 85) состоится Общее собраніе Охтенскаго Района Р. С. Д. Р. П. (большевиковъ).

Сегодня въ номерѣ.

РОСПУСКЪ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ.

2-й СЪѢЗДЪ БАЛТІЙСКАГО ФЛОТА КЪ УГНЕТЕННЫМЪ ВСѢХЪ СТРАНЪ.

[illegible]МИНСКЪ ЗАКРЫТА БОЛЬШЕВИСТСКАЯ ГАЗЕТА „МОЛОТЪ".

КАВКАЗСКІЙ СЪѢЗДЪ БОЛЬШЕВИКОВЪ.

ЗАБАСТОВКА ВЪ АПТЕКАХЪ.

СЪѢЗДЪ ОБОРОНЦЕВЪ ВЪ ГЕРМАНІИ.

СТАТЬИ. СОВѢТЧИКИ КЕРЕНСКАГО — передовая. КРИЗИСЪ НАЗРѢЛЪ. — Н. Ленина. ЗАГОВОРЪ ПРОТИВЪ РЕВОЛЮЦІИ — К. Сталина. РАЗГРУЗКА ПЕТРОГРАДА И ПАЛЬЧИНСКІЙ. — И. Вѣтрова.

Совѣтчики Керенскаго.

Кризисъ назрѣлъ.

Отклики.

В. И. Лениннің «Дағдарыс пісіп жетті» деген мақаласы басылған «Рабочий Путь» газетінің 1917 ж. 20 (7) октябрьдегі 30-номерінің бірінші беті

Кішірейтілген

да *әскери көтерілістердің* басталуы[96],—міне, ұлы бетбұрыстың даусыз белгілері, дүние жүзілік көлемдегі *революция қарсаңының* белгілері осындай.

Күмән жоқ, Германияда бұдан бұрын да әскер арасында жекелеген бүліктер болған, бірақ олар соншалық ұсақ, соншалық бытыраңқы, соншалық әлсіз болып келді, оларды басып тастауға, үн-түнсіз қалдыруға мүмкіндік болды—бүлікшілдік қимылдардың *жаппай жайылуының* алдын алуға қажетті басты нәрсе де осы еді. Ақырында, дәл осындай қозғалыс флотта да пісіп жетілді, тіпті герман әскери-каторгалық режимінің бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде жасалған және адам айтқысыз педанттықпен сақталған бүкіл қаталдықтары жағдайында да оны енді басып тастау да, үн-түнсіз қалдыру да *мүмкін болмады.*

Күмән келтіруге болмайды. Біз бүкіл дүние жүзілік пролетарлық революцияның қарсаңында тұрмыз. Ал барлық елдердің барлық пролетарлық интернационалистерінің ішінде тек біздер—орыс большевиктері ғана, біршама аса зор бостандықпен пайдаланып отырғандықтан, ашық партиямыз, жиырма шақты газетіміз бар, өз жағымызда жұмысшы және солдат депутаттарының астаналық Советтері бар, революция уақытында өз жағымызда халық бұқарасының *көпшілігі* бар болып отырғандықтан, шындығында бізге: кімге көп нәрсе беріліп отырса, одан көп талап етіледі деген сөздерді қолдануға болады және қолдануға да тиіс.

II

Россияда революцияның бетбұрыс кезеңінің болып отырғаны күмәнсыз.

Шаруалар елінде, күні кеше ұсақ буржуазиялық демократияның арасында үстем болған эсерлер партиясы мен меньшевиктер партиясының қолдауына сүйеніп келген революциялық, республикалық үкімет тұсында *шаруалар көтерілісі* өсіп отыр.

Бұл—ғажап нәрсе, бірақ бұл—факт.

Ал бізді, большевиктерді, бұл факт таңдандырмайды, біз әрқашан былай деп келдік: буржуазиямен аты-

шулы «коалиция» жасаушы үкімет—демократизмге және революцияға *опасыздық* жасаушы үкімет, *империалистік* қырғын үкіметі, капиталистер мен помещиктерді халық*тан қорғайтын* үкімет.

Россияда, эсерлер мен меньшевиктердің алдауы нәтижесінде, республика тұсында, революция кезінде Советтермен қатар капиталистер мен помещиктердің үкіметі қалып қойды және қалып та отыр. Ащы да қатал шындық осындай. Империалистік соғыс созылып отырған және оның зардаптары халықты құлақ естімеген азаптарға душар етіп отырған кезде Россияда шаруалар көтерілісі басталса және күшейе түссе, бұған таңданатын несі бар?

Большевиктердің қарсыластары, *ресми* эсер партиясының, барлық уақытта «коалицияны» қолдап келген, соңғы күндерге немесе соңғы апталарға дейін халықтың көпшілігі өз жағында болған, коалиция саясаты арқылы шаруалардың мүдделеріне сатқындық жасалып жүргендігіне көздері жеткен «жаңа» эсерлерді сөгіп және қуғындап жүрген нақ сол ресми эсерлер партиясының көсемдері,—ресми эсер партиясының осы көсемдері 29 сентябрьде өздерінің ресми органы «Дело Народаның» редакциялық бас мақаласында былай деп жазып отырса, таңданатын несі бар:

«...Нақ орталық Россия деревнясында әлі де үстем болып отырған кіріптарлық қатынастарды жою үшін осы уақытқа дейін мардымды еш нәрсе істелген жоқ... Деревнядағы жер жөніндегі қатынастарды тәртіпке келтіру туралы, әлдеқашан Уақытша үкіметке ұсынылған, тіпті Юридикалық кеңес сияқты тазартқыш арқылы өткен заң, осы заң қайдағы бір кеңселерде үмітсіз бөгеліп қалды... Біздің республикалық үкіметіміз патшалық басқарудың ескі дағдыларынан арылудан әлі мүлдем алыс жатыр, революциялық министрлердің тәсілдерінде столыпиндік әдістер әлі де қатты сезіліп отыр дегенімізде, біз дұрыс айтпадық па».

Ресми эсерлер осылай деп жазады! Ойлап қана қараңыздаршы: коалицияны жақтаушылар шаруалар еліндегі революцияның жеті айынан кейін шаруалардың «кіріптарлығын жою үшін», оларды помещиктердің кіріптарлыққа салуын жою үшін «мардымды еш

нәрсе істелген жоқ» деп мойындауға *мәжбүр болып отыр!* Осы эсерлер өз әріптесі Керенскийді және оның бүкіл министрлер бандасын *столыпиншілдер* деп атауға *мәжбүр болып отыр.*

Біздің қарсыластарымыздың лагерінен коалицияның күйрегендігін ғана емес, Керенскийге төзіп отырған ресми эсерлердің *халыққа қарсы, шаруаларға қарсы, контрреволюциялық* партияға айналғандығын ғана емес, сонымен бірге бүкіл орыс революциясының бетбұрысқа жеткендігін растайтын мұнан артық әсерлі айғақ табуға бола ма?

Шаруалар елінде эсер Керенскийдің үкіметіне, меньшевиктер Никитин мен Гвоздевке және капитал мен помещиктер мүдделерінің өкілдері болған басқа да министрлерге қарсы шаруалар көтерілісі болып отыр! Бұл көтеріліс республикалық үкіметтің *әскери шаралары* арқылы басып-жаншылып отыр.

Осындай фактілер болып отырғанда пролетариаттың адал ниетті жақтаушылары болуға, сөйтіп дағдарыстың пісіп жетілгенін, революцияның асқан зор бетбұрысты бастан кешіріп отырғанын, үкіметтің шаруалар көтерілісін жеңуі қазір революцияны түпкілікті көму, корниловшылдықтың түпкілікті салтанат құруы болатынын теріске шығаруға бола ма?

III

Шаруалар елінде, демократиялық республиканың жеті айынан кейін, істің жайы шаруалар көтерілісіне дейін жетіп отырса, онда ол көтеріліс революцияның жалпы ұлттық көлемде күйрегенін, оның болып көрмеген күшті дағдарысын, контрреволюциялық күштердің *ақырғы шегіне* жеткенін айқын дәлелдейді, бұл өзінен-өзі түсінікті.

Бұл өзінен-өзі түсінікті. Шаруалар көтерілісі сияқты факт болып отырғанда, қалған саяси белгілердің бәрі тіпті жалпы ұлттық дағдарыстың осы пісіп жетілуіне қайшы келетін болса да, олардың ешқандай дерлік маңызы болмас еді.

Барлық белгілер, осының керісінше, нақ жалпы ұлттық дағдарыстың пісіп жетілгенін көрсетіп отыр.

Россияның жалпы мемлекеттік өмірінде аграрлық мәселеден кейін әсіресе халықтың ұсақ буржуазиялық бұқарасы үшін ұлт мәселесінің ерекше үлкен маңызы бар. Сондықтан біз мынаны көріп отырмыз: Церетели мырза мен К^0 өціп айналдырган «Демократиялық» кеңесте «ұлттық» курия радикализм жөнінде кәсіптік одақтардан ғана кейін болып және коалицияға *қарсы* берілген дауыстардың проценті жағынан (55-тен 40) жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің куриясынан *жоғары* болып, екінші орында тұрды. Керенскийдің үкіметі, шаруалар көтерілісін басып-жаншушы үкімет, реакцияшыл финн буржуазиясын нығайту үшін Финляндиядан революцияшыл әскерлерді әкетіп отыр. Украинада жалпы алғанда украиндардың, атап айтқанда украин әскерлерінің үкіметпен арадағы жанжалдары барған сайын жиілеп келеді.

Одан соң армияны алайық, соғыс кезінде оның бүкіл мемлекет өмірінде ерекше зор маңызы бар. Біз финлянд әскерлері мен Балтық флотының үкіметтен толық *ажырасып шыққанын* көрдік. Біз большевик емес офицер Дубасовтың сөзінің куәсы болып отырмыз, ол бүкіл майданның атынан сөйледі, сөйлегенде барлық большевиктерден де гөрі революцияшылырақ түрде: солдаттар бұдан әрі соғыспайды деді[97]. Біз солдаттардың пиғылы «ызалы», «тәртіп» үшін (яғни бұл әскерлердің шаруалар көтерілісін басып-жаншуға қатысуына) кепіл болуға болмайды деген үкімет мәлімдемесін көріп отырмыз. Ақырында, біз Москвадағы дауыс беруді көріп отырмыз, онда он жеті мың солдаттың он төрт мыңы большевиктерді жақтап дауыс берді.

Жалпы алғанда Москвада аудандық думалар сайлауындағы бұл дауыс беру жалпы ұлттық пиғылдағы аса терең бетбұрыстың ғажайып белгілерінің бірі болып табылады. Москваның Питерге қарағанда негұрлым ұсақ буржуазиялық екені жалпы жұртқа мәлім. Москва пролетариатының деревнямен байланысы, деревняға іш тартатындығы, деревня шаруаларының

пиғылына жақындығы анағұрлым мол, мұның өзі сан рет дәлелденген және даусыз факт.

Міне, сол Москвада эсерлер мен меньшевиктердің алған дауыстары июньде 70 процент болса, енді 18 процентке дейін төмендеп отыр. Ұсақ буржуазия коалициядан теріс айналып кетті, одан халық теріс айналып кетті, бұған күмәндану мүмкін емес. Кадеттер 17 проценттен 30 процентке дейін күшейді, бірақ олар, өздеріне «оңшыл» эсерлер мен «оңшыл» меньшевиктердің анық қосылуына қарамастан, азшылық, үмітсіз азшылық болып қалды. Ал «Русские Ведомости»[98] былай дейді: кадеттерді жақтап берілген дауыстардың *абсолюттік* саны *67* мыңнан *62* мыңға дейін азайды. Тек большевиктерде ғана дауыстардың саны 34 мыңнан 82 мыңға дейін өсті. Олар барлық дауыстар санының 47 процентін алды. Солшыл эсерлермен бірге біз Советтерде де, армияда да, *елде* де қазір көпшілік болып отырмыз, бұған ешқандай күмән болуы мүмкін емес.

Белгі ретінде ғана емес, сонымен қатар өте-мөте нақты маңызы бар белгілердің қатарына мынаны да жатқызу керек: орасан зор жалпы экономикалық және жалпы саяси, әскери маңызы бар теміржолшылар мен почта қызметшілері армиясының үкіметпен арадағы жанжалы шиеленіскен күйінде қалып отыр[99], қала берді, тіпті қорғампаз-меньшевиктер де «өздерінің» министрі Никитинге риза емес, ал ресми эсерлер Керенский мен К^{0}-ні «столыпиншілдер» деп атайды. Меньшевиктер мен эсерлердің үкіметті осылай «қолдауының», егер маңызы бар болса, тек теріс қана маңызы бар екендігі айқын емес пе?

IV

V

Иә, Орталық Атқару Комитетінің көсемдері буржуазия мен помещиктерді қорғаудың дұрыс тактикасын жүргізіп отыр. Сондықтан мынаған ешбір күмән кел-

тіруге болмайды: большевиктер өздерін конституциялық жалған үміттердің, Советтер съезіне және Құрылтай жиналысының шақырылуына «сенудің», Советтер съезін «күтіп отырудың», т. т. торына түсіруге жол берсе,—күмән жоқ, ондай большевиктер пролетарлық іске *бейшара опасыздық жасаушылар* болып шығар еді.

Олар пролетариатқа опасыздық жасаушылар болар еді, өйткені олар өздерінің әрекетімен флотта көтеріліс бастаған революцияшыл неміс жұмысшыларына сатқындық жасаған болар еді. Мұндай жағдайларда Советтер съезін «күтіп отыру», т. т. *интернационализмге опасыздық жасау*, халықаралық социалистік революция ісіне опасыздық жасау болып табылады.

Өйткені интернационализм құрғақ сөздерден емес, ынтымақтастық сөздер айтудан емес, қарарлардан емес, *істен* көрінеді.

Большевиктер *шаруаларға* опасыздық жасаушылар болған болар еді, өйткені *тіпті* «Дело Народа» столыпиншілдермен салыстырып отырған үкіметтің де шаруалар көтерілісін басып-жаншуына төзу бүкіл революцияны *құрту*, оны біржолата, түпкілікті құрту болып шығады. Анархия туралы, бұқараның селқостығының өсуі туралы даурығады: шаруаларды *көтеріліс жасауға дейін жеткізіп отырғанда,* ал «революциялық демократия» дейтін оны әскер күшімен басып-жаншуға шыдамдылықпен төзіп отырғанда, бұқара сайлауға қалайша селқос қарамасын!!

Большевиктер демократия мен бостандыққа опасыздық жасаушылар болып шығар еді, өйткені шаруалар көтерілісін басып-жаншуға осындай кезеңде төзу—«Демократиялық кеңестің» және «предпарламенттің» өңін айналдырғандағының *дәл өзі сияқты* және одан да гөрі жаман, дөрекілеу түрде—Құрылтай жиналысы сайлауының өңін айналдыруға мүмкіндік беру *деген сөз.*

Дағдарыс пісіп жетті. Орыс революциясының бүкіл болашағы қыл үстінде тұр. Большевиктер партиясының бүкіл ар-намысы екіталай халде. Социализм

жолындағы халықаралық жұмысшы революциясының бүкіл болашағы қыл үстінде тұр.

Дағдарыс пісін жетті...

29 сентябрь, 1917.

Осы жерге дейін басуға болады, ал жалғасы *Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің, Москва комитетінің* және *Советтерінің* мүшелеріне *таратып беру* үшін.

VI

Сонда не істеу керек? aussprechen was ist, «бар нәрсені айту керек», шындықты мойындау керек, біздің Орталық Комитетте және партияның жоғарғы тобында Советтер съезін *күте тұруды* жақтайтын, өкіметті дереу алуға *қарсы,* дереу көтеріліс жасауға *қарсы* ағым немесе пікір бар екендігін мойындау керек. Бұл ағымды немесе пікірді *жеңу* керек[100].

Әйтпесе большевиктер өздерін мәңгі-бақи *масқаралайды* және партия ретінде *жоққа шығады.*

Өйткені мұндай кезеңді пайдаланбау және Советтер съезін «күте тұру»—*барып тұрған naқұрыстық* немесе *барып тұрған опасыздық.*

Неміс жұмысшыларына толық опасыздық жасау. Бізге олардың революциясының *басталуын* күтуге болмайды ғой!! Онда Либердандар да оны «қолдауды» жақтайтын болады. Бірақ Керенский, Кишкин және К^0 өкімет басында отырғанда ол бастала *алмайды.*

Шаруаларға толық опасыздық жасау. Екі бірдей *астаналық* Советке ие болып отырғанда шаруалардың көтерілісін басып-жаншуға жол беру—шаруалардың сенімі атаулыны *жоғалту, лайықты түрде жоғалту* деген сөз, шаруалардың көз алдында Либердандарға және басқа оңбағандарға теңелу деген сөз.

Советтер съезін «күте тұру»—барып тұрған нақұрыстық, өйткені мұның өзі *апталарды* пайдаланбай босқа өткізу деген сөз, ал қазір *бәрін* апталар,

тіпті күндер шешеді. Мұның өзі өкіметті алудан қорқақтықпен *бас тарту* деген сөз, өйткені 1—2 ноябрьде ол мүмкін болмай қалады (саяси жағынан да, техникалық жағынан да мүмкін болмай қалады: зердесіздікпен «тағайындалған»* көтеріліс күніне дейін казактарды жинап алады).

Советтер съезін «күте тұру»—нақұрыстық, өйткені съезд **еш нәрсе бермейді,** *еш нәрсе бере алмайды!*

«Моральдық» маңызы ма? Таңқаларлық нәрсе!! Советтердің шаруаларды *жақтайтындығын* және шаруалар көтерілісінің *басылып-жаншылып жатқандығын* өзіміз біліп отырғанда қарарлардың және Либердандармен әңгімелердің «маңызы» болмақ па!! Біз мұнымен *Советтерді* бейшара мылжыңдардың роліне түсіреміз. Әуелі Керенскийді жеңіп алыңыздар, содан соң съезд шақырыңыздар.

Қазір большевиктер көтерілісте жеңіп *шыға алады*: 1) біз (егер Советтер съезін «күтпесек») *тұтқиылдан* және үш пункттен: Питерден, Москвадан, Балтық флотынан соққы бере аламыз**; 2) бізді қолдауды қамтамасыз ететін ұрандарымыз бар: шаруалардың помещиктерге қарсы көтерілісін басып-жаншушы үкімет жойылсын! 3) біз *елде* көпшілікпіз; 4) меньшевиктер мен эсерлер толық күйреуге ұшырап отыр; 5) Москвада өкіметті алу үшін біздің техникалық мүмкіндігіміз бар (ол жауды күтпеген жерде жеңу үшін тіпті бастай алар еді); 6) Питерде біздің *мыңдаған* қаруланған жұмысшылар мен солдаттар бар, олар Қысқы Сарайды да, Бас Штабты да, телефон станциясын да, ірі баспаханалардың бәрін де *бірден* ала алады; бізді ол жерден қуып шығара алмайды,—ал *армияда* сондайлық үгіт жүргізіледі, осыдан кейін бітім ұсынатын, шаруаларға жер, т. т. беретін үкіметпен күресу мүмкін *болмайды*.

* «Өкіметті алу» мәселесін шешу үшін 20 октябрьге Советтер съезін «шақырудың».—көтерілісті зердесіздікпен тағайындаудан қандай айырмашылығы бар?? Қазір өкіметті алуға болады, ал 20—29 октябрьге оны сіздерге алдырмайды.

** Эсерлердің тұрған жерін және басқаларды *зерттеп білу* үшін партия не істеді? көтерілісті «өнер» ретінде жүзеге асыру үшін не істеді?— Орталық Атқару Комитетінде тек бос сөздер, т. т. ғана!!

Егер біз бірден, тұтқиылдан, үш пункттен, Питерде, Москвада, Балтық флотында, соққы берсек, онда 3—5 июльге қарағанда аз құрбандықпен біздің жеңетіндігімізді жүзден тоқсан тоғызы қуаттайды, өйткені *әскер* бітім беретін үкіметке қарсы *шықпайды*. Тіпті Керенскийдің Питерде «сенімді» атты әскері, т. т. болған *күнде де*, екі жақтап соққы берілген жағдайда, армия *бізге* іш тартқан жағдайда Керенский *берілуге* мәжбүр болады. Егер тіпті қазіргідей мүмкіндіктер болып отырғанда өкіметті алмайтын болсақ, онда өкіметті Советтерге беру туралы әңгімелердің бәрі *жалған сөзге* айналады.

Қазір өкіметті алмау, «күте тұру», Орталық Атқару Комитетте мылжыңдау, «орган үшін күреспен» (Совет органы үшін күреспен), «съезд үшін күреспен» шектелу—*революцияны құрту* деген сөз.

Демократиялық кеңес басталғаннан бергі менің осы рухтағы талаптарымды Орталық Комитет *тіпті жауапсыз* қалдырғанын, предпарламентке қатысуды ұйғарып масқара шешім қабылдағаны сияқты, Советтің президиумынан меньшевиктерге орын беру, т. т. және т. с. сияқты большевиктердің сорақы қателерін көрсетуімді менің мақалаларымнан Орталық Органның *сызып тастағанын* көре отырып,—осыны көре отырып, мен Орталық Комитеттің бұл мәселені тіпті талқылағысы да келмейтінін аңғартатын «емеуірін» білдіру деп, аузыңды жауып, аулақ тұр деген ұсынысты емеурінмен білдіру деп қарауға тиіспін.

Партияның *төменгі орындарында* және партияның съезінде үгіт жүргізуге өзімнің еріктілігімді сақтап қалып, маған *Орталық Комитеттен шығу туралы өтініш беруге* тура келеді, мен солай істеп те отырмын.

Өйткені менің үзілді-кесілді сенімім мынадай: егер біз Советтер съезін «күте тұратын» болсақ, сөйтіп қазіргі кезеңді пайдаланбасақ, біз революцияны *құртамыз*.

29/IX.

Н. Ленин

P. S. Толып жатқан фактілер *тіпті* казак әскерлерінің де бітім беретін үкіметке қарсы шықпайтынын көрсетті! Ал олар қанша? олар қайда? Ал бүкіл армия біздерді *жақтап* әскер бөлімдерін жібермей ме?

I—III және V тараулары 1917 ж. 20 (7) октябрьде «Рабочий Путь» газетінің 30-номерінде басылған; VI тарауы бірінші рет 1924 ж. басылған

I—III тараулары газеттің тексті бойынша, V—VI тараулары қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА, ШАРУАЛАРҒА ЖӘНЕ СОЛДАТТАРҒА

Жолдастар! Керенский кіретін «социалист-революционерлер» партиясы өзінің «Дело Народа» газетінде (30 сентябрьде) сіздерді *«төзе тұруға»* шақырып отыр.

Өкіметті Керенскийдің үкіметіне қалдыруға кеңес бере отырып, өкіметті жұмысшы және солдат депутаттары Советтеріне бермеуге кеңес бере отырып, «төзе тұру қажет»—деп жазады газет. Керенский помещиктерге, капиталистер мен кулактарға сүйене берсін, революцияны жасаған және Корниловтың генералдарын жеңген Советтер «төзе тұрсын»,—дейді бізге. Құрылтай жиналысын тез арада шақырғанға дейін «төзе тұрсын» деседі.

Жолдастар! Өз төңірегіңізге көз жіберіңіздер, деревняда не болып жатқанын, армияда не болып жатқанын қараңыздар, сонда сіздер шаруалар мен солдаттардың бұдан әрі төзіп отыра алмайтынын көресіздер. Бүкіл Россияда *шаруалар көтерілісі* арнасына сыймаған өзендей кең жайылып жатыр, ал осы уақытқа дейін оларға жер бермей алдаумен созбалап келді. Шаруалар төзіп отыра алмайды. Керенский шаруаларды басып-жаныштауға, помещиктерді қорғауға *әскер* жіберіп отыр, Керенский помещиктерді жақтайтын Корниловтың генералдарымен және офицерлерімен тағы да ауыз жаласып отыр.

Қалалардағы жұмысшылар да, майдандағы солдаттар да шаруалардың жер үшін жүргізген әділетті кү-

ресін әскер күшімен бұлайша басып-жаншуға төзіп отыра алмайды.

Майдандағы армияда не болып жатқандығы жөнінде партияда жоқ офицер Дубасов бүкіл Россияның алдында былай деп мәлімдеді: «Солдаттар бұдан әрі соғыспайды». Солдаттар азап шекті, солдаттар жалаң аяқ, солдаттар аш, солдаттар капиталистердің мүдделеріне бола соғысқысы келмейді, оларды бітім туралы әдемі сөздермен дәмелендіре беруге, ал іс жүзінде *барлық* соғысушы халықтарға *бітім ұсынуды* және басып алусыз, әділетті бітім ұсынуды айлар бойы созбұйдаға салуға (Керенскийдің созбұйдаға салып отырғаны сияқты) *«төзгісі»* келмейді.

Жолдастар! Біліп қойыңыздар, *әскерді* жұмысшы және солдат депутаттары *Советтеріне қарсы бастау* үшін, Советтерге *өкіметті бермеу үшін* Керенский Корниловтың генералдарымен және офицерлерімен тағы да келіс сөз жүргізіп жатыр! Керенский Советтерге *«еш уақытта да бағынбайды»*— «Дело Народа» осылай деп тікелей мойындап отыр.

Бәрің де казармаларға барыңдар, казактардың әскер бөлімдеріне барыңдар, еңбекшілерге барыңдар, сөйтіп халыққа *шындықты* түсіндіріңдер:

Егер өкімет Советтерде болса, онда 25 октябрьден кешікпей (егер 20 октябрьде Советтер съезі болатын болса) барлық соғысушы халықтарға *әділетті бітім ұсынылатын болады*. Россияда *жұмысшы және шаруа үкіметі* болады, ол *дереу*, бір күнді де жоғалтпастан, *барлық соғысушы халықтарға әділетті бітім ұсынады*. Сонда халық әділетсіз соғысты кімнің тілейтіндігін біледі. Сонда халық Құрылтай жиналысында шешеді.

Егер өкімет Советтерде болса, онда *помещиктік* жерлер *дереу бүкіл халықтың иелігі және игілігі* деп жарияланады.

Кулактарға, капиталистер мен помещиктерге сүйенетін Керенский және оның үкіметі, міне, осыған қарсы күресіп отыр!

Сіздерді «төзе тұруға» шақырып отырғанда, міне, солар үшін, солардың мүддесін көздеп шақырып отыр!

Жер үшін көтеріліс жасаған шаруаларды Керенскийдің әскер күшімен басып-жаншуына «төзе тұруға» сіздер келісесіздер ме?

Соғысты бұдан әрі соза беруге, *бітім ұсынуды* созбұйдаға салуға, бұрынғы патшаның орыс және ағылшын-француз капиталистерімен құпия шарттарының бұзылуын соза беруге «төзе тұруға» сіздер келісесіздер ме?

Жолдастар! Естеріңізде ме, Керенский Құрылтай жиналысын шақыруға уәде беріп, халықты бір рет алдаған да болатын! Ол 8 июльде салтанатты түрде уәде беріп, Құрылтай жиналысын 17 сентябрьге қарай шақырмақшы болды, Керенский *халықты алдады*. Жолдастар! Кімде-кім Керенскийдің үкіметіне сенетін болса, ол өзінің бауырларына—шаруалар мен солдаттарға опасыздық жасайды!

Жоқ, халық созбұйдаға салуға бұдан әрі *бір күн де* төзіп отыруға келіспейді! Дереу *әділетті бітімді ұсыну* мүмкін әрі керек болып отырғанда шаруаларды әскер күшімен басып-жаншуға, соғыста мың-мыңдаған адамның қырылуына *бір күн де* төзіп отыруға болмайды.

Шаруаларды басып-жаншу үшін, шаруаларға оқ ату үшін, соғысты соза беру үшін Корниловтың помещик-генералдарымен сөз байласып отырған *Керенскийдің үкіметі жойылсын!*

Бүкіл өкімет жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне берілсін!

1917 ж. 30 сентябрьден (13 октябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 23 апрельде «Правда» газетінің 93-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕР МЕМЛЕКЕТТІК ӨКІМЕТТІ ҰСТАП ТҰРА АЛА МА?[101]

*1917 ж. сентябрьдің аяғында —
1 (14) октябрьде жазылған*

*1917 ж. октябрьде «Просвещение»
журналының 1—2-номерінде
басылған*

*Журналдың тексті бойынша
басылып отыр*

ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапша, текстінен көрініп отырғанындай, 1917 жылы сентябрьдің аяқ кезінде жазылып, 1 октябрьде аяқталған.

25 октябрьдегі революция бұл кітапшада қойылған мәселені теория саласынан практика саласына көшірді.

Енді бұл мәселеге сөзбен емес, іспен жауап беру керек. Большевиктік өкіметке қарсы теориялық дәлелдер мүлде әлсіз. Бұл дәлелдердің тас-талқаны шығарылды.

Ендігі міндет мынада: жұмысшы және шаруа үкіметінің өміршеңдігін алдыңғы қатарлы таптың—пролетариаттың—*практикасы* арқылы дәлелдеу керек. Асқан зор тарихи мәселені практикалық тұрғыдан шешу үшін саналы жұмысшылардың бәрі, шаруалардың ішіндегі қабілетті және адал адамдардың бәрі, еңбекшілер мен қаналушылардың бәрі барлық күшін жұмсайды.

Жұмысқа кірісейік, бәріміз де жұмысқа кірісейік, бүкіл дүние жүзілік социалистік революция ісі жеңуге тиіс және жеңіп шығады да.

Петербург, 9 ноябрь, 1917 ж.

Н. Ленин

1918 ж. мына кітапшада басылған: Н. Ленин. «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?», «Солдат және шаруа кітапханасы» сериясы, Петербург

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

«Речьтен» бастап «Новая Жизньді» қоса алғанға дейінгі, корниловшыл-кадеттерден жартылай большевиктерге дейінгі барлық бағыттар, большевиктерден басқалардың *барлығы* не нәрсеге келіседі?

Олардың бәрі: большевиктердің бір өздерінің бүкіл мемлекеттік өкіметті өз қолдарына алуға не еш уақытта батылы бармайды, не егер батылы барып, ала қалса, оны тіпті аз уақыт болса да ұстап тұра алмайды дегенге келіседі.

Егер біреу-міреу бүкіл мемлекеттік өкіметті большевиктердің бір өздерінің ғана алуы туралы мәселені — ешбір жүзеге аспайтын саяси мәселе, оны жүзеге асады деп тек қайсыбір «фанатиктің» барып тұрған оңбаған менмендігі ғана санай алады деген пікір айтатын болса, онда біз ол пікірді түрлі «түсті» саяси партиялар мен бағыттардың ең жауаптылары мен ең беделділерінің дәлме-дәл мәлімдемелерін келтіре отырып теріске шығарамыз.

Бірақ алдымен белгіленген мәселелердің біріншісі туралы, атап айтқанда: большевиктердің бір өздерінің ғана бүкіл мемлекеттік өкіметті өз қолдарына алуға батылы бара ма? деген мәселе туралы бірер сөз айта кетейік. Мен мұнан бұрын, Советтердің Бүкіл россиялық съезінде Церетелидің министрлік сөздерінің бірі кезінде отырған орнымнан дауыстап жасаған бір ескертпемде бұл сұраққа өкіметті ала алады деп үзілді-кесілді жауап берген болатынмын[102]. Ал мен больше-

виктердің тарапынан біз өкіметті бір өзіміз алмауымыз керек деген мәлімдемелер жасалғанын баспасөзде де, ауызекі де кездестірген емеспін. Мен әлі де сол көзқарастамын: жалпы алғанда саяси партия — ал жекелеп алғанда алдыңғы қатарлы таптың партиясы — өкіметті алуға мүмкіндік болып тұрғанда, өкіметтен бас тартса, өмір сүруге правосыз болар еді, партия деп саналуға лайықты болмас еді, барлық мағынада алғанда да, бейшара ноль болар еді.

Енді өзіміз назар аударып отырған мәселе жөнінде кадеттердің, эсерлердің және жартылай большевиктердің (мен оларды тіпті ширек большевиктер дер едім) мәлімдемелерін келтірейік.

«Речьтің» 16 сентябрьдегі бас мақаласы:

«...Александр театрының залында алауыздық пен ауа жайылушылық үстем болды, социалистік баспасөз де нақ сондай көріністі бейнелеп отыр. Тек большевиктердің көзқарасы ғана анықтығымен және турашылдығымен ерекшеленеді. Кеңесте бұл көзқарас азшылықтың көзқарасы болды. Советтерде бұл — барған сайын күшейіп келе жатқан ағым. Бірақ сөз жүзіндегі бүкіл албырттығына, мақтаншақ сөздеріне, менмендік көрсеткеніне қарамастан, азғантай фанатиктері болмаса, большевиктер тек сөз жүзінде ғана батыр. «Бүкіл өкіметті» қолға алуға олар өз беттерімен талаптана алмас еді. Par excellence* іріткі салушылар және бүлдіргіштер бола отырып, олар, асылында, өздерінің ішкі надандығын да, өздерінің қазіргі табыстарының уақытша екендігін де іштей сондай жақсы сезетін қорқақтар. Өздерінің біржолата жеңуінің алғашқы күні өздерінің құлдырап құлауының да алғашқы күні болатындығын біз бәріміз қандай жақсы түсінсек, олар да сондай жақсы түсінеді. Олар өздерінің жаратылысы жағынан жауапсыздар, әдістері мен тәсілдері жағынан анархистер, олар саяси ой бағыттарының бірі, дұрысырақ айтқанда, оның аберрацияларының бірі ғана бола алады. Большевизмнен көп жыл бойына құтылудың, оны құлатудың ең жақсы жолы — оның көсемдеріне елдің тағдырын беріп қою болар еді. Егер бұл сияқты тәжірибелердің рұқсат етуге болмайтын және мерт ететін тәжірибе екендігін түсінушілік болмаса, онда ашыну үстінде мұндай ерлік амалға да бел байлауға болар еді. Қайталап айтайық, бақытқа қарай, бүгінгі күннің бұл бейшара батырлары бүкіл өкіметті толығымен өздерінің қолдарына алуға іс жүзінде тіпті тырысып та отырған жоқ. Олардың қолынан еш бір жағдайда да жасампаздық жұмыс келмейді. Сонымен, олардың көзқарасының анықтығы

* — көбінесе. *Ред.*

мен турашылдығының бәрі саяси трибуна саласынан, митингілік сөздер саласынан әрі бармайды. Олардың позициясы қай тұрғыдан қарағанда да практика жүзінде санасуға тұрмайды. Айтпақшы, оның бір ретте кейбір реалды салдары бар: ол «социалистік ойдың» барлық басқа сарындарын өзіне қарсы етіп біріктіріп отыр...».

Кадеттер осылайша пайымдайды. Ал Россиядағы ең үлкен, «үстемдік етуші және үкімет басындағы» партияның, «социалист-революционерлер» партиясының көзқарасы, олардың ресми органы «Дело Народаның» 21 сентябрьдегі жаңағыдай, қол қойылмаған, ягни редакциялық бас мақаласындағы көзқарасы, міне, мынадай:

«...Егер буржуазия Құрылтай жиналысына дейін Кеңес бекіткен платформа негізінде демократиямен бірлесіп жұмыс істегісі келмесе, онда *коалиция Кеңес құрамының өз ішінен құралуға тиіс.* Бұл — коалицияны қорғаушылардың тарапынан ауыр шығын, *бірақ оған өкіметтің «таза бағыты» идеясын насихаттаушылар да баруға тиіс.* Бірақ біз мұнда келісімнің болмай қалуы да мүмкін деп қауіптенеміз. Олай болған күнде үшінші және ең ақырғы комбинация қалады: өкіметті Кеңестің өкімет біртекті болсын деген идеяны *принцип жүзінде* қорғаған бөлегі ұйымдастыруға міндетті.

Ашық айталық: *большевиктер кабинет құруға міндетті болады.* Олар революциялық демократияға коалицияны жек көруді аса күшті жігермен сіңіріп келді, «келісімпаздықты» жойғаннан кейін неше түрлі игіліктер болады деп оған уәде берді, елдің күйзелушілігінің барлығы осы «келісімпаздықта» деп түсіндірді.

Егер олар өздерінің *үгіті* жөнінде ойлапған болса, егер олар *бұқараны алдамаған болса,* онда *олар* оңды-солды үлестірілген вексель бойынша төлеуге *міндетті.*

Мәселе айқын қойылып отыр.

Сондықтан олардың өкіметті алуы мүмкін емес екендігі туралы лезде жасала қоятын теориялардың тасасына жасырынамыз деп олар босқа әуре болмай-ақ қойсын.

Мұндай теорияларды демократия қабылдамайды.

Сонымен қатар коалиция жағындағылар оларды толық қолдайтындығы жөнінде кепілдік беруге тиіс. Біздің алдымызда тұрған үш комбинация, үш жол, міне, осы — басқа жол жоқ»! (Курсив «Дело Народаның» өзінікі.)

Эсерлер осылайша пайымдайды. Ақырында, егер «Новая Жизньдегі» «ширек большевиктердің» екі орындықтың арасында отыруға тырысуын позиция деп

атау мүмкін болса, олардың «Новая Жизньнің» 23 сентябрьдегі редакциялық бас мақаласынан алынған «позициясы», міне, мынадай:

«...Егер Коноваловпен және Кишкинмен тағы да коалиция жасалатын болса, онда бұл демократияның жаңадан тізе бүгуінің және Кеңестің 14 августағы платформа негізіндегі жауапты өкімет туралы қарарын бұзғандықтың дәл өзі болады...

...Коалициялық кабинеттегі жауапты социалист-министрлер өздерінің есеп беретінін онша сезе қоймағаны сияқты, меньшевиктер мен эсерлердің біртекті министрлігі де өздерінің есеп беретінін онша сезе қоймайтын болады... Мұндай үкіметтің өз төңірегіне революцияның «қабілетті күштеріп» ұйымдастыра алмайтыны былай тұрсын, тіпті революцияның авангардының— пролетариаттың азды-көпті елеулі қолдауына да үміт арта алмас еді.

Алайда біртекті кабинеттің басқа типінің — «пролетариат пен ең кедей шаруалар» үкіметінің құрылуы бұл жағдайдан құтылудың жақсы жолы емес, бұрынғыдан да жаман жолы болар еді, шындығында құтылу жолы емес, тек құлау жолы болар еді. Рас, мұндай ұранды «Рабочий Путьтің» әлдеқалай, тайсақтап жазған, ізінше үнемі «түсіндіріліп» жүрген ескертпелерінен басқа ешкім де ұсынып отырған жоқ». (Бұл барып тұрған өтірікті тіпті «Дело Народаның» 21 сентябрьдегі бас мақаласын да ұмытып отырған жауапты публицистер «батылы барып» жазып отыр...)

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін деген ұранды большевиктер қазір ресми түрде қайта көтеріп отыр. Июль күндерінен соң, Советтер, Орталық Атқару Комитеті арқылы, белсенді түрде антибольшевиктік саясат жолына ашық түскеннен кейін бұл ұран алынып тасталған еді. Ал қазір «Советтің бағытын» түзелді деп санауға болатыны былай тұрсын, сонымен қатар алдағы болатын Советтер съезінде көпшілік большевиктер жағында болады деп санауға барлық негіздер бар. Мұндай жағдайда большевиктер қайта көтеріп отырған «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран—нақ пролетариат пен «ең кедей шаруалардың» диктатурасын орнатуға бағытталған «тактикалық бағыт». Рас, Советтер дегенде оның ішінде шаруа депутаттарының Советтері де айтылады, сөйтіп большевик-

тік ұран Россиядағы бүкіл демократияның басым көпшілігіне сүйенетін өкімет құруды көздейді. Бірақ олай болған күнде «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран дербес мағынасын жояды, өйткені онда Советтер, өзінің құрамы жағынан, Кеңес құратын «предпарламентпен» бірдей дерлік болып шығады...» («Новая Жизньнің» айтып отырғаны барып тұрған ұятсыз өтірік, мұның өзі демократизмге подлог жасау, өңін айналдыру демократизммен «бірдей дерлік» деумен барабар: предпарламент — халық азшылығының еркін, әсіресе Кускованың, Беркенгеймнің, Чайковскийлердің және К^{0}-нің еркін көпшіліктің еркі етіп көрсететін *подлог.* Бұл бір. Екіншіден, тіпті Авксентьевтер мен Чайковскийлер өңін айналдырған шаруа Советтері Кеңесте коалицияға қарсылардың көп процентін бергені соншa, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерін қосқанда *коалицияның сөзсіз күйреуі* болып шығатын еді. Ал үшіншіден, «өкімет Советтерге берілсін» деу шаруа Советтерінің өкіметі көбінесе деревняда үстемдік етеді деген сөз, ал деревняларда *ең кедей* шаруалардың басым екені даусыз). «...Егер бұл екеуінің мәні бірдей болса, онда большевиктік ұран күн тәртібінен дереу алынып тасталуға тиіс. Ал егер «өкімет Советтерге берілсін» деген ұран пролетариат диктатурасын тек бүркемелейтін ғана болса, онда мұндай өкімет революцияның нақ сәтсіздікке ұшырауы мен күйреуін білдіреді.

Елдегі басқа таптардан ғана емес, сонымен қатар демократияның шын қабілетті күштерінен де оқшау қалған пролетариаттың ерекше күрделі жағдайда мемлекеттік аппаратты техникалық жағынан меңгере алмайтындығын және оны жүргізе алмайтынын да, тек пролетариат диктатурасын ғана емес, оның үстіне бүкіл революцияны да қоса жайпап тастайтын жау күштердің бүкіл тегеурініне қарсы тұруға саяси жағынан қабілетсіз болатынын да дәлелдеп жату керек пе?

Қазіргі кезеңнің талаптарына сай келетін бірден-бір өкімет қазіргі уақытта демократияның ішіндегі шын адал коалиция болып табылады».

* *
*

Ұзақ көшірмелер келтіргеніміз үшін оқушылардан ғапу өтінеміз, бірақ бұлар сөзсіз қажет болды. Большевиктерге қас әр түрлі партиялардың позицияларын дәл көрсету қажет болды. Бұл партиялардың *бәрі* большевиктердің бір өздерінің бүкіл мемлекеттік өкіметті толығымен қолына алуы туралы мәселені әбден жүзеге асатын мәселе деп қана танып қоймай, сонымен қатар актуальды, толғағы жеткен мәселе деп танығандығы туралы өте маңызды жағдайды дәлме-дәл дәлелдеу қажет болды.

Енді кадеттерден бастап новожизньшілдерге дейінгілердің «бәрі» большевиктер өкіметті ұстап тұра алмайды дегенге көз жеткізіп отырған дәлелдерді талдауға көшейік.

Дардай «Речь» тіпті ешқандай дәлелдер келтірмейді. Ол большевиктерді тек барып тұрған жаман, ызалы сөздермен балағаттай берген. Көрдіңіз бе, «Речь» өкіметті алуға большевиктерді «арандатпақ», сондықтан «сақтаныңыздар, жолдастар, өйткені дұшпанның жақсы ақыл бермейтіні анық!» деген сияқты ойлаудың қаншалықты теріс болатындығын, айталық, біздің келтірген цитатымыз көрсетіп отыр. Егер біз жалпы да, нақтылы да сипаттағы пікірлерді тыңғылықты түрде есепке алудың орнына буржуазия өкіметті алуға бізді «арандатпақ» деп өзімізді өзіміз «иландыра» берсек, онда буржуазия бізді ақымақ еткен болып шығады, өйткені ол өкіметті большевиктер алса, миллиондаған пәлелер болады деп қашан да болсын сөзсіз өшіге сәуегейленеді, қашан да болсын: «большевиктерді өкімет басыпа жіберіп алсақ, сонан соң оларды біржолата талқандасақ, олардан бірдеп және «көп жылдар бойына» құтылсақ бәрінен де жақсы болар еді» деп өшпенді айқайға басады. Білгіңіз келсе, мұндай айқайлардың өзі де «арандату», тек қарама-қарсы жағынан «арандату» болады. Кадеттер мен буржуа бізге өкіметті алуға әсте де «ақыл бермейді», ешқашан «ақыл берген» жоқ, олар өкіметтің бейнебір шешілмейтін міндеттерін айтып, бізді *қорқытуға* тырысады.

Жоқ. Біз үрейі ұшқан буржуаның айқайынан қорықпауымыз керек. Біз өзіміздің алдымызға «шешілмейтін» қоғамдық міндеттерді ешқашан да қоймағанымызды мықтап есте ұстауға тиіспіз, ал өте қиын жағдайдан шығудың бірден-бір жолы ретінде социализмге дереу қадам басудың *әбден* шешуге болатын міндеттерін *тек* пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы *ғана шеше алады*. Егер пролетариат өкіметті алса, оның жеңуі және баянды түрде жеңуі қазір Россияда басқа қай кездегіден болса да, басқа қай жердегіден болса да әлдеқайда көп қамтамасыз етіліп отыр.

Қайсыбір жеке кезеңді қолайсыз ететін *нақты* жағдайларды таза тыңғылықты түрде талқылайық, бірақ буржуазияның ызалы байбаламынан бір минут та қорықпайтын болайық, сөйтіп большевиктердің бүкіл өкіметті қолына алуы туралы мәселе шынында да *толғағы жеткен* мәселеге айналып отырғанын ұмытпалық. Қазір мұны ұмытсақ, бұдан біздің партиямызға келетін қатер біздің өкіметті алу «әлі ерте» деп тануымыздан келетін қатерден де өлшеусіз үлкен. Қазір бұл жөнінде «әлі ерте» деу *болмауға* тиіс: мұны бірді-екілісі болмаса, миллион мүмкіндіктің бәрі де көрсетіп отыр.

«Речьтің» өшпенді балағаты туралы мынаны қайталап айтуға болады және қайталап айту керек те:

> Мақтауды майша ағызып көптірер
> Ділмарлықты мақұлдау деп санамай,
> Ызалы ащы айқайды ол құптағандық деп білер!

Буржуазияның бізді соншама өлердей жек көруінің өзі-ақ біз буржуазияның үстемдігін құлатудың жолдары мен құралдарын халыққа *дұрыс* көрсетіп отырмыз деген ақиқаттың ең айқын дәлелдерінің бірі болып табылады.

* *
*

«Дело Народа» бұл жолы, сирек болатын ерекшелік ретінде, бізді өзінің балағаттауы арқылы қошеметтей қойған жоқ, бірақ титтей дәлел де келтірген жоқ. Ол бізді тек жанамалап қана, емеурінмен ғана «больше-

виктер кабинет құруға міндетті болады» деген перспективамен *қорқытпақшы* болады. Эсерлер, бізді қорқытамыз деп, үрейі ұшқан либералдың елесінен өздерінің шынымен қорыққаны, өлердей қорыққаны әбден мүмкін деп білемін. Сондай-ақ Орталық Атқару Комитеті сияқты және соған ұқсас «байланыс жасау» (ягни кадеттермен араласып жүрген, қарапайым тілмен айтқанда, кадеттермен ауыз жаласатын) комиссиялары сияқты қайсыбір ерекше жоғары және ерекше шірік мекемелерде большевиктердің кейбіреулерін қорқыту эсерлердің қолынан келуі де мүмкін деп білемін, өйткені, біріншіден, барлық осы Орталық Атқару Комитетінде, «предпарламентте», т. т. атмосфера бықсық, жүрек айнырлықтай сасық, мұндай атмосферада ұзақ уақыт болу *қандай* адамға *болса да* зиянды, ал екіншіден, шын ниет жұқпалы келеді, сондықтан шын ниетімен қорыққан филистер тіпті жеке революционерді уақытша болса да филистерге айналдыра алады.

Бірақ кадеттермен бірге министр болып немесе кадеттердің алдында министериабельдік жағдайда болып, сорға батып жүрген эсердің шынымен үрейленгені «адамшылық жолмен» ойлағанда қаншама түсінікті болса да, одан қорқу пролетариатқа опасыздық жасаумен оп-оңай шендесіп кетуі мүмкін саяси қате істегендік болар еді. Сіздердің тыңғылықты дәлелдеріңіз қайда, мырзалар! Сіздердің үрейленгендеріңізден біз қорқа қояды екен деп дәмеленбеңіздер!

* *
*

Бұл жолы тыңғылықты дәлелдерді біз «Новая Жизньпен» ғана кездестіріп отырмыз. Бұл жолы «Новая Жизнь» өзіне неғұрлым жарасымды рольді, буржуазияға адвокат болу ролін атқарып отыр, бұл барлық жағынан да сүйкімді осы бикешті көріну көзге «ұятқа қалдыратын» большевиктердің қорғаушысы болу ролінен гөрі үйлесімдірек.

Адвокат *алты* дәлел келтірген:

1) пролетариат «елдегі басқа таптардан оқшау қалып отыр»;

2) ол «демократияның шын қабілетті күштерінен оқшау қалып отыр»;

3) ол «мемлекеттік аппаратты техникалық жағынан меңгере алмайды»;

4) ол бұл аппаратты «жүргізе алмайды»;

5) «жағдай ерекше күрделі»;

6) ол «тек пролетариат диктатурасын ғана емес, оның үстіне бүкіл революцияны да қоса жайпап тастайтын жау күштердің бүкіл тегеурініне қарсы тұра алмайды».

Бірінші дәлелді «Новая Жизнь» кісі күлерліктей олақ баяндаған, өйткені капиталистік және жартылай капиталистік қоғамда біз білетін үш тап қана бар: буржуазия, ұсақ буржуазия (оның басты өкілі — шаруалар) және пролетариат. Әңгіме пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі туралы, буржуазияға қарсы революция туралы болып отырғанда, пролетариаттың басқа таптардан оқшау қалуы туралы айтудың қандай мән-мағынасы бар?

Сірә, «Новая Жизнь» пролетариат шаруалардан оқшау қалып отыр демек болған шығар, өйткені, шынына келгенде, бұл арада әңгіме помещиктер туралы болып отырған жоқ қой. Бірақ пролетариат қазір шаруалардан оқшау қалып отыр деп дәл, ашық айтуға болмайтын болды, өйткені бұлай пайымдаудың мейлінше теріс екендігі бадырайып көрініп тұр.

Капиталистік елде пролетариаттың қазіргі Россияның пролетариаты сияқты болып ұсақ буржуазиядан — және де есіңізде болсын: *буржуазияға қарсы* революцияда — осынша аз оқшаулануын табу қиын. Объективті және даусыз деректерден бізде буржуазиямен коалиция жасауды *жақтап* және оған *қарсы* болып церетелилік «Булыгин думасының», яғни атышулы «Демократиялық» кеңестің «курияларының» бойынша берілген дауыстар туралы ең жаңа деректер бар. Советтер курияларын алайық. Сонда былай болып шығады [337-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Сөйтіп, тұтас алғанда көпшілік пролетарлық ұран жағында: буржуазиямен коалиция жасауға *қарсы.* Ал Советтерде большевиктердің ықпалы күшейгенін тіпті

	Коалицияны жақтаушы	Қарсы
Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері	83	192
Шаруа депутаттарының Советтері	102	70
Барлық Советтер	185	262

кадеттердің де мойындауға мәжбүр болғанын біз жоғарыда көрдік. Ал біздің бұл жерде айтып отырғанымыз: орталық мекемелерде көпшілік болуы қамтамасыз етілген, Советтердің *кешегі күнгі* көсемдері — эсерлер мен меньшевиктердің шақырған Кеңесі ғой! Советтерде большевиктердің *шын* басымдығының бұл арада *кемітіліп* көрсетілгені айқын.

Буржуазиямен коалиция жасау туралы мәселе жөнінде де, помещиктік жерді дереу шаруалар комитеттеріне беру туралы мәселе жөнінде де большевиктер қазірдің өзінде жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтерінде *көпшілікке, халықтың көпшілігіне,* ұсақ буржуазияның көпшілігіне ие болып отыр. «Рабочий Путь» 24 сентябрьдегі 19-номерінде шаруа депутаттары жергілікті Советтерінің 18 сентябрьде Питерде болған кеңесі туралы эсерлердің органы «Знамя Труданың»[103] 25-номерінен мәліметтер келтірген. Ол кеңесте шаруа Советтерінің төртеуінің (Кострома, Москва, Самара және Таврия губернияларының) атқару комитеттері шек қойылмайтын коалицияны жақтап шыққан. *Үш* губернияның (Владимир, Рязань және Қара теңіз губернияларының) және *екі* армияның атқару комитеттері кадеттерсіз болатын коалицияны жақтап шыққан. *Жиырма үш* губернияның және *төрт* армияның атқару комитеттері коалицияға қарсы шыққан.

Сөйтіп, шаруалардың көпшілігі коалицияға қарсы!

Міне, сізге «пролетариаттың оқшау қалғандығы» деген.

Сөз арасында мынаны атап көрсеткен жөн: шет аймақтағы үш губерния: жалдама жұмысшыларға жұмыс істететін бай шаруалары, ірі помещиктері басқалармен салыстырғанда өте көп Самара, Таврия және Қара теңіз губерниялары, сондай-ақ Россия губернияларының көп-

шілігіндегіден гөрі шаруа буржуазиясы күштірек өнеркәсіпті төрт губерния (Владимир, Рязань, Кострома және Москва губерниялары) коалицияны жақтаған. Бұл мәселе жөнінде неғұрлым толық деректер жинап, шаруалары неғұрлым *«бай»* губерниялардағы *ең кедей* шаруалар туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеру қызғылықты болар еді.

Одан соңғы бір қызғылықты нәрсе — «ұлттық топтарда» коалицияға қарсылар өте басым болып отыр, атап айтқанда: 15 дауысқа қарсы 40 дауыс болып отыр. Бонапартист Керенский мен К⁰-нің Россиядағы толық праволы емес ұлттар жөніндегі аннексионистік, өрескел зорлықшылдық саясаты өзінің жемісін берді. Езілген ұлттар халқының қалың бұқарасы, яғни олардың ішіндегі ұсақ буржуазия бұқарасы Россияның буржуазиясынан гөрі пролетариатына көп сенеді, өйткені бұл арада тарих езілген ұлттардың езуші ұлттарға қарсы азаттық жолындағы күресін күн тәртібіне қойып отыр. Буржуазия езілген ұлттардың бостандығы ісіне пасықтықпен опасыздық етті, пролетариат бостандық ісіне адал.

Ұлт мәселесі мен аграрлық мәселе — қазіргі уақытта Россия халқының ұсақ буржуазиялық бұқарасының күн тәртібінде тұрған түбегейлі мәселелер. Бұл даусыз. Ал осы екі мәселеде де пролетариаттың «оқшау *қалмағаны»* айрықша нәрсе. Ол өз соңына халықтың көпшілігін ертіп отыр. Бұл мәселенің екеуі жөнінде де *бір* ғана пролетариат сондайлық батыл, нағыз «революциялық-демократиялық» саясатты жүргізе алады; бұл саясат пролетарлық мемлекеттік өкіметті халықтың көпшілігі қолдауын бірден қамтамасыз ететіні былай тұрсын, сонымен қатар бұқара арасында революциялық ынта-жігердің нағыз шарықтауын да қамтамасыз етер еді, өйткені бұқараның тұңғыш рет үкімет тарапынан кездестіретіні: патша өкіметі тұсындағыдай помещиктердің шаруаларды, великоростардың украиндарды аяусыз езуі емес, республика тұсында әсем сөздермен бүркемеленген сол бір саясатты жүргізе беруге тырысушылық емес, жоққа байлану, жәбір-жапа, жала, созбұйдаға салу, іштен шалу, қулық-сұмдық емес (бұлардың бәрі қазір Керенскийдің шаруаларға және езілген

ұлттарға беріп отырған сыйлығы), қайта іс жүзінде дәлелденетін қызу тілектестік, помещиктерге қарсы дереу және революциялық шаралар қолдану, Финляндияға, Украинаға, Белоруссияға, мұсылмандарға, т. т. *толық* бостандық берілуін дереу қайтадан қалпына келтіру болар еді.

Эсер және меньшевик мырзалар мұны өте жақсы біледі, сондықтан да олар өздерінің бұқараға *қарсы реакциялық*-демократиялық саясатына демеу болу үшін кооператорлардың жартылай кадеттік жоғарғы тобын тықпалап отыр. Сондықтан практикалық саясаттың белгілі бір пункттері жөнінде, мәселен, бүкіл помещиктік жерлерді дереу шаруалар комитеттеріне беру керек пе, финдердің немесе украиндардың, т. т. қайсыбір талаптарын орындау керек пе деп бұқараға сұрау салуға, референдум өткізуге немесе тым болмағанда барлық жергілікті Советтерде, барлық жергілікті ұйымдарда дауысқа салуға олардың еш уақытта батылы бармайды.

Ал бітім туралы мәселе — бүкіл қазіргі өмірдің ең іргелі мәселесі. Пролетариат «басқа таптардан оқшау қалып отыр»... Пролетариат мұнда шын мәнісінде *бүкіл* ұлттың, *барлық* таптардың ішіндегі барлық қабілеттілері мен адалдарының, ұсақ буржуазияның орасан зор көпшілігінің өкілі болып отыр, өйткені тек қана пролетариат, өкіметке қолы жеткен соң, соғысып жатқан барлық халықтарға *бірден-ақ* әділетті бітім ұсынады, мүмкін болғанынша тез, мүмкін болғанынша неғұрлым әділетті бітімге жету үшін шын *революциялық* шараларға (жасырын шарттарды жариялауға, т. т.) тек қана пролетариат бара алады.

Жоқ. Пролетариат оқшау қалды деп даурығып жүрген «Новая Жизньдегі» мырзалар мұнысымен тек өздерінің буржуазиядан субъективтік жағынан қорқып қалғандығын ғана көрсетеді. Россиядағы істің объективті жағдайына қарағанда, *дәл осы кезде* пролетариаттың ұсақ буржуазияның көпшілігінен «оқшау» қалмағаны даусыз. Дәл осы кезде, «коалицияның» күйінішті тәжірибесінен соң, халықтың *көпшілігінің* тілектестігі пролетариат жағында болып отыр. Большевиктердің

өкіметті ұстап тұра алуының *бұл* шарты іс жүзінде *бар*.

* *
*

Екінші дәлел мынадай: пролетариат «демократияның шын қабілетті күштерінен оқшау қалып отыр» деу. Мұның не деген сөз екенін түсіну мүмкін емес. Бұл, сірә, мұндай жағдайларда французлардың айтатынындай, «грекше» айтылған болар.

«Новая Жизньнің» жазушылары—министериабельдікке лайық адамдар. Олар кадеттердің тұсында министрге толық жарап кеткен болар еді. Өйткені мұндай министрлерден тек мүлде ешбір мағынасы жоқ, қандай арамдықты болса да бүркеуге болатын, сондықтан империалистер мен социал-империалистердің қол шапалақтауы қамтамасыз етіліп отырған нақ мүләйім және сыпайы жағымпаз сөздер айта білу ғана талап етіледі. Пролетариат демократияның шын қабілетті күштерінен оқшау қалып отыр деген создері үшін новожизньшілдерге кадеттердің, Брешковскаяның, Плехановтың және К^0-нің қол шапалақтауы қамтамасыз етілген, өйткені бұл жерде *жанама* формада кадеттер, Брешковская, Плеханов, Керенский және К^0 «демократияның қабілетті күштері» делініп отыр—немесе бұл сөз осылай деп айтылған сияқты болып түсініледі.

Бұл дұрыс емес. Бұлар өлі күштер. Мұны коалицияның тарихы дәлелдеді.

Буржуазиядан және буржуазиялық-интеллигенттік жағдайдан қорқып қалған новожизньшілдер «Воля Народа», «Единство», т. т. сияқты кадеттерден түк айырмашылығы жоқ эсерлер мен меньшевиктердің *оң* қанатын «қабілетті» деп санайды. Ал біз кулактармен емес, бұқарамен байланыстыларды ғана, коалицияның сабақтары арқасында коалициядан безгендерді ғана қабілетті деп санаймыз. Ұсақ буржуазиялық демократияның «іскер қабілетті күштері»— эсерлер мен меньшевиктердің сол қанатындағылар. Осы сол қанаттың күшейгені, әсіресе июльдегі контрреволюциядан кейін, пролетариаттың оқшау *емес* екендігінің мейлінше сенімді объективтік белгілерінің бірі.

Мұны ең соңғы уақытта эсерлердің центровиктерінің солға қарай ауытқулары бұрынғыдан да айқынырақ көрсетеді, бұл ауытқуды 24 сентябрьде Черновтың өз тобының Кишкинмен және К^0-мен жасалатын жаңа коалицияны қолдай алмайтыны туралы мәлімдемесі дәлелдеп отыр. Осы күнге дейін эсерлер партиясында, қаладан, әсіресе деревнядан жинаған дауыстарының саны жөнінен басты және үстем партияда басым көпшілік болып келген эсерлік центрдің солға ауытқулары «Дело Народаның» — демократия таза большевиктік үкіметті белгілі жағдайларда «толық қолдауға кепілдік беруі» қажет деген жоғарыда біз цитатқа алған мәлімдемелерінің, міне, бұл мәлімдемелердің қалай да бос сөз ғана еместігін дәлелдейді.

Эсерлік центрдің Кишкинмен жаңадан коалиция жасауды қолдаудан бас тартуы немесе провинциядағы (Кавказда Жордания, т. т.) *қорғампаз-меньшевиктер* арасында коалицияға *қарсылардың* басым болуы сияқты фактілер осы кезге дейін меньшевиктер мен эсерлерге еріп келген *бұқараның* белгілі бір бөлегінің таза большевиктік үкіметті *қолдайтындығының* объективті дәлелі болып табылады.

Россия пролетариаты қазір демократияның нақ *қабілетті* күштерінен оқшау қалып отырған жоқ.

* *
*

Үшінші дәлел: пролетариат «мемлекеттік аппаратты техникалық жағынан меңгере алмайды» деу. Бұл, тегінде, ең дағдылы, мейлінше көп айтылып жүрген дәлел болу керек. Дәл осы себептен де және жеңімпаз пролетариаттың алдында тұрған ең *елеулі*, ең *қиын* міндеттердің бірін көрсететін болғандықтан да бұл дәлелге көбірек көңіл бөлуге тұрады. Бұл міндеттердің өте қиын екендігінде күмән жоқ, бірақ егер біз өзімізді социалистерміз деп ағай отырып, ондай міндеттерді орындаудан *бұлтару* үшін ғана бұл қиыншылықты көрсететін болсақ, онда буржуазияның малайларынан біздің айырмашылығымыз іс жүзінде жоққа тән болар еді. Пролетарлық революция міндеттерінің қиындығы про-

летариат жағындағыларды бұл міндеттерді орындау әдістерін неғұрлым тыңғылықты және нақты зерттеуге жұмылдыратын болуы керек.

Мемлекеттік аппарат дегенде ең алдымен тұрақты армия, полиция және чиновниктер айтылады. «Новая Жизньнің» жазушылары пролетариат осы аппаратты техникалық жағынан меңгере алмайды деу арқылы өздерінің барып тұрған надандығын және өмірдің фактілерімен де, большевиктік әдебиетте әлдеқашан көрсетілген пікірлермен де санаспқысы келмейтінін көрсетеді.

«Новая Жизнь» жазушыларының бәрі де өздерін марксиспіз демегеннің өзінде, марксизммен таныспыз, білімді социалистерміз деп санайды. Ал Маркс, Париж Коммунасының тәжірибесі негізінде, пролетариат дайын тұрған мемлекеттік машинаға жайдан-жай ие болып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере *алмайды*, пролетариат ол машинаны *қиратып*, оны жаңа машинамен ауыстыруға тиіс деп үйретті (бұл туралы мен бірінші басылымы дайындалып, жақын арада: «Мемлекет және революция. Марксизмнің мемлекет туралы ілімі және пролетариаттың революциядағы міндеттері»* деген атпен жарыққа шыққалы тұрған кітапшада толығырақ айтамын). Бұл жаңа мемлекеттік машинаны Париж Коммунасы құрған болатын, ал орыстың жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері *нақ сол тұрпаттағы* «мемлекеттік аппарат» болып табылады. Бұл жағдайды мен 1917 жылдың 4 апрелінен бастап сан рет көрсеткен болатынмын, бұл туралы большевиктік конференциялардың қарарларында, сондай-ақ большевиктік әдебиетте айтылған. «Новая Жизнь» Маркспен де, большевиктермен де өзінің еш бір келісе алмайтындығын, әрине, айта алады, бірақ большевиктерді қиын мәселелерге жеңіл-желпі қарайды деп соншама жиі жәпе соншама кекірейе балағаттай беретін газеттің мәселеге мүлде соқпай өтуі өзінің бейшаралығын куәландыру деген сөз.

Пролетариат «мемлекеттік аппаратты» «меңгере» *ал-*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том, 1—133-беттер. *Ред.*

майды және «оны жүргізе» *алмайды* деседі. Бірақ ол ескі мемлекеттік аппаратта болған езушіліктің, мешеуліктің, түзелмейтін-буржуазиялық атаулының бәріп *қиратып,* оның орнына *өзінің,* жаңа аппаратын қоя алады. Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері дегеніміздің өзі сондай аппарат.

«Новая Жизньнің» бұл «мемлекеттік аппарат» туралы мүлде ұмытып кетуін барып тұрған сорақылық деп атамауға болмайды. Новожизньшілдер өздерінің теориялық пайымдауларында осылай етуі арқылы, шын мәнінде, кадеттердің саяси практикада істеп жүргенін саяси теория саласында істеп отыр. Өйткені, егер шындығында пролетариат пен революциялық демократияға ешбір жаңа мемлекеттік аппарат *керек болмаса,* онда Советтер raison d'être* жояды және өмір сүру правосынан айрылады, сонда Советтерді жоққа шығаруға тырысқанда корниловшыл-кадеттер *дұрыс* істеген болып шығады!

«Новая Жизньнің» бұл теориялық сорақы қатесінің және саяси соқырлығының одан сайын сорақы болатын мәнісі — тіпті интернационалист-меньшевиктер де (олармен «Новая Жизнь» Питердегі Қалалық думаның соңғы сайлауында блок жасасқан болатын) осы мәселеде большевиктерге белгілі дәрежеде жақындасқанын байқатты. Мәселен, советтік көпшіліктің Демократиялық кеңесте Мартов жолдас оқып берген декларациясынан біз мынаны оқимыз:

> «...Революцияның алғашқы күндерінде нағыз халық творчествосының қуатты шабыты арқылы құрылған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері ескі режим мемлекеттігінің тозығы жеткен негізін ауыстырған революциялық мемлекеттіктің жаңа негізі болды...».

Мұның өзі біршама тым сұлу айтылған, яғни мұнда сөз жылтырлығы саяси ой-пікірдің анық айтылмаған кемістігін бүркемелеп отыр. Советтер *әлі* ескі «негізді» ауыстырған *жоқ,* ал бұл ескі «негіз» ескі режимнің мемлекеттігі *емес,* қайта ол патша өкіметінің *де,* буржуазиялық республиканың *да* мемлекеттігі. Бірақ қа-

---

* — өмір сүру мағынасын. *Ред.*

лай дегенмен бұл арада Мартов новожизньшілдерден екі көш ілгері тұр.

Советтер — жаңа мемлекеттік аппараттың дәл өзі, ол, біріншіден, жұмысшылар мен шаруалардың қарулы күшін береді, оның үстіне бұл күш бұрынғы тұрақты армияның күшіндей халықтан қол үзген күш емес, қайта халықпен мейлінше тығыз байланысы бар күш; әскери жағынан алғанда бұл күш бұрынғылардан әлдеқайда құдіретті; революциялық жағынан алғанда бұл күшпен теңдесе алатын басқа ешқандай күш жоқ. Екіншіден, бұл аппарат бұқарамен, халықтың көпшілігімен тығыз, ажырамастай, оңай тексеріліп, жаңартылып тұрарлық байланыста болатыны соншалық, бұрынғы мемлекеттік аппаратта бұған ұқсас еш нәрсе болған да емес. Үшіншіден, бұл аппараттың құрамы, бюрократтық ресмиліксіз, халықтың еркі бойынша сайланып және ауыстырылып отыратын болғандықтан, бұрынғы аппараттардан анағұрлым демократиялық аппарат болып табылады. Төртіншіден, бұл аппарат нағыз әр түрлі кәсіптермен тығыз байланыс жасайды, осы арқылы бюрократиясыз-ақ ең терең сипатта мейлінше әр алуан реформалар жасауды жеңілдетіп отырады. Бесіншіден, бұл аппарат авангардтың, яғни *езілген* таптардың, жұмысшылар мен шаруалардың ең саналы, ең жігерлі, алдыңғы қатарлы бөлегінің ұйымдық формасын береді, сөйтіп осы аппарат арқылы езілген таптардың авангарды бұл таптардың осы күнге дейін саяси өмірден, тарихтан мүлдем тысқары қалып келген *орасан көп бұқарасының бәрін* ілгерілетіп, тәрбиелеп, үйретіп, өзінің соңынан ерте алатын болады. Алтыншыдан, бұл аппарат парламентаризмнің тиімді жақтарын нақты және тікелей демократияның тиімді жақтарымен ұштастыруға, яғни заң шығару функциясын да, *заңдарды орындауды да* халықтың сайлап қойған өкілдерінің қолдарына біріктіруге мүмкіндік береді. Буржуазиялық парламентаризммен салыстырғанда мұның өзі демократияның дамуында алға қарай жасалған бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар қадам.

Біздің Советтер 1905 жылы, былайша айтқанда, құрсақта жатқан ұрық еді, өйткені олар бар болғаны бір-

неше апта ғана өмір сүрді. Ол кездегі жағдайда бұлардың жан-жақты дамуы туралы сөз де болуы мүмкін еместігі айдан анық. 1917 жылғы революцияда да бұл туралы әлі сөз болуы мүмкін емес, өйткені бірнеше ай деген мерзім тым аз, ал ең бастысы: эсерлік және меньшевиктік көсемдер Советтерді *масқаралады*, оларды қысыр сөз ордасы роліне, көсемдердің келісімпаздық саясатының шылауы роліне айналдырды. Либерлердің, Дандардың, Церетелилердің, Черновтардың басшылығымен Советтер тірідей іріп-шіріді. Советтер *бүкіл* мемлекеттік өкіметті өз қолына алғанда ғана шын мәнісінде дамып, өздерінің бойындағы нышандары мен қабілеттерін толық өрістете алады, өйткені олай етпеген күнде Советтерге *істейтін іс те болмайды*, олай етпеген күнде олар не жай ғана ұрық (ал тым ұзақ уақыт ұрық болып тұра беруге болмайды), не ойыншық қана болады. «Қос өкімет»— Советтердің мүгедек болғандығы.

Егер революцияшыл таптардың халықтық творчествосы Советтерді құрмаған болса, онда Россияда пролетарлық революция үмітсіз іс болар еді, өйткені пролетариат ескі аппарат арқылы өкіметті, сөз жоқ, ұстап тұра алмас еді, ал жаңа аппаратты бірден құруға болмайды. Советтерді церетелилік-черновтық масқаралаудың қайғылы тарихы, «коалиция» тарихы сонымен бірге Советтердің ұсақ буржуазиялық жалған үміттерден арылу тарихы болды, *барлық* және *қандай болса да* буржуазиялық коалициялардың бүкіл пасықтығын, былығын, Советтердің практикада зерттеуінің «тазартқышынан» өту тарихы болды. Бұл «тазартқыш» Советтерді әлсіреткен жоқ, қайта оларды шынықтырды деп сенетін болайық.

* *
*

Пролетарлық революцияның басты қиыншылығы өнімдердің өндірілуі мен бөлінуін бүкіл халықтық көлемде мейлінше дәл және адал есепке алуды және бақылауды, *жұмысшы бақылауын* жүзеге асыру болып табылады.

Новожизньшіл жазушылар «жұмысшы бақылауы» ұранын ұсынумен сіздер синдикализмге салынып отыр-

сыздар деп бізге қарсы шыққанда, олардың бұл қарсылығы ойланып-толғанылынбай, тек струвелік мәнерде *жаттап* алынған «марксизмді» мектеп балаларындай зердесіздікпен қолданудың үлгісымағы болып еді. Синдикализм пролетариаттың революциялық диктатурасын не мүлде теріске шығарады, не оны, жалпы саяси өкімет атаулы сияқты, тогызыншы орынға қояды. Біз оны бірінші орынға қоямыз. Егер новожизньшілдердің рухында жай ғана: жұмысшы бақылауы *емес, қайта* мемлекеттік бақылау болсын десек, онда буржуазиялық-реформистік бос сөз, шын мәнінде, таза кадеттік формула болып шығады, өйткені жұмысшылардың «мемлекеттік» бақылауға *қатысуына* кадеттер әсте де қарсы емес. Мұндай қатысу буржуазияның жұмысшыларды алдап соғуының ең жақсы амалы екенін, саяси мағынада алғанда Гвоздевтерді, Никитиндерді, Прокоповичтерді, Церетелилерді және осындай бүкіл бандады жымысқылықпен *сатып алудың* ең жақсы амалы екендігін корниловшыл-кадеттер өте жақсы біледі.

Біз «жұмысшы бақылауы» дегенде, бұл ұранды әрдайым пролетариат диктатурасымен *қатар*, әрдайым оның *ізінше* қойып жүргенде, біз мұнымызбен қандай мемлекет жайында әңгіме болып отырғанын түсіндіреміз. Мемлекет дегеніміз *тап* үстемдігінің органы. Қай таптың? Егер буржуазияның үстемдігі болса, онда ол кадеттік-корниловтық-«керенскийлік» мемлекеттік болады, бұдан Россияның жұмысшы халқының «корниловтанып және керенскийленіп» жүргеніне жарты жылдан асып та барады. Егер пролетариат үстемдігі болса, егер әңгіме пролетарлық мемлекет туралы, *яғни* пролетариат диктатурасы туралы болып отырса, онда жұмысшы бақылауы өнімдердің өндірілуі мен бөлінуінің бүкіл халықтық, бәрін қамтитын, барлық жерде болатын, мейлінше дәл және мейлінше адал *есебі* бола *алады*.

Пролетарлық, яғни социалистік революцияның басты қиыншылығы, міне, осында, басты міндеті, міне, осында. Бұл міндет, басқаны былай қойғанда, Россияда Советтерсіз шешілмеген болар еді. Советтер пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар-

мәселені шеше *алатын* ұйымдастыру жұмысын *белгілейді.*

Бұл жерде біз мемлекеттік аппарат туралы мәселенің екінші жағына келдік. Көбінесе «езу» аппараты болған тұрақты армиядан, полициядан, чиновниктерден басқа қазіргі мемлекетте банктермен және синдикаттармен ерекше тығыз байланысты аппарат бар, бұл аппарат толып жатқан есептеу-тіркеу, егер солай айтуға болса, жұмыстарын атқарады. Бұл аппаратты қиратуға болмайды және қирату керек те емес. Оны капиталистерге бағынудан босатып алу керек, ол аппараттан капиталистерді олардың ықпал жүргізетін арқауларымен қоса *бөліп, аластап, оқшау* тастау керек, ол аппаратты пролетарлық Советтерге *бағындыру* керек, оны негұрлым кеңейту керек, негұрлым бәрін қамтитын ету керек, негұрлым бүкіл халықтық ету керек. Ал мұны ең ірі капитализмнің әлдеқашан жүзеге асырған жеңістеріне сүйене отырып істеуге *болады* (жалпы алғанда пролетарлық революция да тек осы жеңістерге сүйене отырып қана өз мақсатына жете алады).

Капитализм банктер, синдикаттар, почталар, тұтынушылар қоғамдары, қызметшілер одақтары сияқты есептеу *аппараттарын* құрды. *Ірі банктерсіз социализмді жүзеге асыру мүмкін болмас еді.*

Ірі банктер социализмді жүзеге асыру үшін бізге *керекті* «мемлекеттік аппарат» болып *табылады,* мұны біз капитализмнен *даяр күйінде аламыз,* оның бер жағында біздің мұндағы міндетіміз: бұл тамаша аппаратты *капиталистік тұрғыдан бүлдіретіндердің* бәрін *аластап,* мұны *бұрынғыдан да ірі,* бұрынғыдан да демократиялық, бұрынғыдан да гөрі бәрін қамтитын аппарат ету болады. Сан сапаға айналады. Әрбір болыста, әрбір фабриканың жанында бөлімшелері бар ең ірілердің ең ірісі болған мемлекеттік біртұтас банктің болуы — мұның өзі *социалистік* аппараттың оннан тоғызы болмақ. Бұл — жалпы мемлекеттік *есептеу орны,* өнімдердің өндірілуі мен бөлінуінің жалпы мемлекеттік *есебі,* мұның өзін, былайша айтқанда, социалистік қоғамның *қаңқасы* тәрізді деуге болады.

Бұл «мемлекеттік аппаратты» (капитализм тұсында ол толық мемлекеттік аппарат емес, бірақ бізде, социализм тұсында, толық мемлекеттік аппарат болады) біз бірден-ақ, бір указдың күшімен-ақ «ала» аламыз және «жүргізе аламыз», өйткені мұнда есептеу орнының, бақылаудың, тіркеудің, есеп-қисаптың іс жүзіндегі жұмысын *қызметшілер* атқарады, олардың көпшілігі пролетарлық немесе жартылай пролетарлық жағдайдағы *қызметшілер*.

Бриан сияқты және басқа да буржуазиялық министрлер сияқты капитализмнің қарғылы төбеттерінің ереуіл жасаушы теміржолшыларды бір указдың өзімен-ақ мемлекеттік қызметшілер қалпына түсіретініндей, пролетарлық үкіметтің бір указының өзімен-ақ бұл қызметшілерді мемлекеттік қызметшілер қалпына түсіруге болады және түсіру керек те. Мұндай мемлекеттік қызметшілер бізге әлдеқайда көп керек, оларды көптеп алуға да *болады*, өйткені капитализм есеп пен бақылау функцияларын ықшамдады, оларды онша қиындығы жоқ, сауаты бар адамдардың кез келгенінің-ақ қолынан келетін *жазуға* айналдырды.

Советтердің бақылауы мен қадағалауы болған жағдайда банктердің, синдикаттардың, сауданың және тағы басқаларының қызметшілер бұқарасын «мемлекеттік ету» — техникалық жағынан да (біз үшін капитализмнің және финанс капитализмінің алдын ала істеп қойған жұмысының арқасында), саяси жағынан да толық жүзеге асыруға болатын нәрсе.

Ал саны өте аз, бірақ капиталистерге іш тартатын жоғары дәрежедегі қызметшілер жөнінде капиталистерге істегенді істеуге, «қатты кетуге» тура келеді. Капиталистер сияқты, олар да *қарсылық* көрсетеді. Бұл қарсылықты *басу* керек болады, ал егер мәңгі-бақи аңқау Пешехонов тіпті 1917 жылдың июнінде-ақ нағыз «мемлекеттік орындағы сәбилер» сияқты, «капиталистердің қарсылығы күйретілген» деп былдырлаған болса, онда бұл нәрестенің сөзін, сәбилік мақтануды, балалық қылықты *пролетариат шындап жүзеге асырады*.

Мұны біз істей аламыз, өйткені әңгіме халықтың болмашы азшылығының, не бары ат төбеліндей адамдар-

дың қарсылығын басу жайында болып отыр; қызметшілер одақтары, кәсіптік одақтар, тұтынушылар қоғамдары және Советтер бұлардың әрқайсысына *бақылау* қояды, мұндай бақылауда Тит Титычтың қай-қайсысы болса да, Седан түбіндегі француз сияқты, *қоршауға* алынады. Бұл Тит Титычтардың біз аты-жөнін де білеміз: директорлардың, басқарма мүшелерінің, ірі акционерлердің, т. с. тізімін алсақ болғаны. Ондайлар *бүкіл* Россияда бірнеше-ақ жүз, ең көп болғанда — бірнеше мың, Советтер аппараты, қызметшілер одақтары және т. т. бар пролетарлық мемлекет олардың әрқайсысына ондап та, жүздеп те бақылаушылар қоя алады, тіпті «қарсылығын басудың» орнына, бәлкім, *жұмысшы бақылауының* (капиталистер үстінен) арқасында ешбір қарсылық істеуге де *мүмкіндігі болмай қалар*.

Істің «түйіні» тіпті капиталистердің мүліктерін конфискелеуде емес, атап айтқанда капиталистерге және олардың болуы мүмкін жақтастарына бүкіл халықтық, бәрін қамтитын жұмысшы бақылауын орнатуда болмақ. Бір ғана конфискелеумен еш нәрсе тынбайды, өйткені онда дұрыс бөлуді ұйымдастырудың, есепке алудың элементі жоқ. Конфискелеуді біз *әділ* салық (тіпті «шингаревтік» мөлшермен болса да) салумен де оңай ауыстыра аламыз,—тек қапа есеп беріп отырудан жалтару, шындықты жасыру, заңды бұзудың қандай да болса мүмкіндігін жойсақ болғаны. Ал бұл мүмкіндікті *жұмысшы мемлекетінің* жұмысшы бақылауы *ғана жояды*.

Күштеп синдикаттау, яғни мемлекеттің бақылауымен одақтарға күштеп біріктіру—капитализмнің дайындағаны, міне осы, юнкерлер мемлекетінің Германияда жүзеге асырғаны, міне, осы, мұны Россияда Советтердің, пролетариат диктатурасының толық жүзеге асыруына әбден болады, әрі универсалды, әрі сң жаңа, әрі бюрократиялық емес *«мемлекеттік аппараттың» бізге беретіні*, міне, осы*.

---

* Күштеп синдикаттаудың маңызы туралы толығырақ менің «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген кітапшамнан қараңыз. (Қараңыз: осы том, 200—203-беттер. *Ред.*)

* *
*

Буржуазия адвокаттарының төртінші дәлелі: пролетариат мемлекеттік аппаратты «жүргізе» алмайды деу. Бұл дәлел осының алдындағы дәлелмен салыстырғанда ешбір жаңалық емес. Әрине, біз ескі аппаратты меңгере де, оны жүргізе де алмас едік. «Нағыз халық творчествосының қуатты шабыты» жаңа аппаратты, Советтерді *қазірдің өзінде* жүргізіп те отыр. Бұл аппараттан эсерлік және меньшевиктік косемдердің басшылығы салған *тұсауларды* алып тастау ғана керек. Бұл аппарат *қазірдің өзінде-ақ* жүріп жатыр, оның ілгерілеген үстіне ілгерілеп жедел алға баса беруіне бөгеу болып отырған ұсақ буржуазиялық ұсқынсыз салпыншақтарды лақтырып тастау ғана керек.

Жоғарыда айтылғандарды толықтыру үшін бұл арада мына екі жағдайды: біріншіден, біз *емес*, капитализм өзінің әскери-империалистік сатысында жасап шығарған бақылаудың жаңа құралдарын, екіншіден, пролетарлық тұрпаттағы мемлекетті *басқару* ісінде демократизмнің тереңдей беруінің маңызын қарастырып өту керек.

Астық монополиясын, нан карточкаларын біз шығарған жоқпыз, соғысып жатқан капиталистік мемлекет шығарды. Ол мемлекет капитализмнің шеңберінде жаппай еңбек міндеткерлігін шығарды, мұның өзі жұмысшылар үшін әскери каторгалық түрме. Бірақ пролетариат өзінің бүкіл тарихы творчествосындағы сияқты, бұл арада да өзінің құралын «ойдан шығармайды», «жоқ нәрседен жасамайды», капитализмнен алады.

Астық монополиясы, нан карточкасы, жаппай еңбек міндеткерлігі пролетарлық мемлекеттің қолындағы, толық өкімет билігі бар Советтердің қолындағы есепке алу мен бақылаудың ең қуатты құралы болып табылады, бұл құрал капиталистерге және *жалпы алғанда байларға* қолданылатын болғандықтан, бұларға қарсы *жұмысшылар* қолданатын болғандықтан, капиталистердің қарсылығын жеңіп, оларды пролетарлық мемлекетке бағындыру үшін мемлекеттік аппаратты «жүргізудің»

тарихта әлі болып көрмеген күшін көрсетеді. Бақылаудың және *еңбек етуге күштеудің* бұл құралы конвенттің заңдарынан және оның гильотинасынан күштірек. Гильотина *тек* қорқытып *қана*, тек *белсенді* қарсылықты басып қана отырды. *Бізге бұл аз.*

Бізге бұл аз. Бізге керегі капиталистерді олар пролетарлық мемлекеттің күші өктем күшті екендігін сезіп, оған белсенді қарсылық істеу туралы ойлауды ұмытатын ету мағынасында «қорқытып» қана қою емес. Бізге, сөзсіз, неғұрлым қауіптірек, зияндырақ *енжар* қарсылықты да басу керек. Бізге керегі қандай да болса қарсылықты басу ғана емес. Біз жаңа ұйымдық-мемлекеттік шеңберде *жұмыс істеуге мәжбүр етуіміз* керек. Капиталистерді «айдап шығу» жеткіліксіз, оларды («қарсыласушылардың» жарамсыздарын, үмітсіздерін айдап шығып) *жаңа мемлекеттік қызметке* пайдалануымыз керек. Капиталистер жөнінде де, буржуазиялық интеллигенцияның, қызметшілердің және т. с. белгілі бір жоғарғы тобы жөнінде де осылай істеу керек.

Ал бізде бұған керекті құрал бар. Біздің қолымызға бұған керекті құрал мен қаруды соғысып жатқан капиталистік мемлекеттің өзі берді. Бұл құрал — астық монополиясы, нан карточкасы, жаппай еңбек міндеткерлігі. «Еңбек етпеген ішіп-жемеуге тиіс»— міне, негізгі, ең бірінші және ең басты ереже осы; жұмысшы депутаттарының Советтері өкіметке айналған соң бұл ережені жүзеге асыра алады және жүзеге асыратын болады.

Жұмыс кітапшасы әрбір жұмысшыда бар. Бұл документ *қазір,* сөз жоқ, капиталистік жалдама құлдықтың документі болса да, еңбекші адамның белгілі бір арамтамақтың қарауына жататындығына куәлік болса да, жұмысшыны кемсітпейді.

Советтер жұмыс кітапшасын *байлар үшін* енгізеді, ал *с о д а н с о ң* бірте-бірте бүкіл халық үшін де енгізеді (шаруалы елде шаруалардың басым көпшілігіне жұмыс кітапшасы, сірә, ұзақ уақыт бойы керек те болмас). Жұмыс кітапшасы «қара сүйектің» белгісі болудан қалады, «төменгі» сословиелердің документі, жалдама құлдықтың куәлігі болудан қалады. Ол жаңа қоғамда

енді «жұмысшылардың» болмайтындығының, бірақ оның есесіне *қызметкер* емес ешкімнің де болмайтындығының куәлігіне айналады.

Байлар өз қызметінің саласына ең жақын жұмысшылар немесе қызметшілер одағынан жұмыс кітапшасын алуға тиіс, олар апта сайын немесе басқа бір белгілі мерзімде сол одақтан өздеріне жүктелген жұмысты адал орындап жүргендігі туралы куәлік алуға тиіс; мұнсыз олар нан карточкасын және жалпы азық-түлік өнімдерін ала алмайды. Бізге банк ісінің және кәсіпорындар бірлестіктерінің жақсы ұйымдастырушылары керек (бұл істе капиталистердің тәжірибесі көбірек, ал тәжірибелі адамдармен жұмыс оңай істеледі), бізге инженерлер, агрономдар, техниктер, әр түрлі ғылыми-білімді мамандар бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп керек,— дейді пролетарлық мемлекет. Біз мұндай қызметкерлердің бәріне де шамасы келетін және өздеріне үйреншікті жұмыс береміз, біз, сірә, өтпелі кезде мұндай мамандарға неғұрлым жоғары ақы төлеуді сақтап, ақының толық мөлшерде тең болуын бірте-бірте ғана енгізетін боламыз, бірақ біз ол мамандарға барлық жағынан да жұмысшы бақылауын қолданамыз, біз «еңбек етпеген ішіп-жемейді» деген ережені толық және сөзсіз жүзеге асырамыз. Ал жұмыстың ұйымдық формасын біз ойдан шығарып жатпаймыз, оны даяр күйінде, банктер, синдикаттар, жақсы фабрикалар, тәжірибе станциялары, академиялар және басқалар күйінде капитализмнен аламыз; бізге алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінің ең жақсы үлгілерін ғана пайдалануға тура келеді.

Егер біз былай десек: бүкіл капиталистер табы мейлінше қатты қарсылық көрсетеді, бірақ бүкіл халықтың Советтерге ұйымдасуы арқылы бұл қарсылық басылады десек, біз, әрине, зәредей де утопизмге салынбаймыз, біз ең байыпты практикалық есептен табан аудармаймыз, оның үстіне ерекше қасарысып, икемге келмейтін капиталистерді, әлбетте, олардың барлық мүлкін конфискелеу, түрмеге отырғызу арқылы жазалауға тура келеді, бірақ оның есесіне пролетариаттың жеңуі, мысалы, менің бүгінгі «Известиядан» оқын

отырғаным сияқты, мынадай оқиғалардың санын *көбейтеді:*

«26 сентябрьде фабрика-завод комитеттерінің Орталық советіне екі инженер келіп, бір топ инженерлердің социалист-инженерлер одағын құруды ұйғарғанын мәлімдеді. Қазіргі уақытты шындығында әлеуметтік революцияның басталуы деп санап, одақ өзін жұмысшы бұқарасының карауына беруді ұсынады және жұмысшылардың мүдделерін қорғай отырып, жұмысшы ұйымдарымен толық бірлесіп іс істегісі келеді. Фабрика-завод комитеттерінің Орталық советінің өкілдері: фабрика-завод комитеттерінің 1-конференциясының өндіріске жұмысшы бақылауын орнату туралы негізгі тезистерін өзінің программасына енгізетін инженерлер секциясын совет өз ұйымында шын ықыласпен ұйымдастырады деп жауап берді. Таяудағы күндерде фабрика-завод комитеттерінің Орталық советінің делегаттары мен социалист-инженерлердің инициативалық тобының біріккен мәжілісі болмақ» («Известия ЦИК», 27 сентябрь, 1917 ж.).

* *
*

Бізге: пролетариат мемлекеттік аппаратты жүргізе алмайды деседі.

1905 жылғы революциядан кейін Россияны 130 000 помещик басқарды, олар 150 миллион адамға шексіз зорлық жасау арқылы, оларды шектен тыс қорлау арқылы, қалың көпшілікті каторгалық еңбекке, аш-жалаңаш өмір сүруге мәжбүр ету арқылы басқарды.

Ал енді Россияны большевиктер партиясының 240 000 мүшесі байларға қарсы, кедейлердің мүддесіне сәйкес басқара алмайды-мыс деседі. Бұл 240 000 адам қазірдің өзінде оларды жақтайтын кемінде бір миллион ересек адамның дауысына ие болып отыр, өйткені партия мүшелері санының партияны жақтап берілген дауыс санына арақатынасы нақ осындай екендігін Европаның тәжірибесі және Россияның тәжірибесі, мысал келтірсек, тіпті Питер думасының августағы сайлауының өзі-ақ анықтады. Сөйтіп бізде қазірдің өзінде *бір миллион* адамы бар «мемлекеттік аппарат» болып отыр, бұлар әр айдың 20-сында көп ақша алып тұру үшін емес, социалистік мемлекетке идеялық жағынан адал берілген адамдар.

Ол ол ма, біздің мемлекеттік аппаратымызды бірден, бір-ақ сәтте *он есе арттырып жіберетін* «тамаша құралымыз» бар, капиталистік мемлекеттің ешқайсысында да бұл құрал болған емес және болуы мүмкін де емес. Бұл ғажайып іс — мемлекетті басқару жөніндегі күнделікті жұмысқа еңбекшілерді тарту, кедейлерді тарту.

Бұл ғажайып құралдың қаншалықты оңай қолданылатындығын, оның қимылының қандай мүлтіксіз екендігін түсіндіру үшін мүмкіндігінше неғұрлым қарапайым және көрнекі мысал алайық.

Мемлекетке белгілі бір семьяны пәтерден күштеп шығарып, орнына басқа бір семьяны кіргізу керек. Мұны екінің бірінде капиталистік мемлекет істейді, мұны біздің пролетарлық немесе социалистік мемлекет те істейтін болады.

Капиталистік мемлекет қызмет істейтін адамынан айрылған және пәтер ақысын төлемеген жұмысшылардың семьясын пәтерден шығарады. Сот приставы, полиция немесе милиция тура бір взвод болып келеді. Жұмысшы кварталында пәтерден шығару үшін казактар отряды керек. Неге? Неге десеңіз, пристав пен «милиция» зор күші бар әскери қорғаусыз барудан бас тартады. Пәтерден шығару ісі бүкіл төңіректегі халықтың, торығуға дейін дерлік жеткен мың-мыңдаған адамдардың сондайлық күшті ашу-ызасын, капиталистер мен капиталистік мемлекетке деген сондайлық өшпенділігін туғызатынын, пристав пен милиция взводын әп-сәтте күл-талқан қылатынын олар біледі. Әскери күш көбірек керек, қаладағы кедейлердің өмірі солдаттарға жат болуы үшін, солдаттарға социализмді «жұқтыра» алмайтын ету үшін үлкен қалаға бірнеше полкті қалай болғанда да әйтеуір қайдағы бір шет аймақтан әкелу керек.

Пролетарлық мемлекетке өте мұқтаж болған семьяны бай адамның пәтеріне күштеп кіргізу керек. Біздің жұмысшы милициясының отряды, айталық, 15 адамнан құрылған делік: екі матрос, екі солдат, саналы екі жұмысшы (ол екеуінің біреуі-ақ біздің партияның мүшесі немесе оған тілектес болсын), одан кейін 1 интеллигент

және 8 адам еңбекші кедейлерден, оның ішінде ең кемі 5 әйел, үй күтушісі, қара жұмысшы, т. т. делік. Отряд байдың пәтеріне келеді, оны қарайды, екі еркек пен екі әйелге 5 бөлме бар екендігін көреді.— «Азаматтар, сіздер осы қыста мына екі бөлмеге сыйысып тұрыңыздар, ал екі бөлмені подвалдағы екі семьяны кіргізуге даярлаңыздар. Біз инженерлердің (сіз, сірә, инженер боларсыз?) көмегімен жұрттың бәріне жақсы пәтерлер салып алғанша сіздер міндетті түрде уақытша сыйыса тұрыңыздар. Сіздің телефоныңызбен 10 семья пайдаланады. Мұның өзі дүкендерге, т. т. жүгіруге кететін 100 сағат жұмыс уақытын үнемдейді. Одан соң сіздің семьяңызда жеңіл еңбекке жарайтын бос отырған екі жартылай жұмысшы: 55 жастағы азаматша және 14 жастағы азамат бар. Олар 10 семьяға азықтардың дұрыс бөлінуін бақылау үшін және осыған қажет жазу жұмысын жүргізу үшін күніне 3 сағаттан кезекші болады. Мына біздің отрядымыздағы студент азамат бұл мемлекеттік бұйрықты қазір екі дана етіп жазады, ал сіздер соны дәлме-дәл орындауға міндетті боламыз деп бізге қол хат беруге рақым етіңіз».

Ескі, буржуазиялық мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік басқарудың және жаңа, социалистік мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік басқарудың арасындағы арақатынасты көрнекі мысалдармен көрсеткенде, менің ойымша, осылай болар еді.

Біз утопистер емеспіз. Кез келген қара жұмысшы мен кез келген аспаз әйел дәл қазір мемлекетті басқаруға кірісе алмайтынын біз білеміз. Бұл жөнінде біз кадеттермен де, Брешковскаямен де, Церетелимен де келісеміз. Бірақ біздің бұл азаматтардан айырмашылығымыз мынадай: біз мемлекетті *басқару*, басқарудың кәдімгі, күнделікті, жұмысын атқару тек қана байлардың немесе бай семьялардан шыққан чиновниктердің ғана қолынан келеді-міс деген соқыр сеніммен дереу арылуды талап етеміз. Біз мемлекеттік басқару ісіне *үйретуді* саналы жұмысшылар мен солдаттардың жүргізуін және оны дереу бастауды, яғни бұл үйрету ісіне барлық еңбекшілерді, барлық кедейлерді дереу тарта *бастауды* талап етеміз.

Халықты демократизмге үйретуді кадеттердің де қостайтынын біз білеміз. Кадет бикештер үй күтуші әйелдерге әйел теңдігі туралы ағылшындар мен француздардың жақсы деректемелерінен лекция оқуға келіседі. Сондай-ақ осы жақын арада болатын концерт-митингіде, мыңдаған адамдардың алдында, эстрадада сүйісу ұйымдастырылады: лектор кадет бикеш Брешковскаяны сүйеді, Брешковская бұрынғы министр Церетелиді сүйеді, сөйтіп риза болған халық республикалық теңдік, бостандық және туысқандықтың қандай болатынын көзбен көріп үйренетін болады...

Иә, кадеттердің, Брешковская мен Церетелидің, демократизмге өздерінше берілгендігін және оны халық арасында насихаттап жүргендігін біз мойындаймыз. Бірақ егер демократизм туралы біздің түсінігіміз біраз басқаша болса, оған не шара?

Біздіңше, соғыстың адам естіп-көрмеген ауыртпалықтары мен апаттарын жеңілдету үшін, сонымен бірге соғыстың халыққа салған жан түршігерлік жараларынан айығу үшін *революциялық* демократизм керек, атап айтқанда, жоғарыда мысал үшін суреттелген тұрғын үйлерді кедейлер мүддесі үшін бөліп беру сияқты *революциялық* шаралар керек. Қалада да, деревняда да азық-түлік өнімдері, киім, аяқ киім, т. т. жөнінде, деревняда жер және басқалар жөнінде *дәл осылай* істеу керек. Мемлекетті *осы* рухта басқаруға, егер жиырма миллион демесек, он миллион адамы бар *мемлекеттік* аппаратты, капиталистік мемлекеттің біреуінде де болып көрмеген аппаратты біз *бірден тарта* аламыз. Бұл аппаратты тек біз ғана құра аламыз, өйткені халықтың орасан көпшілігінің толық, қалтқысыз ниеті біздің жағымызда болуы қамтамасыз етіліп отыр. Бұл аппаратты тек қана біз құра аламыз, өйткені бізде капиталистік ұзақ «үйретуден» өткен (капитализмнің үйретуінде біз бостанбос болғанымыз жоқ қой) саналы, тәртіпті жұмысшылар бар, олар жұмысшы милициясын құрып, оны *біртебірте* кеңейтіп (дереу кеңейте бастап), *бүкіл халықтық* милицияға айналдыра *алады*. Саналы жұмысшылар басқаруға тиіс, бірақ олар басқару ісіне нағыз еңбекшілер мен езілгендер бұқарасын тарта алады.

Әлбетте, бұл жаңа аппараттың бастапқы қадамдарында қателіктердің болатыны сөзсіз. Айтайық, шаруалар крепостниктік праводан еркіндікке шығып, өз істерін өздері жүргізе бастағанда оларда қателіктер болман па еді? Халықты өзін өзі басқаруға үйретудің, қателіктерден құтқарудың практика жолынан басқа, нағыз халықтық өзін өзі басқаруға дереу кірісуден басқа жолы болуы мүмкін бе? Қазір ең басты нәрсе — өзінің бүкіл қоғамдық жағдайы жағынан капиталға түгелдей тәуелді ерекше чиновниктер ғана мемлекетті басқара алады-мыс деген буржуазиялық интеллигенттік соқыр сенімнен арылу. Ең басты нәрсе — істің мынадай жағдайда болуын: буржуа, чиновниктер және «социалистік» министрлер ескіше басқаруға тырысып, бірақ басқара алмай, сөйтіп жеті айдан соң шаруа елінде шаруалар көтерілісін тудырған жағдайды болдырмау!! Ең басты нәрсе — езілгендер мен еңбекшілерді өз күшіне сендіру, нанды, түрлі тағамдарды, сүтті, киімді, пәтерді, т. г. *кедейлердің мүддесіне сәйкес дұрыстап,* мейлінше қатты тәртіпке салынған, ұйымдасқан түрде бөлуді олардың өздерінің қолға ала алатынын және қолға алуға тиісті екенін практика жүзінде көрсету. Мұнсыз Россияны күйреуден, апаттан құтқарып қалу мүмкін *емес,* ал басқару ісін пролетарлар мен жартылай пролетарлардың қолдарына беруге адал ниетпен, батыл, барлық жерлерде кірісу бұқараның тарихта болып көрмеген революциялық ынта-жігерін тугызатыны соншалық, апаттарға қарсы күресте халықтың күшін көбейтетіні соншалық, біздің тар өрісті, ескі, бюрократтық күштерімізге мүмкін емес тәрізді болып көрініп жүрген көп нәрселер капиталист үшін емес, барин үшін емес, чиновник үшін емес, таяқтың күшімен емес, *өзі үшін істей бастаған* миллиондаған бұқара күштерінің қолынан келетін болады.



«Новая Жизньнің» 27 сентябрьдегі 138-номерінде «Большевиктер және өкімет проблемасы» деген мақалада Базаров жолдас ерекше жігермен және ерекше сәтсіздікпен көтерген централизм туралы мәселе де мемлекеттік аппарат туралы мәселеге жатады.

Базаров жолдас былайша пайымдайды: «Советтер мемлекеттік өмірдің барлық салаларына бейімделген аппарат емес», өйткені Советтер көп жерлерде іс жүзінде «бүкіл толық өкімет билігін» пайдаланса да, «күйзеліспен күресу жөнінде азды-көпті қанағаттанарлық нәтижелер шығара алмағандығын» жеті айлық тәжірибе көрсетті-міс, мұны «Петербург атқару комитетінің Экономика бөліміндегі ондаған және жүздеген документ деректері» дәлелдеді-міс. «Өндіріс салаларына қарай тарамдалған, әрбір сала шеңберінде қатаң орталықтанған және біртұтас жалпы мемлекеттік орталыққа бағынған» аппарат қажет. Бақсақ, «мәселе ескі аппаратты ауыстыруда емес, большевиктер жоспар жасаумен жұртты қанша қорласа да... мәселе тек ескі аппаратты реформалауда ғана...» көрінеді.

Базаров жолдастың бұл пайымдауларының бәрі, буржуазия пайымдауларының бір ұшығы ретінде, оның таптық көзқарасының көрінісі ретінде тұп-тура таңқаларлық дәрменсіз пайымдаулар!

Шынында да, Советтер Россияның қандай болса да бір жерінде, қапап болса да «бүкіл толық өкімет билігін» пайдаланды деу (егер мұның өзі капиталистердің қара ниет-таптық өтірігін қайталау болмаса) нағыз кісі күлерлік нәрсе. Бүкіл толық өкімет билігі — бүкіл жерге, барлық банктерге, барлық фабрикаларға билік жүргізуді талап етеді; тарихтың тәжірибесімен және саясат пен экономиканың байланысы туралы ғылым деректерімен азды-көпті таныстығы бар адам бұл «кішкентай» жағдайды «ұмыта» алмас еді.

Буржуазияның алдамшы тәсілі мынада: буржуазия Советтерге өкіметті *бермей*, олардың кез келген елеулі қадамына *саботаж жасап*, үкіметті өз қолында сақтай отырып, жерге, банктерге, т. т. өз билігін жүргізуді

сақтай отырып, күйзеліс жөніндегі кінәны Советтерге аудара салып отыр!! Коалицияның бүкіл қайғылы тәжірибесі де осында болып отыр.

Толық өкімет билігі Советтерде еш уақытта да болған емес, сондықтан олардың қолданған шаралары шалағайлықтан басқа, шым-шытырық жағдайды күшейтуден басқа еш нәрсе бере алмады.

Большевиктерге, өздерінің сенімі бойынша, өздерінің бүкіл партиясының программасы бойынша да, тактикасы бойынша да централист болып отырған большевиктерге централизмнің қажеттігін дәлелдеу — шынында да ашық тұрған есікке омыраулай кіру деген сөз. Егер «Новая Жизньнің» жазушылары мұндай бос нәрсемен шұғылданып отырса, бұл олардың «жалпы мемлекеттік» көзқарастарын біздің мазақ етуіміздің мағынасы мен мәнін мүлдем түсінбегендігінен ғана болып отыр. Ал новожизньшілдердің мұны түсінбеуінің себебі — олар тап күресі туралы ілімді ақылмен емес, *еріннің ұшымен* ғана мойындайды. Тап күресі туралы жаттап алған сөздерін қайталаумен олар теориялық жағынан алдамшы, практикалық жағынан реакциялық «таптан тыс көзқарасқа» секунд сайын салынып, буржуазияға осылайша жарамсақтануды «жалпы мемлекеттік» жоспар деп атайды.

Мархабатты жандар-ау, мемлекет дегеніміз таптық түсінік. Мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапқа зорлық жасайтын органы немесе машинасы. Мемлекет буржуазияның пролетариатқа зорлық жасайтын машинасы болып тұрғанда, пролетарлық ұран біреу-ақ бола алады: әлгі мемлекетті *қирату*. Ал мемлекет пролетарлық мемлекет болған кезде, ол пролетариаттың буржуазияға зорлық жасайтын машинасы болған кезде, сол кезде біз толығынан және сөзсіз түрде берік өкіметті жақтаймыз, централизмді жақтаймыз.

Түсініктірек айтқанда: біз «жоспарларға» күлмейміз, Базаров және К^{0} «жұмысшы бақылауын» теріске шығара отырып, «пролетариат диктатурасын» теріске шығара отырып, өздерінің буржуазия диктатурасын жақтап *отырғандығын* түсінбейтініне күлеміз. Бұл екеуінің

аралық жолы жоқ, аралық жол — ұсақ буржуазиялық демократтың құр арманы.

Советтердің *централизміне* қарсы, олардың бірігуіне қарсы ешбір центр, ешбір большевик ешқашан дау айтқан емес. Өндіріс салалары бойынша фабрика-завод комитеттерінің болуына және олардың орталықтануына біздің ешқайсысымыз қарсы болып отырған жоқпыз. Базаров *лағып кетіп* отыр.

Біз «централизмге» және «жоспарларға» емес, *реформизмге* күлеміз, күліп келдік, күле де береміз. Өйткені коалицияның тәжірибесінен кейін сіздердің реформизміңіз мейлінше кісі күлерлік нәрсе. Ал: «аппаратты ауыстыру емес, қайта реформалау» керек деу — реформист болғандық, революцияшыл демократ емес, реформистік демократ болғандық. Реформизм—билеуші тапты құлату *емес*, оның жеңілдіктер жасауы, таптың билікті *өз қолында* сақтай отырып, жеңілдіктер жасауы, басқа ештеңе де емес.

Коалицияның жарты жыл бойына байқап көргені, міне, нақ осы.

Біз нақ осыған күлеміз. Базаров, тап күресі туралы ілімге ой жүгіртпей, буржуазияның торына түсіп қалып отыр, буржуазия: «міне, міне, дәл осы, біз нақ осы реформа жасауға қарсы емеспіз, біз жұмысшылардың жалпы мемлекеттік бақылауға қатысуын жақтаймыз, біз бұған толығынан қосыламыз» деп жаппай даурығады, ал көңілшек Базаров *объективті* түрде капиталистердің шаншбауын котерушінің ролін атқарып отыр.

Тап күресі шиеленіскен жағдайда «орта» позицияны ұстауға тырысатын адамдар әрқашан да осындай күйге ұшырап отырды және әрқашан да солай бола бермек. Нақ осы себептен де «Новая Жизнь» жазушылары тап күресін түсіне алмайды, олардың саясаты буржуазия мен пролетариаттың арасында соншама күлкілі, мәңгібақи бұлталақтаушылық болып табылады.

«Жоспарларға» кірісіңіздер, мархабатты азаматтар, бұл саясат емес, бұл тап күресінің ісі емес, сіздер мұнда халыққа пайда келтіре аласыздар. Сіздердің газеттеріңізде толып жатқан экономистер бар. Өндіру мен болуді жолға қою мәселесімен шұғылдануға әзір отыр-

ған инженерлермен, тағы басқалармен бірігіңіздер, өздеріңіздің үлкен «аппаратыңыздың» (газетіңіздің) ішіндегі қосымша бетін Россиядағы өнімдерді өндіру мен бөлу туралы, банктер мен синдикаттар, т. т. жәнө т. с. туралы дәлме-дәл деректерді іскерлікпен талдап жасауға бөліңіздер—міне, осы арқылы сіздер халыққа пайда келтіресіздер, міне, сонда сіздердің екі орындықтың арасында отыруыңыз онша зиянды болып шықпайды, міне, «жоспарлар» жөнінде осындай жұмысты жұмысшылар күлкі қылмайды, қайта оған алғыс айтады.

Пролетариат жеңіске жеткен соң былай істейді: пролетариат экономистерді, инженерлерді, агрономдарды және басқаларды жұмысшы ұйымдарының *бақылауына алып,* «жоспар» жасауға, оны тексеруге, орталықтандыру арқылы еңбекті үнемдеудің құралдарын табуға, ең қарапайым, арзан, қолайлы және универсалды бақылау жасаудың шаралары мен әдістерін табуға отырғызады. Бұл үшін біз экономистерге, статистиктерге, техниктерге ақшаны жақсылап төлейміз, бірақ... бірақ егер олар бұл жұмысты *еңбекшілердің мүддeлеріне сәйкес* адал ниетпен, толық орындамаса, біз оларға тамақ бермей қоямыз.

Біз централизмді жақтаймыз, «жоспарды» жақтаймыз, бірақ *пролетарлық* мемлекеттің централизмі мен жоспарын жақтаймыз, өндіру мен бөлуді қанаушыларға *қарсы,* кедейлердің, еңбекшілер мен қаналғандардың мүдделеріне сәйкес пролетарлық тәртіптеуді жақтаймыз. Біз капиталистердің қарсылығын басатын, бүкіл толық өкімет билігін халықтың көпшілігіне, яғни пролетарлар мен жартылай пролетарларға, жұмысшылар мен ең кедей шаруаларға беретін нәрсені ғана «жалпы мемлекеттік» деп түсінуге қосыламыз.

* *
*

Бесінші дәлел: большевиктер өкіметті ұстап тұра алмайды, өйткені «жағдай ерекше күрделі...» деу.

Шіркін, даналар-ай! Олар, сірә, тек «ерекше күрделі жағдай» болмаса болғаны—революцияға көнуге дайын.

Ондай революциялар болмайды, мұндай революция жөнінде күрсініп-мұңаюда буржуазиялық интеллигенттің реакциялық зарлануынан басқа ештеңе де жоқ. Егер тіпті революция ерекше күрделі емес сияқты жағдайда басталса да, революцияның өзі өз дамуында *әрқашан да ерекше* күрделі жағдай туғызады. Өйткені нағыз, терең революция, Маркстің айтуынша[104], «халықтық» революция—қоғамдық құрылыстың, ондаған миллион адам өмірі укладының ескісі өліп, жаңасы туатын адам айтқысыз күрделі және азапты процесс. Революция—ең шиеленіскен, аласұрған, жанталасқан тап күресі және азамат соғысы. Тарихта бірде-бір ұлы революция азамат соғысынсыз болған емес. Ал азамат соғысы «ерекше күрделі жағдайсыз» болады деп тек қундақтаулы адамдар ғана ойлай алады.

Егер ерекше күрделі жағдай болмаса, революция да болмас еді. Қасқырдан қорыққан орманға бармас.

Бесінші дәлелде анықтайтын ештеңе жоқ, өйткені онда экономикалық та, саяси да, жалпы қандай болса да басқа ешқандай пікір жоқ. Онда тек революциядан қайғы шегіп, қорыққан адамдардың күрсініп-мұңаюы ғана бар. Бұл күрсініп-мұңаюды сипаттау үшін өзім бастан кешірген кішкентай екі оқиғаны айтайын.

Июль күндерінің аз-ақ алдында бір бай инженермен әңгіме болды. Инженер бір кезде революционер болған еді, социал-демократиялық партияның мүшесі, тіпті большевиктік партияның да мүшесі болған-ды. Ал қазір оның бүкіл тұла бойы толы қорқыныш, өршеленіп, ырық бермейтін жұмысшыларға деген ашу-ыза ғана. Егер бұлар неміс жұмысшылары тәрізді жұмысшы болса екен-ау,—дейді ол (ол білімді, шетелде болған адам),— мен әлеуметтік революцияның жалпы алғанда сөзсіз болатынын, әрине, түсінем, бірақ бізде, соғыстың зардабынан жұмысшылардың дәрежесі соншалық төмендеп кетіп отырғанда... бұл—революция емес, бұл—түпсіз тұңғиық.

Ол мынадай жағдайда әлеуметтік революцияны мойындауға әзір болар еді, ол үшін тарих революцияға, немістің курьер поезының станцияға келіп тоқтағаны сияқты, бейбіт, тыныш, мұнтаздай және мұқият әкеліп

қоюы керек. Әдепті кондуктор вагонның есігін ашып: «әлеуметтік революция станциясы. Alle aussteigen (бәріңіз де шығыңыздар)!» деп жариялайды. Мұндайда Тит Титычтардың тұсында инженер болу жағдайынан жұмысшы ұйымдары тұсында инженер болу жағдайына көшпейтін несі бар.

Бұл адам стачкаларды көрген. Ең дағдылы стачканың өзі тіпті ең бейбіт уақытта да әрқашан адамның ынтасын қаншалықты дауылдай буырқанта алатынын ол біледі. Тап күресі орасан зор елдің *барлық* еңбекші адамдарын көтерген кезде, помещиктер ғасырлар бойы азапқа салып, капиталистер мен патша чиновниктері ондаған жылдар бойы тонап, тұқыртып келген миллиондаған адамдарды соғыс пен қапау ашынуға дейін дерлік жеткізген кезде бұл дауылдың неше миллион есе күшейетінін ол, әрине, түсінеді. Ол мұның бәрін «теориялық жағынан» түсінеді, ол мұның бәрін тек *ерінің ұшымен* ғана мойындайды, ол тек «ерекше күрделі жағдайдан» қорқып қалған.

Июль күндерінен кейін Керенский үкіметінің қамқорсынып айрықша құрметтеуінің арқасында маған астыртын жағдайға көшуге тура келді. Біздерді, әрине, жұмысшы жасырды. Питердің қиыр шетіндегі жұмысшылар тұратын жерде, жұмысшының шағын пәтерінде тамақ берді. Үй иесі әйел нан әкелді. Қожайын: «Қараңызшы, мынау қандай тамаша нан. Бәсе, «олар» енді жаман нан беруге қорқады. Біз Питерде жақсы нан береді деп ойлауды да ұмытып бара жатыр едік» дейді.

Июль күндеріне берілген бұл таптық баға мені қайран қалдырды. Менің ойым оқиғаның саяси маңызының төңірегінен шықпай қойды, оқиғалардың жалпы барысында оның атқаратын ролін салмақтады, тарихтың бұл бұраң жолы қандай жағдайдан шықты және оның өзі қандай жағдай туғызбақ, біз өзіміздің урандарымызды қалай өзгертуіміз керек және өзгерген жағдайға бейімдеу үшін партия аппаратын қалай өзгертуіміз керек, міне, осыларды анықтаумен болды. Мен, мұқтаждық шегіп көрмеген адам, нан туралы ойлағаным жоқ. Мен үшін нан өз алдына, жазушылық

жұмыстың бір жанама жемісі сияқты бірдеңе еді. Барлық нәрсенің негізіне, нан үшін болатын тап күресіне ой-өріс адам айтқысыз қиын, шым-шытырық жолмен саяси талдау жасау арқылы келеді.

Ал езілген таптың өкілі, ол тіпті жақсы жалақы алатын және толық интеллигент жұмысшылардың өкілі болса да, таңқаларлық қарапайымдықпен және турашылдықпен, берік батылдықпен, тамаша айқын көзқараспен тоқ етерін бір-ақ айтып отыр, ондай қасиеттер біздей интеллигенттерге аспандағы жұлдыздай алыс жатыр. Бүкіл дүние екі лагерьге бөлінеді: «біздер», еңбекшілер, және «олар», қанаушылар. Болып өткен оқиға жөнінде қысылып-қымтырылудың ізі де жоқ: еңбектің капиталға қарсы ұзақ күресіндегі шайқастардың бірі. Ағашты шапқанда, жаңқасы ұшпай қоймайды.

«Революцияның бұл «ерекше күрделі жағдайы» деген қандай азапты нәрсе»—буржуазиялық интеллигент осылай ойлап, осылай сезінеді.

«Біз «оларды» қысып тастадық, «олар» енді бұрынғыдай кекіреюге бата алмайды. Тағы да қыса түсейік—мүлде құлатайық»—жұмысшы осылай ойлап, осылай сезінеді.

* *
*

Алтыншы және соңғы дәлел: пролетариат «тек пролетариат диктатурасын ғана емес, оның үстіне бүкіл революцияны да қоса жайпап тастайтын жау күштердің бүкіл тегеурініне қарсы тұра алмайды» деу.

Қорқытпаңыздар, мырзалар, қорқыта алмайсыздар. Бұл жау күштерді және олардың тегеурінін біз корниловшылдықтан көргенбіз (бұдан керенскийшілдіктің түк айырмашылығы жоқ). Пролетариат пен ең кедей шаруалардың корниловшылдықты қалай жайпап тастағанын, буржуазияны жақтаушылардың және ұсақ жер иелерінің өте ауқатты және революцияға мейлінше «жау» жергілікті топтарының азын-аулақ өкілдерінің қандай аянышты, дәрменсіз жағдайда қалғанын жұрттың бәрі көрді, мұны халық ұмытқан жоқ. 30 сентябрь күнгі «Дело Народа» жұмысшыларды Құрыл-

тай жиналысына (көтеріліс жасаушы шаруаларға қарсы «әскери шаралардың» күзетуімен шақырылатын!) дейін керенскийшілдікке (яғни корниловшылдыққа) және қолдан жасалған церетелилік Булыгин думасына «төзе тұрыңдар» деп үгіттей отырып, «Дело Народа» «Новая Жизньнің» нақ алтыншы дәлелін аптыға қайталап, даусы қарлыққанша былай деп айқайлайды: «Керенскийдің үкіметі ешбір жағдайда да бағынбайды» (Советтер өкіметіне, жұмысшылар мен шаруалар өкіметіне бағынбайды; ойраншылар мен антисемиттерден, монархистер мен кадеттерден артта қалмау үшін «Дело Народа» бұл өкіметті «Троцкий мен Лениннің» өкіметі деп атайды: міне, эсерлер осындай тәсілдерге дейін барып отыр!!).

Бірақ «Новая Жизнь» де, «Дело Народа» да сапалы жұмысшыларды қорқыта алмайды. Сіздер: «Керенскийдің үкіметі ешбір жағдайда да бағынбайды» дейсіздер, яғни түсінікті түрде, тура, ашық айтқанда корниловшылдықты қайталайды дейсіздер. Сөйтіп «Дело Народадағы» мырзалардың: мұның өзі «азамат соғысы» болады-мыс, мұның өзі «қорқынышты перспективалар» болады-мыс деуге де батылы барып отыр!

Жоқ, мырзалар, жұмысшыларды алдай алмайсыздар. Бұл—азамат соғысы болмайды, ат төбеліндей корниловшылдардың барып тұрған үмітсіз бүлігі болмақ: немесе олар халыққа «бағынбай» және Выборгте корниловшылдар жөнінде істелгенді кең көлемде қайталауға халықты қайткен күнде де арандатпақ болады, *егер* эсерлер осыны *тілесе,* егер эсерлер партиясының мүшесі Керенский осыны тілесе, онда ол халықты шектен тыс ашынуға дейін жеткізе алады. Бірақ сіздер жұмысшылар мен солдаттарды мұнымен қорқыта алмайсыздар, мырзалар.

Не деген шектен шыққан арсыздық: жаңа Булыгин думасын қолдан жасап, подлог жасау арқылы реакцияшыл кооператорларды, деревня кулактарын өздеріне көмекке жинап алып, оларға капиталистер мен помещиктерді (цензілік элементтер дейтіндерді) үстемелеп, сөйтіп корниловшылдардың осы бандасы арқылы

халықтың еркін, жұмысшылар мен шаруалардың еркін *болдырмай тастағысы* келеді.

Шаруа елінде істің жайы мынадай күйге жеткізіліп отыр: жер-жердің бәрінде де шаруалар көтерілісі арнасына сыймаған өзендей кең жайылып жатыр! Тек ойлап қараңыздаршы: халықтың 80 проценті шаруалар болған демократиялық республикада оларды шаруалар көтерілісін жасауға дейін жеткізіп отыр... Черновтың газеті, «социалист-революционерлер» партиясының органы «Дело Народа» да нақ осындай, ол 30 сентябрьде жұмысшылар мен шаруаларға «төзе тұрыңдар» деп арсыздықпен кеңес беріп, 29 сентябрьдегі бас мақаласында мынаны мойындауға мәжбүр болды:

«Нақ орталық Россиядағы деревняда әлі күнге дейін *үстемдік етіп отырған кіріптарлық* қатынастарды жою үшін осы уақытқа дейін *түк* істелмеді *деуге болады*».

Осы «Дело Народаның» өзі нақ сол 29 сентябрьдегі бас мақаласында «революциялық министрлердің» тәсілдерінде «столыпиндік қыспақ әлі күшті сезіліп жүр» дейді, яғни басқа сөзбен, анығырақ, түсініктірек айтқанда, Керенскийді, Никитинді, Кишкинді және $К^0$-ні *столыпиншілдер* деп атайды.

«Столыпиншіл» Керенский мен $К^0$ шаруаларды көтеріліс жасауға дейін жеткізді, енді шаруаларға қарсы «әскери шаралар» қолданып отыр, Құрылтай жиналысын шақырамыз деп халықтың көңілін аулап отыр (Керенский мен Церетели 8 июльде: Құрылтай жиналысы белгіленген мерзімде, 17 сентябрьде, шақырылады деп салтанатты түрде жариялап, халықты бұрын да бір рет *алдаған* болатын, ал содан соң *өздерінің сөздерін бұзып*, тіпті *меньшевик Данның* берген кеңесіне қарамастан, Құрылтай жиналысын кейінге қалдырған, Құрылтай жиналысын, сол кездегі меньшевиктік Орталық Атқару Комитетінің тілегеніндей, октябрьдің аяғына қалдырған жоқ, ноябрьдің аяғына қалдырған). «Столыпиншіл» Керенский мен $К^0$ Құрылтай жиналысы жақын арада шақырылады деп халықтың көңілін аулайды, осындай істе бір рет өтірік айтқан адамдарға

халық папа қоятындай көреді, шалғай түкпірде жатқан деревняларда *әскери шаралар* қолданып отырған, яғни саналы шаруаларды бет алды тұтқынға алушылықты, сайлауға *қулық* жасаушылықты көрінеу көзге *жасырып* отырған үкімет Құрылтай жиналысын *дұрыс* шақырады деп халық папа қоятындай көреді.

Шаруаларды көтеріліс жасауға дейін жеткізіп, оларға: ««төзе тұру» керек, күте тұру керек, көтеріліс жасаған шаруаларды «әскери шаралармен» басып-жаншып отырған үкіметке сену керек!» деу үшін арсыз болу керек.

Істі 19 июньнен кейінгі шабуылда жүз мыңдаған орыс солдаттарын қырғынға ұшыратуға дейін, соғысты соза беруге дейін, өз бастықтарын суға лақтырып жатқан неміс матростарының көтеріліс жасауына дейін жеткізді, бітім туралы ылғи жел сөзге салына отырып, соғысып жатқан *барлық* елдерге әділетті бітім *ұсынбай,* істі осыған дейін жеткізді, сөйте тұра жұмысшылар мен шаруаларға, қырылып жатқан солдаттарға былай деу үшін арсыз болу керек: «төзе тұру қажет», «столыпиншіл» Керенскийдің үкіметіне сеніңдер, корниловшыл генералдарға тағы бір ай сене тұрыңдар, мүмкін, олар бір айдың ішінде тағы да бірнеше он мыңдаған солдатты қырғынға жіберер... «Төзе тұру қажет».

Арсыздық деген осы емес пе??

Жоқ, эсер мырзалар, Керенскийдің партиялас әріптестері, сіздер солдаттарды алдай алмайсыздар!

Совет үкіметінің соғысып жатқан барлық елдерге де әділетті бітім жасасуды *дереу* ұсынатынын, демек, *қайткенде де* оның дереу уақытша бітімге келіп, кешікпей бітім жасасатындығын білетін жұмысшылар мен солдаттар Керенскийдің үкіметіне бір күн де, *артық* бір сағат та төзбейді.

Әскери шаралармен шаруалар көтерілісін басып-жаншып отырған Керенский үкіметінің, Советтердің еркіне қарамастан, сақталып қала беруіне біздің шаруалар армиясының солдаттары бір күн де, *артық* бір сағат та төзбейді.

Жоқ, эсер мырзалар, Керенскийдің партиялас әріптестері, сіздер жұмысшылар мен шаруаларды енді алдай алмайсыздар.

* *
*

Өлердей қорқып қалған «Новая Жизньнің» сендіруі бойынша, пролетариат диктатурасын жайпап тастайтын жау күштердің тегеуріні туралы тағы да бір сұмдық логикалық және саяси қате бар, бұл қатені тек есінен танғанша қорқып қалған адамдар ғана көрмеуі мүмкін.

Сіздер: «жау күштердің тегеуріні пролетариат диктатурасын жайпап тастайды» дейсіздер. Жақсы. Бірақ сіздер, мархабатты азаматтар, бәріңіз де экономист және білімді адамдарсыздар ғой. Демократия мен буржуазияны қарама-қарсы қою, пұт пен аршынды қарама-қарсы қою сияқты, мағынасыздық және надандық екенін сіздердің бәріңіз де білесіздер. Өйткені демократиялық буржуазия да, ұсақ буржуазияның демократиялық емес (Вандеяға бейім) топтары да болады.

«Жау күштер» дегеніңіз жел сөз. Ал таптық түсінік—*буржуазия* (оны помещиктер де жақтайды).

Буржуазия мен помещиктер, пролетариат, ұсақ буржуазия, ұсақ қожайынсымақтар, ең алдымен шаруалар,—басқа капиталистік елдердің *қай-қайсысы* сияқты, Россияның да бөлінетін негізгі үш «күші», міне, осылар. Әрбір капиталистік елде (Россияда да) ғылыми экономикалық талдау жасау арқылы ғана емес, сонымен қатар *барлық* елдердің бүкіл ең жаңа тарихының *саяси тәжірибесі* де, XVIII ғасырдан бергі *барлық* европалық революциялардың тәжірибесі де, 1905 және 1917 жылдардағы орыстың *екі* революциясының тәжірибесі де әлдеқашан көрсеткен негізгі үш «күш», міне, осы.

Сөйтіп, сіздер пролетарларды олардың өкіметін буржуазияның тегеуріні жайпап тастайды деп қорқытасыздар ғой? Сіздердің қорқытуыңыз осыған, тек қана осыған келіп саяды, онда басқа ешбір мағына жоқ.

Жақсы. Егер, мысалы, буржуазия жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың өкіметін жайпап тастайтын болса, онда «коалициядан» басқа, яғни ұсақ буржуаның буржуазиямен одақ немесе келісім жасасуынан басқа ештеңе қалмайды. Басқа ештеңені ойға алуға да болмайды!!

Ал коалиция жарты жыл бойы байқап көріліп, күйреуге соқтырды ғой, сөйтіп «Новая Жизньдегі» мархабатты, бірақ ойлай білмейтін азаматтар, сіздердің өздеріңіз де коалициядан *бездіңіздер* ғой.

Сонда не болып шығады?

«Новая Жизньдегі» азаматтар, сіздер соншалық шатасқансыздар, соншалық қорқып қалғансыздар, тіпті ең оңай пайымдаудың, *тіпті беске дейін де емес, тек үшке дейін ғана есептеудің* бас-аяғын ұштастыра алмайсыздар.

Не бүкіл өкімет буржуазияға берілсін—мұны сіздер көптен бері қолдамайсыздар, ал буржуазияның өзі де бұл туралы тіпті аузын да аша алмайды, өйткені мұндай өкіметті 20—21 апрельде халық иықпен бір қағып лақтырып жібергенін және қазір үш есе артық батылдықпен, аяусыз түрде лақтыратынын буржуазия біледі. Не өкімет ұсақ буржуазияға берілсін, яғни ол буржуазиямен коалиция (одақ, келісім) жасайтын болсын, өйткені ұсақ буржуазия өкіметті өз алдына дербес және ешкімге тәуелді болмай алғысы келмейді және ала да *алмайды,* мұны барлық революциялардың тәжірибесі дәлелдеді, мұны экономикалық ғылым да дәлелдеп отыр, бұл ғылым капиталистік елде капиталды жақтауға болады, еңбекті жақтауға болады, ал бұл екеуінің аралығында тұруға болмайды деп түсіндіреді. Бұл коалиция Россияда жарты жылдың ішінде ондаған тәсілдерді байқап көрді, бірақ күйреп тынды.

Не, ақырында, бүкіл өкімет буржуазияға қарсы, буржуазияның қарсылығын басу үшін пролетарлар мен ең кедей шаруаларға берілуі керек. Бұл әлі байқап көрілген жоқ, ал бұл жөнінде сіздер, «Новая Жизньдегі» мырзалар, халыққа *теріс ақыл беріп,* өздеріңіздің буржуазиядан қорқып қалғандықтарыңызбен халықты қорқытпақ болып отырсыздар.

Төртінші бір нәрсені ойлап табуға болмайды.

Демек, егер «Новая Жизнь» пролетариат диктатурасынан қорқып, одан пролетарлық өкіметті буржуазияның бейне құлатып тастауы мүмкін деп бас тартса, онда мұның өзі капиталистермен *келісімпаздық* позициясына *жасырынып қайта келумен* бірдей!!! Кімде-кім қарсылықтан қорықса, кімде-кім бұл қарсылықты басу мүмкіндігіне сенбесе, кімде-кім халыққа: «капиталистердің қарсылығынан қорқыңыздар, сіздер оны жеңе алмайсыздар» деп үйретсе, онда ол *мұнысымен* тағы да капиталистермен келісімпаздыққа шақырған болады, бұл айдан анық.

Коалицияның күйрегенін көріп, оны ашық қорғауға батылы бармай отырған және сонымен қатар буржуазияның қорғауында отырған, пролетарлар мен ең кедей шаруалардың билеп-төстеуінен қорқып отырған барлық ұсақ буржуазиялық демократтардың қазіргі шатасқаны сияқты, «Новая Жизнь» де дәрменсіздікпен, аянышты түрде шатасып отыр.

* *
*

Капиталистердің қарсылығынан қорқу, сонымен қатар өзін революционермін деп атау, социалистер санатында болғысы келу—бұл не деген масқаралық десеңізші! Мұндай дауыстардың естілуі *мүмкін* болуы үшін оппортунизм бұзған дүние жүзілік социализмнің идеялық жағынан қаншалық құлдырауы керек болды десеңізші!

Капиталистердің қарсылығының күшін біз бұрын да көргенбіз, бүкіл халық көрген, өйткені басқа таптарға қарағанда саналырақ болғандықтан капиталистер Советтердің маңызын бірден-ақ түсінді, *Советтерді іске асыртпау үшін*, оларды жоққа тән ету үшін, олардың арын төгу үшін (меньшевиктер мен эсерлердің көмегімен), оларды қысыр сөздің ордасына айналдыру үшін, шаруалар мен жұмысшыларды айлар бойы сылдыр сөзбен шаршату және революцияны ойыншық ету үшін капиталистер *өздерінің барлық күштерін* бірден сарқа пайдаланды, неден болса да тайынған жоқ, қай-

дан шықса, одан шықсын деп, өтірік пен өсектің құлақ естімеген тәсілдерін қолдануға дейін, әскери заговорға дейін барды.

Ал пролетарлар мен ең кедей шаруалардың қарсылық күшін *біз әлі көргеніміз жоқ*, өйткені өкімет пролетариаттың қолында болған кезде ғана, мемлекеттегі өкімет езілген таптардың қолына тигендігін, бұл өкіметтің помещиктер мен капиталистерге қарсы күресу жөнінде кедейлерге көмектесетінін, помещиктер мен капиталистердің қарсылығын *басатынын* жоқшылық пен капиталистік құлдықтан жаншылған он миллиондаған адам тәжірибеде көріп, *сезген кезде* ғана бұл күш мейлінше кемеліне келе бой жазады. Халық ішінде капиталистерге тойтарыс беретін әлі де қандайлық ұшан-теңіз күштер бар екенін біз *тек* сол кезде *ғана* көре аламыз, Энгельстің «жасырын социализм»[105] деп атағаны тек сол кезде ғана көрінеді, тек сол кезде ғана жұмысшы табы өкіметінің ашық не жасырынып жүрген, өзін әрекетімен немесе енжар қарыспалығымен көрсететін әрбір *он мың* жауына қарсы *бір миллион* жаңа күрескерлер көтеріледі, осы күнге дейін саяси жағынан ұйықтап жатқан, жоқшылықтың азабынан және торығудан қалжыраған, өздерінің де адам екендігіне, өздерінің де өмір сүруге праволы екендігіне сенімін жоғалтқан, қазіргі орталықтанған мемлекеттің барлық қуаты оларға да қызмет етуі мүмкін деп, пролетарлық милицияның отрядтары толық сеніммен *оларды* да мемлекетті басқару ісіне күнбе-күн қатысуға, тікелей, мейлінше ат салысуға шақырады деп үміттенбеген күрескерлер көтеріледі.

Плеханов, Брешковская, Церетели, Чернов мырзалардың және К°-нің игі қатысуымен капиталистер мен помещиктер демократиялық республиканы *ластау* үшін, оны байлықтың алдында жарамсақтану арқылы ластау үшін қолдарынан келгенінің *бәрін* істеді, ластағанда халықты үмітсіздік, немқұрайдылық билейтіндей етіп, *оған бәрібір* болатындай етіп ластамақ болды, өйткені аш адам республиканы монархиядан айыра алмайды, суыққа тоңған, жалаңаш, қалжыраған, өзгенің мүдде-

сіне бола өліп жатқан солдаттың республиканы жақсы көруге шамасы келмейді.

Ал енді пролетарлық өкіметтің байлыққа құлдық ұрмайтынын, қайта кедейлерге көмек көрсететінін, бұл өкіметтің революциялық шараларды қолданудан тартынбайтынын, оның арамтамақтардан артық азықты алып, аштарға беретінін, оның панасыздарды байлардың пәтеріне күшпен кіргізетінін, оның байларға сүт үшін ақша төлеткізіп, бірақ *барлық* кедей семьялардың балалары сүтпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілгенге дейін байларға бір тамшы да сүт бермейтінін, жердің еңбекшілерге көшетінін, фабрикалар мен банктердің жұмысшы бақылауына берілетінін, миллионерлердің байлығын жасырғаны үшін дереу, қатаң жазаға тартылатынын қара жұмысшының бірі қалмастан көрген кезде, кез келген жұмыссыз адам, әрбір аспаз әйел, әрбір күйзелген шаруа көрген кезде,—газеттен емес, өз көздерімен көрген кезде,—міне, кедейлер осыны көріп, осыны сезген кезде, сол кезде капиталистер мен кулактардың ешқандай күші де, жүздеген миллиард соманы билеп-төстеп отырған бүкіл дүние жүзілік финанс капиталының ешқандай күші де халық революциясын жеңе алмайды, қайта, керісінше, *халық революциясы* бүкіл дүние жүзін жеңеді, өйткені барлық елдерде де социалистік төңкеріс пісіп жетіліп келеді.

Егер біздің революция өзінен-өзі қорықпаса, егер ол бүкіл толық өкіметті пролетариаттың қолына тапсырса, онда біздің революция жеңілмейді, өйткені пролетариаттың соғыс салдарынан уақытша жаншылған, бірақ жойылып кетпеген, қайта, керісінше, соғыс еселеген өлшеусіз көп, неғұрлым дамыған, неғұрлым ұйымдасқан бүкіл дүние жүзілік күштер бізді қолдап отыр.



Ең кедей шаруалардың қалтқысыз қолдауы қамтамасыз етілген большевиктер өкіметін, яғни пролетариат өкіметін капиталист мырзалар «жайпап тастайды» деп қорқушылық бар! Не деген соқырлық, халықтан

не деген масқара қорқушылық, не деген екіжүзділік десеңізші! Мұндай қорқақтық істеп жүрген адамдар «әділдік» деген сөзді аузы айтса да, өзі оған сенбейтін, оған ешбір мазмұн бермей, әдет бойынша, құр сөз есебінде айтатын «жоғары» (капиталистік өлшем бойынша, ал іс жүзінде *шіріген)* «топқа» жатады.

Мынадай мысал келтірейік:

Пешехонов мырза—белгілі жартылай кадет. Бұдан артық баяу трудовикті, Брешковскаялар мен Плехановтардың бұдан артық баяу пікірлесін таба алмайсыз. Буржуазияның алдында бұдан артық жарамсақтанған министр болған жоқ. «Коалицияны», капиталистермен келісім жасасуды мұнан артық қызу жақтайтын адамды дүние жүзі көрген емес!

Қорғампаздық «Известияның» айтуына қарағанда, бұл мырза өзінің «Демократиялық» (булыгиндік деп оқыңыз) кеңестегі сөзінде, міне, былай деп мойындауға *мәжбүр болды:*

«Екі программа бар. Мұның біреуі — топтық тілектердің, таптық және ұлттық тілектердің программасы. Бұл программаны большевиктер негұрлым ашық қорғап отыр. Бірақ бұл программадан бас тарту демократияның басқа бөлектеріне де ешбір оңай емес. Өйткені мұның өзі еңбекші бұқараның тілегі ғой, елеусіз қалған, езілген ұлттардың тілектері ғой. Сондықтан да демократияның большевиктерден қоя үзіп кетуі, бұл таптық талаптардан бас тарту онша оңай емес, оның себебі, ең алдымен, бұл талаптар шын мәніне келгенде әділ талаптар. Бірақ бұл—өзіміз революцияға дейін күресіп келген, сол үшін өзіміз революция жасаған программа, басқа жағдайда бұл программаны бәріміз жабыла қолдаған болар едік, бірақ қазіргі жағдайда бұл программа орасан қауіпті болып отыр. Қазір, мұның қауіптілігі бұрынғыдан да күшейе түсті, оның себебі, бұл талаптарды мемлекеттің оларды орындауға мүмкіндігі жоқ кезде ұсынуға тура келіп отыр. Ең әуелі бүтінді — мемлекетті қорғап қалу керек, оны құрып кетуден құтқарып қалу керек, бұл үшін тек бір-ақ жол бар: талаптар қаншама әділ және күшті болғанымен де, оларды орындау емес, қайта, керісінше, оларға шек қою, барлық жақтан да құрбандық істеу қажет» («Известия ЦИК», 17 сентябрь).

Капиталистер өкімет басында тұрған кезде, ол бүтінді *емес,* қайта орыстық және «одақтас» империалистік капиталдың пайдакүнемдік мүдделерін қорғайтынын Пешехонов мырза түсінбей отыр. Капиталистерден,

олардың құпия шарттарынан, *олардың* аннексиясынан (өзгелердің жерін басып алуынан), *олардың* банктік финанстық арамзалықтарынан безген күнде ғана соғыс басқыншылық, империалистік, тонаушылық соғыс болудан қалатынын Пешехонов мырза түсінбейді. Тек осыдан *кейін* ғана, қарсы жақ өзіне ресми түрде ұсынылған әділетті бітімнен бас тартса, соғыс—қорғану соғысы, әділетті соғыс болатынын Пешехонов мырза түсінбейді. Капиталдың езгісін құлатып, жерді шаруаларға берген, банктер мен фабрикаларға жұмысшы бақылауын қойған елдің қорғаныс қабілеті капиталистік елдің қорғаныс қабілетінен *әлденеше есе* жоғары болатынын Пешехонов мырза түсінбейді.

Ал ең бастысы, Пешехонов мырза большевизмнің әділдігін мойындауға, оның талаптары—*«еңбекші бұқараның»*, ягни халықтың көпшілігінің талаптары екенін мойындауға мәжбүр болып, осынысы арқылы өзінің позициясын түгелімен, бүкіл ұсақ буржуазиялық демократияның позициясын түгелімен *қалдырып кетіп* отырғанын түсін*бейді.*

Біздің күшіміз, міне, осында. Біздің үкіметіміздің жеңілмейтін болуының себебі осы: өйткені большевиктік программаның «еңбекші бұқара» мен «езілген ұлттардың» программасы екенін тіпті дұшпандарымыз да мойындауға мәжбүр болып отыр.

Пешехонов мырзаның өзі кадеттердің, «Единство» мен «Дело Народадағы» топтың, Брешковскаялар мен Плехановтардың саяси досы гой, оның өзі кулактардың және Корниловтың әскерінен немесе Керенскийдің (мұның да әлгіден еш айырмашылығы жоқ) әскерінен большевиктер жеңіліп қалғандай күн туса, әйелдері мен апа-қарындастары ертеңіне келіп қол шатырымен шала-жансар жатқан большевиктердің көзін оятын мырзалардың өкілі.

Ал большевиктердің талаптары «әділ» екенін, міне, осы сияқты мырза мойындауға *мәжбүр болып отыр.*

Ол үшін «әділдік» деген тек жел сөз ғана. Бірақ жартылай пролетарлар бұқарасы үшін, қала мен деревняның соғыс күйзелткен, зәбірлеген, қалжыратқан ұсақ буржуазиясының көпшілігі үшін бұл жел сөз

емес, қайта аштық өлім туралы, бір тілім нан туралы ең күшті, ең көкейтесті, ең үлкен мәселе. Міне, сондықтан да *ешбір* саясатты «коалицияға», аштар мен күйзелушілердің мүдделерін қанаушылардың мүдделерімен «келісімге келтіруге» негіздеп жүргізуге *болмайды*. Міне, сондықтан да *осы* бұқараның, оның басым көпшілігінің большевиктік үкіметті жақтауы *қамтамасыз* етіліп отыр.

Интеллигенттер және экономикалық материализмнің *«соңын* баққандығын» үлкен дәлел қылып, өздерін марксиспіз деп жариялауға бейім жүретін жарамсақтар әділдік дегеніміз бос сөз дейді.

Идеялар бұқараның бойын билеп алған кезде күшке айналады. Міне, дәл қазір большевиктер, яғни революциялық-пролетарлық интернационализмнің өкілдері бүкіл дүние жүзінде сансыз көп еңбекші бұқараны жігерлендіріп отырған идеяны өздерінің саясаты арқылы жүзеге асырып отыр.

Бір ғана әділдік, қанаудан ашынған бұқараның бір ғана сезімі бұқараны еш уақытта да социализмнің дұрыс жолына салып жібере алмаған болар еді. Бірақ капитализмнің арқасында ірі банктердің, синдикаттардың, темір жолдардың, т. т. материалдық аппараты өскен кезде, алдыңғы қатарлы елдердің аса бай тәжірибесі техника кереметтерінің запастарын көбейтіп, оларды пайдалануға капитализм *бөгет жасап* отырған кезде, бұл аппаратты жоспарлы түрде қолға алып, оны барлық еңбекшілердің, қаналғандардың қолдауымен іске қосу үшін саналы жұмысшылар ширек миллион мүшесі бар партияны топтастырып алған кезде,—осы жағдайлардың бәрі *болып отырған* кезде, *егер большевиктердің өздері қорықпай*, өкіметті қолдарына алып, оны бүкіл дүние жүзілік социалистік революция жеңіп шыққанша ұстап тұра алса, онда большевиктерге бөгет жасайтын күш жер бетінен табылмайды.

СОҢҒЫ СӨЗ

«Новая Жизньнің» 1 октябрьде шыққан номеріндегі бас мақаласында топастықтың жаңа үлгісін алдымызға тартқан кезде мұның алдындағы жолдар жазылып та қойған еді; бұл топастық большевиктерге тілектес болуды желеу етіп, филистердің: «өздеріңді арандаттырмаңдар» (арандату туралы айқайлардың, большевиктерді қорқытуды және оларды өкіметті *алмауға* азғыруды көздеген айқайлардың торына түсіп қалмаңдар) деп ақылгөйсіген пайымдауларын бүркемелейтін діктен де қауіпті топастық.

Топастықтың бұл үлгісі мынадай:

«Бір жағынан, 3—5 июльдегі, екінші жағынан, Корнилов күндеріндегі сияқты қозғалыстардың сабақтары — халық арасында өте беделді болған органдары бар демократияның, егер ол азамат соғысында қорғаныс позициясын ұстаса, жеңілмейтіндігін, ал шабуыл жасау инициативасын өз қолына алған кезде, барлық аралық, ауытқушы элементтерден айрыла отырып, жеңіліп қалатындығын толық айқын көрсетті».

Егер большевиктер осы пайымдауда көрсетілген филистерлік топастық жөнінде қай формада болса да, қандай болса да жеңілдік жасаған болса, онда олар өз партиясының да, революцияның да түбіне жеткен болар еді.

Өйткені бұл пайымдаудың авторы, азамат соғысы туралы айтамын деп (тақырып—нақ барлық жағынан да сүйкімді бикешке лайық тақырып), бұл мәселе жөнін-

дегі *тарих сабақтарын* адам айтқысыз күлкіге айналдырған.

Пролетарлық-революциялық тактиканың өкілі және негізін салушы Карл Маркс *бұл* сабақтар туралы, тарихтың *бұл* мәселе жөніндегі сабақтары туралы былайша пайымдаған болатын:

«Дәл соғыс сияқты, өнердің басқа түрлері де сияқты, көтеріліс дегеніміз өнер. Оның өзі белгілі бір ережелерге бағынады, ол ережелер естен шығарылса, оның орындалмауына кінәлы партия опат болады. Партиялардың мәнінен шығатын, мұндай реттерде кездесетін жағдайлардың мәнінен туатын логикалық салдар есебіндегі бұл ережелердің айқындығы, қарапайымдылығы соншалық, 1848 жылдың қысқа тәжірибесі немістерді бұл ережелермен жеткілікті дәрежеде таныстырды. Біріншіден, егер ақыр-аяғына дейін жетеміз деген берік шешім болмаса, көтеріліспен еш уақытта ойнауға (сөзбе сөз: бұл ойынның барлық зардаптарымен санаспаса) болмайды. Көтеріліс дегеніңіз қадірі күн сайын өзгеріп отыруы мүмкін мейлінше беймағлұм шамалардан құрылған теңдеу. Қарсы әрекет етуге тура келетін әскери күштердің жағында түп-түгел ұйымшылдық, тәртіп және дәстүрлі бедел артықшылығы бар» (Маркс көтерілістің ең «қиын» жағдайын айтып отыр: «берік» ескі өкіметке қарсы, революцияның ықпалымен және үкіметтің ауытқуы салдарынан ыдырамаған армияға қарсы шығуды айтып отыр); «егер көтерілісшілер өз жауына қарсы одан басым күш жинай алмаса, онда дұшпан бұлардың өздерін талқандап, құртып жібереді. Екіншіден, көтеріліс басталған екен, онда барынша батылдықпен қимылдап, шабуылға көшу керек. Қорғаныс—қандай болса да қарулы көтерілістің ажалы; қорғанатын болса, ол дұшпанмен күш сынасып үлгірмей жатып өледі. Дұшпан әскері бытырап жатқан кезде оны тұтқиылдап басып қалу керек, күн сайын жаңа, аз болса да бір жеңіске жетіп отыру керек; көтерілісшілердің алғашқы тегеурінді қимылында қол жеткен моральдық басымдықты сақтау керек; әр уақытта кім неғұрлым күштірек болса, соның соңынан еретін, әр уақытта кім неғұрлым сенімдірек

болса, соның жағына шығатын солқылдақ элементтерді өз жағыпа тарту керек; жауды өзіңе қарсы әскерін жинап үлгіргенше кейін шегінуге мәжбүр ету керек; бір сөзбен айтқанда, осы күнге дейін мәлім болған революциялық тактика шеберлерінің ішіндегі асқан ұлысы Дантонның: батылдық, батылдық және тағы да батылдық керек деген сөздері бойынша қимылда» («Германиядағы революция мен контрреволюция», 1907 жылғы немісше басылымы, 118-бет)[106].

Біз мұның бәрін де қайта жасағанбыз—деуі мүмкін «Новая Жизньдегі» «марксистсымақтар» өздері жөнінде,—бізде үш есе батылдықтың орнына екі артықшылық бар: «бізде екі артықшылық бар: баяулық пен мұқияттылық». «Біздерге» бүкіл дүние жүзілік тарихтың тәжірибесі, ұлы француз революциясының тәжірибесі түк емес. «Біздерге» Молчалин көзілдірігі қисық көрсетіп жүрген 1917 жылдың екі қозғалысының тәжірибесі маңызды.

Бұл тәжірибеге біз сол сүйкімді көзілдіріксіз қарап көрейік.

3—5 июльді сіздер «азамат соғысымен» салыстырасыздар, өйткені сіздер Алексинскийге, Переверзевке және К⁰-ге сендіңіздер. Бұл—«Новая Жизньдегі» мырзаларға тән нәрсе, олар (3—5 июль туралы *мәліметтер жинау* үшін, күнделікті үлкен газеттің орасан үлкен аппараты өз қолдарында бола тұрса да, өз алдарына тіпті еш нәрсе істеместен) *сондай* адамдарға сенеді.

Ал тіпті бір минутқа былай-ақ болсын делік: большевиктер азамат соғысының бастауы деңгейінде ғана ұстап қалған 3—5 июльді азамат соғысының бастауы емес, азамат соғысының нағыз өзі екен делік. Солай екен делік.

Солай болған жағдайда әлгі сабақ нені дәлелдейді?

Біріншіден, большевиктер шабуылға шыға қойған *жоқ*, өйткені егер олар шабуылға шыққан болса, 3 июльден 4 июльге қараған түні, тіпті 4 июльде де олардың өте көп нәрсеге қолы жететіні даусыз еді. Егер азамат соғысы туралы пайымдайтын болсақ (*фактілердің* көрсетіп отырғанындай, стихиялық дүмпуді 20—21 апрельдегі типтес демонстрацияға айнал-

дырғандық туралы емес, «Новая Жизньнің» пайымдауынша), қорғаныс олардың осал жері болды.

Сөйтіп, «сабақ» «Новая Жизньдегі» ақылгөйлерге *қарсы* болып отыр.

Екіншіден, егер большевиктер 3—4 июльде көтеріліс жасауды тіпті мақсат етіп те қоймаған болса, егер большевиктер *коллегиясының ешқайсысы* бұл сияқты мәселені тіпті алға қоймаған да болса, онда мұның себебі біздің «Новая Жизньмен» арадағы таласымыздан *сырт* жатыр. Өйткені біз өз жағында көпшіліктің көрер көзге жоқ болуы революциялық партияны көтеріліс жөніндегі ойдан тежейтіні туралы емес, «азамат соғысының», яғни көтерілістің *с а б а қ т а р ы* туралы даулясып отырмыз.

Большевиктер астаналық Советтерде де, елде де 1917 жылдың июлінен *анағұрлым кейін* ғана көпшілік болғаны (Москвада дауыстың 49 проценттен артығырағын алды) жұрттың бәріне белгілі, демек, тағы да бұл «сабақтар» новожизньдік барлық жағынан сүйкімді бикештің көргісі келгеніндей емес, тіпті де ондай болып шықпай отыр.

Жоқ, жоқ, «Новая Жизньдегі» азаматтар, саясатқа кіріспей-ақ қойғандарыңыздың өзі жөн!

Егер революциялық таптардың алдыңғы қатарлы отрядтарының ішінде және елдің ішінде көпшілік революциялық партия жағында болмаса, онда көтеріліс туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мұның үстіне, көтеріліске мыналар керек: 1) революцияның жалпы ұлттық көлемде өрістеуі; 2) ескі үкіметтің, мысалы, «коалициялық» үкіметтің моральдық және саяси жағынан толық күйреуі; 3) барлық аралық элементтердің, яғни кеше ғана үкіметті толық жақтаушы болса да, бүл күнде оны *онша* толық жақтамайтындардың лагерінде зор ауытқулардың орын алуы.

3—5 июльдің «сабақтары» туралы айта отырып, «Новая Жизньнің» бұл, өте маңызды, сабақты тіпті байқамағаны да неліктен? Неге десеңіз, саяси мәселеге саясатшылар емес, интеллигенттік үйірменің буржуазиядан қорқып қалған адамдары кірісті,

Одан соң. Үшіншіден, нақ 3—4 июльден *кейін*, өздерінің *июльдегі* саясаты арқылы Церетели мырзалардың нақ *әшкереленуіне* байланысты, нақ *бұқараның* большевиктерді *өзінің* алдыңғы қатарлы күрескерлері деп танып, ал «социал-блокистерді» опасыздар деп тануына байланысты эсерлер мен меньшевиктердің *күйрей* бастағанын фактілер көрсетіп отыр. Бұл күйреу тіпті корниловшылдыққа *дейін-ақ*, большевиктер жеңіп, «социал-блокистер» жеңілген, 20 августа Питерде болған сайлау арқылы толық дәлелденген *(барлық* партиялардың қаншадан дауыс алған қорытындысын *жасыру* арқылы «Дело Народа» таяуда мұны теріске шығаруға тырысты; бірақ бұл—өзін өзі алдағандық және оқушыларды алдағандық; «Деньнің» 24 августағы тек қалаларға ғана қатысты деректеріне қарағанда, кадеттерге берілген дауыстардың проценті 22 проценттен 23 процентке дейін артқан, ал оларға берілген дауыстардың абсолюттік саны 40% кеміген; большевиктерге берілген дауыстардың проценті 20 проценттен 33 процентке дейін өскен, ал оларға берілген дауыстардың абсолюттік саны не бары 10% кеміген; барлық «аралықтағыларға» берілген дауыстардың проценті 58 проценттен 44 процентке дейін кеміген, ал оларға берілген дауыстардың абсолюттік саны 60% кеміген!!).

Эсерлер мен меньшевиктердің июль күндерінен кейін және Корнилов күндеріне дейін күйрегені ол екі партияның ішіндегі 40 процентке дейін дерлік жеткен «сол» қанаттың өсуі арқылы да дәлелденді: бұл—Керенский мырзалардың большевиктерді қудалағаны үшін қайтарылған «кек».

Пролетарлық партия өзінің бірнеше жүз мүшесін «жоғалтқанына» қарамастан, 3—4 июльден орасан зор *ұтты*, өйткені бұл партияның шын берілгендігін, ал эсерлер мен меньшевиктердің *опасыз* екендігін *бұқара* нақ сол ауыр күндерде түсінді және көрді. Демек, «сабақ» тіпті, тіпті де «новожизньшілдердікіндей» болып шықпады, басқаша болып шықты: қайнаған бұқарадан «демократия молчалиндеріне» кетіп қалма, ал егер көтеріліс жасаған екенсің, онда жаудың күштері быты-

рап жатқанда шабуылга шық, жауды тұтқиылдан басып қал.

«Новая Жизньдегі» «марксистсымақ» мырзалар, осылай емес пе?

Әлде «марксизм» дегеніміз: тактикага *объективтік* жағдайды дәлме-дәл есепке алуды негіз *етпей*, «азамат соғысын» да, «Құрылтай жиналысын шақырумен бірге болатын Советтер съезін» де мағынасыз түрде, талғамсыздықпен бір жерге үйе беру ма?

Бірақ, мырзалар, мұның өзі тіпті кісі күлерлік нәрсе ғой, мұның өзі марксизмді де, жалпы логика атаулыны да қорлаушылық қой!

Егер істің *объективтік* жағдайында тап күресін «азамат соғысы» дәрежесіне дейін шиеленістірерліктей негіз *жоқ* болса, онда сіздердің «Советтер съезі мен Құрылтай жиналысы» («Новая Жизньнің» біз қарастырып отырған бас мақаласы дәл осылай аталган) *жөнінде* «азамат соғысы» туралы соз етулеріңіздің себебі не? Олай болғанда, объективтік жағдайда азамат соғысының болуына негіз *жоқ*, сондықтан тактиканың түйінді жері етіп Советтер съезі мен Құрылтай жиналысы сияқты бейбіт, конституциялық-жария, юридикалық және парламенттік «қарапайым» нәрселерді алуға болады және алу керек деп оқушыларға ашықтан-ашық айту керек еді, оларға осыны дәлелдеу керек еді. Сонда мұндай съезд бен мұндай жиналыс істі шынымен *шеше* алады деген пікірді ұстауға *болады*.

Егер кезеңнің объективтік жағдайында азамат соғысының сөзсіз болатындығы немесе ең болмағанда ықтималдығы айқын болып тұрса, егер сіздер ол туралы «тектен-тек» емес, азамат соғысына жағдай болып тұрғанын айқын көріп, сезіп, байқап айтқан болсаңыздар, онда Советтер съезін немесе Құрылтай жиналысын қалайша түйінді жер етіп қоюға болады?? Мұның өзі ашыққан, қалжыраған бұқараны мазақ еткендік қой! Сонда аш адам екі ай «күтуге» көнетіп болғаны ма? Немесе өршіп бара жатқаны туралы өздеріңіз де күн сайын жазып отырған күйзеліс Советтер съезіне немесе Құрылтай жиналысына дейін «күтуге» көне ме?

Әлде біздің тарапымыздан бітім жасасу жөнінде елеулі қадам жасалмай отырғанда (яғни соғысып жатқандардың бәріне әділетті бітім туралы ресми ұсыныс жасалмай отырғанда) немістің шабуылы Советтер съезін немесе Құрылтай жиналысын «күтуге» көне ме? Әлде 28 февральдан 30 сентябрьге дейін бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен және адам естімеген шапшаңдықпен жүріп келген орыс революциясының тарихы 1 октябрьден 29 ноябрьге[107] дейін өте баяу, бейбіт, жария байсалды қарқынмен, дүмпулерді, секірістерді, соғыста жеңіліс табуды, экономикалық дағдарыстарды болғызбайтын қарқынмен жүреді деп санауға сіздерге мүмкіндік беретін деректер сіздердің қолдарыңызда бар ма? Әлде большевик *емес* офицер Дубасов майданның атынан: армия «соғыспайды» деп ресми түрде мәлімдеген майдандағы армия, міне, осы армия «белгіленген» күнге дейін тып-тыныш аңығып, суыққа тоңып жата бере ме? Әлде шаруалар көтерілісін сіздер «анархия», «ойран» деп атағандықтан, Керенский *шаруаларға қарсы* «әскери» күштер жіберетіндіктен, шаруалар көтерілісі азамат соғысының элементі болудан қала ма? Әлде *шаруа* елінде үкімет шаруалар көтерілісін *басып-жаншып* жатқан кезде сол үкіметтің Құрылтай жиналысын шақыру жөнінде тыныш, дұрыс, жалғандық *жасамай* жұмыс істеуі мүмкін бе, бұл *ақылға сыйымды ма?*

«Смольный институтының абыржып қалғанына»[108] күлмеңіздер, мырзалар! Сіздер одан аз абыржып отырған жоқсыздар. Азамат соғысының айбынды мәселелеріне сіздер абыржулы құр сөздермен, түкке тұрмайтын конституциялық жалған үміттермен жауап беріп отырсыздар. Міне, сондықтан да мен большевиктер мұндай пиғылдарға ұрынатын болса, онда олар өздерінің партиясының да, өздерінің революциясының да түбіне жеткен болар еді деймін.

Н. Ленин

1 октябрь, 1917 ж.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ, МОСКВА КОМИТЕТІНЕ, ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНЕ ЖӘНЕ ПИТЕР МЕН МОСКВА СОВЕТТЕРІНЕ МҮШЕ БОЛЬШЕВИКТЕРГЕ ХАТ[109]

Қымбатты жолдастар, біздің міндетімізді оқиғалардың бізге айқын көрсетіп отырғаны социалық, кешеуілдету барып тұрған *қылмысқа* айналмақшы.

Аграрлық қозғалыс өсіп келеді. Үкімет айуандық қудалау шараларын күшейте түсіп отыр, әскер арасында бізге деген тілектестік күшейіп келеді (Москвада солдаттардың 99 процентінің даусы біздікі, Финляндия әскері мен флоты үкіметке қарсы, жалпы майдан туралы Дубасовтың мәлімдемесі).

Германияда революцияның басталатыны, әсіресе матростарды атқаннан кейін, айқын болып отыр. Москвадағы сайлау—большевиктердің 47 процент болуы—орасан зор жеңіс. Солшыл эсерлермен бірге біз *елдегі нағыз* көпшілік болып отырмыз.

Темір жол және почта қызметшілері үкіметпен жанжалдасып отыр. Либердандар 20 октябрьдегі съездің орнына октябрьдің 20-ларындағы съезд, т. т. туралы сөз ете бастады және т. т.

Мұндай жағдайда «күтіп отыру»—қылмыс.

Большевиктердің Советтер съезін күтуге правосы жоқ, олар *өкіметті дереу қолға алуға* тиіс. Мұнымен олар бүкіл дүние жүзілік революцияны да (өйткені бұлай істемесе, барлық елдер империалистерінің мәмлеге келу қаупі туып отыр, олар Германиядағы атып өлтіруден кейін бірімен-бірі икемге келеді, сөйтіп *бізге қарсы бірігеді)*, орыс революциясын да (әйтпесе қазіргі анархияның толқыны *бізден гөрі* күштірек болып кетуі ықтимал), соғыстағы жүз мыңдаған адамдардың өмірін де сақтап қалады.

Кешеуілдету—қылмыс. Советтер съезін күту—ресмилікті балалық ойынға айналдыру, ресмилікті масқаралық ойынға айналдыру, революцияға сатқындық жасау.

Егер өкіметті көтеріліссіз қолға алуға болмаса, онда *дереу көтеріліске шығу* керек. Дәл қазір өкіметті көтеріліссіз қолға алу әбден мүмкін: мысалы, егер Москва Советі өкіметті бірден дереу қолға алып, өзін (Питер Советімен бірге) үкімет деп жарияласа, осылай болар еді. Москвада жеңіс қамтамасыз етіліп отыр, онда соғысатын ешкім жоқ. Питерде күте тұруға болады. Үкімет түк істей алмайды және құтыла да алмайды, ол береді.

Өйткені Москва Советі өкіметті, банктерді, фабрикаларды, «Русское Словоны» қолына алған соң, орасан зор база мен күшке ие болады, бүкіл Россияның алдында үгіттей келіп, мәселені былай қояды: егер бонапартист Керенский берілетін болса (ал егер берілмесе, онда біз оны құлатамыз), біз *бітімді ертең-ақ* ұсынамыз. Шаруаларға *дереу жер,* теміржолшылар мен почта қызметшілеріне *дереу* жеңілдік беріледі, т. т.

Питерден «бастау» міндетті емес. Егер Москва қан төгіссіз «бастаса», оны сөзсіз қолдайды: 1) майдандағы армия тілектестігімен қолдайды, 2) шаруалар барлық жерде қолдайды, 3) флот пен финн әскерлері *Питерге келеді.*

Егер Керенскийдің Питер түбінде бір-екі атты әскер корпусы болған күннің өзінде, ол берілуге мәжбүр болады. Питер Советі Москвадағы совет үкіметін жақтап үгіт жүргізіп күте тұра алады. Ұран: өкімет Советтерге, жер шаруаларға, бітім халықтарға, нан аштарға берілсін.

Жеңіс қамтамасыз етіліп отыр, оның қан төгіссіз болуына мүмкіндіктердің оннан тоғызы бар.

Күту—революцияға қылмыс жасағандық.

Сәлеммен *Н. Ленин*

1917 ж. 1 (14) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1921 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалар жинағында басылған, XIV том, II бөлім

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГ ҰЙЫМЫНЫҢ 8 ОКТЯБРЬДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАҒА, СОНДАЙ-АҚ ҚАРАРҒА ЖӘНЕ ПАРТИЯ СЪЕЗІНЕ САЙЛАНҒАНДАРҒА БЕРІЛЕТІН ТАПСЫРМАҒА АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР[110]

ПАРТИЯНЫҢ ПРЕДПАРЛАМЕНТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

1) Біздің партияның «предпарламентке» немесе «Демократиялық советке», немесе «республика Советіне» қатысуы барып тұрған қателік және пролетарлық-революциялық жолдан тайғандық.

2) Объективті жағдай мынадай: елде, күмән жоқ, Керенскийдің бонапартистік үкіметіне қарсы революция өрістеп келеді (шаруалар көтерілісі, армияда және ұлттық топтардың арасында үкіметке қарсы наразылық пен жанжалдардың күшеюі, теміржолшылармен және почта қызметшілерімен жанжал, сайлауда келісімпаз меньшевиктер мен эсерлердің толық күйреуі және басқалар).

Революцияның мұндай өрлеп отырған кезінде халықты алдау үшін бұрмаланған жалған парламентке бару—бұл алдауды жеңілдету деген сөз, революцияны әзірлеу ісін *қиындату*, өкімет үшін және үкіметті құлату үшін күрестің көкейтесті міндетінен халықтың назары мен партияның күшін басқа жаққа аудару деген сөз.

3) Сондықтан партияның съезі біздің партия мүшелерін предпарламенттен шақырып алуға, оған бойкот жариялауға, бұл церетелилік «Булыгин Думасын» тарату үшін күш әзірлеуге халықты шақыруға тиіс.

«БҮКІЛ ӨКІМЕТ СОВЕТТЕРГЕ БЕРІЛСІН» ДЕГЕН ҰРАН ТУРАЛЫ

1. Большевиктердің революциядағы бүкіл жарты жылдық жұмысы, олардың меньшевиктер мен эсерлердің «келісімпаздығына» және бұл партиялардың Советтерді қысыр сөздің ордасына айналдырғанына қарсы бағытталған бүкіл сыны большевиктерден бұл ұранды адал, маркстік ұстамдылықпен сақтауды талап етеді; өкінішке қарай, партияның жоғаргы топтарында өкімет үшін күрестен «қорқу» тәрізді, бұл күресті қарарлармен, наразылықтармен және съездермен алмастыруға бейім тұру тәрізді ауытқудың бар екені байқалып отыр.

2. 1905 жылғы болсын, 1917 жылғы болсын, екі революцияның да бүкіл тәжірибесі, сондай-ақ большевиктер партиясының барлық шешімдері, көптеген жылдар бойындағы оның бүкіл саяси мәлімдемелері мынаған келіп саяды: жұмысшы және солдат депутаттарының Советі тек көтеріліс органы ретінде ғана, тек революциялық өкімет органы ретінде ғана жүзеге аса алады. Бұл міндеттен тыс Советтер—бұқараны сөзсіз еңсе түсушілікке, немқұрайдылыққа, торығушылыққа әкеліп соғатын бос ойыншық, ұшы-қиыры жоқ қарарлар мен наразылықтардың қайталана беруінің де бұқараға жиіркенішті болуы әбден заңды.

3. Әсіресе қазір, іріктеліп алынған әскердің көмегімен Керенский басып-жаншып жатқан шаруалар көтерілісі ел ішінде етек алып отырғанда, тіпті деревняда әскер күшімен қолданылып жатқан шаралардың өзі Құрылтай жиналысы сайлауын бұрмалау, оған арамдық жасау қаупін ашықтан-ашық төндіріп отырғанда, Германияда флотта көтеріліс жасауға дейін жетіп отырғанда, енді большевиктердің Советтерді көтеріліс органына айналдырудан бас тартуы шаруаларға да, халықаралық социалистік революция ісіне де опасыздық жасау болар еді.

4. Өкіметті Советтердің алу міндеті ойдағыдай көтеріліс жасау міндеті болып табылады. Сондықтан бұқараға олардың міндетін түсіндіру үшін және олардың

ңғылын дұрыс ескере отырып, Керенскийдің үкіметін құлату үшін дұрыс кезең белгілеп алу үшін партияның ең таңдаулы күштерінің бәрі фабрикалар мен казармаларға жіберілуге тиіс.

Бұл міндетті Советтер съезімен сөзсіз байланыстыру, оны бұл съезге бағындыру—*көтерілісті ойыншық ету* деген сөз, көтерілістің мерзімін күні бұрын тағайындап, үкіметтің әскер әзірлеуін жеңілдетіп, көтеріліс жасаушы пролетариат қана өз күшімен шеше алатын мәселені Советтер съезінің «қарарымен» шешуге болады-мыс деген жалған үміттермен бұқараны шатастыру деген сөз.

5. Конституциялық жалған үміттерге қарсы және Советтер съезіне үміт артуға қарсы күресу керек, қалайда съезді «күте тұру» керек деген ұшқары ойдан бас тарту керек, барлық күшті көтерілістің сөзсіз болатындығын бұқараға түсіндіруге және көтерілісті әзірлеуге жұмылдыру керек. Астаналық екі Совет бірдей қолда тұрғанда және бұл міндеттен бас тарту арқылы, Керенский үкіметінің Құрылтай жиналысын шақыруымен (*яғни* Құрылтай жиналысының жалғандығымен) келісу арқылы большевиктер өзінің «өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды насихаттауын бос сөзге айналдырып, өзін революциялық пролетариат партиясы ретінде саяси жағынан масқаралаған болар еді.

6. Бұл әсіресе қазір дұрыс болады, өйткені Москвадағы сайлау большевиктерге дауыстардың $49^1/_2$ процентін беріп отыр және елдің күмәнсыз көпшілігі большевиктер жағында, оларды солшыл эсерлер қолдап отыр, іс жүзінде әлдеқашан жүзеге асырылған қолдау жасалып отыр.

«ӨКІМЕТ СОВЕТТЕРГЕ БЕРІЛСІН» ДЕГЕН ҚАРАР ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТУ

«Өкімет Советтерге берілсін» деген тезистердің бәрін баспаса да болады, ал егер *партиялық талқылаудан* және осындай ең көкейтесті және ең маңызды мәселелерді *бұқараға түсіндіруден бас тартылса,* бұларды талқылау үшін баспасөзде толық еркіндік жоқ, немесе

олар жаудың алдынан алып шығуға жарамайтын болса, онда мұның өзі партияның пролетариат авангардымен байланысын жоғалтқанымен бірдей.

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ ТУРАЛЫ

Орталық Комитет жариялаған кандидаттардың тізімі жарамсыз және барынша қатты паразылық туғызады. Өйткені шаруалардың Құрылтай жиналысына жұмысшылар төрт немесе бес есе көп қажет; шаруа депутаттарымен тек солар ғана жақындасып, тығыз байланыс жасай алады. Сондай-ақ біздің партиямызға жақында ғана келіп қосылған, сыннан толық өтпеген адамдардың (Ларин сияқты) шамадан тыс көп болғанына да ешбір жол беруге болмайды. Тізімді әуелі ай-айлап партияда жұмыс істеуге тиіс осындай кандидаттармен толтыра отырып, Орталық Комитет мансапқорлық үшін, Құрылтай жиналысынан орын алып қалуға жанын сала ұмтылу үшін есікті шалқасынан ашып тастап отыр. Тез арада қайта қарап, тізімді жөндеу қажет.

«ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ ТУРАЛЫ» ТЕЗИС ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТУ

Біздің партиямыздың *бағытындағы* пролетарлық жұмыста мүлдем жөнді сыннан өтпеген ауданаралықшылардың[111] ішінде ешкім де, мәселен, Троцкий сияқты кандидатураға қарсы дау айтпайтыны өзінен-өзі түсінікті, өйткені, біріншіден, Троцкий келісімен іле интернационалистік позиция ұстады; екіншіден, ауданаралықшылар арасында бірігу үшін күрес жүргізді; үшіншіден, қиын-қыстау июль күндерінде міндет деңгейінен шықты және революциялық пролетариат партиясының адал берілген жақтаушысы болды. Партия мүшелігіне кеше ғана өтсе де тізімге енгізілген көптеген адамдар жөнінде мұны айтуға болмайтыны айқын.

Ларинді ұсыну (оның үстіне Петровскийден, Крыленкодан және басқаларынан бұрын ұсыну...) ерекше дау туғызады. Ларин соғыс кезінің өзінде-ақ *шовинис-*

терге көмектесті, швед съезінде *олардың атынан* сөз сөйледі, Петербург жұмысшыларына қарсы және олардың әскери-өнеркәсіптік комитеттерге бойкот жасауына қарсы өтірікті бастырып шығаруға көмектесті. Ларин соғыс кезінде бірде-бір рет революцияға дейін өзін интернационализмді жақтаушы *күрескермін* деп мәлімдеген емес. Ларин, Россияға келген соң, ұзақ уақыт бойы меньшевиктерге көмектесіп келді және тіпті баспасөз бетінде Алексинскийдің рухында біздің партиямызға қарсы әдепсіз шабуылдар жасады. Ларин өзінің «секірістерімен» мәлім: оның жұмысшы съезі туралы және эсерлермен бірігу туралы кітапшасын еске түсіру керек.

Әрине, Ларин біздің партиямызға түзелемін деген ниетпен кірген болса, мұны еске түсірмеу де керек болар еді. Бірақ партияға кіргеніне бір-екі апта өтпей жатып оны Құрылтай жиналысына өткізу — мұның өзі *іс жүзінде* біздің партиямызды европалық партиялардың көпшілігіндегі сияқты мансапқорлардың лас ұясына айналдырып жіберу деген сөз болар еді*.

Құрылтай жиналысының ішіндегі елеулі бір жұмыс шаруалармен жақын, тығыз, етене *жақындасу* болмақ. Мұның өзі күн көрісі жағынан шаруаларға бір табан жақын жұмысшылардың ғана қолынан келеді. Құрылтай жиналысына шешендер мен әдебиетшілерді қаптатып жіберу — оппортунизм мен шовинизмнің таптаурын жолына түсу деген сөз. Бұлай ету «III Интернационалға» лайық емес.

1917 ж. 29 сентябрь мен 4 октябрь (12 және 17 октябрь) аралығында жазылған

1921 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалар жинағында толық емес түрінде басылған, XIV том, ІІ бөлім

Бірінші рет, машинкада басылған көшірме бойынша толық басылып отыр

---

* Ал М. Н. Покровскийдің кандидатурасы ше? Ол 1907 жылы большевиктерден кетіп, жылдар бойы шеттеп жүрді. Ол өзімізге біржолата қайта келсе, жақсы болар еді. Бірақ мұны ең алдымен ұзақ уақыт жұмыс істеп барып дәлелдеуі керек болады.

ПИТЕР ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ХАТ

ЖАБЫҚ МӘЖІЛІСТЕ ОҚУ ҮШІН

Жолдастар! Саяси жағдайдың аса елеулі екендігіне конференцияның назарын аударуға маған рұқсат етіңіздер. Мен тек сенбі күнгі таңертеңгі газеттердің мәліметтеріне ғана сүйене аламын. Бірақ бұл мәліметтер мәселені былайша қоюға мәжбүр етеді:

Үкіметтің Питерден Москваға көшу жоспарына байланысты, орыс және ағылшын империалистері арасында, Керенский мен ағылшын-француз капиталистері арасында Питерді немістерге беру туралы және орыс революциясын *осындай жолмен* тұншықтыру туралы *заговор* жасалғандығын Эзельді немістер алған кездегі жалпы ағылшын флотының, сондай-ақ ағылшын сүңгуір қайықтарының ешбір әрекет жасамағандығы дәлелдемей ме?

Мен дәлелдейді ғой деп ойлаймын.

Мүмкін, заговор тікелей жасалмай, тағы да қайдағы бір корниловшылдар (Маклаков, басқа кадеттер, «партияда жоқ» орыс миллионерлері, т. т.) арқылы жасалған болар, бірақ мұның бәрі де істің мәнін ешбір өзгерте алмайды.

Қорытынды айқын:

Егер пролетарлар мен солдаттар Керенскийдің үкіметін жуық арада құлатпаса, революция құрыды деп мойындау керек. Көтеріліс туралы мәселе кезекке қойылып отыр.

Керенскийдің үкіметін құлату үшін жан қиярлық, ақтық, батыл күрестің сөзсіз қажет екендігі туралы

идеяны жұмысшылар мен солдаттардың көкейіне қондыру үшін барлық күшті жұмылдыру керек.

Москвада өкіметті қолға алуға, Керенскийдің үкіметін құлады деп жариялауға және дереу бітім ұсыну үшін және Россияны заговордан сақтап қалу үшін Москвадағы жұмысшы депутаттары Советін Россиядағы Уақытша үкімет деп жариялауға москвалық жолдастардың көзін жеткізіп, оларға ұсыныс жасау керек. Москвада көтеріліс туралы мәселені москвалық жолдастар кезекке қоятын болсын.

8 октябрьдегі Гельсингфорста шақырылатын Солтүстік ауданның солдат депутаттары Советтерінің облыстық съезін[112] пайдаланып, барлық күшті (делегаттар кейін қарай Питер арқылы қайтқанда) оларды көтеріліс жағына тарту үшін жұмылдыру керек.

Большевиктердің предпарламенттен кетуін тездету жөнінде, Керенскийдің басқа елдердің империалистерімен жасаған заговорын бұқара арасында әшкерелеуге, көтеріліс *кезеңін* дұрыс белгілеу үшін көтерілісті әзірлеуге барлық күшті бағыттау жөнінде біздің партияның Орталық Комитетіне өтініш жасап, ұсыныс енгізу керек.

P. S. Петроград Советі *солдат* секциясының үкіметтің Питерден кетуіне қарсы қабылдаған қарары[113] Керенскийдің заговорын солдаттардың да *әбден түсіне бастағанын* көрсетті. Осы *дұрыс* түсінушілікті қолдау үшін және солдаттар арасында үгіт жүргізу үшін бар күшті жинау керек.

* *
*

Мен мынадай қарар қабылдауға ұсыныс жасаймын:

«Конференция қазіргі, жалпы жұрттың мойындауы бойынша мейлінше қиын-қыстау жағдайды талқылай келіп, төмендегі фактілерді анықтайды:

1. Уақытша үкіметтің Питерден Москваға көшу жоспарына байланысты герман флотының шабуыл операциялары, ал ағылшын флотының ешбір әрекет жасамағандығы Керенскийдің үкіметі (немесе, бәрібір, оны

жақтайтын орыс империалистері) *осындай* әдіспен революцияны басып-жаншу үшін Питерді немістерге беру туралы ағылшын-француз империалистерімен заговор жасап отырған жоқ па деген күшті күдік туғызады.

2. Бұл күдіктер мына төмендегілердің болуы себепті мейлінше нығайып, мұндай жағдайларда болуы мүмкін мейлінше нақтылыққа айналады:

біріншіден, армияны патша генералдарының сатып кеткендігі, Корнилов пен Керенскийдің генералдары да сатып отырғандығы (әсіресе Риганы беріп қою) жөнінде армияда сенім көптен бері нығайып келеді және нығайып та отыр;

екіншіден, ағылшын-француз буржуазиялық баспасөзі өзінің Советтерге деген құтырынып, жанталасуға дейін жеткен өшпенділігін және қандай қан төгіс арқылы болса да Советтерді жоюға әзір екендігін жасырып отырған жоқ;

үшіншіден, Керенский, кадеттер, Брешковская, Плеханов және сол сияқты саясатшылар еркімен болсын, еріксіз болсын ағылшын-француз империализмінің қолындағы құралы болып отыр, мұны орыс революциясының жарты жылдық тарихы толық дәлелдеп берді;

төртіншіден, «Россияның есебінен» Англияның Германиямен сепараттық бітім жасайтыны туралы дабырасыз, бірақ көп айтылып жүрген лақаптар себепсіз шыға қойған жоқ;

бесіншіден, корниловтық заговордың бүкіл жағдайы, мұның өзі тіпті Керенскийге жалпы тілектес: «Дело Народа» мен «Известия» газеттерінің мәлімдемелерінен де көрінгеніндей, Керенскийдің Корнилов оқиғасына мықтап араласқандығын, Керенскийдің ең қауіпті корниловшыл болғандығын және солай болып қалатындығын дәлелдеді; Керенский корниловшылдықтың Родзянко, Клембовский, Маклаков және басқалар сияқты басшыларын бүркемеледі.

Осыны еске ала отырып, конференция былай деп санайды: Питерді қорғау жөніндегі Керенскийдің және оны қолдаушы буржуазиялық газеттердің көтеріп жүрген барлық айқайы — түгелдей алдау мен екіжүзділік,

сондықтан Питерден кошу жоспарын қатты айыптаған Петроград Советі солдат секциясының шешімі әбден дұрыс;— одан соң, Питерді қорғау үшін және революцияны құтқарып қалу үшін сөзсіз және шұғыл қажет нәрсе: азап шеккен армия үкіметтің адалдығына козі жетіп, осы күнге дейін күйзеліске қарсы күреске саботаж (тіпті меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті жанындағы Экономикалық бөлімнің мойындауы бойынша) жасап келген капиталистерге қарсы революциялық шаралар қолдану арқылы нан, киім және аяқкиім алуы керек.

Сондықтан конференция былай деп мәлімдейді: тек республиканың өңі айналдырылған Советімен қоса Керенский үкіметін құлатып, оны жұмысшы және шаруа революциялық үкіметімен ауыстыру ғана:

а) шаруалар котерілісін басып-жаншудың орнына, жерді шаруаларға бере алады;

б) дереу әділетті бітім ұсынып, сол арқылы біздің бүкіл армияны шындыққа иландыра алады;

в) армияны нанмен, киіммен және аяқкиіммен қамтамасыз ету үшін, күйзеліске қарсы күресу үшін капиталистерге қарсы ең батыл революциялық шаралар қолдана алады.

Конференция Орталық Комитеттен Керенскийдің халыққа қарсы және крепостниктік үкіметін құлату үшін жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың сөзсіз болатын көтерілісіне басшылық етуге барлық шараларды қолдануды қатты өтініп сұрайды.

Конференция осы қарарға қосылуды жақтап және тез арада жаппай көтеріліс жасау арқылы, Керенскийді құлату арқылы бітімге, Петроград пен революцияны құтқарып қалуға, жерді шаруаларға және окіметті Советтерге беруге жол ашу қажеттігін жақтап үгіт жүргізу үшін Гельсингфорсқа, Выборгке, Кронштадтқа, Ревельге, Питердің оңтүстігіндегі әскер бөлімдеріне және Москваға дереу делегация жіберуге қаулы етеді».

1917 ж. 7 (20) октябрьде жазылған
Бірінші рет 1924 ж. басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕ

1917 ж. 6—8 (19—21) октябрьде жазылған

1917 ж. октябрьде «Просвещение» журналының 1—2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

Партияның — Россия социал-демократиялық жұмысшы (большевиктер) партиясының—17 октябрьде Орталық Комитет шақырғалы отырған төтенше съезінің күн тәртібіне партия программасын қайта қарау мәселесі қойылып отыр. 24—29 апрельдегі конференцияның[114] өзі-ақ қайта қараудың қажет екендігі туралы қарар қабылдап, оның бағытын 8 пункт етіп көрсеткен болатын*. Сонан соң. Питерде** және Москвада*** қайта қарауға арналған бір-бірден кітапша шықты, ал Москвада шығатын «Спартак» журналының 10 августағы 4-номерінде Н. И. Бухарин жолдастың осы тақырыпқа арналған мақаласы жарық көрді.

Москвалық жолдастардың пікірлерін қарастырып көрейік.

I

«Жақындап келе жатқан социалистік революцияға байланысты империализмге және империалистік соғыстар заманына баға» беру керек (24—29 апрельдегі конференция қарарының, 1-параграфы) дегенге бәрі қосы-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 453—454-беттер. *Ред.*

** «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар». редакциялаған және алғы сөзін жазған Н. Ленин. «Прибой» баспасы. 1917.

*** «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар». В. Милютиннің, В. Сокольниковтың, А. Ломовтың, В. Смирновтың мақалалар жинағы. РСДРП Москва Өнеркәсіп ауданының Облыстық Бюросының баспасы. 1917.

латын большевиктер үшін партия программасын қайта қараудағы негізгі мәселе — жаңа программаны жасау әдісі туралы мәселе. Ескі программаны империализмге сипаттама берумен толықтыру керек пе (бұл пікірді мен Питерде басылып шыққан кітапшада қорғадым) немесе ескі программаның бүкіл текстін қайта жасау керек пе. (Бұл пікірді Апрель конференциясында құрылған секция айтты және оны москвалық жолдастар қорғап отыр.) Біздің партия үшін мәселе ең алдымен осылай қойылып отыр.

Бізде екі жоба бар: оның бірі, мен ұсынып отырған жоба, ескі программаны империализмге сипаттама берумен толықтырады*. В Сокольников жолдас ұсынған және үш адамнан құрылған комиссияның (Апрель конференциясында құрылған секция сайлаған) ескертпелеріне негізделген екінші жоба программаның бүкіл жалпы бөлімін қайта өңдеп шығады.

Қайта өңдеудің секция белгілеген жоспарының теориялық тұрғыдан теріс екендігі туралы менің де пікір айтуыма тура келді (аталған кітапшада, 11-бет**). Енді бұл жоспардың Сокольников жолдастың жобасында орындалуын қарастырып көрейік.

Сокольников жолдас біздің программаның жалпы бөлімін 10 бөлікке бөлген, әрбір бөлігін немесе әрбір абзацты жеке номермен белгілеген (Москвада басылып шыққан кітапшаның 11—18-беттерін қараңыз). Оқушының тиісті жерін оңай тауып алуы үшін біз де осы номерлеуді қолданамыз.

Қазіргі программаның бірінші абзацы екі сөйлемнен құралады. Бірінші сөйлемде айырбастың дамуы әсерінен жұмысшы қозғалысы халықаралық қозғалысқа айналды делінген. Екіншісінде Россия социал-демократиясы өзін пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі деп санайды делінген. (Әрі қарай, екінші абзацта, барлық социал-демократтардың жалпы түпкі мақсаты туралы айтылады.)

С. жолдас екінші сөйлемді өзгертпей қалдырады, ал

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 155—157, 166—168-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 161—162-беттер. *Ред.*

біріншісін айырбастың дамуына «шетке капитал шығаруды» да, пролетариат күресінің «дүние жүзілік социалистік революцияға» көшуін де қоса көрсетіп, жаңа сөйлеммен алмастырады.

Бірден-ақ қисынсыздық, *тақырыптарды* араластыру, программа құрылымының екі *типін* шатастыру болып шығады. Екінің бірі: *не* империализмге *тұтас* сипаттама беруден бастау керек,— онда «шетке капитал шығарудың» жеке өзін ғана бөліп алуға болмайды және онда, С. жолдастың істеп отырғанындай, буржуазиялық қоғамның «даму барысына» жасалатын талдауды *екінші* абзацта бұрынғысынша қалдыруға болмайды. Немесе программа құрылымының типін өзгеріссіз қалдыру керек, ягни әуелі біздің қозғалысымыздың не себепті халықаралық қозғалысқа айналғанын, оның жалпы түпкі мақсатының қандай екенін, буржуазиялық қоғамның «даму барысы» оған қалай жеткізетінін түсіндіру керек.

С. жолдастың программасы құрылымында логика жоқ, жүйе жоқ екендігін айқынырақ көрсету үшін ескі программаның бас жағын толық келтірейік:

«Айырбастың дамуы цивилизациялы әлемнің барлық халықтары арасында тығыз байланыс орнатқаны сондықтан, пролетариаттың ұлы азаттық қозғалысы халықаралық қозғалыс болуға тиіс болды және ол көптен бері-ақ халықаралық қозғалыс болып та отыр».

С. жолдас бұл арада екі жағдайға наразы: 1) айырбастың дамуы туралы айтқанда, программа ескірген «даму кезеңін» суреттейді; 2) «цивилизациялы» деген сөзге С. жолдас леп белгісін қойып, «метрополия мен отар арасындағы тығыз байланыс» бізде «айтылмаған» деп ескертеді.

«Протекционизм, таможня соғыстары, империалистік соғыстар,— пролетарлық қозғалыстың байланысын үзе ме?»— деп сұрайды С. жолдас, сөйтіп былай деп жауап береді: «Егер біздің программаның текстіне сенетін болсақ,— үзеді, өйткені айырбас арқылы орнатылатын байланысты үзеді».

Мұның өзі тым таңырқарлық сын. Протекционизм де, таможня соғысы да айырбасты «үзбейді», тек қана уа-

қытша түрін өзгертеді немесе бір жерде үзіп, екінші жерде жүргізе береді. Қазіргі соғыс айырбасты үзген жоқ, тек бір жерлерде айырбас қиындатылды, басқа бір жерлерге ауыстырылды, дүние жүзілік байланыс ретінде ол *сақталып отыр*. Бұған ең айқын дәлел — вексель курсы. Бұл біріншіден. Екіншіден, С. жолдастың жобасынан мынаны оқимыз: «товар айырбасы және шетке капитал шығару негізінде өндіргіш күштердің барлық халықтарды дүние жүзілік шаруашылыққа тартқан дамуы» т. т. Империалистік соғыс айырбасты үзгені сияқты, шетке капитал шығаруды да үзеді (бір жерде, уақытша); демек, С. жолдастың «сыны» *оның өзіне де* соққы болып тиеді.

Үшіншіден, әңгіме жұмысшы қозғалысының *«көптен бері-ақ»* халықаралық қозғалысқа «айналғандығының» себебі туралы (ескі программада) болып отыр. Капитализмнің жоғары сатысы — шетке капитал шығаруға дейін-ақ жұмысшы қозғалысының осындай болғаны даусыз.

Қорытынды: С. жолдас империализм анықтамасының *бір бөлегін* (шетке капитал шығаруды) мүлде *орынсыз жерге* қойып отыр.

Бұдан соң, «цивилизациялы әлем» деген сөздер С. жолдасқа ұнамайды, өйткені, оның ойынша, бұл сөздер отарларды ұмыт қалдыратын бейбіт, үйлесімді бірдеңені меңзейді.

Нақ мұның керісінше. «Цивилизациялы әлем» туралы айтқанда программа үйлесімділіктің *болмай* отырғанын, цивилизациясы жоқ елдердің бар екенін (бұл *факт* ғой) көрсетеді, ал С. жолдастың жобасында *анағұрлым үйлесімді* болып шыққан, өйткені «барлық халықтарды дүние жүзілік шаруашылыққа тарту» туралы оп-оңай айтыла салған!! Барлық халықтар дүние жүзілік шаруашылыққа *біркелкі* тартылып отырған сияқты! Нақ осы «дүние жүзілік шаруашылыққа тартылу» *негізінде* «цивилизациялы» халықтар мен цивилизациясы жоқ халықтардың арасында *кіріптарлық* қатынастар болып отырмаған сияқты!

С. жолдас өзінің көтерген екі тақырыбы бойынша да ескі программаны тікелей *нашарлатқан* болып шығып

отыр. Халықаралық жағын оның баса көрсетуі *әлсіздеу*. Біз үшін халықаралық жағының *әлдеқашан*, финанс капиталы заманынан анағұрлым бұрын пайда болғанын көрсету өте маңызды. Сөйтіп отарларға көзқарас туралы мәселе жөнінде «үйлесімділік» онда *көбірек* болып шығып отыр. Ал жұмысшы қозғалысының, амал не, әзірше *тек* цивилизациялы елдерді *ғана* қамтып отырғандығының даусыз фактісі жөнінде үндемеу бізге мүлдем лайық емес.

Егер С. жолдас отарлардың қаналуын *неғұрлым* анық көрсетуді талап еткен болса, онда мен онымен құлшына келісуге әзір болар едім. Мұның өзі империализм ұғымдарының шынында да *маңызды* бір құрамдас бөлігі. Бірақ С. жолдас ұсынып отырған нақ бірінші абзацта бұған бірде-бір ишара жасалмайды. Империализм ұғымының әр түрлі құрамдас бөліктері оның жобасында әр жерге *шашыратылып жіберілген*, мұның өзі жүйелілікке де, айқындыққа да нұқсан келтіреді.

С. жолдастың *бүкіл* жобасына осы шашыраңқылық пен осы жүйесіздік қандай зардабын тигізіп отырғанын біз қазір көреміз.

II

Оқушы ескі программаның әр түрлі абзацтарындағы *тақырыптардың* байланысы мен жүйелілігіне жалпы көз жіберіп көрсін (абзацтар С. жолдастың номерлеуі бойынша):

1) Жұмысшы қозғалысы әлдеқашан халықаралық қозғалыс болды. Біз — оның отрядтарының біріміз.

2) Қозғалыстың түпкі мақсаты буржуазиялық қоғамның даму барысымен анықталады. Бастама пункт: өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік және пролетарларда шаруашылықтың жоқтығы.

3) Капитализмнің өсуі. Ұсақ өндірушілерді ығыстырып шығару.

4) Қанаудың өсуі (әйел еңбегі, резервтегі армия және басқалар).

5) Дағдарыстар.

6) Техника прогресі және теңсіздіктің өсуі.

7) Пролетарлар күресінің өсуі. Капитализмді социализммен ауыстырудың материалдық шарттары.

8) Пролетариаттың әлеуметтік революциясы.

9) Әлеуметтік революцияның шарты — пролетариат диктатурасы.

10) Партияның міндеті — пролетариаттың әлеуметтік революция жолындағы күресіне басшылық ету.

Мен тағы бір тақырыпты қосамын:

11) Капитализм соншалық жоғары сатысына (империализмге) жетті, сондықтан қазір пролетарлық революцияның заманы басталды.

Тақырыптардың — тексттің жеке түзетулерін емес,— нақ сол тақырыптардың С. жолдастың жобасындағы тәртібін, сондай-ақ *оның империализм туралы қосымшалары тақырыптарының* тәртібін осымен салыстырыңыздар:

1) Жұмысшы қозғалысы — халықаралық қозғалыс. Біз — оның отрядтарының біріміз. (Шетке капитал шығару, дүние жүзілік шаруашылық және күрестің дүние жүзілік революцияға ұласуы енгізілген, яғни империализм анықтамасының бір шағын бөлегі енгізілген.)

2) Қозғалыстың түпкі мақсаты буржуазиялық қоғамның даму барысымен анықталады. Бастама пункт: өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік және пролетарларда шаруашылықтың жоқтығы. (Мұның ортасына: құдіретті банктер мен синдикаттар, дүние жүзілік монополистік одақтар енгізілген, яғни империализм анықтамасының екінші бір шағын бөлегі енгізілген.)

3) Капитализмнің өсуі. Ұсақ өндірушілерді ығыстырып шығару.

4) Қанаудың өсуі (әйел еңбегі, резервтегі армия, шет жерлік жұмысшылар және басқалар).

5) Дағдарыстар мен соғыстар. Империализм анықтамасының тағы бір шағын бөлегі: «дүние жүзін бөлісуге тырысу» енгізілген; монополистік одақтар және капиталды экспортқа шығару тағы да қайталанған; финанс капиталы деген сөзге жақшаның ішінде: «банк капиталының өнеркәсіп капиталымен қосылуының нәтижесі» деген түсінік қоса берілген.

6) Техника прогресі және теңсіздіктің өсуі. Империализм анықтамасының тағы бір шағын бөлегі: қымбатшылық, милитаризм енгізілген. Монополистік одақтар тағы да қайталанған.

7) Пролетарлар күресінің өсуі. Капитализмді социализммен ауыстырудың материалдық шарттары. Ортасына: «монополистік капитализмді» тағы да қайталайтын және банктер мен синдикаттардың қоғамдық тәртіптеу аппаратын және басқаларын дайындайтындығын көрсететін сөздер енгізілген.

8) Пролетариаттың әлеуметтік революциясы. (Революция финанс капиталының үстемдігін жояды деген сөздер қосылған.)

9) Бұл революцияның шарты — пролетариат диктатурасы.

10) Партияның міндеті — пролетариаттың әлеуметтік революция жолындағы күресіне басшылық ету. (Ортасына: бұл әлеуметтік революция күн тәртібіне қойылып отыр деген сөздер енгізілген.)

Меніңше, нақ С. жолдастың жобасында қосымшалардың «кездейсоқ» сипатта алынғандығы (кейбір жолдастар осыдан қауіптенген болатын) осы салыстырудан айқын көрінетін сияқты. Империализм анықтамасының әр түрлі шағын бөлектері мүлдем жүйесіз түрде, дәл мозаика сияқтандырылып, түрлі-түрлі пункттерге бытыратылып жіберілген. Империализм туралы жалпы және толық түсінік шықпаған. Қайталау тым көп. Ескі желі сол күйінде қалған. Программаның жалпы ескі жоспары сол күйінде қалған: қозғалыстың «түпкі мақсаты» қазіргі буржуазиялық қоғамның сипаты арқылы және *оның даму барысы* арқылы «анықталады» деп көрсетілген. Бірақ нақ «даму барысы» болып шықпай, қайта империализм анықтамасының көбінесе *орынсыз* тықпаланған үзінділері болып шыққан.

Екінші абзацты алайық. С. жолдас мұның басы мен аяғын өзгеріссіз қалдырған; басында өндіріс құрал-жабдықтары аз ғана адамның қолында болады делінген, ал аяғында халықтың көпшілігі — пролетарлар мен жартылай пролетарлар делінген. *Ортасында* С. жолдас «соңғы ширек ғасырда капиталистік жолмен ұйымдас-

қап өндірісті тікелей немесе жанамалап басқару құдіретті» банктердің, трестердің, т. т. «қолына көшкендігі» туралы арнайы сөйлем енгізген.

Мұның өзі *ұсақ шаруашылықтарды ірі шаруашылықтардың ығыстырып шығаруы* туралы қағиданы баяндаудан *бұрын* айтылған!! Өйткені ол қағида *үшінші* абзацта ғана баяндалған. Бірақ трестер дегеніміз ұсақ шаруашылықтарды ірі шаруашылықтардың ығыстырып шығаруының нақ осы процесінің, ең жоғары және ең кейінгі көрінісі ғой. Алдымен трестердің пайда болуы туралы айтып, ал сонан соң барып ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарды ығыстырып шығаруы туралы айтуға бола ма? Мұның өзі логикалық жүйелілікті бұзбай ма? Өйткені трестер қайдан шықты? Теориялық тұрғыдан теріс болып шықпай ма? Басқару олардың қолына қалай және неліктен «көшті»? Алдымен ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарды ығыстырып шығаруын анықтап алмайынша, мұны түсінуге болмайды.

Үшінші абзацты алайық. Мұның тақырыбы — ірі кәсіпорындардың ұсақ кәсіпорындарды ығыстырып шығаруы. С. жолдас мұнда да басы (ірі кәсіпорындардың маңызы үлкейіп келе жатқандығы туралы) мен аяғын (ұсақ өндірушілер ығыстырылып отырғандығын) қалдырып, ал ортасына ірі кәсіпорындар «өндіріс пен айналыстың толып жатқан дәйекті сатыларын біріктіретін орасан зор организмдерге қосылады» деп қосады. Бірақ бұл қосымша басқа тақырыпқа—атап айтқанда: капитализмнің өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландыруына және еңбекті қоғамдастыруына, капитализмді социализммен ауыстырудың материалдық шарттарының жасалуына арналған. Ескі программада бұл тақырып тек жетінші абзацта ғана талданған.

С. жолдас осы жалпы жоспарды сақтайды. Капитализмді социализммен ауыстырудың материалдық шарттары туралы ол да *тек 7-абзацта ғана* айтады. Өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы мен еңбектің қоғамдастырылуы көрсетілген жерлерді осы 7-абзацта ол да қалпынша қалдырған!

Шоғырландыру жөніндегі бір үзінді шоғырландыруға әдейі арналған жалпы, жинақталған, тұтас параграфтан бірнеше параграф *бұрын* енгізілген болып шығады. Мұның өзі асқан қисынсыздық және біздің программамызды қалың бұқараның түсінуін тек қана қиындата түседі.

III

Программаның дағдарыстар туралы айтылатын бесінші абзацын С. жолдас «жалпы қайта өңдеп шыққан». Ол ескі программа «түсініктілік жағын көздеп, теориялық жағынан қателесіп отыр», сөйтіп «Маркстің дағдарыстар теориясынан ауытқып отыр» деп табады.

С. жолдас ескі программада қолданылған «артық өндіру» деген сөз дағдарыстарды «түсіндіруге негіз» етіп алынады және «мұндай көзқарас дағдарыстардың себебін жұмысшы табының тұтыну қабілетінің кемдігінен деп түсіндіретін Родбертустың теориясына сай келеді» деп ойлайды.

С. жолдастың теориялық жағынан түкке тұрғысыз бұл ізденістерінің қаншалықты сәтсіз екендігін, оның Родбертусты қаншалықты *еріксіз икемдегісі* келгендігін ескі текстпен С. жолдас ұсынып отырған жаңа текстi салыстырудан оп-оңай көруге болады.

Ескі тексте (4-абзацта) «техникалық прогресті» көрсеткеннен *кейін,* жұмысшыларды қанау дәрежесінің өскендігін, жұмысшыларды керек етудің біршама азайғандығын көрсеткеннен *кейін* былай делінген: «Буржуазиялық елдердің өз ішіндегі істің *мұндай* жағдайы, т. т. үнемі көп мөлшерде өндірілетін товарларды өткізу ісін барған сайын қиындата береді. Дағдарыстардан... және тоқырау дәуірлерінен... көрініп отыратын *артық өндіру...* бұл сөзсіз туатын салдар болып табылады...».

Әрине, бұл арада артық өндіру тіпті де «түсіндіру негізіне» алынып отырған жоқ, тек дағдарыстар мен тоқырау кезеңдерінің шығу тегі *суреттеліп* отыр. С. жолдастың жобасынан мынаны оқимыз:

«Бұл қарама-қайшы формаларда,—өндіру шарттары тұтыну шарттарымен, капиталды орналастыру шарттары оның қорлану шарттарымен қақтығысып қалатын формаларда,— өндіргіш

күштер дамуының, тек пайдаға қызығушылық арқылы ғана бағытталып отыратын дамудың, болмай қоймайтын салдары— шиеленіскен өнеркәсіп дағдарыстары мен депрессиялар, мұның өзі үнемі көп мөлшерде анархиялық түрде өндірілетін товарларды өткізудің тоқтап қалуы деген сөз».

С. жолдас та дәл соны айтып отыр, өйткені «көп мөлшерде» өндірілетін товарларды «өткізудің тоқтап қалуы» дегеннің өзі де *артық өндіру*. С. жолдас бұл сөзден бекер қорқады, бұл сөзде теріс ештеңе жоқ. С. жолдас: «артық өндіру» деген сөздің орнына «бұл арада нақ сондай правомен және тіпті одан да артық правомен жеткіліксіз өндіру дегенді қоюға болады» (Москвада шыққан кітапшаның 15-беті) деп бекерден-бекерге жазып отыр.

«Үнемі көп мөлшерде өндірілетін» «товарларды өткізудің тоқтап қалуын» «жеткіліксіз өндіру» деп атап көріңізші! Сіз тіпті де бұлай деп атай алмайсыз.

Родбертусшанизмнің мәнісі тіпті де «артық өндіру» деген сөзді (капитализмнің ең терең *қайшылықтарының* бірін тек осы сөздің жалғыз өзі ғана *дәлме-дәл суреттейді)* қолдануда емес, қайта дағдарыстарды тек жұмысшы табының тұтыну қабілетінің кемдігінен *ғана* болады деп түсіндіруде. Бірақ ескі программа дағдарыстарды мұнан шығар*майды.* Ол «істің буржуазиялық» елдердің «өзі ішіндегі *мынадай* жағдайына», осының алдында, бұдан бұрынғы абзацта тұп-тура көрсетілген жағдайға, «техникалық прогресс», «жұмысшылардың нақты еңбегін керексінудің относительді түрде азаюы» жағдайына сүйенеді. Мұнымен қатар ескі программа «бүкіл дүние жүзілік рынокта шиеленісіп келе жатқан бәсекелестік» туралы айтады.

Мұнда қорлану шарттарының өткізу шарттарымен қақтығысып қалуы туралы *негізгі нәрсе* тура айтылған және анағұрлым *анығырақ* айтылған. С. жолдастың қате ойлап отырғанындай, бұл арада теория «түсініктілік жағын көздеп» «өзгертілген» жоқ, қайта анық және түсінікті баяндалған; бұл—жақсы жағы.

Дағдарыстар туралы, әрине, талай томдар жазуға болады, қорлану шарттарына неғұрлым нақты талдау

жасауға болады, *өндіріс құрал-жабдықтарының* ролі туралы, өндіріс құрал-жабдықтарындағы қосымша құн мен өзгермелі капиталдың тұтыну заттарында тұрақты капиталға алмасуы туралы, тұрақты капиталдың жаңа өнертабыстар арқылы бағасының түсуі туралы және тағы сондайлар туралы айтуға болады. Бірақ С. жолдас та бұған тырысып отырған жоқ қой!! Оның программаны түзетусымағы тек мынада ғана болып отыр:

1) 4-абзацтан 5-абзацқа, техникалық прогресті және басқаларын көрсетуден дағдарыстарға көшудің жоспарын сақтай отырып, ол «істің *мынадай* жағдайы» деген сөзді алып тастап, екі абзацтың арасындағы *байланысты әлсіретіп жіберген.*

2) Ол өндіру шарттарының тұтыну шарттарымен және өткізу шарттарының қорлапу шарттарымен қақтығысып қалуы туралы теориялық сияқты болып көрінетін сөздер қосқан, бұл сөздерде теріс ештеңе жоқ, бірақ бұлар жаңа ой қоспайды, өйткені мұның алдындағы абзацта нақ осы жөніндегі негізгі нәрсе анығырақ айтылады.

3) Ол «пайданың соңына түсушілік» деген тіркесті қосады, бұл тіркес программаға онша ыңғайлы емес, бұл, сірә, осы арада нақ «түсініктілік жағын *көздеп»* қолданылған болса керек, өйткені нақ *осы ой* «өткізу шарттары» туралы сөздермен де, «товар» өндірісі туралы және басқа сөздермен де бірнеше рет айтылған.

4) Ол «тоқырауды» «депрессиямен» ауыстырады; сәтсіз ауыстыру.

5) Ол ескі текстіге «анархиялық» деген сөзді қосады («ұдайы көп мөлшерде анархиялық түрде өндірілетін товарлар»). Бұл қосымша теориялық жағынан теріс, өйткені, егер Эрфурт программасының жобасында қолданылған және Энгельс дау айтқан сөзді алатын болсақ, нақ осы «анархиялық» немесе «жоспарлылықтың жоқтығы» трестерді сипаттай *алмайды**.

---

* Энгельс Эрфурт программасының жобасында «жеке өндіріс» және «жоспарлылықтың жоқтығы» деген сөздерді сынап, былай деп жазған: «егер біз акционерлік қоғамдардан өнеркәсіптің басқа салаларына үстемдік ететін, оларды монополияландыратын трестерге көшетін болсақ, онда бұл арада тек жеке өндіріс қана емес, сонымен қатар жоспарлылықтың жоқтығы да бітеді»[115].

С. жолдаста мынадай болып шыққан:

«...Товарлар анархиялық түрде үнемі көп мөлшерде өндіріледі. Капиталистік одақтардың (трестердің және сондайлардың) өндіріске шек қоя отырып, дағдарыстарды жоюға тырысқан әрекеттері күйреуде», т. т. ...

Бірақ атап айтқанда трестер товарларды анархиялық түрде *емес*, есеппен өндіреді. Трестер өндіріске *тек қана* «шек қоймайды». Олар дағдарыстарды жою үшін *әрекет* жасамайды, трестер тарапынан мұндай «әрекеттердің» болуы мүмкін емес. С. жолдас бірқатар ағаттық жіберген. Былай деу керек еді: трестер товарларды анархиялық түрде өндірмей, есеппен өндірсе де, капитализмнің трестер тұсында да сақталып қалатын жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері салдарынан дағдарыстар әлі де жойылмай қала береді. Ал егер трестер ең жоғары өрлеу мен жалдаптық кезеңдерінде «шығандап кетпеу» үшін деген мағынада өндіріске шек қоятын болса, онда олар мұнысымен мықтағанда ең ірі кәсіпорындарды ғана сақтап қалады, ал дағдарыстар оған қарамастан бола береді.

Дағдарыстар туралы мәселе жөнінде айтылғанның бәрін бір жерге жинақтай келіп, біз мынадай қорытындыға келеміз: С. жолдастың жобасы ескі программаны жақсарта *алмайды*. Керісінше, жаңа жобада ағаттықтар бар. Ескі жобаны түзетудің қажеттігі дәлелденбей қалып отыр.

IV

Империалистік сипаттағы соғыстар туралы мәселе жөнінде С. жолдастың жобасында теориялық жағынан екі түрлі теріс нәрсе бар.

Біріншіден, ол осы, қазіргі соғысқа баға бермейді. Ол империалистік дәуір империалистік соғыстарды туғызады дейді. Бұл дұрыс, сондықтан мұны программада, әрине, айту керек еді. Бірақ бұл аз. Бұған қоса 1914—1917 жылдардағы нақ қазіргі соғыстың империалистік соғыс екендігін айту қажет. Немістің «Спартак» тобы 1915 жылы неміс тілінде басылып шыққан өз «тезистерінде» империализм заманында ұлттық соғыстар-

дың *болуы мүмкін емес* деген пікір білдірді[116]. Бұл көрінеу теріс пайымдау, өйткені империализм ұлттардың езілуін асқындыра түседі, ал осының салдарынан ұлттық көтерілістер мен ұлттық соғыстардың мүмкін және ықтимал екені былай тұрсын, сонымен қатар ол болмай қоймайтын нәрсе (көтерілістер мен соғыстардың арасына айырма қоюға тырысу жөнсіз болып шығар еді).

Марксизм нақты деректер негізінде, әрбір жеке соғысқа сөзсіз дәлме-дәл баға беруді талап етеді. Қазіргі соғыс туралы мәселені жалпы пайымдаулар арқылы орағытып өту әрі теориялық жағынан теріс, әрі практикалық жағынан жол беруге болмайтын нәрсе, өйткені оппортунистер: жалпы алғанда империализм дегеніміз империалистік соғыстар дәуірі, бірақ *бұл* соғыс *онша* империалистік соғыс болған жоқ (мәселен, Каутский осылай пайымдаған болатын) деген сылтау тауып, осыны бүркеніш етеді.

Екіншіден, С. жолдас жалпы алғанда капитализмнің және әсіресе ең жаңа капитализмнің бір-бірінен ажырағысыз екі серігі ретінде «дағдарыстар мен соғыстарды» *бірге* байланыстырады. Москвада шыққан кітапшаның 20—21-беттерінде, С. жолдастың жобасында дағдарыстар мен соғыстарды бұлайша біріктіру *үш рет* қайталанған. Бұл арада мәселе программада қайталаулардың қажетсіздігінде ғана емес. Бұл арада мәселе принциптік жағынан теріс екендікте.

Атап айтқанда артық өндіру немесе, егер С. жолдас артық өндіру деген сөзге жолағысы келмесе, «товарларды өткізудің тоқтап қалуы» формасында болатын дағдарыстар капитализмге *мейлінше* тән құбылыс болып табылады. Ал соғыстар шаруашылықтың құлдық системасына да, крепостниктік системасына да тән. Империалистік соғыстар құлдық негізінде де (Римнің Карфагенге қарсы соғысы екі жақтан да империалистік соғыс болды), орта ғасырларда да, сауда капитализмі дәуірінде де болған. Соғысып жатқан екі жақтың *екеуі де* бөтен елдерді немесе халықтарды езгіге салатын соғыстың, олжа бөлісу үшін, «езгіге салуға немесе талауға қай жақтың көп ерік алуы үшін» жүргізілетін

соғыстың қандайын болса да империалистік соғыс деп атамауға болмайды.

Егер біз ең жаңа капитализм ғана, империализм ғана империалистік соғыстарды өзімен бірге ала келді дейтін болсақ, онда бұл әділеттілік болады, өйткені капитализмнің *бұдан бұрынғы* сатысы, еркін бәсеке сатысы немесе монополистік капитализмге дейінгі сатысы көбінесе Батыс Европадағы *ұлттық* соғыстармен сипатталды. Бірақ егер бұдан бұрынғы сатыда империалистік соғыстар мүлде болған жоқ дейтін болсақ, онда бұл теріс болып шығады, мұның өзі *нағыз* империалистік соғыс болған «отаршылдық соғыстарды» ұмытқандық болады. Бұл бір.

Ал екіншіден, атап айтқанда, дағдарыстар мен соғыстарды *біріктіріп* жіберу теріс күйінде қала береді, өйткені бұл құбылыстар — мүлде әр қилы саладағы, тарихи шыққан тегі әр қилы, таптық мәні әр қилы құбылыстар. Мәселен, С. жолдастың өз жобасында айтқанындай: «Дағдарыстар да, соғыстар да өз кезегінде ұсақ өндірушілерді бұрынғыдан да бетер күйзелтеді, жалдама еңбектің капиталға тәуелділігін бұрынғыдан да бетер көбейтеді...» деп айтуға болмайды. Өйткені жалдама жұмысшылардың капиталистер табына қарсы күресінің барысында жалдама еңбекті капиталдан азат ету мүддесін көздейтін соғыстардың болуы *мүмкін*, тек реакциялық-империалистік соғыстар ғана емес, сонымен қатар революциялық соғыстардың да болуы мүмкін. «Соғыс дегеніміз» белгілі бір тап «саясатының жалғасы»; ал әрбір таптық қоғамда, құл иеленушілік қоғамда да, крепостниктік қоғамда да, капиталистік қоғамда да езуші таптардың саясатын одан әрі жалғастырған соғыстар болды, сондай-ақ езілген таптардың саясатын одан әрі жалғастырған соғыстар да болды. Нақ сол себептен де, С. жолдастың айтқанындай, «дағдарыстар мен соғыстар капиталистік системаның өндіргіш күштерді дамыту формасынан олардың тұсауына айналып отырғандығын көрсетеді» деп айтуға болмайды.

Қазіргі империалистік соғыс өзінің реакцияшылдығы мен өзінің ауыртпалығы арқылы бұқараны революция-

шылдандырып, революцияны тездетеді, бұл дұрыс, мұны айту керек. Империализм дәуіріне тән жалпы империалистік соғыстар жайында айтқанда да бұл дұрыс болады және мұны айтуға болады. Бірақ оны кез келген жалпы «соғыстар» жайында айтуға болмайды, сонан кейін дағдарыстар мен соғыстарды байланыстыруға ешбір болмайды.

V

Барлық большевиктердің бірауыздан ұйғаруы бойынша жаңа программада ең алдымен баяндалып, бағалануға тиісті ең басты мәселе жөнінде біз енді қорытынды шығаруымыз керек. Бұл — *империализм* туралы мәселе. Сокольников жолдас бұл баяндау мен бұл бағаны бөлшектеп, былайша айтқанда, империализмнің әр түрлі белгілерін программаның әр түрлі параграфтарының арасына бытыратып берген жөн дегенді жақтайды; менің ойымша, империализм туралы айту керек болған нәрселердің бәрін бірге жинап, мұны программаның ерекше бір параграфында немесе ерекше бір бөлімінде жасаған жөн. Қазір партия мүшелерінің алдына екі жобаның екеуі де қойылып отыр, ал съезде шешім қабылданатын болады. Ал империализм туралы айту керек екендігі жөнінде біз Сокольников жолдаспен толық келісеміз, сондықтан империализмді *қалай* баяндап, бағалау керек екендігі жөнінде алауыздық жоқ па, осыны қарастыру ғана қалады.

Жаңа программаның екі жобасын осы тұрғыдан салыстырып көрейік. Менің жобамда империализмнің басты-басты айрықша бес белгісі алынған: 1) капиталистердің монополистік одақтары; 2) банк капиталының өнеркәсіп капиталымен қосылуы; 3) бөтен елдерге капитал шығару; 4) дүние жүзін территориялық жағынан бөлісу, қазірдің өзінде аяқталған бөлісу; 5) экономикалық-интернационалдық трестердің дүние жүзін бөлісуі. («Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдардан» кейін шыққан менің «Империализм — капитализмнің ең жаңа кезеңі» деген кітапшамда империализмнің бұл айрықша бес белгісі 85-бет-

те* келтірілген.) Шын мәнінде, Сокольников жолдастың жобасында да біз нақ осы негізгі бес белгінің бар екенін көреміз, сондықтан, күткеніміздей-ақ, империализм туралы мәселе жөнінде, сірә, біздің партия принциптік жағынан толық келісімге келген сияқты, өйткені осы түбегейлі мәселе жөнінде барлық большевиктердің толық біраузызды екендігін біздің партиямыздың бұл мәселе жөніндегі практикалық үгіті — ауызекі үгіті де, баспасөздегі үгіті де, әлдеқашаннан-ақ, революцияның ең басынан-ақ көрсеткен болатын.

Екі жобаның арасында империализмге анықтама мен сипаттама берудегі *тұжырымның* айырмашылығы қандай екендігін қарастыру ғана қалады. Анығында, қай уақыттан бастап капитализмнің империализмге айналуы туралы айтуға болатындығы екі жобаның екеуінде де нақтылы көрсетілген, ал шаруашылық дамуға бүкіл баға берудің дәлдігі мен тарихи дұрыстығы тұрғысынан қарағанда мұндай көрсетудің қажет екендігіне қарсы таласуға бола қоймас. С. жолдас: «соңғы ширек ғасырдың ішінде»,—дейді; менде: «шамамен XX ғасырдың басынан бастап»,— делінген. Әлгінде ғана цитат келтірілген империализм туралы кітапшада (мәселен, 10—11-беттерде**) картельдер мен синдикаттарды әдейі зерттеп жүрген бір экономистің: Европада картельдердің *толық* жеңіп шығуында 1900—1903 жылдардағы дағдарыс бетбұрыс кезең болды деген дәлелдемесі келтірілген. Сондықтан, менің ойымша, «соңғы ширек ғасырдың ішінде» дегеннен гөрі «шамамен XX ғасырдың басынан бастап» деу дәлірек болады. Мұның дұрысырақ болатын тағы бір себебі: мен жаңа ғана көрсеткен маман да, жалпы алғанда европалық экономистер де басқадан да гөрі герман деректерін жиі пайдаланады, ал Германия басқа елдерді картельдердің құрылу процесінде *басып озды*.

Онан соң. Менің жобамда монополиялар туралы былай делінген: «капиталистердің монополистік одақтары

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 422—423-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 348—349-беттер. *Ред.*

шешуші маңыз алды». С. жолдастың жобасында монополистік одақтар туралы *бірнеше рет* айтылған, бірақ олардың бәрінің ішінен тек бірсуінде ғана, атап айтқапда былай деп көрсеткен жерінде ғана біршама айқындылық бар:

«...Капиталистік жолмен ұйымдасқан өндірісті тікелей немесе жанамалап басқару соңғы ширек ғасырдың ішінде озара біріккен құдіретті банктердің, трестердің және синдикаттардың қолына көшті, бұлар финанс капиталының ат төбеліндей алпауыттары басшылық ететін дүние жүзілік монополистік одақтар құрды».

Меніңше, мұнда «үгіт» тым көп, яғни «түсініктілік жағын көздеп» оған программада айтудың қажеті жоқ нәрселер енгізілген. Газет мақалаларында, сөйленетін сөздерде, көпшілікке арналған кітапшаларда «үгіт» айту қажет, бірақ партия программасы экономикалық жағынан дәлдігімен ерекшеленіп, опда артық нәрсе айтылмауға тиіс. Монополистік одақтар «шешуші маңыз» алды деу, меніңше, бұл мейлінше дәл айтылған және осы арқылы бәрі де айтылған. Оның бер жағында С. жолдастың жобасынан келтірілген абзацта көп нәрсенің артық екендігі былай тұрсын, сонымен қатар: «капиталистік жолмен ұйымдасқан өндірісті басқару» деген тіркес теориялық жағынан шұбәлы. Тек капиталистік жолмен ұйымдасқан өндірісті басқару ғана ма? Жоқ. Бұл тым әлсіз. Көрінеу капиталистік жолмен *ұйымдастырылмаған* өндіріс те: ұсақ қолөнершілер, шаруалар, отарлардағы ұсақ мақта өндірушілер және тағы сондайлар да банктерге және жалпы финанс капиталына тәуелді болып отыр. Егер біз «бүкіл дүние жүзілік капитализм» туралы жалпылама айтатын болсақ (ал теріс нәрсеге ұрынғымыз келмесе, бұл арада тек сол туралы ғана айтуға болады), онда: монополистік одақтар «шешуші маңыз» алды деу арқылы біз *ешбір* өндірушіні де осы шешуші маңызға бағыпудап шығарып тастамаймыз. Монополистік одақтардың ықпалын «капиталистік жолмен ұйымдасқан өндіріспен» шектеу — дұрыс емес.

Опан соң, С. жолдастың жобасында банктердің ролі туралы бір айтылған нәрсе екі рет: бір рет жаңа ғана

келтірілген абзацта, екінші рет — дағдарыстар мен соғыстар туралы абзацта қайталанады, бұл абзацта мынадай анықтама берілген: «финанс капиталы (банк капиталының өнеркәсіп капиталымен қосылуының нәтижесі)». Менің жобамда былай делінген: «орасан зор көлемде шоғырланған банк капиталы өнеркәсіп капиталымен қосылды». Мұны программада бір рет айту жеткілікті.

Үшінші белгі: «бөтен елдерге капитал шығару өте көп мөлшерде дамып отыр» (менің жобамда осылай делінген). С. жолдастың жобасында «шетке капитал шығару» бір рет жай ғана көрсетіледі де, екінші рет мүлде басқа нәрсеге байланысты: «үстеме пайда іздеп экспортқа шығарылатын капиталдың орналасу өрісі болып табылатын... жаңа елдер» туралы айтылған. Бұл арада үстеме пайдалардың және жаңа елдердің көрсетілуін дұрыс деп айту қиын, өйткені Германиядан Италияға, Франциядан Швейцарияға, т. с. капитал шығару да дамып отыр. Империализм тұсында капитал байырғы елдерге де шығарыла бастады және тек *үстеме* пайда үшін ғана шығарылып отырған жоқ. Жаңа елдер жөнінде дұрыс болған нәрсе жалпы алғанда шетке капитал шығару жөнінде дұрыс емес.

Төртінші белгі — Гильфердингтің «шаруашылық территориясы үшін күрес» деп атағаны. Бұлайша атау дәл *емес,* өйткені мұның өзі шаруашылық территориясы үшін күрестің *бұрынғы* формаларынан қазіргі империализмнің басты айырмашылығы неде екенін көрсетпейді. Көне замандағы Рим де, отарлар жаулап алғанда, XVI—XVIII ғасырлардағы европалық мемлекеттер де, Сибирьді жаулап алғанда, ескі Россия да, т. т. және т. с. осындай шаруашылық территориясы үшін күрескен болатын. Қазіргі империализмнің айрықша белгісі (программаның мен жасаған жобасында айтылғандай) мынада: «бүкіл дүние жүзі территория жағынан ең бай елдердің арасында бөлініп біткен», яғни жердің мемлекеттер арасында бөлінуі аяқталған. Дүние жүзін *қайта бөлісу* жолындағы күрестің ерекше қаттылығы, соғыстарға әкеп соғатын қақтығыстардың ерекше қаттылығы нақ осы жағдайдан шығады.

С. жолдастың жобасында бұл өте-мөте шұбалаңқы және теориялық жағынан екіұшты етіп айтылған. Мен қазір оның тұжырымын келтіремін, бірақ ол дүние жүзін экономикалық жағынан бөлісу туралы мәселені де қоса қамтитып болғандықтан, алдымен империализмнің осы соңғы, бесінші, белгісіне де тоқтала кету қажет. Менің жобамда бұл белгі былайша тұжырымдалған:

«...Интернационалдық трестердің арасында дүние жүзін экономикалық жағынан бөлісу басталды». Саяси экономия мен статистиканың деректері бұдан артық айтуға мүмкіндік бермейді. Дүние жүзін *мұндай* бөлісу — өте маңызды процесс, бірақ ол енді ғана басталып отыр. Дүние жүзін территориялық жағынан бөлісу аяқталып қойғандықтан да, яғни бәсекелесімен соғыспайақ басып алатын «бос» жер *қалмай* отырғандықтан да, империалистік соғыстар дүние жүзін нақ *осы* бөлісуден, *қайта бөлсіуден* келіп туады.

Енді С. жолдастың тұжырымын қарап көрейік:

«Бірақ капиталистік қатынастардың үстемдік ету саласы оларды жаңа елдерге енгізу жолымен сыртта да үздіксіз кеңейіп отырады; бұл елдер капиталистердің монополистік одақтары үшін товар рыноктары, шикізат беруші және үстеме пайда іздеп, экспортқа шығарылатын капиталдың орналасу өрісі болып табылады, финанс капиталының (банк капиталының өнеркәсіп капиталымен қосылуының нәтижесі) қарамағына жинақталған орасан көп қосымша күн дүние жүзілік рынокқа шығарылады. Капиталистердің ұлттық көлемде, ал кейде халықаралық көлемде ұйымдасқан құдіретті одақтарының да рынокта үстемдік ету үшін, неғұрлым әлсіз елдердің территорияларын иелену немесе бақылап отыру үшін, яғни оларды аяусыз езу үшін басым право алу жолында бәсекелесуі бүкіл дүние жүзін аса бай капиталистік мемлекеттердің арасында бөлісу әрекетіне, жалпай апат, күйзеліс және тағылық туғызатын империалистік соғыстарға әкеліп соқпай қоймайды».

Мұнда бірқатар теориялық теріс ұғымдарды бүркемелейтін сөздер тым көп-ақ. Дүние жүзін бөлісу «әрекеттері» туралы деп айтуға болмайды, өйткені дүние жүзі бөлініп *қойған*. 1914—1917 жылдардағы соғыс дүние жүзін «бөлісу әрекеті» емес, қайта, бөлініп қойған дүние жүзін *қайта бөлісу жолындағы* күрес. Капитализм үшін соғыс болмай қалмайтын нәрсеге айналды, өйткені соғыстан бірнеше жыл бұрын империализм

дүние жүзін, күштің ескі өлшеуіштері, былайша айтқанда, соғыс «түзетіп жатқан» өлшеуіштері бойынша *бөліп* қойған болатын.

Отарлар үшін («жаңа елдер» үшін) күрес те, «неғұрлым әлсіз елдердің территорияларын иелену» үшін күрес те, мұның бәрі империализмге *дейін* де болған. Қазіргі империализмге енді *басқа* нәрсе тән: атап айтқанда, XX ғасырдың бас кезінде барлық жерді белгілі бір мемлекеттер иеленіп алған, барлық жер бөлініп болған. Сол себептен де «дүние жүзіне үстемдік етуді» *қайта бөлісу,* капитализм негізінде бүкіл дүние жүзілік соғыс туғызбайынша, басқаша жолмен жүзеге аса алмады. Сондай-ақ «капиталистердің халықаралық көлемде ұйымдасқан одақтары» империализмге *дейін* де болған: түрлі елдердің капиталистері қатысатын акционерлік қоғамның қай-қайсысы да «капиталистердің халықаралық көлемде ұйымдасқан одағы» болып табылады.

Империализмге *басқа* нәрсе, бұрын, XX ғасырға дейін *болмаған* нәрсе тән, атап айтқанда: дүние жүзінің интернационалдық трестер арасында экономикалық жағынан бөлінуі, олардың елдерді өнім өткізетін өрістер ретінде *шарт бойынша* бөлісуі тән. С. жолдастың жобасында нақ осы көрсетілмеген, сондықтан империализмнің күші өзінің шын мәніндегісінен *әлсіздеу* көрсетілген.

Ақырында, жиналған *қосымша құнды* топ-тобымен дүние жүзілік рынокқа шығару туралы айту теориялық жағынан теріс болады. Мұның өзі Прудонның орналастыру теориясына ұқсайды, бұл теория бойынша капиталистер тұрақты капиталды да, өзгермелі капиталды да оп-оңай орналастыра алады, бірақ қосымша құнды орналастыруда қиыншылыққа тап болады. Іс жүзінде капиталистер қосымша құнды былай қойғанда, тіпті өзгермелі капиталды да, тұрақты капиталды да қиындықсыз және дағдарыссыз орналастыра алмайды. Рынокқа орасан көп товарлар шығарылады, олар жиналған құн ғана емес, сонымен қатар өзгермелі капитал мен тұрақты капиталды да ұдайы өндіретін құн болып табылады. Мәселен, дүние жүзілік рынокқа орасан көп рельс немесе темір шығарылады, бұлар жұмысшылар-

дың тұтыну заттарына немесе басқа өндіріс құрал-жабдықтарына (ағаш, мұнай, т. т.) айырбасталу арқылы өткізілуге тиіс.

VI

Сокольников жолдастың жобасын талдауды осымен аяқтай келіп, біз оның ұсынып отырған өте бір бағалы қосымшасын ерекше көрсете кетуге тиіспіз және, менің ойымша, оны қабылдау, тіпті кеңейту керек болар еді. Атап айтқанда: техникалық прогресс туралы және әйелдер мен балалар еңбегін пайдаланудың өсуі туралы айтылған абзацта ол: «артта қалған елдерден әкелінетін жат жерлік үйретілмеген жұмысшылардың еңбегі сияқты» (қолдану) деген сөздерді қосуды ұсынады. Бұл — бағалы және қажетті қосымша. Артта қалған елдердің *нашар төленетін* жұмысшыларының еңбегін осылай қанау нақ империализмге айрықша тән нәрсе. Империалистік, бай елдердің *паразитизмі,* белгілі бір дәрежеде, нақ осыған негізделген, ол елдер шетелдік «арзан» жұмысшылардың еңбегін шексіз және арсыз түрде қанай отырып, неғұрлым жоғары ақы төлеу арқылы өз жұмысшыларының бір бөлегін де сатып алып отырады. «Нашар төленетін» деген сөздерді, сондай-ақ «және көбіне правосыз» деген сөздерді де қосу керек болар еді, өйткені «цивилизациялы» елдердің қанаушылары сырттан әкелінетін шетелдік жұмысшылардың правосыздығын әрқашан да пайдаланып отырады. Мұның өзі орыстар, яғни Россиядан келген жұмысшылар жөнінде Германияда ғана емес, сонымен қатар итальяндар жөнінде Швейцарияда да, испандар мен итальяндар жөнінде Францияда да, т. т. үнемі байқалып отырады.

Отарлар мен әлсіз ұлттарды тонау арқылы паразиттік жолмен байып отырған ат төбеліндей ең бай империалистік елдердің бөлініп шығуын программада мейлінше баса көрсетіп, айқынырақ айту, мүмкін, жөн болар еді. Бұл — империализмнің өте бір маңызды ерекшелігі, мұның өзі, айта кету керек, империалистік тонауға түскен, алып-империалистер тарапынан бөлісіп алу және тұншықтыру қаупі туып отырған елдерде (Россия осындай) терең революциялық қозғалыстардың

пайда болуын белгілі дәрежеде жеңілдетеді, сонымен бірге, мұның керісінше, көптеген отарлар мен бөтен елдерді империалистік жолмен тонап отырған, сол арқылы өз халқының өте үлкен (біршама) бөлегін империалистік олжаны бөлісуге *қатыстырып* отырған елдерде терең революциялық қозғалыстардың тууын белгілі бір дәрежеде қиындатады.

Сондықтан мен, тіпті менің жобамның социал-шовинизмге сипаттама берілген (кітапшаның 22-беті*) жеріне болса да, бай елдердің бірқатар басқа елдерді осылайша қанауын көрсететін қосымша енгізуді ұсынған болар едім. Жобаның тиісті жері мынадай болып шыққан болар еді (жаңа қосымшаларды курсивпен белгілеймін):

«Бір жағынан: социал-шовинизм ағымы, сөз жүзінде социализм, іс жүзінде шовинизм ағымы, *империалистік соғыста* «өзінің» ұлттық буржуазиясының тонаушылық мүдделерін қорғауды, *сондай-ақ отарлар мен әлсіз ұлттарды тонаудан орасан көп табыс тауып отыратын бай ұлт азаматтарының пұрсаттылық жағдайын қорғауды* «отан қорғау» ұранымен бүркемелеу осындай бұрмалау болып табылады. Екінші жағынан, нақ осынша кең таралып, халықаралық сипат алған «центр» ағымы, т. т. осындай бұрмалау болып табылады».

Мейлінше дәлме-дәл болуы үшін «империалистік соғыста» деген сөздерді қосу қажет: «отан қорғау» дегеніміз соғысты ақтау, оны заңды, әділетті соғыс деп тану ұранының дәл өзі. Соғыстар әр қилы болады. Революциялық соғыстардың да болуы мүмкін. Сондықтан бұл арада әңгіменің нақ империалистік соғыс туралы болып отырғандығын мейлінше дәл айту керек. Бұл өзінен-өзі түсінікті, бірақ теріс түсінік болмауы үшін мұны өзінен-өзі түсінікті деп қалдыра салмай, тура және анық айту керек.

VII

Программаның жалпы немесе теориялық бөлімінен программа-минимумға көшейік. Бұл арада біз бірден

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 167—168-беттер. *Ред.*

Н. Бухарин мен В. Смирнов жолдастардың программа-минимумды *мүлде алып тастау керек* деген, сырт қарағанда «өте батыл» сияқты болып көрінетін, бірақ өте қисынсыз ұсынысын кездестіреміз. Программа-максимум мен программа-минимумға бөлу «ескірді», әңгіме социализмге өту туралы болып отырғанда оның не қажеті бар деседі. Ешқандай программа-минимумның керегі жоқ, социализмге өту шараларының программасы бірден жасалатын болсын деседі.

Аты аталған екі жолдастың ұсынысы осындай, бірақ олар, неліктен екені белгісіз, тиісті жоба ұсына қоймады (партияның таяуда болатын съезінің күн тәртібіне партия программасын қайта қарау мәселесінің қойылатындығы ол жолдастарды мұндай жоба жасауға тікелей міндеттесе де). Мүмкін, «батыл» сияқты болып көрінетін ұсыныс авторлары бата алмай өздері тоқталған болар... Қалай болғанда да, олардың пікірін қарастыру керек.

Соғыс пен күйзеліс барлық елдерді монополистік капитализмнен мемлекеттік-монополистік капитализмге өтуге мәжбүр етіп отыр. Объективті жағдай осындай. Бірақ революция жағдайында, революция кезінде мемлекеттік-монополистік капитализм *тікелей* социализмге өтеді. Революция кезінде социализмге бағыт ұстамайынша, алға басу мүмкін емес,— соғыс пен революция туғызған объективті жағдай осындай. «Советтер республикасы» (пролетариат диктатурасының саяси формасы) және банктер мен синдикаттарды национализациялау (социализмге өту шараларының ішіндегі негізгісі) ұрандарын қою арқылы біздің Апрель конференциясы мұны ескерді. Осы уақытқа дейін большевиктердің барлығы өзара келісіп, бірауызды болып келді. Бірақ В. Смирнов пен Н. Бухарин жолдастар программа-минимумды *мүлде* шығарып тастап, бұдан да ілгері барғысы келеді. Мұның өзі лұғатты мақалдың ақылды кеңесіне қарсы шыққандық болар еді; бұл мақал былай дейді:

«Шайқасқа барар жолда мақтанба, шайқастан келе жатып мақтан».

Біз ұрысқа бара жатырмыз, яғни біз өз партиямыз-

дың саяси өкіметті жеңіп алуы жолында күресеміз. Бұл өкімет пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы болар еді. Бұл өкіметті қолға алған кезде, буржуазиялық құрылыстың шеңберінен әрі барудан біздің қорықпайтынымыз былай тұрсын, қайта, керісінше, біз айқын түрде, тікелей, дәлме-дәл және жұрттың бәріне естірте отырып былай дейміз: біз бұл шеңберден әрі барамыз, біз қорықпастан социализмге барамыз және біздің жолымыз—Советтер республикасы арқылы, банктер мен синдикаттарды национализациялау арқылы, жұмысшы бақылауы, жаппай еңбек міндеткерлігі, жерді национализациялау, помещиктердің құрал-саймандарын конфискелеу арқылы және тағы сондайлар арқылы өтетін болады дейміз. Осы мағынада айтқанда біз социализмге өту шараларының программасын беріп отырмыз.

Бірақ біз шайқасқа барар жолда мақтанбауға тиіспіз, біз программа-минимумды шығарып тастамауға тиіспіз, өйткені мұның өзі бос мақтанға тең болар еді: «буржуазиядан» еш нәрсе «талап еткіміз» келмейді, өзіміздің істегіміз келеді, буржуазиялық құрылыстың шеңберінде ұсақ-түйекпен шұғылданып жатқымыз келмейді деген болып шығар еді.

Бұл бос мақтан болар еді, өйткені әуелі өкіметті жеңіп алу керек, ал біз оны әлі жеңіп алғанымыз жоқ. Әуелі социализмге өту шараларын нақты жүзеге асыру керек, біздің революцияны бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның жеңісіне дейін жеткізу керек, ал сонан кейін барып, *«шайқастан келе жатқанда»*, программа-минимумды *ендігі жерде керексіз нәрсе ретінде* алып тастауға болады және алып тасталуға тиіс.

Оны ендігі жерде керексіз деп қазір кепілдік беруге бола ма? Әрине, болмайды, оның қарапайым себебі бар: біз өкіметті әлі жеңіп алғанымыз жоқ, социализмді жүзеге асырғанымыз жоқ және бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның басталуына, керек десеңіз, әлі жеткеніміз де жоқ.

Бұл мақсатқа қарай табанды түрде, батыл, ауытқусыз *ұмтылу* керек, бірақ бұл мақсатты еш бір жүзеге асырмай тұрып, оны жүзеге асты деп жариялау кісі ку-

лерлік нәрсе. Программа-минимумды қазірдің өзінде-ақ алып тастау «біз қазірдің өзінде-ақ жеңдік» деп жариялаумен, жар салумен (қарапайым сөзбен айтқанда, мақтанумен) тең болып шығады.

Жоқ, қымбатты жолдастар, біз әлі жеңіп шыққан жоқпыз.

Ертең жеңеміз бе әлде біраз кешірек жеңеміз бе, біз оны білмейміз. (Мен өз басым ертең жеңеміз деп ойлауға бейіммін,— мұны 1917 жылы 6 октябрьде жазып отырмын — және өкіметті алуда кешігуіміз де мүмкін, бірақ қалай дегенмен де ертеңнің аты ертең, бүгін емес.) Біздің жеңісімізден кейін Батыстағы революцияның қаншалықты тез болатынын біз білмейміз. Біздің жеңісімізден кейін реакцияның және контрреволюция жеңісінің тағы да уақытша кезеңдері бола ма, болмай ма, мұны біз білмейміз, —мұнда мүмкін емес еш нәрсе жоқ,—сондықтан, жеңіп шыққаннан кейін, біз мұндай мүмкіндікке қарсы «үш қатар окоп» жасаймыз.

Біз мұның бәрін білмейміз және *біле де алмаймыз*. Мұны ешкім де біле *алмайды*. Ал сондықтан да біз әлі буржуазиялық құрылыстың шеңберінде өмір сүріп отырған кезде, біз әлі бұл шеңберді қиратпай отырған кезде, социализмге өту үшін керекті негізгі нәрсені жүзеге асырмай отырған кезде, жауды (буржуазияны) талқандамай отырған кезде және талқандағанмен де жоймай отырған кезде *қажет* болып отырған программа-минимумды алып тастау кісі күлерлік нәрсе. Мұның бәрі болады және болғанда көп адамдардың ойлағанынан (мен өз басым бұл ертең *басталуға* тиіс деп ойлаймын) анағұрлым тез болуы мүмкін, *бірақ бұл әлі болған жоқ*.

Саяси саладағы программа-минимумды алыңыз. Ол, осы программа, буржуазиялық республикаға арналған. Біздің бұған қосарымыз: оның шеңберімен өзімізді шектемейміз, қайта іле-шала неғұрлым жоғары типтегі *Советтер республикасы* үшін күресеміз. Біз мұны істеуге тиіспіз. Біз жаңа республикаға шексіз батылдықпен және үзілді-кесілді баруға тиіспіз *және біздің оған нақ осылай баратындығымызға мен сенемін*. Бірақ программа-минимумды алып тастауға ешбір болмайды, өйткені,

біріншіден, Советтер республикасы *әлі* жоқ; екіншіден, «реставрация әрекеттерінің» болуы мүмкін; әуелі бұларды бастан кешіріп, жеңу керек; үшіншіден, ескіден жаңаға өткен кезде уақытша «құрама типтер» (таяуда «Рабочий Путь» осылай деп әділ көрсетті), мәселен, Советтер республикасы да, Құрылтай жиналысы да болуы мүмкін. Әуелі осының бәрін *бастан өткізейік*, сонан кейін программа-минимумды алып тастауға үлгіреміз.

Экономикалық салада да нақ осындай. Социализмге бағыт алудан *қорқу* — барын тұрған оңбағандық және пролетариаттың ісіне *опасыздық* болып табылады дегенге біз бәріміз де қосыламыз. Бұл жолдағы ең алғашқы негізгі қадамдар банктер мен синдикаттарды национализациялау сияқты шаралар болуға тиіс екендігіне біз бәріміз де қосыламыз. Әуелі соларды және басқа сол тәрізді шараларды жүзеге асырайық, ал *онан арғысын көре жатармыз*. Онан арғысы *айқындала* түседі, өйткені ең жақсы деген программалардан миллион мәрте артық тұратын практикалық тәжірибе біздің ой-өрісімізді өлшеусіз кеңейтеді. Бұл арада да өтпелі «құрама типтерсіз» алға баса алмауымыз мүмкін, керек десе ықтимал, керек десе сөзсіз нәрсе; мәселен, бір-екі жалдама жұмысшы бар ұсақ шаруашылықтарды біз бірден национализациялай да алмаймыз, тіпті нағыз жұмысшы бақылауына да ала алмаймыз. Олардың ролі болмашы-ақ болсын, банктер мен трестерді национализациялау арқылы олардың аяқ-қолы бірдей маталып-ақ тасталсын, мұның бәрі осылай-ақ болсын, бірақ әзірге буржуазиялық қатынастардың кішкентай да болса жұрнақтары қалып отырғанда программа-минимумды алып тастаудың не қажеті бар? Дүние жүзіндегі ең ұлы революцияға батыл бағыт алып бара жатқан және сонымен қатар фактілерді байыптап есепке алуға тиіс марксистер бола отырып, біздің программа-минимумды алып тастауға қақымыз жоқ.

Біз оны қазір алып тастайтын болсақ, онда біз бұл арқылы жеңіп үлгірмей жатып есімізден жаңылып жатқанымызды дәлелдеген болар едік. Ал біз жеңіске

дейін де, жеңіс кезінде де, жеңістен кейін де есімізден жаңылмауға тиіспіз, өйткені біз есімізден жаңылсақ, онда бәрінен де айрыламыз.

Нақты ұсыныстарға келетін болсақ, онда Н. Бухарин жолдас, шынына келгенде, ештеңе айтқан жоқ, өйткені ол банктер мен синдикаттарды национализациялау туралы әлдеқашан айтылған нәрселерді тек қайталап қана айтты. В. Смирнов жолдас өзінің мақаласында өнімдерді өндіру мен тұтынуды реттеуге келіп саятын біршама қайта құру істерінің өте-мөте қызықты және тағылым аларлық тізімін берді. Жалпы формада алғанда мұның өзі, мәселен, менің жобамда *бұрыннан* бар, онда бұған қоса *«және сол сияқтылар»* да бар. Дәл қазір мұнан әрі барудың, жекелеген шараларды нақтылай түсуге салынудың, меніңше, жөні жоқ сияқты. Жаңа типтегі негізгі шаралардан *кейін*, банктерді национализациялағаннан *кейін*, жұмысшы бақылауына кіріскеннен *кейін* көп нәрселер айқындалатын болады, сөйтіп тәжірибе *көптеген жаңа нәрселерді* көрсететін болады, өйткені мұның өзі миллиондардың тәжірибесі, миллиондардың саналы түрде қатысуы арқылы экономикада жаңа тәртіптер орнатудың тәжірибесі болмақ. Әлбетте, мақалаларда, кітапшаларда, сөйленетін сөздерде жаңа нәрсе *белгілеу*, жоспарлар ұсыну, оларға баға беру, әр түрлі советтердің немесе жабдықтау комитеттерінің т. т. жергілікті және жеке тәжірибесін талқылау — мұның бәрі өте пайдалы жұмыс. Бірақ программаға өте-мөте тәптіштеп, егжей-тегжейді енгізу әлі ертерек және жеке нәрселерде бізге қол байлау тіпті зиянды болуы да мүмкін. Өзіміз жаңа жолға толық түскен кезде жаңа істі құлшына жасау үшін қолдың бос болуы керек.

VIII

Бухарин жолдастың мақаласында тағы бір мәселе қозғалған, бұған тоқтала кету керек.

«...Біздің партия программасын қайта қарау туралы мәселе пролетариаттың халықаралық партиясы үшін біртұтас программа жасау туралы мәселемен байланысты болуға тиіс»

Бұл онша анық айтылмаған. Егер мұны автор бізге жаңа программа қабылдауға кеңес бермейді, бұл істі біртұтас халықаралық программаны, III Интернационал программасын, жасағанға дейін кейінге қалдыра тұру керек деген кеңес береді деп түсінсек, онда мұндай пікірге мейлінше батыл қарсы шығу керек болар еді. Өйткені мұндай себеппен кейінге қалдыру (меніңше, кейінге қалдыру үшін басқа себептер жоқ, мәселен, қайта қарау үшін біздің партиялық материалдарымыз жеткіліксіз деген себеппен кейінге қалдыруды ешкім талап еткен жоқ) III Интернационалды құру ісіп *біздің* тарапымыздан соза түсумен бірдей болар еді. III Интернационалды құруды, әрине, формальды түрде түсінуге болмайды. Пролетарлық революция бір елде болса да жеңбей тұрып немесе соғыс аяқталмай тұрып, әр түрлі елдердің революциялық-интернационалистік партияларының *үлкен* конференциясын шақыру жөніндегі іс тез және ойдағыдай алға баса қояды деп, жаңа программаны ресми түрде бекіту ісінде олар келісе қояды деп үміттену мүмкін емес. Ал бұған дейін қазірде басқалардан гөрі жағдайы жақсы және бірінші болып қадам жасай алатын, мұнысын, әрине, әсте де ақырғы қадам деп санамайтын, қайткен күнде де өз программасын басқа «солшыл» (яғни революциялық-интернационалистік) программаларға ешбір қарсы қоймай, қайта ортақ программа жасауға қарай *ұмтылатын* партиялардың бастамасы арқылы істі жылжыта беру керек. Дүние жүзінде қазір интернационалистерінің съезд шақыруға біршама еркіндігі бар және халықаралық ағымдар мен программалар жөнінде біздің партиямыздағыдай жақсы хабардар жолдастар көп Россиядан басқа бірде-бір ел жоқ. Міне, сондықтан да бастаманы міндетті түрде өзімізге алуымыз керек. Біздің интернационалистер ретіндегі тікелей борышымыз осыны талап етеді.

Сірә, Бухарин жолдас та іске нақ осылайша қарайтын болса керек, өйткені ол өз мақаласының басында «жаңа ғана аяқталған (августа жазылған) партия съезі программаны қайта қарауды қажет деп тапты» және «осы мақсатпен арнаулы съезд шақырылады»

дейді, бұл сөздерден әлгі съезде жаңа программа қабылдауға Бухарин жолдас ешбір қарсы емес деп қорытуға болады.

Егер бұл осылай болса, онда қозғалған мәселе жөнінде толық бірауыздылық болып отыр. Жаңа программаны қабылдағаннан кейін, III Интернационалдың жалпы біртұтас программасын жасауға біздің съездің тілек білдіруіне, бұл үшін солшылдардың конференциясын тездету, бірнеше тілде жинақ шығару, жаңа программаға апаратын жолды «байқау» (Бухарин жолдастың дұрыс айтқанындай) үшін басқа елдердің не істегендігі туралы материал жинау жөнінде комиссия құру сияқты белгілі қадамдар жасалуына қарсы болатын адамның табыла қоюы екіталай (Голландиядағы трибунистер[117], Германиядағы солшылдар. Американдағы «Социалистік насихат лигасын»[118] Бухарин жолдас атап та өтті, мұның үстіне Американ «Социалистік *Жұмысшы* партиясын»[119] және ол партияның «саяси мемлекетті индустриялық демократиямен» ауыстыру туралы мәселе қоюын көрсетуге болар еді).

Одан кейін Бухарин жолдастың менің жобамдағы бір кемшілікті көрсетуін мен сөзсіз дұрыс деп мойындауға тиіспін. Б. жолдас жобаның Россия басынан кешіріп отырған кезең туралы, капиталистердің Уақытша үкіметі туралы, т. т. туралы айтылған жерінен (кітапшаның 23-бетінде*) цитат келтіреді. Бухарин жолдастың бұл жерді сынауы және оны тактикалық қарарға немесе платформаға апарып қосу керек деуі дұрыс. Сондықтан мен мынадай ұсыныс жасаймын: не 23-беттің бүкіл соңғы абзацын мүлде алып тастау керек, не оны былайша баяндау керек:

«Жалпы алғанда экономикалық даму мен халықтың правосын да, әсіресе социализмге неғұрлым ауыртпалықсыз өту мүмкіндігін де мейлінше жақсы қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылыс жасауға тырыса отырып, пролетариат партиясы шектеліп қала алмайды», т. т.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 168—170-беттер. *Ред.*

Ақырында, бір пункт бойынша мен бұл арада бір сұраққа жауап беруге тиіспін, бұл сұрақ кейбір жолдастар тарапынан туып отыр, бірақ, менің білуімше, баспасөзде көтерілген жоқ. Бұл саяси программаның 9-параграфы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы сұрақ. Пункт екі бөлімнен құралған: біріншісі өзін өзі билеу правосының жаңа тұжырымын береді, екіншісінде талап емес, декларация айтылған. Маған қойылған сұрақ: бұл арада декларацияның керегі бар ма деген сұрақ еді. Жалпы айтқанда, программада декларация болмауға тиіс, бірақ, меніңше, бұл арада ережеден ауытқу қажет. Талай рет теріс түсінікке сылтау болған өзін өзі билеу деген сөздің орнына мен: «ерікті түрде бөлініп шығу правосы» деген мейлінше дәлме-дәл ұғымды қоямын. Россияның революцияшыл пролетариатының партиясы, великорусс тілінде жұмыс істейтін партия, бөлініп шығу правосын мойындауға міндетті екендігіне 1917 жылғы революцияның жарты жылдық тәжірибесінен кейін таласуға бола қояр ма екен. Өкіметті жеңіп алғаннан кейін біз Финляндияның да, Украинаның да, Арменияның да, патша өкіметі (және великорусс буржуазиясы) езгіге салып келген қай халықтың болса да осындай правосы бар деп дереу сөзсіз мойындаған болар едік. Бірақ біз, өз тарапымыздан, бөлініп шығуды әсте де тілемейміз. Біз мүмкіндігінше ірі мемлекет болуын, мүмкіндігінше тығыз одақ болуын, великорустармен көршілес тұратын ұлттар санының мүмкіндігінше көп болуын тілейміз; біз мұны демократия мен социализм мүдделері үшін, пролетариат күресіне әр түрлі ұлттардың еңбекшілерін мүмкіндігінше көп тарту мүдделері үшін тілейміз. Біз *революциялық-пролетарлық* бірлікті тілейміз, бөлінуді емес, *қосылуды* тілейміз. Біз *революциялық* жолмен қосылуды тілейміз, сондықтан барлық және кез келген мемлекет атаулыны жалпылама біріктіру ұранын қоймаймыз, өйткені әлеуметтік революция социализмге өткен және өтіп жатқан мемлекеттерді *ғана*, азаттық алып жатқан отарларды, т. т. *ғана* біріктіруді күн тәртібіне қойып отыр. Біз *ерікті түрде* қосылуды тілейміз, сондықтан да біз бөлініп шығу еріктілігін мо-

йындауға міндеттіміз (бөлініп шығу еріктілігін бермейінше, қосылуды ерікті деп атауға болмайды). Патша өкіметі мен великорусс буржуазиясы өздерінің өзгісі арқылы көршілес ұлттарда жалпы великорустарға деген толып жатқан өшпенділік пен сенбеушіліктер қалдырып кеткендіктен де, біз бөлініп шығу еріктілігін мойындауға міндеттіміз, сөйтіп бұл сенбеушілікті сөз арқылы емес, *іс арқылы* сейілту керек.

Ал біз бірігуді тілейміз, сондықтан мұны айту керек, ұлттық құрамы алуан түрлі мемлекет партиясының программасында мұны айтудың маңыздылығы сонша, бұған бола әдеттегі нәрседен ауытқып, декларацияға орын беру қажет. Біз орыс (мен тіпті великорусс деуден де қашпас едім, өйткені осы дұрысырақ болар еді) халқының республикасы өзіне басқа ұлттарды *тартуын* тілейміз, бірақ не арқылы тарту керек? Күштеу арқылы емес, тек қана ерікті келісім арқылы тарту керек. Әйтпесе барлық елдер *жұмысшыларының* бірлігі мен туысқандық одағы бұзылады. Буржуазияшыл демократтардан біздің айырмашылығымыз — біз халықтардың туысқандығы деген ұранды емес, қайта барлық халықтар *жұмысшыларының* туысқандығы деген ұранды қоямыз, өйткені барлық елдердің буржуазиясына біз сенбейміз, оны жау деп санаймыз.

Міне, сондықтан бұл арада ережені бұзып, *9-параграфқа принциптер декларациясын* енгізу керек.

IX

Ю. Ларин жолдастың «Біздің программамыздағы жұмысшы талаптары» деген мақаласы басылған «Рабочий Путьтің» 31-номері шыққан кезде бұл мақала жазылып қойған болатын. Оның мақаласын программа жобаларын біздің Орталық Органның талқыға салуының бастамасы ретінде құптамауға болмайды. Ларин жолдас программаның мен шұғылданбаған бөліміне арнайы тоқталады, ал бұл бөлімнің жобасы «еңбек қорғау жөніндегі кіші секцияның», 1917 жылы 24—29 апрельдегі конференцияда құрылған кіші секцияның редакциясында ғана берілген. Ларин жолдас бірқатар *қосымшалар* ұсынады, менің ойымша, бұл қосымша-

ларды қабылдауға әбден болады, бірақ, амал не, ол бұл қосымшаларды барлық жерде бірдей дәлме-дәл редакцияламаған.

Ларин жолдастың бір пунктті тұжырымдауы, меніңше, сәтсіз шыққан сияқты: «өздерінің жеке бастарын (?) билеу ісінде (?) жұмысшылардың демократиялық жолмен (?) өзін өзі басқаруы негізінде (?) жұмыс күштерін дұрыс (?) бөлу». Меніңше, мұның өзі кіші секцияның: «еңбек биржалары таптық пролетарлық ұйымдар болуға тиіс», т. т. («Материалдардың» 15-бетін қараңыз) деген тұжырымынан нашар. Одан кейін жалақының минимумы туралы мәселе жөнінде Ларин жолдас өз ұсынысын толығырақ талдап, дәлме-дәл тұжырымдауы керек еді, оны Маркстің және марксизмнің осы пункт жөніндегі көзқарастарының *тарихымен байланыстыра* қоюы керек еді.

Онан соң, программаның саяси және аграрлық бөлімі туралы мәселе жөнінде Ларин жолдас «неғұрлым мұқият редакциялау» қажет деп табады. Біздің партиялық баспасөз белгілі бір ұсыныстарды *редакциялау* мәселелерін де съезге қаратып, күттіріп қоймай, дереу талқыға сала бастайды деп үміттену керек, өйткені, біріншіден, бұлай етпесек, біз съезге жақсы дайындала алмаймыз, екіншіден, программалар мен қарарлар әзірлеу ісімен шұғылданған адамның қайсысы болса да белгілі бір пункттер мұқият *редакцияланған* кезде принцип жағынан түсініксіз нәрселер немесе алауыздықтар көп ретте *айқындалып, түзетілетіндігін* біледі.

Ақырында, программаның финанс-экономикалық бөлімі туралы мәселе жөнінде Ларин жолдас былай деп жазады: «оның орны бос деуге болады, тіпті патша өкіметінің» (тек патша өкіметінің ғана ма?) «соғыс заемдары мен мемлекеттік борыштарын жою, мемлекеттік монополияларды, т. т. қазыналық мақсатқа пайдалануға қарсы күрес мүлде атаусыз қалған». Ларин жолдас өзінің нақты ұсыныстарын съезге қаратып қоймай, қайта оларды дереу енгізгені өте жөн болар еді, өйткені бұлай етпесек, әзірлік ойдағыдай болып шықпайды. Мемлекеттік борыштарды (әрине, бір ғана патша өкіметінің емес, сонымен қатар буржуазияның

да борыштарын) жою туралы мәселеде ұсақ жазылушылар туралы мәселені мұқият ойластыру керек, ал «мемлекеттік монополияларды қазыналық мақсатқа пайдалануға қарсы күрес» туралы мәселеде сәндік бұйымдарын өндіруді монополиялау ісінің жайын және программада барлық жанама салықтарды жою туралы қойылған талап пен жобаланып отырған пункттің байланыстырылуын ойластыру керек.

Қайталап айтамын: программаны ойдағыдай әзірлеу үшін, оны әзірлеу ісін бүкіл партия болып қолға алуы үшін оған ынта қойып отырған жұрттың бәрі іске *дереу* кірісулері керек және қосымшалар мен өзгерістер жөніндегі пікірлерді де, редакцияланған пункттердің *дәлме-дәл жобаларын* да *басып шығару* керек.

БӨГДЕ АДАМНЫҢ КЕҢЕСТЕРІ

Мен бұл жолдарды 8 октябрьде жазып отырмын, сондықтан мұның 9 октябрьде Питердегі жолдастардың қолына тие қоюына сенімім аз. Мұның үлгіре алмауы мүмкін, өйткені солтүстік Советтердің съезі 10 октябрьге тағайындалған. Сонда да мен өзімнің «Бөгде адамның кеңестері» деген мақаламды жазып шығуға тырысамын, өйткені Питердің және бүкіл «округтің» жұмысшылары мен солдаттарының кешікпей аттаныска шығуы ықтимал, бірақ әлі шыға қойған жоқ.

Бүкіл өкімет Советтерге көшуге тиіс, бұл анық. Сондай-ақ революциялық-пролетарлық (немесе большевиктік—қазір екеуі бір нәрсе) өкіметке жалпы алғанда бүкіл дүние жүзіндегі, жекелеп алғанда соғысып жатқан елдердегі барлық еңбекшілер мен қаналушылар, әсіресе орыс шаруалары орасан зор тілектестік пен шексіз қолдау көрсетіп отырғандығы қай большевикке болса да талассыз болуға тиіс. Барша жұртқа әбден белгілі және әлдеқашан дәлелденген бұл ақиқатқа тоқталып жатудың қажеті де жоқ.

Барлық жолдастарға мейлінше анық бола алмай отырған мәселеге, атап айтқанда: өкіметтің Советтерге көшуі қазір іс жүзінде қарулы көтеріліс жасауды талап етеді деген мәселеге тоқталу керек. Мұның өзі анық нәрсе сияқты, бірақ бұған жұрттың бәрі бірдей ой жүгірткен жоқ және ой жүгіртпей отыр. Қарулы көтерілістен безу қазір большевизмнің басты ұранынан (бүкіл өкімет Советтерге берілсін деген ұраннан) жә-

пе жалпы алғанда бүкіл революциялық-пролетарлық интернационализмнен безгендік болар еді.

Бірақ қарулы көтеріліс—саяси күрестің ерекше заңдарға бағындырылған *ерекше* түрі; бұл заңдарға мұқият ой жүгірту керек. Бұл ақиқатты Карл Маркс тамаша айқын көрсетіп берген еді, ол *«соғыс сияқты, қарулы көтеріліс дегеніміз өнер»* деп жазған болатын.

Бұл өнердің басты-басты ережелерінен Маркс мыналарды көрсетті:

1) Көтеріліспен еш уақытта *ойнауға болмайды,* ал көтеріліс басталған екен, оны *ақырына дейін жеткізу* керек екенін мықтап біліп алу керек.

2) Шешуші жерде, шешуші кезеңде *үлкен басым күш* жинау қажет, әйтпесе жақсы дайындалып, жақсы ұйымдасқан жау көтерілісшілерді жойып жібереді.

3) Көтеріліс басталған екен, барынша *батылдықпен* қимылдап қайткенде де, сөзсіз *шабуылға* көшу керек. «Қорғаныс—қарулы көтерілістің ажалы».

4) Жауды тұтқиылдан басып қалуға тырысу керек, жау әскерінің бытыраңқы жатқан кезін пайдалану керек.

5) *«Моральдық басымдықты»* қайткен күнде де қолдай отырып, *күн сайын* (егер мәселе бір қала туралы болса, онда: сағат сайын деуге болады) аз да болса жеңіске жетіп отыру керек.

Маркс барлық революциялардың қарулы көтеріліс жөніндегі сабақтарын «революциялық тактиканың тарихтағы асқан ұлы шебері Дантонның: батылдық, батылдық және тағы да батылдық керек»[120] деген сөздерімен қорытты.

Россияға және 1917 жылғы октябрьге қатысты айтқанда бұл былай болып шығады: Питерге бір мезгілде, мүмкіндігінше негүрлым тұтқиылдап және тез шабуыл жасау керек, қалай да сырттан да, іштен де, жұмысшы кварталдарынан да, Финляндиядан да, Ревельден де, Кронштадттан да шабуыл жасау керек, *бүкіл* флотты шабуылға шығару керек, біздегі 15—20 мыңдаған (бұдан да көп болуы мүмкін) «буржуазиялық гвардиядан» (юнкерлерден), біздегі «вандеялық әскерлер-

деп» (казак әскер бөлімінен), т. т. күштерді *орасан зор басым* етіп шоғырландыру керек.

Біздегі басты-басты *үш* күшті: флотты, жұмысшыларды және әскер бөлімдерін ең алдымен қайткенде де а) телефонды, б) телеграфты, в) темір жол станцияларын, г) көпірлерді басып алып, *қандай шығынмен болса да* ұстап тұра алатындай етіп құрамдастыру керек.

Барлық аса маңызды пункттерді басып алу үшін және олардың барлығына да, барлық маңызды операцияларға да *қатысу үшін ең батыл* элементтерді (біздің «екпінділерді» және *жұмысшы жастарды*, сондайақ таңдаулы матростарды) шағын-шағын отрядтарға бөліп шығару керек, мысалы:

Питерді қоршап алып, кесіп тастау керек, оны флоттың, жұмысшылар мен әскерлердің біріккен шабуылы арқылы алу керек,—*өнерді және үш есе батылдықты* талап ететін міндет осындай.

Бәріміз өлсек те, жауды жібермейміз деген ұранмен шабуыл жасап, жаудың «орталықтарын» (юнкерлер мектептерін, телеграф пен телефонды және басқаларын) қоршап алу үшін ең таңдаулы жұмысшылардың қарумен және бомбамен жарақтанған отрядтарын құру керек.

Егер аттанысқа шығу керек деп ұйғарылған жағдайда басшылар Дантон мен Маркстің ұлы өсиеттерін ойдағыдай қолданады деп сенеміз.

Орыс революциясының да, бүкіл дүние жүзілік революцияның да жеңіске жетуі екі-үш күнгі күреске байланысты болып отыр.

1917 ж. 8 (21) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1920 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 250-номерінде басылған
Қол қойған: Б о г д е а д а м

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

СОЛТҮСТІК ОБЛЫСЫ СОВЕТТЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ СЪЕЗІНЕ ҚАТЫСУШЫ БОЛЬШЕВИК ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

Жолдастар! біздің революциямыз ең қиын кезді бастан кешіріп отыр. Бұл дағдарыс дүние жүзілік социалистік революцияның өрістеуіндегі және бүкіл дүние жүзілік империализмнің социалистік революцияға қарсы күресіндегі ұлы дағдарыспен қат-қабат келіп отыр. Біздің партияның жауапты басшыларына орасан зор міндет жүктеледі, ол міндетті орындамау интернационалистік пролетарлық қозғалысқа толық күйреу қаупін туғызады. Қазіргі кезеңде кешеуілдеу нағыз өліммен тең.

Халықаралық жағдайға көз жіберіңіздерші. Бүкіл дүние жүзілік революцияның өрістеп келе жатқандығы даусыз. Чех жұмысшыларының наразылық дүмпуі адам айтқысыз айуандықпен жанышталды, мұның өзі үкіметтің өте қатты қорқып қалғанын көрсетеді. Италияда да істің жайы Туриндегі жаппай дүмпуге әкеп соқтырды[121]. Бірақ бәрінен де маңыздысы неміс флотындағы көтеріліс болды. Германия сияқты елде, оның үстіне қазіргі жағдайда, революцияның адам айтқысыз қиындығын түсіну керек. Герман флотындағы көтерілістің дүние жүзілік революцияның өрістеуіндегі ұлы дағдарыс екендігіне күмәндануға болмайды. Егер Германияның жеңілуін уағыздап жүрген біздің шовинистер Германия жұмысшыларынан дереу көтеріліс жасауды талап ететін болса, онда біздер, орыс интернационалист-революционерлері, 1905—1917 жылдардың тәжірибесінен мынаны білеміз: революцияның

өрістеуінің әскерлер арасындағы көтерілістен асқан басқа елеулі белгісі болуы да мүмкін емес.

Біздің қазір неміс революционерлерінің алдында қандай күйде болатынымызға ой жіберіңіздерші. Олар бізге былай дей алады: бізде ашықтан-ашық революцияға шақырған жалғыз Либкнехт. Каторгалық түрме оның үнін шығармай қойды. Бізде революцияның қажеттігін ашықтан-ашық айта алатын бірде-бір газет жоқ, бізде жиналыстар бостандығы жоқ. Бізде жұмысшы немесе солдат депутаттарының бірде-бір Советі жоқ. Нағыз қалың бұқараға біздің даусымыз әрең-әрең жетеді. Қолымызда жүз мүмкіндіктің тек біреуі ғана бола тұрып, біз көтеріліс жасауға талпындық! Ал сіздер, орыстың революцияшыл интернационалистері, жарты жыл бойы еркін үгіт жүргіздіңіздер, сіздердің жиырма шақты газеттеріңіз бар, сіздерде жұмысшы және солдат депутаттарының толып жатқан Советтері бар, сіздер екі астананың екеуіндегі Советтерде де жеңіп шықтыңыздар, бүкіл Балтық флоты және Финляндиядағы барлық орыс әскері сіздердің жағыңызда, солай бола тұрса да сіздер біздің көтеріліске шақырған үндеуімізге жауап бермей отырсыздар, өз көтерілістеріңіздің жеңіп шығуына керекті мүмкіндіктің жүзден тоқсан тоғызы қолдарыңызда бола тұрса да, сіздер өздеріңіздің империалист Керенскийіңізді құлатпай отырсыздар!

Иә, дәл осындай сәтте, осындай қолайлы жағдайларда неміс революционерлерінің мұндай үндеуіне *тек қана...* қарарлармен жауап берсек, біз Интернационалға нағыз опасыздық еткен адамдар боламыз!

Бұған мынаны қосыңыз: орыс революциясына қарсы халықаралық империалистердің өзара сөз байласуы мен заговорының тез өсіп бара жатқандығын біз бәріміз де өте жақсы білеміз. Қайткенде де орыс революциясын тұншықтыру, оны соғыс шараларын қолдану арқылы да, Россияның есебінен бітім жасасу арқылы да тұншықтыру—халықаралық империализм міне осыған қарай жақындап келеді. Дүние жүзілік социалистік революцияның дағдарысын өте-мөте шиеленістіріп отырған нәрсе, міне, осы, көтерілістің кешігуін ерекше

қауіпті етіп отырған нәрсе—мен: біздің тарапымыздан қылмысты етіп отырған нәрсе деуге де дайынмын—міне, осы.

Онан соң Россияның ішкі жағдайын алып қараңыздар. Жалпы империалистермен бірге болып отырған Керенскийге бұқараның санасыз түрдегі сенімін білдіруші ұсақ буржуазиялық-келісімпаздық партиялардың күйреуі әбден пісіп-жетілді. Бұл толық күйреу. Советтік курияның Демократиялық кеңесте коалицияға қарсы дауыс беруі, шаруа депутаттарының жергілікті Советтері *көпшілігінің* (олардың Авксентьевтер және Керенскийдің басқа да достары отырған орталық Советіне қарамастан) коалицияға қарсы дауыс беруі; жұмысшы халқы шаруаларға өте-мөте жақын ниетте тұрған және *49 проценттен астамы* (ал солдаттардың арасында 17 мыңнан 14 мыңы) большевиктерді жақтап дауыс берген Москвадағы сайлау,—міне, мұның өзі Керенскийге, Керенскиймен келісімпаздарға және К°-ға деген халық бұқарасы сенімінің толық күйреуі емес пе? Халық бұқарасы большевиктерге: бізді бастаңдар, біз сіздерге ереміз деп, осы дауыс беру арқылы айтпағанда басқаша түрде бұдан гөрі анығырақ айта алар ма еді!

Ал халық бұқарасының көпшілігін осылайша өз жағымызға тартқан, екі астаналық Советтің екеуін де өзімізге қаратқан біз сонда күтіп отыра бермекпіз бе? Нені күтпекшіміз? Керенскийдің және оның корниловшыл генералдарының Питерді немістерге беруін, сөйтіп орыс революциясының толық тұншықтырылуы үшін тікелей немесе жанама түрде, ашық немесе жасырын түрде жасалып отырған заговорда Бьюкененмен *де*, Вильгельммен *де* бірігіп кетуін күтпекшіміз бе!

Оның үстіне, халық Москвадағы дауыс беруі арқылы және Советтерді қайта сайлауы арқылы бізге сенім білдіріп отыр. Енсе түсушілік пен енжарлық белгілері етек алып келеді. Бұл түсінікті. Мұның өзі кадеттердің және олардың итарқыларының даурығып жүргендеріндей, революцияның бәсеңдегені емес, ал қарарларға және сайлауға деген сенімнің бәсеңдеуі. Бұқара революцияда жетекші партиялардан сөзді емес, істі

талап етеді, қысыр әңгімені емес, күресте жеңіп шығуды талап етеді. Халық ішінде большевиктер де басқалардан артық емес екен, өйткені біз оларға сенім білдіріп едік, сонда да олар *қимыл жасай* алмады деген пікір туып қалуы ықтимал уақыт таяп келеді...

Бүкіл елде шаруалар көтерілісі өршіп отыр. Кадеттер мен олардың құйыршықтары бұл көтерілісті барынша кемсітіп, оны «ойран» және «анархия» деп көрсеткісі келетіні айдан анық болып отыр. Көтеріліс орталықтарында жердің шаруаларға беріле бастауы бұл өтірікті быт-шыт етуде: «ойрандар» мен «анархиялар» еш уақытта да мұндай тамаша саяси нәтижелерге жеткізген емес! Шаруалар көтерілісінің орасан зор күші бар екенін дәлелдеп отырған нәрсе: келісімпаздар да, «Дело Народадағы» эсерлер де, *тіпті* Брешко-Брешковская да қозғалыс өздерін біржолата таптап кетпей тұрғанда оны басып тастау үшін жерді шаруаларға беру туралы сөз ете бастады.

Ал біз корниловшыл Керенскийдің (оның корниловшыл екендігін дәл осы соңғы кезде эсерлердің өздері әшкереледі) казак әскер бөлімдерінің осы шаруалар көтерілісін *жекелеп* басып тастауын күтпекшіміз бе?

Бәріміз мақұлдап, үнемі қайталап келген ұранның *ерекше* маңызын партиямыздың көптеген басшылары, сірә, байқамаған болса керек. Бұл—бүкіл өкімет Советтерге берілсін деген ұран. Революцияның жарты жылы ішінде бұл ұранның көтеріліске шақыруды көзде*меген* кезеңдері мен кездері де болды. Мүмкін, осы кезеңдер мен осы кездер кейбір жолдастардың көзін бұлдыратып, қазір ең болмағанда сентябрьдің жартысынан бері қарай, бұл ұранның біз үшін де *көтеріліске шақырумен бірдей* болып отырғанын оларға ұмыттырған болар.

Бұл жөнінде титтей де күмән болуы мүмкін емес. Таяуда «Дело Народа» мұны «айқындап» түсіндірді, ол былай деді: «Керенский қайткен күнде де бағынбайды!». Өйтпегенде ше!

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран көтеріліске шақырудан басқа еш нәрсе де емес. Егер талай

айлар бойы бұқараны көтеріліске, келісімпаздықтан бас тартуға шақырған біздер, енді бұқара бізге сенім білдіргеннен кейін, революцияға күйреу қаупі туып отырғанда бұл бұқараны көтеріліске бастамасақ, онда айып бүтіндей және сөзсіз бізге тағылады.

Кадеттер мен келісімпаздар 3—5 июльдің мысалымен, қаражүздік үгіттің, т. т. өсуімен қорқытпақ болады. Бірақ 3—5 июль қате болған болса, өкіметті біздің қолға алмағанымыз ғана қате болды. Менің ойымша, ол кезде бұл қате болған жоқ, өйткені ол кезде біз *әлі* көпшілік емес едік, ал қазір бұл сұмдық қате, тіпті қатеден де жаман нәрсе болған болар еді. Қаражүздік үгіттің өршіп отырғаны түсінікті, бұл—өрістеп келе жатқан пролетарлық-шаруа революциясы жағдайында шектен шыға асқыну. Бірақ бұдан көтеріліске *қарсы* дәлел табам деу кісі күлерлік іс, өйткені капиталистерге сатылған қаражүздіктердің дәрменсіздігі, *қара жүздіктің күрестегі дәрменсіздігі* тіпті дәлелдеуді де керек етпейді. Мұның өзі күресте тіпті нольге тең. Корнилов пен Керенский күресте тек тағы дивизия мен казактарға ғана сүйене алады. Ал қазір казактар арасында да ыдырау басталды, оның үстіне оларға өздерінің казак облыстарының ішінде шаруалар азамат соғысының қаупін төндіріп отыр.

Мен бұл жолдарды 8 октябрьде, жексенбі күні, жазып отырмын, сіздер мұны ерте дегенде 10 октябрьде оқисыздар. Мен бір жолаушы жолдастан мынаны естідім: Варшава жолымен жүрушілер: Керенский казактарды Питерге әкеле жатыр!— дейтін көрінеді. Мұның рас болуы әбден ықтимал, сондықтан егер біз мұны *жан-жақты* тексеріп анықтамасақ және *Корнилов әскерлерінің екінші рет құрастырылған* күштерін және олардың орналасуын *зерттемесек*, опда бұл тікелей біздің айыбымыз болады.

Өкіметтің Советтерге берілуіне бөгет жасау үшін, бұл өкіметтің дереу бітім ұсынуына бөгет жасау үшін, бүкіл жердің дереу шаруаларға берілуіне бөгет жасау үшін, Питерді немістерге беріп, өзі Москваға тайып тұру үшін Керенский корниловшыл әскерлерді тағы да Питердің түбіне тақап қойып отыр! Міне, көтерілістің

ұраны осы, біз бұл ұранды мүмкіндігінше кең түрде қолдануға тиіспіз, бұл ұранның табысы орасан зор болмақ.

Советтердің Бүкіл россиялық съезін күтуге болмайды, оны Орталық Атқару Комитеті ноябрьге дейін де созып жіберуі мүмкін, кейінге қалдыруға болмайды, өйтсек Керенскийдің тағы да корниловшыл әскерлерді әкелуіне мүмкіндік береміз. Советтер съезіне Финляндияның, флоттың және Ревельдің өкілдері қатысады, олардың бәрін біріктіріп корниловшыл полктерге қарсы дереу Питерге қарай аттандыра алады, флотты, артиллерияны, пулеметтерді және Керенскиймен тағы да ауыз жаласып отырған корниловшыл генералдарға өшпенділігі мейлінше күшті екендігін, мәселен, Выборгте дәлелдеген солдаттардың екі-үш корпусын аттандыра алады.

Балтық флоты Питерге кетсе, онда немістерге майданды ашып береді деген оймен екінші рет құрастырылған корниловшыл полктерді дереу талқандау мүмкіндігінен бас тарту орасан зор қате болар еді. Жалпы өтірік атаулының қандайынан болса да шімірікпейтін жалақор-корниловшылдар мұны да айтады, бірақ өтірік пен өсектен қорқу революционерлерге лайық емес. Керенский Питерді немістерге береді, қазір айдан анық болып отырған нәрсе, міне, осы; олай болмайды деп сендірушіліктің ешқайсысы да біздің бұл жөніндегі кәміл сенімімізді, оқиғалардың бүкіл барысынан және Керенскийдің бүкіл саясатынан туып отырған сенімімізді жоя алмайды.

Керенский мен корниловшылдар Питерді немістерге береді. Нақ Питерді аман сақтап қалу үшін Керенскийді құлатып, өкіметті *екі астанадағы Советтер* алуға тиіс, бұл Советтер дереу барлық халықтарға бітім ұсынады, сөйтіп осы арқылы неміс революционерлері алдында өзінің борышын өтейді, осы арқылы орыс революциясына қарсы жасалып отырған қылмысты заговорларды, халықаралық империализмнің заговорларын іске асыртпай тастауға батыл қадам жасайды.

Тек Балтық флотының, Финляндиядағы әскерлердің, Ревель мен Кронштадттың Питер түбіндегі корнилов-

шыл әскерлерге қарсы дереу аттануы ғана орыс революциясы мен бүкіл дүние жүзілік революцияны құтқарып қала алады. Сөйтіп *бірнеше күннің ішінде-ақ* казак әскерлерінің бір бөлегін қолға түсіруге, басқа бөлегін толық талқандауға, Керенскийді құлатуға керекті жүз мүмкіндіктің тоқсан тоғызы осы аттаныста болып отыр, өйткені мұндай аттанысты екі астананың да жұмысшылары мен солдаттары қолдайды.

Кешеуілдеу өліммен тең.

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран — көтеріліс ұраны. Кімде-кім бұл ұранды түсінбей, оны ақылға салып ойластырмай қолданатын болса, ол өзіне өзі өкпелесін. Ал көтеріліске *өнер* деп қарау керек,— мен мұны Демократиялық кеңес кезінде талап еттім және қазір де талап етемін, өйткені марксизм *осыған* үйретеді, Россиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі қазіргі жағдайдың бәрі осыған үйретеді.

Мәселе дауыс беруде емес, «солшыл эсерлерді» тартуда емес, провинциялық Советтерді көбейтуде емес, олардың съезінде емес. Мәселе көтерілісте, мұны Питер, Москва, Гельсингфорс, Кронштадт, Выборг және Ревель шеше *алады* және шешуге тиіс. Бұл көтерілістің барынша шындап, барынша дайындалып, барынша тез, барынша жігерлі түрде шешіле алатын, шешілуге тиісті және жүзеге асатын жері — *Питердің түбі* және Питердің өзі.

Флот, Кронштадт, Выборг, Ревель Питерге аттана алады және аттануға тиіс, корниловшыл полктерді талқандап, екі астананың екеуін де көтерілдіре алады және көтерілдіруге тиіс, жерді дереу шаруаларға беретін, дереу бітім ұсынатын өкімет құру үшін бұқаралық үгіт жүргізіп, Керенскийдің үкіметін құлата алады және құлатуға тиіс, мұндай өкіметті құра алады және құруға тиіс.

Кешеуілдеу өліммен тең.

Н. Ленин

8 октябрь, 1917 жыл.

Бірінші рет 1925 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 255-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

1

Ц. К. признает, что как между-
народное положеніе русской рево-
люціи (восстаніе во флотѣ в Гер-
маніи, как крайнее проявленіе
нарастанія✓ всемірной социалисти-
ческой революціи, затем угроза
міра империалистов с целью
удушенія революціи в Россіи)
— так и военное положеніе
(несомненное рѣшеніе русской
буржуазіи и Керенскаго с Ко сдать
Питер нѣмцам), — так и
пріобрѣтеніе большинства
пролетарской партіей в Сове-
тах, — все это в связи с
крестьянским возстаніем
и с поворотом народнаго

✓ во всей Европѣ

Рукопись резолюции В. И. Ленина, принятой на заседании ЦК РСДРП(б) 10 (23) октября 1917 г.

2/ доверія к нашей партіи (выборы в Москвѣ), наконец явное подготовленіе второй корниловщины (вывод войск из Питера, подвоз к Питеру казаков, окруженіе Минска казаками и пр.), — все это ставит на очередь дня вооруженное возстаніе.

Признавая так. обр., что вооруж. возстаніе неизбежно и вполнѣ назрѣло, Ц.К. предлагает всѣм организаціям партіи руководиться этим и с этой точки зрѣнія обсуждать и разрѣшать всѣ практическіе вопросы (съѣзда Совѣтов Сѣв. области, вывода войск из Питера, выступленія москвичей и минчан и т. д.).

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 10 (23) ОКТЯБРЬДЕГІ МӘЖІЛІСІ[122]

1

БАЯНДАМА

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Ленин жолдас мынаны атап көрсетеді: котеріліс туралы мәселеге сентябрьдің басынан бері қайдағы бір селсоқ қараушылық бар екені байқалады. Алайда, егер біз Советтердің өкіметті қолына алуы туралы ұранды шындап алға қоятын болсақ, бұған жол беруге болмайды. Сондықтан әлдеқашан-ақ мәселенің техникалық жағына көңіл бөлу керек еді. Ал қазір уақыт, бәлкім, едәуір өтіп кеткен болар.

Сөйте тұрса да, мәселе өте қатты қойылып отыр, ал шешуші кезең таяу қалды.

Халықаралық жағдай инициативаның бізде болуын талап етеді.

Нарваға дейін беру және Питерді беру жөнінде істеліп жатқан әрекеттер біздерді батыл қимылдауга бұрынғыдан да бетер мәжбүр етеді.

Саяси жағдай да осыған қарай мықтап меңзеуде. 3—5 июльде біздің тарапымыздан батыл қимыл жасалған болса, ол біздің жағымызда көпшіліктің болмауы себепті тас-талқан етілген болар еді. Содан бері біз алып адыммен өрлеп келеміз.

Бұқараның абсентеизмі мен селсоқтығының себебі сөздер мен қарарлардан бұқараның жалығып кеткендігінде.

Көпшілік қазір біздің жағымызда. Өкімет Советтердің қолына көшуі үшін саяси жағынан мәселе әбден пісіп жетілді.

Аграрлық қозғалыс та осығап қарай бет алып келеді, өйткені бұл қозғалысты өшіріп тастау үшін қаһармандық күштер керек екені айқын. Бүкіл жердің шаруалар қолына көшуі жөніндегі ұран шаруалардың ортақ ұранына айналды. Сонымен, саяси жағдай әзір. Техникалық жағы туралы айту керек. Бар мәселе осында. Оның бер жағында, біз, қорғампаздарға ілесіп, көтерілісті үздіксіз әзірлеуді саяси күнә тәріздес бірдеңе деп санауға бейімбіз.

Бізді жақтамайтындығы айқын болып отырған Құрылтай жиналысына дейін күту — мағынасыз нәрсе, өйткені бұл — біздің міндетімізді қиындату деген сөз.

Облыстық съезді және Минскіден түскен ұсынысты[123] батыл қимылдар бастау үшін пайдалану керек.

Бірінші рет 1922 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 10-номерінде
басылған

Протоколдық жазбаның
қолжазба данасы бойынша
басылып отыр

2
ҚАРАР

Орталық Комитет былай деп табады: орыс революциясының халықаралық жағдайы да (бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияның өрістеуінің бүкіл Европадағы айқын белгісі ретінде Германия флотында болған көтеріліс, одан соң Россиядағы революцияны тұншықтыру мақсатымен империалистер дүниесінің қатер төндіруі),— соғыс жағдайы да (орыс буржуазиясының және Керенский мен К[0]-нің Питерді немістерге беру жөнінде сөзсіз ұйғарым жасауы),— пролетарлық партияның Советтерде көпшілікке ие болуы да,— осының бәрі де шаруалар көтерілісіне және халық сенімінің біздің партиямызға қарай ойысуына (Москвадағы сайлау), ақырында, көріне көзге екінші корниловшылдықтың әзірленуіне байланысты (Питерден әскерлерді әкету, Питерге казактарды жеткізу, Минскіні казактардың қоршап алуы және басқалар),— осының бәрі қарулы көтерілісті күн тәртібіне қойып отыр.

Сонымен, қарулы көтерілістің болуы сөзсіз және ол әбден пісіп жетілді деп тауып, Орталық Комитет партияның барлық ұйымдарына осыны басшылыққа алуды және практикалық мәселелердің бәрін (Солтүстік облысы Советтерінің съезі, Питерден әскерлерді әкету, москвалықтар мен минскіліктердің бас көтеруі, т. т.) осы тұрғыдан талқылап, шешуді ұсынады.

Бірінші рет 1922 ж. «Пролетарская Революция» журналының 10-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 16 (29) ОКТЯБРЬДЕГІ МӘЖІЛІСІ[124]

1

БАЯНДАМА

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Ленин жолдас Орталық Комитеттің осының алдындағы мәжілісте қабылданған қарарын жариялайды. Қарардың екі дауыс қарсы болып қабылданғанын хабарлайды. Егер қарсы болған жолдастардың пікір айтқысы келсе, онда жарыс сөзді бастауға болады, ал әзірге ол осы қарарды дәлелдейді.

Егер меньшевиктер мен эсерлер партиялары келісімпаздықтан қол үзген болса, оларға ымыраға келейік деп ұсыныс жасауға болар еді. Ол ұсыныс жасалды да, бірақ бұл ымыраласуды ол партиялардың қабылдамай қойғаны айқын болды*. Екінші жағынан, бұқараның бізге еріп отырғаны осы кезде-ақ айқып анықталды. Мұның өзі корниловшылдыққа дейін-ақ осылай болған еді. Бұған дәлелге Питердегі және Москвадағы сайлаудың статистикасын келтіреді. Ал корниловшылдық бізге қарай бұқараны бұрынғыдан да гөрі батылырақ ойыстырды. Демократиялық кеңестегі күштердің арақатынасы. Жағдай айқын: не корниловтық диктатура, не пролетариат пен ең кедей шаруа топтарының диктатурасы болмақ. Бұқараның ниғылына сүйену мүмкін емес, өйткені ол құбылып отырады және есепке алуға келмейді; біз революцияға жасалған объективтік талдауға және оған берілген бағаға сүйенуге тиіспіз. Бұқара большевиктерге сенім көрсетті және олардан сөзді емес, істі, соғысқа қарсы күресте де, күйзеліске қарсы күресте де

* Қараңыз: осы том, 151—158-беттер. *Ред.*

батыл саясатты талап етіп отыр. Егер революцияның саяси талдауын негізге алатын болсақ, онда тіпті анархиялық бой көрсетулердің өзі де қазір осыны дәлелдеп отырғаны әбден айқын болады.

Бұдан соң Европадағы жағдайды талдап, онда революцияның біздегіден де қиынырақ екенін дәлелдейді; егер Германия сияқты елде істің жайы флоттағы көтеріліске дейін жеткен болса, мұның өзі онда да істің жайы өте-мөте асқынып кеткендігін дәлелдейді. Қазір қимыл жасасақ, біздің бүкіл пролетарлық Европаны өз жағымызға қаратып алатынымыз жөнінде халықаралық жағдай бізге бірқатар объективті деректер береді; буржуазияның Питерді жауға бергісі келетіндігін дәлелдейді. Бұдан біз Петроградты өз қолымызға алғанда ғана құтыла аламыз. Осының бәрінен шығатын айқын қорытынды мынадай: Орталық Комитеттің қарарында айтылған қарулы көтеріліс күн тәртібіне қойылып отыр.

Қарардан шығатын практикалық қорытындыларға келетін болсақ, ол қорытындыларды орталықтар өкілдерінің баяндамаларын тыңдағаннан кейін жасаған қолайлырақ болады.

Россиядағы тап күресіне де, Европадағы тап күресіне де жасалған саяси талдаудан мейлінше батыл, мейлінше белсенді саясат керек деген қорытынды шығады, ал мұндай саясат тек қарулы көтеріліс қана бола алады.

2

СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Ленин жолдас Милютинмен және Шотманмен пікір таластырып, мәселе қарулы күштерде емес, мәселе әскерге қарсы күресу туралы болып отырған жоқ, қайта әскердің бір бөлегінің екінші бөлегіне қарсы күресуі туралы болып отыр деп дәлелдейді. Осында айтылған сөздерде пессимизм бар деп білмейді. Буржуазия жағындағы күштердің көп еместігін дәлелдейді. Жаудан біздің басым екенімізді фактілер дәлелдеп отыр. Орталық Комитет неліктен бастай алмайды? Барлық деректерден мұндай қорытынды туып отырған жоқ. Орталық Комитеттің қарарын елемей тастау үшін күйзелістің жоқ екенін, халықаралық жағдайдың шиеленіске әкеп соқтырмайтынын дәлелдеу керек. Егер профессионал қайраткерлер бүкіл өкіметті қолға алуды талап етіп отырған болса, онда олар не тілейтінін өте жақсы біледі. Объективті жағдайлар шаруаларды бастау керек екенін дәлелдейді; шаруалар пролетариаттың соңынан ереді.

Біздер өкіметті ұстап тұра алмайды деп қорқады, ал бізде өкіметті ұстап тұруға нақ қазір ерекше мүмкіндіктер бар.

Айтыстың қарарды мәні жағынан талқылау жағдайында жүргізілуіне тілек білдіреді.

2

Егер қарарлардың бәрі осылай күйрейтін болса, онда бұдан жақсыны тілеуге болмас та еді. Қазір Зиновьев

«өкімет Советтерге берілсін» деген ұран жойылсын, сойтіп үкіметке қысым жасалсын дейді. Егер көтеріліс пісіп жетілді дейтін болсақ, онда заговор туралы айтып жатуға тура келмейді. Егер саяси жағынан көтеріліс сөзсіз болса, онда көтеріліске өнер деп қарау керек. Ал саяси жағынан ол қазірдің өзінде-ақ пісіп жетілді.

Нақ бір күндік қана қорегіміз қалғандықтан да, біз Құрылтай жиналысын күтіп отыра алмаймыз. Қарарды қуаттауды, әзірлікке батыл дайындалуды және көтерілістің қашан екенін Орталық Комитет пен Советтің шешіміне беруді ұсынады.

3

Ленин жолдас бұл революцияны февраль революциясына қарсы қоюға болмайды деп, Зиновьевке қарсы шығады. Мәселенің мәні бойынша қарар ұсынады.

ҚАРАР

Жиналыс Орталық Комитеттің қарарын бүтіндей мақұлдайды және толық қолдайды, барлық ұйымдарды, барлық жұмысшылар мен солдаттарды қарулы көтеріліске жан-жақты және мейлінше күшті әзірлік жүргізуге, бұл үшін Орталық Комитет құрып отырған орталықты қолдауға шақырады және Орталық Комитет пен Советке шабуылдың қолайлы кезеңі мен тиімді әдістерін дер кезінде көрсетіп береді деп толық сенім білдіреді.

Бірінші рет 1927 ж. «Пролетарская Революция» журналының 10-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша; қарар—қолжазба бойынша басылып отыр.

ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

Жолдастар! Біз басымыздан кешіріп отырған уақыттың қысылшаң екендігі соншалық, оқиғалар адам айтқысыз шапшаңдықпен өтіп жатқаны соншалық,— тағдыр тарихтың басты арнасынан біраз оқшауырақ әкеткен публицист, әсіресе оның жазғандары жарыққа кешігіп шығатын болса, ылғи кешігу немесе бейхабар қалу қаупіне ұшырап отырады. Осыны кәміл сезіп-біле отырып, мен, сөйтсе де, тіпті бұл хаттың баспасөз бетінде мүлде жарық көрмей қалу қаупіне қарамастан, большевиктерге осы хатты жазуға мәжбүр болып отырмын, өйткені мен барынша батыл қарсы шығуды өзіме борыш деп санаған ауытқулар — бұрын-соңды болып көрмеген ауытқулар және олар партияға, халықаралық пролетариаттың қозғалысына, революцияға апатты зардабын тигізе алады. Ал кешігу қаупіне келетін болсақ, онда одан сақтандыру үшін мен өзімде қандай және қай күнгі мәліметтер бар екенін көрсетіп отыратын боламын.

Мен бұдан бір күн бұрын Питерде өте маңызды большевиктік жиналысқа қатысқан жолдасты 16 октябрьде дүйсенбі күні ғана таңертең көрдім, ол маған жарыс сөз туралы толық хабарлады. Жексенбі күні шығатын барлық бағыттағы газеттерде де талқыланып жатқан нақ сол көтеріліс туралы мәселе талқыланған. Жиналыста астанадағы большевиктік жұмыстың барлық салаларының ең ықпалды деген өкілдері түгел болған. Сөйтіп, жиналыстың мүлде болмашы азшылығы

ғана, атап айтқанда бар болғаны екі жолдас қана теріс көзқарас ұстаған. Бұл жолдастардың сөздерінде келтірген дәлелдерінің осал екені соншалық, бұл дәлелдер сасқалақтаудың, қорыққандықтың және большевизм мен революциялық-пролетарлық интернационализмнің барлық негізгі идеяларының күйрегендігінің таңқаларлық көрінісі болып табылады, мұндай масқара ауытқуларға дәлел таба қою да оңай емес. Бірақ факт көз алдымызда, ал революциялық партия бұл сияқты елеулі мәселе жөнінде ауытқуларға төзе алмайтын болғандықтан, өздерінің принциптерінен жұрдай болған әлгі екі жолдас белгілі бір дәрежеде дүрбелең тудыра алатын болғандықтан, олардың дәлелдерін талдап, олардың ауытқуларының бетін ашу керек, ол ауытқулар қаншама масқара екенін көрсету керек. Бұдан былайғы жолдар осы міндетті орындауға жасалған әрекет деп қаралсын.

«...Біз халық ішінде көпшілік емеспіз, көпшілік болмаған соң көтерілістен үміт жоқ...».

Мұны айта алатын адамдар не шындықты бұрмалаушылар, не қайткен күнде де революцияның нақтылы жағдайымен титтей де санаспай, бүкіл елдің ішінде большевиктер партиясы дауыстың теңбе-тең жартысына, оған қосымша тағы бір дауысқа ие болатындығына күні бұрын кепілдік алғысы келетін педанттар. Тарих еш уақытта, бірде-бір революцияда мұндай кепілдік берген емес және мүлдем бере алмайды да. Мұндай талап қою — тыңдаушыларды қорлағандық және өзінің шындықтан *қашатындығын* бүркемелегендіктен басқа түк те емес.

Өйткені халықтың көпшілігі нақ июль күндерінен кейін большевиктер жағына тез көше бастағандығын өмір шындығы бізге айқын көрсетіп отыр. Мұны Питерде, корниловшылдыққа дейін-ақ, 20 августа болған сайлау да дәлелдеді, мұнда большевиктер алған дауыс қала төңірегін қоспағанда қалада 20 проценттен 33 процентке дейін өскен; одан кейін сентябрьде Москваның аудандық думасының сайлауы дәлелдеді, мұнда большевиктер алған дауыс 11 проценттен $49^1/_3$ процент-

ке дейін өсті (жақында москвалық бір жолдасты көргенімде ол маған дәл цифры 51 процент дегенді айтты). Мұны Советтердің қайта сайлауы дәлелдеді. Мұны мына факті де дәлелдеді: шаруа Советтерінің көпшілігі, өздерінің «авксентьевтік» орталық Советіне қарамастан, коалицияға *қарсы* шықты. Коалицияға қарсы болу — *іс жүзінде* большевиктердің соңынан еру деген сөз. Оған соң, майданнан келіп жатқан хабарлар эсерлік-меньшевиктік көсемдердің, офицерлердің, депутаттардың және тағы басқаларының зұлымдық жала жабуы мен шүйлігуіне қарамастан, солдаттар *бұқарасының* большевиктер жағына барған сайын үзілді-кесілді, батыл көшіп жатқандығын барған сайын жиі, барған сайын айқын көрсетіп отыр.

Ақырында, Россиядағы қазіргі өмірдің ең ірі фактісі — *шаруалар көтерілісі.* Халықтың большевиктер жағына сөз жүзінде емес, іс жүзінде объективті түрде көшуі дегеніміз, міне, осы. Өйткені буржуазиялық баспасөз бен оның новожизньшіл «ауытқушыларының» және К[0]-нің арасынан шыққан бейшара итаршылары ойрандар туралы және анархия туралы байбалам салып, қаншама өтірік айтса да, факт көз алдымызда. Тамбов губерниясындағы шаруалар қозғалысы[125] күш жұмсау мағынасында да, саяси мағынасында да көтеріліс болды, біріншіден, жерді шаруаларға беруге келісу сияқты соншалық тамаша саяси нәтижелер берген көтеріліс болды. Көтерілістен қорқып қалған «Дело Народаға» дейінгі барлық эсерлік сұмпайылардың қазір жерді шаруаларға беру керек деп *қақсап отырғаны* тегін емес! Большевизмнің *іс жүзінде* дәлелденген дұрыстығы және оның жеңісі, міне, осы. Бонапартистер мен олардың предпарламенттегі малайларын көтеріліс жасаудан басқа жолмен «үйрету» мүмкін *болмай шықты.*

Бұл — факт. Фактілер — даусыз нәрсе. Сондықтан көтерілісті *жақтайтын* мұндай нақтылы «дәлел» сасқалақтаған және қорқып қалған саясатшының мыңдаған «пессимистік» бұлтаруларынан анағұрлым күшті.

Шаруалар көтерілісі жалпы ұлттық саяси маңызы бар оқиға болмаған болса, предпарламенттегі эсерлік

16*

малайлар жерді шаруаларға беру қажеттігі туралы байбалам салмас еді.

Шаруалар көтерілісінің бұдан бұрын «Рабочий Путьте» атап көрсетілген тағы бір тамаша саяси және революциялық нәтижесі Тамбов губерниясының темір жол станцияларына астық жеткізілуі болып табылады. Міне, сіздерге тағы бір «дәлел», сасқалақтаған мырзалар, бұл — қазірдің өзінде-ақ есік қағып тұрған, құлақ естіп, көз көрмеген көлемдегі ашаршылық пен дағдарыстан елді құтқарудың бірден-бір құралы ретінде көтерілісті жақтайтын дәлел. Халықтың эсер-меньшевиктік сатқындары күңкілдеумен, қоқан-лоққы жасаумен, қарарлар жазумен, ашыққандарды Құрылтай жиналысын шақыру арқылы тойындыруға уәде берумен жүргенде халық помещиктерге, капиталистер мен алыпсатарларға қарсы *көтеріліс* жасап, астық туралы мәселені шешуге *большевикше* кіріседі.

Сөйтіп, астық туралы мәселені *бұлай* (бірден-бір нақтылық) шешудің тамаша жемістерін *буржуазиялық* баспасөз, тіпті «Русская Воля» да, мойындауға мәжбүр болды, ол Тамбов губерниясының темір жол станцияларында астық тау болып үйіліп қалды деген хабар басты... *Шаруалар көтеріліс жасағаннан кейін үйіліп қалыпты!!*

Жоқ, қазір халықтың көпшілігі большевиктердің соңынан еріп отырғандығына және еретіндігіне күмәндану — масқара ауытқу және пролетарлық революцияшылдықтың *барлық* принциптерін іс жүзінде лақтырып тастау, большевизмнен мүлдем безу деген сөз.

«...Біздің өкіметті алуға күшіміз жеткілікті емес, ал буржуазияның Құрылтай жиналысын болғызбауға күші жеткілікті емес...».

Бұл дәлелдің бірінші бөлегі — осының алдындағы дәлелді әншейін қайталау. Егер ол өзінің сасқалақтығы мен буржуазиядан қорқып қалғандығын жұмысшылар жөнінде пессимизммен, буржуазия жөнінде оптимизммен білдіретін болса, күштілігі мен нанымдылығы жа-

ғынан ұтып отырған жоқ. Егер юнкерлер мен казактар большевиктерге қарсы қасық қанымыз қалғанша шайқасамыз деп отырған болса, онда бұған толық сенуге болады; ал егер жұмысшылар мен солдаттар жүздеген жиналыстарда большевиктерге толық сенім білдіріп отырған болса және өкіметтің Советтерге көшуін кеудесін төсеп қорғауға әзірлігін қуаттап отырған болса, онда дауыс беру бір басқа да, шайқасу бір басқа екенін еске түсірген «орынды»!

Әрине, егер бұлайша пайымдайтын болсақ, онда көтерілістің «бекерге шығарылғаны». Тек қана: бұл өзінше бір өзгеше бағытталған, өзінше бір өзгеше мақсат көздеген «пессимизмнің» саяси тұрғыдан буржуазия жағына көшуден қандай айырмасы бар?— деген сұрақ туады.

Фактілерге көз жіберіңіздерші, біздің пессимистер «ұмытып жүрген», большевиктер мың мәрте жасаған мәлімдемелерді еске түсіріңіздерші. Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері — күш, мұның өзі революцияның авангарды, олар өкіметті ала *алады* деп біз мың мәрте мәлімдедік. Меньшевиктер мен эсерлер «Демократияның уәкілетті органдары» жөнінде сөзуарлыққа салынады да, өкіметті Советтердің қолына алудан *қорқады* деп біз оларды мың мәрте жазғырдық.

Ал корниловшылдық нені дәлелдеді? Ол Советтердің шындығында да күш екенін дәлелдеді.

Сөйтіп, мұның өзі тәжірибемен, фактілермен дәлелденгеннен кейін біз большевизмді аулақ серпіп тастайды екенбіз, өзімізден безеді екенбіз және: біздің күшіміз жеткіліксіз дейді екенбіз (біздегі екі астаналық Совет пен провинциялық Советтердің көпшілігі большевиктердің жағында бола тұрса да)!!! Ал осының өзі масқара ауытқулар емес пе? Асылында, біздің «пессимистер» «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды лақтырып тастап, мұны мойындаудан *қорқып отыр* ғой.

Құрылтай жиналысын болғызбау үшін буржуазияның күші жеткілікті еместігін қалай дәлелдеуге болады?

Егер буржуазияны құлатуға Советтердің *күші жетпей отырса, онда,* буржуазияның Құрылтай жиналысын болғызбауға күші жеткілікті болғаны ғой, өйткені одан басқа кедергі келтіретін ешкім жоқ қой. Керенский мен К°-нің уәделеріне сену, малай предпарламенттің қарарларына сену — мұның өзі пролетарлық партияның мүшесіне, революционерге қалайша лайық болғаны?

Егер қазіргі үкімет құлатылмаса, буржуазияның Құрылтай жиналысын болғызбауға *күші жететіні* былай тұрсын, сонымен қатар ол Питерді немістерге беріп, майданды ашып, локауттарды күшейтіп, астық жеткізуге саботаж жасай отырып, бұл нәтижеге *жанама* жолмен-ақ жете алады. Буржуазия қазірдің өзінде-ақ осының бәрін там-тұмдап істеп қойғандығын *фактілер* дәлелдеп отыр. Демек, егер жұмысшылар мен солдаттар буржуазияны құлатпаса, мұны оның *тұтасымен* істеуге де күші жетеді.

«...Советтер Құрылтай жиналысын шақыруды және корниловтық әрекеттерден бас тартуды талап етіп, үкіметтің самайына тақап қойылған револьвер болуға тиіс...»

Сорлы болған екі пессимистің біреуі осыны айтуға дейін барды!

Осыны айтуға дейін баруға тура келді, өйткені көтерілістен бас тарту *дегеніміз* «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұраннан бас тарту болады.

Әрине, ұрандар — «әулиелік сөз емес», бұған дау жоқ. Ендеше бұл ұранды өзгерту туралы *ешкімнің* мәселе көтермеген (бұл мәселені июль күндерінен кейін менің көтергенім сияқты*) себебі не? «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды жүзеге асыру үшін қазір *сөзсіз* қажет болып отырған көтеріліс туралы мәселе партия ішінде сентябрьден бері талқыланып жатса да, мұны ашық айтудан *қорқатын* себебі не?

Бұл арада біздің сорлы болған пессимистер ешқашан бұлтарып кете алмайды. Көтерілістен бас тарту дегеніміз — өкіметті Советтерге беруден бас тарту және бар-

---

* Қараңыз: осы том, 12—20-беттер. *Ред.*

лық үміт пен тілекті Құрылтай жиналысын шақырамыз деп «уәде еткен» монтаны буржуазияға «арту».

Өкімет Советтердің қолында *тұрғанда* Құрылтай жиналысының *қамтамасыз етілетіндігін* және оның нәтижелі болуы қамтамасыз етілетіндігін түсіну шынымен-ақ қиын болып па? Мұны большевиктер мың сан рет айтқан. Мұны бекерге шығаруға *ешкім* ешбір әрекет жасап көрген емес. Мұндай «комбинацияланған типті» жұрттың бәрі мойындаған, бірақ қазір «комбинацияланған тип» деген сөзді бетке ұстап, өкіметті Советтерге беруден *бас тартуды* білдірмей өткізу, біздің ұранымыздан ашықтан-ашық безуден *қорқып, құпиялап* өткізу,— бұл неткен сұмдық? мұны сипаттау үшін парламенттік сөздер іздеп табуға болар ма еді?

Біздің пессимиске: «оқсыз револьвер ме?»— деп тапқырлықпен жауап берілді. Егер солай болса, онда мұның өзі Советтерді «револьвер» деп мың-сан рет жариялаған және халықты мың-сан рет алдаған Либердандарға тікелей көшкендік болады, өйткені *олар үстемдік еткен тұста* Советтер құр ноль болып қалған-ды.

Ал егер револьвер «оқтаулы» болса, онда ол—көтерілісті *техникалық* жағынан әзірлеудің дәл өзі, әйтпесе оқты іздеп табу керек, револьверді оқтау керек, оның үстіне жалғыз оқ аздау да болады.

Не Либердандарга көшу және «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұраннан *ашық* бас тарту керек, не көтеріліс жасау керек. Аралық ештеңе жоқ.

«...Родзянконың Питерді немістерге бергісі келетіндігіне қарамастан, буржуазия оны немістерге бере алмайды, өйткені соғысып жатқан буржуа емес, біздің қаһарман матростар...»

Бұл дәлел тағы да сол қадам басқан сайын *буржуазия жөніндегі* «оптимизмге» келіп саяды, пессимистер пролетариаттың революциялық күштері мен қабілеттері жөнінде де қалай да осы оптимизмді қадам басқан сайын көрсетіп жүр.

Қаһарман матростар соғысуда, *бірақ* мұның өзі Эзельді алардың алдында *екі* адмиралдың *қашып кетуіне* бөгет болған жоқ!!

Бұл—факт. Фактілер—даусыз нәрсе. Фактілер адмиралдардың сатқындығы Корниловтың сатқындығынан кем түспейтіндігін дәлелдеп отыр. Ал ставканың қайта құрылмағандығы, командирлер құрамының корниловтық екендігі—даусыз факт.

Егер корниловшылдар (бастығы Керенский болып, өйткені ол да корниловшыл) Питерді бергісі *келсе*, олар мұны екі жақтан және тіпті «үш жақтан» істей алады.

Біріншіден, олар корниловтық командирлер құрамының сатқындығы арқылы құрлықта солтүстік майданды аша алады.

Екіншіден, олар бізден *күштірек* болып отырған бүкіл неміс флотының еркін қимылдауы жөнінде «сөз байласа» алады, неміс империалистерімен де, ағылшын империалистерімен де сөз байласа алады. Мұның үстіне «қашып кеткен адмиралдардың» немістерге *жоспарларды* беріп те қоюы мүмкін.

Үшіншіден, локауттар және астық тасып жеткізуге саботаж жасау арқылы олар біздің әскерлерімізді *толық* ашыну және дәрменсіздену халіне дейін жеткізе алады.

Бұл үш жолдың бірде-біреуін бекерге шығаруға болмайды. Россияның буржуазиялық-казактық партиясы бұл үш есіктің үшеуін де бірдей қаққапын, бұл есіктерді ашпақшы болғандығын фактілер дәлелдеді.

Ендеше? Ендеше, буржуазияның революцияны тұншықтыруын *күтіп отыруға* біздің хақымыз жоқ.

Родзянконың «бергісі келетіндігі»—құр бос сөз еместігін тәжірибе дәлелдеп берді. Родзянко—істің адамы. Родзянко *капиталға* сүйеніп отыр. Бұл даусыз. Пролетариат өкіметті қолына алмай тұрғанда капитал—күш. Капиталдың саясатын Родзянко *ондаған жылдар* бойы жан-тәнімен беріле жүргізіп келді.

Ендеше? Ендеше, революцияны құтқарып қалудың бірден-бір құралы болып табылатын көтеріліс туралы мәселе жөнінде солқылдақтық жасау—қорыққаннан буржуазияға жарым-жартылай либердандық, эсерлік-меньшевиктік сенушілікке, жарым-жартылай «мужиктік»-санасыз сенушілікке бой ұру деген сөз, бұл сену-

шілікке қарсы бәрінен де көп күрескен большевиктер болатын.

Не Құрылтай жиналысына «сеніп» бас иіп, керексіз қолды құр кеудеге қусырып, Родзянко мен К° Питерді бергенге дейін, революцияны тұншықтырғанға дейін күте тұру керек, немесе көтеріліске шығу керек. Аралық ештеңе жоқ.

Тіпті Құрылтай жиналысының шақырылуы да, жеке алғанда, бұл арада ештеңені өзгертпейді, өйткені ешқандай «құрылтайшылдықпен», тіпті ең суверенді деген жиналыстағы ешқандай дауыс берумен де аштықты тоқтата алмайсың, Вильгельмді тоқтата алмайсың. Құрылтай жиналысының шақырылуы да, оның *нәтижелі болуы* да өкіметтің Советтерге көшуіне байланысты, бұл большевиктік ескі ақиқатты өмір шындығы барған сайын айқын, барған сайын *қатал* дәлелдеп отыр.

«...Біз күн сайын күшейіп келеміз, біз күшті оппозиция болып Құрылтай жиналысына кіре аламыз, бізге бәрін бірдей тәуекелге салудың не керегі бар...»

Құрылтай жиналысы шақырылатынын «оқыған», сондықтан да мейлінше жария, мейлінше адал, конституциялық жолға тез сеніп қалып тыныштала қоятын филистердің дәлелі.

Әттең, Құрылтай жиналысын *күтумен* ашаршылық мәселесін де, Питерді беру мәселесін де шешуге болмайтыны ғана өкінішті. Аңғал немесе сасқалақтаған, яғни қорқып қалған адамдар осы бір «ұсақ-түйекті» ұмытып жүр.

Ашаршылық күтпейді. Шаруалар көтерілісі күткен жоқ. Соғыс күтпейді. Қашып кеткен адмиралдар күткен жоқ.

Әлде біздер, большевиктер, Құрылтай жиналысының шақырылатындығына сенеміз деп *жарияласақ,* бұдан ашаршылық күте тұруға келісер ме еді? Қашып кеткен адмиралдар күте тұруға келіскен болар ма еді? Маклаковтар мен Родзянколар локауттарды, астық тасып жеткізуге саботаж жасауды, ағылшын және неміс

империалистерімен құпия сөз байласуды тоқтатуға келіскен болар ма еді?

«Конституциялық жалған үміттер» мен парламенттік кретинизм сабаздарының айтқаны *осылай* болып шығып отыр ғой. Нақты өмір жоғалады, Құрылтай жиналысын шақыру туралы бір жапырақ *қағаз* ғана қалады, сайлау ғана қалады.

Ал аш халықтың және генералдар мен адмиралдар сатып кеткен солдаттардың сайлауға селсоқ қарайтындығына көрсоқыр адамдар әлі де таңданады! Шіркін, даналар-ай!

«...Ал, егер корниловшылдар қайтадан бастаса, онда біз көресісін көрсетер едік! Ал өзіміз бастап, тәуекел етудің керегі не?..»

Бұл сондай өте нанымды және өте революцияшыл. Тарих қайталанбайды, ал егер біз оған *сыртымызбен* бұрылсақ және бірінші корниловшылдыққа сырттай қарап қана «әттең, корниловшылдар бастаса» деп қақсайтын болсақ, егер біз осыны істесек, мұның өзі қандай тамаша революциялық стратегия болар еді! Мұның өзі «бәлкім, бір жөні болар»! дегенге қандай ұқсас болар еді! Бәлкім, корниловшылдар тағы да мезгілсіз бастар!—мұның сондай күшті «дәлел» екені рас емес пе? Пролетарлық саясатты қандай байсалды дәлелдегендік десеңізші бұл?

Ал егер екінші рет құрастырылған корниловшылдар бірдеңелерді үйренген болса ше? Егер олар аштық бүліктерін, майданның бұзылуын, Питердің берілуін *күтіп,* оған дейін *бастамаса* ше? Онда қалай болады?

Кейбіреулер пролетарлық партияның тактикасын бізге корниловшылдардың бұрынғы қателерінің бірін қайталауы мүмкіндігіне негіздеп құруды ұсынады!

Большевиктер жүздеген рет дәлелдеп келгеннің және *дәлелдеп шыққанның* бәрін, біздің революцияның жарты жылдық тәжірибесі дәлелдегеннің бәрін, атап айтқанда: корниловшылдар диктатурасынан немесе пролетариат диктатурасынан *басқа* жолдың *жоқ* екенін, объективті түрде жоқ екенін, болуы да мүмкін емес екенін ұмытайық, осыны ұмытып, осының бәрі-

нен безейік те, күте тұрайық! Нені күтеміз? Кереметті күтеміз: атап айтқанда, оқиғалардың 20 апрельден 29 августқа дейін қаулаған, апатқа ұшыратарлық ағымы (соғыстың ұзаққа созылуына және ашаршылықтың күшеюіне байланысты) бейбіт, тыныш, оп-оңай, жария шақырылған Құрылтай жиналысымен ауыстырылады және оның өте заңды шешімдері орындалады деп күтеміз. Міне, «маркстік» тактика дегеніңіз осы болғапы ғой! Ашыққандар, күте тұрыңыздар, Керенский Құрылтай жиналысын шақырамын деп уәде берді!

«...Халықаралық жағдайда, асылында, бізді дереу бой көрсетуге міндеттейтін ештеңе жоқ, егер біз өзімізді атуға мүмкіндік берсек, Батыстағы социалистік революция ісіне көбірек зиян келтіреміз...»

Бұл шынында да тамаша дәлел-ақ екен: халықаралық социалистік революцияның табысты болуына жұмысшылардың тілектестігін Шейдеманның «өзі» де, Ренодельдің «өзі» де бұдан шебер «пайдалана» алмаған болар еді!

Ойлап қана қараңыздаршы: немістер *жалғыз* Либкнехтісі (ол да каторгада еді) ғана бола отырып, газет жоқ, жиналыс бостандығы жоқ, Советтер жоқ сұмдық қиын жағдайда, тіпті әлді шаруаға дейін қалмастан халықтың *барлық* таптары түгелдей интернационализм идеясына адам айтқысыз дұшпандықпен қарап отырған жағдайда, империалистік ірі, орта және ұсақ буржуазия тамаша ұйымдасып отырған жағдайда, немістер, яғни немістің интернационалист-революционерлері, матрос курткасын киген жұмысшылары—жүзден бір мүмкіндік қана болып отырғанда—флотта көтеріліс жасады.

Ал біздер ондаған газеттерге, жиналыс бостандығына ие бола отырып, Советтерде *көпшілікке* ие бола отырып, біздер, бүкіл дүние жүзінде ең жақсы жағдайдағы пролетарлық интернационалистер, біздер өзіміздің көтеріліс жасауымыз арқылы неміс революционерлерін қолдаудан бас тартады екенбіз. Біздер Шейдемандар мен Ренодельдер сияқты былай деп

найымдайды екенбіз: бәрінен де көтеріліс жасамаған ақыл, өйткені егер біздерді атып тастаса, онда дүние сондай тамаша, сондай ақылды, сондай мінсіз интернационалистерден айрылады!!

Өзіміздің ақылдылығымызды дәлелдейік. *Неміс көтерілісшілеріне* тілектестік білдірілетін қарар қабылдайық та, Россиядағы *көтерілісті* болдырмай-ақ қояйық. Бұл нағыз, ақылға қонымды интернационализм екен. Сөйтіп, егер *барлық жерде бірдей* дәл осындай данышпансыған саясат салтанат құрса, халықаралық интернационализм қандай тез гүлденер еді десеңізші!..

Соғыс барлық елдердің жұмысшыларын титықтата шаршатты, шалдықтырды. Италияда да, Германияда да, Австрияда да дүмпулер жиілеп отыр. Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері *жалғыз* бізде ғана бар,— *күтеді* екенбіз — сөзбен емес, іспен, помещиктерге қарсы көтерілісімен біздерді Керенскийдің үкіметіне қарсы көтеріліске шақырып отырған орыс шаруаларын сататынымыз сияқты, неміс интернационалистерін де сатып кетеміз...

Орыс революциясын тұншықтыруға әзір отырған барлық елдер капиталистерінің империалистік заговорының қара бұлты қоюлана берсін,— бізді *ақшамен* тұншықтырғанға дейін тыныш күтіп отыра берейік! Заговор жасаушыларға шабуыл жасап, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің жеңуі арқылы заговор жасаушылар қатарын күйретудің орнына, егер Керенский мен Родзянко адал ниетпен Құрылтай жиналысын шақырса, барлық халықаралық заговорларды *дауыс берумен* жеңетін Құрылтай жиналысын күтіп отыра берейік. Керенский мен Родзянконың адал ниеттілігіне күмәндануға біздің хақымыз бар ма?

«...Ал бізге «бәрі» қарсы! Біз оқшау қалып отырмыз; Орталық Атқару Комитеті де, интернационалист-меньшевиктер де, новожизньшілдер де, солшыл эсерлер де бізге қарсы үндеу хаттар шығарды және үндеу хаттар шығарады!..»

Не деген мықты дәлел. Біз ауытқушыларды олардың ауытқығандары үшін осы уақытқа дейін аяусыз соққы-

лап келдік. Біз *осы арқылы* халықтың тілектестігіне ие болдық. Біз *осы арқылы* Советтерді өз жағымызға қаратып алдық, мұнсыз көтеріліс сенімді, шапшаң, дұрыс болмас еді. Өз жағымызға қаратып алған Советтерді *біздер де енді ауытқушылар жағына көшуіміз* үшін пайдаланып қалуымыз керек көрінеді. Большевизм үшін қандай керемет мансап десеңізші!

Либердандар мен Черновтардың, сондай-ақ эсерлер мен меньшевиктердің арасындағы «солшылдардың» да саясатының бүкіл мәні *ауытқуда* болып отыр. *Бұқараның солшылданып бара жатқандығының көрсеткіші* ретінде солшыл эсерлер мен интернационалист-меньшевиктердің *орасан зор* саяси маңызы бар. Бір жағынан, меньшевиктердің де, эсерлердің де 40 процентке жуығының солшылдар лагеріне көшуі, екінші жағынан, шаруалар көтерілісі сияқты екі фактінің күмәнсыз, айқын байланысы бар.

Ал тірілей іріп-шіріген Орталық Атқару Комитетінің немесе ауытқушы солшыл эсерлер мен К⁰-нің біздерге қарсы шыққаны жөнінде қазір қыңқылдап жүргендердің тұрлаусыздығының бүкіл түпсіз тұңғиығын да әшкерелеп отырған нақ осы байланыстың осы сипаты. Өйткені ұсақ буржуазияшыл көсемдердің, Мартовтардың, Камковтардың, Сухановтардың және К⁰-нің, *бұл* ауытқуларын шаруалар *көтерілісімен* салыстыру керек. *Нақтылы* саяси салыстыру деген осы. Кіммен бірге болу керек? Бұқараның *солшылданғанын жанамалап* білдірген және *әрбір* саяси бетбұрыста масқара болып қыңқылдаған, ауытқыған, Либердандардан, Авксентьевтерден және К⁰-ден кешірім сұрауға жүгірген ауытқушы бір топ Питер көсемдерімен бірге болу керек, *не болмаса осы солшылданған бұқарамен* бірге болу керек.

Мәселе осылай, тек қана осылай қойылып отыр.

Мартовтардың, Камковтардың, Сухановтардың шаруалар көтерілісін сатып кеткендігі себепті біздерге де, революцияшыл интернационалистер партиясына да, оны сатып кетуді ұсынады. Солшыл эсерлер мен интернационалист-меньшевиктерге «иек қағу» саясаты міне осыған келіп саяды.

Ал біз былай дедік: ауытқушыларға көмектесу үшін өзің ауытқуды қоюың керек. Бұл «сүйкімді» солшыл ұсақ буржуазияшыл демократтар коалиция үшін де ауытқыды! Біз оларды, ақыр аяғында, өзіміздің ауытқымағандығымызбен соңымыздан ерттік. Сөйтіп өмір бізді қуаттады.

Өздерінің ауытқуымен бұл мырзалар әрқашан революцияны күйреуге ұшыратып келді. Революцияны тек біз ғана құтқарып келдік. Енді қазір ашаршылық Питердің қақпасын қағып тұрғанда, ал Родзянко мен К⁰ Питерді беруге әзірлеп жатқанда біз бұғып қалмақшымыз ба?!

«...Бірақ бізде теміржолшылармен және почта қызметшілерімен тіпті берік байланыс та жоқ. Олардың ресми өкілдері — Плансондар. Ал почтасыз және темір жолсыз жеңуге бола ма?..»

Иә, иә, мұнда — Плансондар болса, анда — Либердандар. *Бұқара* оларға қандай сенім көрсетті? Бұл көсемдер *бұқараны* сатып кетіп отыр деп әрқашан дәлелдеп келген біз емес пе едік? Москвадағы сайлауда да, Советтердің сайлауында да бұқара осы көсемдерден сырт айналып, *біздің жағымызға* көшкен жоқ па еді? Әлде темір жол және почта қызметшілерінің бұқарасы ашықпай отыр ма? Керенский мен К⁰ үкіметіне қарсы ереуіл жасамай отыр ма?

«Ал 28 февральдың алдында біздің бұл одақтармен байланысымыз болып па еді?» — деп сұрады бір жолдас «пессимистен». Пессимист екі революцияны салыстыруға болмайтынын айтып жауап берді. Бірақ оның бұл айтқаны сұрақ берген адамның позициясын тек *күшейте түседі*. Өйткені *буржуазияға қарсы пролетарлық* революцияны ұзақ әзірлеу туралы мың мәрте айтқан нақ большевиктер болатын (айтқанда, шешуші кезеңнің қарсаңында мұны ұмыту үшін айтқан жоқ-ты). Почта-телеграф және темір жол одақтарының саяси және экономикалық өмірі бұқараның пролетарлық элементтерінің ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық жоғарғы топтардан нақ *бөлініп шығуымен* сипатталады. Әңгіме әсте де белгілі бір одақпен міндетті түрде күні бұрын

«байланыс» жасап алуда емес, әңгіме мынада: темір жолшылар мен почта-телеграф қызметшілерінің армияларындағы *бұқараны* пролетар және шаруа көтерілісінің жеңуі ғана қанағаттандыра *алады.*

«...Питерде екі-үш күнге жетерлік қана нан қалды. Біз көтерілісшілерге нан бере аламыз ба?..»

Күмәнданушылыққа толы мыңдаған ескертпелердің бірі (скептиктер *әрқашан* «күмәндана» алады және олардың айтқанын тәжірибеден басқа ештеңемен бекерге шығара алмайсың), ауру бастың сақинасын сау басқа телитін ескертпелердің бірі.

Нақ Родзянколар мен $К^0$, нақ буржуазия ашаршылықты әзірлеуде және революцияны аштықпен тұншықтырамыз деп айла-шарғы жасауда. Деревняда шаруалардың помещиктерге қарсы көтерілісінен, қалада және орталықта жұмысшылардың капиталистерді жеңуінен басқа ашаршылықтан құтылудың жолы жоқ және болуы да *мүмкін емес.* Әйтпесе байлардың саботаж жасауына қарамастан, олардан астықты алуға да, оны тасып жеткізуге де, сатылып кеткен қызметшілер мен байып бара жатқан капиталистердің қарсылығын жоюға да, қатаң есеп жүргізуге де *болмайды.* Мұны азық-түлік мекемелерінің тарихы мен капиталистердің саботаж жасайтындығына миллион рет *шағым еткен, күңкілдеген, жалынған* «демократияның» азық-түлік әбігершілігі тарихының өзі дәлелдеді.

Шағынуды, өтінуді және көз жасын төгуді қоя тұрып, *революциялық іске* көшетін жеңімпаз пролетарлық революцияның күштерінен басқа күш дүниеде жоқ. Сондықтан да пролетарлық революция неғұрлым ұзақ уақытқа кейінге қалдырылса, оқиғалар немесе ауытқушылар мен сасқалақтаушылардың ауытқуы оны неғұрлым ұзақ мерзімге кейінге ысырса, оның құрбандығы соғұрлым көп болады, астықты тасу және бөлу ісін *жолға қою* соғұрлым қиындай түседі.

Көтерілісте кешеуілдеу — өліммен тең,— міне, күйзелістің күшеюін, ашаршылықтың жақын екендігін көре тұрып, жұмысшыларға көтеріліс жасама деп *кеңес*

беруге (яғни оларға күте тұр, буржуазияға тағы да сенім арт деп кеңес беруге) өкінішті «батылдық» жасайтындарға осылай деп жауап беру керек.

«...Майдандағы жағдайда да әлі қауіп жоқ. Егер тіпті солдаттардың өздері уақытша бітім жасасса, бұл да әлі апатқа ұшырағандық емес...»

Бірақ солдаттар уақытша бітім жасаспайды. Мұның үшін мемлекеттік өкімет керек, ал ондай өкіметті көтерiліссіз орната алмайсың. Солдаттар тек *қашып кетеді.* Майданнан түскен хабарлар осыны көрсетеді. Күтуге болмайды, әйтпесе Родзянконың Вильгельммен сөз байласуына көмектесу және егер солдаттар *(қазірдің өзінде-ақ ашынуға жақын тұрған)* толық ашынуға дейін жетіп, бәрін де тағдырдың талқысына тастап кетсе, солдаттардың жаппай қашуы жағдайында *толық* күйзеліске ұшырау қаупі туады.

«...Ал егер біз өкіметті ала отырып, уақытша бітімге де, демократиялық бітімге де жете алмасақ, онда солдаттардың революциялық соғысқа бармауы мүмкін. Онда не істеу керек?»

Он данышпанның жауап беріп үлгіргенінен бір ақымақтың сұрап үлгірері он есе асып түсер деген нақыл сөзді еріксіз еске түсіретін дәлелдің нақ өзі.

Империалистік соғыс тұсындағы *өкіметтің* қиыншылықтарын біз еш уақытта бекерге шығарған емеспіз, бірақ солай бола тұрса да, біз пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасын әрқашан *уағыздап келдік.* Қимыл жасайтын кез туған сәтте, бұдан біз қалайша безбекпіз??

Бір елдегі пролетариат диктатурасы халықаралық жағдайда да, елдің экономикасында да, армияның жағдайында да, оның көңіл ауанында да орасан зор өзгерістер туғызатындығын біз әрқашан айтып келдік,— енді революцияның «қиыншылықтарынан» қорқып, біз осының бәрін «ұмытпақпыз» ба??

«...Бұқараның ішінде, жұрттың бәрінің айтып жүргеніндей, бой бермей көшеге ұмтылып жатқан пиғыл жоқ. Ойранны және қаражүздік баспасөздің орасан көп таратылуы да пессимизмді ақтайтын белгілерге жатады...»

Адамдар өздерін буржуазияның қорқытуына жол берсе, онда, әлбетте, олар үшін барлық заттар мен құбылыстар жаман түске боялған болып көрінеді. Біріншіден, олар қозғалыстың маркстік критерийін интеллигенттік-импрессионистік критериймен алмастырады, тап күресінің дамуы мен оқиғалардың барысын бүкіл ел бойынша тұтас алып, халықаралық жағдайға байланысты тұтас алып саяси жағынан ескерудің *орнына* пиғыл туралы субъективтік әсерлерді алға қояды; партияның берік бағыты *да*, оның бұлжымас батылдығы *да* пиғылдың факторы, әсіресе өте-мөте қиын-қыстау революциялық кезеңдегі пиғылдың *факторы* екендігін, міне, мұны, әрине, «реті келгенде» ұмытып кетеді. Кейде адамдарға жауапты басшылар өздерінің ауытқуы арқылы және күні кеше өздері табынып келген нәрсені өртеп жіберуге бейімділігі арқылы бұқараның белгілі топтарының пиғылында өте қолайсыз ауытқулар туғызатындығын ұмытуға тым «реті келе» қояды.

Екіншіден,— қазіргі кезеңде бұл да ең бастысы,— тұрлаусыз адамдар бұқараның пиғылы туралы айтқанда мыналарды қоса айтуды ескермейді:

«жұрттың бәрі» пиғылды бір мақсатқа жинақталған және бірдеңені күтіп отырған пиғыл ретінде жеткізеді;

Советтердің шақыруы бойынша және Советтерді қорғау үшін жұмысшылардың бір кісідей тегіс аттанатындығы жөнінде «жұрттың бәрінің» пікірі бір жерден шығып отыр;

болмай қоймайтындығы айқын сезіліп отырған «ақырғы, шешуші шайқас» туралы мәселеде орталықтардың тартыншақтығына жұмысшылардың қатты наразы екені жөнінде «жұрттың бәрінің» пікірі бір жерден шығып отыр;

«жұрттың бәрі» ең қалың бұқараның пиғылын ашылу алдындағы пиғыл деп бірауыздан сипаттап отыр және нақ осы негізде анархизмнің күшею фактісін көрсетіп отыр;

саналы жұмысшылардың арасында *тек* демонстрация үшін *ғана, тек* ішінара күрес үшін *ғана* көшеге шыққысы келмейтін белгілі бір сыңай байқалатынын «жұрттың бәрі» мойындап отыр, өйткені ішінара күрестің емес, жалпы күрестің жақындап қалғандығы байқалып отыр, ал жеке стачкалардың, демонстрациялардың, қысымдардың пайдасыздығы айқындалып және әбден түсінілді.

Және тағы сондайлар.

Егер біз бұқара пиғылының бұл сипаттамасына таптық және саяси күрестің бүкіл дамуының, революциямыздың жарты жыл ішіндегі оқиғаларының бүкіл барысының тұрғысынан қарайтын болсақ, онда буржуазиядан қорқып қалған адамдардың істі қалай бұрмалап отырғаны бізге айқын болады. Мәселе әсте де 20—21 апрельдің, 9 июньнің, 3 июльдің алдындағыдай болып отырған жоқ, өйткені ол кезде *стихиялық желпініс* болды, оны біз партия ретінде не байқамадық (20 апрель), не тежеп, бейбіт демонстрация формасына түсірдік (9 июнь және 3 июль). Өйткені Советтердің *әлі* біздікі емес екенін, шаруалардың *әлі* большевиктік жолға (көтеріліске) емес, либердандық-черновтық жолға сенетіндігін, демек, халықтың көпшілігінің біздің соңымыздан еруі мүмкін емес екенін, демек, көтерілістің мезгілі жетпегендігін біз ол кезде жақсы білдік.

Ол кезде саналы жұмысшылардың көпшілігі ақырғы шешуші шайқас туралы мәселені мүлде көтерген *жоқ;* жалпы алғанда партия коллегияларының ішінде бұл мәселені көтерген бірде-бір коллегия болған жоқ. Ал саналылығы жетіспеген, ең қалың бұқараның жинақылығы да, ашынуға бекем бел байлаушылығы да болған жоқ, қайта жай «бой көрсету арқылы», жай демонстрация арқылы Керенскийлер мен буржуазияға «ықпал жасаймыз» деп аңқаулықпен үміт еткен стихиялық *желпініс қана болды.*

Көтеріліс үшін керегі бұл емес, қайта саналылардың ақырына дейін шайқасуға саналы, табанды және таптырылмас батылдығы керек, бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан, шала-шарпы шаралармен қазір ештеңені құтқаруға болмайтындығын, ешбір «ықпал жасауға» бол-

майтындығын, *егер* большевиктер шешуші шайқаста ашыққандарға басшылық ете білмесе, олардың «бәрін тас-талқанын шығаратындығын, тіпті анархистік жолға түсіп, бәрін астан-кестен ететіндігін» *сезіп отырған* қалың бұқараның жинақы түрдегі ызалы пиғылы керек.

Революцияның дамуы жұмысшыларды *да*, шаруаларды *да* іс жүзінде саналылардың тәжірибеден үйренген жинақылығы мен ең қалың бұқараның локаутшылар мен капиталистерге деген ашынудың аз-ақ алдындағы пиғылының нақ осы ұштасуына жеткізді.

Қаражүздік баспасөздің большевизмге бейімделгенсіп жүрген жексұрындарының «табысқа жетуі» де нақ осы негізде ғана түсінікті. Буржуазияның пролетариатпен жақындап келе жатқан шешуші шайқасын көргенде қаралардың табалап мәз болатыны әбден сөзсіз, бұл әрқашанда осылай болған, бұл революциялар атаулының бәрінде де байқалып отырған, бұлай болуы әбден сөзсіз нәрсе. Ал егер *бұл* жағдайдан қорқатын болсаң, онда көтерілістен ғана емес, жалпы пролетарлық революциядан да бас тарту керек. Өйткені капиталистік қоғамда бұл революцияның өрістеуіне қара жүздіктің табалауы мен оның жағдайды пайдалана қоюға дәмеленуінің қоса қабаттасып *отырмауы* мүмкін *емес*.

Қаражүздіктің буржуазиямен қоян-қолтық жұмыс істеп отырғанын және жұмысшылардың шешуші жеңісі (ұсақ буржуа сенбейтін, капиталистер қорқатын, большевиктер өкіметті ұстап тұра алмайды деген сеніммен қаражүздіктер кейде табалай отырып тілейтін жеңісі), міне, осы жеңіс қаражүздікті ақырына дейін *жаныштайтындығын*, соғыстан азап шегіп, қалжыраған бүкіл адамзаттың орасан зор пайдасына большевиктердің өкіметті берік ұстап тұра *алатынын* саналы жұмысшылар өте жақсы біледі.

Шынында да, *Родзянколар* мен Суворидердің бірлесіп қимылдап отырғанына ақылынан адаспаған адамдардың қайсысы күмәндана алады? олардың арасында рольдің бөлініп қойғанына кім күмәндана алады?

Родзянколардың нұсқауы бойынша Керенскийдің әрекет етіп отырғандығын, «Россия республикасының

Мемлекеттік баспаханасы» (ойнамаңдар!) «Мемлекеттік дума» қаражүзділіктерінің қаражүздік сөздерін қазынаның есебінен басып шығарып отырғандығын фактілер дәлелдеген жоқ па? «Өз адамсымағының» алдында малайлық етіп жүрген «Дело Народадағы» малайлардың *өзі-ақ* бұл фактіні әшкерелеп берген жоқ па? «Новое Времяның», сатқын газеттің, патшалық-помещиктік «мүдделер» бағыттап отырған газеттің кадеттердің тізімдерін мейлінше толық қолдап келгендігін *барлық* сайлаудың тәжірибесі дәлелдеген жоқ па?

Сауда-өнеркәсіп капиталының (партиялық емес, әрине, о, әлбетте, партиялық емес капиталдың, Вихляевтер мен Ракитниковтар, Гвоздевтер мен Никитиндер кадеттермен емес, құдай сақтасын, қайта *партияда жоқ* сауда-өнеркәсіп топтарымен коалиция жасайды ғой!) кадеттерге 300 000 сомды лақтыра салғанын біз кеше оқымадық па?

Егер іске елжіректік тұрғыдан емес, таптық тұрғыдан қарайтын болсақ, бүкіл қаражүздік баспасөз «Рябушинский, Милюков және К°» фирмасының *бөлімшесі* болып табылады. Капитал өзіне, бір жағынан, Милюковтарды, Заславскийлерді, Потресовтарды және басқаларын, ал екінші жағынан, қаражүзділіктерді сатып алып отыр.

Түкке тұрғысыз қаражүздік мерездің уымен халықты бұл сорақы улапдыруға тыйым салу үшін *пролетариаттың жеңісінен* басқа ешқандай құралдың болуы мүмкін емес.

Сондықтан ашаршылықтап және соғыстың ұзаққа созылуынан азап шегіп, қалжыраған қалың топ қаражүздік уға «жармаса кетсе», таңдануға бола ма? Езілген бұқара *ашынбайынша* капиталистік қоғам күйреу қарсаңына келіп тіреледі деп ойлауға бола ма? Сондықтан арасында қараңғылығы аз емес бұқараның ашынуы неше түрлі удың көбірек тарауынан да көрінуі мүмкін *емес пе?*

Жоқ, бұқараның ниғылы туралы айта келіп, өздерінің тұрлаусыздығын бұқараға аудара салғысы келетіндердің позициясы — үмітсіз позиция. Бұқара саналы түрде күтушілерге, санасыз түрде торығуға әзір тұру-

шыларға бөлінеді, бірақ езілгендер мен ашыққандар бұқарасы тұрлаусыз болған *емес*.

———

«...Екінші жағынан, маркстік партия көтеріліс туралы мәселені әскери заговор туралы мәселеге апарып сая алмайды...»

Марксизм — өте-мөте терең және жан-жақты ілім. Сондықтан Маркстің шығармаларынан алынған цитаттардың *үзінділерін,*— әсіресе ол цитаттарды *орынсыз* қолданған күнде,— марксизмнен қол үзушілердің «дәлелдері» арасынан әрқашан кездестіруге болады. *Егер* әскери заговорды белгілі бір таптың партиясы жасамаса, ***егер*** оны жасаушылар жалпы алғанда саяси кезеңді және әсіресе халықаралық жағдайды есепке алмаған болса, *егер* бұл партияның жағында халықтың көпшілігінің объективтік фактілер арқылы дәлелденген тілектестігі болмаса, *егер* революция оқиғаларының дамуы ұсақ буржуазияның келісімпаздық жалған үміттерін практикалық жағынан бекерге шығаруға жеткізбеген болса, *егер* революциялық күрестің «Советтер» сияқты «уәкілеттілігі» мойындалған немесе өздерін басқаша реттермен көрсеткен органдарының көпшілігі өз жағына қаратылмаған болса, *егер* армияда (әңгіме соғыс уақытында болып отырғанда) халықтың еркіне қарама-қарсы, әділетсіз соғысты ұзаққа созып отырған үкіметке қарсы пиғыл әбден пісіп жетпеген болса, *егер* көтеріліс ұрандары («бүкіл өкімет Советтерге берілсін», «жер шаруаларға берілсін», «құпия шарттарды, құпия дипломатияны дереу жоюға байланысты барлық соғысып жатқан халықтарға дереу демократиялық бітім ұсыну», т. с.) жалпы бұқараға мәлім және түсінікті болмаса, *егер* алдыңғы қатарлы жұмысшылар бұқараның ашынған жағдайына және деревняның қолдауына, шаруалардың елеулі қозғалысы арқылы немесе помещиктерге және оларды қорғаушы үкіметке қарсы көтерілісі арқылы дәлелденген қолдауға сеніп отырған болмаса, *егер* елдің экономикалық жағдайы дағдарысты бейбіт және парламенттік жолмен қолайлы шешудің елеулі үмітін туғызып отырған болса, әскери заговор бланкизм болып табылады.

Бәлкім, жеткілікті шығар?

Өзімнің: «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген кітапшамда (ол таяу күндерде жарық көреді деп үміттенемін) мен Маркстен көтеріліс туралы мәселеге шын қатысы бар және көтерілістің «өнер» ретіндегі белгілерін анықтайтын цитат келтірдім*.

Егер қазір Россияда әскери заговор жасауға қарсы байбалам салып жүрген мылжыңдарға ерік беріп қойса, оларды қарулы көтеріліс «өнері» мен айыптауға лайық әскери заговордың арасындағы айырмашылықты түсіндіруге шақырса, онда олардың не жоғарыда айтылғанды қайталайтындығына, не өздерін масқара етіп, жұмысшыларға жаппай күлкі болатындығына мен бәстесуге әзірмін. Байқап көріңіздерші, мархабатты марксистсымақтар! Біздерге «әскери заговорға» қарсы әнсымақтарыңызды айтып беріңіздерші!

* Қараңыз: осы том, 376—377-беттер. *Ред.*

СОҢҒЫ СӨЗ

Мен кешкі сағат 8-де, сейсенбі күні, таңертеңгі Питер газеттерін алғанда, жоғарыдағы жолдар жазылып та қойған еді, ал «Новая Жизньде» В. Базаров мырзаның мақаласы басылыпты. В. Базаров мырза «қалада көрнекті екі большевиктің атынан көтеріліске қарсы пікір айтатын қолжазба листок таратылып жүр» дейді.

Егер бұл рас болса, онда мен ең ерте дегенде осы хат қолдарына сәрсенбі күні түстен кейін барып тиетін жолдастардан *мұны* мүмкін болғанынша тез *басып шығаруларын* өтінемін.

Бұл хат баспасөз үшін емес, партия мүшелерімен хат арқылы әңгімелесу үшін ғана жазылды. Бірақ егер партияға қатысы жоқ және жексұрын тұрлаусыздығы үшін партия мың мәрте келемеж еткен «Новая Жизньдегі» сабаздар (алдыңғы күні большевиктерді жақтап, кеше меньшевиктерді жақтап дауыс берген және бүкіл дүние жүзілік-атышулы бірігу съезінде бұларды біріктіргендей *болған* сабаздар), егер осындай мүскіндер біздің партиямыздың мүшелерінен көтеріліске қарсы үгіттейтін *листок* алған болса, онда үндемеуге болмайды. Көтерілісті *жақтап* та үгіттеу керек. Анонимдер жалғанның жарығына біржолата шығатын болсын, сөйтіп өздерінің масқара ауытқуы үшін барлық саналы жұмысшылардың келемежіне ұшырау арқылы болса да тиісті сазайын тартатын болсын. Менің осы хатты Питерге жібергенге дейін тек бір сағат уақыт қана мүмкіндігім бар, сондықтан мисыз «новожизньшілдіктің»

сорлы болған сабаздарының бір «тәсіліп» екі сөзбен ғана атап көрсетемін. В. Базаров мырза «көтерілісті бұқара арасында ашынғандық пиғыл мен индифферентизмді тудырушылардың бәрі әзірлеуде» деп айтқан және мың мәрте дұрыс айтқан Рязанов жолдаспен айтыспақшы болады.

Сорға ұрындырар істің сорлы болған сабазы былай деп «дау айтады»:

«Ашынушылық пен индифферентизмнің жеңіске жеткен кезі, сірә, болып па еді?».

О, «Новая Жизньдегі» жексұрын ақымақтар-ай! Ұзақ азаптан және неше түрлі дағдарыстардың өте-мөте шиеленісуінен ашынуға жетпей жатып-ақ, езілген таптар бұқарасы қиян-кескі шайқаста жеңіп шыққан көтерілістің тарихтағы *сондай* мысалдарын олар біле ме екен? Бұл бұқараны әр түрлі малайлық предпарламенттерге, революцияны құр ойыншық етуге, Либердандардың Советтерді өкімет билігі мен көтеріліс органдарынан қысыр сөз орындары ролінс дейін құлдыратуына қарсы индифферентизмнің (селсоқтықтың) шарпымаған кезі болды ма екен?

Немесе, бәлкім, «Новая Жизньдегі» жексұрын ақымақтар бұқараның астық туралы мәселеге, соғыстың созыла беруі туралы, шаруаларға жер беру туралы мәселеге... *селсоқ қарағанын* білетін болар?

Н. Ленин

1917 ж. 17 (30) октябрьде жазылған

1917 ж. 1, 2 және 3 ноябрьде (19, 20 және 21 октябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 40, 41 және 42-номерлерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ[126]

Жолдастар! Менің 18 октябрьдегі, сәрсенбі күнгі, Питер газеттерін алуға әлі мүмкіндігім болған жоқ. Маған Каменев пен Зиновьевтің партиялық емес «Новая Жизнь» газетіндегі мақаласының тексті телефон арқылы толық оқылғанда, менің бұған сенгім келмеді. Бірақ күмәндану мүмкін болмай шықты, сондықтан мен осы хатты партияның мүшелеріне бейсенбі күні кешке дейін немесе жұма күні таңертеңге дейін жеткізу үшін жағдайды пайдаланып қалуға мәжбүр болдым, өйткені мұндай адам естімеген *штрейкбрехерлік* фактісі орын алып отырғанда үндемеу қылмыс болар еді.

Практикалық мәселе неғұрлым маңызды болса, штрейкбрехерлік істеген адамдар неғұрлым жауапты— және «көрнекті» болса, штрейкбрехерлік соғұрлым қауіптірек, штрейкбрехерлерді соғұрлым батыл түрде аулақтау керек болар еді, штрейкбрехердің тіпті өткендегі «еңбектеріне» бола солқылдақтық жасаудың өзі соғұрлым кешіргісіз болар еді.

Ойлап қапа көріңіздерші! Партияның сентябрьден бері көтеріліс туралы мәселені талқылап жатқандығы партия топтарына мәлім. Аты аталған адамдардың біреуінің де бірде-бір хаты немесе листогы туралы ешкім ештеңе естіген емес! Қазір, Советтер съезінің дәл қарсаңында деуге болады, екі көрнекті большевик көпшілікке *қарсы* және, әңгіменің ашығын айтсақ, *Орталық Комитетке қарсы* шығып отыр. Мұнысын ашық айтпай

отыр, ал бұдан іске келетін зиян тіпті көп, өйткені тұспалдап айту анағұрлым қауіптірек.

Каменев пен Зиновьев мәлімдемесінің текстінен толық айқын болып отырған нәрсе — олар Орталық Комитетке қарсы шығып отыр, өйткені бұлай болмаған күнде олардың мәлімдемесінде мағына қалмас еді, бірақ олардың Орталық Комитеттің нақ *қай* қаулысына қарсы екендігі айтылмаған.

Себебі не?

Әңгіме айқын: себебі — бұл шешімді Орталық Комитет жариялаған жоқ.

Сонда бұл не болып шығады?

Өте маңызды айбынды мәселе жөнінде, қысылшаң 20 октябрь күні қарсаңында, екі «көрнекті большевик» партиялық *емес* баспасөз бетінде және оның үстіне осы мәселе жөнінде *жұмысшы партиясына қарсы буржуазиямен қоян-қолтық бірге* келе жатқан газетте, осындай газетте партия орталығының *жарияланбаған* шешіміне шабуыл жасап отыр!

Мұның өзі тіпті 1906—1907 жылдары партиялық емес баспасөзде басылған, партия соншама қатты айыптаған Плехановтың мақалаларының бәрінен мың мәрте жексұрынырақ, *миллион мәрте зияндырақ* қой! Онда әңгіме тек сайлау туралы болды ғой, ал қазір әңгіме өкіметті жеңіп алу үшін көтеріліс жасау туралы болып отыр!

Сөйтіп осындай мәселе жөнінде, орталықта шешім қабылданғаннан *кейін,* бұл *жарияланбаған* шешімге Родзянколар мен Керенскийлердің алдында, партиялық емес газетте дау айтудан асқан опасыздық, бұдан асқан штрейкбрехерлік әрекетті көзге елестетуге болар ма?

Егер мен бұл бұрынғы жолдастарға өткендегі жақындыққа бола оларды айыптауда солқылдақтық жасай бастасам, мұны мен өзім үшін масқара деп санаған болар едім. Мен турасын айтамын: олардың екеуін де бұдан былай жолдас деп санамаймын және екеуін де партиядан шығару үшін Орталық Комитетте де, съезде де барлық күшімді сала күресемін.

Өйткені егер орталықтың жарияланбаған қаулыларына, олар қабылданғаннан кейін, партиялық емес бас-

пасөзде дау айтылатын болса және күрескерлердің қатарына ауытқушылық енгізіліп, лаң салынатын болса, көтеріліспен өмірдің өзі жиі-жиі бетпе-бет кездестіріп отырған жұмысшы партиясы бұл қиын міндетті орындай алмайды.

Зиновьев пен Каменев мырзалар сасқалақтаған он шақты адамнан немесе Құрылтай жиналысына кандидаттардан өздерінің партиясын құра берсін. Жұмысшылар мұндай партияға бармайды, өйткені оның бірінші ұраны мынадай ұран болады:

«Орталық Комитеттің жиналысында шешуші шайқасқа шығу туралы мәселе жөнінде жеңіліп қалған цекистерге партияның жарияланбаған қаулыларына шабуыл жасау үшін партиялық емес баспасөзге баруға рұқсат етіледі».

Олар өздеріне *осындай* партия құрып ала берсін; біздің жұмысшы большевиктер партиясы бұдан тек қана ұтып шығады.

Барлық документтер жарияланған кезде Зиновьев пен Каменевтің штрейкбрехерлігі бұрынғыдан да гөрі айқын бола түседі. Ал әзірге жұмысшылардың алдына мынадай мәселе қойылсын:

«Айталық, Бүкіл россиялық кәсіптік одақтың басқармасы, бір ай бойы талқылағаннан кейін және 80 проценттен астам көпшілік дауыспен, стачкаға әзірлену керек, бірақ мерзімі туралы да, басқа ештеңе туралы да әзірге жария етілмесін деп ұйғарған болсын. Айталық, екі мүше, «ерекше пікірді» көрінеу бетке ұстап, мәселен, шешіліп қойғаннан *кейін* шешімді қайта қарау туралы жергілікті топтарға хат жаза бастағаны былай тұрсын, өздерінің осы хаттарын партиялық *емес* газеттерге де жіберген болсын. Айталық, ақырында, шешім жарияланбаған болса да, олардың өздері де партиялық емес газеттерде осы шешімге шабуыл жасап, капиталистердің алдында стачканы жерден алып, жерден салған болсын.

Мынадай сұрақ туады: мұндай штрейкбрехерлерді өздерінің қатарынан аластаудан жұмысшылар тайынар ма еді?

* *
*

Қазір, 20 октябрьге соншама жақын қалган кезде, көтеріліс туралы мәселенің жайына келетін болсақ, онда партиялық емес баспасөзде штрейкбрехерлік мақала жазылуымен істің нақ қаншалықты бүлінгендігін мен алыста жатып айта алмаймын. *Практикалық* тұрғыдан өте үлкен зиян келтірілгендігі күмәнсыз. Істі түзеу үшін ең алдымен штрейкбрехерлерді аластау арқылы большевиктік майданның бірлігін қалпына келтіру керек.

Біз көтеріліске қарсы идеялық дәлелдерді жалғанның жарығына негұрлым көбірек шығаратын болсақ, ол дәлелдердің әлсіздігі согұрлым айқындала түседі. Мен жақында бұл туралы «Рабочий Путьке» мақала жібердім, егер редакция оны басып шығаруды мүмкін деп таппаса, партия мүшелері ол мақаламен, бәлкім, қолжазба күйінде танысар*.

Бұл «идеялық» дәлелдер, идеялық деуге болатын болса, мынадай екі нәрсеге келіп саяды: біріншіден, Құрылтай жиналысын «күте тұру». Күте тұрайық, бәлкім, жетерміз,— міне бар дәлелі осы. Бәлкім, аштарнылықпен, күйзеліспен, солдаттар шыдамының таусылып бітуімен, Питерді немістерге беруді көздейтін родзянколық әрекеттермен, локауттармен қоса қабаттаса әйтеуір бір жетерміз.

Бәлкім, бір жөні болар, міне, дәлелінің барлық күші осында.

Екіншіден, даурықпа пессимизм. Буржуазия мен Керенскийде бәрі жап-жақсы, бізде бәрі жаман көрінеді. Капиталистерде бәрі тамаша әзірленген, жұмысшыларда бәрі жаман әзірленгеп көрінеді. Істің әскери жағы жөнінде «пессимистер» бар дауысымен байбалам салып жүр, ал «оптимистер» үндемейді, өйткені Родзянко мен Керенскийдің алдында әлдепені ашып беру штрейкбрехерлерден басқа ешкімге ұпай қоймас.

---

* Қараңыз: осы том, 447—470-беттер. *Ред.*

Қиын уақыт. Ауыр міндет. Ауыр опасыздық.

Солай бола тұрса да, міндет орындалады, жұмысшылар топтасады, шаруалар көтерілісі және майданда солдаттардың шыдамының мейлінше таусылып бітуі дегеніне жетеді! Қатарымызды тығыз топтастыра түсейік,— пролетариат жеңіске жетуге тиіс!

Н. Ленин

1917 ж. 18 (31) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1927 ж. 1 ноябрьде «Правда» газетінің 250-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ХАТ

Қымбатты жолдастар!

Өзін қадірлейтін партия өз қатарында штрейкбрехерліктің және штрейкбрехерлердің болуына төзе алмайды. Бұл айқын нәрсе. Ал Зиновьев пен Каменевтің партиялық емес баспасөздегі мақаласына неғұрлым көбірек ой жіберсек, олардың әрекеті толық штрейкбрехерлік екендігі соғұрлым даусыз бола түседі. Каменевтің Петроград Советінің мәжілісіндегі жалтаруы — барып тұрған оңбағандықпен пара-пар, байқайсыздар ма, ол Троцкийге толық қосылады екен. Бірақ Троцкийдің жаудың алдында өзінің айтқанынан артық *айта алмағанын,* айтуға правосы болмағанын, айтуға тиісті болмағанын түсіну қиын ба? *Өз* шешімін (қарулы көтерілістің қажеттігі, оның әбден пісіп-жеткендігі туралы, оған жан-жақты әзірлену туралы, т. т.) жаудан жасырған партияның *борышы,* бұл шешім жұрт алдында пікір айтқанда «кінәны» ғана емес, бастаманы да дұшпанға аударуға *міндеттейтінін* түсіну қиын болғаны ма. Мұны тек балалар ғана түсіне алмас еді. Каменевтің жалтаруы тек қана алаяқтық. Зиновьевтің жалтаруы туралы да осыны айту керек. Тіпті оның «ақталу» хатын (Орталық Органға жолданған болуы керек) алсақ та болады, бұл хатты мен жаңа ғана көрдім (өйткені ерекше пікірді, *буржуазиялық* баспасөз айтып қақсап жүрген «ерекше пікірсымақты» мен, Орталық Комитеттің мүшесі, *осы уақытқа дейін* көрген емеспін). Зиновьевтің «дәлелдерінде»: Ленин өзінің хаттарын

«қандай да болса шешімдер қабылданардан *бұрын»* таратты, ал сіздер наразылық білдірмедіңіздер делінген. Зиновьев сөзбе-сөз осылай деп жазып, *бұрын* деген сөздің астын өзі төрт рет сызады. Стачка туралы мәселені орталық шешпестен *бұрын* стачканы жақтап та, оған қарсы да үгіт жүргізуге болатындығын, ал стачканы жақтап шешім қабылдағаннан *кейін* (мұны жаудан жасыру туралы қосымша шешім алынғаннан кейін), бұдан кейін стачкаға қарсы үгіт жүргізу штрейкбрехерлік болып табылатындығын түсіну қиын болғаны ма? Мұны кез келген жұмысшы түсінеді. Қарулы көтеріліс туралы мәселе орталықта сентябрьден бастап талқыланды. Міне, сонда жұрттың *бәрі* Зиновьев пен Каменевтің дәлелдерін көріп, олардың әбден сасқалақтағандығына жұрттың *бәрі* баға беруі үшін олар сол кезде жазбаша пікір айта алатын еді және айтуға *тиісті* еді. Шешім қабылданбастан *бұрын* бір ай бойы өздерінің көзқарастарын партиядан жасырып жүру және шешімнен *кейін* ерекше пікірлерін тарату — штрейкбрехер болу деген сөз.

Зиновьев осы айырмашылықты түсінбегенсиді, стачка туралы шешімнен кейін, орталықтың шешімінен кейін төменгі орындардың алдында шешімге қарсы тек штрейкбрехерлердің ғана үгіт жүргізе алатындығын түсінбегенсиді. Мұны кез келген жұмысшы түсінеді.

Ал Зиновьев Каменев екеуі бірде-бір дауыс ала алмаған жексенбі күнгі жиналыста[127] да, өзінің қазіргі хатында да атап айтқанда үгіт жүргізіп, орталықтың шешіміне кедергі жасады. Өйткені Зиновьевтің «партияның пікірі сұралған жоқ» және мұндай мәселелер «он адаммен шешілмейді» деп айтуға арсыздығы жетеді. Ойлап қана көріңіздерші. Шешуші жиналыста Орталық Комитеттің оннан астам мүшесі болғанын, *пленумның көпшілігі* болғанын, бұл жиналыста Каменевтің өзі: «Бұл шешуші жиналыс» деп мәлімдегенін, Орталық Комитеттің жиналыста болмаған мүшелерінің *көпшілігі* Зиновьев пен Каменевке *қосылмайтындығы* әбден мәлім болғанын цекистердің бәрі біледі. Сөйтіп, Каменевтің өзі *шешуші* деп таныған жиналыста

Орталық Комитеттің шешімі шыққаннан *кейін* Орталық Комитет мүшесінің: «Партияның пікірі сұралған жоқ». «Мұндай мәселелер он адаммен шешілмейді» деп жазуға арсыздығы жетіп отыр; бұл — артық-кемі жоқ нағыз штрейкбрехерлік. Партияның съезіне дейін мәселені Орталық Комитет шешеді. Орталық Комитет шешті де. Шешімнен *бұрын* жазбаша пікір айтпаған Каменев пен Зиновьев шешім қабылданғаннан *кейін* Орталық Комитеттің шешіміне *дау айта* бастады.

Мұның өзі артық-кемі жоқ нағыз штрейкбрехерлік. Әңгіме стачкаға дереу және *құпия* әзірлену жөнінде болып отыр екен, шешім қабылданғаннан кейін ешбір дау айтуға *жол жоқ*. «Дұшпанға ескерткендікті» қазір *бізге* аударуға Зиновьевтің арсыздығы жетіп отыр. Ал ұятсыздықтың да шегі болмай ма? Шынында да, «дұшпанға ескерту арқылы» істі бүлдірген, стачкаға кедергі жасаған *партиялық емес* баспасөзде мақала жазған адамдар болмағанда кім болмақ?

Бұл мәселе жөнінде бүкіл буржуазиямен қоян-қолтық бірге келе жатқан газетте партияның «шешуші» қаулысына *қарсы* шығу.

Егер бұған төзсе, онда партияның болуы мүмкін емес, партияның талқандалғаны.

Базаровтың біліп алып, партиялық емес газетте басып шығарғанын «ерекше пікір» деп атау — мұның өзі партияны қорлау деген сөз.

Каменев пен Зиновьевтің партиялық емес баспасөзде мақала жазғандығының ерекше пасықтық екенінің тағы бір себебі — олардың *жалақорлық өтірігін* партия ашық түрде бекерге шығара алмайды: өзінің және Зиновьевтің атынан Каменев мерзімін қай уақыт деп шешкені маған мәлім емес деп жазып, бастырып шығарып отыр. (Мұндай мәлімдемеден соң Зиновьев Каменевтің бүкіл әрекеті мен айтқан пікірі үшін толық жауап береді.)

Орталық Комитет мұны қалай бекерге шығара алады?

Біз капиталистердің алдында шындықты, атап айтқанда стачка жасауға *үйғарғанымызды* және оған қо-

лайлы *кезең таңдауды құпия сақтауға* ұйғарғанымызды айта алмаймыз.

Біз Зиновьев пен Каменевтің арамзалық өтірігін *іске бұдан да гөрі көбірек зиян келтірмейінше* бекерге шығара алмаймыз. Бұл екі адамның шексіз пасықтығы, нағыз опасыздығы да сол — бұлар капиталистердің алдына стачкашылардың жоспарын жайып салды, өйткені біз баспасөз бетінде үндемегеннен кейін істің жайы *қандай* екенін әркім аңғарады.

Қарулы көтеріліс туралы, қарулы көтерілісті әзірлеуді жаудан жасыру, қарулы көтерілістің мерзімін таңдау туралы өз партиясының Орталық Комитетінің шешімін Каменев пен Зиновьев Родзянко мен Керенскийге *айтып берді*. Бұл факт. Бұл фактіні ешқандай жалтарумен бекерге шығаруға болмайды. Орталық Комитеттің екі мүшесі капиталистердің алдындағы арамзалық өтірігімен оларға жұмысшылардың ұйғарымын *айтып берді*. Бұған бір ғана жауап болуы мүмкін және болуға тиіс, ол — Орталық Комитеттің дереу мынадай шешім алуы:

«Зиновьев пен Каменевтің партиялық емес баспасөзде жазғандарын артық-кемі жоқ нағыз штрейкбрехерлік деп танып, Орталық Комитет олардың екеуін де партиядан шығарады».

Бұрынғы жақын жолдастар туралы бұлай деп жазу маған оңай емес, бірақ солқылдақтық көрсетуді мен бұл арада қылмыс деп санаған болар едім, өйткені бұлай етпесек — көрнекті штрейкбрехерлерді жазаламаған революционерлер партиясының *апат болғаны*.

Істің жайын Родзянко мен Керенскийге айтып берген штрейкбрехерлер қарулы көтеріліс туралы мәселені тіпті ұзақ мерзімге кейінге ығыстырса да, ол мәселе күн тәртібінен *алынып тасталған* жоқ, партия оны алып тастаған жоқ. Өз қатарында «көрнекті» штрейкбрехерлерге *төзе отырып*, қарулы көтеріліске әзірлену және оны әзірлеу қалайша мүмкін болады? Неғұрлым көрнектірек болса, соғұрлым *қауіптірек*, соғұрлым «кешіру» лайықсыз. On n'est trahi que par les siens, дейді французлар. Тек *өз* адамың ғана опасыз болып шыға алады.

Штрейкбрехерлер неғұрлым *«көрнектірек»* болса, оларды дереу аластау арқылы жазалау соғұрлым міндеттірек болмақ.

Тек осылай ету арқылы ғана жұмысшы партиясын сауықтыруға, бір топ тұрлаусыз интеллигентсымақтардан тазартуға болады, революционерлердің қатарын топтастырып, зор және аса зор қиыншылықтарға қарсы баруға, *революцияшыл жұмысшылармен бірге* баруға болады.

Біз шындықты басып шығара алмаймыз: Орталық Комитеттің шешуші жиналысынан *кейін* Зиновьев пен Каменевтің жексенбі күнгі жиналыста *қайта қарауды* талап етуге арсыздығы жеткенін, Каменевтің: «Орталық Комитет күйреді, өйткені бір аптаның ішінде түк істеген жоқ», деп ұятсыздықпен айқайлағанын (мен бекерге шығара *алмадым*, өйткені *нақ не істелгенін* айтуға болмайды), ал Зиновьевтің: «20-сында Советтер съезіне келуге тиісті большевиктермен болатын кеңеске дейін бой көрсетпеу керек» деген, жиналыс қабылдамай тастаған қарарды мүләйімсіген пішінмен ұсынғанын басып шығара алмаймыз.

Ойлап қана көріңіздерші: стачка туралы мәселені *орталық* шешкеннен кейін төменгі орындардың жиналысына оны кейінге қалдыруды және (20-сындағы съезге дейін, ал съезд бұдан соң кейінге қалдырылды... Зиновьевтер Либердандарға сенеді) партияның уставы танымайтын, Орталық Комитетке билігі *жүрмейтін,* Питерді *танымайтын сондай* бір коллегияға тапсыруды ұсынады.

Сөйтіп, осыдан кейін Зиновьевтің тағы да: «Бұлайша партияның бірлігін нығайту екіталай», деп жазуға арсыздығы жетіп отыр.

Мұны жікке бөліну жөнінде қоқан-лоққы жасау демей, басқаша атап көріңізші кәне.

Бұл сияқты қоқан-лоққыға мен былай жауап беремін: мен ақырына дейін барамын, жұмысшылардың алдында сөз сөйлеуіме еркіндік аламын және, *қайткен күнде де,* штрейкбрехер Зиновьевті штрейкбрехер деп масқаралайтын боламын. Жікке бөліну жөнінде қоқан-лоққы жасауға мен ақырына дейін күрес жариялаумен,

штрейкбрехердің екеуін де партиядан шығаруды жақтаумен жауап беремін.

Кәсіптік одақтың басқармасы *бір ай* айтыстан кейін: стачка болмай қоймайды және ол пісіп жетіліп отыр, мерзімін қожайындарға білдірмеу керек деп ұйғарды. Бұдан кейін басқармадан екі адам шешімге дау айту үшін *төменгі орындарға* барып, өздері күйрейді. Сонан соң, әлгі екеуі капиталистердің алдында баспасөзге барып, арамзалық өтірік арқылы басқарманың шешімін айтып қояды, сөйтіп дұшпанға ескерту жасап, стачканы тең жартылай болдырмай қояды немесе оны ең қолайсыз уақытқа дейін кейінге қалдырады.

Міне, артық-кемі жоқ нағыз штрейкбрехерлік деген осы. Міне, сондықтан да мен жариялауға мүмкін болған кезде *бәрін* жариялау жөнінде өз правомды сақтай отырып (олардың жікке бөліну жөнінде қоқан-лоққы жасауы себепті), штрейкбрехерлердің екеуін де аластауды талап етемін.

1917 ж. 19 октябрьде (1 ноябрьде) жазылған

Бірінші рет 1927 ж. 1 ноябрьде «Правда» газетінің 250-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ЭСЕРЛЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ ШАРУАЛАРДЫ ЖАҢАДАН АЛДАУЫ

Эсерлер партиясы 18 және 19 октябрьде өзінің басты газеті «Дело Народада» егіншілік министрінің жер жөніндегі жаңа заң жобасы «партияның аграрлық программасын жүзеге асыру жолындағы ірі қадам» болып табылады, «партияның Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына заң жобасын жақтаған жігерлі үгіт жүргізуді және бұл заң жобасын бұқара арасында түсіндіруді қатты тапсырады» деп бүкіл халық алдында салтанатты түрде жариялады.

Оның бер жағында эсерлер партиясының мүшесі, министр С. Л. Масловтың негізгі бөлімдері «Дело Народада» қайта басылған бұл заң жобасы *шаруаларды алдау* болып табылады. Эсерлер партиясы шаруаларды алдады: ол өзінің жер жөніндегі жобасынан жерге помещиктік меншікті «әділетті бағалаудың» және сақтаудың помещиктік, кадеттік жоспарына сырғып түсті. Эсерлер партиясы бірінші (1905 жылғы) және екінші (1917 жылғы) орыс революциясы кезіндегі өз съездерінде помещиктік жерлерді *конфискелеу*, яғни ол жерлердің шаруаларға *тегін* көшуі жөніндегі шаруалардың талабын қолдауға бүкіл халық алдында салтанатты түрде міндеттенген болатын. Ал С. Л. Маслов мырзаның қазіргі жобасында жерге помещиктік меншіктің сақталатыны былай тұрсын, керек десе тіпті шаруалардың «арендалайтын» жерлері үшін «әділетті» баға бойынша төлейтін ақысы *помещиктердің қалтасына түседі.*

С. Л. Маслов мырзаның бұл заң жобасы эсерлер пар-

тиясының шаруаларға толық опасыздық жасағандығы, бұл партияның помещиктердің сөзін сөйлеуге толық көшкендігі болып табылады. Осы ақиқатты түсінуді шаруалардың арасында мүмкін болғанынша кеңінен тарату үшін барлық күшті жұмсау керек, барынша жігер салу керек.

18 октябрьде «Дело Народада» С. Л. Маслов жобасының 25—40-параграфтары басылды. Бұл жобадағы негізгі және ең басты нәрсе мыналар:

1) Құрылатын «уақытша аренда қорына» помещиктік жердің *бәрі бірдей* кірмейді.

2) Помещиктік жерлерді бұл қорға князь Львовтың *помещиктік* үкіметінің 1917 жылғы 21 апрельдегі заңы бойынша құрылған *жер комитеттері* енгізеді.

3) Бұл помещиктік жерлер үшін шаруалардың аренда ақысын «таза табысқа сәйкес» жер комитеттері белгілейді және ол, төлемдерді шығарып тастағанда, «тиісті иесінің», *яғни помещиктің* қарамағына түседі.

Бұл эсерлердің шаруаларды үш жақтан бірдей алдауы, сондықтан бұл үш пункттің әрқайсысына толығырақ тоқталып өту керек.

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатовтың» 19 августағы 88-номерінде «Шаруа депутаттары Советтерінің 1917 жылы Петроградта болған Бүкіл россиялық I съезіне жергілікті орындардан депутаттар жеткізген 242 аманаттың негізінде жасалған үлгі тапсырма» басылды.

Жергілікті шаруалар сайламшылары жасаған *242 аманаттың бұл жиынтығы шаруалардың нені тілейтіндігін* талқылау үшін *өте жақсы* материал болып табылады. Сондықтан бұл аманаттар жиынтығы С. Л. Масловтың және эсерлер партиясының жобасы арқылы шаруалардың қалай алданып отырғандығын әбден айқын дәлелдейді.

Шаруалар жерге жеке меншік правосын жоюды, жеке иеліктегі және т. с. жерлердің *бәрін* тегін бүкіл халық дәулетіне айналдыруды, мәдениеті жоғары шаруашылықтары (бақтары, плантациялары және басқалары) бар жер учаскелерін «үлгілі учаскелерге» айналдыруды, оларды «тек қана мемлекеттің және қауым-

дардың пайдалануына» беруді, *«бүкіл* шаруашылық көлік малы мен құрал-саймандарын», т. т. конфискелеуді талап етеді.

Шаруалардың өздері берген 242 жергілікті аманаттың негізінде шаруалардың талаптары осылай дәл және айқын білдірілген.

Ал эсерлер партиясы мұның орнына буржуазиямен (капиталистермен) және помещиктермен «коалиция» (яғни одақ немесе келісім) жасасып, капиталистер мен помещиктердің үкіметіне қатыса отырып, енді *помещиктік меншікті жоймайтын,* қайта помещиктік жерлердің *бір бөлегін ғана уақытша аренда қорына* беретін жоба әзірлеп отыр!!

Бұл жоба бойынша бақтарды, плантацияларды, қант қызылшасы егістерін және басқаларын аренда қорына қосуға *болмайды!* Аренда қорына «жер иесінің өзінің, оның семьясының, қызметшілері мен жұмысшыларының керегін қанағаттандыруға, сондай-ақ қолындағы малын ұстауды қамтамасыз етуге» керекті жерлерді қосуға *болмайды!!*

Демек, қызылша-қант заводы, картоп заводы, май шығаратын кәсіпорны немесе диірмені, бақтары мен плантациялары, жүздеген бас малы, ондаған қызметшілері мен жұмысшылары бар бай помещиктің *үлкен шаруашылығы және оның үстіне капиталистік шаруашылығы* өз қолында қала береді. Эсерлер партиясы шаруаларды, міне, осындай арсыздықпен, осындай ұятсыздықпен алдады!

Помещиктік, немесе, жобада айтылғанындай, «жеке иеліктегі» жерлерді аренда қорына 1917 жылғы 21 апрельдегі заң бойынша *князь Львов* пен К^0-нің *помещиктік* үкіметі, Петроград жұмысшылары мен солдаттарының 20—21 апрельдегі қозғалысы арқылы, яғни бұдан тура жарты жыл бұрын талқандалған Милюков пен Гучковтың, империалистердің және халық бұқарасын тонаушылардың үкіметі құрған *жер комитеттері* енгізеді.

Бұл помещиктік үкіметтің жер комитеттері туралы заңының тіпті де демократиялық (халықтық) заң еместігі түсінікті. Мұның керісінше, бұл заңда демократизм-

нен сорақы шегінушіліктер толып жатыр. Мәселен, бұл заңның XI параграфы «губерниялық жер комитеттеріне болыстық және уездік комитеттердің шешімдерін жер жөніндегі бас комитет түпкілікті шешкенге дейін тоқтата тұру правосын» береді. Ал зымияндықпен жазылған бұл помещиктік заң бойынша комитеттер былай құрылған: уездік комитеттің демократияшылдығы болыстық комитеттің демократияшылдығынан, губерниялық комитеттің демократияшылдығы уездік комитеттің демократияшылдығынан, бас комитеттің демократияшылдығы губерниялық комитеттің демократияшылдығынан аз!

Болыстық жер комитетін түгелдей болыстың халқы сайлайды. Заң бойынша, уездік комитетке, мәселен, қауымдық судья, «уақытша атқару комитеттерінен» (жаңа өзін өзі басқару ұйымдастырылғанға дейін) 5 мүше кіреді. Губерниялық комитетке округтік соттың мүшесі мен қауымдық судья ғана емес, сонымен қатар министр *тағайындайтын* министрліктің өкілі де және т. т. кіреді. Ал жер жөніндегі бас комитетке «Уақытша үкіметтің шақыруы бойынша» 27 мүше кіреді! Бұған он бір саяси партиядан бір-бірден өкіл кіреді, соның өзінде орынның көбі (11 орыннан 6 орын) *кадеттерге, және олардан да оңшылдау тұрғандарға* берілген. Ал осының өзі Львовтың, Шингаревтің (заңға солар қол қойған) және олардың достарының зымияндығы емей немене? Мұның өзі помещиктерге жарамсақтанып, демократизмді қорлағандық емей немене?

Еңбекшілер бұқарасы сайлаған және қай уақытта болса да сол бұқара ауыстырып отыратын *шаруа депутаттарының Советтері* ғана шаруалардың еркін дұрыс білдіре алады және оны жүзеге асыра алады деп большевиктердің сан рет жасаған мәлімдемесін бұл толық дәлелдемей ме?

Шаруалардың санасыз аңқаулығы салдарынан шаруа Советтерінің Бүкіл россиялық Атқару Комитетінде көпшілік орын алған эсерлер шаруаларға *опасыздық істеді,* шаруа Советтерін *сатып кетті, помещиктер жағына шықты* және помещик князь Львовтың жер комитеттері

туралы заңына келісті. Эсерлердің шаруаларды екінші бір басты алдауы, міне, осы.

Деревняда бүкіл өкімет шаруа депутаттары мен ауыл шаруашылық жұмысшылары депутаттарының Советтеріне берілсін деген большевиктердің талабын біз, жұмысшы партиясы, соғұрлым аса зор табандылықпен қайталауымыз керек!

Шаруалардың аманаттары помещиктік жерлерді конфискелеуді, *тегін* алуды, жылқы заводтарын, жеке меншіктегі асыл тұқымды мал шаруашылықтары мен құс шаруашылықтарын конфискелеуді, мәдениеті жоғары участкелерді мемлекеттің пайдалануына беруді, помещиктік имениелердегі барлық көлік малы мен құрал-саймандарды конфискелеуді талап етеді.

Мұның орнына эсерлік министрдің жобасы шаруаларды бұрынғысынша помещиктің қалтасына барып түсетін *аренда ақысын сақтаумен* сыйлайды!

«Аренда ақысы,— делінген эсерлік жобаның 33-параграфында,—комитеттерге өткізіледі, бұл комитеттер» (қазынаға түсетін төлемдер және басқалары өтеліп болғаннан кейін) «қалғанын тиісті жер иесіне тапсырады».

Міне, «социалист-революционерлер» шаруаларды көпірме уәделермен осылай алдап, оларға *помещиктік-кадеттік* жер жобасын осылай ұсынды!!

Бұл — шаруаларды әбден алдағандық.

Шаруалардың конфискелеу жөніндегі талаптарынан мұнда мүлдем түк қалған жоқ. Бұл помещиктік жер иелігін конфискелеу емес, қайта «республикалық» үкіметтің оны *нығайтуы,* өйткені ол помещиктер үшін құрал-сайманды да, «қызметшілер мен жұмысшылар» ұстауға керекті жерді де, «жер иесінің қант қызылшасын және басқа техникалық дақылдар егуге» «арналған» («арналуының» өзі-ақ жеткілікті!!) жерін де, аренда қорына берілетін барлық қалған жер үшін *ақыны да сақтауды қамтамасыз етеді.* Жер комитеттері игі-жақсы жер иесі мырзалар үшін *аренда ақысын жинаушыларға* айналдырылады!!

Эсерлер помещиктік меншікті жоймайды, қайта нығайтады. Олардың помещиктер жағына көшкендігі,

олардың шаруаларға опасыздық істегендігі қазір айдан анық көрініп отыр.

Капиталистер мен помещиктердің сенімді достары — залым кадеттердің алдауына түсіп қалмау керек. Кадеттер эсерлердің жобасы тым «революцияшыл» деген сыңай көрсеткенсиді, сондықтан барлық буржуазиялық газеттерде жобаға *қарсы* шу көтерілуде, барлық жерде бірдей мұндай «сұмдық» заң жобасына буржуазиялық министрлердің (және, әрине, олардың Керенский сияқты тікелей құйыршықтарының) *«қарсылық білдіруі»* туралы заметкалар басылуда. Мұның бәрі — комедия, арбасу, эсерлердің тұрлаусыздығын көріп, онымен саудаласу арқылы көбірек ұтсам деп үміттенетін саудаласушы көпестің тойымсыз талабы. Ал іс жүзінде С. Л. Масловтың жобасы — помещиктермен келісімге келу *үшін,* оларды құтқарып қалу *үшін* жазылған *«помещиктік»* жоба.

Егер «Дело Народа» аталған номерлерінде бұл жобаны «жерді социализациялаудың (!!!) ұлы (!!) реформасын бастап беретін (!) жер туралы үздік заң жобасы» деп атап отырса, онда бұл — таза шарлатандық. Жобада титтей де «социализациялау» (помещиктің аренда ақысын қалай да алуына «әлеуметтік» жәрдем көрсетуден басқа) жоқ, «революциялық-демократиялық» түк те жоқ, жалпы алғанда европалық *буржуазиялық реформаторлықтағы* дағдылы ирландтық типтегі «реформалардан»[128] басқа түк те жоқ.

Қайталап айтамыз: бұл жоба — помещиктерді құтқарып қалу *үшін,* помещиктерге керекті басты пәрселерді сақтап, басталып кеткен шаруалар көтерілісін болмашы жеңілдіктер жасау арқылы «тыпыштандыру» *үшін* жасалған жоба.

Эсерлердің үкіметке мұндай масқара жоба енгізуі большевиктерді өкіметтің Советтерге көшуі жөніндегі жоспарларды ұсыну арқылы Құрылтай жиналысына «бөгет жасады» деп жазғыратын құлақ естімеген екіжүзділікті айқын ашып береді. «Құрылтай жиналысына дейін не бары 40 күн қалды»,— деп кадеттер, капиталистер, помещиктер, меньшевиктер мен эсерлер екіжүзділікпен даурығып жүр! Ал сол шуды пайдаланып,

шаруаларды *алдайтын*, оларды помещиктерге *кіріптар ететін*, жерге помещиктік меншікті *нығайтатын* жер туралы аса үлкен заң жобасын үкіметке енгізуде.

Өрістеп келе жатқан шаруалар көтерілісіне қарсы помещиктерді қолдау керек болған кезде Құрылтай жиналысынан 40 күн бұрын да, одан 30 күн бұрын да орасан үлкен заң жобасын бекіттіріп жіберуге *«болады»*.

Ал *барлық* жерді шаруаларға беру *үшін*, жерге помещиктік меншікті *дереу* жою үшін, *дереу* әділетті бітім ұсыну үшін бүкіл өкіметті Советтерге беру туралы әңгіме болған кезде,—о, онда кадеттер, капиталистер, помещиктер, меньшевиктер мен эсерлер большевиктерге қарсы жапа-тармағай шу көтереді.

Эсерлер партиясының шаруаларды қалай алдағанын, оның шаруаларды помещиктерге қалай сатып кеткенін шаруалар білетін болсын.

Жұмысшы партиясы ғана, *большевиктер* ғана капиталистерге *қарсы*, помещиктерге *қарсы*, *ең кедей* шаруалар мен *барлық* еңбекшілердің мүдделерін ақырына дейін, жан-тәнімен жақтайтынын шаруалар білетін болсын.

20 октябрь, 1917 ж.

1917 ж. 6 ноябрьде (24 октябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 41-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

Я. М. СВЕРДЛОВҚА ХАТ

Свердлов жолдасқа.

Каменевтің «Новая Жизньде» жазғанына өзінің қатысы барын Зиновьевтің *жазбаша түрде* теріске шығарғанын кеше кешке ғана білдім.

Сіздің маған еш нәрсе жібермей отырғаныңыз қалай???

Каменев пен Зиновьев туралы жазылған хаттардың бәрін де мен Орталық Комитеттің мүшелеріне *ғана* жіберіп отырдым.— Сіз мұны білесіз; ал енді осыдан кейін барып Сіздің бұған шүбәланатын сияқты болуыңыз таңқаларлық нәрсе емес пе.

Пленумда мен, сірә, бола алмайтын шығармын, өйткені мені «аңдып жүр». Зиновьев пен Каменевтің ісі жөнінде, егер *сіз* (+Сталин, Сокольников және Дзержинский) ымыраға келуді талап етеді екенсіз[129], онда істі партия сотына беру туралы маған *қарсы* ұсыныс енгізіңіз (Зиновьевтің де істі қасақана *бүлдіргені* айқын факт): бұл кейінге қалдыру болады.

«Каменевтің орнымнан түсемін дегені қабылданды ма»? Орталық Комитеттен шығуы ше? Оның арызының текстін жіберіңіз.

Казактар демонстрациясының қойдырылуы[130] орасан зор *жеңіс*. Ура! *Б а р к ү ш і м і з д і* жұмсап *ш а б у ы л ж а с а й б е р с е к*, біз бірнеше күннің ішінде толық жеңіп шығамыз! Ізгі сәлем! Сіздің.

1917 ж. 22 немесе 23 октябрьде (4 немесе 5 ноябрьде) жазылған

Бірінші рет 1957 ж. мына кітапта басылған: «Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісі», М., СССР Ғылым академиясының баспасы

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ[131]

Жолдастар!

Мен бұл жолдарды 24-і күні кешке жазып отырмын, жағдай мейлінше қысыл-таяң. Енді шынында да көтерілісте кешеуілдеу өліммен тең екені қазір айдан анық.

Қазір бәрі қыл үстінде тұрғанына, кеңестермен, съездермен (тіпті керек десе, Советтердің съезімен де) шешілмейтін, қайта тек қана халықтар, бұқара, қарулы бұқараның күресі шешетін мәселелер кезекте тұрғанына жолдастарды бар күшімді салып сендіремін.

Корниловшылдардың буржуазиялық қысымы, Верховскийдің аласталуы күтуге болмайтынын көрсетеді. Қайткен күнде де, бүгін кешке, бүгін түнде юнкерлерді және т. б. қарусыздандырып (егер қарсыласатын болса, жеңіп), үкіметті тұтқынға алу керек.

Күтуге болмайды!! Бәрінен айрылып қалуымыз мүмкін!!

Дереу өкіметті алудың есесі: Верховскийді қуып шыққан, сөйтіп екінші корниловтық заговор жасап отырған корниловтық үкіметтен *халықты* (съезді емес, халықты, ең алдымен армия мен шаруаларды) қорғау болады.

Өкіметті кім алуға тиіс?

Қазір маңыздысы бұл емес: өкіметті мейлі Әскери-революциялық комитет[132] алсын немесе өкіметті халық мүдделерінің, армия мүдделерінің (дереу бітім ұсыну), шаруалар мүдделерінің (жерді дереу алуға, жеке меншікті жоюға тиіс), ашыққандар мүдделерінің шын

өкілдеріне ғана тапсыратындығын мәлімдейтін «басқа бір мекеме» алсын, бәрі бір.

Барлық аудандар, барлық полктер, барлық күш дереу күреске жұмылдырылуы керек және ешбір ретте, ешбір жағдайда өкіметті Керенскийдің және оның сыбайластарының қолында 25-не дейін қалдырмауды, істі қайтсе де бүгін кешке немесе түнде шешуді қатты талап етіп, Әскери-революциялық комитетке, большевиктердің Орталық Комитетіне дереу делегациялар жіберуі керек.

Бүгін жеңіп шыға алатын (бүгін қалай да жеңетін) революционерлердің кешеуілдеуін тарих кешірмейді, өйткені ертең көп нәрседен айрылу қаупі туып отыр, бәрінен жұрдай болу қаупі туып отыр.

Өкіметті бүгін қолға алғанда, біз оны Советтерге қарсы қою үшін емес, қайта солар үшін аламыз.

Өкіметті алу—көтерілістің ісі; оның саяси мақсаты өкіметті қолға алғаннан кейін айқындалады.

25 октябрьдегі қобалжыған дауыс беруді күтіп отыру мерт болу немесе формальды нәрсе ғана болар еді, мұндай мәселелерді халық дауыс берумен емес, күшпен шешуге праволы және міндетті; революцияның қысылшаң кезеңдерінде халық өзінің өкілдерін күтіп отырмай, қайта ол өкілдерін, тіпті өзінің таңдаулы өкілдерін де, бағыттап отыруға праволы және міндетті.

Мұны барлық революциялардың тарихы дәлелдеді, сондықтан егер революционерлер *революцияны құтқарып қалу*, бітім ұсыну, Питерді аман алып қалу, ашаршылықтан құтқару, жерді шаруаларға беру өздеріне байланысты екенін біле тұрып, уақытты өткізіп алса, олардың қылмысында шек болмас еді.

Үкімет қобалжып отыр. Оны қайткен күнде де *талқандап бітіру* керек!

Көтерілісте кешеуілдеу өліммен тең.

1917 ж. 24 октябрьде (6 ноябрьде) жазылған
Бірінші рет 1921 ж. басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ЛИСТОВКАҒА БЕРІЛЕТІН ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЫ[133]

Листовкаға мынадай қосымшалар берілсін:

Қосымшада мынаны енгіземіз:

I. *Шаруалардың тілейтіні не?* «Известия Крестьянских Депутатовтың» 19 августағы 88-номеріндегі «үлгі аманаттың» толық тексті.

II. *Эсерлер партиясы шаруаларды қалай алдады?*
Эсерлердің, олардың министрі Масловтың, жобасының 18 октябрьде «Дело Народада» (4-бет) басылған бөлімінің толық тексті.

III. *Большевиктер шаруалар үшін нені талап етеді.*
РСДРП, большевиктер, Апрель конференциясының аграрлық мәселе туралы қарарының толық тексті.

IV. *«Помещиктер кадетсымақтармен тіл табысып алды»—«Дело Народаның» бағалы мойындауы*
(мақаласымақ қоса тіркеліп отыр).

1917 ж. 20 октябрьде (2 ноябрьде) жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОСЫМШАЛАР

ЕСТЕ ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ЖАЗБАЛАР[134]

|| Қалпаққа арналған лента (қара лента)

тіс тазартатын порошок (ақ, *б о р*)

|| шаш қиятын машинка (поль номерлі)

қырынуға арналған сабын жаққыш
қырынуға арналған ыдыс (металл)
қырынуға арналған порошок (сабын)
тіс тазартқыш (қауырсыннан жасалған)
нан
Гельсингфорстың жоспары
желім: кішкене құты
|| ине мен қара жіп
жай конверттер

|| «Социал-Демократ» № 47
қызыл және көк қарындаш
бәкі
сия қарындаш
қаламұш
қаламсап
саяси жағдай туралы (съезге) менің тезистерім[135]
|| шведше және финше полиглот

Советтер съезінде соғыс туралы сөйленген сөз
«Правда», «Известия»
«Anti-Dühring»
«3—4. VII-ді бағалау жөнінде»?
Socialist Labour Party-дегі Рейнштейн
Otto Bauer??
Спиридонованың журналы[136]
1) апта сайын: Haparand-тағы адреске
2) шифр
3) шартты открыткалар.

1917 ж. 12 (25) августан кешірек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА ДАУЫСҚА ТҮСУГЕ КЕЛІСІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕКІ МӘЛІМДЕМЕ[137]

1

МӘЛІМДЕМЕ

Мен, төменде қол қоюшы, Владимир Ильич Ульянов, осы мәлімдемем арқылы Солтүстік майданнан Құрылтай жиналысына дауысқа түсуге келісім беремін және РСДРП (большевиктер) армия ұйымы ұсынған тізімге енгізу тәртібіне қарсы емеспін.

Владимир Ильич Ульянов

Адрес: Петроград, Широкая көшесі, 48-үй, 24-пәтер.

2
МӘЛІМДЕМЕ

Мен, төменде қол қоюшы, Владимир Ильич Ульянов, осы мәлімдемем арқылы Балтық флотынан Құрылтай жиналысына дауысқа түсуге келісім беремін және РСДРП (большевиктер) флот ұйымы ұсынған тізімге енгізу тәртібіне қарсы емеспін.

Владимир Ильич Ульянов

Адрес: Петербург, Смольный институты, 18-бөлме.

1917 ж. кеш дегенде 12 (25) октябрьде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

В. И. Ленин қол қойған мәлімдеме бланкісі бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль—октябрь, 1917)

РСДРП(б) VI СЪЕЗІ ҚАРАРЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

В. И. Ленин астыртын жағдайда жүріп, РСДРП(б) VI съезінің жұмысына басшылық етті. Ол съездің аса маңызды қарарларының жобаларын талдап әзірлеп, жазуға ат салысты. Мұны мына деректер дәлелдейді. Съезде ұйымдастыру бюросының баяндамасында Я. М. Свердлов былай деді: «...қатыспаған жолдастардың қарарларын алу үшін және олардың ұсынылып отырған қарарларға көзқарасын анықтау үшін не керектің бәрі істелетін болады» («РСДРП (большевиктер) алтыншы съезі. Август, 1917 жыл. Протоколдар». М., 1958, 8-бет). VI съезге делегат болған А. В. Шотман өзінің естеліктерінде былай деп жазды: съезде председательдік еткен Я. М. Свердлов В. И. Лениннің қолымен жазылған қарарларды дауысқа қойды (қараңыз: А. Шотман. «Ленин жолдас астыртын жағдайда. (Июль—октябрь, 1917 жыл)». «Правда» № 251, 6—7 ноябрь, 1921 ж., 6-бет). В. И. Лениннің VI съезд қарарларының жобаларын дайындауға қатысқанын басқа да естеліктер растайды. Алайда В. И. Ленин дайындаған қарарлар жобаларының қолжазбалары, сондай-ақ басқа адамдар жазып, Ленин түзетулер енгізген және ескертулер жасаған қарарлар жобаларының қолжазбалары осы уақытқа дейін табылған жоқ.

«БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ (III ЦИММЕРВАЛЬД КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ)» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫ

«Біздің партияның Интернационалдағы міндеттері (III Циммервальд конференциясы жөнінде)» (қараңыз: осы том, 305—307-беттер) деген аяқталмаған мақаланы Ленин 1917 жылғы 28 сентябрьден (11 октябрьден) кешірек жазған. В. И. Ленин Шығармаларының 3-басылуының XXX томында және 4-басылуының 26-томында, сондай-ақ осы томда да мақаланың басы қолжазбаның сақталып қалған бөлегі бойынша жарияланған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы мақала қолжазбасының 1924 жылы Н. К. Крупская табыс еткен бірінші парағы сақтаулы. Мақалаға берілген қысқаша кіріспеден Лениннің мақаланы үш бөлім етіп жазбақшы болғаны көрініп тұр. Конференция туралы оның қолында қандай мәліметтердің бар екенін корсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Әуелі, осы мәліметтерге сүйене отырып, жалпы конференция туралы айтпақпыз, ал содан соң оған баға беруге және біздің партияның міндеттеріне баға беруге кошеміз» (осы том, 305-бет). Мақала қолжазбасының сақталып қалған бірінші парағында, кіріспеден басқа, мақаланың бірінші бөлімінің басы жазылған. Мақаланың кіріспесінен көрініп отырғанындай, мақаланың бірінші бөлімін, сондай-ақ келесі екі болімін де аяқтау үшін Лениннің қолында материал толық болған. Сонымен қабат Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде III Циммервальд конференциясының жұмысы туралы оның жұмысына РСДРП(б)-ның өкілі ретінде қатысқан Н. А. Семашконың егжей-тегжейлі баяндамасы сақтаулы. Мақаланы жазу үстінде Ленин осы баяндамаға белгілер салып, астын сызып отырған.

Қолжазба үзілетін соңғы сөздерде Ленин конференция құрамының «ала-құла» болғанын және ол қабылдаған қарарлардың сағыздай созылған, компромистік сипаттағы қарарлар екепін айта келіп, былай деп жазды: «мұның мысалдары мен дәлелдерін біз қазір-ақ көреміз...» (осы том, 307-бет). Демек, Ленин мақаланы аяқтау жөніндегі жұмысты «қазір-ақ» жалғастырмақ болған. Осының бәрі Ленин мақаланы жазып бітірген деп жорамалдауға дәлел. Алайда мақаланың соңғы бөлімінің қолжазбасы осы уақытқа дейін табылған жоқ.

«ДАҒДАРЫС ПІСІП ЖЕТТІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ТАРАУЫ

«Дағдарыс пісіп жетті» (қараңыз: осы том, 308—320-беттер) деген мақаланы Ленин 1917 жылғы 29 сентябрьде (12 октябрьде) жазған және мақала алты тараудан құралған. Бұлардың ішінде бес тарауын Ленин баспасөзге арнап жазған, алтыншы, соңғы тарауы *«Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің, Москва комитетінің* және *Советтерінің* мүшелеріне таратып беру үшін» арналған. Бұл мақаланың қолжазбасы тек ішінара ғана сақталған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың бесінші және алтыншы тарауларының 1924 жылы Н. К. Крупская табыс еткен қолжазбасы сақтаулы. Мақала бірінші рет жарық корген «Рабочий Путь» газетінің 1917 жылғы 20(7) октябрьдегі 30-номерінде мақаланың бес тарауы емес, төрт тарауы басылды. Бастырған кезде мақаланың бір тарауы түсіп қалған. Газетте мақаланың бесінші тарауы төртінші тарау деп жарияланды,

мұның өзі газет текстін бесінші тараудың қолжазбасымен салыстырған кезде анықталды. Сонымен, Лениннің «Дағдарыс пісіп жетті» деген еңбегінің «Рабочий Путьте» басылмаған бір тарауы осы уақытқа дейін белгісіз болып отыр.

ХАТТАР МЕН ЗАПИСКАЛАР

В. И. Лениннің астыртын жағдайда жүріп, Н. К. Крупскаяға табыс етуге арналған запискалары туралы Л. П. Парвиайнен өзінің естеліктерінде жазады; Ленин Ялкала (Финляндия) деревнясында біраз уақыт Парвиайненнің семьясында тұрған. «...мен,—деп жазады ол,—Надежда Константиновнамен кездесіп, оған Владимир Ильичтің запискаларын беріп жүрдім. Запискалар өте шағын, бірнеше сөзден тұратын, цифрлар, мен түсініп болмайтын белгілер болатын» (Ленин—Октябрьдің көсемі. Петроград жұмысшыларының естеліктері. Л., 1956, 179-бет). Астыртын жағдайда жүргенде В. И. Ленинмен хаттар алып отырғанын Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде жазады: «Ильичпен Ялава жолдас арқылы да байланыс жасап тұрдық, кейін Ильичтің берген хаттарын алу үшін оған мен талай рет барып жүрдім... Ильич Гельсингфорсқа келіп орныққан кезде, ол маған құпия түрде хат жазып, келіп қайтуға шақырды, адресін хабарлады, тіпті ешкімнен сұрамай-ақ қалай келуге болатынын көрсеткен жоспарын сызып жіберді» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 300-бет).

Г. К. Орджоникидзенің «Ильич июль күндерінде» деген естеліктерінде В. И. Лениннің партияның басшы қайраткерлеріне жолдаған хаттары туралы айтылады. Э. А. Рахья «1917 жылғы Октябрь көтерілісі алдындағы соңғы күндердегі Владимир Ильич Ленин туралы» деген естеліктерінде (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтында сақтаулы) Лениннің Выборгтан Петроградқа келуін әзірлеу туралы мәселе жөнінде В. И. Ленин Выборгтан жазып, Н. К. Крупская арқылы табыс етілген «тілдей қағаздағы» записка жайында баяндалады.

Н. К. Крупскаяға, партияның басшы қайраткерлеріне және басқа адамдарға жолданған хаттар мен запискалар осы уақытқа дейін белгісіз болып келді. Бұлардың бір бөлегінің құпиялықты сақтау мақсатымен қолма-қол жойылғаны сөзсіз. Алайда олардың кейбіреулерінің сақталып қалуы да мүмкін.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] В. И. Ленин 1917 жылы 10 (23) июльде жазған *«Саяси жағдай»* деген тезистер жұмысшылар мен солдаттардың 4 (17) июльдегі демонстрациясына оқ атылғаннан кейінгі жерде өзгерген саяси жағдайға және бүкіл өкімет билігінің контрреволюциялық Уақытша үкіметтің қолына көшуіне байланысты большевиктік партияның жаңа тактикалық бағытын белгілеп берді. Тезистер РСДРП(б) Орталық Комитетінің Петербург комитетінің, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның, Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің және Москва округтік комитетінің өкілдерімен бас қосып, 1917 жылғы 13—14 (26—27) июльде болған кеңейтілген кеңесінде талқыланды.

Лениннің «Саяси жағдай» деген тезистері мақала түрінде 1917 жылы 2 августа (20 июльде) «Саяси ниет» деген атпен жұмысшы және солдат депутаттары Кронштадт Советінің большевиктер фракциясының органы—«Пролетарское Дело» газетінде жарияланды; бұл газет июль күндерінде Уақытша үкімет жауып тастаған Кронштадттағы большевиктік «Голос Правды» газетінің орнына шығып тұрған еді. Тегінде, қолжазбаны баспаға дайындауға байланысты мақаладағы «Төрт тезис» деген тақырыпша, 1, 2, 3, 4 пункттер, «тезисті», «титтей де» деген сөздер, сондай-ақ мақаланың соңы («Дереу барлық жерде...» деген сөздерден бастап) сызылып тасталған болу керек; «қарулы көтеріліс» деген сөздер «батыл күрес» деген сөздермен алмастырылған. Осы басылуында Ленин тезистерінің тексті қолжазба бойынша толық қалпына келтірілді. — *1.*

[2] 3—5 июльдегі оқиғалардан кейін елдегі өкімет билігі бүтіндей контрреволюциялық Уақытша үкіметтің қолына көшті.

Бұл оқиғалар елдегі аса терең саяси дағдарыстың көрінісі болды. Майданда орыс әскерлерінің 18 июньде (1 июльде) Керенский бастаған шабуылының күйреуі, империалистердің мүддесі үшін жаңа құрбандықтарға ұшырау, капиталис-

тердің кәсіпорындарды жауып тастауына байланысты жұмыссыздықтың көбеюі, қымбатшылықтың өсуі және азық-түліктің қатты тапшылығы жұмысшылар мен солдаттардың қалың бұқарасы арасында Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатына деген ашу-ыза дүмпуін туғызды. 3 (16) июльде стихиялы түрде демонстрациялар басталды, бұлар Уақытша үкіметке қарсы қарулы күреске ұласу қаупін туғызды.

Большевиктер партиясы ол кезеңде қарулы күреске шығуға қарсы болды, өйткені революциялық дағдарыс әлі пісіп жеткен жоқ, армия мен провинция астанадағы көтерілісті қолдауға әзір емес деп есептеді. Орталық Комитеттің 3 (16) июльде Петроград комитетімен және РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйыммен бірге өткізілген мәжілісінде бой көрсетуге шығудан тоқтала тұру ұйғарылды. Дәл сол кезде өтіп жатқан большевиктердің Петроград жалпы қалалық екінші конференциясы да осындай шешім қабылдады. Конференция делегаттары бұқараны бой көрсетуге шығудан тоқтату үшін аудандарға аттанды. Бірақ бой көрсету бәрібір басталып кеткен еді, сондықтан оны тоқтату енді мүмкін болмай қалды.

Бұқараның пиғылын ескере отырып, Орталық Комитет Петроград комитетімен және Әскери ұйыммен бірлесіп, 3 (16) июльдің кешінде 4 (17) июльдегі демонстрацияға қатысу, сөйтіп оған бейбіт және ұйымдасқан сипат беру туралы шешім қабылдады. Ленин ол кезде Петроградта жоқ болатын: қатты шаршағандықтан сырқаттанып қалып, бірнеше күнге қала сыртына барып демалуға кеткен еді. Оқиғалар туралы хабар алған Ленин 4 (17) июльде таңертең Петроградқа қайтып келіп, өрістеп бара жатқан оқиғаларға басшылықты өз қолына алды.

4 (17) июльдегі демонстрацияға 500 мыңнан астам адам қатысты. Демонстрация большевиктердің «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген және басқа да ұрандарымен өтті. Демонстрацияшылар 90 адамнан өкіл болді, олар Советтердің Орталық Атқару Комитетіне бүкіл өкімет билігін Советтерге беру туралы талапты табыс етті. Алайда эсер-меньшевиктік лидерлер өкімет билігін қолға алудан бас тартты.

Уақытша үкімет меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитетінің ырзалығы мен келісуі бойынша демонстрацияны қарулы күшпен басып-жаншуды ұйғарды. Жұмысшылар мен солдаттардың бейбіт демонстрациясына қарсы юнкерлік және контрреволюциялық казак полктері жіберілді. Олар демонстрацияшыларға оқ жаудырды. Майданнан реакциялық пиғылдағы әскери бөлімдер шақырылды.

Орталық Комитет пен Петроград комитеті мүшелерінің июльдің 4-нен 5-пе (17-нен 18-пе) қараған түнде В. И. Лениннің басшылығымен өткен кеңесінде демонстрацияны ұйымдасқан түрде тоқтату туралы шешім қабылданды. Му-

ның өзі дер кезінде шегіне біліп, революцияның негізгі күштерін талқандалудан сақтап қала алған партияның дұрыс қадамы еді.

Буржуазиялық Уақытша үкімет демонстрацияны талқандағаннан кейін де жазалауды жүргізе берді. Ол әсіресе большевиктік партияға қарсы ерекше өшпенділікпен шүйлікті. Большевиктік «Правда», «Солдатская Правда» және басқа газеттер жабылды. Жұмысшыларды қарусыздандыру, тұтқынға алу, тінту, ойрандау басталды. Петроград гарнизонының демонстрацияға қатысқан революцияшыл әскер бөлімдері таратылып, майданға жіберілді. Меньшевиктер мен эсерлер іс жүзінде контрреволюциялық жендеттік әрекеттің қатысушылары және жәрдемшілері болып шықты. — *1.*

3 *Кадеттер партиясы* (конституциялық-демократиялық партия)—Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Кадеттер бұдан былай империалистік буржуазияның партиясына айналып кетті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды контрреволюциялық саясат жүргізді.

1917 жылы 2 (15) июльде кадеттер (министрлер Мануйлов А. Л., Шаховской Д. И., Шингарев А. И.) Уақытша үкіметтің құрамынан шықты. Одан шығуға Уақытша үкіметтің сол күнгі қабылдаған украин мәселесі жөніндегі қаулысымен бұлардың келіспеушілігі сылтау болды. Ал шындығында бұл әрекет: эсерлер мен меньшевиктердің лидерлері өкімет басында жалғыз қалудан қорқады, сөйтіп революцияны тұншықтыру саясатын батыл жүргізу және бүкіл мемлекеттік өкімет билігін түгелдей буржуазиялық Уақытша үкіметке беру ісінде кадеттерге икемділік жасауға барады деген үйғарымнан туған еді. Ленин «Кадеттер министрліктен кеткенде не ойлап кетті?» деген мақаласында кадеттер партиясының бұл айла-шарғысының контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 456—457-беттер).

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына қатысты. Интервенттер мен ақ

гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда жүріп, кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. — *1.*

[4] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы—1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», социалист-революционерлер партиясы, т. т.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлер меньшевиктермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Авксентьев, Керенский, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, дұшпандық әрекетін тоқтатпады. — *1.*

[5] Газетте жарияланған *«Новая Жизнь» редакциясына хатқа* сондай-ақ Г. Зиновьев пен Ю. Каменев те қол қойған.

«Новая Жизнь» («Жаңа Өмір»)—күнделікті газет; 1917 жылғы 18 апрельден (1 майдан) 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды. «Летопись» журналының маңына топтасқан бір топ интернационалист-меньшевиктер мен жазушылар газетті құрудың инициаторы болды.

Ленин «новожизньшілдерді» сипаттай келіп, олардың пиғылдарында «принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм... басым болып отыр» (осы том, 118-бет) деп атап көрсетті және оларды мысқылдап «интернационалистсымақтар», «марксистсымақтар» деп атады.

2 (15) июльде Керенский үкіметі «Новая Жизньді» жауып тастады, содан 1917 жылғы 8 (21) сентябрьге дейін газет «Свободная Жизнь» деген атпен шығып тұрды.

Газет Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылғы 1 июньнен бастап газеттің екі басылымы: петроградтық және москвалық басылымы шығарылды. 1918 жылы июльде оның екі басылымы да жабылды.—7.

6 Бұл арада күнделікті большевиктік жария газет—*«Правда»* («Шындық») айтылып отыр. 1917 жылғы июльдің 4-нен 5-не (17-нен 18-не) қараған түні «Правда» редакциясының үйін юнкерлер мен казактар талқандады.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім 1912 жылы январьда болған РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының жұмысы барысында қабылданды.

«Правда» газетінің бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды, газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды.

«Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Орталық және Петербург комитеттерінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. 1914 жылы 8 (21) июльде газет жабылды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5 (18) марттан бастап «Правда» РСДРП Орталық және Петербург комитеттерінің органы ретінде шыға бастады.

Ленин Петроградқа келгеннен кейін редакция құрамына енді, сөйтіп «Правда» буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың лениндік жоспары үшін күресті өрістетті.

1917 жылы июль—октябрьде контрреволюциялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын бірнеше рет өзгертті, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь

социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап газет өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революция тарихында «Правданың» маңызы ерекше зор. Партия саясатын жүзеге асыру жолындағы, партиялылық жолындағы күресте газет коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды, жойымпаз-меньшевиктермен, шақырымпаздармен, троцкистермен батыл күрес жүргізді, олардың сатқындық ролін әшкерелеп отырды. «Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күресті. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Ол партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарының топтасуына, оның бұқарамен байланысының нығаюына көмектесті. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңызды орын алады. «Правда» тұңғыш рет жария түрде шығарылған бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россия жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. «Правданың» бірінші номері шыққан күн 1914 жылдан бастап жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

Ленин мына мақалаларында «Правдаға» баға берді: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар және «Правда»», «Жұмысшы табы және жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» онжылдық мерекесіне» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 21-том, 472—489-беттер; 22-том, 77—79-беттер; 25-том, 249—258, 411—423, 464—472-беттер, Шығармалар, 33-том, 345—348-беттер) және басқалар. — *7.*

7 *«Живое Слово»* («Нақты Сөз»)—дөрекі-қаражүздік сарындағы күнделікті газет; әуелі «Новая Маленькая Газета», одан соң, 1917 жылғы 8 (21) марттан—«Живое Слово» деген атпен 1916 жылдан Петроградта А. М. Уманскийдің редакциялауымен шығып тұрды. 1917 жылғы августан бастап «Слово», ал одан соң «Новое Слово» деген атпен шығарылды. Газет большевиктерге қарсы өршелепген жалақорлық науқан жүргізді. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет оны 1917 жылғы октябрьде жауып тастады. — *7.*

8 *«Социал-Демократ»*—құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығарылып тұрды. Россияда газеттің 1-номері шыққаннан

кейін оны шығару шетелге көшірілді; 2—32-номерлері (февраль, 1909—декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914—январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында халықаралық оппортунизмге, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте, большевиктік ұрандарды насихаттауда, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын империалистік соғысқа және оның дем берушілеріне қарсы күреске оятуда «Социал-Демократ» аса көрнекті роль атқарды. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализм бастапқыда аздаған немесе тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны ол алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияда таратылуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтерін топтастыру ісінде «Социал-Демократ» зор роль атқарды. Соғыс жағдайынан туған кедергілердің бәрін жеңе отырып, «Социал-Демократ» көптеген елдерге жол таба білді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде «Социал-Демократтың» сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей «тұра алмайды» деп жазды. — *7.*

9 *«Бюллетень «Правды»»* (««Правданың» Бюллетені») 1917 жылғы июньнен ноябрьге дейін «Russische Korrespondenz «Prawda»» (««Правданың» Орыстық Бюллетені») деген атпен Стокгольмде неміс тілінде шығып тұрды. РСДРП(б) Орталық Комитетінің шетелдік өкілдігі шығарып тұрды. Бюллетеньде Россиядағы революцияның аса маңызды мәселелері жөнінде мақалалар, партия мен елдің өмірін баяндаған документтер, шолулар, хроника жарияланып тұрды. Бюллетень француз тілінде де шығарылды. — *8.*

10 Қаражүздік «Живое Слово» газетінде Ленинге зұлымдық жала жабылған материал жарияланғаннан кейін жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті 1917 жылы 5 (18) июльде боль-

шевиктік фракцияның талабы бойынша В. И. Ленинге және басқа большевиктерге қарсы жабылған жалақорлық айыптауларды тексеру үшін комиссия құрды. Бірақ Уақытша үкімет «1917 жылғы 3—5 июльде Петроград қаласында мемлекеттік өкіметке қарсы қарулы көтерілісті ұйымдастыру туралы» істі тексеру Петроград сот палатасы прокурорының қолында жиналатын болады деген қаулы қабылдасымен-ақ, Орталық Атқару Комитетінің тергеу комиссиясы өз өкілдігін тоқтатып, 9 (22) июльде «Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов» газетінде мәлімдеме жариялады; онда комиссия «оз қызметін тоқтатады және өзі жинаған материалдарды үкімет комиссиясының қарамағына береді» деп хабарлады. 13 (26) июльде жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті мен шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық Советі Атқару комитетінің біріккен мәжілісінде меньшевиктер мен эсерлер қарар қабылдатып, онда Лениннің сотқа барудан жалтаруына ешбір жол беруге болмайды деп санайтынын мәлімдеді. Қарарда сот орындары айып таққан адамдардың бәрі Советтердің жұмысына қатысудан шеттетіледі деп атап корсетілді. — *8.*

[11] В. И. Ленин бұл арада *«Дрейфус ісі»* деп аталатынды— 1894 жылы француз соғыс құмарларының реакциялық-монархистік топтары француз бас штабының офицері—еврей Дрейфусқа қарсы ұйымдастырған арандатушылық процесті айтып отыр; Дрейфусқа шпиондық және мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айып тағылды. Реакцияшыл соғыс құмарлардың әдейі ұйымдастыруымен өмір бойы тұтқында болуға үкім шығарылған Дрейфустың сотталуын Францияның реакциялық топтары антисемитизмді өршіту және республикалық режим мен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуылға шығу үшін пайдаланды. 1898 жылы социалистер және буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар бар) Дрейфустың ісін қайта қарау үшін науқан ашқан кезде, бұл іс бірден ашық саяси сипат алды және елді екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтар лагеріне, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогы лагеріне бөлді. 1899 жылы жұртшылық пікірінің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалып, ол босатылды; 1906 жылы кассациялық соттың шешімі бойынша ол кінәсыз деп танылып, армияға қайта алынды. — *9.*

[12] Газетте жарияланған *«Пролетарское Делоның» редакциясына хатқа* Г. Зиновьев те қол қойған.

Петроградтағы июль демонстрациясы талқандалғаннан кейін В. И. Ленин 5, 6 және 7 (18, 19 және 20) июльде

буржуазиялық Уақытша үкіметтің оны қудалауына байланысты қауіпсіз баспана іздеп, бір пәтерден екінші пәтерге ауысып отырды. 7 (20) июльде Уақытша үкімет В. И. Ленинді және большевиктік партияның басқа да көрнекті қайраткерлерін тұтқынға алу туралы қаулы шығарды. Соның өзінде Уақытша үкімет істі сотқа дейін жеткізу ниетінде болған жоқ; кейіннен анықталғанындай, Ленинді тұтқынға алу міндеті жүктелген юнкерлер өкімет орындарынан жолшыбай Ленинді өлтіру жөнінде тапсырма алған.

Жалақорлық айыптауларға қатты ашынған В. И. Ленин әуел баста Уақытша үкіметтің сотына бармақшы да болды. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің Бюросына жолдаған хатында Ленин 7 (20) июльге қараған түнде оның пәтеріне (Широкая көшесі, 48/9 үй, 24-пәтер) тінту жүргізілуіне наразылық білдіре келіп, өзінің тұтқындалатыны жөнінде: егер Орталық Атқару Комитеті Уақытша үкіметтің оны тұтқынға алу туралы қаулысын қолдайтын болса, өзінің оған бағынатынын айтып жазды. Меньшевиктік-эсерлік көсемдер Уақытша үкіметтің қаулысын қолдады.

7 (20) июльдің кешінде қарт большевик, жұмысшы С. Я. Аллилуевтің пәтерінде,—бұл кезде Ленин осы үйде жасырынып жүрген еді,—Орталық Комитет мүшелері мен бірқатар партия қызметкерлерінің кеңесі болды. Кеңеске В. И. Ленин, В. П. Ногин, Г. К. Орджоникидзе, И. В. Сталин, Е. Д. Стасова және басқалар қатысты. Ленин контрреволюциялық Уақытша үкіметтің сотына бармауға тиіс деген шешім қабылданды. 8 (21) июльде жазылып, ол кезде жарияланбаған «Большевиктік лидерлердің сотқа бару мәселесі жөнінде» деген мақаласында Ленин большевиктердің буржуазиялық Уақытша үкіметтің сотына өз еріктерімен неліктен бармауға тиіс екенін түсіндіре келіп, июль күндерінен кейін елдегі өкімет билігі іс жүзінде реакцияшыл соғыс құмарлардың қолына көшті, сондықтан ешқандай әділ сот жоқ және болуы да мүмкін емес деп көрсетті. «Сот емес, интернационалистерді қуғындау, *өкіметке керегі* міне осы»,—деп жазды ол (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 489-бет).

В. И. Лениннің сотқа баруы туралы мәселе 1917 жылы 13—14 (26—27) июльде РСДРП(б) Орталық Комитетінің Петербург комитетінің, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның, Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің және Москва округтік комитетінің өкілдерімен бас қосқан кеңейтілген кеңесінде талқыланды. Кеңес Ленин Уақытша үкіметтің сотына бармауға тиіс деп шешім қабылдады.

1917 жылы июльде РСДРП (большевиктер) Петроград, Москва округтік, Баку жалпы қалалық, Орта-Сибирь облыстық партия конференциялары болып өтті, оларда В. И. Ле-

нинге жала жабуға қарсы ашу-ызамен наразылық білдірілген қарарлар қабылданды.

РСДРП(б) VI съезінде В. И. Лениннің сотқа баруы туралы мәселе алғашқы мәселелердің бірі болып талқыланды. Съезд В. И. Ленин сотқа бармауы керек деген қарарды бірауыздан қабылдады (съезде бұл мәселенің талқылануы туралы 49-ескертуді қараңыз).— *10.*

13 *«Новое Время»* («Жаңа Заман»)—күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды, өзінің саяси бағытын талай рет озгертті. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін контрреволюциялық позицияда болып, большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатылғыш газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық»,— деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық ұғымдарымен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар толық жинағы, 22-том, 49-бет). — *10.*

14 *Бейлис ісі* — 1913 жылы Киевте патша үкіметі еврей Бейлиске қарсы арандатушылық ниетпен ұйымдастырған сот процесі; Бейлиске салт жорасын көздеп, христиан бала Ющинскийді өлтірді деп жалған айып тағылды (шынында олтіруді қаражүздіктер ұйымдастырған). Патша үкіметі бұл процесті әдейі жасап, антисемитизмді оршітуге, еврей ойрандарын туғызуға тырысты, сойтіп бұқараның назарын елде өріс алған революциялық қозғалыстан басқа жаққа аудару мақсатын көздеді. Процесс жұртшылықтың қатты наразылығын туғызды; бірқатар қалаларда жұмысшылардың наразылық білдірген демонстрациялары болып отті. Сот үкімімен Бейлис ақталды.— *10.*

15 Қараңыз: **Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»** (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 303-бет).— *17.*

16 *«Листок «Правды»»*— күнделікті большевиктік жария газет—«Правданың» аттарының бірі. Июльдің 4-нен 5-не (17-нен 18-не) қараған түні юнкерлер мен казактардың редакция үйін талқандауына байланысты 1917 жылғы 6(19) июльде бір номері («Правданың» кезекті номері орнына) шықты. «Листок «Правдыда»» РСДРП(б) Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің және РСДРП(б) Әскери ұйымының «Сабырлылық және ұстамдылық» деген үндеуі, сондай-ақ В. И. Лениннің «Өкімет қайда, контрреволюция қайда?»,

«Қаражүздік газеттер мен Алексинскийдің пасық жалалары», «Ғайбаттау және фактілер», «Істің мәніне жақын», «Тағы да Дрейфус ісі емес пе?» деген мақалалары басылды. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 460—467, 468—469, 470—472, 473—474, 475—476-беттер).— *17*.

17 Бұл арада В. И. Ленин мына фактілерді айтып отыр. 20 апрельде (3 майда) газеттерде сыртқы істер министрі Милюковтың одақтас мемлекеттердің үкіметтеріне нотасы жарияланды, бұл нотада Уақытша үкімет патша үкіметінің барлық шарттарын сақтайтын болады және соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізетін болады деп растады. Уақытша үкіметтің империалистік саясаты еңбекшілердің қалың бұқарасының ашу-ызасын туғызды. 21 апрельде (4 майда) большевиктер партиясының шақыруы бойынша Петроград жұмысшылары жұмысты тоқтатып, бітімді талап етіп, демонстрацияға шықты. Демонстрацияға 100 мыңнан астам жұмысшылар мен солдаттар қатысты. Сондай-ақ Москвада, Уралда, Украинада, Кронштадтта және елдің басқа да қалалары мен аудандарында демонстрациялар мен наразылық білдіру митингілері отті. Петроград Советінің атына көптеген қалалардың Советтерінен Милюковтың нотасына қарсы наразылық білдірілген қарарлар келіп түсіп жатты.

Апрель демонстрациясы үкімет дағдарысының бастамасы болды. Бұқараның қысымымен министрлер П. Н. Милюков пен А. И. Гучков отставкаға кетуге мәжбүр болды. 5 (18) майда бірінші коалициялық үкімет құрылды, оның құрамына 10 капиталист-министрмен бірге келісімпаз партиялардың лидерлері—эсерлерден А. Ф. Керенский, В. М. Чернов, меньшевиктерден И. Г. Церетели, М. И. Скобелев және басқалар кірді. Буржуазия жағына ашықтан-ашық шығып кеткен эсерлер мен меньшевиктер буржуазиялық үкіметті құтқарып қалды.— *18*.

18 Әңгіме Советтердің Бүкіл россиялық бірінші съезінің большевиктік партия 10(23) июньге тағайындаған демонстрациясына тыйым салу туралы 1917 жылғы 9(22) июньде қабылдаған қаулысы жөнінде болып отыр. Демонстрация өткізу туралы шешім 8(21) июньде РСДРП(б) Орталық Комитеті мен Петроград комитетінің аудандардың, әскери бөлімдердің, кәсіподақтардың, фабрика-завод комитеттерінің өкілдерімен бас қосқан кеңейтілген кеңесінде қабылданған болатын. Демонстрация Советтердің Бүкіл россиялық бірінші съезі алдында бүкіл мемлекеттік өкімет билігін Советтердің қолына беруді талап еткен Петроград жұмысшылары мен солдаттарының еркін білдіруге тиіс еді. Меньшевиктер мен эсерлер демонстрацияға жол бермеуді ұйғарып, съезде демонстрацияға тыйым салған қарарды өткізе алды.

Большевиктер партиясының Орталық Комитеті өзін Советтер съезінің шешіміне қарама-қарсы қойғысы келмей,

июньнің 9-нан (22-нен) 10-на (23-не) қараған түні демонстрацияны болдырмау туралы қаулы қабылдады. Жұмысшылар мен солдаттарды демонстрацияға шықпауға көндіру үшін фабрикаларға, заводтарға, казармаларға Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің мүшелері, партияның белсенді қызметкерлері жіберілді. Партияның түсінік жұмысы көңілдегідей нәтиже берді: жұмысшылар мен солдаттар қазіргі кезеңде демонстрацияға шыққан орынды емес деген пікірге қосылды.

Советтер съезінің меньшевиктік-эсерлік басшылығы 18 июньде (1 июльде) демонстрация ұйымдастыруды ұйғарды, сөйтіп оны өзінің басшылығымен, Уақытша үкіметке сенім білдіру ұранымен өткізбек болды.

В. И. Лениннің тікелей басшылығымен Орталық Комитет пен Петербург комитеті демонстрация бұқараның шын нистін білдіретін болуы үшін оны әзірлеу жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізді. Демонстрация қарсаңында, 17 (30) июньде, «Правда» газетінде Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның, фабрика-завод комитеттері Орталық Советінің революция күштеріп айқын көрсетуге шақырған үндеу хаты жарияланды.

18 июньде (1 июльде) Петроградтың 500 мыңға жуық жұмысшылары мен солдаттары демонстрацияға шықты. Демонстрацияшылардың басым көпшілігі большевиктік партияның революциялық ұрандарын көтеріп шықты. Тек шағын топ қана келісімпаз партиялардың Уақытша үкіметке сенім білдіретіні туралы ұрандар көтеріп келді. Демонстрация бұқараның өсе түскен революциялық белсенділігін және большевиктік партия ықпалының орасан зор өскенін көрсетті. Ленин «Он сегізінші июнь» деген мақаласында былай деп жазды: «Россияның еңбекші бұқарасының авангарды — астананың өнеркәсіп пролетариаты және ондағы әскердің басым көпшілігі әрдайым біздің партияның қорғаған ұрандары жағында екендігін» (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 405-бет) демонстрация көз жеткізе айқын көрсетті. Мұның өзі большевиктік партияның ірі жеңісі болды. Демонстрация бұқараның Уақытша үкіметке ғана емес, сонымен бірге меньшевиктер мен эсерлер жүргізіп отырған буржуазиямен келісімге келу саясатына да сенбейтіндігін көрсетті.—*18.*

19 *«Жауап»* деген мақала 1917 жылғы 26 және 27 июльде «Рабочий и Солдат» газетінің 3 және 4-номерлерінде «Н. Ленин жолдастың жауабы» деген тақырыппен жарияланды.

«Рабочий и Солдат» («Жұмысшы және Солдат») — күнделікті газет; Уақытша үкімет жауып тастаған «Солдатская Правда» газетінің — РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның органы орнына шығып тұрды. 1917

жылғы июль күндерінде «Правда» газетінің талқандалуына байланысты Орталық Комитеттің 4(17) августағы мәжілісінде ««Рабочий и Солдат» Орталық Комитеттің органы болып табылады» деп қаулы алынды. («РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 4-бет). Газет 1917 жылғы 23 июльден (5 августан) 9(22) августқа дейін шығып тұрды; 10(23) августа Уақытша үкімет газетті жауып тастады.— *25.*

20 В. И. Ленин 29 июньнен 4 июльге (12 июльден 17 июльге) дейін Мустамяки станциясының маңындағы Нейвола деревнясында (қазіргі Ленинград облысындағы Рощинск ауданы) В. Д. Бонч-Бруевичтің дачасында тұрды.— *25.*

«Дело Народа» («Халық Ісі»)—күнделікті газет, эсерлер партиясының органы; 1917 жылғы марттан 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды, атын бірнеше рет өзгертті. Газет қорғампаздық және келісімпаздық позиция ұстады, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Газет 1918 жылы октябрьде Самарада (төрт номері шықты) және 1919 жылы мартта Москвада (10 номері шықты) қайта шықты. Газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды.— *26.*

22 Әңгіме РСДРП(б) Орталық Комитетінің, Петербург комитетінің және РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның 4 (17) июльге қараған түнде жазылған, Петроград жұмысшылары мен солдаттарын бейбіт және ұйымдасқан демонстрацияға шақырған үндеу хаты жөнінде болып отыр. Үндеу хат жеке листовка түрінде шығарылып, 4(17) июльде Петроградтың жұмысшы аудандарында таратылды. Июль демонстрациясынан кейін келесі күні, 5(18) июльде, листовканың тексті «Дело Народа» газетінде «Документтер» деген тақырыппен басылды.— *27.*

23 Бұл арада РСДРП(б) Орталық Комитетінің, Петербург комитетінің, РСДРП(б) Ауданаралық комитетінің, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның демонстрацияны тоқтату туралы үндеу хаты айтылып отыр. Үндеу хат 1917 жылғы 5 (18) июльде «Правда» газетінің 99-номерінде басылды. Июльдің 4-нен 5-не (17-нен 18-не) қараған түні юнкерлер мен казактар газет редакциясының үйін талқандауына байланысты газеттің бұл номері кеңінен таратылмай қалды.—*27.*

24 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті»)— меньшевиктердің күнделікті газеті; 1917 жылғы 7(20) марттан 30 ноябрьге (13 декабрьге) дейін Петроградта шықты; 30 августан (12 сентябрьден)— меньшевиктік Орталық Комитеттің органы.

Газет буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, большевиктік партия мен оның көсемі В. И. Ленинге қарсы күресті. Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды.— *28.*

25 *«Биржевка»*—«Биржевые Ведомости» («Биржа Ведомостары»)—буржуазиялық газет; 1880 жылы құрылған. Петербургте әуелі аптасына үш рет, сосын төрт рет, содан соң күнде шығып тұрды. 1902 жылдан бастап күніне екі рет шықты. Жалтақтығы, сатқындығы, принципсіздігі газеттің атын жалпы атауға («биржевка») айналдырды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет большевиктер партиясы мен В. И. Ленинге қарсы ойрандық үгіт жүргізді. 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады.— *31.*

26 *«Речь»* («Тіл»)—күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) бастап Петербургте шығып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын белсенді қолдады, В. И. Ленин мен большевиктер партиясына қарсы ойрандық қуғындау жүргізді. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *31.*

27 *«Қоңырау»* («Die Glocke»)— екі аптада бір рет шығып тұрған журнал, 1915—1925 жылдары Герман социал-демократиялық партиясының мүшесі социал-шовинист Парвус (А. Л. Гельфанд) Мюнхенде, одан кейін Берлинде шығарып тұрды.— *35.*

«Украинаны азат ету одағы» («Союз визволення України») — 1914 жылы, бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде, бір топ украин буржуазияшыл ұлтшылдары құрған буржуазиялық-ұлтшылдық ұйым. Соғыста патшалық Россия жеңіледі деп күткен «Одақ» Украинаны Россиядан бөліп әкету, сөйтіп неміс протекторатымен буржуазиялық-помещиктік украин монархиясын құру міндетін көздеді.— *36.*

29 Буржуазиялық баспасөз эсерлер партиясының лидері, Уақытша үкіметтің министрі В. М. Черновты дүние жүзілік империалистік соғыстың бастапқы кезінде шетелде жүргенінде жеңілісті уағыздайтын мақалалар жазды, неміс ақшасына шығарылып тұрды-мыс делінген әдеби органға қатысты деп айыптады. 20 июльде (2 августа) Чернов Уақытша үкіметтің құрамынан шықты, ол өзінің кетуі: мен жөнінде

беделімді түсіретін лақаптар таратылуда дегенмен дәлелдемек болды. Ол толық ақталғаннан кейін ғана үкіметке қайтып ораламын деп мәлімдеді. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті мен шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советінің Атқару комитеті Черновтың үкіметтен кетуін мақұлдады. Эсерлер партиясының Орталық Комитеті Уақытша үкіметтен Черновтың ісін үш күн мерзімнің ішінде тексеруді талап етті. 24 июльде (6 августа) Уақытша үкіметтің мәжілісінде юстиция министрі өзінің баяндамасында Черновқа қарсы тағылған айыптаулардың бүтіндей қисынсыз екенін мәлімдеді. Керенский жаңадан құрған үкіметке Чернов егіншілік министрі ретінде тағы кірді.— *37*.

30 *«Конституциялық жалған үміттер туралы»* деген мақала 1917 жылы «Рабочий и Солдат» газетінде тұңғыш рет жарияланды. Буржуазиялық Уақытша үкіметтің газетті жауып тастауынан сақтау үшін мақаланы жариялаған кезде редакция қолжазбаның текстіне өзгерістер енгізді. Мәселен, мақаланы басқанда бірінші бөліміндегі текстен «контрреволюциялық буржуазияның (ең алдымен кадеттердің) өкіметін құлатпайынша» деген сөздер алынып тасталды; тексте «контрреволюциялық буржуазияны, яғни ең алдымен кадеттерді және армияның жоғары командалық құрамын аяусыз жазалау» деген сөздер «ең алдымен контрреволюциялық буржуазияға қарсы батыл күрес жүргізу» деген сөздермен ауыстырылды. Мақаланың екінші бөлімінде «таптардың күресі мен бұқараның күресі олардың қарулы күресіне дейін» деген сөздер «таптардың күресі мен бұқараның күресі оның батыл формаларына дейін» деген сөздермен ауыстырылды. Мақала 1917 жылы текстегі осындай өзгерістермен «Кезең жөнінде» деген тақырыппен жеке кітапша болып басылды. В. И. Ленин Шығармаларының екінші, үшінші, төртінші, сондай-ақ осы, бесінші, басылуларында мақала қолжазба бойынша жарияланды. — *39*.

31 Уақытша үкімет Құрылтай жиналысын шақыру туралы 1917 жылғы 2 (15) марттағы декларациясында мәлімдеді. 14 (27) июньде Уақытша үкімет Құрылтай жиналысының сайлауын 17 (30) сентябрьге тағайындау туралы қаулы алды. Алайда Уақытша үкімет августа сайлауды 12(25) ноябрьге көшірді.

Құрылтай жиналысының сайлауы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін, белгіленген мерзімде — 1917 жылы 12(25) ноябрьде болды. Сайлау Октябрь революциясына дейін жасалған тізімдер бойынша, Уақытша үкімет бекіткен ереже бойынша және халықтың едәуір бөлегі социалистік революцияның маңызын әлі жете түсініп үлгере алмаған жағдайда өтті. Мұны оңшыл эсерлер пайдаланып кетті, олар астанадан және өнеркәсіп орталықтарынан шалғай жатқан губерниялар мен облыстарда көпшілік дауысқа

не бола алды. Құрылтай жиналысын Совет үкіметі шақырды, ол 1918 жылы 5(18) январьда Петроградта ашылды. Құрылтай жиналысының контрреволюциялық көпшілігі оған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті ұсынған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» қабылдамай тастады және Совет өкіметін мойындаудан бас тартты. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 6 (19) январьдағы декреті бойынша буржуазиялық Құрылтай жиналысы таратылып жіберілді. — *39.*

82 *I Мемлекеттік дума* 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылған болатын. Думаға 478 депутат сайланды, оның ішінде орындардың үштен бір бөлігінен астамына кадеттер партиясы ие болды.

1906 жылы 8(21) июльде I Мемлекеттік дума таратылды; оның трибунасынан патша үкіметінің саясаты, әсіресе аграрлық мәселе жөніндегі саясат көбірек сынға алынды. — *40.*

83 Бұл арада 1917 жылғы 4—28 майда (17 май—10 июньде) Петроградта өткен *шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық I съезі* айтылып отыр. Жергілікті жерлерде делегаттарды сайлауға зор ықпал жасаған эсерлер съездің басты ұйымдастырушылары болды. Съезге губерниялық шаруалар съездері мен армияның шаруалар ұйымдарынан 1115 делегат қатысты. Съезде эсерлер едәуір көпшілік болды. Өзінің әлеуметтік құрамы жағынан съезд делегаттарының көпшілігі дәулетті шаруалар еді, ал деревня кедейлерінің өкілдері әскери делегаттар болды.

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: коалициялық Уақытша үкімет туралы, азық-түлік мәселесі, соғыс және бітім туралы, аграрлық мәселе және басқа мәселелер. Съезд шаруалар бұқарасына ықпал жүргізу үшін большевиктердің эсерлерге қарсы күрес майданына айналды. Большевиктік фракцияның жұмысы шаруалар съезіне зор көңіл бөлген В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. М. В. Фрунзе (Михайлов) ұйымдастырған «Партияда жоқ 14-тің» тобы дейтін топ большевиктерді қолдады.

В. И. Ленин 7(20) майда съезд делегаттарына ашық хат жолдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 47—52-беттер); 22 майда (4 июньде) ол съезде аграрлық мәселе жөнінде сөз сөйледі және большевиктік фракция атынан өзі жазған қарар жобасын енгізді (бұл да сонда, 186—209, 183—185-беттер). В. И. Ленин съезд делегаттарына жолдаған хатында, съезде сөйлеген өзінің сөзінде және қарар жобасында жерді бүкіл халықтың меншігі деп жариялауды және Құрылтай жиналысының шақырылуын күтпей-ақ помещиктік жерлерді шаруаларға тегін беруге дереу кірісуді ұсынды. В. И. Лениннің сөзі съездің шаруа делегаттарына орасан зор әсер етті.

Алайда эсерлердің лидерлері қалай дегенмен де съезде өз қарарын өткізе алды. Съезд буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын және оған «социалистердің» кіруін мақұлдады, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді және майданда шабуылға шығуды жақтады. Съезд жер мәселесін шешуді Құрылтай жиналысына дейін кейінге қалдырды. Съезде келісімпаздық саясат жүргізген шаруа депутаттары Советтерінің эсерлік Атқару комитеті сайланды. Съезд қабылдаған шешімдер село буржуазиясының — кулактардың мүдделерін бейнеледі.

В. И. Лениннің, большевиктердің съезде сөз сөйлеуінің шаруаларға саяси тәрбие беру ісінде орасан зор маңызы болды. Лениннің аграрлық мәселе жөніндегі сөзі жеке кітапша етіліп, көп тиражбен басып шығарылып, деревня мен армияда кең тарады, сөйтіп еңбекші шаруаларды большевиктер жағына қаратып алуда зор роль атқарды.— *41.*

34 *«Воля Народа»* («Халық Еркі»)— күнделікті газет, эсерлер партиясы оңшыл қанатының органы. 1917 жылғы 29 апрельден бастап Петроградта шығып тұрды; 1917 жылғы ноябрьде жабылды. Кейінірек басқа аттармен де шығып тұрды. 1918 жылғы февральда біржола жабылды.— *43.*

35 *«Русская Воля»* («Орыс Еркі»)— патшаның ішкі істер министрі А. Д. Протопопов негізін салған және ірі банктердің қаржысына шығып тұрған буржуазиялық күнделікті газет; 1916 жылғы декабрьден бастап Петроградта шығып тұрды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін большевиктерге қарсы жалақорлық науқанын ашты. Ленин оны «ең пасық буржуазиялық газеттердің бірі» (осы том, 147-бет) деп атады. Әскери-революциялық комитет оны 1917 жылғы 25 октябрьде (7 ноябрьде) жауып тастады.—*43.*

36 Ленин бұл арада Франкфурт парламенті — жалпы герман Ұлттық жиналысы туралы айтып отыр; жиналыс Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылды және өзінің мәжілістерін сол жылы майда Майндағы Франкфуртта бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жою және жалпы германдық конституция дайындау болды. Алайда жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен қобалжуынан және ұсақ буржуазиялық сол қанатының тартыншақтығы мен дәйексіздігінен Жиналыс елдегі жоғарғы өкімет билігін өз қолына алудан қорықты, 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Ол жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін түк істеген жоқ, Польша мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысын қолдамады, қайта езілген халықтар жөнінде Австрия мен Пруссия жүргізіп отырған езушілік саясатты қуаттады. Жиналыстың депутаттары контрреволюцияның шабуылына тойтарыс

беру үшін және 1849 жылы мартта өздері дайындаған империя конституциясын қорғау үшін халық күштерін жұмылдыруға батылдық жасай алмады. Олар «толып жатқан демократиялық «шешімдер» қабылдады, толып жатқан бостандықтар «құрды», ал іс жүзінде өкімет билігін корольдің қолында қалдырды» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 11-том, 21-бет).

Көп ұзамай Австрия, одан кейін Пруссия үкіметтері өздерінің депутаттарын қайта шақырып алды, олардың ізінше басқа герман мемлекеттерінің де либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған ұсақ буржуазиялық, сол қанаттағы депутаттар Жиналыстың тұрағын Штутгартқа көшірді. 1849 жылы июньде Вюртемберг үкіметінің әскері Жиналысты таратып жіберді.— *43.*

37 Ленин бұл арада К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер). — *44.*

38 Қараңыз: К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 209-бет).— *46.*

39 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 343—437-беттер).— *47.*

40 *Каносса* — Солтүстік Италиядағы замок. Рим папасы VII Григорийге қарсы күресте жеңіліске ұшыраған герман императоры IV Генрих 1077 жылы тәубеге келіп, бас июге мәжбүр болған, ол райынан қайтқан күнәкар адамның киімін киіп, замок қақпасының алдында үш күн бойы тұрып өзін шіркеуден аластатпай қалдыру үшін және императордың өкіметін қайтарып алу үшін папамен кездесуді жалбарынып сұраған. «Каноссаға бару»— тәубеге келу, күнәсын мойындап бару, дұшпанның алдында өзін қорлауға дейін бару деген сөздер осыдан шыққан. — *54.*

41 Әңгіме революцияны талқандау үшін контрреволюциялық күштерді жинау мақсатымен Уақытша үкімет дайындап жатқан Мемлекеттік кеңес жөнінде болып отыр. Мұндай кеңесті шақыру идеясын эсерлер мен меньшевиктер толық қолдады. Петроградтың революцияшыл жұмысшыларынан сескенген буржуазия бұл кеңесті Москвада өткізуді ұйғарды.

Большевиктік партияның Орталық Комитеті 1917 жылғы 5(18) және 6(19) августағы мәжілістерінде Мемлекеттік кеңес туралы мәселені талқылады. 6(19) августа қабылданған

қарарда Орталық Комитет партия ұйымдарына Москвада шақырылатын кеңес контрреволюциялық буржуазияның революцияға қарсы заговор жасау органы екенін әшкерелеуді, сондай-ақ осы кеңесті бүркемелеп әрі қолдап отырған меньшевиктер мен эсерлердің ролін әшкерелеуді ұсынды. Орталық Комитет жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың кеңеске қарсы жаппай наразылық білдіруін ұйымдастыруға шақырды. Қарар 1917 жылғы 8(21) августа «Рабочий и Солдат» газетінің 14-номерінде жарияланды. Мемлекеттік кеңесті халық өкілдігі етіп көрсетпек болған бүркеніш пердесін жұлып тастаған большевиктік баспасөз кеңестің контрреволюциялық ролін ашып көрсетті.

Орталық Комитеттің шешіміне сәйкес РСДРП(б) Москва комитеті 8(21) августа аудандық комитеттер мен ұялар өкілдерімен бас қосқан кеңейтілген мәжілісте Москва пролетариатын бір күндік ереуіл жасауға шақыру және кеңес ашылатын күні Москвада наразылық білдірген бірқатар бұқаралық митингілер өткізу жөнінде қаулы етті.

Кеңес 1917 жылғы 12—15 (25—28) августа Москвада болып өтті. Кеңеске помещиктер мен буржуазияның өкілдері, армияның командалық құрамының жоғарғы тобы, Мемлекеттік думаның бұрынғы мүшелері, кадеттер партиясының басшылары қатысты; меньшевиктер мен эсерлер Советтердің, сондай-ақ кейбір кәсіптік ұйымдардың делегацияларынан өкіл болып қатысты. Кеңесте генерал Корниловтың, генерал Калединнің және басқалардың сөйлеген сөздерінде революцияны басып-жаншу программасы тұжырымдалды. Олар Советтерді жоюды, армиядағы қоғамдық ұйымдарды таратуды, майданда өлім жазасын қолдануды қалпына келтіруді, соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізе беруді талап етті.

Кеңес ашылған күні, 12(25) августа, «Пролетарское Дело» газетінің 26-номерінде және 13(26) августа «Пролетарий» газетінің 1-номерінде кеңестің ашылуына байланысты большевиктік партияның Орталық Комитетінің үндеу хаты жарияланды; үндеу хат кеңестің контрреволюциялық сипатын әшкерелеп, еңбекшілер бұқарасын наразылық білдірген бұқаралық митингілер өткізуге шақырды; сонымен бірге Орталық Комитет контрреволюцияның арандатуынан сақтандырды.

Партияның Москва комитетінің шешімі бойынша өткізілген ереуілге 12(25) августа Москвада 400 мыңнан астам адам қатысты. Москва жұмысшыларының стачкалары контрреволюцияның арам ниеттерін іске асыртпай тастады. Еліміздің басқа да бірқатар қалаларында наразылық білдіру митингілері мен ереуілдері болды.—*54.*

42 Әңгіме 1917 жылғы 24 июльде (6 августа) құрылған коалициялық Уақытша үкімет жөнінде болып отыр, оның құрамында министр-председатель, әскери және теңіз министрі

А. Ф. Керенский (эсер), министр-председательдің орынбасары және финанс министрі Н. В. Некрасов (кадет), ішкі істер министрі Н. Д. Авксентьев (эсер) және басқалар болды. Коалициялық үкіметке кадеттер, эсерлер, меньшевиктер, «халықтық социалистер» және кадеттерге жақын жүрген партияда жоқтар кірді. Үкіметтің жаңа құрамы кадеттердің қолында болып шықты. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті мен шаруа депутаттары Советі Атқару комитетінің 25 июльде (7 августа) болған біріккен мәжілісінде меньшевиктер мен эсерлер қарар қабылдап, онда жаңадан құрылған коалициялық үкіметті мейлінше белсене қолдауға шақырды.— *56.*

[43] Бұл арада Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 8(21) июльдегі декларациясы жайында айтылып отыр. Декларацияда бірқатар демагогтық уәделер берілді, мұндай уәделердің көмегімен Уақытша үкімет июль күндерінен кейін бұқараны тыныштандыруға үміттенді. Уақытша үкімет Құрылтай жиналысының сайлауын белгіленген мерзімде—17(30) сентябрьде — өткізуге, қалалық және земстволық өзін өзі басқаруды тезірек енгізуді қамтамасыз етуге, сословиелерді жоюға, шаруашылық күйзеліске қарсы күресу жөнінде қажетті шаралар қолдануға, сегіз сағаттық жұмыс күні туралы, еңбек қорғау туралы, әлеуметтік қауіпсіздендіру туралы заңдар шығаруға, Құрылтай жиналысында қарау үшін жер реформасының жобасын жасауға уәде берді. Алайда бұл уәделердің бірде-бірі орындалған жоқ.— *56.*

[44] *«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов»* («Жұмысшы және Солдат Депутаттары Петроград Советінің Хабарлары»)— күнделікті газет; 1917 жылғы 28 февральдан (13 марттан) шыға бастады.

Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті құрылғаннан кейін газет Орталық Атқару Комитетінің органы болды және 1(14) августан (132-номерінен) бастап «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов» деген атпен шықты, ал 29 сентябрьден (12 октябрьден) (184-номерінен) бастап «Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих и Солдатских Депутатов» деген атпен шығып тұрды. Осы уақыттың бәрінде газет меньшевиктер мен эсерлердің қолында болып, большевиктік партияға қарсы өршелене күрес жүргізді.

Советтердің Бүкіл россиялық II съезінен кейін «Известия» редакциясының құрамы өзгертілді, газет Совет өкіметінің ресми органы болды; газетте Совет үкіметінің алғашқы аса маңызды документтері, В. И. Лениннің мақалалары мен сөйлеген сөздері жарияланды. 1918 жылы мартта «Известияны» бастырып шығару Москваға көшірілді. 1922

жылы декабрьде СССР-дің құрылуына байланысты газет СССР Орталық Атқару Комитетінің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің органы болды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1938 жылғы 24 январьдағы шешімі бойынша «Известия ЦИК СССР и ВЦИК» қайта құрылып, 1938 жылғы 26 январьдан бастап «Известия Советов Депутатов Трудящихся» деген атпен шықты,—1977 жылғы 8 октябрьден бастап осы кезге дейін «Известия Советов Народных Депутатов СССР» деген атпен шығып тұрады. — *58.*

45 Уақытша үкімет 12 (25) июльде майданда өлім жазасын қолдануды енгізді. Дивизиялар жанынан «әскери-революциялық соттар» ұйымдастырылды, олардың шығарған үкімдері жариялапған бойда дереу күшіне енді және қолма-қол орындалуға тиіс болды. — *64.*

46 *Байланыс жасау комиссиясы* Уақытша үкіметтің қызметіне «ықпал жасау» және «бақылау жүргізу» үшін Петроград Советінің келісімпаздық Атқару комитетінің 8 (21) марттағы шешімі бойынша құрылды. Оған М. И. Скобелев, Ю. М. Стеклов, Н. Н. Суханов, В. Н. Филипповский, Н. С. Чхеидзе (кейінірек В. М. Чернов пен И. Г. Церетели де) енді. Байланыс жасау комиссиясы Уақытша үкіметтің өзінің контрреволюциялық саясатын бүркемелеу үшін Петроград Советінің беделін пайдалануына көмектесті. Меньшевиктер мен эсерлер өкімет билігінің Советтерге көшуі жолындағы белсенді революциялық күрестен бұқараны осы байланыс жасау комиссиясының көмегімен ұстап қалуға дәмеленді. Байланыс жасау комиссиясы оның міндеттері Атқару комитетінің бюросына берілуіне байланысты 1917 жылғы апрельдің орта шенінде таратылды. — *70.*

47 *Корнилов көтерілісі*—буржуазия мен помещиктердің 1917 жылы августа болған контрреволюциялық бүлігі. Бүлікті армияның жоғарғы бас қолбасшысы, патша генералы Корнилов басқарды. Заговоршылар Петроградты басып алуды, большевиктік партияны талқандауды, Советтерді қуып таратуды, елде әскери диктатура орнатып, монархияны қалпына келтіруге әзірлік жасауды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Заговорға Уақытша үкіметтің басшысы А. Ф. Керенский қатысты; бірақ бүлік басталған кезде Корниловпен бірге өзі де құртылуы мүмкіндігінен қауіптеніп, Корниловтан іргесін аулақ салды, сөйтіп оны Уақытша үкіметке қарсы бүлік шығарушы деп жариялады.

Бүлік 25 августа (7 сентябрьде) басталды. Корнилов Петроградқа 3-ші атты әскер корпусын аттандырды. Петроградтың өз ішінде корниловшыл контрреволюциялық ұйымдар бас көтеруге әзірленіп жатты.

Большевиктер партиясы бұқараның Корниловқа қарсы күресіне басшылық етті, сонымен бірге, Лениннің талап ет-

кеніндей, Уақытша үкіметті және оның эсер-меньшевиктік құйыршықтарын әшкерелеумен болды. Большевиктік партияның Орталық Комитетінің шақыруы бойынша Петроград жұмысшылары, революцияшыл солдаттар мен матростар бүлікшілерге қарсы күреске аттанды. Астана жұмысшыларынан жедел түрде Қызыл гвардия отрядтары жасақталды. Бірқатар жерлерде революциялық комитеттер құрылды. Корнилов әскерлерінің ілгері жылжуы тоқтатылды. Большевиктік үгіттің ықпалымен олардың арасында ыдырау басталды.

Корнилов көтерілісін большевиктер партиясы басшылық еткен жұмысшылар мен шаруалар басып-жаныштады. Бұқараның қысымымен Уақытша үкімет Корнилов пен оның сыбайластарын тұтқынға алу және бүлік шығарғаны үшін сотқа тарту туралы жарлық беруге мәжбүр болды. — *79.*

48 Стокгольмде социалистердің халықаралық конференциясын шақыру туралы мәселе 1917 жылғы апрельде туды. Дат социал-шовинисі Боргбьерг Петроградқа келіп, Дания, Норвегия, Швеция жұмысшы партияларының біріккен комитеті атынан Россияның социалистік партияларын «Социалистердің Стокгольмдегі бітім конференциясы» дейтінге қатысуға шақырды. Бұл мәселе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мәжілісінде талқыланды. Меньшевиктер мен эсерлер Боргбьергтің ұсынысын қабылдап, бұл конференцияны шақыру инициативасын өз мойнына алуды ұйғарды. Большевиктердің Бүкіл россиялық жетінші (Апрель) конференциясы В. И. Лениннің ұсынысы бойынша социал-шовинистер шақырғалы отырған Стокгольм конференциясына қатысуға үзілді-кесілді қарсы шықты, оның империалистік сипатын, ал Боргбьергті герман империализмінің агенті ретінде әшкереледі.

1917 жылы 6 (19) августа Стокгольм конференциясын шақыруға әзірлену туралы мәселе талқыланған Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Каменев сөз сөйлеп, онда конференцияға қатысу қажеттігін қорғады; ол большевиктердің бұл мәселе жөніндегі шешімі қайта қаралуға тиіс деп мәлімдеді. Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктік фракция Каменевтің сөзінен іргесін аулақ салды.

«Пролетарий» газетінің редакциясына жариялау үшін жіберген «Стокгольм конференциясы жөнінде Орталық Атқару Комитетінде Каменевтің сөйлеген сөзі туралы» хатпен бірге В. И. Ленин 17 (30) августа Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына хат жазды. Каменевтің сөйлеген сөзіне баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «Каменевтің сөзін... арамдық демеген күнде, барып тұрған ақымақтық деп есептеймін және бұл туралы Орталық Комитетке және баспасөзге жаздым да» (Шығармалар, 35-том, 297-бет). Большевиктер партиясының Орталық Комитеті 16 (29) августағы мәжілісінде Стокгольм конференциясы туралы мәселені тал-

қылап, конференцияға қатыспау туралы шешімді қолдады. Сондай-ақ В. И. Лениннің «Стокгольм конференциясы туралы» (осы том, 111—121-беттер) деген мақаласын қараңыз.
Стокгольм конференциясы шақырылған жоқ. — *80.*

49 Бұл арада Ленин РСДРП(б) VI съезі қабылдаған «Партияны біріктіру туралы» қарарды айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 551-бет).

РСДРП(б) VI съезі 1917 жылы 26 июльде—3 августа (8—16 августа) Петроградта болып өтті. Съезд жартылай құпия жағдайда өтті. Съезге партияның 240 мың мүшесінің атынан өкіл болып шешуші даууспен 157 делегат және кеңесші дауыспен 110 делегат қатысты. В. И. Ленин съездің жұмысына астыртын жағдайда жүріп басшылық етті; Ленин Петроградпен Орталық Комитет осы мақсатқа арнап бөлген жолдастар арқылы байланыс жасап отырды; бұл жолдастар Разливтегі Ленинге келіп тұрды. Лениннің «Саяси жағдай» деген тезистері, «Ұрандар жөнінде» деген және басқа мақалалары съезд шешімдерінің негізіне алынды. Ленин Разливте тұрып, съезд қарарларының аса маңызды жобаларын талдап жасауға және жазуға ат салысты. Съезд В. И. Ленинді өзінің құрметті председателі етіп бірауыздан сайлады.

Съездің күн тәртібінде мына мәселелер тұрды: 1) Ұйымдастыру бюросының баяндамасы; 2) РСДРП Орталық Комитетінің баяндамасы; 3) жергілікті жерлердің есептері; 4) ағымдағы кезең: а) соғыс және халықаралық жағдай, б) саяси және экономикалық жағдай; 5) программаны қайта қарау; 6) ұйымдық мәселелер; 7) Құрылтай жиналысының сайлауы; 8) Интернационал; 9) партияны біріктіру; 10) кәсіптік қозғалыс; 11) сайлау; 12) түрлі мәселелер. Съезде В. И. Лениннің сотқа баруы туралы мәселе талқыланды.

Съезд Орталық Комитеттің саяси есебін және саяси жағдай туралы баяндаманы тыңдады. Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша бұларды И. В. Сталин баяндады. Съездің саяси жағдай туралы қарарының негізіне В. И. Лениннің жетекші нұсқаулары алынды. Қарарда елде июль оқиғаларынан кейін қалыптасқан саяси жағдайға баға берілді, революцияның жаңа кезеңіндегі партияның саяси бағыты баяндалды. Съезд революцияның бейбіт дамуы аяқталғанын, елдегі өкімет билігінің іс жүзінде контрреволюциялық буржуазияның қолына көшкенін мойындады. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, съезд «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды уақытша алып тастады, өйткені меньшевиктер мен эсерлер басшылық еткен Советтер сол кездегі жағдайда контрреволюциялық Уақытша үкіметтің шылауына айналған еді. Бірақ бұл ұранды уақытша алып тастау пролетариат диктатурасының мемлекеттік фор-

масы ретінде жалпы алғанда Советтерден бас тартқандық емес еді. Съезд контрреволюциялық буржуазияның диктатурасын толық жою және пролетариаттың ең кедей шаруалармен одақтаса отырып, қарулы көтеріліс жасау арқылы өкімет билігін жеңіп алуы жолында күресу ұранын ұсынды.

Съезд Россияда социалистік революцияның жеңу мүмкіндігін бекерге шығарған және Батыста пролетарлық революция жеңген жағдайда ғана елді социалистік жолға түсіруге болады деп мәлімдеген Преображенскийдің антилениндік ұсыныстарын қабылдамай тастады. Съезд сондай-ақ шаруалар буржуазиямен блок жасасып отыр, сондықтан жұмысшы табының соңынан ермейді деп пайымдап, партияның социалистік революция жасауға бет алған бағытына қарсы шыққан Бухаринге тойтарыс берді.

Съезд өзінің шешімдерінде пролетариат пен ең кедей шаруалардың одағы социалистік революция жеңісінің аса маңызды шарты екені туралы лениндік қағиданы ерекше атап көрсетті. «Жаңа өрлеудің міндеті болып отырған бұл міндетті орындап шығу,—делінген «Саяси жағдай туралы» қарарда,—өзін кедей шаруалар қолдаған жағдайда тек революциялық пролетариаттың ғана қолынан келеді» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 536-бет).

Съезде В. И. Лениннің сотқа баруы туралы мәселе алғашқы мәселелердің бірі болып талқыланды. Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы баяндама бойынша қорытынды сөзінде бұл мәселеге тоқтала келіп, И. В. Сталин жеке басының қауіпсіздігіне кепілдік болған жағдайда және сотты демократиялық жолмен ұйымдастырған жағдайда Лениннің сотқа баруын жақтаған пікір айтып, осы рухта қарар ұсынды. Ол былай деді: «Қазіргі кезеңде өкімет кімнің қолында екені әлі айқын емес. Егер оларды (Ленин мен Зиновьевті. *Ред.)* тұтқынға алатын болса, оларға дөрекі зорлық жасалмауына кепілдік жоқ. Егер сот демократиялық жолмен ұйымдастырылып, олардың жәбірленбейтіндігіне кепілдік берілсе, мәселе басқаша. Бұл жөнінде сұрақ қойғанымызда Орталық Атқару Комитетінде бізге былай деп жауап берді: «Не боларын біз білмейміз». Жағдай әлі айқындалмай тұрғанда, ресми өкімет пен іс жүзіндегі өкіметтің арасында үнсіз күрес жүріп жатқанда, жолдастардың өкімет орындарына баруының ешқандай мәні жоқ. Ал егер біздің жолдастарымызға зорлық жасалмайтындығына кепілдік бере алатын өкімет билік жүргізетін болса, ол өкіметтің ең болмағанда біршама ар-абыройы болса... олар барады» («РСДРП (большевиктер) алтыншы съезі. Август, 1917 жыл, Протоколдар», 1958, 27—28-беттер). Мәселені бұлайша қою елдегі саяси өкіметтің жағдайына теріс баға беруден және буржуазиялық «адал» соттың болуы мүмкін дегеннен туған еді.

Съезде В. И. Лениннің сотқа баруы туралы Г. К. Орджоникидзе баяндама жасады. Ол Ленинді тергеу орындарының қолына ешбір жағдайда беруге болмайды деп атап көрсетті. Съезде Ф. Э. Дзержинский, Н. А. Скрыпник және басқалар Лениннің сотқа бармауын жақтап сөз сөйледі. Біз, деді Дзержинский, В. И. Ленинге тұтқынға түсуге барма деп кеңес берген жолдастардың жақсы істегенін ашық, айқын айтуға тиіспіз. Біздің Уақытша үкіметке және буржуазияға сенбейтіндігімізді, әділеттілік салтанат құрғанға дейін, яғни осы масқара сот жойылғанға дейін Ленинді ұстап бермейтінімізді жолдастарға түсіндіру керек.

В. Володарский, И. Безработный (Д. З. Мануильский) және М. Лашевич Лениннің сотқа баруын жақтап (жеке басының қауіпсіздігіне, тергеудің ашық жүргізілетініне және оған Советтердің Орталық Атқару Комитетінің өкілдері қатысуына кепілдік берілген жағдайда) сөз сөйлеп, өз қарарын ұсынды.

Коллективтік талқылаудың нәтижесінде партияның VI съезі бірауыздан қарар қабылдап, онда В. И. Лениннің сотқа баруына қарсылық білдірілді, «революцияшыл пролетариаттың көсемдеріне масқара прокурорлық-шпиондық-полициялық қудалауға қарсы қызу наразылық білдірді», сөйтіп В. И. Ленинге құттықтау жіберді.

Орталық Комитеттің ұйымдық жұмысы туралы Я. М. Свердлов баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясынан бергі үш айдың ішінде партия мүшелерінің саны үш есе өскенін (80 мыңнан 240 мыңға дейін), партия ұйымдарының саны көбейгенін (78-ден 162-ге дейін) атап көрсетті. Съезде жергілікті жерлерден 19 баяндама тыңдалды. Баяндамашылар жергілікті жерлерде большевиктік ұйымдар жүргізіп жатқан орасан зор жұмысты, еңбекшілердің қалың бұқарасы арасындағы большевиктердің ықпалы үздіксіз өсіп отырғанын атап көрсетті.

VI съезд большевиктік партияның экономикалық платформасын талқылады және бекітті, бұл платформада мынадай революциялық шаралар жүргізу көзделді: банктерді национализациялау және орталықтандыру, ірі өнеркәсіпті национализациялау, помещиктік жерді конфискелеу және елдегі бүкіл жерді национализациялау, өндіріс пен бөліске жұмысшы бақылауын орнату, қала мен деревня арасында дұрыс айырбасты ұйымдастыру және басқалар.

Съезд партияның жаңа уставын қабылдады. Уставтың мүшелік туралы бірінші параграфы партия мүшелерінің партияның барлық қаулыларына бағынуы туралы талаппен толықтырылды; жаңа мүшелерді қабылдаған кезде партияның екі мүшесінің рекомендация беруі, сондай-ақ оларды партия ұйымының жалпы жиналысы бекітетін болуы тұңғыш рет белгіленді. Уставта партияның барлық ұйымдары демократиялық централизм негізінде құрылады деп атап

көрсетілді. Партия съездерін жыл сайын, Орталық Комитеттің пленумдарын әрі кеткенде екі айда бір рет шақыру көзделді.

Съезд РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясының партия программасын конференция көрсеткен бағытта қайта қарау қажеттігі туралы шешімін қолдады. Жаңа программаны талдап жасау үшін съезд таяу арада арнаулы съезд шақыру қажет деп тапты және партияның Орталық Комитеті мен барлық партия ұйымдарына съезге дейін партияның программасын қайта қарау туралы мәселе жөнінде кең дискуссияны өрістетуді тапсырды.

«Жастар одақтары туралы» қарарда съезд жұмысшы жастардың таптық социалистік ұйымдарын құруға жәрдемдесуді қазіргі кезеңнің шұғыл міндеттерінің бірі деп санап, бұл жұмысқа барынша көп көңіл бөлуді партия ұйымдарына міндет етіп жүктеді. «Кәсіптік қозғалыс туралы» мәселені талқылай келіп, съезд кәсіподақтардың бейтараптығы туралы теорияны сынға алды және кәсіптік одақтар революцияны толық жеңіске дейін жеткізуге барынша мүдделі және олар Россияның жұмысшы табы алдында тұрған міндеттерді большевиктік партияның саяси басшылығын мойындайтын айбынды таптық ұйымдар болып қалған жағдайда ғана орындай алады деп атап көрсетті.

Большевиктік партияның VI съезі өзінің барлық шешімдерін басты мақсатқа: пролетариат пен ең кедей шаруаларды қарулы көтеріліске әзірлеуге, социалистік революцияның жеңісіне бағындырды. Съездің атынан Россияның барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшыларына, солдаттары мен шаруаларына арнап шығарылған манифесте оларды күштерін жинастыруға, сөйтіп большевиктік партияның туы астында буржуазиямен шешуші шайқасқа шығуға әзірленуге шақырды. Съезд Орталық Комитетті сайлады, оның құрамына мыналар кірді: В. И. Ленин, Я. А. Берзин, А. С. Бубнов, Ф. Э. Дзержинский, А. М. Коллонтай, В. П. Милютин, М. К. Муранов, В. П. Ногин, Я. М. Свердлов, Ф. А. Сергеев (Артем), И. В. Сталин, М. С. Урицкий, С. Г. Шаумян және басқалар. — *85.*

50 *«Пролетарий»*—большевиктік партияның Орталық Органы, күнделікті газет; 1917 жылғы 13 (26) августан 24 августқа (6 сентябрьге) дейін Уақытша үкімет жауып тастаған «Правда» газетінің орнына шығып тұрды. 10 номері шықты. — *85.*

51 Бұл хат листоктың текстінен кейін ілесе жазылған және мазмұнына қарағанда ол партияның Орталық Комитетіне арналған. Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы тұрған машинкада басылған көшірмесі бойынша, бірінші рет жарияланып отыр. «Риганы алып қою жөніндегі листок» жарияланған жоқ. Бұл листоктың авторы В. И. Ленин болуы мүмкін. — *97.*

52 В. И. Ленин Н. А. Некрасовтың «Ашусыз ақын шадыман» деген өлеңінен цитат келтіріп отыр. — *102.*

53 *«День»* («Күн»)—либералдық-буржуазиялық күнделікті газет; 1912 жылдан бастап Петербургте шығып тұрды. Газетке жойымпаз-меньшевиктер қатысты, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет түгелдей солардың қолына көшті. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. — *104.*

54 Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің 1917 жылғы 18 (31) августағы пленум мәжілісінде меньшевиктердің лидері И. Г. Церетели майданда өлім жазасын қолдануды жою туралы қарарға үзілді-кесілді қарсы шықты; майданда өлім жазасын қолдануды Уақытша үкімет июль күндерінен кейін енгізген болатын. Өлім жазасын қолдануға қарсы наразылық білдірген қарар көпшілік дауыспен қабылданды. — *106.*

55 *1912 жылғы Базель манифесі*—соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырды. Базель манифесіне Штутгарт конгресінің (1907) қарарынан В. И. Ленин алып тұжырымдаған пункт енгізілді, онда империалистік соғыс бастала қалған жағдайда социалистер соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты капиталистік таптық үстемдікті құлатуды тездету үшін, социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс делінген. — *113.*

Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы—1917 жылы апрельде Готадағы құрылтай съезінде, революциялық өрлеу жағдайында құрылған центристік партия; Россиядағы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы Германияда революциялық өрлеудің күшеюіне зор ықпалын тигізді. Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік басшылығы қатардағы мүшелерінің сенімінен барған сайын айрыла берді, сөйтіп партиядан солшыл элементтердің бөліну қаупі туды. Бұл бөлінушілікке және жұмысшы табының революциялық партиясының құрылуына жол бермеу үшін центризмнің лидерлері «тәуелсіз» партия дейтінді құруға, оның жәрдемімен бұқараны өзінің ықпалында ұстап тұруға тырысты. Центристік бос сөздерді бүр-

кемеленген «тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі рейхстагтағы «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды.

Біраз уақыт бойы «тәуелсіздер» партиясының құрамына «Спартак» тобы кірді, бірақ ол өзінің ұйымдық жәнс саяси дербестігін сақтап қалды, құпия жұмысын және социал-демократиялық жұмысшыларды центрист лидерлердің ықпалынан шығарып алу жолындағы күресін одан әрі жүргізе берді. 1918 жылы «Спартак одағы» Тәуелсіз социал-демократиялық партиядан шықты, сөйтіп осы одақтың негізінде Германия Коммунистік партиясы құрылды.

1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галльдегі съезінде жікке бөлінушілік болды. «Тәуелсіздердің» едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді. — *114.*

57 *«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов»* («Шаруа Депутаттары Бүкіл россиялық Советінің Хабарлары»)—күнделікті газет, Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советінің ресми органы. 1917 жылғы 9 (22) майдан декабрьге дейін Петроградта шығып тұрды; эсерлер партиясының оң қанатының көзқарастарын білдірді. Октябрь социалистік революциясын газет дұшпандықпен қарсы алды; контрреволюциялық бағыты үшін жабылды. — *122.*

58 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген еңбегін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 518—521-беттер). — *130.*

«Бірлік»— 1917—1918 жылдары нағыз оңшыл қорғампаз-меньшевиктерді, бұрынғы жойымпаздарды және басқаларын біріктірген социал-демократиялық шағын топ. Ұйымдық жағынан 1917 жылы мартта қалыптасып болды. Петроградтан басқа, «Бірлік» тобының Москвада, Бакуде және басқа кейбір қалаларда ұйымдары болды. Бұл топта Г. В. Плеханов және бұрынғы жойымпаздар А. Ф. Бурьянов пен Н. И. Иорданский басшылық роль атқарды. Россияда социалистік революцияның жеңу мүмкіндігін жоққа шығара отырып, «Бірлік» тобы буржуазиялық Уақытша үкіметті сөзсіз қолдады, империалистік соғысты «толық жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді талап етті, буржуазиялық және қаражүздік баспасөзбен бірлесіп алып, большевиктерге жала жауып қуғындауға қатысты. Июль оқиғаларынан кейін «мықты өкімет», яғни әскери диктатура орнатуды жақтаған

үгіт жүргізді. Топ ұйымдық жағынан 1918 жылдың жазында ыдырап бітті.

Топ 1917 жылғы марттан ноябрьге дейін «Единство» газетін шығарып тұрды. 1917 жылғы декабрьден 1918 жылғы январьға дейін «Наше Единство» деген атпен шықты. —*132.*

60 *«Халықтық социалистер»* (энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық социалистік еңбек партиясының мүшелері; бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында «халықтық социалистер» социал-шовинистік позицияда болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды. Ол буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты. — *132.*

61 Әңгіме 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрель—8 майда) Стокгольмде болған РСДРП төртінші (Бірігу) съезі жөнінде болып отыр. Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасайды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер). — *133.*

62 *«Рабочий»* («Жұмысшы»)—большевиктік партияның Орталық Органы, 1917 жылғы 25 августан (7 сентябрьден) 2 (15) сентябрьге дейін Уақытша үкімет жауып тастаған «Правда» газетінің орнына шығып тұрған күнделікті газет. 12 номері (төтенше шығарылған номерлерін қосқанда) шықты. — *137.*

63 1917 жылы 8 сентябрьде (26 августа) «Рабочий» газетінің 2-номерінде жарияланған «Барлық жолдастарға!» деген хатта В. Володарский жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті мен шаруа депутаттары Советінің Атқару комитетінің 24 августағы (6 сентябрьдегі) мәжілісінде майдандағы жағдай туралы мәселе жөнінде оның сөйлеген сөзі жайында бірқатар газеттерде,

соның ішінде «Новая Жизньде» де басылған хабарды теріске шығарды. Газеттер ол «қорғаныс ісі қазіргі кезеңдегі ең маңызды іс» деп айтты-мыс деп, оның сөйлеген сөзін бұрмалап жариялады. Бұл хабардың жалғандығын теріске шығара келіп, Володарский былай деп жазды: мен өз сөзімде большевиктік фракцияның неміс әскерлерінің Рига майданында шепті бұзып өтуі туралы мәселе жөніндегі декларациясының қағидаларын баяндаған болатынмын; бұл декларация Уақытша үкіметтің империалистік саясатын қатты айыптап, империалистік соғыстан революциялық жолмен шығуға шақырған еді. — *137.*

64 Меньшевиктердің *«Бірігу съезі»* 1917 жылы 19—26 августа (1—8 сентябрьде) Петроградта болып өтті. Съездің міндеті жекелеген меньшевиктік топтарды біртұтас партияға біріктіру еді. Съезге қорғампаз-меньшевиктер (плехановшылдар, потресовшылдар), интернационалист-меньшевиктер (Мартовты жақтаушылар) және съезді шақыруға белсене ат салысқан «Новая Жизнь» газетінің өкілдері қатысты. Съезд көпшілік дауыспен қарарлар қабылдап, бұл қарарларында соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады, социалистердің буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кіруін мақұлдады және оған сенім білдірді. Съезде Орталық комитет сайланды, оның құрамына П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, И. Г. Церетели, Н. С. Чхеидзе және басқалар кірді. Алайда съезд жұмысының барысында оған қатысушылардың арасында бүтіндей ауа жайылушылық айқын аңғарылды, сөйтіп меньшевиктерді біріктіру міндеті іс жүзінде орындалмай қалды. — *139.*

65 Бұл арада столыпиндік реакция дәуіріне жол ашқан үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс айтылып отыр.

1907 жылғы 3 (16) июньде II Мемлекеттік думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу жөнінде патша манифесі жарияланды. Жаңа заң Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді. Жаңа заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1 (14) ноябрьде жиналған III Мемлекеттік дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік дума болды. — *145.*

66 Петроградта 1917 жылы майдың аяғында—июньнің басында өткен аудандық думалардың сайлауында большевиктердің тізімдерін жақтап сайлаушылардың 20 проценті дауыс берді. 20 августа (2 сентябрьде) болған Петроград қалалық ду-

масының сайлауында большевиктер барлық дауыстың 33 процентіне ие болды. — *147.*

67 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Эмигранттық әдебиет. II. Коммунаның бланкист эмигранттарының программасы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 510—517-беттер). — *151.*

68 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 501-бет. — *151.*

69 Корнилов бүлігі басып-жаншылғаннан кейін Уақытша үкіметтің жаңа құрамын белгілеу туралы мәселе алға қойылды; бұрын жорамалданғанындай, оның құрамына меньшевиктер және эсерлермен қатар кадеттер кіруге тиісті болды. Бұқараның сенімінен бүтіндей айрылып қалудан қорыққан меньшевиктер мен эсерлер кадеттер қатысатын үкіметке кіруден бас тартатыны туралы мәлімдеді. 1917 жылы 1 (14) сентябрьде Уақытша үкімет құрамында бес адам—А. Ф. Керенский, А. И. Верховский, Д. Н. Вердеревский, А. М. Никитин және М. И. Терещенко—болатын директория құру туралы шешім қабылдады. Үкіметтің бұл құрамына кадеттер ресми түрде кірген жоқ, бірақ үкімет кадеттермен астыртын келісім жасасудың нәтижесінде құрылды. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитеті мен шаруа депутаттары Советі Атқару комитетінің 2 (15) сентябрьде болған біріккен пленумында меньшевиктер мен эсерлер үкіметтің жаңа құрамын қолдау туралы қарар қабылдады. Сөйтіп, сөз жүзінде кадеттермен ажырасатыны туралы мәлімдей отырып, меньшевиктер мен эсерлер бұл жолы да помещиктер мен капиталистердің өкімет билігін өз қолдарында сақтап қалуына көмектесті. — *157.*

70 Жарияланып отырған документті В. И. Ленин партияның Орталық Комитетінің 1917 жылғы 3 (16) сентябрьге белгіленген пленумына байланысты жазған болатын. Орталық Комитеттің протоколдарынан көрініп отырғанындай, 3 (16) сентябрьде пленум болмай, Орталық Комитеттің кезекті мәжілісі өткен, онда бұл мәселе талқыланбаған.

Партия программасын қайта қарау қажеттігі туралы мәселені Ленин 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін дереу қойды. 1917 жылғы 26 марттан (8 апрельден) ертерек жазылған ««Алыстан жазылған хаттардың» 5-хатының нобайында» Ленин 1903 жылы РСДРП II съезінде қабылданған партия программасына өзгерістер енгізудің нақты жоспарын белгілеп берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 64—65-беттер). Жоспарда партияның II съезінен бергі дәуірдің ішінде қоғамдық өмірдің дамуына байланысты программаға енгізу қажет болатын жаңалықтар белгіленді. Партия программа-

сын қайта қарау міндетін Ленин Апрель тезистерінде алға қойды.

РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясы партия программасын қайта қарау туралы мәселені талқылады. В. И. Ленин конференцияға «Программаның теориялық, саяси және басқа кейбір бөлімдеріне енгізілмек өзгерістердің жобасын» ұсынды. Бұл жобаны конференцияның программа секциясы қарады. Лениннің баяндамасы бойынша конференция партия программасын қайта қарау қажеттігін көрсеткен және оны қай бағытта өзгерту керектігін айқындап берген қарар қабылдады. Конференция Орталық Комитетке программаның жобасын әзірлеп, оны партия съезінің бекітуіне ұсынуды тапсырды. Партияның Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша, Ленин 1917 жылы июньде «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар» деген кітапшаны бастырып шығарды; оған мыналар енді: «Программаның теориялық, саяси және басқа кейбір бөлімдеріне енгізілмек өзгерістердің жобасы»; «РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясы секциясының ескертпелері жайындағы пікірлер»; «Программаны қайта жасау жобасы жөнінде», мұнда программаның ескі тексті мен жаңа тексті қатар берілген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 155—160, 161—162, 163—179-беттер).—Кітапшаның алғы сөзінде Ленин бұл материалды бастырып шығара отырып, «партия программасын талдап жасау жөніндегі белсенді жұмысқа... жолдастарды мүмкіндігіне қарай көбірек тарту» (бұл да сонда, 153—154-беттер) басты партиялық міндет деп санайтынын жазған.

1917 жылы 26 июльде—3 августа (8—16 августа) болып өткен РСДРП(б) VI съезі Апрель конференциясының партия программасын қайта қарау қажеттігі туралы қаулысын қуаттап, жаңа программаны жасау үшін партияның арнаулы съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Съезд Орталық Комитетке партияның программасын қайта қарау туралы мәселе жөнінде мүмкіндігінше неғұрлым кең дискуссия ұйымдастыруды тапсырды.

1917 жылы 20 сентябрьде (3 октябрьде) Орталық Комитеттің мәжілісінде партия программасын қабылдау үшін партияның төтенше съезін шақыру туралы мәселе талқыланды. «Рабочий Путь» газетінде 10 октябрьдегі (27 сентябрьдегі) 21-номерінен бастап бірнеше күн бойы Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының 1917 жылғы 17 (30) октябрьде партияның төтенше съезін шақыру туралы хабары жарияланып отырды. Съездің күн тәртібі мынадай болып белгіленді: 1) партия программасын қайта қарау, 2) ұйымдық мәселелер. Партия съезінің шақырылмақ болуына байланысты Орталық Комитет партия ұйымдарына съезге әзірлену және оған делегаттар сайлау туралы нұсқау хат жолдады. 5 (18) октябрьде Орталық Комитет съезді қысқа мерзімге кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады.

Съезге программаның жобасын әзірлеу үшін В. И. Ленин бастаған комиссия құрылды. 1917 жылы октябрьде В. И. Ленин «Партия программасын қайта қарау жөнінде» (қараңыз: осы том, 395—429-беттер) деген мақала жариялады.

Октябрь қарулы көтерілісіне әзірлену және оны өткізу жөнінде кең өріс алған оқиғаларға байланысты партия программасын қабылдау үшін өткізілмекші болған партияның төтенше съезі шақырылмай қалды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін партия программасы туралы мәселе 1918 жылы мартта болып өткен РКП(б) VII съезінде талқыланды. Әңгіме енді ескі программаны түзету және толықтыру туралы болмай, қайта партияның социалистік қоғам құру жөніндегі міндеттері белгіленетін жаңа программа жасау туралы болды. Съезд жаңа программаны жасауды Ленин бастаған комиссияға тапсырды. Партияның екінші программасы 1919 жылы мартта РКП(б) VIII съезінде қабылданды. Программа жобасының негізгі бөлімдерінің бәрін В. И. Ленин жазды. Программа Коммунистік партияның капитализмнен социализмге көшудің бүкіл өтпелі дәуіріне арналған міндеттерін белгілеп берді, партия мен жұмысшы табын социалистік қоғам құру жолындағы күресте идеялық жағынан қаруландырды. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы социализм орнатудың Ленин жасап берген жоспарын іске асырды. Партияның екінші программасы орындалды,—Совет Одағында социализм толық және түпкілікті жеңді. 1961 жылы болып өткен КПСС XXII съезі партияның жаңа, үшінші программасын—коммунизм орнату программасын қабылдады. — *159.*

71 *«Спартак»* — РСДРП Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің және (2-номерінен бастап) Москва округтік комитетінің теориялық журналы; 1917 жылғы 20 майдан (2 июньнен) 29 октябрьге (11 ноябрьге) дейін Москвада шығып тұрды.— *159.*

72 *«Циммервальд туралы мәселе жөнінде»* деген документті В. И. Ленин партияның Орталық Комитетінің 3(16) сентябрьге белгіленген пленумына байланысты жазған.

Ленин 1917 жылғы апрельдің өзінде-ақ «Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері» деген кітапшасында социалистердің Циммервальд бірлестігі туралы мәселе жөнінде былай деп жазған еді: «Циммервальдта *тек* информация үшін *ғана* қалу керек» (Шығармалар толық жинағы, 31-том, 194-бет). Ленин көпшілігі центристік позицияда тұрған Циммервальд бірлестігінде қала беру III, Коммунистік Интернационалды құру ісіне бөгет жасады және оны кешеуілдетті деп есептеді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында «Интернационалдағы жағдай және РСДРП(б)-ның міндеттері туралы» шешім қабылданды;

қарарда большевиктер партиясы Циммервальд солшылдарының тактикасын қорғай отырып, Циммервальд бірлестігінде қалады делінген. Конференция сондай-ақ шақырылмақ болып отырған үшінші Циммервальд конференциясына қатысуды ұйғарды. В. И. Ленин мұндай шешімге келіспеді. 1917 жылы 28 майда (10 июньде) жазылған «Біздің революциядағы пролетариаттың міндеттері» деген кітапшаға жазған соңғы сөзінде ол конференцияның бұл мәселеде жіберген қатесін оқиғалардың бұдан былайғы барысы түзетеді және партияның Орталық Комитетінің конференциядан кейін қабылданған және «Правдада» 12(25) майда басылған шешімі «қатенің жарым-жартысын түзетті» (Шығармалар толық жинағы, 31-том, 203-бет) деп атап көрсетті. Орталық Комитеттің бұл шешімінде шақырылғалы отырған Циммервальд конференциясына делегат жіберу керектігі, сөйтіп оған «егер конференция социал-шовинистермен қандай да болсын жақындасуды немесе істерді бірге талқылауды жақтап шығатын болса» (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 74-бет), дереу конференциядан кетіп, Циммервальд бірлестігінен шығу жөнінде тапсырма берілуге тиістігі айтылған. РСДРП(б) Орталық Комитетінен Циммервальд конференциясына баратын өкілдерді белгілеген Орталық Комитеттің 16 (29) августағы мәжілісінде де бұл шешім қуатталды.

РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы сақталып қалған протоколдарында социалистердің Циммервальд бірлестігінен дереу шығу туралы мәселені Ленин тағы да қойған «Циммервальд туралы мәселе жөнінде» деген документтің Орталық Комитеттің мәжілісінде немесе пленумында талқыланғаны туралы ештеңе айтылмаған.

Үшінші Циммервальд конференциясы 1917 жылы 5—12 сентябрьде Стокгольмде болып өтті. Ол туралы В. И. Лениннің «Біздің партияның Интернационалдағы міндеттері (III Циммервальд конференциясы жөнінде)» (осы том, 305—307-беттер) деген мақаласын қараңыз.— *161.*

73 Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советін қайта сайлауға байланысты Советтің жұмысшы секциясының 1917 жылғы 23 августағы (5 сентябрьдегі) мәжілісінде Советке сайлаудың қолданылып келген жүйесін өзгерту туралы мәселе қойылды; бұл жүйе бойынша жұмысшылардан мың адамнан бір делегат, ал солдаттардан әрбір әскери бөлімнен — командадан, ротадан — бір делегат сайланып келген болатын. Осының нәтижесінде Советте солдаттардың депутаттары жұмысшылар депутаттарына қарағанда едәуір көп еді. Жұмысшы секциясы көпшілік дауыспен большевиктер ұсынған қарарды: Советке сайлау жүйесі өзгертілуге тиіс және ол пропорциялы өкілдік принципі бойынша ұйымдастырылуға — мың сайлаушыдан бір делегат жіберілетін

болуға тиіс деген қарар қабылдады. Алайда солдат секциясының 25 августа (7 сентябрьде) өткен мәжілісінде бұл ұсыныс қабылданбады. Эсерлер сайлаудың бұрынғы жүйесін сол қалпында қалдырған өз қарарын өткізді.— *163.*

[74] *«Қазіргі саяси кезең туралы қарардың жобасын»* Ленин партияның Орталық Комитетінің 3(16) сентябрьге белгіленген пленумына байланысты дайындады. Алайда 3 (16) сентябрьде Орталық Комитеттің пленумы болмай, кезектегі мәжілісі өтті, онда қазіргі саяси жағдай туралы мәселе талқыланбады. РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы сақталып қалған протоколдарында қарардың бұл жобасының Орталық Комитетте талқыланғаны туралы айтылмаған.— *164.*

[75] *«Апат қаупі және онымен қалай күресу керек»* деген еңбегін Ленин астыртын жағдайда жүріп, Гельсингфорста, 1917 жылы 10—14 (23—27) сентябрьде жазды. «Рабочий Путь» газетінің 1917 жылғы 14(1) октябрьдегі 25-номерінде бұл еңбектің мынадай соңғы екі тарауы жарияланды: «Күйзеліске қарсы күрес және соғыс» және «Революцияшыл демократия мен революцияшыл пролетариат»; ал бірнеше күннен кейін, 19(6) октябрьде, газетте Н. Лениннің «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген жаңа кітапшасы жарық көргені айтылған хабар басылды.

Совет өкіметі жылдарында «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген кітап СССР халықтарының көптеген тілдерінде ондаған рет басылып шықты. Сонымен бірге кітап ағылшын, болгар, испан, қытай, неміс, поляк, чех, жапон және басқа шетел тілдерінде басылып шықты.— *173.*

[76] *Бүкіл россиялық демократиялық кеңесті* Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті өкімет туралы мәселені шешу үшін шақырды. Ал кеңесті ұйымдастырушылардың өздерінің алдына қойған шын мақсаты халық бұқарасының назарын өрістеп келе жатқан революциядан басқа жаққа аудару болды. Кеңес әуелі 1917 жылғы 12(25) сентябрьге белгіленді, содан кейін кейінге қалдырылып, 14—22 сентябрьде (27 сентябрь—5 октябрьде) Петроградта өтті. Кеңеске 1500-ден астам адам қатысты. Меньшевиктер мен эсерлердің лидерлері жұмысшы және шаруалар бұқарасының өкілдігін әлсірету және түрлі ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық ұйымдар делегаттарының санын көбейту, сөйтіп кеңесте өздері үшін көпшілікті қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданды. Мәселен, қалалық өзін өзі басқару орындарына көп өкілдік берілді, олар 300 орын алды, земстволар 200 орын алды, меньшевиктер мен эсерлердің қолында болған кооперативтерге 120 орын берілді. Ал оның бер жағында халықтың басым көпшілігінің өкілі саналатын

жұмысшы және солдат депутаттары Советтеріне не бары 230 орын берілді.

РСДРП(б) Орталық Комитеті 3(16) сентябрьдегі мәжілісінде кеңеске қатысу туралы шешім қабылдап, жергілікті партия ұйымдарына нұсқау хат жіберді, онда «кеңеске қатысушылардан, біздің партиямыздың мүшелерінен, мүмкіндігінше неғұрлым елеулі және топтасқан топ құруға барлық күш-жігерді жұмсау» қажет деп көрсетті («РСДРП(б) Орталық Комитеті секретариатының жергілікті партия ұйымдарымен жазысқан хаттары (Март—октябрь, 1917 ж.)», 1957, 35-бет). Большевиктер кеңеске оны меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелейтін трибуна ретінде пайдалану үшін қатысты.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетіне, Петроград және Москва комитеттеріне жолдаған «Большевиктер өкіметті алуға тиіс» деген хатында және РСДРП(б) Орталық Комитетіне жолдаған «Марксизм және котеріліс» деген хатында (қараңыз: осы том, 271—273, 274—280-беттер) большевиктердің Демократиялық кеңес жөніндегі тактикасын белгілеп берді.

Демократиялық кеңес өз құрамынан предпарламент (Бүкіл россиялық демократиялық совет) дейтінді құрды.

Предпарламенттің бірінші мәжілісінде-ақ (23 сентябрьде) жаңа үкімет коалициясын құру туралы эсерлер мен меньшевиктердің кадеттермен жасасқан келісімі мақұлданды. Жаңа коалициялық Уақытша үкімет ереже бекітті, бұл ереже бойынша предпарламент «Россия республикасының Уақытша советі» деп аталды және үкімет жанындағы тек кеңесші орган болуға тиіс болды. Оның құрамы буржуазиялық-помещиктік ұйымдар мен мекемелердің (кадет партиясының және басқалардың) өкілдерімен толықтырылды. Мұның өзі халық арасында парламенттік жалған үміттер туғызуға, социалистік революцияның дамуына бөгет жасауға тырысқан әрекет еді.

РСДРП(б) Орталық Комитеті 21 сентябрьде (4 октябрьде) большевиктерді кеңестің президиумынан кері шақырып алу, бірақ кеңестен кетпеу туралы шешім қабылдады. 8 дауыс қарсы болып, 9 дауыс жақтап предпарламентке кірмеу ұйғарылды. Дауыстардың тепе-тең бөлінуіне байланысты мәселені түпкілікті шешу партия кеңесіне берілді, оны «Демократиялық кеңестегі фракциядан дереу құру» ұйғарылды. Орталық Комитет мәжілісінің протоколында одан әрі былай деп жазылған: кеңесте 50 дауыс қарсы болып, 77 дауыс жақтап предпарламентке қатысу ұйғарылды және бұл шешімді Орталық Комитет бекітті.

Ленин «Подлогтың сабаздары туралы және большевиктердің қателері туралы», «Публицистің күнделік дәптерінен. Біздің партияның қателері» және «Дағдарыс пісіп жетті» (қараңыз: осы том, 281—290, 291—298, 308—320-беттер) деген мақалаларында большевиктердің Демократиялық кеңес жө-

піндегі тактикасының қателерін сынға алды; ол большевиктердің предпарламенттен шығуын үзілді-кесілді талап етті және барлық күшті көтерілісті әзірлеуге шоғырландыру қажеттігін атап көрсетті. Партияның Орталық Комитеті Лениннің ұсынысын талқылап, большевиктердің предпарламенттен кетуі туралы қаулы қабылдады, сөйтіп Каменевтің, Рыковтың және предпарламентке қатысуды жақтаған басқа да капитулянттардың қарсыласуын жеңіп шықты. 7(20) октябрьде, предпарламент ашылған бірінші күні, большевиктер декларациясын оқып беріп, одан кетіп қалды.— *181.*

77 *«Свободная Жизнь»* («Еркін Өмір»)—күнделікті газет, 1917 жылғы 2(15) сентябрьден 8(21) сентябрьге дейін Уақытша үкімет жауып тастаған «Новая Жизнь» газетінің орнына Петроградта шығып тұрды (5-ескертуді қараңыз).— *209.*

78 1917 жылы 31 августа (13 сентябрьде) Петроград Советі өзі құрылған күннен бастап бірінші рет пленум мәжілісінде большевиктер фракциясы ұсынған қарарды көпшілік 279 дауыс болып қабылдады, 115 дауыс қарсы болып, 50 дауыс қалыс қалды; бұл қарар буржуазиямен келісім жасасу саясатын үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Қарар бүкіл өкімет билігін Советтердің қолына көшіруге шақырды және елдегі революциялық өзгерістер программасын белгілеп берді. Бірнеше күннен кейін большевиктік партия тағы бір ірі жеңіске жетті. 5(18) сентябрьде жұмысшы және солдат депутаттарының Москва Советі көпшілік 355 дауыспен большевиктер ұсынған осындай қарар қабылдады.— *225.*

79 *«Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық I съезі* 1917 жылғы 3—24 июньде (16 июнь—7 июльде) Петроградта өтті. Съезге 1090 делегат қатысты. Ол кезде Советтерде азшылық болған большевиктердің 105 делегаты бар еді. Делегаттардың басым көпшілігі меньшевиктік-эсерлік блоктың және оларды қолдаған ұсақ топтардың өкілдері болды. Съездің күн тәртібінде 12 мәселе тұрды: революциялық демократия және үкіметтік өкімет билігі, соғысқа көзқарас, Құрылтай жиналысына әзірлік, ұлт мәселесі, жер мәселесі және басқа мәселелер.

В. И. Ленин съезде 4(17) июньде Уақытша үкіметке көзқарас туралы және 9(22) июньде соғыс туралы сөз сөйледі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 293—307, 308—324-беттер). Большевиктер Уақытша үкіметтің империалистік саясатын, меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық тактикасын әшкерелеу үшін съезд трибунасын кең пайдаланды, бүкіл өкіметтің Советтердің қолына өтуін талап етті. Большевиктер барлық негізгі мәселелер бойынша өз қарарларын ұсынып, қорғап шықты. Большевиктердің сөйлеген сөздері делегаттарға ғана емес, сонымен бірге тікелей

халықтың қалың бұқарасына — жұмысшыларға, шаруаларға, солдаттарға арналды.

Қабылданған қарарларда съездің эсерлік-меньшевиктік көпшілігі Уақытша үкіметті қолдау позициясына көшіп, оның майданда шабуылға әзірленіп жатқанын мақұлдады және өкіметтің Советтер қолына көшуіне қарсы шықты. Съезд Советтердің II съезіне дейін өмір сүрген Орталық Атқару Комитетін (ЦИК) сайлады, оның құрамында эсерлер мен меньшевиктер басым көпшілік болды.

Съездің маңызын бағалай келіп, В. И. Ленин съезд эсерлер мен меньшевиктер көсемдерінің революциядан шеттеп кеткенін «айта қаларлықтай айқын» көрсетті деп жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 346-бет).—*228.*

80 *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі»)—күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (байқау ретіндегі бірінші номері 1894 ж. шықты); И. Д. Сытин шығарды. Ресми түрде бейпартиялық делінген газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу-либералдық позициядан қорғады. Газет 1917 жылы буржуазиялық Уақытша үкіметті қалтқысыз қолдады және В. И. Ленин мен большевиктік партияға қарсы қудалау жүргізді.

1917 жылдың ноябрінде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылдың январынан бастап біраз уақыт газет «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды. 1918 жылы июльде біржола жабылды.— *238.*

81 Лениннің *«Большевиктер өкіметті алуға тиіс»* және *«Марксизм және көтеріліс»* деген хаттары Орталық Комитеттің 1917 жылғы 15(28) сентябрьдегі мәжілісінде талқыланды. Орталық Комитет таяу уақытта тактика мәселелерін талқылауға арналған Орталық Комитет жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Ленин хаттарының тек қана бір данасын сақтау туралы мәселе дауысқа қойылды. Бұл ұсынысты 6 адам жақтап, 4 адам қарсы дауыс берді, 6 адам қалыс қалды. Партияның социалистік революцияға бет алған бағытына қарсы болған Каменев Орталық Комитеттің мәжілісінде В. И. Лениннің қарулы көтерілісті ұйымдастыру туралы ұсыныстарына қарсы шыққан қарар жобасын ұсынды. Орталық Комитет Каменевтің қарарын қабылдамай тастады. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 55-бет).— *271.*

82 Қараңыз: «Германиядағы революция мен контрреволюция» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 100-бет).

«Германиядағы революция мен контрреволюция» деген еңбекті Ф. Энгельс жазған және 1851—1852 жылдары «New-York Daily Tribune» газетінде Маркстің қолы қойылып ма-

қалалар сериясы болып жарияланған; Маркс бастапқы кезде бұл шығарманы өзі жазбақ болды, бірақ экономикалық зерттеулерден қолы босамаған соң, мақалаларды жазу жұмысын Энгельске берді. Бұл шығарманы жазған кезде Энгельс Маркспен үнемі ақылдасып отырды, сондай-ақ баспаға жіберер алдында мақалаларды Маркстің қарауына беріп отырды. Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттарының жариялануына байланысты бұл еңбекті Энгельстің жазғаны кейініректе ғана мәлім болды.— *273.*

83 *Александринка* — Петроградтағы Александр театры, онда Демократиялық кеңес мәжіліс құрған.

Петропавловка — Қысқы сарайдың қарсысында, Неваның арғы бетінде орналасқан Петропавл қамалы. Патша өкіметі тұсында онда саяси тұтқындар ұсталған. Петропавл қамалында орасан үлкен арсенал болатып, сөйтіп ол Петроградтың маңызды стратегиялық пункті еді. Қазіргі уақытта — тарихи-революциялық музей.— *280.*

84 *«Подлогтың сабаздары туралы және большевиктердің қателері туралы»* деген мақала тұңғыш рет «Подлогтың сабаздары туралы» деген тақырыппен қысқарған түрінде «Рабочий Путь» газетінің 1917 жылғы 7 октябрьдегі (24 сентябрьдегі) 19-номерінде жарияланды. Мақаланың Ленин большевиктердің Демократиялық кеңес жөніндегі қателіктерін, сондай-ақ Зиновьев пен Каменевтің қателіктерін сынға алатын бөлімі газетте жарияланған жоқ. Мынадай текст басылмады: 1) «Революцияшыл солдаттар мен жұмысшыларда...» деген сөздерден бастап, «Осы арада мен большевиктердің де қателерін көрсетпекпін» (осы том, 286-бет) деген сөздерге дейін; 2) «Большевиктер «байланыс қызметі» үшін» деген сөздерден бастап, «жол беруге тиіс емес еді» (286—287-беттер) деген сөздерге дейін; 3) «корниловшыл-Керенскийге тек...» деген сөздерден бастап, «Либердандар әр түрлі делегациялардан...» (287—289-беттер) деген сөздерге дейін; 4) «Нақ сол пролетарлық делегациялар...» деген сөздерден бастап, мақаланың аяғына дейін. Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің, Москва комитетінің және Советтерінің мүшелеріне таратып беруге арналған, «Дағдарыс пісіп жетті» деген мақаланың VI тарауында Орталық Орган менің мақалаларымдағы «большевиктердің сорақы қателері» (бұл да сонда, 319-бет) көрсетілген жерлерді сызып тастады деп жазғанында Ленин, сірә, ең алдымен осы факт жайында айтқан болуы керек.

В. И. Ленин Шығармаларының бірінші, екінші және үшінші басылуларында бұл мақала «Рабочий Путь» газетіндегі нұсқа бойынша басылды. Мақала В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуының 26-томында қолжазба бойынша, бірінші рет толық жарық көрді.— *281.*

85 *«Либерданд ар»*— кекесін атау, Москвадағы большевиктік «Социал-Демократ» газетінде (№ 141, 25 август (7 сентябрь) 1917 жыл) Д. Бедныйдың «Либердан» деген фельетоны жарияланғаннан кейін меньшевиктердің лидерлері Либер мен Дан және олардың жақтаушылары осылай аталып кетті.— *281.*

86 *«Рабочий Путь»* («Жұмысшы Жолы»)— большевиктік партияның Орталық Органы, күнделікті газет; 1917 жылғы 3(16) сентябрьден 26 октябрьге (8 ноябрьге) дейін Уақытша үкімет жауып тастаған «Правда» газетінің орнына шығып тұрды. 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап «Правда» газеті өз атымен шығатын болды.— *288.*

87 *«Социал-Демократ»*— күнделікті газет, РСДРП(б) Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің, кейінірек — Москва округтік комитетінің де органы; 1917 жылғы марттан 1918 жылғы мартқа дейін шығып тұрды. Түрлі уақытта газеттің редакциясына М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов, А. А. Сольц, Е. М. Ярославский және басқалар кірді.

«Социал-Демократта» В. И. Лениннің мынадай бірқатар мақалалары мен документтері басылды: «Алыстан жазылған хаттар (1-хат)», «Пролетариаттың осы революциядағы міндеттері туралы», жұмысшы және солдат депутаттарының Бүкіл россиялық I съезінде «Уақытша үкіметке көзқарас туралы сөйленген сөз 4 (17) июнь», «Дағдарыс пісіп жетті» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 11—24, 124—130; 32-том, 293—307-беттер; осы том, 308—320-беттер). 1918 жылы мартта Совет үкіметі мен партияның Орталық Комитетінің Москваға көшуіне байланысты «Социал-Демократ» газеті «Правда» газетімен бірікті.— *288.*

88 *Форт Ино* — Финляндиямен шекарадағы бекініс, ол Петроградқа кіре беріс жағалауды Кронштадтпен бірлесе отырып қорғап келген болатын.— *300.*

89 Бұл арада фини сеймінің депутаты К. Вийк айтылып отыр; В. И. Ленин Гельсингфорсқа бара жатқан жолында Мальм станциясындағы оның дачасында бір күн аялдаған.— *302.*

90 РСДРП Москва өнеркәсіп ауданының Облыстық бюросы 1917 жылы бастырып шығарған «Партия программасын қайта қарау жөніндегі материалдар» деген жинақта В. Милютиннің, В. Сокольниковтың, А. Ломовтың және В. Смирновтың мақалалары бар еді. Жинаққа берілген алғы сөзде атап көрсетілгеніндей, материалдар партияның шақырылғалы отырған съезіне байланысты жарияланған болатын, бұл съезде программаны қайта қарау туралы мәселе талқылануға тиіс еді. В. И. Ленин «Партия программасын қайта қарау

жөнінде» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 395—429-беттер) В. Сокольников пен В. Смирновтың жинақта жарияланған мақалаларын мұқият талдап, сынға алды.— *303.*

91 *III Циммервальд конференциясы* 1917 жылы 5—12 сентябрьде Стокгольмде болып өтті. Конференция құрамының «алақұлалығына» Ленин жарияланып отырған мақалада сипаттама береді; оған «өз саясатының *түбегейлі* бағытында өзара сөзсіз алалық бар адамдардың» партияларынан өкілдер жиналған. Конференцияда РСДРП(б) Орталық Комитетінің өкілдері ретінде В. В. Воровский мен Н. А. Семашко болды.

Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) Интернационалдық социалистік комиссияның баяндамасы, 2) Гримм жанжалы, 3) Стокгольм бітім конференциясына көзқарас және 4) Бейбітшілік үшін күрес және түрлі елдердегі циммервальдтық қозғалыстар.

Конференция герман империализмінің мүддесін көздейтін сепараттық бітім жасасу жөнінде сыр тартпақшы болған Швейцария министрі Гофманның эмиссары ретінде Россияда әшкереленген «Р. Гриммнің ісін» қарады. Бұл кезде Гримм Интернационалдық социалистік комиссияның председателі міндетінен босатылған-ды; конференция оның әрекетін жол беруге болмайтын қылық деп тауып, Интернационалдық социалистік комиссиядан шығарылуын мақұлдады. Ленин бұл шешімді жеткіліксіз деп есептеді.

II Интернационал социалистерінің Стокгольм бітім конференциясына көзқарас жөніндегі мәселе бойынша айтыс кезінде делегаттардың бір бөлегі оған қатысуды жақтады, ал орыс меньшевиктері, егер Циммервальд конференциясы Стокгольм конференциясына түгелімен қатысатын болған жағдайда ғана, Циммервальд конференциясында қалу жөнінде императивтік мандат алды.

Конференцияда РСДРП(б) Орталық Комитеті, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы және поляк социал-демократиясы атынан сөз сөйлеген В. В. Воровский меньшевиктер мен олардың пікірлестерін қатты әшкереледі. Ол Россиядағы істің жайы туралы қарар қабылдауды талап етті. Алайда конференцияның центристік көпшілігі орыс істеріне жеткілікті қанық емеспіз дегенді сылтау етіп, мұндай қарар қабылдаудан бас тартты.

Конференция шығарған манифест барлық елдердің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерін соғысқа қарсы жаппай халықаралық стачка ұйымдастыруға шақырды. Манифесте революциялық социал-демократияның империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы және соғысып жатқан әрбір елде «өз» үкіметінің жеңілуі туралы ұрандары аталмай қалды. III Циммервальд конференциясы Циммервальд бірлестігінің біржола банкрот болғаны жөніндегі, одан дереу қол үзу қажеттігі және III, Коммунистік интернационал құру жөніндегі Лениннің қорытындысын толық дәлел-

деді. Үшінші Циммервальд конференциясы бұл бірлестіктің соңғы конференциясы болды.

Ленин мақалада конференцияның меньшевиктік «Искра» газетінің қателесіп берген датасын келтіреді.— *305.*

92 *«Искра»* («Ұшқын») — интернационалист-меньшевиктердің газеті; 1917 жылғы 26 сентябрьден (9 октябрьден) 4(17) декабрьге дейін Петроградта шығып тұрды.

Интернационалист-меньшевиктер — меньшевиктік партияның шағын бір қанаты, ол бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. Оның ең көрнекті өкілдері: Л. Мартов, Ю. Ларин, А. Мартынов және басқалар. 1917 жылғы апрель — июньде интернационалист-меньшевиктер «Интернационал» деген әрайлық журнал шығарып тұрды.

Интернационалист-меньшевиктер центристік позицияда болды. Социал-шовинистерді сынай отырып, олар соның өзінде олардан ұйымдық жағынан ажырасудан қорықты, большевиктік партияның соғыс, бітім және революция мәселелері жөніндегі лениндік тактикасының негізгі қағидаларына қарсы шықты.

Социал-шовинистерге қарсы бірлесіп күресу үшін большевиктер интернационалистердің күштерін біріктіруге әлдеНеше рет әрекеттенді. 1915 жылы февральда В. И. Ленин «Наше Слово» газетінің редакциясына жолдаған хатында интернационалистердің күштерін жинау туралы және социал-шовинистермен ажырасу туралы декларацияның жобасын ұсынды (қараңыз: Шығармалар, 21-том, 116—119-беттер). Бірақ интернационалист-меньшевиктер социал-шовинистерден үзілді-кесілді ажырасуға бармады. РСДРП(б) Петроград жалпы қалалық конференциясында және Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында, сондай-ақ партияның VI съезінде интернационалистерді біріктіру туралы мәселе қойылды. VI съезд социал-шовинистермен бірігудің оппортунистік ұранына «таптық революциялық ұранды — меньшевик-империалистерден іс жүзінде іргесін аулақ салған барлық интернационалистердің бірлігі» ұранын қарсы қойып, социал-демократияның барлық революцияшыл элементтерін «қорғампаздармен ұйымдық байланыстарды дереу үзіп, РСДРП-ның төңірегіне бірігуге» шақырды. («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 551-бет). Интернационалист-меньшевиктердің бірқатар қолайсыз шарттар қойған лидерлері Мартов пен Астровтың кінәсынан бірігу болмай қалды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін интернационалист-меньшевиктердің бір бөлегі Совет өкіметінің ашық жауларының лагеріне қосылып, шетелге эмиграцияға кетті. Екінші бөлегі Совет өкіметін мойындады

және советтік мекемелерде жұмыс істеді. Бұл топтың жеке-леген өкілдері большевиктер партиясына кірді.— *305.*

93 *«Politiken»* («Саясат») — швед солшыл социал-демократтарының газеті, бұлар 1917 жылы Швеция солшыл социал-демократиялық партиясын құрды; газет 1916 жылғы 27 апрельден бастап Стокгольмде шығарылды. 1917 жылғы ноябрьден бастап «Folkets Dagblad Politiken» («Күнделікті Халықтық Саяси Газет») деген атпен шықты. Газетке Германияның, Россияның, Францияның және басқа елдердің солшыл циммервальдистері жазып тұрды. 1921 жылы Солшыл социал-демократиялық партия Коминтернге еніп, Коммунистік партия деп аталғаннан кейін, газет осы партияның органы болды. 1929 жылы октябрьде Коммунистік партия жікке бөлінгеннен кейін оның оң қанатының қолына көшті. 1945 жылы майда газеттің шығуы тоқтатылды.

«Työmies» («Жұмысшы») — Финляндия социал-демократиялық партиясының газеті, 1895 жылғы марттан 1918 жылға дейін Гельсингфорста шығып тұрды.— *305.*

94 *«Интернационалист»* («The Internationalist») — апталық газет, социалистердің сол қанатының органы; 1917 жылдың бас кезінде Бостонда Америка социалистік насихат лигасы шығарып тұрды. Газет редакциясына Америка Құрама Штаттарының және басқа елдердің интернационалистері: Дж. Д. Уильямс, Г. А. Гиббс, А. С. Зартарьян, Фр. Розин, С. Ю. Рутгерс, А. С. Эдвардс кірді.— *306.*

95 Ленин *«Дағдарыс пісіп жетті»* деген мақаласын Выборгте жазды. Мақала алты тараудан құралды, оның бер жағында соңғы, алтыншы тарауы баспаға арналмай, *«Орталық Комитеттің, Петербург комитетінің, Москва комитетінің* және *С о в е т т е р і н і ң* мүшелеріне *т а р а т ы п б е р у ү ш і н»* арналған. Мақаланың соңғы екі тарауының—V және VI тарауларының ғана қолжазбасы сақталған. Мақала бірінші рет жарық көрген «Рабочий Путь» газетінің 1917 жылғы 20(7) октябрьдегі 30-номерінде мақаланың бес тарауы емес, төрт тарауы басылды. Бастырған кезде мақаланың бір тарауы түсіп қалған. Мақаланың бесінші тарауы төртінші тарау деп жарияланды, мұның өзі газет текстін бесінші тараудың қолжазбасымен салыстырған кезде анықталды.

«Дағдарыс пісіп жетті» деген мақала большевиктік мерзімді баспасөзде кеңінен жарияланды. Мақала «Социал-Демократ» (Москва), «Пролетарское Дело» (Кронштадт), «Буревестник» (Минск), «Пролетарская Правда» (Тула), «Вперед» (Уфа), «Бакинский Рабочий», «Уральский Рабочий», «Красноярский Рабочий» газеттерінде және басқа газеттерде көшіріліп басылды.— *308.*

96 В. И. Ленин бұл арада 1917 жылғы августағы герман флоты матростарының революциялық бой көрсетулерін айтып отыр. Бұл бой көрсетуге 1917 жылы июльдің аяғында төрт мың адамды қамтыған матростардың революциялық ұйымы басшылық етті. Ұйымға «Фридрих Великий» кораблiндегі матростар Макс Рейхпич пен Альбин Кебис басшылық етті. Ұйым демократиялық бітім үшін күресу және көтерілісті әзірлеу туралы шешім қабылдады. Августың басында флотта ашық қимылдар басталды. Вильгельмсхафенде тұрған «Принц-регент Луитпольд» линиялық кораблінің матростары бұрын ереуіл жасағаны үшін тұтқынға алынған өз жолдастарын босатып алу үшін күресу мақсатында өз беттерімен жағаға шықты; 16 августа «Вестфалия» кораблінде кочегарлар жұмыстан бас тартты. Сонымен бірге теңізде жүрген «Нюрнберг» крейсерінің экипажы көтеріліс жасады. Матростар арасындағы қозғалыс Вильгельмсхафендегі бірнеше эскадраның корабльдеріне тарады. Герман флотындағы революциялық бой көрсетулер қатал басып-жаныштaлды. Қозғалыстың жетекшілері Рейхпич пен Кебис атылды, ал қозғалысқа белсене қатысушы басқа матростар ұзақ мерзімге каторгалық жұмысқа кесілді.—*311.*

97 Бұл арада Петроград Советінің 1917 жылғы 21 сентябрьдегі (4 октябрьдегі) мәжілісінде майданнан келген офицер Дубасовтың сөйлеген сөзі айтылып отыр. Өзінің сөзінде Дубасов: «Бұл арада сіздер не десеңіздер о деңіздер,— солдаттар бұдан былай енді соғыспайды» — деп мәлімдеген болатын.— *314.*

98 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 1905 жылдан газет кадеттер партиясы оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп көрсетті Ленин, *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 212-бет) өзінше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *315.*

99 Ленин бұл арада жалақыны көбейтуді талап еткен темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінің бүкіл россиялық ереуілін айтып отыр. Елдегі бүкіл темір жол жүйесінде ереуіл 1917 жылғы сентябрьдің 23-нен 24-не (октябрьдің 6-нан 7-не) қараған түні басталды. Уақытша үкімет қатты абыржыды. Буржуазиялық баспасөз ереуілге шыққан жұмысшыларды қуғындай бастады.

Темір жолдағы ереуіл туралы мәселе РСДРП(б) Орталық Комитетінің 24 сентябрьдегі (7 октябрьдегі) мәжілісінде талқыланды. «Рабочий Путь» газетінде жарияланған «Темір жолшыларға көмекке аттанайық» деген үндеу хатта

РСДРП(б) Орталық Комитеті Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын әшкерелей келіп, бүкіл пролетариатты темір жолшыларға толық тілектестік білдіруге, оларды контрреволюцияның қуғындауынан және арандатушылық шабуылынан қорғауға, темір жолшылар ереуілінің оқшауланып, басып-жаншылып қалуына жол бермеу үшін барлық шараларды қолдануға шақырды. Ереуіл Уақытша үкімет темір жолшылардың талаптарын ішінара қанағаттандырғаннан кейін 1917 жылғы 27 сентябрьге (10 октябрьге) қараған түні аяқталды.— *315.*

100 Әңгіме Каменевтің, Зиновьевтің, Троцкийдің және олардың жақтаушыларының позициясы туралы болып отыр. Каменев пен Зиновьев қарулы көтеріліске әзірленудің лениндік жоспарына қарсы шығып, Россияның жұмысшы табы социалистік революция жасауға қабілетсіз-міс деп дәлелдемек болды. Олар буржуазиялық республиканы қорғаған меньшевиктердің позициясына көшті. Троцкий көтерілісті Советтердің Бүкіл россиялық II съезі шақырылғанға дейін кешеуілдете тұруға күш салып бақты, мұның өзі іс жүзінде көтерілісті сәтсіздікке ұшыратқандық болатын еді, өйткені Уақытша үкімет съезд шақырылған күнге дейін көтерілісті талқандау үшін күш жинап алуға мүмкіндік алатын еді.— *317.*

101 *«Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?»* деген мақаланы Ленин 1917 жылы сентябрьдің аяғында — 1 (14) октябрьде Выборгте жазған болатын. Мақала бірінші рет 1917 жылы октябрьде «Просвещение» журналының 1—2 номерінде жарияланды.

«Просвещение» («Ағарту»)— ай сайын шыққан большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті.

Журнал В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Крупская, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып тұрды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету ісіне А. М. Горькийді тартты. Ленин Париждеи, ал кейін Краков пен Поронинпен «Просвещениеге» басшылық етіп отырды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен ұдайы хат жазысып тұрды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін жазып тұрды, IV Мемлекеттік дума сайлауы науқаны тұсында большевиктік ұрандарды насихаттады; ол II Интернационал партиялары ішіндегі ревизионизмге және центризмге қарсы шықты. Журнал Рос-

сияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалдық тәрбие беруде үлкен роль атқарды.

1914 жылы июньде бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журналды шығару қайта қолға алынды, бірақ бір (қосарланған) номері ғана шықты. Бұл номерде В. И. Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген мақаласынан басқа, оның «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақаласы, сондай-ақ В. Милютиннің «РСДРП 6-съезінің қорытындылары жөнінде», Ф. Мерингтің «Маркс эмиграцияда», А. Ломовтың «Соғыс және Германиядағы халық шаруашылығы» деген мақалалары және басқа мақалалар жарияланды. — *325.*

102 В. И. Ленин айтып отырған факті жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезінің 1917 жылғы 4(17) июньдегі мәжілісінде болған еді. Уақытша үкіметтің министрі меньшевик Церетели өзінің сөзінде елдегі бүкіл өкімет билігін бір өзі қолына алуға келісетін саяси партия Россияда жоқ болып отыр-мыс дегенде, В. И. Ленин отырған орнынан большевиктер партиясының атынан «Бар!» деп реплика жасады, ал съезд трибунасынан сөйлеген сөзінде большевиктік партия әрбір минут сайын «өкімет билігін түгелдей өз қолына алуға әзір» отыр (Шығармалар толық жинағы, 32-том, 297-бет) деп мәлімдеді.— *328.*

103 *«Знамя Труда»* («Еңбек Туы») — күнделікті газет, эсерлер партиясы Петроград комитетінің органы; 1917 жылғы 23 августан (5 сентябрьден) шыға бастады. 1917 жылғы 1(14) ноябрьдегі 59-номерінен бастап эсерлер партиясы Петроград комитетінің және Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің Орталық Атқару Комитетіндегі солшыл эсерлер фракциясының органы ретінде шығып тұрды. Газет 1917 жылғы 28 декабрьден (1918 жылғы 10 январьдан) былай қарай, 105-номерінен бастап, солшыл эсерлер партиясының орталық органы болды. 1918 жылы июльде солшыл эсерлердің бүлігі кезінде жабылды.— *337.*

104 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қаз. мемл. баспасы, 282-бет.— *362.*

105 Қараңыз: Ф. Энгельстің Ф.-А. Зоргеге 1888 жылғы 22 февральда жазған хаты (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 17-бет).— *371.*

106 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 100—101-беттер.— *378.*

107 Тексте корсетілген мерзімді келтіргенде В. И. Ленин мынаны айтпақ болып еді: 28 февраль (13 март)—Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы болған күн; 30 сентябрь (13 октябрь)— Уақытша үкіметтің Құрылтай жиналысын шақырмақ болып бастапқы белгілеген мерзімі; 1917 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) Құрылтай жиналысын шақыру белгіленді.— *382.*

108 В. И. Ленин Н. Сухановтың «Новая Жизнь» газетінде жарияланған «Дауыл қайта соқты» деген мақаласынан алынған создерді келтіріп отыр.

Смольный институтының үйінде 1917 жылғы август айынан бастап Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің большевиктік фракциялары орналасты. Октябрьде Әскери-революциялық комитет те осы үйде орналасқан-ды. — *382.*

В. И. Лениннің жарияланып отырған хаты 1917 жылы 5 (18) октябрьде РСДРП(б) Петербург комитетінің М. И. Калининнің председательдік етуімен өткен мәжілісінде талқыланды. Мәжілісте Лениннің қарулы көтеріліске әзірлену жөніндегі нұсқауына В. Володарский мен М. Лашевич қарсы шықты. Лашевич өз сөзінде оқиғаларды тездетуге болмайды, қайта Советтердің съезін күте тұру керек деп мәлімдеді. М. И. Калинин, И. А. Рахья, М. Я. Лацис және басқалар өздерінің сөздерінде оларға қатты тойтарыс берді. Мәжіліске қатысушылардың көпшілігі Лениннің хатында баяндалған қарулы көтеріліске әзірлену жөніндегі нұсқауын қолдап шықты.

Москвада хат РСДРП(б) Москва комитетінде басшы партия қызметкерлерінің жиналысында талқыланды. 7 (20) октябрьде Москва комитеті қарар қабылдап, онда өкімет билігін қолға алу жолындағы күресті дереу бастау міндетін алға қойды. 10 (23) октябрьде большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы қарар қабылдап, онда Керенский үкіметін құлату және оны жұмысшы және шаруа үкіметімен алмастыру ғана шаруаларға жер беру, халықтарға әділ бітім ұсыну, күйзеліске қарсы батыл күресу сияқты революциялық шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп мәлімдеді. Конференция Москва комитетіне «революцияшыл күштерді жауынгерлік әзірлікке келтіру жөнінде» шаралар қолдануды тапсырды.

«Орталық Комитетке, Москва комитетіне, Петербург комитетіне және Питер мен Москва Советтеріне мүше большевиктерге хат» В. И. Ленин Шығармалары жинағының бірінші басылуында «РСДРП(б) Петербург және Москва комитеттеріне хат» (қараңыз: XIV том, II бөлім, 266—267-беттер) деген тақырыппен жарияланды. В. И. Ленин Шығармаларының бұдан былайғы барлық басылуларында, сондай-ақ осы

томда да документтің тақырыбы деректемеге сәйкес—Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы машинкада басылған көшірме бойынша берілген.— *383.*

110 *«Петербург ұйымының 8 октябрьдегі конференциясында жасалатын баяндамаға, сондай-ақ қарарға және партия съезіне сайланғандарға берілетін тапсырмаға арналған тезистер»* «Құрылтай жиналысына кандидаттардың тізімі туралы» соңғы бөлімімен және оған берілген ескертумен қоса бірінші рет толық жарияланып отыр. В. И. Ленин Шығармаларының бірінші басылуында (XIV том, II бөлім), сондай-ақ Шығармалардың төртінші басылуында (26-том) бұл бөлім жарияланбаған еді. Шығармалардың екінші және үшінші басылуларында (XXI том) ол толық емес күйінде басылды.

Петроград жалпы қалалық III конференциясы 1917 жылы 7—11 (20—24) октябрьде болып өтті. Оған шешуші дауыспен 92 делегат және кеңесші дауыспен 40 делегат қатысты. Конференция В. И. Ленинді құрметті председатель етіп сайлады. Лениннің тезистері конференция қабылдаған шешімдердің негізіне алынды. Ағымдағы кезең жөніндегі қарарда конференция Керенский үкіметінің орнына жұмысшы-шаруа революциялық үкіметін құру қажеттігі туралы мәлімдеді, өйткені тек осындай үкімет қана шаруаларға жер бере алатын еді, елді соғыс пен күйзелістен шығара алатын еді. Конференция «Қызыл гвардия туралы», ««3 (16)—5 (18) июльдегі» іс бойынша түрмедегі саяси тұтқындардың ашығуы туралы» қарарлар қабылдады. Конференцияның шешімдерінде «біз бұқаралық пролетарлық көтерілістің қарсаңында отырмыз» деп атап көрсетіліп, бұл көтерілістің жеңімпаз көтеріліс болатынына кәміл сенім білдірілді. Конференция Құрылтай жиналысын сайлау туралы мәселені талқылады. Петроградтан болатын алғашқы кандидаттардың ішінде В. И. Ленин аталды. 11 (24) октябрьдегі мәжілісте Ленин жазған «Питер қалалық конференциясына хат» (қараңыз: осы том, 390—393-беттер) оқылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірлену ісінде конференцияның зор маңызы болды. — *385.*

111 *Ауданаралықшылар*—РСДРП-ның бірлігі үшін күресу деген желеумен 1913 жылы ноябрьде Петербургте құрылған біріккен социал-демократтардың ауданаралық (аудан арасындағы) ұйымының мүшелері. Бірлік ұранын жамылғы етіп, Петербургтегі большевиктік және меньшевиктік ұйымдарды біріктіруге тырысқан ауданаралықшылар іс жүзінде өздерінің фракциялық ұйымын құрды. Оған троцкист-меньшевиктер және оппортунистер жөнінде ымырашылдық ниғылдағы бұрынғы большевиктердің бір бөлегі кірді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ауданаралықшылар центристік позиция ұстады, соғыстың империалистік соғыс екенін мойындады, социал-шовинизмге қарсы болды, бірақ меньшевиктермен бүтіндей ажырасуға келіспеді.

Құрамына В. Володарский, А. Иоффе, А. Луначарский, Д. Мануильский, Л. Троцкий, М. Урицкий, И. Юренев және басқалары кірген ауданаралық бұл ұйым 1917 жылы большевиктік партияның бағытына өзінің келісетінін мәлімдеді. РСДРП(б) VI съезінде қорғампаз-меньшевиктерден қол үзген ауданаралық ұйым (4000-ға тарта мүшесі бар) большевиктер партиясына қабылданды. Кейбір ауданаралықшылардың (Луначарский, Мануильский, Володарский, Урицкий және басқалар) өздерінің бұрынғы центристік көзқарасынан шын мәнінде қол үзіп, большевиктік партияның көрнекті қайраткерлері болғандығын бұдан былайғы оқиғалар көрсетті. Ал Троцкий большевиктік партияға кіргенмен большевик болмады, қайта ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді. Ол ленинизмнің, Совет мемлекетінің және бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстың қас жауына айналды.

Ауданаралықшылар өздерінің баспасөз органын—«Вперед» журналын шығарып тұрды (1915 жылы құпия түрде басылған бір номері жарық көрді). 1917 жылы журнал қайтадан шығарыла бастады: июньнен августқа дейін ол біріккен социал-демократтардың (интернационалистердің) Петербург ауданаралық комитетінің органы ретінде жария түрде шығып тұрды; 8 номері шықты. Партияның VI съезінен кейін редакцияның құрамы өзгертілді, сөйтіп журналдың 9-номері РСДРП(б) Орталық Комитетінің органы ретінде шықты. Сентябрьде Орталық Комитеттің шешімі бойынша журналдың шығарылуы тоқтатылды. — *388.*

112 Солтүстік облыс Советтерінің съезін бастапқы кезде 1917 жылы 8 (21) октябрьде Гельсингфорста шақыру белгіленген болатын. РСДРП(б) Орталық Комитеті 5 (18) октябрьде съезді Петроградта шақыру жөнінде шешім қабылдап, оны 10 (23) октябрьге кейінге қалдырды. Съезд 11 (24) октябрьде ашылып, 13 (26) октябрьде аяқталды. Съезге Петроград, Москва, Новгород, Старая Русса, Боровичи, Ревель, Юрьев, Архангельск, Кронштадт, Гатчина, Царское Село, Сестрорецк, Выборг, Гельсингфорс Советтерінен және басқаларынан өкілдер келді. Делегаттардың саны 94 адам еді, бұлардың ішінде большевиктер 51 болды. Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті қаулы қабылдап, онда Солтүстік облыс Советтерінің съезі «уәкілетті облыстық съезд емес», тек «жекелеген Советтердің жеке кеңесі» ғана деп мәлімдеуіне байланысты меньшевиктер фракциясы өзінше қыр көрсеткен болып съезден кетіп қалды. Съездің күн тәртібінде мына мәселелер тұрды: 1) жергілікті жерлерден баяндамалар; 2) ағымдағы кезең; 3) жер мәселесі; 4) елдің

әскери-саяси жағдайы; 5) Советтердің Бүкіл россиялық съезі; 6) Құрылтай жиналысы; 7) ұйымдық мәселе.

Ленин съезге зор маңыз берді. 8 (21) октябрьде ол «Солтүстік облысы Советтерінің облыстық съезіне қатысушы большевик жолдастарға хат» жазды (қараңыз: осы том, 433—439-беттер). Лениннің хаты 11 (24) октябрьде таңертең съездің большевиктік фракциясында талқыланды. Ағымдағы кезең жөнінде қабылданған қарарда орталықта және жергілікті жерлерде бүкіл өкімет билігінің Советтердің қолына дереу өтуі ғана елді және революцияны құтқарып қала алатыны атап көрсетілді. Съезд шаруаларға арнап үндеу хат қабылдап, оларды пролетариаттың окімет билігі жолындағы күресінде оны қолдауға шақырды. Съезд Солтүстік облыстық комитет сайлады, оның құрамында 17 адам бар еді, мұның 11-і большевик және 6-ы солшыл эсер болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі үшін барлық күшті әзірлеу, ұйымдастыру және жұмылдыру ісінде съезд шешімдерінің орасан зор маңызы болды. — *391.*

113 Петроград Советінің солдат секциясы 1917 жылы 6 (19) сентябрьде қарар қабылдап, онда Уақытша үкіметтің Петроградтан Москваға көшіп баруды белгілеуіне қарсы үзілді-кесілді наразылық білдірді. Қарарда былай деп көрсетілді: егер «Уақытша үкімет Петроградты қорғай алмайтын болса, онда ол не бітім жасасуға, не өз орнын басқа үкіметке беруге міндетті». — *391.*

114 Бұл арада 1917 жылы 24—29 апрельде (7—12 майда) Петроградта болып өткен РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясы айтылып отыр. — *397.*

115 Ф. Энгельс. «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 22-том, 234-бет). — *407.*

116 *«Спартак» тобы («Интернационал»)*—герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымы; дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка), В. Пик ұйымдастырған.

«Спартак» тобының «Халықаралық социал-демократияның міндеттері туралы тезистерін» К. Либкнехттің, Ф. Мерингтің және К. Цеткиннің қатысуымен Р. Люксембург жазған болатын. Тезистер 1916 жылы январьда солшыл социал-демократтардың жалпы германдық конференциясында қабылданды. Осы конференцияда бұл топ ұйымдық жағынан қалыптасып, өзін «Интернационал» тобы деп атау жөнінде шешім қабылдады.

1916 жылдан бастап «Интернационал» тобы, 1915 жылы өзі шығарған саяси листовкалардан басқа, құпия түрде

«Саяси хаттар» шығарып, тарата бастады (1918 жылғы октябрьге дейін үзбей шығып тұрды), оған «Спартак» деп қол қойды; осыған байланысты «Интернационал» тобы «Спартак» тобы деп те аталды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателер жіберді: империализм дәуірінде ұлт-азаттық соғыстар болу мүмкіндігін теріске шығарды, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы мәселе жөнінде дәйекті позиция ұстамады, жұмысшы табының авангарды ретінде пролетарлық партияның ролін жете бағаламады, оппортунистерден үзілді-кесілді ажырасудан қорықты. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (қараңыз: «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген және басқа еңбектер. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде Германиядағы революция барысында спартакшылдар «тәуелсіздерден» ажырап, «Спартак одағы» болып қалыптасты, 1918 жылы 14 декабрьде өз программасын жариялады. Құрылтай съезінде (30 декабрь, 1918—1 январь, 1919 жыл) спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды. — *409*.

117 *Трибунистер*—Голландия Социал-демократиялық партиясының мүшелері, «Трибуна» газеті осы партияның органы болды. Трибунистердің лидерлері Д. Вайнкоп, Г. Гортер, А. Паннекук, Г. Роланд-Гольст болды. Трибунистер дәйекті революциялық партия емес еді, бірақ Голландиядағы жұмысшы қозғалысының сол қанатының өкілдері болды және дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) негізінен интернационалистік позиция ұстады.

1918 жылы трибунистер Голландия Коммунистік партиясын құрды. — *425*.

118 Америкадағы *«Социалистік насихат лигасы»* (СНЛ) 1915 жылы Бостонда, жеке мүшелік билеттері және партиялық жарналары болатын дербес топ ретінде Социалистік партияның ішінен құрылды. СНЛ Циммервальд солшылдарының платформасы жағында болды; Социалистік партиядағы революциялық элементтер оның төңірегіне топтаса бастады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін СНЛ Большевиктік информация комитетін құрды, ол буржуазиялық және реформистік баспасөздің Совет республикасы туралы

өтірігі мен жалақорлығын әшкерелеп отырды. Шетел соғыс интервенциясы кезінде СНЛ «Советтік Россиядан қолыңды тарт!» деген ұранмен әрекет істеді. — *425.*

119 *Америка социалистік жұмысшы партиясы* 1876 жылы Филадельфиядағы бірігу съезінде I Интернационалдың американ секциялары мен басқа социалистік ұйымдардың қосылуы нәтижесінде құрылды. Съезд Маркс пен Энгельстің серігі Ф.-А. Зоргенің басшылық етіп, қатысуымен өтті. Партияның басым көпшілігі Американың жергілікті жұмысшыларымен байланысы нашар иммигранттар еді. Алғашқы жылдары партияда лассальшылдар басшылық жағдайда болды, олар сектанттық-догмашылдық сипаттағы қателіктер жіберді. Бұл партия басшыларының бір бөлегі оның басты міндеті парламенттік қызмет деп есептеді, сөйтіп бұқараның экономикалық күресіне басшылықтың маңызын жете бағаламады, ал екінші бөлегі тред-юнионизмге және анархизмге бой ұрды. Басшылардың идеялық және тактикалық солқылдақтығы партияның әлсіреуіне, бірқатар топтардың одан кетіп қалуына әкеп соқты. Маркс пен Энгельс американ социалистерінің сектанттық тактикасын қатты сынады.

90-жылдарға қарай Социалистік жұмысшы партиясының басшылығына Д. де-Леон бастаған сол қанат келді, алайда бұл қанат анархо-синдикалистік сипаттағы қателіктер жіберді. Социалистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының жекелеген талаптары жолында күресуден, реформистік кәсіподақтарда жұмыс жүргізуден бас тартты, сөйтіп бұқаралық жұмысшы қозғалысындағы онсыз да нашар байланыстарынан барған сайын айрыла берді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік жұмысшы партиясы интернационализмге қарай ойысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен Социалистік жұмысшы партиясының негұрлым революциялық бөлегі Америка Коммунистік партиясын құруға белсене қатысты. Қазіргі уақытта Социалистік жұмысшы партиясы сан жағынан аз ғана ұйым, оның Америка Құрама Штаттарының жұмысшы қозғалысына ықпалы жоқ.— *425.*

120 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Германиядағы революция мен контрреволюция» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 100—101-беттер). — *431.*

121 Әңгіме 1917 жылы августа Турин қаласында (Италия) өткен соғысқа қарсы бағытталған ірі бой көрсетулер туралы болып отыр. 21 августа азық-түліктің қатты тапшылығына байланысты Туринде демонстрациялар басталды. Келесі күні жұмысшылар ереуіл жасады. Ереуіл жаппай сипат алды; қалада баррикадалар тұрғызыла бастады. Қозғалыс соғысқа қарсы саяси сипат алды. 23 августа Туриннің төңірегі көтерілісшілердің қолына көшті. Қозғалысты басып-

жаншу үшін үкімет әскер бөлімдерін жіберіп, қаланы соғыс жағдайында деп жариялады. 27 августа Туриндегі жаппай ереуіл тоқтатылды. — *433.*

122 Орталық Комитеттің 1917 жылғы 10 (23) октябрьдегі мәжілісі партияның Орталық Комитетінің В. И. Ленин Выборгтан Петроградқа келгеннен кейін қатысқан бірінші мәжілісі еді. Я. М. Свердловтың председательдік етуімен өткен Орталық Комитет мәжілісінде В. И. Ленин ағымдағы кезең туралы баяндама жасады. Орталық Комитет Ленин ұсынған қарарды қабылдады, бұл қарар қарулы көтерілісті дереу әзірлеу міндетін күн тәртібіне қойды. Тек Зиновьев пен Каменев қана бұған қарсы болып, көтеріліске қарсы дауыс берді. Троцкий Орталық Комитеттің мәжілісінде көтеріліс туралы қарарға қарсы дауыс берген жоқ. Бірақ ол көтеріліс Советтердің II съезіне дейін кешіктіріле тұруға тиіс деп есептеді, мұның өзі іс жүзінде көтерілісті сәтсіздікке ұшырату еді, өйткені ол Уақытша үкіметке съезд шақырылған күнге дейін көтерілісті талқандау үшін күш жинап алуға мүмкіндік беретін еді. Орталық Комитет капитулянттарға батыл тойтарыс берді. Орталық Комитеттің 10 (23) октябрьдегі мәжілісінің орасан зор тарихи маңызы бар. Екі адам қарсы, он адам жақтап дауыс беріп қабылданған Орталық Комитеттің көтеріліс туралы қарары бүкіл большевиктік партия үшін дереу қарулы көтерілісті әзірлеу жөніндегі директиваға айналды. Орталық Комитеттің осы мәжілісінде көтеріліске саяси басшылық жасау үшін В. И. Ленин бастаған Саяси бюро құрылды. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 83—86-беттер.) — *440.*

123 Ленин бұл арада 1917 жылы 10 (23) октябрьде Орталық Комитеттің мәжілісінде күн тәртібінің «Минск және Солтүстік майдан» деген үшінші пункті бойынша Я. М. Свердловтың жасаған хабарламасын айтып отыр. Свердлов Минскіде қарулы көтеріліс жасауға техникалық жағынан мүмкіндік бар екені туралы және Минскінің революциялық корпус жіберіп, Петроградқа көмек көрсету жөніндегі ұсынысы туралы хабарлады. — *441.*

124 РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы 16 (29) октябрьдегі кеңейтілген мәжілісі Петроградта Леснов аудандық думаның үйінде өтті, бұл думаның председателі М.И. Калинин еді. Мәжіліске Орталық Комитет мүшелерінен басқа Петербург комитеті Атқару комиссиясының, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның, Петроград Советінің, кәсіптік одақтардың, фабрика-завод комитеттерінің, темір жолшылардың және Петроград округтік комитетінің өкілдері де қатысты. Ленин Орталық Комитеттің 10 (23) октябрьдегі мәжілісінде қабылданған қарулы көтеріліс

туралы қарары жайында баяндама жасады. Каменев пен Зиновьев көтеріліс жасауға тағы да қарсы шығып, істің жайын большевиктердің күштері өте аз, сол себептен Құрылтай жиналысын күте тұру керек дегендей етіп көрсетуге тырысты. Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, А. И. Рахья, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник, И. В. Сталин және басқалар Орталық Комитеттің қарарын батыл қолдап шықты. Олар Каменев пен Зиновьевтің капитулянттық позициясын қатты сынады. Ленин ұсынған қарар 19 дауыспен қабылданды, 2 адам қарсы болды, 4 адам қалыс қалды. Орталық Комитеттің жабық мәжілісінде көтеріліске басшылық ету жөніндегі Әскери-революциялық орталық құрылды, оның құрамында Орталық Комитеттің мына мүшелері болды: А. С. Бубнов, Ф. Э. Дзержинский, Я. М. Свердлов, И. В. Сталин және М. С. Урицкий. Орталық Комитеттің шешімінде партиялық Әскери-революциялық орталық советтік Әскери-революциялық комитеттің құрамына кіреді деп атап көрсетілген. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 93—104-беттер.) — *443*.

125 Тамбов губерниясындағы шаруалар қозғалысы 1917 жылғы сентябрьде кең қанат жайды. Шаруалар помещиктік жерлерді басып алып, помещиктердің усадьбаларын ойрандап, өртеді, астығын тартып алды. Сентябрь айында Россияның 68 губерниясы мен облысы бойынша 82 помещиктік усадьба талқандалды, оның ішінен 32 усадьба Тамбов губерниясында болатын. Губерния бойынша шаруалардың барлығы 166 бой көрсетуі тіркелген; әсіресе Козлов уезінде бой көрсету мейлінше көп болды. Қозғалыстан қорқып қалған помещиктер жинаған астығын сату үшін темір жол станцияларына әкеліп көптеп төкті, осының салдарынан станцияларды астық басып қалды. Шаруалар көтерілісін басып-жаншу үшін Москва әскери округі әскерлерінің қолбасшысы Тамбов губерниясына әскер бөлімдерін жіберді. Губернияда соғыс жағдайы енгізілді. Бірақ шаруалардың жер алу жолындағы революциялық күресі өршіп, ұлғая берді. — *449*.

126 «Большевиктер партиясының мүшелеріне хат» және «РСДРП(б) Орталық Комитетіне хат» (қараңыз: осы том, 476—481-беттер) Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешімін іске асыртпай тастауға тырысқан Зиновьев пен Каменевке қарсы В. И. Лениннің жүргізген күресін бейнелейді. Орталық Комитеттің көтеріліс туралы мәселе талқыланған 1917 жылғы 10 (23) октябрьдегі мәжілісінде жеңіліске ұшыраған Зиновьев пен Каменев келесі күні—11 (24) октябрьде Орталық Комитетке мәлімдеме жолдады және «Ағымдағы кезең жөнінде» деген хат жазды, бұл хат РСДРП(б) Петербург, Москва, Москва облыстық, Финляндия облыстық комитеттеріне және Советтердің Орталық Атқару

Комитеті мен Солтүстік облысы Советтері съезінің большевиктік фракцияларына арналды. Бұл хатында олар Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы алған шешіміне қарсы шықты. 15 (28) октябрьде Петербург комитетінің олардың хаты оқылған кеңейтілген мәжілісінде және 16 (29) октябрьде Орталық Комитеттің олар қарулы көтеріліске тағы да қарсы шыққан кеңейтілген мәжілісінде ешқандай қолдау таппаған Зиновьев пен Каменев тура сатқындық жасауға барды. 18 (31) октябрьде жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде «Ю. Каменев «көтеріліс» туралы» деген тақырыппен заметка жарияланды, бұл заметкасында Каменев өз атынан және Зиновьевтің атынан қарулы көтеріліске қарсы шықты, сөйтіп партияның ең маңызды, құпия шешімін жауға хабарлап қойды. Дәл сол күні Ленин «Большевиктер партиясының мүшелеріне хат», ал 19 октябрьде (1 ноябрьде) «РСДРП(б) Орталық Комитетіне хат» жазды. Ленин хаттарында бұл қылықты революцияға опасыздық жасау ретінде масқаралады, Зиновьев пен Каменевті штрейкбрехерлер деп атап, оларды партиядан шығаруды талап етті.

Лениннің РСДРП(б) Орталық Комитетіне жолдаған хаты Орталық Комитеттің 20 октябрьдегі (2 ноябрьдегі) мәжілісінде талқыланды. Бұл мәселені талқылаған кезде бірінші болып сөйлеген Ф. Э. Дзержинский «Каменевтен саяси қызметтен бүтіндей шеттелуін талап етуді» ұсынды. Зиновьев жөнінде ол Зиновьевтің өкімет орындарынан жасырынып жүргенін, сол себепті оның партиялық жұмысқа бәрібір қатыса алмайтынын айтты. Я. М. Свердлов өз сөзінде Каменевтің қылығын еш нәрсемен ақтауға болмайтынын, бірақ Орталық Комитеттің оны партиядан шығаруға правосы жоқ екенін айтты. Ол Каменевтің Орталық Комитеттен кету жөніндегі өтінішін қабылдауды ұсынды. И. В. Сталин Орталық Комитеттің мәжілісінде екі мәрте сөз сөйледі. Әуелі ол бұл мәселені талқылауды Орталық Комитеттің пленумының қарауына беруді ұсынды, ал бұл ұсыныс қабылданбай қалғанда, ол екінші рет сөйлеген сөзінде «партиядан шығару рецепт емес» деп мәлімдеп, Зиновьев пен Каменевті Орталық Комитеттің құрамында қалдырып, оларды Орталық Комитеттің шешімдеріне бағынуға міндеттеуді ұсынды. «Рабочий Путь» газетінде 20 октябрьде (2 ноябрьде), Орталық Комитеттің шешімі қабылданғанға дейін жарияланған «Редакциядан» деген заметкада да Сталин осы пікірді білдірген болатын. Бұл заметкасында Сталин былай деп жазды: В. И. Ленин хатының («Жолдастарға хат», қараңыз: осы том, 447—470-беттер) қатты сарыны Зиновьев пен Каменев жөнінен алғанда «негізінен біздің пікірлестер болып қалатын» жағдайымызды өзгертпейді («Рабочий Путь» № 41, 1917 ж.). Сталин «Редакциядан» деген заметканы Каменев жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде мақала жазғаннан кейін және В. И. Лениннің хаттарында Каменев

пен Зиновьевтің қылығына баға берілгеннен кейін бастырған еді.

Орталық Комитет Каменевтің Орталық Комитеттеп кету жөніндегі өтінішін қабылдады; Зиновьев пен Каменев Орталық Комитеттің шешімдеріне және оның белгілеген жұмыс бағытына қарсы қандай да болсын мәлімдемелер жасамауға міндеттелді. Сондай-ақ Орталық Комитет қабылдаған шешімдерге Орталық Комитеттің бірде-бір мүшесі қарсы шықпайтын болсын деп қаулы етті. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918» 1958, 106—108-беттер.)

В. И. Ленин Орталық Комитеттің Зиновьев пен Каменев жөніндегі шешіміне келіспеді, бұл жөнінде ол Я. М. Свердловқа хат жазып, онда бұл шешімді ымырашылдық шешім деп атады (қараңыз: осы том, 489-бет). — *471.*

127 Ленин бұл арада және төменде, 479—480-беттерде, РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылы 16 (29) октябрьде болған кеңейтілген мәжілісін айтып отыр, онда Зиновьев пен Каменев Орталық Комитеттің 10 (23) октябрьдегі мәжілісінде қабылданған қарулы көтеріліс туралы шешіміне қарсы шыққан болатын. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 93—105-беттер.) — *477.*

128 Ленин бұл арада ирланд халық бұқарасының назарын революциялық күрестен басқа жаққа аудару мақсатымен ағылшын үкіметінің Ирландияда жүргізген жер «реформаларын» айтып отыр. 1881 жылғы жер жөніндегі заңға сәйкес «әділетті» арендалық ақыны белгілеуге сот орындарының қатысуы көзделді. Арендатор өз учаскесін басқа адамға беруге праволы болды. Заң помещиктердің (лендлордтардың) мүдделерін қорғады. Олардың өз жерлерін мемлекетке тиімді бағамен сатуына мүмкіндік берілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы төмендеп отырған жағдайда 15 жылға бекітіліп берілген аренда ақысының енгізілуі жер иелеріне тиімді болды. Сондай-ақ Лениннің «Ағылшын либералдары және Ирландия» (Шығармалар толық жинағы, 24-том, 392—395-беттер) деген мақаласын да қараңыз. — *487.*

129 Әңгіме партияның Орталық Комитетінің 1917 жылғы 20 октябрьдегі (2 ноябрьдегі) мәжілісінде жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде «Ю. Каменев «көтеріліс» туралы» деген заметканың жариялануына байланысты Лениннің РСДРП(б) Орталық Комитетіне жолдаған хатын (қараңыз: осы том, 476—481-беттер) талқылаған кезде Я. М. Свердловтың, И. В. Сталиннің, Ф. Э. Дзержинскийдің, Г. Я. Сокольниковтың сөйлеген сөздері туралы болып отыр; Каменев бұл заметкада өз атынан және Зиновьевтің атынан

қарулы көтеріліске қарсы шыққан болатын. (Қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917—февраль, 1918», 1958, 106—108-беттер.) — *489.*

130 Казактардың демонстрациясы немесе казактардың Петроградқа «крест жорығы» 1917 жылғы 22 октябрьге (4 ноябрьге) тағайындалған болатын, контрреволюция оны өріс алған революцияға қарсы күресте өз күштерін байқап көру деп қарады. Большевиктер казактарды бұл демонстрацияға қатысудан бас тартуға шақырып, олардың арасында зор жұмыс жүргізді. Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі казактарға арнап үндеу хат жариялады. Казак полктерінің өкілдері Петроград Советі 21 октябрьде (3 ноябрьде) Смольныйда өткізген полк комитеттерінің кеңесіне шақырылды. Кеңесте казактар жұмысшылар мен солдаттарға қарсы шықпаймыз деп мәлімдеді. Уақытша үкімет 22 октябрьге (4 ноябрьге) қараған түні казактардың «крест жорығын» өткізбеу жөнінде шешім қабылдауға мәжбүр болды. — *489.*

РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне хатты В. И. Ленин 24 октябрьдің (6 ноябрьдің) кешінде жазды. Сол күні түнделетіп Ленин астыртын түрде Смольныйға келіп, қарулы көтеріліске тікелей басшылық етуді өз қолына алды. — *490.*

132 *Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет* большевиктер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша 1917 жылы 12 (25) октябрьде құрылды. Әскери-революциялық комитеттің құрамына партияның Орталық Комитетінің, Петербург комитетінің, Петроград Советінің, фабрика-завод комитеттерінің, кәсіподақтардың және әскери ұйымдардың өкілдері кірді. Партияның Орталық Комитетінің тікелей басшылығымен жұмыс істеген Әскери-революциялық комитет большевиктік Әскери ұйыммен өте тығыз байланыс жасай отырып, Қызыл гвардия отрядтарын құруға және жұмысшыларды қаруландыруға басшылық етті. Әскери-революциялық комитеттің басты міндеті большевиктік партия Орталық Комитетінің директиваларына сәйкес қарулы көтерілісті әзірлеу болды. Әскери-революциялық комитет Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуы үшін жауынгерлік күштерді ұйымдастыру жөнінде жан-жақты жұмыс жүргізді. Әскери-революциялық комитеттің басшы ұйтқысы Орталық Комитеттің 1917 жылғы 16 (29) октябрьдегі мәжілісінде құрылып, құрамында А. С. Бубнов, Ф. Э. Дзержинский, Я. М. Свердлов, И. В. Сталин және М. С. Урицкий болған Әскери-революциялық орталық еді. В. И. Ленин Әскери-революциялық орталықтың қызметіне күнбе-күн бағыт беріп отырды. Октябрь социалистік революциясы жеңіп шығып, Советтердің II съезінде Совет үкі-

меті құрылғаннан кейін Әскери-революциялық комитеттің басты міндеті контрреволюцияға қарсы күресу және революциялық тәртіпті сақтау болды. Совет аппаратының құрылып, нығаюына қарай Әскери-революциялық комитет өз функцияларын ұйымдастырылып жатқан халық комиссариаттарына беріп отырды. 1917 жылы 5 (18) декабрьде Әскери-революциялық комитет жойылды. — *490.*

133 Ленин қосымшалар жазбақ болған листовка жарияланған жоқ. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Солдат және шаруа кітапханасы» басылымында Н. Лениннің «Социалист-революционерлер халықты қалай алдады және большевиктердің жаңа үкіметі халыққа не берді» деген кітапшасы жарық көрді. Кітапшада Ленин листовкаға қосымша ретінде бермек болған жекелеген документтер басылды. Кітапшаға мынадай документтер кірді: 1) Уақытша үкіметтің егіншілік министрі С. Л. Масловтың «Дело Народа» газетінде 1917 жылғы 18 октябрьде жарияланған жер жөніндегі заң жобасы (25—40-пункттер). 2) В. И. Лениннің «Эсерлер партиясының шаруаларды жаңадан алдауы» (қараңыз: осы том, 482—488-беттер) деген мақаласы. 3) «Жұмысшы және солдат депутаттары Советтері екінші съезінің жер туралы заңы», оған мынадай тақырып қойылған: «Ал енді большевиктер үкіметі халыққа не берді». Кітапшаға алғы сөзді В. И. Ленин жазған болатын (қараңыз: Шығармалар, 26-том, 300—301-беттер). — *495.*

134 «Есте ұстауға арналған жазбалар» деген документ бірінші рет Лениннің XXI жинағында «Гельсингфорсқа жүрер алдында жолдастарға берілетін тапсырмалардың тізімі» деген атпен жарияланған болатын. Алайда документтің мазмұны мұның «Жолдастарға берілетін тапсырмалардың тізімі...» емес, қайта Лениннің өзіне қажетті материалдар мен заттардың жазбасы екенін көрсетеді. Бұл тізімнің жолдастарға тапсырмалар ретінде берілгені жөнінде ешқандай дерек жоқ. Парақтың сыртқы бетіне Ленин «РСДРП(б) Орталық Комитетінің Шетелдік Бюросына хаттың жоспарын» (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 71—72-беттер) жазған. Осы бетте, сірә, қайсыбір баспа текстің көлемін белгілейтін бірнеше цифр қарындашпен жазылған. Осының бәрі жарияланып отырған документті Ленин «Есте ұстауға арналған жазбалар» ретінде жазғанын сипаттайды.

Жарияланып отырған документ текстінің едәуір бөлегі сызылып тасталған. Сызылмай қалған төмендегі текст:

«Қалпаққа арналған лента (қара лента)
ине мен қара жіп
«Социал-Демократ» № 47
шведше және финше полиглот
«Правда», «Известия»
«3—4. VII-ді бағалау жөнінде»?

1) апта сайын: Haparand-тағы адреске
2) шифр
3) шартты открыткалар». — *499.*

135 Ленин бұл арада өзі 1917 жылы 10 (23) июльде жазған «Саяси жағдай» (қараңыз: осы том, 1—6-беттер) деген тезистерді айтып отыр ма әлде РСДРП(б) VI съезіне арнаулы тезистер жазды ма, бұл арасы анықталмаған. — *499.*

136 Бұл арада солшыл эсер М. А. Спиридонованың редакциялауымен шығып тұрған «Наш Путь» журналы айтылып отыр. «Дело Народа» газеті 1917 жылы 12 (25) августа осы журналдың 1-номерінің шыққаны туралы хабарлаған болатын, сірә, В. И. Ленин сол номерін жіберуді өтінсе керек. — *500.*

137 В. И. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінен бес округ: Петроград—астаналық, Петроград губерниясы, Уфа, Балтық флоты және Солтүстік майдан округтері бойынша Құрылтай жиналысына ұсынылатын кандидаттардың тізіміне енгізілген болатын.

Лениннің Солтүстік майдан бойынша Құрылтай жиналысына дауысқа түсуге келісім беруі туралы белгіленген форма бойынша мәлімдемесі беймәлім біреудің қолымен толтырылған. В. И. Ленин оған қол қойып, адресін жазған. Балтық флоты бойынша дауысқа түсу туралы мәлімдеме де беймәлім біреудің қолымен толтырылып, оған В. И. Ленин қол қойған. — *501.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Андреев, Н. Контрреволюция на улицах Петрограда 4 июля. (По личным наблюдениям).—«Рабочая Газета», Пг., 1917, № 100, 7 июля, стр. 3—4. — *28, 245.*

Базаров, В. Большевики и проблема власти.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 138 (132), 27 сентября (10 октября), стр. 1. — *358—361.*

— *Марксистское отношение к восстанию.* —«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 155 (149), 17 (30) октября, стр. 1. — *469—470.*

Барщина. (От нашего корреспондента). Г. Екатеринбург. — «Русская Воля», Пг., 1917, № 197, 20 августа, стр. 6, в отд.: На местах. — *147—150.*

«Биржевые Ведомости», Пг. — *104, 210, 238, 239, 243.*

— Вечерний вып., Пг., 1917, № 16317, 4 (17) июля, стр. 2—3. — *31.*

— Вечерний вып., Пг., 1917, № 16430, 7 (20) сентября, стр. 2.— *243.*

Большевики и Стокгольм. [Передовая].—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 97, 10 (23) августа, стр. 1. — *114—121.*

Бухарин, Н. И. К пересмотру партийной программы.—«Спартак», М., 1917, № 4, 10 августа, стр. 4—7. — *159, 397, 419—425.*

В городской думе.—«Речь», Пг., 1917, № 156 (3898), 6 (19) июля, стр. 3. — *31.*

В защиту правосудия. —«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 128, 27 июля, стр. 2. — *58.*

В Совете раб. и солдат. депутатов. Заседание Петр. Сов. р. и с. д. 18 авг.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 148, 19 августа, стр. 4—5 — *106—108.*

В Совете рабочих и солдатских депутатов.—«Рабочий Путь», Пг., 1917, № 18, 6 октября (23 сентября), стр. 3. — *314, 321—322, 382, 383.*

В Совете рабочих и солдатских депутатов.—«Речь», Пг., 1917, № 194 (3936), 19 августа (1 сентября), стр. 5. — *106—110.*

В тисках власти.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 135 (129), 23 сентября (6 октября), стр. 1. — *330—332, 335—370.*

В Центральном Исполнительном Комитете.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 93, 5 (18) августа, стр. 3. — *90—95.*

«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 2 (47), 7 (20) марта, стр. 1. — *40.*

— 1917, № 38 (84), 23 апреля (6 мая), стр. 1. — *483, 484—485.*

— 1917, № 49 (95), 6 (19) мая, стр. 1. — *72—73, 180—181, 198.*

— 1917, № 80 (126), 15 (28) июня, стр. 1. — *40, 42, 65.*

— 1917, № 100 (146), 9 (22) июля, стр. 1. — *40, 56, 323, 366.*

— 1917, № 103 (149), 13 (26) июля, стр. 1. — *54, 64, 145.*

— 1917, № 104(150), 14 (27) июля, стр. 1. — *65, 74.*

— 1917, № 151 (197), 12 (25) сентября, стр. 3. — *192.*

Виноваты большевики.—«Правда», Пг., 1917, № 92, 10 июля (27 июня), стр. 2. — *42—43.*

«Власть Народа», М., 1917, № 42, 16 июня, стр. 2. — *42—43.*

Во Временном правительстве.—«Биржевые Ведомости». Вечерний вып., Пг., 1917, № 16430, 7 (20) сентября, стр. 2. — *243.*

Во Всероссийской комиссии по делам о выборах в Учредительное собрание. —«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 140, 10 августа, стр. 6. — *366—367.*

Вол—ий—қараңыз: Володарский, В.

Володарский, В. Ко всем товарищам! (Письмо в редакцию).—«Рабочий», Пг., 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 2.—*137.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917 № 115, 12 июля, стр. 2—3.—*21—23*.

— 1917, № 119, 16 июля, стр. 4. — *48—49, 51, 53—54, 145*.

— 1917, № 126, 25 июля, стр. 2. — *58*.

— 1917, № 127, 26 июля, стр. 6. — *56*.

— 1917, № 128, 27 июля, стр. 2. — *58*.

«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов».— 267, 392, 500.

— 1917, № 140, 10 августа, стр. 3, 4, 6. — *115, 366—367*.

— 1917, № 142, 12 августа, стр. 6. — *103*.

— 1917, № 148, 19 августа, стр. 4—5. — *106—108*.

— 1917, № 154, 26 августа, стр. 4. — *163, 253—254*.

— 1917, № 164, 7 сентября, стр. 1, 7. — *180, 181, 182—183, 185, 186, 189, 190, 192—193, 205, 210—211, 258, 392*.

— 1917, № 171, 15 сентября, стр. 1—6. — *288*.

— 1917, № 173, 17 сентября, стр. 1—6. — *284—285, 286—287, 288, 289, 290, 372—375*.

— 1917, № 175, 19 сентября, стр. 5. — *342—344, 349—350*.

— 1917, № 180, 24 сентября, стр. 2—3. — *298, 299*.

— 1917, № 182, 27 сентября, стр. 7. — *352—353*.

«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих и Солдатских Депутатов», Пг., 1917, № 191, 7 октября, стр. 4. — *391, 392*.

«Искра», Пг., 1917, № 1, 26 сентября, стр. 2. — *305*.

Итоги — «Дело Народа», Пг., 1917, № 92, 5 июля, стр. 2.— *26. 52, 245*.

Итоги выборов.—«День», Пг., 1917, № (16105) 144, 24 августа, стр. 1, в отд.: Муниципальные заметки. Подпись: Res. — *380*.

К борьбе за мир. [Манифест III Циммервальдской конференции. 1917 г.].—«Искра», Пг., 1917, № 1, 26 сентября, стр. 2. Под общ. загл.: Международное совещание циммервальдистов в Стокгольме. — *305*.

К введению сахарной монополии.—«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 151 (197), 12 (25) сентября, стр. 3. — *192.*

К вопросу о повышении хлебных цен.—«Рабочая Газета», Пг., 1917, № 152, 5 сентября, стр. 4. — *267.*

К демонстрации 18 июня.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 91, 14 июня, стр. 8. — *76.*

[*Каменев, Л. Б.*] *Заявление Ю. Каменева.*—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 142, 12 августа, стр. 6. Под общ. загл.: К делу Ю. Каменева. Подпись: Ю. Каменев. — *104.*

— *Ю. Каменев о «выступлении».*—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 156 (150), 18 (31) октября, стр. 3. — *471—475, 476—481, 489.*

Князь Г. Е. Львов о задачах момента.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 115, 12 июля, стр. 2—3. — *21—24.*

Ко всем трудящимся, ко всем рабочим и солдатам Петрограда. [Постановление ЦК РСДРП(б) об отмене демонстрации].—«Правда», Пг., 1917, № 78, 23 (10) июня, стр. 1. — *75—76.*

Кризис власти. В Таврическом дворце.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 126, 25 июля, стр. 2. — *58.*

Крылов, И. А. Ворона и Лисица. — *70.*

Ларин, Ю. Рабочие требования нашей программы.—«Рабочий Путь», Пг., 1917, № 31, 21 (8) октября, стр. 2. — *427—429.*

— *Широкая рабочая партия и рабочий съезд.* [М.], «Новый Мир», [1907]. 96 стр. — *388—389.*

Ленин, В. И. Большевики должны взять власть. Письмо Центральному Комитету, Петроградскому и Московскому комитетам РСДРП(б). 12—14 (25—27) сентября 1917 г. — *299.*

— *Бумажные резолюции.*—«Рабочий», Пг., 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 1—2. — *198.*

— *Введение социализма или раскрытие казнокрадства?*—«Правда», Пг., 1917, № 77, 22 (9) июня, стр. 1. — *197.*

*— *Государство и революция.* Учение марксизма о государстве и задачи пролетариата в революции. Вып. I. Пг., «Жизнь и

Знание», 1918. 115 стр. (Б-ка обществоведения. Кн. 40-я). Перед загл. авт.: В. Ильин (Н. Ленин). — *342.*

*— *Ленин, В. И. Грозящая катастрофа и как с ней бороться.* Пг., тип. «Сов. раб. и солд. деп. Вас. Остр.», 1917. 32 стр. (РСДРП. Солдатская и крестьянская б-ка. № 13). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *349.*

*— *Задачи пролетариата в нашей революции.* (Проект платформы пролетарской партии). Пб., «Прибой», сентябрь 1917. 38 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *306.*

— *Империализм, как высшая стадия капитализма — қараңыз:* Ленин, В. И. Империализм, как новейший этап капитализма.

*— *Империализм, как новейший этап капитализма.* (Популярный очерк). Пг., «Жизнь и Знание», 1917. [3], 130 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин (Вл. Ильин). — *411—413.*

*— *К лозунгам.* Изд. Кроншт. комит. РСДРП. Б. м., 1917. 16 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *452.*

— *Как бороться с контрреволюцией.*—«Правда», Пг., 1917, № 84, 30 (17) июня, стр. 2—3. — *239—240.*

— *Как прячут прибыли господа капиталисты.* (К вопросу о контроле).—«Правда», Пг., 1917, № 94, 12 июля (29 июня), стр. 2. — *195.*

— *Марксизм и восстание.* Письмо Центральному Комитету РСДРП(б). 13—14 (26—27) сентября 1917 г. — *299.*

— *Надо разоблачать капиталистов.*—«Правда», Пг., 1917, № 67, 9 июня (27 мая), стр. 2. — *195.*

— *О войне.* Речь т. Ленина на съезде Советов.—«Правда», Пг., 1917, № 95, 13 июля (30 июня), стр. 2—3; № 96, 14 (1) июля, стр. 2—3; № 97, 15 (2) июля, стр. 2—3. — *500.*

— *О задачах пролетариата в данной революции.*—«Правда», Пг., 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2. Подпись: Н. Ленин. — *342—343.*

— *О пересмотре партийной программы.*—«Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16 (3) мая. Приложение к газете «Солдатская Правда», стр. 4. — *397.*

— *О предложении Боргбьерга.* [Резолюция, принятая на Седьмой (Апрельской) Всероссийской конференции РСДРП(б). 1917 г.].—«Правда», Пг., 1917, № 41, 9 мая (26 апреля), стр. 1. Под общ. загл.: Резолюция Всероссийской конференции РСДРП. — *81.*

— *О созыве международной якобы социалистической конференции с участием социал-шовинистов.* —«Правда», Пг., 1917, № 55, 25 (12) мая, стр. 2. — *80—81.*

Ленин, В. И. Речь т. Ленина на Всероссийском съезде Советов р. и с. д.—«Правда», Пг., 1917, № 82, 28 (15) июня, стр. 2—3; № 83, 29 (16) июня, стр. 2—3. — *228.*

— *Соображения по поводу замечаний секции Всероссийской Апрельской конференции—қараңыз:* Ленин, В. И. Соображения по поводу предыдущих замечаний.

— *Соображения по поводу предыдущих замечаний.*—В кн.: Материалы по пересмотру партийной программы. Под ред. и с предисл. Н. Ленина. Пг., «Прибой», 1917, стр. 11—12 (РСДРП). Подпись: Н. Ленин. — *398.*

*— *Старый и новый тексты программы.*—Там же, стр. 18—32. — *418.*

— *У последней черты.*—«Социал-Демократ», Женева, 1915, № 48, 20 ноября, стр. 2. — *7, 35.*

*— *Удержат ли большевики государственную власть?* Пб., «Прибой», 1917, 40 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *327, 468.*

— *Удержат ли большевики государственную власть?* [2-е изд.]. Пб., тип. «Сельского Вестника», 1918. 40 стр. (Солдатская и крестьянская б-ка). Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин.— *327.*

— *Уроки революции.* Конец июля 1917 г. — *79.*

Лермонтов, М. Ю. А. О. Смирновой. — *252.*

«Листок Правды», Пг. — *17, 23, 53.*

М—н, В. — *қараңыз:* Милютин, В. П.

Манифест 3-ей Циммервальдской международной социалистической конференции. [1917 г.].—«Рабочий Путь», Пг., 1917, № 22, 11 октября (28 сентября), стр. 1—2. — *305.*

Маркс, К. Восемнадцатое брюмера Луи Бонапарта. Декабрь 1851 г.—март 1852 г. — *44, 46.*

— *Гражданская война во Франции.* Воззвание Генерального Совета Международного Товарищества Рабочих. Апрель—май 1871 г. — *342.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 апреля 1871 г. — *362.*

Мартов, Л. Что же теперь?—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 76, 16 (29) июля, стр. 1. — *51.*

**Материалы по пересмотру партийной программы.* Под ред. и с предисл. Н. Ленина. Пг., «Прибой», 1917, 32 стр. (РСДРП). — *397, 398, 411—415, 418, 423, 425—427.*

Солдатских Депутатов», 1917, № 164, 7 сентября, стр. 1. — *258.*

О политическом положении. [Резолюция, принятая па VI съезде РСДРП(б)].—«Пролетарий», Пг., 1917, № 3, 29 (16) августа, стр. 4. Под общ. загл.: 6-й съезд РСДРП. — *164.*

О твердых ценах.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 164, 7 сентября, стр. 7. — *180, 181, 182, 184—185, 186, 189, 190, 192—193, 204—205, 210—211, 392.*

Обзор печати.—«Рабочий», Пг., 1917, № 1, 7 сентября (25 августа), стр. 2. — *137.*

Обзор печати.—«Рабочий», Пг., 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 2. — *137.*

Обзор печати.—«Рабочий», Пг., 1917, № 3, 9 сентября (27 августа), стр. 2. — *137.*

Оборона Петрограда. [Передовая].—«Рабочий», Пг., 1917, № 6, 11 сентября (29 августа), стр. 1. — *137.*

Обращение министра-председателя к гражданам России.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 127, 26 июля, стр. 6. — *56.*

Организационный устав Российской соц.-дем. рабочей партии, принятый на Втором съезде партии.—В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 7—9. (РСДРП). — *480.*

От Временного правительства. —«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 2 (47), 7 (20) марта, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *40.*

От Временного правительства. [Декларация]. 5 мая 1917 г.— «Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 49 (95), 6 (19) мая, стр. 1, в отд.; Действия правительства. — *72—73, 181, 198.*

От Временного правительства. [Декларация]. 8 июля 1917 г.— «Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 100 (146), 9 (22) июля, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *40, 56, 323, 366.*

От Временного правительства. [К закону о воспрещении земельных сделок]. 12 июля 1917 г.—«Вестник Временного

Петроград, 29 сентября (12 окт.). Сначала успокоение, потом реформы.—«Дело Народа», Пг., 1917, № 167, 29 сентября, стр. 1. — *312, 315, 316, 365—367, 438.*

Петроград, 30 сентября (13 окт.). Новая революция или Учредительное собрание?—«Дело Народа», Пг., 1917, № 168, 30 сентября, стр. 1. — *321—323, 364—366, 438.*

Повышение твердых цен. От Временного правительства. 29 августа 1917 г.—«Русские Ведомости», М., 1917, № 198, 30 августа (12 сентября), стр. 5. — *209, 211, 212—213, 266—267, 283.*

Положение в Интернационале и задачи РСДРП. [Резолюция, принятая на Седьмой (Апрельской) Всероссийской конференции РСДРП(б). 1917 г.].—«Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16 (3) мая. Приложение к газете «Солдатская Правда», стр. 3. Под. общ. загл.: Резолюции Всероссийской конференции Российской социал-демократической рабочей партии, состоявшейся 24—29 апреля 1917 года. — *114, 306—307.*

Полугодовщина революции. [Передовая].—«Рабочий», Пг., 1917, № 3, 9 сентября (27 августа), стр. 1. — *137.*

Последние известия.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 138 (132), 27 сентября (10 октября), стр. 3. — *301.*

Постановление Временного правительства.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 140, 10 августа, стр. 4. Под общ. загл.: Во Врем. правительстве.— *145.*

Постановление Временного правительства [о воспрещении земельных сделок]. 12 июля 1917 г.—«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 104 (150), 14 (27) июля, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *65, 74.*

[*Постановление Временного правительства о восстановлении смертной казни,* 12 июля 1917 г.].— «Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 103, (149), 13 (26) июля, стр. 1. — *54, 64, 145.*

[*Постановление Временного правительства о сроке созыва Учредительного собрания.* 14 июня 1917 г.].—«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 80 (126), 15 (28) июня, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *40, 42—43, 65.*

Постановление Временного правительства об учреждении земельных комитетов. 21 апреля 1917 г.—«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 38 (84), 23 апреля (6 мая), стр. 1. — *483, 484—486.*

«Рабочая Газета», Пг.,— *16, 104, 144, 194, 236, 287.*

— 1917, № 100, 7 июля, стр. 3—4.—*28, 29—30, 245.*

— 1917, № 112, 21 июля, стр. 1. — *43—44.*

— 1917, № 152, 5 сентября, стр. 4.— *267.*

«Рабочий», Пг., 1917, №№ 1—6.— *137.*

— 1917, № 1, 7 сентября (25 августа), стр. 1, 2.— *137.*

— 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 1—2.— *137, 198.*

— 1917, № 3, 9 сентября (27 августа), стр. 1, 2—3.— *137.*

— 1917, № 4, 10 сентября (28 августа), стр. 1—2.— *137.*

— Второй экстренный вып., Пг., 1917, № 5, 10 сентября (28 августа), стр. 1.— *137.*

— 1917, № 6, 11 сентября (29 августа), стр. 1. — *137.*

— 1917, № 8, 12 сентября (30 августа), стр. 2.— *288.*

«Рабочий Путь», Пг. — *288, 292.*

— 1917, № 9, 26 (13) сентября, стр. 1—2.— *288.*

— 1917, № 18, 6 октября (23 сентября), стр. 3.— *314, 321—322, 382, 383.*

— 1917, № 19, 7 октября (24 сентября), стр. 1—2.— *337.*

— 1917, № 22, 11 октября (28 сентября), стр. 1—2.— *305.*

— 1917, № 26, 16 (3) октября, стр. 1.—*422.*

— 1917, № 31, 21 (8) октября, стр. 2.—*427—428.*

— 1917, № 34, 25 (12) октября, стр. 1.— *450.*

— 1917, № 40, 1 ноября (19 октября), стр. 2—3; № 41, 2 ноября (20 октября), стр. 2—3; № 42, 3 ноября (21 октября), стр. 2.— *474.*

Резолюции, принятые на 3-м съезде п. с.-р., состоявшемся в Москве 25 мая — 4 июня 1917 г. М., «Земля и Воля», [1917]. 16 стр. — *482.*

Резолюция об объединении, [принятая на VI съезде РСДРП(б)].—«Пролетарий», Пг., 1917, № 4, 30 (17) августа, стр. 3. Под общ. загл.: 6-й съезд РСДРП.—*85.*

Резолюция Петроградского Совета рабочих и солдатских депутатов об отмене смертной казни — қараңыз: В Совете раб. и солдат. депутатов. Заседание Петр. Сов. р. и с. д. 18 авг.

Резолюция по аграрному вопросу, [*принятая на Седьмой (Апрельской) Всероссийской конференции РСДРП(б).* 1917 г.].— «Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16 (3) мая. Приложение к газете «Солдатская Правда», стр. 2. Под общ. загл.: Резолюции Всероссийской конференции Российской социал-демократической рабочей партии, состоявшейся 24—29 апреля 1917 года.— *495.*

[*Резолюция Ростовского-на-Дону комитета партии народной свободы*].—«Речь», Пг., 1917, № 210 (3952), 7 (20) сентября, стр. 5, в отд.: По России. Под загл.: Партия народной свободы.— *243—244, 255—257.*

Резолюция [*солдатской секции Петроградского Совета против ухода правительства из Питера*].— «Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Рабочих и Солдатских Депутатов», Пг., 1917, № 191, 7 октября, стр. 4. Под общ. загл.: В солдатской секции Петроградского Совета р. и с. д.— *393, 394.*

Резолюция Экономического отдела ЦИК по поводу повышения хлебных цен — қараңыз: О твердых ценах.

«Речь», Пг.,— *37, 49, 104, 136, 210, 238, 239, 244, 251, 268, 328.*

— 1917, № 156 (3898), 6 (19) июля, стр. 3.— *31.*

— 1917, № 159, (3901), 9 (22) июля, стр. 3.— *31.*

— 1917, № 160 (3902), 11 (24) июля, стр. 1—2.— *43.*

— 1917, № 164 (3906), 15 (28) июля, стр. 5.— *31.*

— 1917, № 190 (3932), 15 (28) августа, стр. 2—4. — *84, 144.*

— 1917, № 194 (3936), 19 августа (1 сентября), стр. 5.— *106—110.*

— 1917, № 210 (3952), 7 (20) сентября, стр. 5.—*243—244, 255—257.*

— 1917, № 218 (3960), 16 (29) сентября, стр. 2.—*329—330, 333—334.*

Розенблюм, Д. (Фирсов). Передача земли в ведение земельных комитетов.— «Дело Народа», Пг., 1917, № 183, 18 октября, стр. 1.— *487.*

Роспуск сейма.— «Рабочая Газета», Пг., 1917, № 112, 21 июля стр. 1.— *43—44.*

«Русская Воля», Пг.,— *132, 289.*

— 1917, № 167, 16 июля, стр. 5.— *43.*

—1917, № 186, 8 августа, стр. 6.— *80—82.*

— 1917, № 197, 20 августа, стр. 2, 6.— *132, 147—149.*

«Русские Ведомости», М., 1917, № 198, 30 августа (12 сентября), стр. 5.— *209, 211, 212, 267.*

— 1917, № 220, 27 сентября (10 октября), стр. 5.— *315.*

«Русское Слово», М.— *238, 239, 268, 384.*

С—ий, С. Городские выборы 24-го сентября и 25-го июня. (Статистическая справка).— «Русские Ведомости», М., 1917, № 220, 27 сентября (10 октября), стр. 5.— *315.*

Сандомирский, А. Борьба за организацию промышленности. (Из Донецкого бассейна).— «Новая Жизнь», Пг., 1917, № 61, 29 июня (12 июля), стр. 1.— *208.*

«Свободная Жизнь», Пг., 1917, № 1, 2 (15) сентября, стр. 2.— *209—210.*

Следственная комиссия о событиях 3-го и 4-го июля.— «Дело Народа», Пг., 1917, № 93, 6 июля, стр. 3.— *52—53.*

Слухи о заговоре.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 103, 17 (30) августа, стр. 3.— *83—87.*

Смирнов, В. О пересмотре экономической программы-минимум.— В кн.: Материалы по пересмотру партийной программы. Сборник статей: В. Милютина и др. М., Обл. бюро Моск. пром. района РСДРП, 1917, стр. 34—40. (РСДРП).— *419—423.*

[*Смит-Фалькнер, М. Н.*] *Голос демократии.* — «Свободная Жизнь», Пг., 1917, № 1, 2 (15) сентября, стр. 2. Подпись: М. Смит.— *209—210.*

Совет Российской республики.— «Дело Народа», Пг., 1917, № 175, 8 октября, стр. 2.—*435—436.*

Соглашение Петроградского Совета рабочих и солдатских депутатов с Временным правительством — *қараңыз:* Из протокола заседания Совета рабочих и солдатских депутатов 2-го марта.

Сокольников, В.— *қараңыз:* Сокольников, Г. Я.

[*Сокольников, Г. Я.*] *К пересмотру партийной программы.* (Введение и программа-максимум).— В кн.: Материалы по пересмотру партийной программы. Сборник статей: В. Милю-

тина и др. М., Обл. бюро Моск. пром. района РСДРП, 1917, стр. 8—22. (РСДРП). Подпись: В. Сокольников.— *398—417.*

«Солдатская Правда», Пг., 1917, № 13, 16 (3) мая. Приложение к газете «Солдатская Правда», стр. 2, 3, 4.— *114, 305—307, 397, 495.*

Солдатская секция Петроградского Совета р. и с. д.— «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 154, 26 августа, стр. 4.— *163, 253—254.*

«Социал-Демократ», Женева. — *7.*
— 1915, № 47, 13 октября. 2 стр.— *499.*
— 1915, № 48, 20 ноября, стр. 2.— *7, 35.*

«Социал-Демократ», М.— *288.*

Союз желтых. [Передовая].—«Рабочий», Пг., 1917, № 1, 7 сентября (25 августа), стр. 1.— *137.*

Союз инженеров-социалистов.— «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 182, 27 сентября, стр. 7, в отд.: На фабриках и заводах.— *352—353.*

«Спартак», М., 1917, № 4, 10 августа, стр. 4—7.— *159, 397, 418—425.*

Стрельба на Невском.— «Биржевые Ведомости». Вечерный вып., Пг., 1917, № 16317, 4 (17) июля, стр. 2—3.— *31.*

Суханов, Н. Гром снова грянул.— «Новая Жизнь», Пг., 1917, № 142, (136), 1 (14) октября, стр. 1.— *382.*
— *К ликвидации борьбы за мир.*— «Новая Жизнь», Пг., 1917, № 106, 20 августа (2 сентября), стр. 1.— *138—146.*

Съезд Советов и Учредительное собрание.—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 142 (136), 1 (14) октября, стр. 1.— *376—382.*

Съезд Советов и Учредительное собрание.—«Рабочий Путь», Пг., 1917, № 26, 16 (3) октября, стр. 1. — *422.*

Телеграмма военного министра Керенского Времен. правит.— «Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 96, 20 июня, стр. 2. Под общ. загл.: Русская армия перешла в наступление.— *76.*

[*Товарищи рабочие и солдаты Петрограда!* Воззвание о мирной и организованной демонстрации. 4 (17) июля, 1917 г.].— «Дело Народа», Пг., 1917, № 92, 5 июля, стр. 1. Под общ. загл.: Документы.— *26.*

Товарищи рабочие и солдаты Петрограда! [Воззвание о мирной и организованной демонстрации. 4 (17) июля 1917 г. Листовка. Б. м., 1917 г.]. 1 стр. Подписи: ЦК РСДРП, Петербургский комитет РСДРП, Межрайонный комитет РСДРП, Военная организация при ЦК РСДРП, Комиссия рабочей секции Совета рабочих и солдатских депутатов.— *26, 53, 165.*

Убитые и раненые.— «Дело Народа», Пг., 1917, № 96, 9 июля, стр. 4.— *31—32.*

Хлеба!— «Рабочий Путь», Пг., 1917, № 34, 25 (12) октября, стр. 1.— *450.*

Честная коалиция, которую предлагаем мы. [Передовая].— «Рабочий», Пг., 1917, № 2, 8 сентября (26 августа), стр. 1.— *137.*

Чехов, А. П. Человек в футляре.— 362.

Ш. Тревожные дни. Впечатления 4 июля.—«Рабочая Газета», Пг., 1917, № 100, 7 июля, стр. 3.— *28—29, 245.*

6-ой съезд РСДРПартии. Последний день.— «Пролетарий», Пг., 1917, № 7, 2 сентября (20 августа), стр. 3.— *114.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 г.— июль 1878 г.— *500.*

— *Будущая итальянская революция и социалистическая партия.* (Письмо Турати). 26 января 1894 г.— *151.*

— *К критике проекта социал-демократической программы 1891 года.* Между 18 и 29 июня 1891 г.— *407.*

— *Крестьянская война в Германии.* Лето 1850 г.— *47.*

— *Крестьянский вопрос во Франции и Германии.* 15—22 ноября 1894 г.— *130.*

— *Письмо Ф.-А. Зорге.* 22 февраля 1888 г.— *371.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* В связи с исследованиями Льюиса Г. Моргана. Конец марта—26 мая 1884 г.— *16—17.*

— *Революция и контрреволюция в Германии.* Август 1851 г.— сентябрь 1852 г.— *273, 274, 278, 279, 431, 432, 468.*

— *Эмигрантская литература.* Май 1874 г.— апрель 1875 г.— *151.*

Anti-Dühring — қараңыз: Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом.

Bulletin de l'assemblée nationale. Première législature.— «Gazette Nationale, ou le Moniteur Universel», Paris, 1792, N. 248, 4 septembre, p. 1051.— *377—378, 431, 432.*

Clausewitz, K. Hinterlassene Werke über Krieg und Kriegführung. Bd. 1, T. 1. Vom Kriege. Berlin, Dümmler, 1832. XXVIII, 371 S.— *222—223.*

[Engels, F.] Revolution und Konterrevolution in Deutschland. 2. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1907. 141 S.— *377—378.*

«Gazette Nationale, ou le Moniteur Universel», Paris, 1792, N. 248, 4 septembre, p. 1051.— *377, 431, 432.*

«Die Glocke», München — Berlin.— *35.*

«The Internationalist», Boston.— *306.*

Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage, [angenommen auf dem Außerordentlichen Internationalen Sozialistenkongreß zu Basel].—In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27. — *113.*

«Politiken», Stockholm.— *305.*

Protokoll fran Sverges Socialdemokratiska Arbetarepartis (fortsatta) nionde kongress Stockholm den 23 nov.— 1 dec. 1914.— In: Protokoll fran Sverges Socialdemokratiska Arbetarepartis (ajournerade och fortsatta) nionde kongress i Stockholm den 3—4 aug. samt den 23 nov.— 1 dec. 1914. Stockholm, 1915, S. 19—244. — *388.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891. 368 S. — *407.*

«Russische Korrespondenz «Prawda»», Stockholm. — *8.*

«Työmies», Helsinki. — *305.*

Vogelstein, Th. Die finanzielle Organisation der kapitalistischen Industrie und die Monopolbildungen.—In: Grundriß der Sozialökonomik. Abt. VI. Industrie, Bergwesen, Bauwesen. Buch III. B. I. Tübingen, Mohr (Siebeck), 1914, S. 187—246.— *412—413.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Авксентьев, Н. Д. (1878—1943)—эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—барып тұрған социал-шовинист. «За рубежом», «Новости», «Призыв» деген қорғампаздық басылымдарға жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару комитетінің председателі; Керенскийдің екінші коалициялық үкіметінде ішкі істер министрі, кейінірек республиканың контрреволюциялық Уақытша советінің (предпарламенттің) председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылы—«Уфа директориясы» дегеннің председателі; одан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізе берді. — *56, 60, 84, 86, 94, 96, 116, 118—119, 126, 129, 145, 193, 332, 435, 459.*

Адлер (Adler), *Виктор* (1852—1918)—Австрия социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1886 жылы Адлер «Gleichheit» («Теңдік») газетін ұйымдастырды. 1889 жылдан бастап Австрия социал-демократиясының орталық органы «Arbeiter-Zeitung»-тің («Жұмысшы Газеті») редакторы болды. В. Адлер 80—90-жылдары Ф. Энгельспен қарым-қатынас жасап тұрды, бірақ Энгельс қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай реформизмге көшті, оппортунизм көсемдерінің бірі ретінде әрекет етті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстап, «таптық татулықты» уағыздады және жұмысшы табының революциялық бой көрсетулеріне қарсы күресті. 1918 жылы, Австрияда буржуазиялық республика орнағаннан кейін, біраз уақыт сыртқы істер министрі болды.

Австрия парламентінің депутаты болған Адлер 1914 жылы 26 июльде (8 августа) Жаңа Таргта (Галиция) жала жабумен тұтқынға түскен В. И. Ленинді, Н. К. Крупскаяның өтініші бойынша, өзінің кепілдігіне алды. — *35.*

Б

---

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

метте финанс министрі. Деникин мен Врангельдің контрреволюциялық үкіметтерінде де осы қызметті атқарды. Ақ эмигрант.— *189—190.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932)—герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін—Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы—«Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы—қозғалыс, түпкі мақсат—түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *274.*

Блан (Blanc), *Луи* (1811—1882)—француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы. Капитализм тұсында таптық қайшылықтардың ымырасыздығын теріске шығарды, пролетарлық революцияның дұшпаны болды, буржуазиямен келісімге келу позициясын ұстады. 1848 жылғы революция кезінде уақытша үкіметке еніп және «жұмысшы мәселесін зерттеу» жөніндегі комиссияны басқара отырып, ол өзінің келісімпаздық тактикасымен буржуазияның жұмысшыларды революциялық күрестен алаңдатуына жәрдемдесті. 1871 жылы Ұлттық жиналысқа сайланған Блан Париж Коммунасы жауларының қатарында қалды. — *94, 231.*

Бобринскийлер, Ал. А., Ан. А., В. А.—графтар, ірі помещиктер және қант заводшылары, реакцияшыл саяси қайраткерлер.— *192.*

Бонапарт, Луи—қараңыз: III Наполеон.

Бонапарт, Наполеон—қараңыз: I Наполеон.

Брамсон, Л. М. (1869 ж. туған)—«халықтық социалист», публицист; кәсібі жөнінен адвокат. I Мемлекеттік думада Еңбек

тобын құрушылардың бірі. 1917 жылы «халықтық социалистер» мен трудовиктерден жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің Атқару комитетіне кірді. Буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *96*.

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925)—Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1887—1917 жылдары (үзілістермен)—партияның орталық органы—«Socialdemokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; 1897—1925 жылдары—риксдаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды. — *116, 117, 119, 305—306*.

Брешко-Брешковская, Е. К. (1844—1934)—эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі, оның барып тұрған оң қанатында болды. Саяси қызметін 70-жылдарда «халық арасына барудан» бастады, тұтқынға алынып, айдауда (1878 жылы—193-тің процесі бойынша) болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді жақтаушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. 1919 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті, одан кейін Францияда тұрды. Шетелде Советтік Россияға қарсы жалақорлық pауқан жүргізді, жаңа интервенцияны әзірлеуді жақтады, Париждегі ақ эмиграңттық орган—«Дни» газетіне қатысты. — *252, 259, 283, 295, 340, 355—356, 371, 373, 374, 392, 436*.

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932)—француз мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылып жүрді. 1902 жылы парламентке өтті де, жұмысшы табына ашық дұшпандық ниеттегі реакциялық буржуазиялық саясатшы болды. Социалистік партиядан шығарылғаннан кейін, ол «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды, бұл топ 1911 жылы «республикалық социалистік партия» деп аталды. 1909 жылы Бриан «үш ренегат кабинетінің» (Бриан—Мильеран—Вивиани) премьері болды. 1910 жылы Бриан темір жолдарды соғыс жағдайында деп жариялап, теміржолшылардың ереуілін қатаң басып-жаныштады. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдары—премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерінің жасалуына қатысты. 1926—1931 жылдары сыртқы істер министрі болды. — *348*.

Бронзов, П. В. — 1917 жылы бірінші сайланған Советтердің Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. — *96*.

Бубликов, А. А. (1875 ж. туған)—сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілі, кәсібі жөнінен инженер; IV Мемлекеттік думаның депутаты, буржуазиялық прогрессистер партиясының мүшесі. 1917 жылғы августа Москвада болған Мемлекеттік кеңеске қатысушы. Кеңесте буржуазияның меньшевиктермен коалициясын жақтаушы ретінде сөз сөйледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *181—182, 200.*

Бухарин, Н. И. (Б). (1888—1938)—1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде марксттік емес позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—«Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерннің Атқару комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды. — *159, 397, 418—419, 423—424, 425.*

Бьюкенен (Buchanan), *Джордж Уильям* (1854—1924)—ағылшын дипломаты. Россияда елші (1910—1918) болып жүріп, реакцияшыл топтардың революцияға қарсы күресінде оларға жәрдемдесті. 1917 жылы августа Корниловтың контрреволюциялық бүлігін қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін ақ гвардияшыларға белсенді жәрдем көрсетті, контрреволюциялық заговорлар ұйымдастыруға, ал кейін—Советтік Россияға қарсы Антантаның интервенциясына қатысты. 1919—1921 жылдары—Италиядағы елші; 1921 жылы отставкаға шықты. — *253, 435.*

В

Верховский, А. И. (1886—1941)—патша армиясының подполковнигі, әскери жазушы. 1917 жылы Москва әскери округі әскерлерінің командирі болды; Корнилов бүлігін басып-жаныштаннан кейін—генерал-майор, буржуазиялық Уақытша үкіметтің соңғы құрамында әскери министр. 1917 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) армияның едәуір бөлегін демобилизациялау және басқа шаралар жөніндегі Верховскийдің ұсынысын предпарламенттің қабылдамай тастауына байланысты отставкаға

шықты. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін біраз уақыт оның жаулары лагерінде болды. Одан кейін Совет өкіметі жағына шығып, 1919 жылы февральда Қызыл Армияға кірді. 1920 жылдан — Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының Әскери академиясының оқытушысы, ал 1927 жылдан — профессоры. 1930 жылы Солтүстік-Кавказ әскери округінің штаб бастығы болып тағайындалды, кейінірек Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы Бас штабы академиясында жұмыс істеді. — *490.*

Вийк (Wiik), *Карл Харальд* (1883—1946)—Финляндия социал-демократы. 1909 жылдан 1940 жылға дейін аздаған үзілістермен Финляндия социал-демократиялық партиясы Атқару комитетінің мүшесі, ал 1926—1936 жылдары—сол партияның секретары болды. Сеймнің талай рет депутаты болды. 1917 жылы августа Мальм станциясындағы оның дачасында В. И. Ленин аялдаған еді. 1918 жылы Финляндиядағы жұмысшы революциясы кезінде революциялық үкіметтің—халық уәкілдері Советінің құрамына кірді. Соғысқа қарсы қозғалысқа қатысқаны үшін 1941 жылы депутаттық жеке басына ешкімнің тимеу правосынан айрылып, тұтқынға алынды. 1941—1944 жылдары тұтқында отырды. 1944 жылы солшыл социал-демократтар тобын басқарып, Финляндия компартиясымен бірге Финляндия халқының демократиялық одағын құруға қатысты және оның бірінші председателі болды. — *302—303.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941)—герман императоры және Пруссия королі (1888—1918). — *435, 455, 462.*

Вихляев, П. А. (1869—1928)—статистик және агроном, эсерлер партиясының мүшесі. Тверь земство басқармасы экономикалық бөлімінің меңгерушісі болды, ал 1907 жылдан 1917 жылға дейін Москва земство басқармасының статистика бөлімін басқарды. Буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Вихляев Орталық статистика басқармасында істеді және Москвадағы жоғары оқу орындарының профессоры болды. — *466.*

Воинов, И. А. (1884—1917)—1909 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, «Звезда» және «Правда» газеттерінің қызметкері және белсенді тілшісі. Ярославль губерниясындағы кедей-шаруа семьясынан шыққан. Петербургке келгеннен кейін кәсіпорындарда, Николай (қазіргі Октябрь) темір жолында жұмыс істеді, темір жолдағы большевиктік ұйыммен байланысты болды. Талай рет тұтқынға алынып, полицияның ашық бақылауымен жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроградқа қайтып келіп, «Правда» басылатын «Труд» баспаханасында жұмыс істеді, газетке корреспонденциялар жазып тұрды. 6 (19) июльде «Листок «Правды»» газетін таратып жүрген кезінде казактар

мен юнкерлер Шпалерная көшесінде (қазіргі Воинов көшесі) өлтіріп кетті. — *17, 23, 32—33, 53.*

Вол—ий—қараңыз: Володарский, В.

Володарский, В. (Гольдштейн, М. М., Вол—ий) (1891—1918)— 1917 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Революциялық қызметін 1905 жылдан Бунд ұйымдарында бастады, одан кейін меньшевиктерге қосылды. Талай рет тұтқынға алынды. 1911 жылы Архангельск губерниясына жер аударылды. Айдаудан қайтып келгеннен кейін, 1913 жылы Солтүстік Америкаға эмиграцияға кетті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—интернационалист. 1917 жылы майда Россияға қайтып келіп, біраз уақыт Петроградтағы ауданаралықшылар ұйымында болды, одан кейін большевиктер партиясына қабылданды. Володарский Петроградтың Петергоф-Нарва ауданында үгітшілік жұмыс жүргізді, партияның Петроград комитетінің және жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі президиумының мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін—баспасөз, насихат және үгіт істері жөніндегі комиссар, Петроградтағы «Красная Газетаның» редакторы. 1918 жылы 20 июньде бір эсер зұлымдықпен өлтірді. — *134, 137.*

Г

Гагарин, А. В.—князь, патша армиясының генералы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Кавказ жергілікті дивизиясының бригада командирі; Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. — *232, 262.*

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921)—ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдары—Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін ол 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтады. — *112.*

Ганецкий (Фюрстенберг), Я. С. (1879—1937)—поляк және орыс революциялық қозғалысының көрнекті қайраткері. 1896 жылдан социал-демократиялық партияның мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар съездеріне, сондай-ақ РСДРП-ның II, IV және V съездеріне қатысқан. РСДРП V съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Польша Корольдігі мен Литва социал-

демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының VI съезінде (1908) бірқатар партиялық ішкі мәселелер жөніндегі алауыздықтарға байланысты Бас басқармадан шықты, сөйтіп 1912 жылы поляк социал-демократиясындағы жікке бөлінуден кейін, большевиктерге неғұрлым жақындау тұрған «розламов» оппозициясы дегеннің басшыларының бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Циммервальд солшыл тобына қосылған. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. 1917 жылы—РСДРП(б) Орталық Комитеті Шетелдік бюросының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді, кейіннен—дипломатиялық жұмыста болды. Сауда халық комиссариатының және Халық шаруашылығы жоғары советі коллегиясының мүшесі болды. 1935 жылдан—СССР Революция Музейінің директоры. — *8, 35, 36—37.*

Гвоздев, К. А. (1883 ж. туған)—жойымпаз-меньшевик. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист, Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің жұмысшы тобының председателі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметте еңбек министрінің орынбасары, ал 1917 жылғы сентябрьден—еңбек министрі. — *313, 346, 466.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922)—француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция социалистік партиясын құрды, ол 1905 жылы реформистік Француз социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталатын болды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді. Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинистік позицияға көшіп, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. 1920 жылы Гед Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі көпшілігіне қосылмады. — *112.*

Гельфанд, А. Л. — *қараңыз:* Парвус.

Гессен, И. В. (1866—1943)—орыстың буржуазияшыл публицисі, кадет партиясын құрушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Милюковпен бірге кадет партиясының органдары—«Народная Свобода» (декабрь, 1905), содан соң «Речь» газетін редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Совет өкіметінің жауы; шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Юденичке

белсене көмектесті, кейінірек ақ эмигрант. Өзінің публицистік қызметінде большевиктерге өршелене жала жапты. — *102, 103, 104.*

Гильфердинг (Hilferding), *Рудольф* (1877—1941)—герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің бірі; «австромарксизм» дейтіннің теоретигі. 1907 жылдан 1915 жылға дейін—Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы—«Vorwärts» («Алға») газетінің редакторы. 1910 жылы «Финанс капиталы» деген еңбек жариялады, бұл еңбек монополистік капитализмді зерттеуде белгілі бір дәрежеде игі роль атқарды; сонымен қатар кітапта елеулі теориялық қателер және оппортунистік қағидалар да бар еді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—центрист, социал-империалистермен бірлікті жақтады. Соғыстан кейін «ұйымдасқан капитализм» теориясының авторы болды, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті ретінде көрінді. 1917 жылдан—«Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының» лидері, Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасының ашық жауы. Веймар республикасы буржуазиялық үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді. Өкімет басына фашизм келгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетті. — *414.*

Гиммер, Н. Н.—қараңыз: Суханов, Н.

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934)—герман әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң—бас штабтың бастығы. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басуға қатысты. 1925—1934 жылдары—Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін түгелдей фашистердің қолына берді. — *7.*

Гольдендах, Д. Б.—қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдман, М. И.—қараңыз: Либер, М. И.

Гольдштейн, М. М. — қараңыз: Володарский, В.

Гурвич, Ф. И. — қараңыз: Дан, Ф. И.

Гучков, А. И. (1862—1936)—ірі капиталист, октябристер («17 октябрь одағы») партиясының ұйымдастырушысы және лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль бур-

жуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; ақ эмигрант. — *74—75, 249, 251, 268, 296, 484.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947)—меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *16, 30, 56—57, 94, 96, 102, 103, 104, 145, 281, 282—284, 287, 289, 293, 295, 317—318, 345, 366, 383, 453, 459, 460, 470, 480.*

Дантон (Danton), *Жорж Жак* (1759—1794)—XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткерлерінің бірі; кәсібі жөнінен адвокат. 1792 жылы 10 августа монархия құлатылғаннан кейін—жирондистер үкіметінде юстиция министрі, одан соң Париждеп Конвент депутаты, Қоғамды аман сақтау комитетінің мүшесі. Бұқара арасында танымал болған талантты шешен. Интервенттердің армиялары Парижге қарай тез жақындаған 1792 жылдың август—сентябріндегі сын күндерінде Дантон орасан зор жігер, инициатива және батылдық көрсетіп, халықтың күшін революциялық отанды қорғауға жұмылдырды. Кейінірек, революцияның тереңдеуіне және таптық қайшылықтардың шиеленісуіне қарай, революция кезінде байыған жаңа буржуазияның мүддесін білдірген Дантон ауытқып, тұрақсыздық көрсете бастады. Ол якобиншілдерді революцияның барысын бөгеуге тырысқан жирондистермен ымыраластыруға әрекет жасады; революциялық диктатураны әлсіретуге, Францияға қарсы контрреволюциялық коалициямен ымыраласуға шақырды. 1794 жылы 1 апрельге қараған түні Дантон мен оның ең жақын жақтаушылары тұтқынға алынып, Революциялық трибунал сотына берілді және 5 апрельде жазаланып өлтірілді. — *378, 431, 432.*

Джугашвили, И. В. — *қараңыз*: Сталин, И. В.

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926)—Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясы жылдарында по-

як пролетариаты күресінің белсенді қатысушысы және басшысы. Талай рет патша үкіметінің жазалауларына ұшырады: 11 жылдан астам уақыт түрмеде, каторгада және айдауда болды. Партияның IV съезінен бастап РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің және партияның Орталық Комитеті құрған көтеріліске басшылық ету жөніндегі Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. Революция жеңгеннен кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде «солшыл коммунистерге» қосылып, қате позицияда болды. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен—РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі. — *489.*

Дрейфус (Dreyfus), *Альфред* (1859—1935)—француз бас штабының офицері, еврей, мемлекетке опасыздық жасады деген жалған айыппен 1894 жылы жазықсыз сотталып, өмір бақи каторгаға кесілді. Жұмысшы табы мен прогрестік пиғылдағы интеллигенцияның Дрейфусты қорғауы арқасында, ол 1899 жылы кешірім алды, ал 1906 жылы біржола ақталды. — *10, 27.*

Дубасов—партияда жоқ офицер, майдангер. — *314, 322, 382, 383.*

Е

Ермоленко, Д. С. (1874 ж. туған)—прапорщик, контрразведкада қызмет етті, әскери тыңшы. — *7.*

Ефремов, И. Н. (1866 ж. туған)—ірі помещик, I, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. «Бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі, кейіннен—буржуазиялық прогрессистер партиясының лидері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Мемлекеттік дума Атқару комитетінің мүшесі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кірді. — *27.*

Ж

Жордания, Н. Н. (1870—1953) — социал-демократ, кавказдық меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальды түрде пар-

тияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан—ақ эмигрант. — *341.*

З

Замысловский Г. Г. (1872 ж. туған) — қаражүздік, «Орыс халқы одағы» советінің мүшесі. Вильно губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. Бейлистің ісіне байланысты сөйлеген антисемиттік сөздері арқылы кеңінен белгілі болды. — *9.*

Зарудный, А. С. (1863—1934)—адвокат. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясына қосылды. 1917 жылғы июль—августа—буржуазиялық Уақытша үкіметте юстиция министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *58, 95, 284—285, 286—287, 288, 289.*

Заславский, Д. И. (1880—1965)—көрнекті журналист, әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 1900 жылы қосылды. 1903 жылы Бундқа кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917 жылы Бундтың Орталық Комитетіне сайланды. 1917—1918 жылдарда большевиктерге қатал қарсы шықты. 1919 жылы өзінің саяси көзқарастарын қайта қарап және оның қателігін мойындап, Совет өкіметін қолдау позициясына көшті. «Ленинградская Правдада», «Красная Газетада», «Известияда» қызмет етті, 1928 жылдан бастап—«Правданың» тұрақты қызметкері. 1934 жылдан КПСС мүшесі. — *102, 103, 104, 466.*

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936)—1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы—«Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап—партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіндері жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының

мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы—антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *27, 35, 288, 445, 446, 471—473, 476—481, 489.*

И

Иванов, К. — қараңыз: Ленин, В. И.

Иванов, Константин Петрович—қараңыз: Ленин, В. И.

К

Кавеньяк (Cavaignac), *Луи Эжен* (1802—1857)—француз генералы, реакцияшыл саяси қайраткер. Алжирды жаулап алуға қатысты (1831—1848), соғысты айуандық әдістермен жүргізуімен көзге түсті. 1848 жылғы Февраль революциясынан кейін—Алжирдің губернаторы; Францияның Құрылтай жиналысына сайланғаннан кейін 1848 жылдың май айынан бастап—әскери министр; 1848 жылдың июнь айынан әскери диктатураны басқарды, Париж жұмысшыларының июнь көтерілісін ерекше қаталдықпен жаныштап басты. 1848 жылдың июль айынан декабрьге дейін—атқарушы өкіметтің бастығы. К. Маркстің айтқанындай, Кавеньяк «қылыштың күшімен жүргізілген буржуазия диктатурасының» айқын бейнесі болды (Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 39-бет). — *1, 15, 16, 17—18.*

Каледин, А. М. (1861—1918)—патша армиясының генералы, Донның казак атаманы. 1917 жылы августа Москва мемлекеттік кеңесінде революцияны басып-жаншудың кең программасын баяндап сөз сөйледі. Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Дондағы казак контрреволюциясы басшыларының бірі, ақ гвардияшыл «ерікті армияны» құруға қатысты, казактардың бүлігіне басшылық етті. 1918 жылы январьда майдандағы жеңілістерге байланысты өзін өзі атып өлтірді. — *84, 86—87, 144—145, 232, 249—250.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936)—1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазия-

лық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіндері жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы—«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы—антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *17, 80—82, 104, 288, 471—473, 476—481, 489.*

Камков (Кац), Б. Д. (1885—1938)—эсерлер партиясының мүшесі. Солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, герман елшісі Мирбахты өлтірудің инициаторларының және Москвада солшыл эсерлердің бүлігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Контрреволюциялық қызметі үшін тұтқынға алынды және Әскери трибунал соттады. Кейін статистика саласында жұмыс істеді.— *147, 459.*

Катков, М. Н. (1818—1887)—помещик, реакцияшыл публицист. Саяси қызметін баяу дворяндық либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады. 60-жылдардың бас кезінде реакциялық лагерьге ауып кетті. 1863—1887 жылдары монархиялық реакцияның жаршысына айналған «Московские Ведомостидың» шығарушы-редакторы болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген реакцияның бейнесіне айналды. — *109.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938)—герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі—центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшіл-

діктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. — *114, 409.*

Кац, Б. Д. — қараңыз: Камков, Б. Д.

Керенский, А. Ф. (1881—1970)—эсер. IV Мемлекеттік думаның депутаты. Думада біраз уақыт трудовиктер тобына қосылды, оның председателі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—нағыз социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді. — *1, 17, 27, 37—38, 54, 55, 56, 57, 59—60, 69, 71, 74—75, 76, 84, 86, 98, 99, 100, 135, 136, 139, 143, 145, 157, 168, 190, 192—193, 195, 200, 209, 210, 211, 212, 218, 226, 232, 234, 237, 251, 255, 258, 259, 262, 264, 271, 272, 273, 276, 281, 282, 283, 284, 285, 286—289, 292, 295, 296—297, 299—300, 301—302, 313, 314, 315, 318, 319, 321, 322, 323, 338, 340, 363, 365—368, 374, 380, 382, 384, 385, 386, 387, 390, 391, 392, 393, 434—438, 439, 442, 452, 454, 457, 458, 460, 464, 465—466, 472, 474, 479, 487, 491.*

Кишкин, Н. М. (1864—1930)—кадеттер партиясы лидерлерінің бірі; кәсібі жөнінен дәрігер. Буржуазиялық Уақытша үкіметтің соңғы құрамында мемлекеттік камқорлық министрі. Октябрь социалистік революциясы қарсаңында Петроградтың «диктаторы» болып тағайындалды. 1919 жылы—Москвадағы

контрреволюциялық ақ гвардиялық ұйымның («Тактикалық орталықтың») белсенді қатысушыларының бірі. Өмірінің соңғы жылдарында Денсаулық сақтау халық комиссариатында жұмыс істеді. — *297, 317, 341, 366.*

Клембовский, В. Н. (1860—1921)—патша армиясының генералы, 1917 жылғы майдан—Солтүстік майданның бас қолбасшысы, Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияда қызмет етті. — *168, 232, 262, 392.*

Козловский, М. Ю. (1876—1927)—поляк және орыс революциялық қозғалысының қайраткері. 900-жылдардан бастап социал-демократиялық партияның мүшесі, большевик. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Выборг аудандық думаның председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Петроградтағы төтенше тергеу комиссиясының председателі, одан кейін Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі. 1919 жылы—Литва-Белорусс республикасының юстиция халық комиссары. 1923—1927 жылдарда—Қатынас жолдары халық комиссариатының бас юристконсульты. — *8.*

Коллонтай, А. М. (1872—1952)—социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап араласты; профессионал революционер. 1906—1915 жылдары меньшевиктерге қосылды; 1915 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. РСДРП(б) VI съезінде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан-ақ революциялық-интернационалистік позиция ұстады. Скандинавия елдерінде, одан кейін Америка Құрама Штаттарында болған кезінде Коллонтай социал-демократияның солшыл, интернационалистік элементтерін топтастыру жөнінде В. И. Лениннің тапсырмаларын орындады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келді және Петроград Советі Атқару комитетіне енгізілді. Балтық флотының матростары мен Петроград гарнизонының солдаттары арасында жұмыс жүргізді. 1917 жылғы июль күндерінде буржуазиялық Уақытша үкімет оны тұтқынға алып, түрмеге жапты. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Мемлекеттік қамқорлық халық комиссары, 1920 жылы РКП(б) Орталық Комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі болды. Кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) — антипартиялық «жұмысшы оппозициясына» белсенді түрде қатысты. 1921—1922 жылдары—Коминтерн жанындағы Халықаралық әйелдер секретариатының секретары. 1923 жылдан — жауапты дипломаттық жұмыста болды. — *54.*

Корнилов, Л. Г. (1870—1918)—патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылғы июль—августа—орыс армиясының жоғарғы бас қолбасшысы. Августа контрреволюциялық бүлікті басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін тұтқынға алынып, түрмеге отырғызылды, одан қашып шығып, Донға барды да, ақ гвардияшыл «ерікті армияның» ұйымдастырушыларының бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты. — *56, 79, 134, 135, 136, 139, 144, 155, 165, 166—167, 168, 190, 218, 232, 240, 248, 249, 253, 255, 283, 374, 392, 437, 454.*

Крыленко, Н. В. (1885—1938)—1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Солдатская Правда» газетінде істеді, РСДРП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкіл россиялық конференциясына қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына енді, кейінірек — жоғарғы бас қолбасшы. 1918 жылдан советтік юстиция органдарында — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы революциялық трибуналының председателі, юстиция халық комиссарының орынбасары, Республика прокуроры болып істеді; 1931 жылдан—РСФСР юстиция халық комиссары, ал 1936 жылдан—СССР юстиция халық комиссары. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *388—389.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958)— буржуазиялық қоғам қайраткері, әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова жазған, «Credo» деп аталған бернштейншілдік рухтағы документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін нағыз айқын білдірді және орыстың революцияшыл марксистері тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). Бірінші орыс революциясы қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуылып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *332.*

Л

неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; кәсібі жөнінен адвокат. Социал-демократияның қатарында оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. К. Либкнехт « Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін контрреволюционерлер айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, *444*-бет).— *112—113, 117—118, 308, 434, 457.*

Линде, Ф. Ф. (1881—1917)— бірінші сайланған жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі; 1917 жылғы апрель күндерінде солдат демонстрацияларына қатысушы. Кейінірек — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы комиссары, мұнда солдаттарды ұрысқа шығуға үгіттеп жүрген кезінде өлтірілді.— *245—246.*

Ломов, А. (Оппоков, Г. И.) (1888—1938)—1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі, профессионал революционер, кейіннен совет мемлекет қайраткері. Петербургте, Иваново-Вознесенскіде, Москвада, Саратовта партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметі талай рет жазалады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін— РСДРП(б) Москва облыстық бюросының және Москва комитетінің мүшесі. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Москва әскери-революциялық комитетінің мүшесі, жұмысшы депутаттары Москва Советі председателінің орынбасары. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде юстиция халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі және председателінің орынбасары, СССР Жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болды.— *397.*

Луи-Наполеон — қараңыз: III Наполеон.

Лурье, М. А. — қараңыз: Ларин, Ю.

Львов, Г. Е. (1861—1925)—князь, ірі помещик, кадет. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Бүкіл россиялық земство одағының председателі, ал одан кейін — империалистік буржуазия мен помещиктердің ұйымдары — земстволар мен қалалардың біріккен одағы председательдерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — марттан июльге дейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің председателі және ішкі істер министрі. 1917 жылғы июль күндерінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарын қанға бояп жазалаудың инициаторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты.— *21—24, 483, 484, 485—486.*

М

М—н, В.—қараңыз: Милютин, В. П.

Макадзюб, М. С. (Панин) (1876 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» газетіне жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. 1921 жылдан бастап СССР-дің шетелдегі ағаш экспорты мекемелерінде жұмыс істеді; 1931 жылдан — эмигрант.— *306.*

Маклаков, В. А. (1870—1957)— кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — 1917 жылғы июльден бастап буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант. — *251, 268, 390, 392, 455.*

Маклин (Maclean), *Джон* (1879—1923) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен мұғалім. Дүние жүзілік империалистік соғыс қарсаңында Британ социалистік партиясының сол қанатына қосылып, партияның Шотландиядағы лидерлерінің бірі болды. Соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады, соғысқа қарсы белсенді революциялық насихат жүргізді, жұмысшылардың бұқаралық демонстрациялары мен ереуілдерін (соның ішінде әскери кәсіпорындарда) ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі болды, сол үшін ағылшын үкіметі тарапынан талай рет қуғынға ұшырады. 1916 жылғы апрельде Британ социалистік партиясы басшылығының құрамына сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *112—113, 117—118, 308.*

Мгеладзе, В. Д. (Триа) (1868 ж. туған)— меньшевик; Венадағы антипартиялық август конференциясына (1912) қатысушы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде буржуазиялық ұлтшылдық «Украинаны азат ету одағы» ұйымына жақын болды; 1918—1920 жылдары — Грузияның меньшевиктік контрреволюциялық үкіметінің мүшесі; Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант.— *133.*

Меленевский, М. И. (Басок) (1879—1938)— ұсақ буржуазияшыл украин ұлтшылы, меньшевик, Украин социал-демократиялық ұйымы — «Спилканың» лидерлерінің бірі. 1912 жылы Венадағы антипартиялық август конференциясына қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — буржуазиялық-ұлтшылдық «Украинаны азат ету одағының» белсенді қайраткері. Октябрь социалистік революциясынан кейін шаруашылық жұмысында болды.— *133.*

Милюков, П. Н. (1859—1943)— кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» созa беру саясатын жүргізді. 1917 жылғы августа — Корнилов бүлігіне дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. — *9, 11, 49, 56, 102, 103, 104, 132—133, 135—136, 189—190, 218, 249, 251, 253, 257, 268, 296, 466, 484.*

Милютин, В. П. (М—н, В.) (1884—1938)— социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан—большевик. Курскіде, Москвада, Орелде, Петербургте және Тулада партиялық жұмыс жүргізді, талай рет қуғынға ұшырады. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтаушықты және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары—Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң — басқа жауапты совет және шаруашылық жұмысында болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық Бақылау Комиссиясына мүше болып сайланды.— *137, 397, 445.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821)—1804—1814 және 1815 жылдарда француз императоры.—*76, 222—223.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер.).— *76, 109.*

Некрасов, Н. А. (1821—1878)— орыстың ұлы ақыны, революцияшыл демократ. В. И. Ленин Некрасовтың творчествосын жоғары бағалады, оның шығармаларындағы образдарды жиі пайдаланды.— *101—102, 334.*

Некрасов, Н. В. (1879 ж. туған) — Томск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадет. 1917 жылы қатынас жолдары министрі, портфельсіз министр және финанс министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамына кірді. 1917 жылдың жазында кадеттер партиясынан шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Тұтынушылар қоғамдарының Орталық одағында қызмет істеді. — *56, 189—190.*

Никитин, А. М. (1876 ж. туған)— меньшевик, кәсібі жөнінен юрист; июль күндерінен кейін — почта және телеграф министрі, буржуазиялық Уақытша үкіметтің соңғы құрамында — ішкі істер министрі.— *313, 315, 346, 366, 466.*

II Николай (Романов) (1868—1918)— орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *42, 64, 67, 69, 75, 98, 140—141, 144, 163, 223, 237, 264, 282, 295, 323.*

О

Оппоков, Г. И.— қараңыз: Ломов, А.

П

Пальчинский, П. И. (1875—1929)— инженер, «Продуголь» синдикатын ұйымдастырушы, банк топтарымен тығыз байланысты болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметте сауда және өнеркәсіп министрі-

нің орынбасары, өнеркәсіпшілердің саботажына дем беруші болды, демократиялық ұйымдарға қарсы күресті. 1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) Қысқы сарайды қорғаудың бастығы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін—совет өнеркәсібінде зиянкестікті ұйымдастырушылардың бірі. — *73, 207, 208—209, 232, 233.*

Панин — қараңыз: Макадзюб, М. С.

Панина, С. В.—графиня, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы 24 майдан (6 июньнен)— буржуазиялық Уақытша үкіметте мемлекеттік қамқорлық министрінің орынбасары болды, ал 1917 жылғы августан — халық ағарту министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *65—66.*

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924)—90-жылдардың аяғы—900-жылдардың басында Россияда және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Парвус антимарксттік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Кейіннен социал-демократиядан шеттеп кетті; дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алыпсатарлықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып, байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды.— *7—8, 35, 36.*

Переверзев, П. Н.— адвокат, трудовик, эсерлерге жақын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — бірінші коалициялық буржуазиялық Уақытша үкіметте юстиция министрі. 1917 жылы июльде ол Алексинскийдің әскери контрразведкамен бірлесіп, Ленинге және большевиктерге қарсы жасаған жалған документтерін жариялады.— *10, 11, 53, 378.*

Петровский, Г. И. (1878—1958)— революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі болды. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председа-

телі, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан—СССР Мемлекеттік Революция музейі директорының орынбасары.— *388.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933)— буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап—ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант.— *73, 129, 170, 207, 209, 232, 233, 234, 235, 258, 348, 373—374.*

Пирогов, Н. И. (1810—1881)— орыстың ұлы хирургі, әскери-майдандық хирургияның және хирургиялық анатомияның негізін салушы, Петербург ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Қырым соғысы кезінде Севастополь қорғанысына қатысқан. Соғыстан қайтып оралғаннан кейін 1856 жылы Одесса, ал кейін Киев оқу округтерінде басқарушы болып тағайындалды. Сол кездегі тәрбие жүйесін қатты сынады, жалпы білім беруді насихаттады, сословиелік немесе ұлттық белгілеріне қарап білім алу правосын шектеушілікке қарсы шықты. Сойте тұра бірсыпыра мәселелерде реакциялық көзқараста болды, оның ішінде оқушыларды ұрып жазалауға жол берді. 1861 жылы білім беруді жолға қою ісінде реформа жасауға тырысқандығы үшін қызметтен шығарылды. 1862 жылы шетелге кетіп, онда 1866 жылға дейін болды. Россияға қайтып оралғаннан кейін, деревняға кетіп, онда өмірінің ақырына дейін тұрды. Дүние жүзіне есімін таныткан көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *109—110.*

Плансон, А. А.—«халықтық социалист»; кәсібі жөнінен адвокат. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін меньшевиктер мен эсерлердің қолында болған Викжель (Темір жолшылардың кәсіптік одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті) басшыларының бірі болды.— *460.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918)— орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдар-

дың басында ол «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік козқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік козқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейіп меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.—*35, 112, 113—114, 119, 188, 217, 218, 228, 233, 244, 252, 253, 257, 283, 295, 340, 371, 373, 374, 392, 472.*

Покровский, М. Н. (1868—1932)— 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері әрі тарихшы. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V (Лондон) съезінде Орталық Комитет мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, 1911 жылы бұл топтан қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы котеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін—Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім шартына қол қоюға қарсы шықты. 1918 жылдан—РСФСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсенді қатынасты. Әр жылдарда Коммунистік Академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын және т. б. басқарды. 1929 жылдан—академик. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.— *389.*

Половцев, П. А. (1874 ж. туған)—генерал, 1917 жылы жазда Петроград әскери округі әскерлерінің қолбасшысы. Июль күндерінде Петроградта бейбіт демонстрацияны атқылауға және «Правда» редакциясының үйін талқандауға басшылық етті. Октябрь социалистік революциясынан кейін—ақ эмигрант. — *53, 54.*

Потресов, А. Н. (1869—1934)—меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде—социал-шовинист. 1917 жылы большевиктерге қарсы өшпенділікпен науқан жүргізген «День» газетін редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты. — *188, 228, 233, 244, 252, 253, 257, 283, 466.*

Прилежаев, И. А. (1881—1947) — эсер, эсерлік «Дело Народа» газетіне жазып тұрды. 1917 жылғы декабрьден—эсерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. — *234.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955)—буржуазиялық экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде—«экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек—либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» белсенді мүшесі. 1906 жылы—кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы. 1917 жылы—буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *189—190, 346.*

Прудон (Proudhon), *Пьер Жозеф* (1809—1865)—француз публицисі, экономисі және социологы, ұсақ буржуазия идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен әріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады. Ол «тегін кредит» арқылы жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына көмектесетін арнаулы «халық банкін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясы да нақ осындай реакциялық сипатта болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбектерінің өнімдерін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс, сонымен бірге өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді-міс деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, бейбіт жолмен «мемлекетті жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске

осы партияның тапсыруы бойынша үгітші болып істеді; 1913 жылдан 1915 жылға дейін—Финляндия социал-демократиялық жастар одағы Орталық Комитетінің секретары. 1917 жылы апрельде революциялық оқиғаларға байланысты жұмысшы ұйымдары оны Гельсингфорс милициясының бастығы қызметіне жоғарылатты. 1917 жылы августа—сентябрьде буржуазиялық Уақытша үкіметтің қудалауынан жасырынып жүрген В. И. Ленин оның пәтерінде тұрды. Ровио Финляндиядағы 1918 жылғы жұмысшы революциясына белсене қатысушылардың бірі болды. Кейінірек ВКП(б) Орталық Комитетінің Солтүстік-Батыс бюросының финн секциясының секретары, Батыстың шағын ұлттарының Коммунистік университетінің Ленинград бөлімшесінің проректоры, 1929 жылғы июльден ВКП(б) Карелия облыстық комитетінің секретары болып істеді. — *302—303, 304.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн Карл* (1805—1875)—немістің тұрпайы экономисі, саяси қайраткер, Пруссияның буржуазияға айналған юнкерлігінің идеологы; пруссиялық «мемлекеттік социализмнің» реакциялық идеясын уағыздаушы. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді. Ол жер рентасының болуы ауыл шаруашылығында шикізатқа арналған шығынның жоқтығынан деп түсіндірді. — *405.*

Родзянко, М. В. (1859—1924)—ірі помещик, октябристер («17 октябрь одағы») партиясы лидерлерінің бірі, монархист. 1911 жылдың мартынан—III, одан соң IV Мемлекеттік думалардың председателі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде контрреволюциялық орталық—Мемлекеттік думаның Уақытша комитетін, одан соң Дума мүшелерінің «жекеше кеңесін» ұйымдастырды. Корниловшылдықтың басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Деникинге қашып барды, Совет өкіметіне қарсы күресу үшін барлық контрреволюциялық күштерді біріктіруге тырысты, сонан соң эмиграцияға кетті. — *135—136, 283, 392, 454, 455, 458, 460, 461, 462, 465, 472, 474, 479.*

Ролович (Рохович, Г. Я.)—1917 жылы Жалпы мемлекеттік азық-түлік комитетінің мүшесі. — *209—210.*

Руднев, В. А. — *қараңыз:* Базаров, В.

Рябушинский, П. П. (1871 ж. туған)—Москваның ірі банкирі және өнеркәсіпші, контрреволюция басшыларының бірі. Буржуазиялық прогрессистер партиясын құруға белсене қатысты, ірі буржуазияның мүдделерін қорғаған «Утро России» газетін

шығарды. 1917 жылдың авгусында революцияны «аштықтың шеңгелінде» тұншықтырмақ болып, қоқан-лоқы көрсетті, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетіп, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық әрекет жүргізді. — *181—182, 249, 251, 253, 268.*

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938)—социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—центрист, меньшевиктік газеттерге жазып тұрды. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда жұмыс істеді; 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сондықтан кәсіподақтарда жұмыс істеуден босатылды. 1921 жылдан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры болды. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды. — *469—470.*

С

С. — қараңыз: Сокольников, Г. Я.

Савинков, Б. В. (1879—1925)— эсерлер партиясының көрнекті қайраткері, оның «жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін—бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, сонда тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды; СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанында өзін өзі өлтірді. — *56, 283—284.*

Свердлов, Я. М. (1885—1919)—Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Нижний Новгородта, Сормовода, Костромада, Қазанда, Москвада, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Уралдың большевиктік ұйымдарына басшылық етті. РСДРП VI (Прага) конференциясынан (январь, 1912 ж.) кейін РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кооптацияла-

вып, Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетінің редакциясына кірді. Революциялық қызметі үшін патша үкіметінің талай рет қуғындауына ұшырады; бәрін қосқанда түрмелер мен айдауда 12 жыл болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Урал партия ұйымы басшыларының бірі. Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, Орталық Комитет секретариатының жұмысына басшылық етті. Свердлов Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене ат салысты. Көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Петроград әскери-революциялық комитетінің және Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. 1917 жылы 8 (21) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі болып сайланды. В. И. Ленин Я. М. Свердловты бұқараның аса талантты ұйымдастырушысы және аса көрнекті пролетарлық революционер ретінде сипаттады (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 29-том, 75—76, 81-беттер). — *489.*

Скобелев, М. И. (1885—1939) — 1903 жылдан бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, меньшевик. 1906 жылы шетелге эмиграцияға кетті, меньшевиктік басылымдарға жазып тұрды, Троцкийдің Венадағы «Правда» редакциясына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—Петроград Советі председателінің орынбасары, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары; 1917 жылғы майдан августқа дейін—буржуазиялық Уақытша үкіметтің еңбек министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, кооперация жүйесінде, одан соң Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан РКП(б) мүшесі, жауапты шаруашылық жұмыста болды, 1936—1937 жылдары Бүкіл одақтық радио комитетінде істеді. — *73, 74, 82, 84, 86, 98, 116, 117—121, 126, 139, 145, 193, 208—209, 289.*

Смилга, И. Т. (1892—1938) — 1907 жылдан большевиктік партияда болды. Москвада және Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Кронштадт комитетінің құрамына енді, Финляндия армиясының, флотының және жұмысшыларының Облыстық атқару комитетінің председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Финляндиядағы уәкілі, Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі, Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын жақтады. ВКП(б) XV съезі 1927 жылы троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде оны партиядан шығарды. 1930 жылы партияға қайта алынды. Кейіннен антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды. — *299—304.*

Смирнов, В. М. (1887—1937)—1907 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада жұмыс істеді, большевиктік органдардың—«Социал-Демократ» газеті мен «Спартак» журналының редакция коллегиясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі. 1918 жылы—«солшыл коммунист». 1919 жылы партияның VIII съезінде «әскери оппозиция» лидерлерінің бірі болды. 1920—1921 жылдары—антипартиялық «демократиялық централизм» тобының белсенді қайраткері. 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. Фракциялық қызметі үшін 1926 жылы партиядан шығарылды. Көп кешікпей партияға қайта алынды, бірақ 1927 жылы ВКП(б) XV съезі антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарды. — *397, 418—419, 423.*

Смит-Фалькнер, М. Н. (Смит, М.) (1878—1968)—экономист және статистик. 1897 жылдан революциялық қозғалысқа қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін біраз уақыт жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетіне жазып жүрді, ауданаралықшылар тобына кірді. 1918 жылы июльде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар ғылыми мекемелерде жұмыс істеді, ірі-ірі ғылыми еңбектері бар. 1939 жылдан—СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. — *209—210.*

Сокольников, В.— қараңыз: Сокольников, Г. Я.

Сокольников, Г. Я. (Бриллиант, Г. Я., С., Сокольников, В.) (1888—1939)—1905 жылдан большевиктік партияда болды. Москвада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында троцкистік «Наше Слово» газетіне жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін—РСДРП(б) Москва комитетінің және Москва облыстық бюросының мүшесі, «Правда» редакциясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1922 жылдан—финанс халық комиссары, 1926 жылдан—Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1925 жылы «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *397, 398—418, 489.*

Спиридонова М. А. (1884—1941)—эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1906 жылы Тамбов губерниясындағы қаражүздік ойрандардың жетекшісі Луженовскийге қастандық жасағаны үшін сотталып, каторгаға айдалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлердің сол қа-

патын ұйымдастырушылардың бірі болды, ал 1917 жылы ноябрьде солшыл эсерлер партиясы құрылғаннан кейін оның Орталық Комитетіне кірді. Брест бітімін жасауға қарсы шықты, 1918 жылы июльде контрреволюциялық солшыл эсерлер бүлігіне белсене қатысты, бүлік басып-жаныштalғаннан кейін де Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекетін істей берді. Кейініректе саяси қызметтен шеттеп кетті. — *147, 156—157, 261, 500.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді, партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде партияның Орталық Комитеті құрған көтерілісті әзірлеу жөніндегі Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшесі ретінде бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қал-

Т

Терещенко, М. И. (1888 ж. туған)— орыстың аса ірі қант заводшысы, миллионер. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметте финанс министрі, одан соң — сыртқы істер министрі болды, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді көздеген империалистік саясатты белсене жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Совет мемлекетіне қарсы контрреволюцияны және соғыс интервенциясып ұйымдастырушылардың бірі. — *56, 181—182, 189—190, 192, 200, 211, 284.*

Триа — қараңыз: Мгеладзе, В. Д.

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940)— 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, аудапаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына өтпеді және ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі және Коминтерннің Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдап бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядап шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *27, 297, 388, 476.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері; оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. XX ғасырдың

Ш

сі. Воронеж губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға, Петербургтен IV Мемлекеттік думаға депутат; Думадағы кадеттер фракциясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында егіншілік министрі, екінші құрамында финанс министрі.— *189—190, 485.*

Шотман, А. В. (1880—1939) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1899 жылы бастады. Петербургте және Одессада 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. 1911—1912 жылдары Финляндия социал-демократиялық партиясы Гельсингфорс комитетінің құрамына енді. РСДРП Орталық Комитетінің Поронинде партия қызметкерлерімен өткізген кеңесінде (1913) РСДРП Орталық Комитеті мен Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. 1913 жылы ноябрьде Екатеринославта тұтқынға алынып, Нарым өлкесіне жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына Томскіде қатысты, 1917 жылғы июньнен бастап — Петроград округтік партия комитетінің мүшесі; сол жылы августа партияның Орталық Комитетінің тапсырмасы бойынша В. И. Лениннің Разливтен Финляндияға өтуін ұйымдастырды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Октябрь революциясынан кейін — жауапты шаруашылық, совет және партия жұмыстарында істеді; 1923—1924 жылдары — Карел АССР Орталық Атқару Комитетінің председателі, 1926—1937 жылдары—Халық шаруашылығы жоғары советінде істеді және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының уәкілі болды. Партияның XIII, XIV, XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *445.*

Штейнберг, С.— орыс эмигранты, Стокгольмде 1917 жылы, Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып бара жатқан саяси эмигранттарға жәрдем көрсету мақсатымен құрылған эмиграттық комитеттің мүшесі.— *36.*

Штюргк (Stürgkh), *Карл* (1859—1916)— Австрияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, граф, Австрияның ірі жер иелерінің өкілі. 1890 жылдан — Австрия парламентінің мүшесі. 1909—1911 жылдары — Австро-Венгрияның ағарту министрі. 1911—1916 жылдары — Австро-Венгрия үкіметінің басшысы. Штюргк үкіметі дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеуге және бастауға белсене қатысты. Үкімет соғыстың алдында Австрия парламентін, ал соғыстың бас кезінде Венгрия парламентін таратып жіберді де, елде әскери-абсолюттік диктатура орнатып, соғысқа қарсы қанат жайып келе жатқан қозғалысты және революциялық қозғалысты қатал басып-жаншып отырды. 1916 жылы октябрьде Штюргкті Австрия социал-демократы Фридрих Адлер өлтірді.— *306.*

Э

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль — октябрь, 1917)

5 (18) июль — 24 октябрь (6 ноябрь).	Контрреволюциялық Уақытша үкіметтің қудалауы себепті Ленин астыртын жағдайға көшеді. Ол Орталық Комитетпен тығыз байланыс жасай отырып, партияның қызметін бағыттап отырады, орасан зор теориялық жұмыс жүргізеді, қарулы көтерілісті әзірлеуге басшылық етеді.
Июльдің 9-нан 10-на (22-нен 23-не) қараған түні.	Ленин Петроградта С. Я. Аллилуев деген жұмысшының пәтерінен кетіп, ол мұнда 7 (20) июльден бастап жасырынган болатын, құпия жагдайда Разлив станциясына жақын поселкедегі жұмысшы Н. А. Емельяновқа барады.
10 (23) июль — 8 (21) август.	Ленин Разлив станциясына жақын поселкеде Н. А. Емельяновтың сарайының шатырында жасырынады, содан кейін көп ұзамай Разлив көлінің сыртындағы күркеге барып орналасып, шөп шабуға жалданған шалғышы ретінде тұрады; Орталық Комитет әдейі бөлген жолдастар арқылы Петроградпен байланыс жасап тұрады; большевиктік баспасөз органдарына мақалалар және хаттар жазады. «Мемлекет және революция» деген кітапты жазумен шұғылданады.
10 (23) июль.	Ленин «Саяси жағдай» деген тезистер жазады. Бұл тезистер «Саяси пиғыл» деген тақырыппен «Пролетарское Дело» газетінің 20 июльдегі (2 августағы) 6-номерінде мақала ретінде жарияланады.
11 (24) июль.	Лениннің «Новая Жизнь» редакциясына жазған хаты осы газеттің 71-номерінде жарияланады.

13—14 (26—27) июль.	Лениннің «Саяси жағдай» деген тезистері Петербург комитетінің, РСДРП(б) Орталық Комитеті жанындағы Әскери ұйымның, Москва облыстық бюросының, Москва комитетінің және Москва округтік комитетінің өкілдерімен бас қосқан РСДРП(б) Орталық Комитетінің кеңейтілген кеңесінде талқыланады. Кеңес В. И. Лениннің контрреволюциялық Уақытша үкіметтің сотына баруына қарсылық білдірген шешім қабылдады.
15 (28) июль.	Лениннің «Пролетарское Дело» редакциясына хаты және «Кадеттер министрліктен кеткенде не ойлап кетті?» деген мақаласы «Пролетарское Дело» газетінің 2-номерінде жарияланады.
Июльдің ортасы.	Ленин «Ұрандар жөнінде» деген мақала жазады. Бұл мақаланы 1917 жылы РСДРП(б) Кронштадт комитеті жеке кітапша етіп бастырып шығарады.
19 июль (1 август).	Лениннің «Князь Г. Е. Львовқа алғыс» деген мақаласы «Пролетарское Дело» газетінің 5-номерінде жарияланады.
	Лениннің «Үш дағдарыс» деген мақаласы «Работница» журналының 7-номерінде жарияланады.
22 июль (4 август).	В. И. Ленинді сотқа тарту туралы Петроград сот палатасы прокурорының хабары газеттерде басылады.
22 және 26 июль (4 және 8 август) аралығында.	Ленин «Жауап» деген мақала жазады. Мақала 26 және 27 июльде (8 және 9 августа) «Рабочий и Солдат» газетінің 3 және 4-номерлерінде жарияланады.
26 июль (8 август).	Ленин «Конституциялық жалған үміттер туралы» деген мақала жазады. Мақала 4 және 5 (17 және 18) августа «Рабочий и Солдат» газетінің 11 және 12-номерлерінде жарияланады.
26 июль — 3 август (8—16 август).	Ленин астыртын жағдайда қала отырып, РСДРП(б) VI съезінің жұмысына басшылық етеді. Съездің аса маңызды қарарларының жобаларын әзірлеуге және жазуға қатысады.
	Съезд Ленинді құрметті председательдікке сайлап, оған құттықтау жолдайды. Съезде

	Лениннің контрреволюциялық Уақытша үкіметтің сотына баруына қарсылық білдірілген қарар бірауыздан қабылданады.
29 июль (11 август).	РСДРП(б) VI съезі Ленинді Орталық Комитеттің мүшелігіне сайлайды.
	Лениннің «Бонапартизмнің басталуы» деген мақаласы «Рабочий и Солдат» газетінің 6-номерінде жарияланады.
	Орыс-фин мемлекеттік шекарасынан жасырын өтуі (өтіп кетуі) үшін Ленинге Сестрорецк заводының жұмысшысы Константин Петрович Ивановтың атына куәлік (пропуск) жазылады.
Июльдің аяғы.	Ленин «Революцияның сабақтары» деген мақала жазады. Мақала 30 және 31 августа (12 және 13 сентябрьде) «Рабочий» газетінің 8 және 9-номерлерінде жарияланады.
Июль — август.	Ленин өзінің шұғыл түрде жұмыс істеуіне қажет неміс және орыс тілдеріндегі мына кітаптарды тауып беруді өтініп записка (адресат анықталған жоқ) жазады: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» және К. Маркс. «Философия қайыршылығы».
3 (16) август.	РСДРП(б) VI съезі Лениннің кандидатурасын Құрылтай жиналысына ұсынады.
Августің 8-нен 9-на (21-нен 22-не) қараған түні.	Ленин өзі жасырынған күркеден кетіп, А. В. Шотман, Эйно Рахья және Н. А. Емельяновпен бірге 10 километрдей жердегі Дибуны станциясына жаяу барады, одан кейін Рахьямен және Шотманмен бірге Удельная станциясына дейін поезбен барады, онда ол түнеп шығады, келесі күні «Айваз» заводында істейтін фин жұмысшысы Э. Кальскенің пәтерінде болады.
9 (22) августың кеші.	Ленин үстіне жұмысшы костюмін, басына парик киіп алып, Сестрорецк жұмысшысы Константин Петрович Ивановтың атына жазылған куәлікпен (пропускімен) құпия түрде Финляндияға жүріп кетеді. Удельная станциясынан Териоки станциясына дейін ол орыс-фин шекарасынан машинист Г. Э. Ялава жүргізген паровоздың будкасында кочегар ретінде өтеді.

10 (23) август — 7 (20) октябрь.	Ленин Финляндияда жасырынып жүреді.
10 (23) август — 17 (30) сентябрь.	Ленин Гельсингфорсқа бара жатқан жолында Ялкала (қазір Ильичево, Рощин ауданы, Ленинград облысы, Териокиден 12 километр қашықтыққа) деревнясында финн жұмысшысы П. Г. Парвиайненнің үйінде аялдайды, осында тұрып үй иесінің қызы Л. П. Парвиайнен арқылы Петроградпен байланыс жасайды.
	Ленин пасторға ұқсататын грим жағып алып, Ялкала деревнясынан финнің екі жұмысшысымен бірге Лахти қаласына (Гельсингфорстан 130 километр қашықтықта) барады.
	Ленин Гельсингфорсқа келер алдында Мальм станциясында, финн сеймінің депутаты К. Вийктің дачасында бір күн аялдайды; Ленин мұнда К. Вийктің көмегімен ол кезде Швецияда орналасқан РСДРП(б) Орталық Комитетінің Шетелдік бюросымен құпия түрде жазбаша байланыс жасауды жолға қоя бастайды.
	Ленин Гельсингфорста финн социал-демократы Г. С. Ровионың үйінде, одан кейін финн жұмысшылары Усениус пен Блумквистің пәтерлерінде тұрады. Ол «Мемлекет және революция» деген кітапты жазу жұмысын жалғастыра береді, большевиктік баспасөз органдарына бірқатар мақалалар, сондай-ақ партияның Орталық Комитетіне, Петербург және Москва комитеттеріне хаттар жазады. Н. К. Крупскаяға да хаттар мен запискалар жібереді, оның ішінде — оны Гельсингфорсқа шақырған құпия хат та бар; Финляндия революциялық қозғалысының кейбір басшыларымен жасырын жағдайда кездеседі.
12 (25) августан кешірек.	Ленин өзіне керекті заттардың, сондай-ақ кітаптар мен материалдардың тізімін жасайды. Олардың ішінде «саяси жағдай туралы (съезге) менің тезистерім» дейтінді де көрсетеді.
16 (29) август.	Лениннің «Стокгольм конференциясы жөнінде Орталық Атқару Комитетінде Каменевтің сөйлеген сөзі туралы» хаты «Пролетарий» газетінің 3-номерінде жарияланады.
Кеш дегенде 17 (30) август.	Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына хаттың жоспарын жасайды.

17, 18, 20 және 25 август (30, 31 август, 2 және 7 сентябрь).	Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына хат жазады, онда буржуазияның интернационалистерге қарсы көтерген зұлымдық жалақорлық науқанына қарсы күресу туралы нұсқау береді. Ол Стокгольм конференциясына қатысу социализм ісіне опасыздық жасағандық болар еді деп атап көрсетеді, III, Коммунистік Интернационалды құру үшін солшылдардың конференциясын дереу шақыруды талап етеді.
18—19 август (31 август — 1 сентябрь).	Ленин «Заговор туралы қауесеттер» деген мақала жазады.
19 август (1 сентябрь).	Лениннің Н. Карпов деп қол қойылған «Ағаштың тасасынан орманды көрмейді» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 6-номерінде жарияланады.
22 августан (4 сентябрьден) кешірек.	Ленин «Риганы алып қою жөніндегі листокты» басып шығаруға байланысты хат жазады.
24 август (6 сентябрь).	Лениннің «Саяси шантаж» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 10-номерінде жарияланады.
24 августан (6 сентябрьден) кешірек.	Ленин 1917 жылы 24 августа «День» газетінде жарияланған Орталық Петроград қалалық думасының сайлауы туралы деректерді көшіріп жазып алады.
26 август (8 сентябрь).	Лениннің «Қағаз бетінде қалатын қарарлар» және «Стокгольм конференциясы туралы» деген мақалалары «Рабочий» газетінің 2-номерінде жарияланады.
29 август (11 сентябрь).	Лениннің «Публицистің күнделік дәптерінен. Шаруалар мен жұмысшылар» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 6-номерінде жарияланады.
30 август (12 сентябрь).	Лениннің «Жалақорлар туралы» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 8-номерінде жарияланады.
	Ленин Корнилов көтерілісіне байланысты партияның тактикасы туралы «РСДРП Орталық Комитетіне» хат жазады.

Август — сентябрь. Ленин «Мемлекет және революция. Марксизмнің мемлекет туралы ілімі және пролетариаттың революциядағы міндеттері» деген кітап жазады.

1 (14) сентябрь. Лениннің «Публицистің күнделік дәптеріпен» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 10-номерінде жарияланады.

1—3 (14—16) сентябрь. Ленин «Компромистер туралы» деген мақала жазады. Мақала 6 (19) сентябрьде «Рабочий Путь» газетінің 3-номерінде жарияланады.

Кеш дегенде 3 (16) сентябрь. Ленин «Партияның программасы туралы мәселе жөнінде», «Циммервальд туралы мәселе жөнінде» және «Бұқаралық ұйымдарда демократизмді бұзу туралы» деген хаттар жазады.

Ленин «Қазіргі саяси кезең туралы қарардың жобасын» жазады.

6 (19) сентябрь. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде Демократиялық кеңеске делегаттыққа кандидат болып белгіленеді.

Ленин «Революцияның сабақтары» деген кітапшаға соңғы сөз жазады. Кітапшаны 1917 жылы «Прибой» баспасы басып шығарды.

10—14 (23—27) сентябрь. Ленин «Апат қаупі және онымен қалай күресу керек» деген кітапша жазады. Кітапшаны 1917 жылы октябрьде «Прибой» баспасы басып шығарды.

11 (24) сентябрь. Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі Ленинді Демократиялық кеңеске делегат етіп сайлайды.

РСДРП(б) Москва облыстық бюросы Лениннің кандидатурасын алдағы сайлауда Құрылтай жиналысының құрамына ұсынуды белгілейді.

12—14 (25—27) сентябрь. Ленин РСДРП(б) Орталық, Петроград және Москва комитеттеріне «Большевиктер өкіметті алуға тиіс» деген хат жазады.

13—14 (26—27) сентябрь. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетіне «Марксизм және көтеріліс» деген хат жазады.

13 (26) сентябрь. Ленин Н. К. Крупская арқылы «Жизнь и Знание» баспасының өкілі В. Д. Бонч-Бруевичпен

өзінің бірқатар шығармаларын басып шығару жөнінде шарт жасасады.

14 (27) сентябрь. Лениннің «Революцияның түбегейлі мәселелерінің бірі» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 10-номерінде жарияланады.

15 (28) сентябрь. Лениннің «Большевиктер өкіметті алуға тиіс», «Марксизм және көтеріліс» деген хаттары РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде талқыланады.

Лениннің «Құрылтай жиналысының табысты болуын қалай қамтамасыз ету керек (Баспасөз бостандығы туралы)» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 11-номерінде жарияланады.

Сентябрьдің бірінші жартысы. Ленин «Орыс революциясы және азамат соғысы. Азамат соғысымен қорқытады» деген мақала жазады. Мақала 16 (29) сентябрьде «Рабочий Путь» газетінің 12-номерінде жарияланады.

Ленин «Революцияның міндеттері» деген мақала жазады. Мақала 26 және 27 сентябрьде (9 және 10 октябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 20 және 21-номерлерінде жарияланады.

Кеш дегенде 17 (30) сентябрь. Ленин Финляндия социал-демократиялық партиясы Орталық комитетінің мүшесі К. Маннермен оның пәтерінде кездеседі.

Ленин өзі Гельсингфорстан кетер қарсаңда Финляндия социал-демократиялық партиясы Орталық комитетінің мүшесі О. В. Куусиненмен кездеседі.

17 (30) сентябрь. Ленин партияның Орталық Комитетімен неғұрлым тығыз байланыс орнату үшін Гельсингфорстан Выборгке барады. Ленин алғашқы күні «Туö» («Еңбек») жұмысшы газетінің бас редакторы Э. Хуттуненнің пәтерінде болады; сол күні кешке Выборгтің жұмысшы аймағы—Таликкалада тұратын финн журналисі Ю. К. Латуккидің пәтеріне ауысады, сөйтіп Петроградқа кеткенге дейін осында тұрады.

Кеш дегенде 22 сентябрь (5 октябрь).	Ленин «Подлогтың сабаздары туралы және большевиктердің қателері туралы» деген мақала жазады. Мақала қысқартылған түрінде «Подлогтың сабаздары туралы» деген тақырыппен 24 сентябрьде (7 октябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 19-номерінде жарияланады.
22—24 сентябрь (5—7 октябрь).	Ленин «Публицистің күнделік дәптерінен. Біздің партияның қателері» деген мақала жазады.
27 сентябрь (10 октябрь).	Ленин Финляндия армиясының, флотының және жұмысшыларының облыстық комитетінің председателі И. Т. Смилгаға хат жазады. Ленин Гельсингфорсқа Г. С. Ровиоға хат жазып, қоса жіберіліп отырған хатты И. Т. Смилгаға беруді, сондай-ақ газеттерді және оған тиісті хат-хабарларды беріп жіберуді өтінеді; оның швед достарға арналған почтасы жөнелтілген-жөнелтілмегенін сұрайды.
27 сентябрьден (10 октябрьден) кешірек.	Ленин Г. С. Ровиоға хат жазып, одан И. Т. Смилгаға арналған хатпен бірге автордың алдыңғы хатын алған-алмағанын, сондай-ақ хат пен газеттер Швейцарияға жөнелтілген-жөнелтілмегенін сұрайды; «Прибой» мен «Социалист-Революционер» газеттерінің комплектін жіберуді өтінеді.
Кеш дегенде 28 сентябрь (11 октябрь).	Ленин III Циммервальд халықаралық социалистік конференция туралы Н. А. Семашконың баяндамасына белгілер салып, астын сызады.
28 сентябрь (11 октябрь).	Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітаптың аяғын және оған соңғы сөз жазады. (1908 жылы бұл кітапты патша үкіметі конфискелеген болатын. Аман қалған данасының соңғы жағынан бірнеше бет жоғалған-ды). Бірінші рет кітап соңғы сөзбен қоса 1917 жылы жарияланады.
28 сентябрьден (11 октябрьден) кешірек.	Ленин «Біздің партияның Интернационалдағы міндеттері (III Циммервальд конференциясы жөнінде)» деген мақала жазады.
29 сентябрь (12 октябрь).	Ленин «Дағдарыс пісіп жетті» деген мақала жазады. Мақаланың I—III және V тарау-

	лары 7 (20) октябрьде «Рабочий Путь» газетінің 30-номерінде жарияланады.
	РСДРП(б) Орталық Комитеті Лениннің кандидатурасын Құрылтай жиналысына Петроград — астаналық, Петроград губерниялық, Уфа, Балтық флоты мен армиясы сайлау округтерінен ұсынуды мақұлдайды.
29 сентябрь мен 4 октябрь (12 және 17 октябрь) аралығында.	Ленин «Петербург ұйымының 8 октябрьдегі конференциясында жасалатын баяндамаға, сондай-ақ қарарға және партия съезіне сайланғандарға берілетін тапсырмаға арналған тезистер» жазады.
Сентябрьдің аяғы — 1 (14) октябрь.	Ленин «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген мақала және оған соңғы сөз жазады. Мақала 1917 жылы октябрьде «Просвещение» журналының 1—2-номерінде жарияланады және сол жылы жеке кітапша болып басылып шығады.
30 сентябрьден (13 октябрьден) кешірек.	Ленин «Жұмысшыларға, шаруаларға және солдаттарға» үндеу жазады.
1 (14) октябрь.	Ленин «Орталық Комитетке, Москва комитетіне, Петербург комитетіне және Питер мен Москва Советтеріне мүше большевиктерге хат» жазады.
3 (16) октябрь.	Москва жалпы қалалық партия конференциясында Лениннің кандидатурасы Құрылтай жиналысына ұсынылады.
	РСДРП(б) Орталық Комитеті «тұрақты және тығыз байланыс болуы үшін Ильичке Питерге келуге ұсыныс жасау жөнінде» шешім қабылдайды.
5 (18) октябрь.	Орталық Комитет партия программасының жобасын дайындау үшін Ленин бастаған комиссия құрады.
6—8 (19—21) октябрь.	Ленин «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген мақала жазады. Мақала 1917 жылы октябрьде «Просвещение» журналының 1—2-номерінде жарияланады.
7 (20) октябрь.	Ленин жасырын түрде Выборгтен Петроградқа қайтып келеді де, М. В. Фофанованың пә-

теріпе орналасады (Выборг жағы, Сердобольская көшесі, 1/92-үй).

Ленин «Питер қалалық конференциясына хат. Жабық мәжілісте оқу үшін» деген хат жазады.

Ленин большевиктердің Петроград жалпы қалалық үшінші конференциясының құрметті председателі болып сайланады.

8 (21) октябрь. Ленин «Бөгде адамның кеңестері» деген мақала жазады.

Ленин «Солтүстік облысы Советтерінің облыстық съезіне қатысушы большевик жолдастарға хат» жазады.

9 (22) октябрь. Петроград жалпы қалалық үшінші партия конференциясы Ленинді Петроградтан Құрылтай жиналысының құрамына кандидат етіп ұсынады.

10 (23) октябрь. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды; қарулы көтеріліс туралы қарарды ұсынады, Орталық Комитет бұл қарарды қабылдайды. Осы мәжілісте көтеріліске саяси басшылық жасау үшін Орталық Комитеттің Ленин бастаған Саяси бюросы құрылады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінен кейін жұмысшы-большевик Эйно Рахьяның пәтерінде түнейді (Петроград жағы, Певческий көшесі, 3-үй, 344-бөлме).

10 және 16 (23 және 29) октябрь аралығында. Ленин М. И. Калининнің пәтерінде (Выборг жағы, Выборг тас жолы, 106-үй, 1-пәтер) Орталық Комитеттің мүшелерімен кездесіп, олармен қарулы көтеріліске әзірлену туралы мәселені талқылайды.

Кеш дегенде 12 (25) октябрь. Ленин Солтүстік майданынан және Балтық флотынан Құрылтай жиналысына дауысқа түсуге өзінің келісетіні туралы мәлімдемеге қол қояды.

12 және 15 (25 және 28) октябрь аралығында. Ленин құпия пәтерде РСДРП(б) Москва комитетінің өкілі О. А. Пятницкиймен бірнеше рет кездеседі; онымен Москваның қарулы көтеріліске дайындығы туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі; өзінің кандидатурасын Москва

қаласынан Құрылтай жиналысының құрамына ұсынуға жазбаша келісім береді.

14 (27) октябрь. Ленин Финляндия темір жолының машинисі Г. Э. Ялаваның пәтерінде (Выборг жағы, Ломанский көшесі, 4-б-үй, 29-пәтер) большевиктер партиясының басшы қызметкерлерімен кездесіп, олармен қарулы көтеріліске әзірлік жөніндегі мәселелерді талқылайды.

16 (29) октябрь. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің кеңейтілген мәжілісінде Орталық Комитеттің 10 (23) октябрьде қабылданған қарулы көтеріліс туралы қарары жөнінде баяндама жасайды; қарулы көтеріліске дереу әзірлену жөнінде партия алған бағытты қорғап, жарыс сөзде үш рет сөз сөйлейді.

17 (30) октябрь. Ленин «Жолдастарға хат» жазады, онда Зиновьев пен Каменевтің қарулы көтеріліске қарсы келтірген дәлелдерін сынайды. Хат 19, 20 және 21 октябрьде (1, 2 және 3 ноябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 40, 41 және 42-номерлерінде жарияланады.

Октябрьдің 17-нен 18-не (30-нан 31-не) қараған түні. Ленин жұмысшы Д. А. Павловтың пәтерінде (Сердобольская көшесі, 35-үй, 4-пәтер) Орталық Комитет жанындағы Әскери ұйымның басшылары Н. И. Подвойскиймен, В. А. Антонов-Овсеенкомен және В. И. Невскиймен кездеседі; Петроградта қарулы көтеріліске әзірліктің барысы туралы олардың хабарларын тыңдайды және бұл мәселе жөнінде оларға маңызды кеңестер мен нұсқаулар береді.

18 (31) октябрь. Ленин «Большевиктер партиясының мүшелеріне хат» жазады, онда қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімін жариялағаны үшін Зиновьев пен Каменевті революцияның штрейкбрехерлері ретінде партиядан шығаруды талап етеді.

19 октябрь. (1 ноябрь). Ленин «РСДРП(б) Орталық Комитетіне хат» жазып, қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімін жариялағаны үшін Зиновьев пен Каменевті революцияның штрейкбрехерлері ретінде партиядан шығаруды талап етеді.

20 октябрь (2 ноябрь). Партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде Лениннің РСДРП(б) Орталық Комитетіне хаты талқыланады.

Ленин «Эсерлер партиясының шаруаларды жаңадан алдауы» деген мақала жазады. Мақала 24 октябрьде (6 ноябрьде) «Рабочий Путь» газетінің 44-номерінде жарияланады.

Ленин эсерлер партиясының шаруаларды алдауы және .большевиктердің шаруалар жөніндегі талаптары туралы листовкаға қосымшалардың жоспарын жасайды.

22 немесе 23 октябрь (4 немесе 5 ноябрь). Ленин партияның Орталық Комитетінің Зиновьев пен Каменев туралы шешімі жөнінде Я. М. Свердловқа хат жазады.

24 октябрь (6 ноябрь). Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетіне запискалар жібереді.

24 октябрь (6 ноябрь). Ленин «Орталық Комитеттің мүшелеріне хатта» «Көтерілісте кешеуілдеу өліммен тең» деп жазады, Уақытша үкіметті тұтқындап, өкіметті қолға алуды ұсынады.

Ленин түнде жасырын түрде Смольныйға келеді, сөйтіп қарулы көтеріліске тікелей басшылық етуді өз қолына алады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.
Л40 Шығармалар толық жинағы:
Орысша 5-бас. аударылды/В. И. Ленин; Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.—Алматы: Қазақстан.—
Басп. 1973 жылдан шығады.
Т. 34. Июль—окт. 1917. 684 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
А. А. Панфилова

Дайындаушының көмекшісі
А. П. Жукова

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
В. П. Кукушкина

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Е. Б. Струкова

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің
кезеңдерін дайындаған
С. П. Кирюхин

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 974

Сдано в набор 13. 12. 78 г. Подписано в печать 3. 12. 79 г. Формат 84×108 1/32. Бум. тип № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Высокая печать. Физ. печ. л. 21,375+2 вклейки 1/8 печ. листа. Условн. печ. л.35,91 Учетно-изд. л. 32,45. Тираж 15000 экз. Заказ № 160. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480009, г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.